

Н.Ә.НАЗАРБАЕВ


**ТАҢДАМАЛЫ
СӨЗДЕР**

V (2)

2008-2009

Н. Ө. НАЗАРБАЕВ

ТАҢДАМАЛЫ СӨЗДЕР



Acton - 234

Н. Ә. НАЗАРБАЕВ

**ТАҢДАМАЛЫ
СӨЗДЕР**

V ТОМ

2 кітап

2008–2009

Астана – 2014

УДК 342.61
ББК 67.400.6
Н 17

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт министрлігі
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша жарық көрді

Н 17 Назарбаев Н. Ә.

Таңдамалы сөздер.

– Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2014.

ISBN 978–601–277–183–1

Т. V (2). – 2008–2009 жж. – 632 б.

ISBN 978–601–277–193–0

«Н. Ә. Назарбаев. Таңдамалы сөздер» көп томдық басылымының бесінші томында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстанды Орталық Азия өңірінде және ТМД кеңістігінде көшбасшы ретінде танытқан 2006–2009 жылдар арасында халық алдында сөйлеген негізгі өзекті сөздері берілген.

Осы томға енген сөздердің ауқымдылығы ескеріліп, ол екі бөлімге бөлінді.

Бұл кітап бесінші томның екінші бөлімі болып табылады және 2008–2009 жылдарды қамтиды.

УДК 342.61
ББК 67.400.6

ISBN 978–601–277–193–0 (Т. V (2))

ISBN 978–601–277–183–1

© Назарбаев Н. Ә., 2014

© «Сарыарқа» баспасы, 2014

ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖЕҢІСІ ЖОЛЫНДА

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Таңдамалы сөздерінің» бесінші томы екі кітаптан тұрады және Н. Ә. Назарбаевтың 2005 жылғы 4 желтоқсанда өткен сайлау қорытындысы бойынша мемлекет басшысы қызметіне кіріскеннен бергі 2006–2009 жылдардағы кезеңді қамтиды.

Бірінші кітап 2006–2007 жылдардың, ал екінші кітап тиісінше 2008–2009 жылдардың оқиғаларын қамтиды. Том материалдарының осы көлемде және уақыт аралығында жүйеленуі мен бөлінуі көптеген өлшемдер бойынша, ал бәрінен бұрын – Тұңғыш Президент ұсынған кезекті стратегиялық бастамалардың жаңашылдығы мен батыл сын-малылығы тұрғысынан бірегей болып шыққан осынау жарқын да оқиғаға бай кезеңнің мазмұнын мүмкіндігінше неғұрлым толық және тыңғылықты көрсету талабынан туындаған.

* * *

XXI ғасырдың алғашқы онжылдығының шымылдығы жабыларда өзінің тереңдігі жағынан 1930 жылдардағы «ұлы күйзеліс» уақыты мен II

әлемдік соғыстан кейінгі күйрей қиратылудан бері болмаған жаһандық экономикалық дағдарысқа кіріккен Қазақстан қатерлі сынақтармен бетпе-бет келді. 2007 жылдың аяқ шенінде бой көрсеткен тасқын сынды рецессия бірқатар белді қаржы институттарын қиратты, бүкіл әлем бойынша индустриялық ірі алыптардың жұмысын тоқтатты, бірнеше мемлекетті банкротқа ұшыратты, планетаның әртүрлі қиырларындағы энергетикалық және азық-түліктік дағдарысты тереңдете түсті, ондаған миллион адамдар жұмыссыз қалды.

Қазақстанның әлемдегі шаруашылық байланыстарына тығыз кіріккеніне байланысты дағдарысты құбылыстардың «жаппай індеті» біздің елімізге де жетіп келді. Жас республиканың алдынан қаржылық талықсудың, экономикалық тұралаудың, өмір сапасының халықтың жаппай кедейленуіне дейін күрт нашарлауының нақты қатері шықты.

Бақытымызға орай, дағдарыс Қазақстан үшін күтпеген жай болған жоқ, сондықтан да елді қапыда қалдыра алмады.

2007 жылдың наурыз айының өзінде Н. Ә. Назарбаев ел халқына «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдауында: «Біздің банктеріміз сырттан қаржыландыруға тым иек артып кеткен, мұның өзі елдің жиынтық сыртқы қарызының бақылаусыз өсуіне соқтыруы мүмкін» деп, жиынтық сыртқы қарызды оңтайлы деңгейде ұстау қажеттігін еске салып,

отандық қаржыгерлерді әдепті түрде ескерткен болатын.

Мұндай болжамдық нұсқалардың негізділігі көп өтпей-ақ, қаржы нарығының сыртқы қарыздарды ішкі кредиторларға алыпсатарлықпен қайта сату есебінен асыра кіріс түсіруге «дәндеп» алған жекелеген ойыншылары іс жүзінде кәдуілгі «көбік көпіршіктері» болып шыға келген кезде тиянақталды.

2007 жылдың аяғында, өткендегі дағдарыстар себептерін және ағымдағы ахуалды талдай келіп, Президент экономикалық өзін-өзі қорғаудың негізі ретінде алдын алар сақтық пен ұсынықтылыққа қайтадан шақырды: «Одақ ыдырағаннан кейін Қазақстанға тиген басты мұра ауқымы жағынан көз көріп-білмеген жүйелі дағдарыс болды. Біздің еншімізге бәсекеге қабілетсіз экономика, басқарудың ескірген жүйесі және қол-аяғы құрсаулы мемлекеттік аппарат тиді.

Бұл біз бастан өткерген алғашқы ең ауыр да созылмалы дағдарыс болды. Сол кезде бізге қиыншылықтарға төтеп беріп қана қоймай, сонымен бірге макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етіп, ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттар құру үшін негіз қалауға жағдай жасаған бетбұрыстық сипаттағы реформаларды жүргізудің сәті түсті.

Реформалардың шапшаңдығының, батылдығы мен тереңдігінің арқасында Қазақстан 1998 жылғы

Азия қаржы дағдарысы туғызған екінші сынақтан да салыстырмалы түрде алғанда ауыртпалықтарсыз өтіп, тез бой түзеп кете алды.

Біз одан жап-жақсы сабақ алдық, сөйтіп сол кезден бастап қиын күндерге қаржы қалдыра отырып, елдің қаржылық әлеуетін үнемі нығайтумен болдық. Елдің жалпы алтын-валюта резерві, Ұлттық қордың қаржысын қоса алғанда, 40 млрд долларға жақындады.

Біз мемлекеттік қаржы мен жеке меншік банк жүйесі сыртқы сілкіністерге төтеп бере алатындай болуы үшін қолдан келгеннің бәрін жасадық. Және онымыз босқа кеткен жоқ.

Екі сынақты бастан өткерген біздің экономикамыз бүгінде АҚШ-тың ипотекалық секторындағы қиыншылықтар салдарынан бүкіл әлемге тараған жаңа дағдарыстың ықпалын сезінуде.

Батыстағы кейбір ірі қаржы институттары дефолтқа, тіпті банкротқа ұшыраған жағдайларда, қазақстандық қаржы жүйесі өзін тұрақты әрі тиімді жұмыс істеп тұрған жүйе ретінде таныта білді.

Дегенмен халықаралық қаржы нарығындағы шиеленісті ахуал қазақстандық банктер үшін сыртқы қорландыру тапшылығын туғызуда.

Экономикамыздың тұрақты әрі қарқынды өсуі өндіріс пен тұтыну көлемінің артуына жағдай жасауда. Ол өз кезегінде экономиканың инвестицияларға деген сұранысын ұлғайтады.

Осыған байланысты, менің тапсырмам бойынша, Үкімет пен Ұлттық банк сыртқы конъюнктураның ықпалына егжей-тегжейлі талдау жасап, тиісті қарсы шаралар әзірледі.

Бүтіндей алғанда, дұрыс экономикалық стратегияның, алтын-валюта резервінде жасалған қордың және Ұлттық қордың арқасында біз аса үлкен күш-жігер жұмсамай-ақ әлемдік экономиканың циклдық құлдырауларына қарсы тұрып және жігін жатқызып, ел экономикасының тұрақты өсуін қамтамасыз ете аламыз.

Мен бұл мысалдарды елді тұрақты және табандылықпен нығайтудың, оны жаңғыртудағы күш-жігерді босаңсытпаудың қаншалықты маңызды екенін көрсету үшін келтіріп отырмын».

Әлемдік дағдарыстың жабық «инкубациялық» кезеңінің аяқталуы мен ашық өткір кезеңіне өтуі 2008 жылдың ортасында болды. Көптеген елдерде өндіріс көлемі қысқарды, кәсіпорындар өздерінің жұмысын жарым-жартылай немесе толықтай тоқтатты, мұның өзі шикізатқа сұранысты күрт түсіріп жіберді. Әлемдік БАҚ-тар экономикалық «майдандардан» бірінен-бірі өткен жаманат хабарларды әр күн сайын жеткізіп жататын.

АҚШ-та 17 ірі банк банкрот болды, олардың арасында әлемге әйгілі «Bear Stearns», «Lehman Brothers Holding Inc.», «Merrill Lynch» сияқты инвестициялық банктер де бар, бұрын-соңды естіп-көрмеген ипотекалық күйреу орын алды,

еуропалық банктердің қарыздары Еуроодақтың бірқатар мемлекеттерін банкроттықтың жар жағасына тіреп қойып, әлемдік банк жүйесіне қатер төндіруге айналды, Қытайда жұмыссыздардың саны 20 млн-ға жетті, Жапонияда рецессия АҚШ-пен салыстырғанда үш есе тереңдеді, Түркияда жұмыссыздық еңбек етуге қабілетті жұртшылықтың 13,5 %-ын қамтыды, мұндай жағдай соңғы жарты ғасырда болмаған еді. Бұған дейін «суға салса батпайтындай» көрінетін «Volkswagen AG», «General Motors», «Nokia» сияқты әлемдік брендтер өз өнімдеріне сұраныстың төмендеуінен шығынға батып, ондаған мың жұмыс орындарын қысқартуға мәжбүр болды.

Осындай жағдайда ашық экономикалық саясат жүргізетін және ТМД елдерінің арасында әлемдік экономикаға барынша көбірек кіріккен, бірақ өзінің шикізаттық бағыт ұстауын әлі еңсере қоймаған Қазақстан үшін бұл үдерістердің ауыртпалықсыз өтпейтіні түсінікті еді.

Қазақстанда, Н. Ә. Назарбаевтың болжап айтқанындай, барынша «осал» салалар өңдеуші өнеркәсіп, екінші деңгейдегі банктер, жылжымайтын мүлік нарығы мен онымен байланысты ипотекалық және үлестік кредиттеу институттары болып шықты.

Жақындап келе жатқан дағдарыстың ең алғашқы алаңдатарлық белгілері білінісімен мемлекет басшысы Үкіметтің назарын дағдарыстық

құбылыстардың алдын алу қажеттігіне шоғырландырды және оны дағдарыстың жағымсыз салдарларын барынша азайтуға жұмылдырды.

Парламент палаталарының 2008 жылғы 6 ақпандағы бірлескен отырысында Президент жария еткен «Қазақстан азаматтарының әлауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына Жолдауының алтын арқауы әлемдік экономикалық дағдарыстың сын-қатерлеріне қарсы тұру болғаны кездейсоқтық емес. Онда алғашқы кезектегі міндеттер болып қаржы секторының орнықтылығын қамтамасыз ету; халықаралық мұнай және энергетика рыноктарының ықпалды әрі жауапты қатысушысы ретінде мемлекеттің айқындамасын күшейту; экономиканың инфрақұрылымын, ең алдымен «Қазақстан экономикасының дамуына ілесе алмай келе жатқан» электр энергетикасы және көлікті дамыту; ауыл шаруашылығының экспортқа бейімделген салаларын кеңейту негізінде аграрлық-өнеркәсіптік секторды нығайту; бизнесті қосымша қолдау белгіленді. Жолдауда мемлекеттің зейнетақыны және бюджет қызметкерлерінің жалақысын одан әрі көтеру жөніндегі міндеттемелері расталды.

Әлемдік экономикалық дағдарыстың одан әрі тереңдеуіне байланысты 2008 жылғы 13 қазанда Үкіметтің облыстар, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, ұлттық компаниялардың

жетекшілері қатысқан кеңейтілген мәжілісінде Президент Үкіметке дағдарысқа қарсы кешенді бағдарлама талдап-жасауды тапсырды. Оның басты бағыттары ретінде мемлекет басшысы қаржы секторын тұрақтандыруды, жылжымайтын мүлік нарығындағы мәселелерді шешуді, шағын және орта бизнесті қолдауды, аграрлық-өнеркәсіптік кешенді ынталандыру мен индустриялық және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруды атады.

Мемлекет басшысының тапсырмаларына сәйкес дағдарыстың келеңсіз салдарларының алдын алуға бағытталған бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылды.

2008 жылғы 28 қарашада Үкімет дағдарысқа қарсы бағдарлама қабылдады. Оны жүзеге асыруға көзделген қаржының жалпы көлемі 2,2 трлн теңгеден асып кетті, оның жартысынан астамы, атап айтқанда 1,2 трлн теңгесі (немесе 10 млрд доллар) Ұлттық қордан бөлінді. Мұның өзі ІЖӨ-нің бестен бір бөлігін құрады және сол тектес дағдарысқа қарсы дестелермен салыстырғанда ТМД бойынша ең жоғары көрсеткіші болып шықты.

Бұл қаржы негізгі бес бағыт бойынша: қаржы секторын тұрақтандыруға, үлескерлер мүддесін қорғау мен жылжымайтын мүлік нарығын үйлесімді етуге шағын және орта бизнесті қолдауға, аграрлық-өнеркәсіптік кешенді дамытуға, экономиканы әртараптандыруға және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға жұмсалды.

Оның сыртында, оқушы жастарды қолдау мақсатымен Үкімет студенттерге 11 мың білім беру гранттарын және 40 мың жеңілдетілген несие бөлді.

Осы арада 2002 жылдың қыркүйегінде орын алған шағын ғана, бірақ өте көрнекі жайды еске алу орынды, ол мемлекет басшысы жыл сайынғы дәстүрлі «Тікелей желіні» өткізіп жатқан кезде болған. Ұлттық қорды құрудың көкейге қонымдылығы туралы сұраққа Президент былай жауап берді: «Біз Ұлттық қорды болашақ ұрпақтарға арнап қаржы жинау үшін құрдық. Бірақ бұл мәселенің бір жағы ғана. Екінші жағынан – қор біздің адамдарымызды дағдарыстар мен топалаңдардан қамсыз ету үшін керек. Мен жалақының, зейнетақының жоғарылағаны жайында айттым, оны халық қазір айма-ай, дәл күн күнінде алып келеді. Ал жаман нәрсенің жадыдан тез жойылатын әдеті ғой. Естеріңізге түсіріңіздерші, 1997 жылы біз 1996 жылдың, тіпті 1995 жылдың қарыздарын төлей алмай жатқан едік. Жылдар, айлар бойы төлей алмадық, мұғалімдер мен дәрігерлер жалақыларын алмады, солдаттардың тамаққа қолы жетпеді, қалалар қаңырап тұрды – сондай қорқынышты жағдай болды ғой. Қазір соның бәрін ұмытып кеттік. Ал біз әлі де жаңағыдай топалаң-катаклизмдерден толық қорғалған емеспіз.

1998 жылы дағдарыс орын алды. Біз шикізатқа бейімделгенбіз, ал шикізаттың бағасы құбылып

тұрады. Құдай бетін әрі қылсын, егер Иракта үлкен текетірес, қақтығыс болса, мұнайдың бағасы не түсіп кетеді, не өсіп кетеді – мұны ешкім біле алмайды. Егер бюджет қыруар қаржы жоғалтса, онда не болады?.. Біз тағы да әлемге қол жайып жүреміз бе? Жоқ. Кез келген семья қиын күнге деп қор жинайды, ал мемлекет мұны міндетті түрде жасауы керек. Мен қазақстандықтардың ертеңгі, бүрсігүнгі күні туралы ойлауым керек, міне сондықтан да осы қорды құрдым. Міне осы үшін жиналып жатыр бұл қаржы».

Президент қорларды жеңіл-желпі таратуға жол беруге болмайтынын да айтты. «Бүгінде мен Үкіметте жұмыс істеген кезімде іскерлік жоспарлар енгізбеген, ал қазір «Мына 2 млрд долларды көп балалы аналарға таратып берейік...» дейтін, тағы басқаны айтатын пысықай жігіттерді көріп жүрмін. Не деген ақылгөйлер! Олар әлгі ақшаны тапқан да емес, табуды ойлаған да емес, енді келіп «бөліп берейік» дегенді шығарып отыр... Мұндай ойластырылмаған іс-әрекеттерді халық серпіп тастауға тиіс. Ондай бағдарламалар ешкімге қажет емес, олар Қазақстанға зиянды, өте зиянды. Біз өз ақшамызды ұтымды да қалыпты жұмсауымыз керек. Содан кейін мына жайды ескерген дұрыс: жаңағы 2 млрд долларды ала салып таратып берсеңіз инфляция аспандап шыға келеді! Яғни біз бүкіл макроэкономиканы қайтадан талқандаймыз. Сондықтан әлгі экономистсымақтардың бастамалары таңғаларлық».

Президенттің қаупі қаншалықты негізді болғанын және оның болжамы қаншалықты дәл шыққанын түсіндіріп жату артық.

Дағдарысқа қарсы бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында және ең бастысы – оған бөлінген қаржыны тиімді пайдалану үшін елдің аса ірі екі холдингі – «Самұрық» пен «Қазынаны» қосу арқылы «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры құрылды.

Мемлекет сондай-ақ елдің төрт белді коммерциялық банктерінің – Халық банкінің, «Альянс Банктің», «БТА Банктің» және «Казкоммерцбанктің» акцияларының бір бөлігін сатып алды, мұның өзі елдегі банк жүйесінің тұрақтануына септесті.

Ұлттық банк 2009 жылдың ақпанында жүргізген теңге бағамын түзету маңызды қорғау іс-шарасына айналды, бұл арқылы отандық тауар өндірушілердің жағдайы дұрысталды: олардың өнімдері арзандап, тиісінше шетел базарында бәсекеге қабілеттілеу бола түсті.

Оның сыртында, 2009 жылдан бастап Қазақстанда шикізатты емес секторға қысымды едәуір азайта түскен жаңа Салық кодексі іске қосылды.

Сонымен қатар жұртшылықтың мүддесін қорғау үшін бұрын-соңды болып көрмеген шаралар қабылданды. Көптеген елдерде жаппай қысқарту және бюджет саласы қызметкерлерінің

жалақысын азайту толқыны жүріп өткен кезде Қазақстан, керісінше, 2009 жылы бюджет қызметкерлерінің жалақысы мен зейнетақының көлемін 25 %-ға көтерді. Дағдарыс бұрын қабылданған шешімдерді қайта қарауға қыруар «моральдық ақтаулар» жасап бергенімен, Н. Ә. Назарбаев өзінің бұрынғы уәделерінен тайған жоқ: 2009 жылғы Жолдауында ол 2010 жылы бюджет саласы қызметкерлерінің жалақысы, шәкіртақы мен зейнетақылар тағы да 25 %-ға, ал 2011 жылы тағы 30 %-ға өсірілетінін мәлімдеді.

Үкімет пен әкімдіктер арасында қол қойылып, республикада жұмыс істейтін көптеген корпорациялар мен кәсіпорындардың басшылығы тарапынан жұмыс орындарын қысқартуға жол бермеуді көздейтін меморандумдар азаматтарды әлеуметтік қорғаудың салмақты шарасына айналды. Президент өз Жолдауында мұндай міндетті бүкіл атқарушы билікке жүктеді: «Жұмыс орындарының жеткіліктілігі Үкімет мүшелері мен әрбір әкімнің Қазақстан экономикасының тұрлаулы дамуын қамтамасыз етуге қабілеттілігі айқындалатын негізгі көрсеткіш болуы тиіс».

Жол салу, әлеуметтік сала нысандарын тұрғызу мен тұрғын үй-коммуналдық қызмет инфрақұрылымын дамытуға арналған «Жол картасы» бағдарламасы қолға алынды, ол бағдарлама шамамен 400 мыңдай жаңа жұмыс орындарын құруға және 100 мыңға жуық адамға екінші мамандықты тегін алуға мүмкіндік берді. Құрылыс

компанияларына кредит беру мен азаматтардың ипотекалық қарыздарын қайта қаржыландыру ісінде мемлекеттің ауқымды қолдауының арқасында жылжымайтын мүлік нарығындағы жағдай тұрақтандырылды және ондаған мың үлескерлердің мәселелері ойдағыдай шешілді. Құрылыстың және денсаулық сақтау мен білім берудің жаңа нысандарын іске қосудың қарқыны сақталды. Шағын және орта бизнеске үстін-үстін қолдау көрсетілді, бұл саланы несиелеуге шамамен 340 млрд теңге жұмсалды. Осының арқасында жұмыссыздықтың деңгейі өспегені былай тұрсын, ол 6,5 % дейін төмендеді.

Нәтижесінде, тақап тұрған созылмалы дағдарыстың белгілері анық бар болса да, Қазақстан экономикалық дауылға шыдас беріп қана қойған жоқ, қарқынын баяулатпаған күйде өзінің ұзақ мерзімді бағдарламаларын («Қазақстан – 2030» стратегиясын, 2015 жылға дейінгі индустриялық-инновациялық даму стратегиясын, тағы басқаларды) ойдағыдай жүзеге асыруды жалғастыра алды. Бұл орайда халықаралық қаржы институттарымен және шетелдік инвесторлармен серіктестік арқылы тұрғызылған «Түрікменстан – Өзбекстан – Қазақстан – Қытай» газ құбыры, «Кеңқияқ – Құмкөл» мұнай құбыры, Құмкөл кенішіндегі газды өңдеу зауыты, ұзындығы 1100 шақырымдық жоғары кернеулі «Солтүстік – Оңтүстік» электр желісі, Астанадағы локомотив құрастыру зауыты, Қазақстандағы тұңғыш әлемдік деңгейдегі

«Астана – Бурабай» автобаны, басқа да стратегиялық маңызды нысандарды іске қосу нышанды оқиғаларға айналды.

Мұндай жағдайда Қазақстанның жаңа да жас елордасы Астананың 10 жылдық мерейтойы ерекше мәнге ие болды, оны мерекелеу жалпыұлттық және халықаралық деңгейде Қазақстан жетістіктерінің тағы бір жарқын дәлелі болды.

Дағдарысқа қарсы бағдарламаны жүзеге асырудың оңды тәжірибесіне сүйене отырып, Н. Ә. Назарбаев ел алдына қағидатты түрдегі жаңа міндеттер қойды, Қазақстанның көшбасшылық қасиеттерін тағы бір тиянақтай түскен ол міндеттер Қазақстанның дағдарыстан кейінгі даму барысында елдің әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына қосылу стратегиясымен байланысты еді.

2009 жылғы 6 наурызда жария етілген Қазақстан халқына «Дағдарыс арқылы жаңару мен дамуға» атты Жолдауында мемлекет басшысы әлемдік дағдарыстың дабылдары туындатқан ағымдағы мәселелерді шешумен шектеліп қалмауға, ең маңыздысы – Қазақстанның дағдарыстан кейінгі дамуының инфрақұрылымдық негізін қалыптастыруға және ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін ұштауға жұмылуға шақырды.

Бұл идеялар Н. Ә. Назарбаевтың халықтық-демократиялық «Нұр Отан» партиясының кезектен тыс XII съезінде («Қазақстанның индус-

триялық-технологиялық дамуы біздің ортақ болашағымыз үшін», 2009 жылдың мамыры), төртінші шақырылған Парламенттің III сессиясының ашылуында сөйлеген сөздерінде, әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде «Қазақстан дағдарыстан кейінгі әлемде: болашаққа қарай интеллектуалды серпіліс» тақырыбында оқыған дәрісінде, тағы басқаларда одан әрі дәлелдемеге ие болды. Оларда Президент елдің стратегиялық дамуының басымдықтарын айқындады, бұл қатарда экономиканы дағдарыстан кейін қалпына келтіру, бәсекеге қабілетті адам капиталын қалыптастыру, елдегі іскерлік ахуал мен кәсіпкерлік белсенділікті түбегейлі жақсарту, әкімшілік және құқықтық реформаны қамтамасыз ету, қазақстандық қоғамды одан әрі демократияландыру бар.

Аталған басымдықтар «Қазақстан – 2030» стратегиясын жүзеге асырудың кезекті белесі болған Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі дамуының Стратегиялық жоспарының арқауына алынды. Оның өзегі өз бойына 2015 жылға дейінгі Индустриялық-инновациялық даму стратегиясының, кластерлік бастамалар мен «Қазақстанның 30 корпоративтік көшбасшысының», сондай-ақ индустрияландыру саласындағы басқа да бағдарламалық құжаттардың негізгі ұстанымдарын сiңiрген Үдемелi индустриялық-инновациялық дамудың 2010–2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы болды.

Сонымен бірге, дағдарыстың бастау көздері Қазақстаннан шалғай шетте жатқанын және әлемдік экономиканың қазіргі моделінің жүйелік кемшіліктерінде екендігін тамаша түсінгендіктен де Н. Ә. Назарбаев дағдарыстың себептері және оны барынша тезірек еңсеру жолдары жайындағы халықаралық пікірталасқа белсенді араласып кетті.

2009 жылдың қаңтарында, Үндістанға сапары кезінде, Қазақстан-Үндістан бизнес-форумында Президент жаңа әлемдік валютаны енгізу және әлемдік қаржы жүйесін басқару қағидаттарын өзгертудің орындылығы жөнінде алғаш рет айтып, «...әлемнің болашағы әділ де әмбебап халықаралық валютаның болуына тікелей байланысты... Оны БҰҰ деңгейінде қабылдау керек, бақылауды арнаулы құрылған комиссия жүзеге асыруға тиіс» деп мәлімдеді.

Қазақстанның бұл бастамасы форумға қатысушылар арасында үлкен жаңғырық туғызды, кейіннен халықаралық деңгейде кеңінен талқыланып, Қазақстан және оның көшбасшы туралы әлемнің тағы да айтуына алып келді.

Бұл мәселе бойынша негізгі көзқарастарын Н. Ә. Назарбаев 2009 жылдың қаңтарының аяғында Давостағы Бүкіләлемдік экономикалық форумда басқа мемлекеттер басшыларымен және белді халықаралық сарапшылармен кездесу аясында жария етті. Кеңейтілген күйінде ол ұсыныстар

Елбасының «Российская газетада» 2009 жылдың 2 ақпанында жарияланған «Дағдарыстан шығудың кілті» мақаласында таныстырылды.

Қазақстан астанасында 2009 жылдың наурызында «Еуразияның экономикалық қауіпсіздігі жаһандық тәуекелдер жүйесінде» тақырыбымен өткен II Астана экономикалық форумының мінберінен мемлекет басшысы бұл көзқарастарын кеңестен кейінгі кеңістік мәселелері тұрғысынан негіздеді. ЕурАзЭҚ-тің келешегі туралы айта келіп, Президент Қоғамдастыққа мүше елдер валюталық-қаржылық ықпалдастық бірлестігін құруға іс жүзінде кірісуге тиіс екендігін, оның өз ішінде бағамы әлемдік валюталардың тербелісіне тәуелді болмайтын біртұтас ұлтүстілік қолма-қол ақшасыз есеп айырысу-төлем бірлігі енгізілуі мүмкін екендігін атап айтты.

Мұнан кейін бұл ұсыныстар Қытайда 2009 жылдың сәуірінде өткен Боао азиялық форумының конференциясында, сондай-ақ мемлекет басшысының 2009 жылы жарияланған «Алыс болашақта оның баламасы жоқ» («Известия», 19 наурыз), «Бесінші жол» («Известия», 22 қыркүйек) және басқа мақалалары мен сұхбаттарында нақтылана түсті. Н. Ә. Назарбаевтың 2008–2009 жылдары жарық көрген «Постиндустриялық қоғамның қалыптасу стратегиясы мен өркениеттер әріптестігі» және «Жаһандық қоғамның түбегейлі жаңғыруы стратегиясы және өркениеттер әріптестігі» атты кітаптары әлемдік экономикалық

теорияның қазынасына елеулі үлес болып қосылды.

Елбасының бұл бастамаларының жүзеге асуы бір айда немесе бір жылда бола қалады деу жөнсіз, әрине. Алайда бүгінде өмірден өз орнын алған аса маңызды халықаралық жобалардың көпшілігі де бір кезде әлдебір жеке адамның өзіндік пікірі түрінде ғана болғанын және әуелгі бетте автор қиялының немесе әсіреерекшелігінің көрінісі сияқты саналғанын ұмытпағанымыз жөн. Олардың бәрі бірдей салған беттен бірауыздан қабылдана қалды деп те айта алмайсыз. Осы ой қисыны тұрғысынан қарасақ, бір кездерде әлем Н. Ә. Назарбаевтың ұсыныстарын қабылдауға пісіп-жетіледі және жаһандық қоғамдастық ұлтүстілік валютаға ие болады деп күтудің ықтималдылығы да жоқ емес.

Бұған күмәнданудың реті келмейді, ол үшін біздің мемлекетіміз басшысының бүгінде іс жүзінде Қазақстанның халықаралық брендтеріне айналған АӨСШК және Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері сияқты жаһандық бастамаларын еске алудың өзі жетіп жатыр.

Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі идеясын Н. Ә. Назарбаев алғаш рет 1992 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясын 47-ші сессиясында алғаш рет жария еткен болатын, ол бүгінде құрлықтық ауқымдағы ұжымдық қауіпсіздіктің

нақты тетігіне сенімді түрде айналып келеді. 2010 жылдың басына қарай АӨСШК Азия ауқымының 90 %-ын алып жатқан және тұрғындары бүкіл Жер шары халқының жартысын құрайтын 20 мемлекеттің басын біріктіріп отыр. Уақыт өз аясында Азия мемлекеттерінің саяси үнқатысуы қарқын алып келе жатқан АӨСШК жобасының өмірлік қажеттілік екенін дәлелдеп берді. Қол жеткенмен тоқтап қалмай, Қазақстан алдағы кезде АӨСШК жобасын бүкіл Азия құрлығына таратуға ниетті. Н. Ә. Назарбаевтың ойы бойынша, болашақта АӨСШК Азиядағы қауіпсіздікті құру үшін табанарқау болуға тиіс.

Қазақстан жерінде 2009 жылы осымен үшінші рет жиналған Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі осы заманғы әлем діндерінің арасындағы жаһандық үнқатысудың табиғи және пәрменді бөлігіне айналды. Съезд дін көшбасшыларының, діндер мен халықтардың арасындағы өзара түсіністікті арттыруға септесе отырып, елеулі рөл атқарады.

Қазақстан Президентінің көп жылдар бойғы қажымас қызметінің жемісті нәтижесі болашақ Бірыңғай экономикалық кеңістіктің негізі ретінде Қазақстан, Ресей мен Беларусьтің Кеден одағын құруымен түйінделген ықпалдастық бастамаларының тағы бірінің өмірге келуі. Бұл оқиғаның Н. Ә. Назарбаевтың Еуразия ықпалдастығы доктринасын жария етуінің 15 жылдығы тұсында болуының нышандық мәні бар.

Кеден одағын қалыптастыруды үш кезеңде жүзеге асыру жоспарланған: бірінші кезеңде (2010 жылдың 1 қаңтарынан) біртұтас кедендік тарифті, яғни әкелінетін баждың бірдей мөлшерлемелерін енгізу көзделген; екінші кезеңде (2010 жылдың 1 шілдесінен) үш мемлекеттің біртұтас Кедендік кодексі іске қосылады: Қазақстан, Ресей мен Беларусь біртұтас кедендік аумаққа айналады; үшінші кезеңде (2011 жылдың 1 шілдесінен) барлық қажетті жөн-жосықтар жасалып бітеді де, одақ толық қуатымен жұмыс істей бастайды: кедендік бақылау мүше елдердің ішкі шекараларынан ұйымның сыртқы «нобайына» шығарылады.

Қазақстанның өзіне Кедендік одақтың құрылуы отандық бизнес өкілдерінің 150 млн-нан астам адамдық нарыққа еркін еруге, таяу жылдарда ІЖӨ-ні болжамды түрде 20 %-ға көбейтуге, еңбек өнімділігін арттырып, тауарлық өнім сапасын жақсартуға, шаруашылық жүйесін жетілдіруге және бүкіл тұрғындар үшін жаңа да ілгерішіл өмір сүру үлгі-қалыптарын ендіруге мүмкіндік береді. Кедендік одақтың келешегі – Бірыңғай экономикалық кеңістік құру, ол тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, жұмыс күші мен капиталдың еркін қозғалуына жағдай жасайды.

Көпжақты тең құқылы ынтымақтастықтың үлгі тұтарлық нұсқасын қалыптастыра отырып, Кедендік одақтың құрылтайшы елдері бүкіл әлемге, ең алдымен, ТМД-дағы әріптестеріне бір-біріне

жөнімен жол бере отырып, оны ұлттық экономикалық мүдделерін бірлесе қорғаудың сенімді тетігіне айналдырудың тәлімін көрсетті.

Осындай бай да баға жеткісіз тәжірибесі болғандықтан, Қазақстан 2010 жылы белді Еуропалық Одақ – ЕҚЫҰ-ға төрағалық етудің құрметті мандатын әбден заңды түрде қабылдап алды. 2009 жылғы 15 желтоқсанда, Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты жиналыста Президент осы жауапты миссияның мән-маңызын атап айта келіп, былай деді: «Біздің Тәуелсіздігіміздің барлық осынау жетістіктерінің шарықтау тәжі Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығы болып отыр. Бұл – біздің ортақ еңбегіміздің тағы бір аса жоғары бағасы, қымбатты менің отандастарым.

Өзінің бүкіл сан ғасырлық тарихында қазақ халқы әлемдік қоғамдастықтың назарын дәл қазіргідей жоғары деңгейде өзіне аудартқан емес. Қазақстан дербес мемлекет ретінде дүниеге келген кезден бері ол әлі осындайлық жоғары деңгейдегі танымға ешқашан ие болмаған еді. Бұл біздің аса көрнекті ізгі жетістігіміз».

Қазақстанның ЕҚЫҰ-дағы миссиясының егжей-тегжейлі бағдарламасын Н. Ә. Назарбаев 2010 жылғы 14 қаңтарда біздің еліміздің ЕҚЫҰ төрағалығы міндетіне кірісуіне орай жасаған мәлімдемесінде былай деп баяндады:

«Қазақстандық төрағалықтың ұраны төрт «Т» – «траст» (сенім), «традишин» (дәстүр),

«транспаренси» (транспаренттік) және «толеранс» (төзімділік) болады.

Біріншісі, бір-бірімізге деген бізге аса қажетті сенімді білдіреді.

Екіншісі, ЕҚЫҰ-ның негізгі қағидаттары мен құндылықтарынан тұрады.

Үшіншісі – халықаралық қарым-қатынастарда «қосарланған стандарт» пен «жіктеу шектерінен» азат, барынша ашықтық пен транспаренттік. Қауіпсіздікке төнетін қауіп пен қатерлерді еңсеруде сындарлы ынтымақтастыққа ұмтылу.

Ал төртіншісі – бүгінгі әлемде барған сайын маңызы артып отырған мәдениеттер және өркениеттер арасындағы үнқатысуды нығайту жөніндегі жаһандық трендтің көрініс табуы.

ЕҚЫҰ-ның негізгі міндеттерінің бірі ретінде Қазақстан Ұйымды дамыту мәселесінің негізі болып табылатын консенсустық алаңды нығайтуды және кеңейтуді қарастырады. ЕҚЫҰ саммитінің 10 жылдан бергі уақыттағы үзілісі Ұйымның консенсустық негізі дағдарыс жағдайында болмаса да, тоқырау ахуалында тұрғанын аңғартады.

Осыған байланысты біз ЕҚЫҰ-ға мүше елдерді 2010 жылы жоғары деңгейдегі кездесуді шақыру туралы Қазақстанның бастамасын қолдауға шақырамыз.

ЕҚЫҰ елдері көшбасшыларының кездесуі Хельсинки Қорытынды актісінің 35 жылдығын, Париж хартиясының 20 жылдығын және II дүниежүзілік

соғыстың аяқталуының 65 жылдығын атап өту мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Саммит үшін ЕҚЫҰ-ның жауапкершілігі аймағындағы қауіпсіздіктің көкейкесті проблемалары, Ауғанстандағы жағдай және толеранттылық мәселелері мазмұнды толықтыру бола алар еді.

Нақ бүгін ЕҚЫҰ-ға мүше елдердің көшбасшылары саяси ерік-жігер танытып, өз халықтарының алдында тұрған күрделі де түйінді мәселелерге жауап беретін уақыт келді.

Саммит ЕҚЫҰ-ның осы заманғы қауіп-қатерлердің алдын алуға бейімделуіне қуатты қарқын беріп қана қоймай, сонымен қатар біздің халықтарымыздың осы Ұйымға деген сенімі мен құрметін де арттыра түседі.

Түптеп келгенде, өздерін сайлаған халықтардың игілігі мен өркендеуі жолындағы ынтымақтастық пен қауіпсіздікті нығайтуға күш салу – мемлекет және үкімет басшыларының тікелей міндеті.

Сонымен қатар, ЕҚЫҰ бүгінде ештеңемен алмастырылмайтын Ұйым болып табылады. Оның тоқырауы немесе жойылып кетуі еуро-атлантикалық кеңістіктегі өте қауіпті вакуумның пайда болуына әкеліп соққан болар еді.

Осы ретте, Хельсинки Қорытынды актісіне қол қойылған 1 тамызды – Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы күні деп жариялау туралы ұсынысты қарауды ұсынамын.

Төрағалықтың басымдығына қатысты Қазақстан ЕҚЫҰ-ның барлық үш «себеті» арасында оңтайлы тепе-теңдікті сақтауға көңіл бөлуге тырысатынын атап өткім келеді. Осындай ұстаным мәселелерді кешенді түрде көруге, қазіргі заманғы сыртқы қауіп-қатерлердің пайда болуына тиімді түрде қарсы тұрып қана қоймай, олардың пайда болу көздерін табуға да мүмкіндіктер туғызады.

Сөз соңында, Қазақстан Іс басындағы төраға ретінде ЕҚЫҰ-ның негізгі қағидаттары мен құндылықтарын берік ұстанатынын атап айтқым келеді.

Біз Ұйымға мүше барша елдердің мүдделеріне өзара тиімді шешімдерді табу ниетіндеміз.

Қазақ халқында «Бірлік болмай – тірлік болмас» деген даналық сөз бар.

Біздің еліміз ХХІ ғасырдағы ЕҚЫҰ-ны оның ауқымындағы барша халықтар үшін демократияның, тұрақтылық пен өркендеудің бірыңғай кеңістігі ретінде қарастырады».

Тәуелсіздігінің 20 жылдығының қарсаңында Қазақстан, көптеген сынақтар көрігінен өте келіп, мығым мемлекет ретінде болашаққа сеніммен қарап тұр. Осы жылдар ішінде ұлт жүріп өткен жол шешілмейтін міндеттер мен қол жетпейтін мақсаттар болмайтынын айқын дәлелдейді. Тек бұл үшін келешекті дәлме-дәл көре білу мен жеңіске құштарлық керек, бұл қасиеттерді Қазақстан халқы мен Елбасымыз әрқашанда бір-

біріне сенімді тірек бола отырып, бұлтартпастай танытумен келеді. Тұңғыш Президенттің Тәуелсіздікті жариялаудың 17 жылдығына арналған салтанатты мәжілісте айтқан сөздері мұның айшықты айғағы: «Мен үшін ең жоғары награда – осынау жылдардың бәрінде маған үнемі көрсетіліп келе жатқан бүкілхалықтық қолдау мен халықтың сенімі.

Нақ осы қолдау мен сенім мені ең қиын кезеңдерде қанаттандырды және қанаттандыра бермек.

Бір нәрсені нық айта аламын, денсаулық пен күш-қуатым жеткенінше Отаным мен Қазақстан халқының игілігіне жұмыс істеймін, еңбек етемін!»

**«Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясы
Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2008 жылғы 17 қаңтар

**Қадірлі қауым! Құрметті Саяси кеңес
мүшелері!**

Табалдырығымыздан жаңа аттаған 2008 жыл тәуелсіз еліміздің алдына тағы да маңызды міндеттер мен мақсаттар қойып отыр. Сондықтан да жыл басында өткен жылдың қорытындыларын таразылай отырып, биылғы жылдың келелі міндеттерін айқындап алған жөн.

2007 жыл Қазақстан тарихында елеулі конституциялық өзгерістер мен саяси жаңарулар жылы

болғаны бәрімізге мәлім. Біз еліміз тарихында тұңғыш рет саяси партиялар арасында өркениет өлшемдеріне сай келетін Парламент сайлауын өткіздік. Ел басқару үрдісінде заң шығарушы органның құзыреті күшейтілді.

Айтулы саяси додада біздің «Нұр Отан» партиясы сайлаушылардың басым дауысына ие болып, жарқын жеңіске жетті. Саяси ұйым үшін халық сенімінен асқан биік мәртебе болмақ емес.

Сондықтан да біздің сайлауалды тұғырнамамызда халыққа айтқан, ел экономикасын өркендету, саяси тұрақтылық пен ұлтаралық татулықты нығайту, азаматтардың әл-ауқатын жақсарту, демократиялық жаңарулар мен ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету басты бағыттарымыз болып қала бермек.

Біз саяси күштерді біріктірудің және іргелі сайлау науқандарының кезеңдерін табысты жүріп өттік. Алдымызда болашағымызды байсалдылықпен саралай алатын біршама тыныштау жылдар тұр. Бұл кезеңді біз өзекті саналатын әлеуметтік мәселелерді шешуге және партияның тұғырын одан әрі нығайтуға арнағанымыз жөн.

Құрметті Саяси кеңес мүшелері!

Біздің кездесуіміз – 2008 жылдағы алғашқы ірі форум. Бүгін біз «Нұр Отан» партиясының жаңа пішімдегі Саяси кеңесінің мәжілісіне жиналып отырмыз.

Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына байланысты неғұрлым кең ауқымды мәселелерді мен Қазақстан халқына Жолдауымда баяндайтын боламын. Ал бүгін партияның одан әрі дамуы және оның қазіргі жағдайдағы рөлі туралы мәселелерді ортаға салғым келеді.

Соңғы онжылдықтарда бүкіл әлемдегі саяси үдерістер үдетіле күрделенді. Сондықтан қазіргі заманғы саяси көшбасшыға кәсіби-мүдделестер командасы аса қажет.

«Нұр Отан» партиясы соңғы жылдарда мен үшін осындай сенімді тірекке, кәсіби де қалыптасқан командаға айналып отыр.

«Нұр Отан» әділ түрде елдің бүкіл халқының мүдделерін бейнелейтін көшбастаушы партияға айналды.

Біз бірігу үдерістері мен ірі сайлау науқандарының кезеңдерінен табысты өттік. Енді біздің жинақталған тәжірибе мен күш-жігерді көкейкесті әлеуметтік міндеттерді шешуге, сондай-ақ, партияны одан әрі сапалы нығайтуға пайдалануымыз керек.

«Нұр Отанның» дамуында жаңа белес басталды.

Партия Қазақстандағы жүйелі өзгерістердің нақты алға апарушысы, елдегі бұқаралық саяси жұмыстардың ең тиімді тетігі болуға тиіс.

«Нұр Отан» дамудың ұзақ мерзімді бағытының сабақтастығын қамтамасыз етіп қана қоймай,

сонымен бірге ел дамуының жаңа стратегиялық идеяларын да туындатуы керек.

Қазіргі табысты елдердің тәжірибесі олардың дамуындағы серпілістердің көп жағдайда негізгі саяси партияның көшбасшылығы мен тиімділігінің арқасы екенін көрсетіп беріп отыр.

Жапония, Швеция, Сингапур, Малайзия, Үндістан, Мексика сияқты елдердің даму тәжірибесі бетбұрысты саяси және экономикалық реформалар кезеңінде жетекші партиясы бар көппартиялы жүйенің басқарудың оңтайлы моделі болып табылғанын көрсетіп берді.

Біз Қазақстанда дәл осындай қуатты бұқаралық, тиімді, қазіргі заманғы партияны құрдық.

Партияның алдағы жылдарда осы стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуі үшін төмендегідей жеті бағыттағы жұмыстарға баса назар аударуы қажет.

Біріншіден, «Нұр Отанның» бес жылға арналған тиімді сайлауалды тұғырнамасының тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз ету қажет.

Партияның сайлау барысында сайлаушыларға берген барлық уәделері орындалуға тиіс.

Бірінші кезекте әңгіме тұғырнаманың әрбір қазақстандықтың әл-ауқаты мен өмір сапасын жақсартуға бағытталған әлеуметтік блогы туралы болып отыр.

Елдің қаржылық-экономикалық мүмкіндіктерін ескере отырып негізгі әлеуметтік өлшемдерді – төменгі күнкөріс деңгейін, еңбекақының,

зейнетақы төлемдерінің, жәрдемақылардың төменгі мөлшерін өсіруді жалғастыру қажет.

Партия қазақстандықтар мүддесінің ең басты қорғаушысы болып, Үкіметтен сайлауалды тұғырнаманың әр тармағының орындалуын талап етуге тиіс.

Үкімет жаңа конституциялық өрісте өзінің «Нұр Отан» партиясының сайлауалды тұғырнамасы үшін партиямен бірдей жауапты екенін ескеруі керек.

Біз халықтың алдында адал болып, әлемдік экономикадағы қаржылық проблемалардың Қазақстанға да әсер ететінін жұртшылыққа жеткізіп тұруға тиіспіз. «Қазақстан – 2030» стратегиясын жасай отырып, біз өмірдің біздің жоспарларымызға түзетулер енгізуі мүмкін екенін де қарастырдық.

Алдыңғы шептегі әскер қара үзіп кетіп, шабуылдап бара жатқан, ал тыл кейіндеп қалған майдандағы жағдай сияқты болып тұр. Ондайға жол беруге болмайды. Сірә, сыртқы қаржы рыноктарында қазіргі қалыптасқан жағдайда бізге аздап ат шалдыртып, тылды жақындатып алған дұрыс. Ол Қазақстан үшін пайдалы болмақ.

Біздің жеке меншік банк жүйесі, ел рейтингі есебінен арзан кредиттермен әуестеніп, сыртқы қарыздарды көбейтіп алды, енді бәрін қойып осы борыштар проблемасын шешумен айналысуда.

Ал мұның экономикаға кредит беруді қиындата түсетіні заңды нәрсе.

Сондықтан мемлекет басқару тізгінін өз қолына алып, халықтың әлеуметтік жағдайының нашарлауына ешқашан жол бермеуі керек.

Екінші басым бағыт – Парламенттегі заң шығарушылық қызмет.

Қазіргі кезде біздің дамуымыздағы серпінді алға басуды қамтамасыз ететін жаңаша заңдар қажет. Әсіресе, бұл экономиканың индустриялық-инновациялық секторына жағдай жасауға тікелей қатысты. Сонымен бірге заң шығарушылық қызмет әрқашанда халықтың әлеуметтік мүдделерін ескеруге тиіс.

Биылғы жылы мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы, әлеуметтік қызметтер туралы, тұтынушылар құқын қорғау туралы, әскери қызметшілер мен олардың отбасыларын әлеуметтік қорғау туралы, инвестициялар мен экспорт туралы, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар туралы, ғылым туралы және зияткерлік меншік құқығын қорғау туралы, мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту туралы заңдар қабылдап, ал қолда бар заңдарға өзгертулер енгізу қажет.

Оның сыртында 2008 жылы конституциялық реформаның барлық қағидаларын заңдық деңгейде түбегейлі бекіту қажет. Олар сайлау заңнамасын жетілдіруге, Есеп комитетінің, Парламенттегі және мәслихаттағы партиялық

фракциялардың өкілеттігін ұлғайтуға, жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін құруға, саяси партияларды қаржыландыру тетіктеріне, сот-құқықтық жүйені реформалауға, сондай-ақ мемлекеттің тіршілік тынысы үшін маңызды басқа да мәселелерге қатысты болмақ.

Үкімет тиісті заң жобаларын әзірлеуді тездетуі керек. Партия Үкіметпен үнемі консультациялар өткізіп, заң жобаларын бірлесе зерттеуі керек және қажет болған жағдайда пісіп-жетілмеген заң жобаларын Парламентке түспей тұрып кері қайтаруы керек.

Ал Парламент Үкімет мүшелерін қатыстыра отырып заң жобаларын сын тұрғысынан қарауды жүзеге асыруға тиіс. Заңдардың сапалы шығуы үшін ол сындар өте қатал әрі қатты болуы керек.

Партияның өңірлердегі жұмысы үшінші басым бағытқа айналуы тиіс.

Партияның филиалдары жұмысының тиімділігін арттыру қажет. Біздің халықтық партия екенімізді іс жүзінде дәлелдеуіміз керек.

Өңірлік филиалдардың тармақталған желілеріне және мәслихаттардағы көпшілік орынға ие бола отырып, «Нұр Отан» жергілікті жерлерде тиімді жұмыс істеу үшін барлық қажетті мүмкіндіктерге ие.

Мәслихаттардың жергілікті өзін-өзі басқарудың және жергілікті проблемаларды шешудің

ықпалды органы ретіндегі жұмысын жандандыруға қажет.

Партияның өңірлік және аумақтық филиалдары, сондай-ақ бастауыш ұйымдары белсенді саяси жұмыс-тың, сол сияқты қоғамымызда кездесетін теріс көріністермен күрестің орталығына айналуы тиіс.

Партияның өңірлік филиалдары жергілікті жерлердегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы мақсатты ұйымдастырылған күресті өрістетуі керек.

Партияның облыстық және аудандық филиалдарындағы арнаулы кеңестер парақорлар мен қазынаға қол салушылардың үстерінен түскен арыз-шағымдарды қарауға тиіс. Партия лас қолды шенеуніктерді қызметтен алуды және жазалауды жария түрде талап етуі керек.

Сыбайлас жемқорлықпен және парақорлықпен бірлесе отырып бүкіл халық болып қана күресе аламыз. Біздің партия осы күрестің алдыңғы шебінде екенін көрсетуі тиіс.

Түрлі дәрежедегі кейбір мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік қызметті өз бизнесімен қосарлата жүріп және соңғысына жан-жақты көмек көрсете отырып, жағдайын жап-жақсы жасап алған. Жекелеген шенеуніктер қарапайым адамдардың мұң-мұқтажына құрметпен қарамайды, қызмет бабын теріс пайдаланады. Олардың арасында «Нұр Отан» партиясының мүшелері де кездеседі.

Жұртшылық мұны көріп отыр. Мұндай шенеуніктерді қатаң жазалау қажет. «Нұр Отан» сыбайластық шатақтармен шырмалған ірі шенеуніктермен құқық қорғау органдары қызметкерлерінің орнынан түсуіне қозғау салуы керек. Бұл біздің партияның беделін өсіруге қызмет етеді.

Біз билік партиясына ел Президенті басшылық жасайтынын біле отырып, жеке бас пайдасы үшін партияға өткендерден арылуға тиіспіз.

Қатарымыздың тазалығы, өнегелілік, ішкі партиялық және жеке тәртіп – біздің партиямыздың болашағына қатысы бар өте маңызды мәселелер.

Партияның «Сыбайлас жемқорлыққа он мәрте күйрете соққы» атты арнайы бағдарламасын қабылдау туралы мәселе қарастырып, онда осынау әлеуметтік кеселге қарсы күрестің нақтылы және кешенді шараларын қарастыру қажет.

Партияның қоғамдық қабылдауларын барынша пайдалану керек. Атап өтілгендей, өткен жыл ішінде қабылдау бөлмелеріне 66 мың-нан астам азамат келген. Жалпы алғанда өтініштердің 90 %-ы бойынша проблемалардың оң шешімдері табылған. Бұл – жақсы үлгі. Осы жұмысты одан әрі жалғастырып, қарапайым адамдардың мүдделерін қорғаудың жаңа түрлерін табу қажет. Барлық деңгейдегі әкімдіктер мұндай жұмысқа батыл қолдау көрсетулері керек.

Партия мәслихаттардағы депутаттар арқылы жергілікті бюджеттердің жұмсалуды бақылауға

алуға тиіс. Бүгінде жергілікті жерлерде қаржы бар. Олар бедел жинау үшін және бастыққа баяндау үшін қажетті қымбат нысандар салуға емес, адамдардың ең ділгер әлеуметтік мұқтаждарына жұмсалуды керек.

Төртінші бағыт – елді жеделдете дамытуға қоғамды жұмылдыру.

Партия қазақстандық қоғамды жұмылдыру міндетін өзіне артуға тиіс. Қазір бұл жұмысты тек Президент қана жүргізуде. Сонымен бірге онда осы мақсат үшін тұрақты іс-қимыл жасайтын жұмыс органы жоқ. Ол орган осы партия болуға тиіс.

«Нұр Отан» саяси әріптестіктің жалпыұлттық инфрақұрылымын құрудың – қоғамдық пікірлер мен ұстанымдардың барлық шоғыры бойынша өзара іс-қимылдар жасаудың бастамашылығын қолға алуы керек.

Бұл дегеніміз үнқатысу тетіктерін дамыту, басқа партиялармен, оның ішінде оппозициядағылармен де, қоғамдық бірлестіктермен және ҰЕҰ-лармен кең ауқымда жұмыс істеу деген сөз.

«Нұр Отан» партиясының стратегиялық миссиясы жаңғырту серпілісін қамтамасыз ету үшін ұлтты топтастыру болуға тиіс. Партия осы міндетті шешудің әрі идеологы, әрі локомотиві болуы керек.

Ол үшін Мәжілістегі партиялық фракцияның, оның жанынан құрылған үш Консультативтік

кеңес – әлеуметтік, экономиканы әртараптандыру жөніндегі, мәслихаттармен және азаматтық қоғам институттарымен байланыс жөніндегі кеңестердің тиімді жұмыстары қажет. Оның сыртында партия Парламент Мәжілісі жанындағы Қоғамдық палатаның әлеуетін белсенді пайдалануы керек.

Бесінші басым міндет – жастармен жұмыс.

«Нұр Отан» алдына мақсат қоя білетін жастарды партия жұмысына қатысуға қазіргіден де көбірек тартуы тиіс.

Біздің саясатымыз «Нұр Отан» партиясында және мемлекеттік қызметте жұмыс істеуге қабілетті жас ұланды қалыптастыруға бағдар ұстауы керек. Жас ұрпақтың күш-қуаты мен кеудешіл жігері партиялық белсенділікке қуатты серпін беруі тиіс.

Партияның жастар қанатын нығайту қажет. «Жас Отанды» құра отырып, партиямыз 200-ден астам жастар ұйымының күш-жігерін біріктірді. Бұл жастар арасында «Нұр Отан» жақтастарын нақты арттыруға мүмкіндік берді.

Енді «Жас Отан» еліміздегі жастар саясатының түпқазығы болуы тиіс. Партиямызға жастар қозғалысын жан-жақты қолдау жөніндегі саясат түзу керек.

Келер көктемде «Жас Отанның» съезін өткізуді ұсынамын. Оған Қазақстанның барлық аумағындағы жас партия мүшелерін жинап, жастар

саясаты мәселелерін нақтылы талқылау керек болады.

«Жас Отанның» негізгі күш-жігерін жастардың бойында қазақстандық патриотизм сезімін тәрбиелеуге бағыттаған жөн. Партия жастарға реформалардың басты қозғаушысы ретінде сенім артып, оларды партия істеріне тартатындай уәж табу керек.

Партия патриотизмнің үлгісін көрсетуі тиіс. Жастарымыз ар-намыс, парызға адалдық, өнегелілік, Отанымыздың өркендеуі жолындағы жасампаз жұмыс сияқты жоғары құндылықтардың жолын ұстанып өсуі тиіс.

Өзіне талапшылдық, айналасындағы адамдарға адалдық, ел ісіне берілгендік – өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі шешуші өзекті сәттер, міне, осылар.

Жастарды нашақорлық, маскүнемдік, әлеуметке жат мінез-құлық, құқықтық нигилизм мен сыбайлас жемқорлық сияқты әлеуметтік қауіпті құбылыстарға төзбейтіндей етіп тәрбиелеу керек.

Тұтастай алғанда, партия жастарды партияға тартуға, жастар проблемаларын, оның ішінде ауыл жастарының проблемаларын шешуге, патриоттық жұмыстарды нығайтуға бағытталған өзінің жастар қанатының іс-қимыл стратегиясын жасауы тиіс.

Ақтөбе облысының өкілі өзінің сөзінде кадрлар резерві мен «ой-пікір фабрикасы» жөнінде жақсы ұсыныс айтты. Осыған байланысты менде ЖОО

бітірушілерден (мүмкін, бұл болашақтықтар болатын шығар) 200–300 жастан топ құрып, жоғары басшылық қызметке жылжыту үшін тиянақты оқытумен айналысу керек деген ой туындап отыр. Осылайша елімізде басшы кадрлардың жаңа ұйытқысы құрылатын болады. Бұл – маңызды міндет.

Алтыншы басымдық – партияны ұйымдастырушылық, кадрлық, идеологиялық тұрғыдан күшейтіп, саяси менеджменттің заманалық үлгісін енгізу қажет.

Соңғы жылдары, бірнеше бәсекелі сайлау науқандарына қатыса отырып, «Нұр Отан» ұйымшылдық жағынан бекіп, шыңдала түсті. Партияның материалдық базасы айтарлықтай жақсарды.

«Нұр Отан» стратегиялық шешімдерді талдап-жасаудың орталығына айналуы керек. Демек, партиядағы талдама және зерттеу жұмыстарын күшейтуді жалғас-тыру қажет.

Сондай-ақ өте қабілетті қызметкерлердің мансаптық көтерілуіне, партия кадрларының, әсіресе өңірлік белсенді топтың біліктілігін арттыруға ықпал еткен жөн.

Орталық, сондай-ақ өңірлік деңгейде дәлелді пікірталас жүргізіп, кез келген мәселеде партияның ұстанымын айғақтап және түсіндіріп бере алатын қабілетті танымал саясатшыларды дайындау қажет.

Кадр саясаты саласында біз «тікелей ұтқыр» қағидатын жүргізуге тиіспіз: қоғамдық және партиялық өмірде өзін белсенді көрсеткен әрбір нұротандықтың алдында өсудің жаңа мүмкіндіктері мен кең келешегі ашылуы керек.

Партияның өңірлік филиалдарында 2–3 жыл жақсы жұмыс істеген қызметкерлерді орталық аппаратқа шақыратындай тәжірибе енгізейік. Ал өзін орталықта көрсеткендерді барлық қажетті конкурстық рәсімдерді орындай отырып, мемлекеттік органдарда жұмыс істеуге жылжытуға болады.

Тұтастай алғанда, партияға кадрлар дайындауды жүйелі негізге қою керек. «Партияның кадрлық резерві» деген арнайы бағдарлама жасауға да болады ғой деп ойлаймын.

Сонымен қатар, партия жанынан құрылған Парламентаризм институты қызметі бағыттарының бірі — партиялық оқуды ұйымдастыру, партия активінің біліктілігін арттыру болуы тиіс. Біз заманалық білімге ие, заманалық саяси технологияларды меңгерген кадрларды дайындауға тиіспіз.

Партия басшылығына жас, дайындығы жақсы партия мүшелерін жылжыту маңызды деп есептеймін.

Партия қатарында болу адамды қоғамда мақтанш пен құрметке бөлеуі керек. Осыған

сәйкес, бізге партия мүшелерінің жауапкершілігін күшейту қажет. Егер сен партия қатарына өтсең, онда партияның мақсатын өз мақсатым деп білетініңді, оны жүзеге асыруға белсенді қатысып жүргеніңді, «Нұр Отанның» беделін көтеруге ұмтылатыныңды сөзіңмен емес, ісіңмен дәлелде. Осы арқылы сен мемлекетіміздің нығаюы мен халықтың әл-ауқатының артуына өзіңнің үлесіңді қосасың.

Жұмысымыздың жетінші бағыты – партияның ұлтаралық келісімді нығайту ісіне қатысуы.

Қазақстанда тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді орнату мәселелеріне мен әр кез бірінші кезекте назар аударып келемін. 2008 жылы партия бұл жұмысқа да жүйелі түрде қосылады деп сенемін.

Біз Қазақстанда қазірдің өзінде этносаралық келісімнің бірегей үлгісі қалыптасты деп жайбарақаттыққа салынбағанмыз жөн. Бұл мәселеге назарды тұрақты түрде аударып отыру керек.

«Нұр Отан» партиясының фракциясы бүгінде Парламентте өкілдері бар Қазақстан халқы Ассамблеясымен өзара белсенді іс-қимыл танытуы тиіс. Партия жергілікті жерлердегі кіші ассамблеялармен – партия ұйымдары және ұлттық мәдени орталықтар деңгейінде тығыз жұмыс істеуі қажет.

Партия жұмысының аса маңызды бағыты – теңдестірілген тіл саясатын жүзеге асыруға ықпал ету. Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде Қазақстан

қоғамы бірлігінің, топтасқандығының факторы болуы керек. Әлеуетті де бәсекеге қабілетті мемлекеттік тіл өзінің әлеуметтік міндеттері мен қолдану ауқымын дәйектілікпен кеңейтуі тиіс.

Осындай қадамға қолдау көрсете отырып, біздің азаматтарымыз қазақ халқына, оның мәдениеті мен тіліне шынайы құрметін білдіреді. Бұл қазақ халқының қайтармалы ризашылығын туғызып, адамдар арасындағы сенімді күшейте түсетін болады. Мен бұл міндетті дұрыс түсінетіндердің бәріне ризамын.

Сонымен бірге, біз Қазақстанда тұратын көптеген этностар өкілдері сөйлейтін басқа тілдердің дамуына да ықпал етуге тиістіміз. Біз тілдік қағидат бойынша азаматтардың құқына қысым көрсетілуіне жол бермеуіміз керек.

Біз түрлі этностар өкілдеріміз, бірақ еліміз біреу. Біз қоғамды «қазақстандық» деген түсініктің төңірегінде топтастыруға тиістіміз. «Біз – қазақстандықпыз. Қазақстан – менің Отаным, менің елім!» Біздің ұранымыз осындай.

Партия тұрғындардың түрлі топтарының арасында ұлтаралық татулық пен келісім, этностық және діни тағаттылық идеясын белсенді насихаттауы керек. «Нұр Отан» өзінің «Татулық пен келісім – біздің басты басымдығымыз» түсіндіру жұмыстары бағдарламасын жасай алар еді деп есептеймін.

Бір мемлекет басшысы жауапкершілігінің орнына партия елдегі тұрақтылық үшін жауапкершіліктің ұжымдық тетігі болуы тиіс. Қоғамда «Нұр Отан» партиясы – бұл Қазақстандағы тұрақтылықтың кепілі мен себепкері деген түсінік кеңінен қалыптасуы керек.

Ұлттық мәселемен қоса, партия қоғам өміріне діннің ықпалының, алдымен ислам мен христиандықтың ықпалының өсіп келе жатқанын ескеріп отырып, дін мәселесі жөніндегі ұстанымды нақты айқындауы қажет.

Әрине, «Нұр Отан» діни радикализм, саяси экстремизм секілді іріткі салғыш құбылыстарға қатысты әр кез қағидатты ұстаным көрсетіп отыруы тиіс. Партия бұл келеңсіз құбылыстардың жолын кесуге бағытталған заңнамаларды жетілдіру бойынша шаралар ұсынып, тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын кеңінен жүргізуі керек.

Партияның алдағы кезеңдегі жұмысы мен баяндап өткен жеті бағыттың төңірегінде шоғырлануы тиіс. Партия аппараты әр бағыт бойынша нақты шараларды дайындауы керек.

Құрметті әріптестер, достар!

Өсіп-өркендеген және қуатты Қазақстан – біз бастаған жаңғырулардың мақсаты мен мазмұны. Мен еліміздің нығайып, толысқанын, халықаралық беделінің өскенін көрген кезде мақтаныш

сезіміне бөленемін. Мұнда «Нұр Отан» партиясы маңызды рөл атқарады.

«Нұр Отан» бүгінде біздің саяси жүйеміздің бел омыртқасы сияқты. Бүгінде нақ осы «Нұр Отанға» Қазақстанның тағдыры үшін жауапкершіліктің бар салмағы жүктеліп отыр. Нұротандықтарға бүкіл еліміз көз тіге қарайды.

Біз – саясат пен экономикада сыннан өткен күшпіз. Біз біртұтаспыз, қуаттымыз және сондықтан ел бізден жаңа табыстар мен жеңістер күтеді. Бізге мұны тағы да дәлелдеу керек.

Қымбатты отандастар! Қадірлі әріптестер!

Қарышты дамитын қуатты мемлекет қана өзінің алдына үлкен міндеттер қоя алады. Өз халқын заманның жаңа игіліктеріне кенелтіп, қоғамның топтасуына берік тұғыр қалап береді.

Еліміздегі барша игілікті бастамалардың бастауында «Нұр Отан» партиясы тұрғандықтан да, Саяси кеңес мүшелерінің алдына зор міндеттер жүктелетінін естен шығармағандарыңыз жөн.

Бүгінгі таңда «Нұр Отан» жалпыхалықтық іргелі саяси ұйымға айналды. Біз қай салада да алдыңғы саптан көрініп, ұлттық дамуымыздың ұзақ мерзімді бағыттарын кезең-кезеңімен іске асыра беруіміз керек.

Осы орайда мен баяндама барысында атап көрсеткен жеті бағыт бойынша біз белсенді түрде жұмыс істеуіміз қажет деп санаймын.

Аталған жұмыстарды іске асыру нәтижесінде партия мемлекетіміздегі саяси жаңарулардың басты жолбасшысына және еліміздің негізгі саяси күшіне айналуы тиіс. Яғни, партия еліміздің ұзақ мерзімді экономикалық және саяси бағытының сабақтастығын қамтамасыз ететін басты күш ретінде қалыптасуы қажет.

Сөз соңында айтарым: біз «ел дегенде езіліп, жұрт дегенде жұмылып» бірлесе еңбек еткенде ғана осынау өміршең істеріміздің сабақтастығын қамтамасыз етіп, саяси бастамаларымызды баянды ете алмақпыз.

«Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі»
атты жұмыс берушілердің республикалық
форумында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы,
2008 жылғы 24 қаңтар

**Құрметті форумға қатысушылар мен
қонақтар!**

Мемлекет пен бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру орнықты дамудың арқа сүйер шарттарының бірі болып табылады.

Қазақстанда жемісті экономикалық реформалар жүргізілді, нарық экономикасының қалыпты жұмыс істеуі үшін қажетті институттар құрылды. Кез келген шаруашылық қызметіне баршаның қол жетуін қамтамасыз ету, өндіріс факторларының

жинақылығы, капиталдың еркін жылжуы, бәсекелестіктің дамуы үшін жағдай жасауға керекті шаралар қабылданған.

Негізіне бәсекелестік пен табыс табу алынған нарықтық тетіктер жалпыәлеуметтік сипаты бар мәселелерді шешуге келгенде мүмкіндігі шектеулі екені баршаға белгілі.

Аса маңызды әлеуметтік игіліктерге баршаның қол жетуі мен қоғам қабыл алатындай сапаны тап мемлекет қамтамасыз етеді. Сондықтан да реформалардың барысында мемлекеттің ең аз деген әлеуметтік стандарттары белгіленген. Олардың сақталуы үшін мемлекет жауап береді.

Жыл өткен сайын мемлекет өзінің иығына көбейе түскен әлеуметтік міндеттемелерді артып отыр. Біз әлеуметтік салаға бөлінетін қаржыны бірте-бірте көбейтіп келеміз, кедейшілік пен жұмыссыздықпен күресудеміз.

Осының арқасында адам әлеуетін арттырудың тиімді моделі қалыптастырылып, өмір сапасын ұдайы арттырудың негізі қаланды.

Соңғы бес жылда білім беруге, денсаулық сақтауға, ғылымға қаржы бөлу 3–3,5 есе өсті, әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қамсыздандыруға бөлінетін қаржы 2 еседен астам көбейді. Жалақының, зейнетақы мен жәрдемақының көлемі өсіп келеді.

Әлемдік экономиканың даму ырғағы аздап бәсеңсіп қалғанына қарамастан, біз мемлекеттің

әлеуметтік шығындары тұрақты түрде өсуін қолдап отыратын боламыз.

Тәуелсіз даму жылдарында елімізде кәсіпкерлікті қалыптастыруға барлық жағдай жасалды. 2007 жылдың 1 желтоқсанына дейін республикада 267 мың заңды тұлға, соның ішінде 166 мың шағын кәсіпорын тіркелген.

Сіздер менің шағын және орта бизнесті дамытуды ұдайы қолдап келе жатқанымды білесіздер.

2007 жылы жеке тұлғаларға салынатын жеке табыс салығының біртұтас тіркелген мөлшерлемесін 10 % деңгейінде бекітіп, 2008 жылдың 1 қаңтарынан әлеуметтік салық мөлшерлемесін 30 %-ға азайту арқылы мемлекет экономиканың нақты секторына салық жүктемесін төмендетті.

Қазақстандық бизнес мемлекет органдарының заң шығарушылық қызметіне, концессиялық негіздегі ынтымақтастыққа, экономиканы мемлекет-жекеменшік әріптестігі қағидаттарымен әртараптандыруға тікелей белсене қатысуға мүмкіндікке ие.

Әлеуметтік жауапкершілік тұрғысынан қарағанда мемлекет өзі жүрер жолды негізінен жүріп өтті, тұтастай алғанда өзінің бұл қызметін тиімді атқарып келеді.

Ендігі кезек – бизнесте.

Бүгінде корпоративті әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын айқындау және қабылдау қажеттігі туып отыр. Міне сондықтан да біз осынау

маңызды мәселені мұндайлық кең де өкілетті құрамда алғаш рет талқылаудамыз.

Қазіргі таңда іс жүзінде дамыған елдердің барлығында нарықтың әлеуметтену үрдісі өте күшті. Бұл үдерісте жетекші орын ірі корпорацияларға тиесілі. Адам капиталына инвестиция сала отырып, билік пен бизнес әлеуметтік инфрақұрылымды бірлесе түзуде.

Осы заманда корпоративті әлеуметтік жауапкершілік қайырымдылық ретінде ғана емес, компанияның іскерлік бедел-абыройы мен ақшаның капиталға айналуын арттыратын тиімді қызмет ретінде де қаралады. Мұның өзі бизнестің қоғамның, әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салалардың дамуына қосқан ерікті үлесі. Бұл бизнестің болашаққа саналы түрде салған инвестициясы.

Кейінгі кезде корпоративті әлеуметтік жауапкершілікті дамыту жөнінен Оңтүстік-Шығыс Азия елдері ерекше ілгерілеп кетті.

Индонезия – өндіруші салаларда жұмыс істейтін компаниялардың корпоративті әлеуметтік жауапкершілігі туралы заң қабылдаған әлемдегі бірінші ел.

Малайзия 2006 жылдың қыркүйегінен бастап қор рыногында тіркелген барлық компанияларға жаңа ережелер енгізді. Атап айтқанда, олар өздері жүргізіп отырған корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саясаты бойынша есеп береді.

Сингапурда бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі қағидалары өткен ғасырдың 60-шы жылдарының өзінде инвестициялық саясатқа енгізіле бастады.

Біз де осы трендтің зерттемесімен, соның ішінде БҰҰ-ның әлеуметтік-еңбек қатынастары саласындағы, Жаһандық шартының қағидаттарын өз елімізде енгізумен шындап шұғылданатындай даму сатысына келдік.

Қазақстанда жұмыс істейтін шетелдік компаниялар да мұны ұғынуы керек.

Бұл жылдар ішінде біз азаматтық қоғамның мықты ықпал тетіктерін жасауға тырыстық. Партиялардың, кәсіподақтардың, БАҚ-тың рөлін заңнамалық тұрғыдан күшейту – әлеуметтік әділеттілікті, қоғамның барлық әлеуметтік топтары мүдделерінің оңтайлы теңгерімін нығайтуға бағытталған қадамдар.

Кәсіподақтардың рөлі айрықша маңызды.

Жұмысшыны жұмыс берушінің зорлығынан тиімді қорғау үшін жаңа Еңбек кодексі қабылданды. Қазақстан кәсіподақтарын жаңа еңбек заңнамасына сүйене отырып, кәсіподақтарда қоғамдық бақылаушы болуға шақырамын!

Сіздер жұмыс берушінің ұжымдық шарттарға қол қоюдан жұмысшылардың құқына қатысты басқа да мәселелерге дейінгі кез келген іс-қимылын келісімге келтіруге қатысуға тиіссіздер.

Әңгіме қазақстандықтардың құқы мен денсаулығы туралы болып отыр.

Кәсіподақтардың бәрінде бірдей, әсіресе шетелдік кәсіпорындарда, кәсіподақ ұйымдарының құрылмағаны жасырын емес. Сондықтан да жұмыс берушілер кәсіподаққа қарсы ұстанымда болады, еңбек заңдылығы мен өз жұмысшыларының құқын айылын жимай-ақ бұза береді.

Еңбекшілердің азаматтық сана-сезімін тәрбиелеу керек. Әрбір қызметкер өзінің құқы мен міндеттерін білуге тиіс. Күшті кәсіподақты құра отырып, жұмыскерлер жұмыс берушілермен тең дәрежеде сөйлесе алатын болады.

2000 жылдың аяғында Қазақстан Үкіметі, қызметкерлердің республикалық бірлестігі мен жұмыс берушілер арасында 2007–2008 жылдарға арналған Бас келісімге қол қойылды. Ол уағдаластықтар жүзеге асырылуда.

Біз бүгінгі таңда «әлеуметтік жауапкершілік» саясатынан не күтеміз?

Бәрінен бұрын жаңа жұмыс орындарын құруды, жұмыскерлерге кепілдік етілген әлеуметтік дестені кепілді түрде беруді, экология нормаларын сақтауды күтеміз.

Жұмыстың, тұрақты жалақының болуы мыңдаған адамдарды, олардың туыстары мен жақындары ертеңгі күнге сенімді етеді. Ал бұл, өз кезегінде, қоғамның әлеуметтік тұрақтылығының кепілі, бизнесті табысты дамытудың басты шарты.

Бизнес әлеуметтік-еңбек қатынастары саласындағы мәселелерді шешуге анағұрлым жауапты қарауға тиіс. Ұжымдық-шарттық тетіктерді дамытып, жетілдіре беру керек. Мұның өзі жалақыға, еңбекті қорғау мен оның қауіпсіздігіне, соның ішінде адамдардың экологиялық қауіпсіздігіне, мамандардың кәсіби дайындығы мен біліктілігін көтеруге қатысты.

Бизнес әлеуметтік нысандар құрылысы мен өңірлерді дамытуға қатысуға тиіс. Бұл істе жергілікті бюджетті қалыптастыратын, қала көлігін қаржыландыратын, мектептерді, балалар мекемелерін, жергілікті медицинаны ұстап тұруға көмектесетін қала құраушы кәсіпорындардың алар орны ерекше.

Бүгінде біздің бизнес өзінің әлеуметтік жауапкершілігін ұғына бастады. Осы орайда білім берудегі, денсаулық сақтаудағы, спорт пен мәдениеттегі жобаларға қаржы бөліп, әлеуметтік жағынан қорғалмаған тұрғындарға нақты қолдау көрсететін ұлттық компаниялар мен ірі инвесторлар үлгі көрсетіп отыр.

«Қазақмыс» 5 медицина мекемесін, 4 санаторийді, 8 балалар сауықтыру кешенін, 36 мектепке дейінгі балалар мекемелерін қаржыландырады. Мешіттер, православие храмдары тұрғызылған. Кен өндірісіндегі ардагерлерге атаулы қолдау көрсету үшін корпорацияда арнаулы қор құрылған.

Кейінгі жылдарда «Қазмырыш» акционерлік қоғамы Қазақстанның шайбалы хоккей федерациясының демеушісі болып жүр. Оның сыртында, кәсіпорын балалар үйлеріне, интернаттар мен қарттар үйлеріне демеушілік көмек көрсетеді.

Өңірлердің әлеуметтік әріптестігі бағдарламасы бойынша соңғы 5 жылда «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы жалпы құны 60 млрд долларлық 40-тан астам әлеуметтік нысандар тұрғызды. Компания жалпы жұртшылыққа арналған спорт алаңдарын салу бастамасын көтерді. 2011 жылға дейін іс жүзінде елдің барлық өңірлерінде 50 шақты бірүлгілі спорт алаңдары салынады.

«Үлбі металлургия зауыты» акционерлік қоғамы облыстық «Сәулетай» балалар қорына, балалар үйіне, мектепке дейінгі балалар үйіне, мүгедек әйелдер қоғамына демеушілік көмек көрсетеді.

Тоқырауға түскен аумақтардың әлеуметтік дамуының стратегиялық бағдарламасын «Қазатомпром» ұлттық компаниясы жүзеге асыруда. Оның игі істерінің қатарында мектептер, ауруханалар, балалар бақшалары, тұрғын үй құрылысы, жұмыскерлерге отбасыларымен медициналық қызмет көрсету, олардың балаларын отандық және шетелдік оқу орындарында оқытуды қаржыландыру сияқты игі шаруалар бар.

Әрине, мен барлық жағымды мысалдарды тізіп айтып шыға алмаймын. Ондай мысалдар компа-

ниялардың жұмысына бөлекше құрмет сезімін туғызады. Мұндай көмек ел үшін өте маңызды. Саяси тұрақтылық, ұлтаралық келісім және тыныштық ел дамуының негізгі шарттары болып саналады. Өзінің әлеуметтік қызметімен компаниялар мемлекетке қолдау көрсетеді.

Біз мемлекеттік холдингтер мен ұлттық компаниялардан, олардың еншілес ұйымдарынан өзіміздің экономикалық «ауыр салмақтылардың» ауқымды мүмкіндіктеріне сай келетін қомақты үлес күтуге құқылымыз.

Еңбек нарығындағы өзгеріп жатқан жағдайларды ескере отырып, білікті мамандар даярлау жүйесін құруда мемлекет-жекеменшік әріптестігі тетігін барынша пайдалану керек.

Талантты жастарды, әсіресе алыс ауылдардан келгендерді қолдау үшін арнаулы қорлар құрудың қолда бар тәжірибесі жалғастырылуға тиіс. Мұның өзі еңбек бастамашылдығын дамыту мен халықтың қоғамдық белсенділігін арттырудың сенімді көзі.

Жекелеген немесе бір бірімен байланысты өңірлерде жеке кәсіпкерлікті белсендірек ете түсуге, мемлекеттік және жеке сектордың күшін біріктіруге бағытталған әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар туралы арнайы айту жөн. Бұл мәселе ӘКК инвестициялық портфельдерінде өз орнын табуға тиіс.

Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар өзінің күш-жігерін көлікті, энергетиканы дамытуға, халықты ауыз сумен, медицина, оқу және ақпарат қызметтерімен қамтамасыз етуге әлеуметтік жағынан бағытталған жобаларға аударуға тиіс. Бұл орайда басымдық тұрғындарды халықтық кәсіпшілікте, саудада, қызмет көрсету саласында, ауыл шаруашылығында жұмысқа тарту жөніндегі шағын бизнес жобаларына берілуі керек.

ӘКК табатын табысты әлеуметтік жобаларға бөлудің түрлі сұлбалары мен тетіктерін қазірден ойластыра беру керек.

Біз Ақмола және Қарағанды облыстарының аумағында құрған алғашқы «Сарыарқа» ӘКК өткен жылды кіріспен аяқтағаны назар аударарлық. ӘКК дәл сол кірісті әлеуметтік нысандарға жұмсап отыр. Қалған ӘКК-лер де осы бағытта жұмыс істеуі керек.

Қоғам алдындағы өзінің жауапкершілігін сезінетін компаниялардың жақсы атын шығарып, ақпараттық-түсіндіру жұмысын белсенді түрде жүргізген жөн.

Мен кеше бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі бойынша жыл сайын конкурс өткізу және арнаулы атақ – «Парыз» сыйлығының лауреаты атағын тағайындау туралы жарлыққа қол қойдым. Бұл конкурс жеңімпазының бренді бизнес әлемінде ғана емес, бүкіл қазақстандықтардың арасында оңай танылатын болуға тиіс. Біздің қоғамымызда

кәсіпкерлерге жалпыұлттық байлықты жасаушы адамдар ретінде сенім арта түсуге тиіс.

Қазақстанда қазірдің өзінде ел құрметіне бөленген едәуір мықты да табысты ұлттық компаниялар, жеке құрылымдар, іргелі шетелдік инвесторлар бар.

Табыспен бірге жауапкершілік келеді – өзінің жеке табысының айналасындағылардың игілігімен тікелей байланыстылығын ұғынатын қазақстандық бизнес көшбасшыларының бәріне өз жұмысының негізі етіп осы қағиданы алуды ұсынамын.

Бүгін басталып жатқан үлкен жұмыс біздің жалпыұлттық міндеттерімізді ойдағыдай шешу үшін бизнестің, қоғам мен мемлекеттің мүдделері арасындағы өзара қарым-қатынасты үйлесімді етуге алып келеріне сенімдімін. Бұл үшбұрышта әр тарап тең тұруға тиіс.

**«Болашақ» бағдарламасының 15 жылдығына
арналған стипендиаттар форумында**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2008 жылғы 30 қаңтар

**Құрметті кездесуге қатысушылар!
Қадірлі достар!**

Сіздерді «Болашақ» бағдарламасының 15 жылдығына арналған форумға қатысуларыңмен құттықтаймын.

Қазақстан бүкіл ауыртпалықтан өтті: шектен шыққан инфляцияны, босап қалған сөрелерді, қаңтарылған өндіріс пен жаппай жұмыссыздықты бастан кешті. Алайда біз осы ауыртпалықтың бәрін еңсеретінімізге және өз мемлекетімізді құра алатынымызға сендік. Біз оны құрдық та.

Қазақстанның аумағы кең, жер қойнауының байлығы мол, халқы көп ұлтты, талантты да білімді. Қазір еліміз жаңа таңдау қарсаңында тұр: дамыған елдердің соңынан салпақтап ілесе беру керек пе, жоқ, әлде солармен иық теңестіретін күн бола ма?!

Біздің алдымызға қойған жалпыұлттық міндет – әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына қосылу. Индустриялы экономикасы бар, шикізат қорының көлеміне күні қарап қалмайтын, бәсекеге қабілетті Қазақстанды құру үшін бізге жоғары білімді адамдардың көп болғаны керек.

Барлық қиындықтарға қарамастан, сонау 1993 жылдың өзінде жастарымызды әлемнің ең үздік университеттеріне оқуға жіберу туралы шешім қабылдағаным сондықтан. Мен қателеспеппін.

Қазір сіздер жастарымыздың ең білімді бөлігі болып отырсыздар. Сіздермен өте маңызды мәселе: Қазақстанның болашағы және ондағы сіздердің орындарыңыз туралы сырласқым келеді. Таяу жылдарда сіздердің мойындарыңызға елімізді дамыту ісінде үлкен жауапкершілік жүктеледі және сіздер оған дайын екендеріңізді халыққа қазірдің өзінде дәлелдеулеріңіз керек.

Жаңа Қазақстанды қалыптастыруға нақты үлес қосуға дайын, отаншыл жастар нақ сіздер боласыздар. Сіздерге еліміз жүктеген сенімді ақтайтын кез келді.

«Болашақтың» менің жеке бастамам бойынша құрылғанын сіздер білесіздер. Біз мұны ТМД арасында бірінші болып жүзеге асырдық. Басқа елдер біздің тәжірибемізді пайдалана отырып, бізбен ілесе жүрді.

Алғашқы жылдарда «болашақтықтардың» көбі экономика, құқық және әлеуметтік-саяси мамандықтар бойынша білім алды. Мұның өзі заңды да. Жүйелік реформалар жүргізген елге нақ осы бейіндегі мамандар қажет болды.

1997 жылы Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясы қабылдануына орай, республика өмірінде жаңа кезең басталды. Жағдай қалыпты арнаға түсті. Экономика даму жолына бет алды. Осыған байланысты «Болашақ» бағдарламасына түзету енгізілді: біз техника және медицина салалары мамандарына арналған оқу бағдарламаларын кеңейттік.

2005 жылы менің тапсырмаммен «Болашақтың» ауқымы тағы да өсірілді, бұл еліміз үшін өте маңызды қадам болды. Мемлекеттік стипендияның саны 3 мыңға дейін көбейтілді. «Болашақтың» географиясы да кеңейді. Біз стипендиаттарымызды 32 елге жібереміз. 2005 жылға дейін ол бар болғаны 13-ақ ел еді.

Түйіндеп айтқанда, осы 15 жылдың ішінде «Болашақ» елімізді жоғары білімді кадрлармен толықтыруға елеулі үлес қосты.

1114 «болашақтықтардың» 325-і мемлекеттік басқару, бюджеттік ұйымдар мен ұлттық компанияларда жұмыс істейді. Сіздердің әріптестеріңіз отандық және шет елдік компанияларда да ойдағыдай еңбек етуде.

Мен алыс шет елдерде 20 мың жас қазақстандықтың оқитынын білемін. Оған қоса 15 мың адам Ресейде оқиды. Яғни, «Болашақ» бағдарламасынан тыс оқитын жастарымыз да баршылық. Мен солардың бәрі біздің болашақтағы кадрларымыздың сүйегін құрайды деп ойлаймын.

Енді мынадай сұрақ туындайды: осының бәрі бізге жеткілікті ме? Бағдарламаны бұдан әрі қалай дамытуымыз керек?

Бұл ретте мен «Болашақ» біздің бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыруды көздейтін аса маңызды «серпінді жобаларымыздың» бірі болатынына берік сенімдімін.

Осы ойды санаға сіңіру үшін ең алдымен жаһандық даму тармақтарының қайда бағытталғанын түсіну керек. Қазіргі заманғы прогресс пен дамудың мәнін ұғу керек.

* * *

Қазіргі заманғы нақты шындық мынадай: бүгінгі таңда қайсы мемлекет болмасын өзінің зияткерлік әлеуетімен бәсекеге түседі. Дамыған елдердің ұлттық байлығының 75 %-ы зияткерлік капитал есебінен құралады.

Экономикасы ғылым мен бизнестің түйісінде дамыған мемлекет қана әлемдік дамуда жетекші орынды иеленеді.

Осындай жайларды ескере келе, Қазақстан соңғы 10 жылда білім беру саласын қаржыландыруды 7 есе дерлік ұлғайтты. Барлық мектептер компьютермен қамтамасыз етілді, енді оларды Интернетке қосу аяқталып келеді.

2000 жылдан бері ғылымды қаржыландыру да 7 есе өсті. Аса қуатты инфрақұрылым: Ғылым қоры, ақпараттық технология паркі, ғылыми-техникалық дамудың серпінді бағыттарында зерттеулер жүргізетін қазіргі заманғы зертханалар жасақталуда.

Инновациялық серпіліс үшін біз жап-жақсы сөре әзірледік. Мақсатымыз айқын – халықтың әл-ауқатын тұрақты жақсартуға жұмыс істейтін жоғары технологиялық мемлекетке айналу. Біз мұнайды, газ бен басқа да табиғат байлықтарын мәңгілікке пайдалана алмаймыз.

Осыған байланысты алдағы жылдарда мынадай міндеттер басым мәнге ие болады.

Ең алдымен таяудағы жылдарда бізге мемлекеттік басқару үшін, сонымен бірге бизнес жаңа қазіргі заманға лайық жаңа лектегі және білікті басқарушылар шоғырын қалыптастыру қажет.

Бізге ХХІ ғасырда жұмысты қалай істеуді білетін адамдар керек. Ішкі және халықаралық үдерістерді тамаша меңгерген нағыз шеберлер қажет.

Отанының мақсат-мүддесін бәрінен биік қоятын патриоттар керек. Менеджменттің ең үздік әдістерін енгізуге даяр басқарушылар керек.

Мен жастар алдында отаншылдық туралы жиі айтып жүрмін.

Мен патриот деп Қазақстанды сүйетіндерді айтамын. Патриоттар – шынайы құндылықтарды бағалап, соны ұстанатындар. Олар – әділеттілік, ар-намыс, қайырымдылық, елдік дәстүрлерге адалдық, Отанына деген махаббат пен оны өркендету үшін еңбек етуге деген құлшыныс.

Сіздер, «Болашақтың» түлектері, стратегиялық мақсаттарымыз жолында жетістіктерге жету үшін менің көмекшілерім болуға тиістісіздер, өйткені шет елдердің терең білімдерін бойларыңа сіңіру арқылы сіздер ілгерішіл ойларды меңгердіңіздер және жаңа идеяларды іске асырудың ұйтқысы болуға дағдыландыңыздар.

Осыдан екі апта бұрын «Нұр Отан» партиясының Саяси кеңесі отырысында мен мақсатты түрде жоғары мемлекеттік лауазымдарға кадрлар резерві ретінде даярлауға болатын жаңа адамдардың тобын – олар 200–300 адам, оның ішінде «болашақтықтар» да бар – қалыптастыру туралы ой айттым.

Бұл сіздерді, осында отырған қай-қайсыңызды болсын ертеңгі күнге жетелейтін зор мүмкіндік. Әрине, іріктеу тек «болашақтықтар» арасынан ғана жүргізілмейді.

Олар жастардың кәсіби шеберлігін, ұйымдас-тырушылық қабілетін, жауапкершілік пен отан-шылдық қасиеттерін көрсеткен үздік өкілдері болуы керек.

Бұл ретте «Болашақтың» түлектері реформалар мен мемлекетті басқаруда оның тұтқасын ұстауға қабілетті басқарушылардың басты ұйтқысы болуы тиіс.

Бұл үдеріс қазірдің өзінде жүріп жатыр. Мысалы, менің Әкімшілігімде қазір «Болашақтың» он түлегі жұмыс істейді, тіпті олардың кейбірі саяси лауазымдарды атқарады. Сіздердің бірнеше ондаған әріптестеріңіз Үкімет, министрліктер аппараттарында, ұлттық және шет елдік компанияларда табысты еңбек етуде.

Айтқандайын, шет елдік инвесторлар қазақстандық кадрларды даярлауды міндетіне алуға, «Болашақ» бағдарламасына мақсатты түрде қатысуға тиіс. Мұны инвестициялық келісім-шарттар жасасқан кезде нормаға айналдыру, қолданыстағы келісім-шарттарға енгізу қажет.

Бір сөзбен айтқанда, сіздер, болашақтықтар, жауапты жұмысқа іштей даяр болуларыңыз және халықтың сенімін ақтауға қажеттінің бәрін істеулеріңіз керек.

Бұл менің сіздерге бірінші айтайын дегенім.

Екінші мәселе терең білімді, білімнің қазіргі заманғы үлгісін, экономикалық өмірдің ілгерішіл

түрлерін халықтың игілігіне айналдыру үшін не істеуіміз керектігіне қатысты.

Сондықтан бүгін, осы кездесуде, мен сіздермен ақыл бөліскім және «Зияткер ұлт – 2020» ұлттық жоба идеясын талқылауға енгізуді ұсынғым келеді. Оның басты мақсаты – жаңа тұрпатты қазақстандықтарды тәрбиелеу және Қазақстанды адам капиталы арқылы бәсекеге қабілетті елге айналдыру.

Меніңше, бұл жобада үш қағидатты жай ескерілуі тиіс.

Олардың біріншісі білім беру жүйесін инновациялық дамытуға қатысты.

Білім беру саласындағы дәстүрлі көзқарас оқушыларға мейлінше кең көлемде ақпараттар мен білім беруді көздеген болатын. Алайда қазір көзқарас өзгеруде. Мамандар кәсіптік ақпараттар көлемінің әрбір 7–8 жыл сайын еселеп көбейетінін есептеп шығарды.

Жаңару үстіндегі білім ағысына ілесу, соған икемделу үшін қазіргі заманғы қызметкерлер ойлау дүниесіне жүйелі түрде және сыни тұрғыдан қарап, білімін өз бетінше тұрақты түрде көтеруге дағдылануы тиіс.

Сонымен бірге, жастарымыздың жаңа білім алып қана қоймай, өздері де білімнің тың көздерін ашуына қол жеткізу керек. Қазір креативті ойлау, білімді қайтадан түрлендіре білу, жаңа

шешімдер, технологиялар мен инновациялар тудыру ең басты құндылыққа айналуға.

Бұл үшін жаңа әдістемелер, оқытудың жаңа нысандары, жаңа мамандар қажет.

Екіншіден, «Зияткер ұлт – 2020» жобасын іске асырудың шешуші жолы бүгінгі таңда бүкіл әлем көз тігіп отырған мықты ақпараттық революция болып табылады.

Алайда бұл салада біз жетекші елдерден айтарлықтай кейін қалудамыз. Даму қарқынын бәсеңдетпеу үшін біздің елімізге электрондық қызметтің үдемелі өзгерісі қажет.

Біз Алматы қаласында ақпараттық технологиялар паркі базасы негізінде әлемдік жетекші жоғары оқу орындарының қатысуымен, шет елдерден үздік мамандарды тарта отырып, ірі «IT-университет» құра аламыз.

Сонымен бірге ақпараттық технологиялар индустриясын құру, интернет-компанияларды, электронды коммерцияны дамытуға қолайлы жағдай жасау қажет.

«Зияткер ұлт – 2020» жобасының үшінші басымдығы ретінде жастарға рухани тәрбие беруді бөліп атаған жөн.

Жаһандану үдерісінің жоюшы ықпалын естен шығаруға болмайды, біз оған ұлттық-мәдени құндылықтарымызды нығайту сезімін және жас ұрпақтың адамгершілік қасиеттерін қарсы қоюымыз керек.

Егер ұлттық басымдықтарға, адамгершілік құндылықтарға, қоғамдық борыш ұғымдарына, әлеуметтік ынтымақтастық пен ұрпақтар сабақтастығына негізделмесе, білімнің немесе кәсіби дағдының жасампаздық күші болмайды.

Біздің жас ұрпақ бағзыдан келе жатқан мына ақиқатты айқын ұғынуға тиіс: адамдарға және өзінің еліне пайда әкелген адам ғана өмірде шын бақытқа жете алады.

Мемлекеттілік қашанда ұжымдық жадтың негізі болып табылатын ұлттық тарих пен мәдениетті терең сезінген кезде ғана тамырын тереңге жаяды. Егер азаматтар оны біліп, жүрек төрінде сақтайтын болса, қоғам қуаттана түседі.

Кейбір «болашақтықтардың» шет елде білім ала жүріп, ұлттық болмысын жоғалтатынын, ұлттық тамырын жоятынын жиі естимін. Біз бәріміз бірлесіп ондайларға жол бермеуіміз керек.

Қазақстанның тарихы мен мәдениеті – жастарымыз жасампаздық қайнарынан сусындай алатын мөддір бұлақ.

Мен қазақ тілі бүкіл қазақстандықтар үшін біріктіруші күш болады деп есептеймін. Бұл басқа тілдерді тіпті де кемсіту деген сөз емес. Бізде этностық емес, жалпықазақстандық идеология болуы тиіс.

Мен «болашақтықтардың» осы ұлттық жобаны іске асыруда маған жақсы көмекші болатынына, оның басты идеяларын қолдайтынына сенемін.

Қымбатты достар!

Менің сіздердің алдарыңызда қозғағым келген тағы бір мәселе «Болашақ» бағдарламасының өзін жаңғыртуға қатысты.

Жаңа міндеттердің бағдарламаны одан әрі дамытуды талап ететіні заңды. Бұл арада әңгіме «Болашақ» бағдарламасының өзіне түзету енгізу қажеттігі туралы ғана емес, сонымен бірге оның түлектерінің санқырлы әлеуетін тиімді пайдалану жөнінде де болып отыр.

Бірінші кезекте стипендиаттарды іріктеу жүйесінің барынша ашықтығын ұдайы қамтамасыз ету қажет. Жұртшылық бағдарламаның демократиялылығына және әділеттілігіне күмән келтірмейтіндей болуы тиіс. Шет елдерде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бүкіл үдерісті бақылап отыруы, ал Білім және ғылым министрлігі аталған жұмыстың нәтижесіне жауап беруі керек.

Қазір елімізге қажетті 20 шақты басымдықты мамандықтар белгіленді. Олардың арасында халықаралық құқық, медицина, инжиниринг, теңіз техникасы мен кемеде жүзу, атом өнеркәсібі, ақпараттану, нано- және биотехнология, телекоммуникация, мехатроника, экология, адам ресурстарын басқару, мемлекеттік саясат мамандықтары бар.

Осы мамандықтар бойынша біздің «Болашақ» бағдарламасы аясында басымдық тәртібімен мамандар даярлауымыз керек.

Егер мамандар іріктеу үдерісіне «Болашақ» бағдарламасы түлектерінің қауымдастығы қоғамдық бақылаушы ретінде қосылса нұр үстіне нұр болар еді.

Ауыл жастарына бөлінетін стипендия санын көбейткен жөн. Мұндай стипендиаттар үшін міндетті шарт – оқудан кейін өз өңіріне оралу және кем дегенде 5 жыл өз мамандығы бойынша өтеулі жұмыс істеу.

Бұл түлектерді теңдестіре бөлу үшін қажет. Әйтпесе 10 «болашақтықтың» 9-ы Алматы мен Астана қалаларында жайғасатындай жағдай қалыптасар еді. Қазір өңірлерде осы бағдарламаның небәрі 115 түлегі ғана жұмыс істейді.

Бағдарламада шет тілін оқып-үйренуге және өз саласы бойынша магистрлік дәреже алуға мүмкіндік бере отырып, жас, әсіресе өңірлердегі жас мемлекеттік қызметшілердің кәсіби біліктіліктерін көтеруіне жағдай жасалғаны жөн.

Егер жастар мемлекеттік қызметтегі 2 жыл ішінде өзін танытса, олардың шет елдерде білімін көтеруіне мүмкіндік беру керек.

Бұл шаралар мемлекеттік қызметтің кәсіби деңгейін көтеріп, беделін арттырады.

Тұтастай алғанда, бізге магистрлер мен докторларды көбірек даярлау керек. Бакалаврларға келетін болсақ, онда оларды тек бізде айрықша зәру ғылыми және техникалық басым бағыттарда ғана даярлаған жөн.

Халықаралық бағдарламалар орталығының негізінде әлемдік тілдер мектебін құру туралы ұсыныс бар. Меніңше, мемлекеттің де, стипендияға үміткерлердің де уақыт пен қаражатты үнемдеуіне болатын көкейге қонымды ұсыныс.

Оқу кезінде стипендиаттың қазақстандық ортадан шеттеп қалмауы үшін жазғы демалыс уақытында оларды мемлекеттік органдарда, ғылыми институттарда, ұлттық компанияларда тағылымдама мен тәжірибе игеруден өткізу қажет.

«Болашақ» бағдарламасы түлектері қауымдастығының рөлін көтере отырып, бағдарлама түлектерінің зияткерлік және ұйымдастырушылық әлеуетін шоғырландыру керек.

Неге қауымдастықтарыңа өз веб-порталдарыңды ашпасқа, форумда сендер идеялар алмасып, ұсыныстар айтуларыңа, өзекті мәселелер бойынша кең ауқымда пікір сайысын тудыруларына, жұртшылықты шет елдердің тәжірибелерімен таныстыруларыңа, ғаламдық үдерістерді және олардың Қазақстанға ықпалын зерделеулеріңе болатын еді ғой.

Халықаралық зерттеу орталықтарымен белсенді түрде қарым-қатынас жасау, БАҚ-та көбірек пікір білдіру, өз бағдарламаларыңды теледидар арқылы жариялау қажет. Сендер ондағы өмірді де, мұндағы өмірді де білесіңдер және еліміздің жетістіктерін нақты бағалай аласыңдар.

Қауымдастық арқылы, жеке желілік ресурстар арқылы бағдарлама түлектерінің стипендиаттарға жетекшілік жасап, оқуларына, мамандық таңдауларына, еңбекке орналасуына көмектесуіне болар еді.

Сендер жастардың орталарына баруларың керек. Студенттер алдында лекция оқыңдар, олармен тұрақты түрде кездесу өткізіңдер, жастардың зердесін көтеріңдер! Мейлі, ол сіздердің қоғамдық жүктемелерің бола-ақ қойсын!

Астанада осы жылы әлемдік деңгейдегі жаңа университеттің құрылысы басталады. Ол өзінің мамандықтары бойынша «үйренерлік үздік үлгі» болып табылатын жетекші шет ел университеттерінің филиалдары есебінен қалыптастырылады. Мен осы мамандықтар бойынша бізге студенттерді шет елдерге жібермей-ақ қоюға болады деп ойлаймын. Менің пікірімше, «Болашақтың» көптеген түлектері осы университеттен өз күші мен білімін сынауларына болады.

Араларыңнан біраз адамның «Нұр Отан» партиясының қатарына өткендерін білемін. Ол – қуантарлық үрдіс. Партияның жұмысын күшейту керек, саяси өмірге қатысуларың керек. Ол – саяси өсу мектебі.

* * *

Сөзімнің соңында сіздердің алған білімдеріңіз біздің жас тәуелсіз мемлекетіміздің қалыптасуына

үлес қосуларыңызға айрықша мүмкіндік береді дегім келеді. Мұндай мүмкіндік баршаға бірдей беріле бермейді. Соған лайықты болыңыздар.

Сіздердің әрқайсыңыз халықтың зор сеніміне ие болдыңыздар, енді соны жеке еңбекпен ақтау керек. Естеріңізде болсын – сіздерді беделді университеттерге оқуға жіберу үшін халықтың ақшасы жұмсалды. Бүгін қоғам және мен, мемлекет басшысы ретінде, сіздерден Отан игілігі үшін барлық күш-жігерлеріңді жұмсауларыңды талап ете аламын.

Тағы да қайталап айтамын, «Болашақ» – ұлттың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруды көздейтін аса маңызды серпінді жобаларымыздың бірі.

Еліміздің алдында тұрған міндеттердің қаншалықты маңызды екенін сіздердің жақсы сезінетіндеріңізге сенемін.

Сіздер – жаңа әлемде жаңа Қазақстанды жасайтын азаматтардың ұрпағысыздар. ХХІ ғасырда Қазақстанды бәсекелестікке лайықты, қуатты да өркендеген ел жасауға ниеттеріңіздің де, күш-қайраттарыңыздың да жеткілікті екеніне сенемін.

«Қазақстан азаматтарының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына

ЖОЛДАУЫ

Астана қаласы,
2008 жылғы 6 ақпан

Құрметті қазақстандықтар!

Менің жыл сайынғы Жолдауларым әдеттегідей жетістіктерімізді саралап, келешегімізді бағдарлауға, ең бастысы – баршамызға ортақ ұлы мақсатқа жетудің дұрыс жолын бірлесе айқындауымызға бағытталып келеді.

Қазақстан халқына арналған 2006 және 2007 жылдардағы Жолдауларымда мен ағымдағы міндеттер туралы ғана емес, біздің дамуымыздың

келешегі жайында да айтқан едім. Осыған орай, әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарынан нық орын алу мен 30 корпоративтік көшбасшыларын қалыптастыру негізінде елді индустрияландыру міндеттері біздің басты стратегиялық мақсатымыз болып қала бермек.

Үстіміздегі жылы Үкімет олардың орындалуы жөнінде есеп беруі тиіс.

Өткен жыл Қазақстан үшін жан-жақты экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңару жолында тағы бір сенімді ілгері қадам жасаған жыл болды.

Қазақстан 2008 жылды жаңа экономикалық жетістіктерімен, жаңарған саяси құрылымымен қарсы алды.

Ел Конституциясына енгізілген өзгерістер Парламент пен саяси партиялардың, азаматтық қоғам институттарының рөлін арттыра түсті. Тәуелсіз Қазақстанның тарихында тұңғыш рет теңдестірілген негізде парламент сайлауы өткізілді. Сайлауда «Нұр Отан» партиясы айқын басымдықпен жеңіске жетіп, алғаш рет Үкімет жасақтады.

Әкімшілік реформа жалғасын тауып, оның аясында мемлекеттік органдар аппараттарының тұрақтылығын нығайтатын жауапты хатшылар институты құрылды.

Өткен жылғы экономикамыздың өсу қарқыны 8,5 %-ды құрады. Жалпы алғанда, ел экономикасы 2001 жылдан бастап жылына орта есеппен 10 %-ға

өсіп отырды. Бұл өте үлкен де жедел өсу болып саналады.

Бүгінгі күнге дейін еліміздің айтарлықтай резерві қалыптастырылып, Ұлттық қор қаражатын қоса есептегенде ол шамамен 40 млрд долларға жетті. Осындай елеулі жинақтаулардың болуы еліміздің қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуде өзекті рөл атқарды.

Еліміздегі әлеуметтік ахуал да тұрақты қалпында. 2000 жылдан бастап, мемлекеттік бюджеттің білім беруге, денсаулық сақтауға және әлеуметтік қамсыздандыруға арналған шығындары 5 еседен астам ұлғайды. Біздің 5 млн астам азаматтарымыз мемлекеттік әлеуметтік қорғаумен қамтылып отыр. Бұл көрсеткіш осыдан бес жыл бұрынғыға қарағанда 2 есеге артық.

Біз зейнеткерлерімізді қолдау көлемін ұдайы арттырып келеміз. Халықтың зейнетақылық жинақтаулары тұрақты түрде көбеюде, оның көлемі 1,1 трлн теңгеден асып түсті.

Әлеуметтік инфрақұрылым нығайып отыр. 2007 жылы ғана республика бойынша 76 мектеп пен 23 денсаулық сақтау нысаны салынды.

Біз демографиялық құлдырауды тоқтатуға қол жеткіздік.

Мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасының аясында өткен үш жыл ішінде 18 млн шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға

берілді, бұл біздің жоспарымыздағыдан 2,2 млн шаршы метрге артық.

Жоғарыда аталған қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы ілгерілеу серпіні – біздің экономикамыздың өркендеуінің, сындарлы әлеуметтік саясатымыздың және тұрақты саяси жүйеміздің тиімділігінің айқын айғағы.

Құрметті депутаттар, мәжіліске қатысушылар, меймандар!

Бүгінгі әлемдік конъюнктура нашарлаған жағдайда біз рөлі өсе түсіп отырған мемлекеттік холдингтердің, даму институттарының, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың ішкі инвестициялық ресурстарын жандандыра түсуге тиіспіз.

Туындаған қиындықтарға қарамастан, менің тапсырмам бойынша Үкімет экономиканы орнықты өсіруді ойластыратын шаралар қабылдады.

Қысқа мерзімді және орта мерзімді міндеттерді мына басым бағыттарда шешу үшін жұмылу қажет.

Бірінші – өндіруші сектор.

Мұнай-газ саласындағы басты бағыт – мемлекеттің халықаралық мұнай және энергетика рыноктарына ықпалды және жауапты қатысушы ретіндегі ұстанымын күшейту.

Бұл үшін біз энергетика саласының стратегиялық маңызды буындарына мемлекеттің ықпалын

дәйектілікпен күшейтеміз. Біз қазірдің өзінде Қашаған, Құмкөл мұнай кен орындарын, «Боғатырь» көмір разрезін, т. б. игеруде қазақстандық үлесті ұлғайттық.

Бұл біз үшін және қосымша құн салығы үлесі жоғары дайын өнімді халықаралық рынокқа шығаруды қамтамасыз ету үшін аса маңызды.

Осы бағыттағы жұмысты жалғастыру керек.

«Самұрық» холдингі мен өңірлік әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялар тау-кен металлургия саласын тиімді дамыту мен оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөнінде нақты шаралар қабылдауы тиіс. Бұл үшін қазіргі тау-кен металлургия компаниялары акцияларының мемлекеттік пакеттерін бір жағына шығарып, оларды нақты басқаруға кірісу, сондай-ақ сирек кездесетін металдарды қоса алғанда, қара және түсті металдардың барланған кен орындары қойнауын пайдалану құқын өз қолымызға алуымыз қажет.

Үкіметпен бірлесіп, жаңа кен орындарын барлау мәселесін шешу қажет.

Екінші – экономиканың негізгі секторларын озық инфрақұрылымдық қамтамасыз ету.

Үкіметке электр энергетикасын, тасымалдау жүйесін дамыту бойынша шаралар қабылдау қажет. Бұл секторлар бүгінде Қазақстан экономикасының дамуына анық «ілесе алмауда».

Экономика мен тұрғындарды электр энергиясымен қамтамасыз етудегі бірінші кезектегі

міндеттер Балқаш ЖЭС-ін, Екібастұз 2-МАЭС-інің үшінші энергоблогын, Мойнақ ЖЭС-і және басқаларын салу болып табылады.

2009 жылы «Қазақстанның Солтүстігі-Оңтүстігі» жобасы бойынша қуат тасымалдаудың екінші желісі мен «Солтүстік Қазақстан – Ақтөбе облысы» қуат тасымалдау желісінің құрылысын аяқтау қажет. Бұл Қазақстанның оңтүстігі мен батысындағы қуат тапшылығын төмендетуге мүмкіндік береді.

Республиканың оңтүстік өңірлерінің газға сұранысын тұрақты қамтамасыз ету үшін «Бейнеу – Шымкент» магистральді газ құбыры мәселесі мүмкіндіктерін талдап, құрылысты бастау керек.

Ақтау қаласында атом электр стансасын салу бойынша нақты ұсыныстар енгізу қажет.

Үкімет осымен бірге өзінің күш-жігерін қуат жинақтаушы және экологиялық таза технологиялар енгізуге жұмылдыруы тиіс.

Электр энергиясын үнемі үнемдеуге біздің кәсіпорындарымыз бен азаматтарымыз әлі кірісе қойған жоқ. Арзан энергияның сарқыла бастағанын ашық айтуға тиіспіз. Аз төлегіміз келсе, көп үнемдеу керек. Бұл әркімнің өз қамы болуы қажет.

Үкімет осы жұмысты кеңінен қолға алуы тиіс.

Темір жол және автомобиль инфрақұрылымдарын салу мен жаңғыртуды қамтамасыз ету қажет.

Біз биылғы жылдың өзінде концессиялық негізде «Шар – Өскемен» темір жолы құрылы-

сын аяқтап, «Маңғыстау – Баутино», «Ералиев – Құрық» теміржол желілері мен «Қорғас – Жетіген» учаскесінің құрылысын, «Мақат – Қандыағаш» теміржол учаскесін электрлендіруді бастауымыз керек.

Жылжымалы құраманың тапшылығын төмендету үшін биылғы жылы отандық көліктік машина жасауды дамыту жөніндегі шаралар кешенін әзірлеп, іске асыруға кірісуіміз керек.

Біз барлық оңтүстік облыстарды көктей өтіп, Қызылорда мен Ақтөбе қалалары арқылы Ресейге шығатын, өңірлердің экономикасын жандандыратын Қазақстандағы ең ірі көліктік жобаны – «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» трансқұрлықтық дәлізді іс жүзіне асыруды қолға алуымыз қажет.

Бюджетке түсетін салмақты азайту мақсатында, тұтастай алғанда, концессиялық негізде, алдағы уақытта ақылы ету арқылы «Астана – Бурабай», «Астана – Қарағанды», «Алматы – Қапшағай», «Алматы – Қорғас» автомобиль жолдарын, сондай-ақ «Үлкен Алматы айналма жолын» салу мен қайта жаңғырту басталады.

Концессиялық жобаларды тартымды ету мен жандандыру үшін Үкімет қолданыстағы заңнамалық және нормативтік базаны жетілдіруі тиіс.

Үшінші. «30 корпоративті көшбасшы» бағдарламасын іске асыру экономиканың шикізаттық емес секторын іс жүзінде дамытуға ықпал етеді.

Қазірдің өзінде «серпінді» аталудан үміткер 100-ден астам жоба пайда болды. Ақтөбе облысындағы үшінші Жаңажол газ өңдеу зауыты, кен байыту комбинаттары мен мыс қорыту зауытын салу, Павлодар облысындағы алюминий зауыты және хлор мен каустикалық сода өндірісі зауытының құрылыстарын одан әрі жалғастыру, Қарағанды облысында сортты прокат өндірісі мен металлургиялық кремний өндірісін ұйымдастыру секілді экономикамыз үшін айрықша маңызды жобалар және басқа да көптеген жобалар іске асырылып жатыр.

Таяудағы уақытта Атырау қаласында алғашқы интеграцияланған газ-химия кешенінің, келесі жылы Қарашығанақ кен орнының негізінде газ өңдеу зауытының, Қостанай облысында жаңа алюминий зауытының құрылысы басталады.

Біз Астана қаласында шина жасау кешенін құру, Астана мен Алматы қалаларында логистикалық орталықтарды дамыту, поликристалл кремнийі өндірісін құру жөніндегі жобаларды іске асыруды жалғастырамыз.

Мен аса ірі нысандарды атап өттім. Ал осы жылдар ішінде Қазақстанда жүздеген, мыңдаған жаңа кәсіпорындар пайда болды. Шыны шығару өндірісі Қазақстанда ешқашан болған емес – бұл өте тапшы, қажет материал. Қазақстанда алюминий өндірісі де болған емес.

Қазіргі кезде автомобиль құрастыратын, оның ішінде жеңіл автокөліктер де құрастыратын бес кәсіпорын жұмыс істейді. Бүгінде Қазақстанда радиотехника мен компьютер де құрастырылады. Жиһаз жасау өнеркәсібі, құрылыс индустриясы және басқа салалар серпінді дамуда.

Тұтастай алғанда, «30 корпоративті көшбасшы» бағдарламасы мемлекет пен бизнестің өзара іс-қимылын қағидатты жаңа деңгейге шығаруы тиіс.

Бейіндік министрліктердің, «Қазына» қоры мен өзге де холдингтердің, сондай-ақ барлық деңгейдегі әкімдіктердің жұмысы, бірінші кезекте, «серпінді» жобаларды жүзеге асыру көрсеткіші бойынша бағаланатын болады.

* * *

Дамудың жаңа кезеңі ел аграрлық-өнеркәсіп кешенінің алдына бірқатар жаңа, аса маңызды міндеттер қойып отыр.

Өткен 5 жылда Қазақстан аграрлық секторды дамытуда айтарлықтай нәтижелерге жетті. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 2002 жылмен салыстырғанда 2 есеге жуық өсті. Инвестициялар 3 еседен астамға ұлғайды. Бұл аграрлық секторды мемлекеттің орасан қолдауы нәтижесінде мүмкін болды. Сіздер біз табысты жүзеге асырған ауылды қолдаудың 3 жылдық бағдарламасын жақсы білесіздер. Бағдарлама ел ішін дамытуға қуатты серпін берді.

Соңғы жылдары қазіргі заманғы технологияларды қолданудың арқасында дәнді дақылдарды жинау күрт артты.

2004 жылдан бастап егінді міндетті сақтандыруды енгізу фермерлерге құрғақшылық жылдарының өзінде кепілді кіріс алуына мүмкіндік туғызды.

Қабылданған шаралар ауыл шаруашылығындағы тауар айналымының 4 есеге жуық жалпы өсіміне оң ықпал етсе, ол 4 млрд доллар мөлшерінен асып түсті.

Ауылдарымыз бен селоларымыздың өмір сапасын жақсарту мемлекеттік саясаттың басым бағыты болып қала береді.

Қалыптасқан әлемдік үрдістер мен қолда бар әлеуетті ескерер болсақ, аграрлық-өнеркәсіп кешені біздің экономикамыздың жоғары маңызды, табысты саласы болуы тиіс.

Ауыл шаруашылығы өнімдеріне баға өсу үстінде, және тұтастай алғанда, аталған сала өте пайдалы болуда, сондықтан біз оған ақша салуымыз қажет. Ауылдың бұған екпінді еңбегімен және жоғары қайтарыммен жауап беретініне сенімдімін.

Бірінші. Елдің азық-түлік қауіпсіздігі қамтамасыз етілуге тиіс.

Ол үшін ауыл шаруашылығына және тамақ өнеркәсібіне инвестициялар тартуды ұлғайту қажет.

Қазақстан азық-түліктің негізгі түрлері бойынша өз қажеттілігін қамтамасыз етеді әрі экспорттық әлеуетке ие.

Ел мұқтажы қанағаттандырылмай отырған маңызды тамақ өнімдерін өндіруді ынталандыруға ерекше назар аудару талап етіледі. Мәселен, өсімдік майы, жемістер, қант және басқалар. Біздің бұл проблемаларды шешуге мүмкіндігіміз бар.

Екінші. Ауыл шаруашылығының өнімдерді экспортқа шығаратын секторларын күшейтуге күш-жігерді шоғырландырудың маңызы зор. Атап айтқанда, Каспий және Қара теңіздердің кемежайлары арқылы өтетін және Қытай бағытындағы экспорттық арналарды кеңейту қажет.

Үшінші. Мал шаруашылығы саласы да үлкен экспорттық әлеуетке ие. Қосымша шара ретінде ветеринария жүйесін халықаралық стандарттарға көшіру қажет.

Үкіметке ауыл шаруашылығына барлық деңгейлерде жүйелі қолдау көрсетуде одан әрі шаралар қабылдауды тапсырамын.

Шикізат өңдеуге айрықша назар аудару қажет.

* * *

Енді макроэкономикалық саясаттың басымдықтары туралы.

Үкімет, Ұлттық банк, Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі мемлекеттің қаржылық тұрақсыздық қатерлеріне

қарсы жүйелі де жедел іс-қимылдар жасауының ықпалды тетігін қалыптастырып, халықаралық рыноктардың Қазақстан экономикасына деген сенімін нығайтуы керек.

Бірінші. Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің жұмысын жүйелі түрде нығайту қажет.

Елдің қаржы жүйесінің, әсіресе, банк секторының бәсекеге қабілеттілігін және тұрақтылығын арттыру Агенттіктің Ұлттық банкпен және Қаржы министрлігімен бірлесе отырып атқаратын басты міндеті болуға тиіс. Өмір біздің жоспарларымызға түзетулер енгізіп тұратын болады. Біз оған дайын тұруға тиіспіз.

АҚШ-тың біздің банктерге елеулі әсер еткен ипотекалық дағдарысының сабақтарын естен шығармаған жөн.

Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі әр банктегі ахуалды неғұрлым мұқият қадағалап, қажет болған жағдайда алдын алатын және ықпалды шаралар қабылдауы керек.

Мемлекеттік қолдау біржақты бола алмайды, сондықтан банктер тәуекелдің өздеріне тиесілі бөлігін өз мойындарына алуға тиіс. Егер банктердің акционерлері өздерін дамыту үшін қосымша ресурстар тартқысы келмесе немесе оған қабілетсіз болса, ондай кезде мемлекет қажетті шаралар қабылдауға дайын болуы керек.

Мұндай жағдайда реттеушілік араласу бүкіл банк секторы үшін барынша мөлдір және ұғынықты болуға тиіс.

Шетелдік капиталдың банк секторына келуіне біз Қазақстанға көрсетілген сенім, қажетті қаржылық қолдаудың көзі және банк қызметінің халықаралық озық тәжірибесі ретінде қараймыз.

Біздің қаржы жүйемізді құрылымдық реформалауды одан әрі жалғастыру қажет. Мұның бағалы қағаздар рыногын, қазіргі заманғы қаржылық құралдарды дамытуға, банкроттық туралы заңдарды жетілдіруге, сот жүйесін тереңдете реформалауға қатысы бар.

Бізге жеке сектордағы да, сонымен бірге, мемлекеттік сектордағы да жүйелік тәуекелдерді басқаруды дамыта түсу қажет. Үкімет, Қаржы нарығы және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі және Ұлттық банк тәуекелдерді басқарудың икемді де сенімді жүйесін құруы керек.

Сондай-ақ, күтпеген ахуалдарға қарсы шапшаң іс-қимылдар жасау шараларының жүйесін әзірлеу міндеті де тұр.

Халық пен бизнестің, оның ішінде шетелдіктердің де сенім деңгейі елдің қаржы жүйесі тиімділігінің негізгі өлшеміне айналуға тиіс.

Екінші. Салық жүйесін Қазақстанның жаңа сатыдағы дамуының міндеттерімен сәйкестендіру

қажет. Қолданыстағы Салық кодексі экономикалық өсуде оң рөл атқарды, дегенмен қазіргі кезде оның әлеуеті іс жүзінде таусылды. Кодексте үнемі және жүйесіз өсіп отыратын 170-тен астам жеңілдіктер мен берілетін артықшылықтар бар.

Үкіметтің жаңа Салық кодексін әзірлеуі қажет. Ол экономиканы жаңғыртуға, әртараптандыруға және бизнестің «көлеңкеден» шығуына жағдай жасауға тиіс.

Жаңа Кодекс салық қызметтерінің оның нормаларын өз қалауларынша түсіндірулерінен қорғайтындай, әкімшілендіру сапасы мен салық төлеушілер мүдделері үйлесетіндей тікелей қолданыстағы заң сипатына ие болуы керек.

Бірақ, ең бастысы, ол экономиканың шикізаттық емес секторы, әсіресе, шағын және орта бизнес үшін жалпы салықтық ауыртпалықтардың төмендетілуін қарастыруы керек. Бюджеттің күтілетін шығындарының орны өндіруші сектордың экономикалық қайтарымын арттыру есебінен өтелуі тиіс.

Үшінші. Экономикамыздың тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудегі айрықша миссияны менің тапсырмам бойынша жаңадан құрылған Бәсекелестікті қорғау агенттігі атқаратын болады.

Агенттіктің өкілеттіктерін кеңейту бағаға қатысты «ауыз жаласуға», теріс пиғылды бәсекелестікке, рынок субъектілерінің өздерінің

үстемдікті және монополиялық жағдайларын бұра пайдаланушылығына қарсы күресті қамтамасыз етіп, қазақстандық бизнестің әлемдегі тұғырын нығайтуға тиіс.

Елдегі кәсіпкерлік белсенділіктің өсуіне елеулі серпін беретіндей бәсекелестік туралы жаңа заң қажет.

Төртінші. Инфляциямен күресті күшейту қажет. Инфляцияның жаһандық экономикалық үдерістер тарапынан болатын қысымның күшейе түсуінен де ұлғайып отырғанын ескеріп, Үкімет тарапынан ойластырылған және сол әрекеттерге сәйкес іс-шаралар қабылдануы қажет.

Ұлттық банк инфляцияға қарсы күресте айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізеді деп сенемін.

Жаһандық экономикалық тұрақсыздық жағдайында мемлекет ахуалды белсенді түрде басқара білуге тиіс. Ол үшін қажетті ресурстардың бәрі де бар.

Сондықтан әлемдік экономиканың болжамды баяулауы және бірқатар экспорттық тауарлар бағасының төмендеуі мүмкін болған жағдайда Үкімет пен Ұлттық банкте тұрақтандырушылық іс-қимылдардың жедел жоспары болуға тиіс.

Бірінші кезекте, Үкімет уақытша, қаржы секторындағы проблемалар еңсерілгенге дейін, әлеуметтік саладан өзге, барлық бағыттар мен бағдарламалар бойынша мемлекеттік шығындарды қысқартуы керек.

Жоғарыда аталған жоспарлардың бәрі осы талапқа бағынуға тиіс.

Күте тұра алады дегендердің бәрі тоқтатыла тұруы қажет. Бұл барлық өңірлерге де қатысты. Мұндай үнем инфляцияға түсетін қысымның төмендеуіне жағдай жасап, сонымен бірге, энергия көздері мен шикізаттың бағасы төмендеген жағдайда елдің резервтерін ұлғайтады.

Құрметті мәжіліске қатысушылар!

Демократиялық дамудың жалпыға бірдей танылған заңдылықтары мен біздің қоғамымыздың дәстүрлерін үйлестіре отырып, біз одан әрі де саяси және мемлекеттік құрылыстың қазақстандық моделін жетілдіру жолымен жүре беретін боламыз.

Бірінші. Тәуелсіздіктің 16 жылы ішінде біз қоғамдық тұрақтылықты, ұлтаралық келісімді қамтамасыз етуде, қазақстандық бірдейлік пен жалпықазақстандық патриотизмді қалыптастыруда өз моделімізді жүзеге асырдық.

Бұл – біз мақтануға құқылы және бәріміз ұқыптылықпен сақтауға міндетті қазақстандық «ноу-хау».

Конституциялық реформа аясында Қазақстан халқы Ассамблеясының мәртебесі мен өкілеттігі өсті.

Біздің көп ұлтты еліміздің барлық халқының мүдделерін білдіре отырып, Ассамблеядан

сайланған депутаттар Қазақстандағы этносаралық татулық пен келісімді нығайту үдерісінде айрықша рөл атқаруға тиіс.

Қазіргі уақытта қазақстандық осынау бірегей институттың рөлін жан-жақты нығайту қажет. Ассамблеядан сайланған депутаттар осы жауапкершілікті сезініп, Ассамблеямен және оның жергілікті жерлердегі ұйымдарымен тығыз байланыс орнатуы керек.

Мемлекетті, оның қауіпсіздігін одан әрі нығайтып, экономиканың тұрақты дамуы мен азаматтарымыздың әл-ауқатының артуын қамтамасыз ету үшін Қазақстанға ұзақ мерзімді тұрақтылық, бейбітшілік пен келісім керек дегенді мен әрқашанда айтып келдім және барлық жауапкершілікпен тағы да атап көрсетемін.

Екінші. Қазақстанда қазіргі заманғы саяси жүйені дамыту міндеті тұр.

Бұл үдерісте саяси партиялар, үкіметтік емес ұйымдар және басқа да қоғамдық институттар басты рөл атқаруы тиіс.

Партиялық тетіктерді нығайту қазіргі заманғы азаматтық қоғамның қалыптасуына, халықты қоғамдық үдерістерге кеңінен тартуға жағдай жасайтын болады.

Қазіргі кезеңде «Нұр Отан» партиясы басымдық танытатын моделі Қазақстанның саяси жүйесіндегі оңтайлы пішін ретінде қарастырыла алады.

Бұл алдағы уақытта басқа да саяси партиялардың сайлауға қатысып, Парламенттен өз орнын алуына және барлық үдерістерге қатысуына мүмкіндік береді. Бүгінгі күні ешкім де жаңа партиялардың құрылуына және өзіндік ой-пікірлері мен көзқарастарын айтуына тосқауыл бола алмайды.

Үшінші. Демократиялық қоғам жағдайында қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ерекше мәнге ие болады.

Өткен жылдар ішінде елдің құқық қорғау және сот жүйелерінің қылмысқа қарсы тұратын, азаматтарымыздың өмірі мен құқықтарын қорғайтын әлеуеті едәуір нығайды.

Дегенмен олардың қызметінде елеулі кемшіліктер бар.

Бұл жөнінде барлық құқық қорғау органдарының қатысуымен Бас прокуратураның жақында өткен алқа отырысында айтылды.

Құқық қорғау және сот жүйесі қазақстандықтардың құқықтарының әділ де тиімді қорғалуын, бизнеске заңсыз араласуды болдырмауды қамтамасыз етуге тиіс.

Бұл саладағы басым бағыт – жазалаушы іс-әрекет емес, құқық бұзушылықтарды абайлату мен олардың алдын алу болуға тиіс. Сондықтан биылғы жылы «Құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы» заң жобасын әзірлеп, Парламентке енгізу қажет.

Президент Әкімшілігіне аталған барлық шаралардың іске асырылуын қамтамасыз етуді, әкімшілік реформаны құқық қорғау органдарында, сондай-ақ ел Президентіне есепті барлық ұйымдарда жүргізуді тапсырамын.

Төртінші. Үкімет әкімшілік реформада көзделген Қазақстанның мемлекеттік басқару жүйесін, үздік халықаралық тәжірибені ескере отырып, нәтижелілік, ашықтық және қоғам алдындағы есептілік негізінде дамыту жөніндегі шараларды жедел қарқынмен іске асыруға тиіс.

Мұндай жаңа қағидаттар 2008 жылы әуелі сынақтан өтетін мемлекеттік органдарда – Әділет, Экономика және бюджеттік жоспарлау, Қаржы министрліктерінде және Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігінде екшелуге тиіс.

Әкімшілік реформаның басты мақсаты басқарушы аппарат жұмысының тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру болуға тиіс. Яғни, тиісінше халыққа шенеуніктер қызмет етуі шарт.

Әкімшілік реформаның негізгі элементтерінің бірі елдегі жаңа кадр саясаты болуға тиіс. Дамудың қазіргі кезеңінде адам факторы айқындаушы фактор болып табылады.

Мемлекеттік басқару жүйесінде жаңа тұрпатты басқарушылардың кәсіби ұйытқысын қалыптастыруға бағытталған қазіргі заманғы қағидаттарды әзірлеу қажет.

Бұл үдерісте «Нұр Отан» партиясына үлкен орын тиесілі болмақ. Партия мемлекеттік басқару жүйесі үшін кадрлар жасақтауға белсенді қатысып, лайықты азаматтар үшін «әлеуметтік көтергіш» рөлін атқаруы керек.

Бұл орайда жас ұрпаққа, «Болашақ» бағдарламасының түлектеріне де маңызды рөл берілуге тиіс. Жас кәсіби мамандар ел өмірінде болып жатқан үдеріс-терде өз орнын тауып, болашақты орнатуға белсенді қатысуы керек. Сондықтан да резервпен жұмыс істеу де жаңа деңгейдегі жұмысты талап етеді.

Президент Әкімшілігі кадр жұмысына басшылық жасауға тиіс.

Бесінші. Келесі жылдан бастап еліміздің тарихында тұңғыш рет мемлекеттік бюджеттік жоспарлаудың жаңа жүйесінің негізі 3 жылдық бюджет болады. Бұл үшін Үкімет ағымдағы жылдың өзінде жаңа Бюджет кодексін әзірлеуі қажет.

Сондай-ақ жоспарлау жүйесін жаңарту мен жетілдіру, бюджет қаражатын пайдалану мен мемлекеттік активтерді басқарудың тиімділігін арттыру жөніндегі жұмысты шұғыл түрде жеделдету керек.

Алтыншы. Үкімет нысаналы аудит, керек десеңіз, негізгі мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық бағдарламалар бойынша бөлінген мемлекеттік қаражатқа «өте мұқият аудит» жүргізуі керек.

Бұл аудиттің мақсаты – қол жеткен нәтижелерді бағалау, мемлекеттік қаражатты басқару мен жұмсаудың тиімділігін күрт арттыру.

Жетінші. Үкімет шағын және орта бизнестің бәсекеге қабілеттілігін ынталандыру жөніндегі дәйекті жұмысты жалғастыруға тиіс.

Шағын несие ұйымдарының жұмысын, соның ішінде мемлекет қаражаты есебінен де қолдау керек. Олар біздің жүз мыңдаған азаматтарымыздың өз ісін ашуына қолдау көрсетуде. Шағын несие берудің қолжетімділігін арттыру және көптеген қазақстандықтар үшін жаңа жұмыс орындарын ашу жөніндегі шараларды ойластыру қажет.

Дамыған кәсіпкерлік сектор – кез келген ел экономикасының негізі.

Осыған байланысты әкімшілік реформа аясында Үкіметке бизнеске түсетін әкімшілік салмақты батыл азайтуды, рұқсат беру жүйесін, ең алдымен лицензиялауды, сертификаттауды, аккредиттеуді одан әрі оңайлатуды тапсырамын.

Бір мысал келтірейін. Дүниежүзілік банктің «Бизнесті жүргізу» туралы соңғы есебі бойынша барлық экспорттық рәсімдерден өту үшін Қазақстанға 89 күн, мәселен, Эстонияға бұл үшін небәрі бес күн керек екен.

Кәсіпкер үшін нағыз кесапат – 50-ден астам заңда көзделген түрлі-түрлі тексерулер болып отыр.

Кейбір ведомстволар заңнаманы бұза отырып, түрлі сылтаулармен кәсіпорынды бірнеше рет «тексеруге» мүмкіндіктер іздейді. Бұл бизнесті өз ісінен едәуір алаңдатады. Бұл мен жүргізіп отырған саясатқа қайшы келеді.

Құқық қорғау және басқа да тексеруші органдардың тексерулерінің санын едәуір қысқартып, ретке келтіру керек.

Қымбатты қазақстандықтар!

Қазақстандықтардың, Қазақстан қоғамының барлық жіктері мен әлеуметтік топтарының әлеуметтік көңіл-күйін ұдайы жақсартта түсу мемлекет саясатының алдыңғы сапында болып келді және осылай болып қала береді.

Өмір сапасының стандарттары адам капиталын дамытудың және Қазақстанды әлеуметтік жаңартудың тиімді нарықтық құралына айналуға тиіс, бұл ретте масылдық пиғылды орнықтыруға жол беруге болмайды.

Мемлекеттің әлеуметтік саясаты жұмыс орындарын ашуға және еңбекке қабілетті халықты ел экономикасына тартуға бағдарланған жағдайда ғана тиімді бола алады. Бұл қағиданы біз бұрын да ұстанып келдік, болашақта да одан ауытқымаймыз.

«Нұр Отан» партиясының 5 жылға арналған сайлауалды тұғырнамасына сәйкес халықтың әлеуметтік қорғалмаған жіктерінің тұрмыс дең-

гейін алдағы уақытта да арттыра беру үшін бізде барлық негіз бар.

Жаңа 3 жылдық бюджет:

– тұтас алғанда 2007 жылға қарағанда зейнет-ақылардың орташа мөлшерін 2012 жылға қарай 2,5 есе, оның ішінде 2009 жылы – 25 %-ға, 2010 жылы – 25 %-ға және 2011 жылы 30 %-ға арттыруды қамтамасыз етуге тиіс. Бұл ретте 2011 жылы арқаулық зейнетақылық төлемдер мөлшері ең төменгі күнкөріс мөлшеріне қарай 50 %-ға дейін өсірілуге тиіс;

– мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың және арнаулы мемлекеттік жәрдемақылардың мөлшерін 2009 жылдан бастап жыл сайын орта есеппен 9 % арттыруды;

– сәби бір жасқа толғанға дейін күтіп-бағуға берілетін ай сайынғы жәрдемақыны 2010–2011 жылдары кезең-кезеңмен өсіруді, орта есеппен алғанда 2007 жылғы жәрдемақының мөлшерінен 2,5 есеге арттыруды;

– 2010 жылдан бастап төрт және одан да көп бала туғанға берілетін бір жолғы жәрдемақылардың мөлшерін 2007 жылға қарағанда 4 еседен асыра өсіруді;

– бюджет саласы қызметкерлерінің жалақысын кезең-кезеңмен өсіру арқылы 2012 жылы 2 еселік деңгейге, оның ішінде 2009 жылы – 25 %, 2010 жылы – 25 %, 2011 жылы 30 % арттыру қамтамасыз етілуі тиіс.

– тарихи атажұртына көшіп келу үшін оралмандарға бөлінетін жыл сайынғы квотаны 2009 жылы 5 мың отбасына дейін ұлғайтып, жылына 20 мың отбасына жеткізуіміз керек.

Әлеуметтік игілікті қамтамасыз ету өмір сүру сапасын арттырумен, сондай-ақ еліміздің адам ресурстарын ұлғайтумен қатар жүргізілуге тиіс. Еліміздің ғылыми, білім беру және денсаулық сақтау кешендерінің басты мұраты осы.

* * *

Білім беру саласының басты міндеті – 2010 жылға дейінгі білім беруді дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны орындай отырып, осы саланың сапалы қызмет көрсету аясын кеңейту.

Бірінші. Білім және ғылым министрлігі және облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері 3 жылдың ішінде заманға сай білім алуға және озық технологияларды игеруге мүмкіндік беретін білім берудің тиімді инфрақұрылымын жасауды аяқтайтын болсын. Биылғы жылы біз 68 мың оқушыға арналған 88 мектептің құрылысын, ал 2009–2010 жылдары 69 мың оқу орнына арналған тағы да 102 мектептің құрылысын бастай аламыз.

Екінші. Үкіметке, мемлекеттік холдингтерге облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен бірлесе отырып кәсіптік-техникалық білім беруді одан әрі дамыту бағдарлама-

сын әзірлеп, іске асыруды тапсырамын. Бұған, ең алдымен, жұмыс берушілер мен олардың қауымдастықтары, яғни бірінші кезекте осындай кадрларға зәрулік танытқан бизнес өкілдері белсенді түрде тартылуы қажет.

Үшінші. Үкімет «Тілдердің үш тұғырлылығы» мәдени жобасын іске асыруды жеделдетуі тиіс. Бүкіл қоғамымызды топтастырып отырған мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқыту сапасын арттыру қажеттігіне ерекше назар аударғым келеді.

Халықаралық тәжірибелерге сүйене отырып қазақ тілін оқытудың қазіргі заманғы озық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеп, енгізу қажет. Мемлекеттік тілді тиімді меңгерудің ең үздік, инновациялық әдістемелік, тәжірибелік оқу құралдарын, аудио-, бейнематериалдарды әзірлеу керек.

Қазір қазақ тіліндегі оқулықтар шығаруға арналған тендерді үнемі жеңіп алатын бір-екі баспа ғана бар. Сонда оқулықтардың сапасын жақсарту үшін қандай бәсекелестік болмақ? Қазақ тіліндегі оқулықтардың сапасы сын көтермейді. Олар адамдарды қазақ тілін үйренуге емес, қазақ тілінен басын ала қашуға итермелейді. Осы салаға жауапты тиісті органдар нақты шешім қабылдауы тиіс.

Төртінші. Әзірге халықты мектепке дейінгі балалар мекемелерімен қамтамасыз етуде «бет-бұрыс» жасала қойған жоқ. Үкімет пен әкімдер

барлық жерде бұл проблеманы терең зерделеп, осы негізде бұл мәселенің шешімін әзірлеуі тиіс.

Кішкентай бүлдіршіндердің дамуына ықпал ететін үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы ретіндегі мектепке дейінгі білім беруге баса назар аударған жөн. Бұл сатыны балалардың қабілеттерін жетілдіруге арналған тиімді бағдарламалармен қамтамасыз ету қажет.

Әрі балалардың білім алуға, еңбекке және қоршаған ортаға бейімі, қарым-қатынасы нақ осы кезеңде қаланатынын естен шығармауымыз керек.

* * *

Бүгінгі күні біздің денсаулық сақтау жүйеміз осы заманғы Қазақстан азаматтарының талаптарына қазірше сай емес. Бұл – денсаулық сақтау саласының басты мәселесі. Қазіргі кезде қолымыздағы инфрақұрылым да, медициналық қызметтің сапасы да әрі қызмет көрсетуді ұйымдастыру деңгейі де көңілден шықпайды.

Бірінші. Үкімет денсаулық сақтау нысандарын қалпына келтіру мен дамыту жөніндегі жұмысты жандандыруы қажет.

Биыл біз республикалық маңызы бар тоғыз денсаулық сақтау нысанының, жергілікті маңызы бар 112 нысанның құрылысын қолға алдық.

Екінші. Ауруды емдеуден гөрі оның алдын алудың арзанға түсетінін есепке ала отырып, басымдықты аурудың алдын алуға, яғни ең озық

әдістерді енгізу арқылы алдын ала диагностика жүргізу, ауруды анықтау мен емдеу сияқты қолданыстағы бағдарламаларды қайта саралауға бағыттаған жөн.

Денсаулық сақтау саласындағы қаржы көзін тиімді пайдалану үшін тиісті талдау жүргізіп, медициналық қызметтің нақты құнын бағалау керек.

Үшінші. Денсаулық сақтау министрлігіне Білім және ғылым министрлігімен бірлесе отырып медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру мен қайта даярлау бағдарламасын әзірлеуді тапсырамын.

Сондай-ақ медициналық жоғары оқу орындарында гранттар мен «Болашақ» бағдарламасы бойынша медициналық мамандықтарға квота санын көбейту қажет.

Төртінші. Халықты дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге ерекше назар аударылуы тиіс. Елге әкелінетін медициналық препараттардың сапасына қатаң бақылау орнатып, белсенді түрде отандық фармацевтикалық фабрикаларды құруға қажетті инвестиция тарту қажет.

Бесінші. «Саламатты ұлтты» қалыптастыру үшін тиісті инфрақұрылымдарды дамытудың маңызы өте жоғары. Сондықтан балалық шақтан бастап дене шынықтыру мен спорттық даярлыққа және оған ең қолайлы мүмкіндіктер туғызуға ерекше ден қойылуы керек.

Әкімдер жаңа стадиондар мен спорт кешендерін, балаларға арналған және басқа спорт алаңдарын салу мен ескілерін жаңарту арқылы әр жастағы адамдардың спортпен шұғылдануына, өздерін сергек ұстауына, сөйтіп, өмір жастарын ұзартуына жағдай жасауы қажет.

Министрліктер мен әкімдіктер саламатты өмір салтын кеңінен насихаттау жұмысын жаңандыруы қажет. Бұл мемлекеттік маңызды мәселе, сондықтан Үкімет оған барынша ауқымды дәрежеде көңіл бөлуге тиіс.

Демографиялық ахуалды түбегейлі жақсарту жөніндегі кешенді шараларды белгілеу қажет. Бұл мәселеге таяу уақыттағы Ұлттық кеңестің мәжілісін арнау керек.

Саламатты ұлт – жалпыұлттық міндет. Оны жүзеге асыру мәселесіне отандық бизнес-қауымдастық белсенді қатысуға тиіс.

Осы ретте бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін арттыру жөніндегі менің үндеуіме барлық бизнес қауымдастығының қызу үн қосқанын қанағатпен атап өткім келеді.

«Қазақмыс» корпорациясы, Еуразиялық өнеркәсіптік қауымдастық, «Қазмырыш», «Теңізшевройл», «Аджип», «ҚазМұнайГаз», «Қазатомөнеркәсіп», «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниялары сияқты құрылымдар тек өткен жылы ғана әлеуметтік салаға арналған нысандарды:

мектептер, медициналық және мектеп жасына дейінгі мекемелерді, сауықтыру кешендерін, мүгедектерге арналған оңалту орталықтарын, мәдениет және спорт мекемелерін дамытуға 30 млрд теңгеден астам қаржы бағыттады.

Бұл – корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің жарқын үлгісі. Мұндай тәжірибе барынша кең таратылуға тиіс. Ал бұқаралық ақпарат құралдары оған барынша қолдау көрсетуі керек.

* * *

Біздің азаматтарымыз үшін, әсіресе, жас отбасылар үшін тұрғын үйдің қолжетімділігі мен сапалылығы – мемлекеттің барынша өмірлік маңызы бар басымдықтарының бірі болып келді және алдағы уақытта да солай болып қала бермек.

Мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасына мына бағыттар бойынша өзгерістер енгізу қажеттігі пісіп-жетілді.

Бірінші. Мемлекеттік қызметкерлерге және бюджеттік саланың еңбеккерлеріне тұрғын үй құрылысының жинақ жүйелері арқылы жылдық мөлшері 4 %-дан аспайтын алдын ала тұрғын үй қарыздарын беруді жүзеге асыру керек.

Екінші. Жалға берілетін тұрғын үй құрылысына, оның ішінде мемлекеттік қызметкерлер мен бюджеттік сала еңбеккерлері үшін салынатын үйлерге баса көңіл бөлген жөн. Өзінің жеке меншік тұрғын үйін салғысы келетін азаматтар үшін

мемлекет жеке меншік құрылысына арналған инфрақұрылымдар қалыптастырады.

Бағдарлама аясында бұл үдеріске ӘКК-лер белсенді қатысуы керек.

Үшінші. Құрылыс компанияларының қызметінде ашықтықты және саладағы бәсекелестікті арттыру дәрежесін заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету керек. Тұрғын үй құрылысы үлескерлерінің құқықтарын қорғауды арттыру қажет.

Жеке меншік тұрғын үй құрылысын дамытуды ынталандыру мақсатында жер телімдерін беру және тіркеу ережелерін мейлінше жеңілдеткен дұрыс.

Төртінші. Жеке меншік тұрғын үй құрылысында индустриялық, арзан және экологиялық таза технологияларды игеру басымдыққа ие болуға тиіс. Шет мемлекеттердің озық тәжірибелерін кеңінен қолдану керек.

Бесінші. Биылғы жылы өзінің 10 жылдығын атап өткелі отырған біздің елордамыз Астананы одан әрі дамыту маңызды міндет болып саналады.

Елордадағы энергия көздерінің, инженерлік инфрақұрылымдардың және бүгінгі озық көлік жүйесінің құрылысын одан әрі жалғастыру қажет. Қаланы энергия қуатымен қамтамасыз етудің сенімділігін арттыру үшін мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде ЖЭО-3 құрылысымен қоса, энергетикалық кешенді дамыту бағдарламасын жүзеге асыру керек.

Үкімет елорданың тұтыну рыногындағы бағаны тұрақтандыру және оны барынша толықтыру мақсатында Астана қаласының азық-түлік белдеуін жасау жөніндегі жұмысты жандандыруы керек.

Үкімет және Астана қаласының әкімдігі 2008 жылы медициналық кластер құру жөніндегі жұмысты негізінен аяқтауды және елорданың 10 жылдығы қарсаңында тапсырылуға тиіс құрылыс нысандарын пайдалануға беруді қамтамасыз етуі қажет.

* * *

Тұрғындардың әл-ауқатын жақсарту барлық дәрежедегі әкімдердің әуелгі міндеті болып қалуға тиіс. Сондықтан мына бағыттарда мақсатты түрде жұмыс жүргізу керек.

Бірінші. Бюджеттің нәтижелілігін арттыру. Тұрғындардың әлеуметтік әл-ауқатын арттыруға қатысы жоқ барлық шығындарды қысқарту қажет.

Орталықта нәтижелілікке бағытталған бюджетті өмірге енгізу жөніндегі жұмыс қазірдің өзінде жүзеге асырылып жатыр. Бұл жұмысты жергілікті деңгейде де дамыту қажет. Тұрғындар өңірлік биліктің нақты қамқорлығын сезінуге тиіс.

Жаңа әлеуметтік нысандар: медициналық мекемелер, мектептер, спорт ғимараттары тұрғындарға сапалы, озық және ең бастысы, бұқаралық қызмет көрсету орталығына айналуға тиіс.

Екінші. Әкімдер инфрақұрылымдарды, әсіресе, жергілікті маңызы бар жолдарды барынша дамытуды қамтамасыз етуі керек.

Үшінші. Жер телімдерін жасырын бөлу тәсілінің тәжірибесін тоқтату керек. Барлық жер телімдері ашық аукциондар арқылы бөлінуге тиіс. Бұл ретте тек ӘКК қызметтеріне арналған жер телімдеріне ғана артықшылық беріледі.

Үкімет жүргізген тексерістер Астананың және облыс орталықтарының маңайындағы жер телімдері алдын ала жасанды фирмалар мен жеке тұлғалардың есебіне сатылып кеткендігін анықтады. Енді, міне, кейбір адамдар, олардың ішінде көпшілігі шенеуніктер, бұл жерлерді нарықтық бағамен сатып, ешқандай шығын шығармай-ақ мемлекеттің есебінен баюда.

Оларға бұл жерлерді мемлекетке өз еріктерімен қайтару жөнінде ұсыныс жасау қажет немесе құқық қорғау органдары бұл іс-әрекеттердің заңдылығын және ондай адамдардың жауапкершілігін анықтауға міндетті.

Егер «Нұр Отан» партиясы және оның Парламенттегі фракциясы бұл мәселені өз бақылауына алса, нұр үстіне нұр болар еді.

Тұтастай алғанда, «Нұр Отанның» бастауыш ұйымдары және филиалдары, жергілікті мәслихаттардың депутаттары аймақтарды дамытудың және экономиканы жаңғыртудың сындарлы фак-

торына айналуы қажет. Олар жоғарыда айтылған кешенді шараларды жүзеге асыруға белсенді түрде қатысып, атап көрсетілген міндеттерді айрықша бақылауға алулары керек.

**Құрметті Парламент депутаттары!
Ханымдар мен мырзалар!**

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан әлемдік қоғамдастықтың толыққанды мүшесі болды, оның бастамалары іс жүзінде әрқашан кең қолдау тапты және нақты жүзеге асырылып отырды.

АӨСШК, ШЫҰ, ҰҚШҰ сияқты аймақтық қауіпсіздіктің тиімді жүйесін қалыптастырудың негізі болған, Қазақстанның бастамасымен немесе тікелей қатысуымен құрылған мемлекетаралық бірлестіктер өздерінің қажеттігін дәлелдеді.

Біз Ресеймен, Қытаймен және Орталық Азия мемлекеттерімен өзіміздің экономикалық және саяси ынтымақтастығымызды одан әрі нығайта беруге тиіспіз. Өңірдегі тұрақтылық, ашық пікір алысу және өзара іс-қимыл таныту үшін берік негіз қалауымыз қажет.

Орталық Азия өңіріндегі қауіпсіздікті нығайту мақсатында біз, сонымен қатар, АҚШ-пен, Еуропалық Одақпен және НАТО-мен сындарлы өзара іс-қимылды кеңейте береміз.

Бүгін де біздің еліміз халықаралық дәрежеде танылудың жаңа сапалық деңгейіне көтерілді. Қазақстанның 2010 жылы Еуропадағы қауіпсіздік

және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуі туралы шешім оның сенімді дәлелі болды. Біз осы ұйымның мүшелеріне, әсіресе, біздің кандидатурамызды ұжымдық негізде ұсынған ТМД мемлекеттерінің басшыларына алғыс сезімімізді білдіреміз.

Осыған байланысты «Еуропаға жол» атты арнайы бағдарлама әзірлеу қажет. Ол экономикалық ынтымақтастықты дамытуға, басқарудың тәжірибесі мен технологиясын тартуға, заңдарымызды жетілдіруге, ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуіміздің стратегиялық пайымын және өзіміздің күн тәртібімізді белгілеуге ықпал етуге тиіс.

Тұтастай алғанда, біздің сыртқы саясаттағы және қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы басымдықтарымыз өзгеріссіз қала береді.

Бірінші. Біздің сыртқы саясатымыз негізгі мүдделер ортақтығын іздестіруге, барлық, тіпті ең бір өткір мәселелердің өзінде де ымыраға қол жеткізу қажеттігін түсінуге құрылған.

Екінші. Қазақстан алдағы уақытта да халықаралық терроризм мен діни экстремизмге қарсы күрес жөніндегі халықаралық коалицияның белсенді мүшесі ретіндегі ұстанымын жан-жақты нығайта беруге ниетті.

Үшінші. Біз Қазақстан армиясын жаңғыртуды және оның жауынгерлік дайындығын жетілдіруді жалғастырамыз.

Өткен жылдар ішінде еліміздің Қарулы Күштері өзінің әскери және техникалық сапасын елеулі түрде арттырды.

Қауіпсіздіктің бүгінгі заманғы қатерлеріне тойтарыс беруге қабілетті Қарулы Күштердің кәсіби, әскери және басқару корпусын құру қажет.

Тұтастай алғанда, еліміздің Қарулы Күштерінің алдында жаңа Әскери доктринаға сәйкес өзінің жауынгерлік дайындығын және бәсекеге қабілеттілігін одан әрі арттыру міндеті тұр. Үкімет пен мемлекет, бүтіндей алғанда, біздің Қарулы Күштерімізге барынша қолдау көрсетуге тиіс.

* * *

Алдағы жылдары жаһандық маңызы бар бірқатар халықаралық іс-шаралар өткізу қажеттігін ерекше атап көрсеткім келеді.

Әңгіме 2009 жылы өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының үшінші съезі, 2010 жылы өтетін Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі, 2009 жылдан басталатын ЕҚЫҰ-ның басқарушы үштігінің жұмысы және 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету мәселелері туралы болып отыр.

Қазірдің өзінде осы мәселелерге байланысты ұйымдастырушылық жағынан да, сол сияқты мазмұны тұрғысынан да байсалды әзірлік жұмыстарын жүргізу қажет. Бұл Үкімет пен Сыртқы істер

министрлігінің ғана емес, барша мемлекеттік басқару органдарының міндеті.

**Қымбатты отандастар!
Құрметті депутаттар мен Үкімет мүшелері!**

Байқасаңыздар, алдымызға қойылып отырған міндеттер жылдан-жылға артып келеді. Сондықтан еліміздің тәуелсіздігін нығайту жолында халықтың және сіздер мен біздердің істеп жатқан шаруамыздың барлығы мемлекетіміздің нығаюы, тәуелсіздіктің мықтылығы, халықтың әл-ауқатының артуы үшін жасалуда. Осы жолда бәріміз елдің бізге деген сенімін ақтап, мақсаттарға жетеміз деп мен нық сенемін.

Олимпиада алауының Жер шарын
айналу халықаралық эстафетасын
қарсы алу ресми рәсімінде

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
2008 жылғы 2 сәуір

**Құрметті қазақстандықтар мен шетелдік
қонақтар!**

Осынау шуақты күнде мен сіздерге Қазақстан-ның барша халқының атынан қуанышты сәлем жолдаймын және Олимпиада алауының тарихта бірінші болып ежелгі қазақ жерінің төріне, біздің сүйікті қаламыз Алматыға келуімен құттықтаймын!

Олимпиада алауының халықтарға бейбітшілік пен адамдық қадір-қасиеттің асқақ сезімін сыйлайтын ұлы гуманистік дәстүріне біз «Қош келдіңіз!» дейміз.

Бүкіл планета үшін спорт – адамдарды біріктіріп, халықтар, мәдениеттер мен өркениеттер арасында өзара түсіністік көпірлерін салатын бейбітшілік елшісі.

Бүгін осында, Еуразия жүрегінде, қазақтармен бірге құрлықтың көптеген халықтарының үрім-бұтақтары өмір сүріп жатқан мекенде Олимпиада алауы жаңаша жарқырай жанатынына сенімдімін.

Дәл қазір бүкіл әлемнің көз алдында Қазақстанның көп ұлтты халқы әлемнің олимпиялық алауына ақ жол тілейді.

Біз осынау алау биыл Қытайда, біздің ұлы көршіміз бен досымыздың жерінде өтетін XXIX Олимпиялық ойындардың шамшырақ жұлдызына айналатынына қуаныштымыз.

Бейжіңнен кейін Олимпиада алауының бірінші тоқтаған жері Алматы болғаны Қытайдың Қазақстанға, ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаоның менің жеке өзіме жылы ілтипатын танытады. Біз Қазақстанға мұндай достық сезімдері үшін алғыс айтамыз.

Бейжіңнің олимпиялық миссиясы спорттың XXI ғасырдағы жаһандық дамуының жаңа жолын ашатынына сенімдімін.

Бейжің ойындарындағы олимпиялық жеңістер мен рекордтар теңдік пен планеталық бірліктің символына, адам рухының асқақ көрінісіне, халықтар, елдер, құрлықтар достығының гимніне айналсын деп тілейік!

Құрметті достар!

Қазақстанда спорт, әсіресе бұқаралық спорт мемлекеттік саясаттың аса маңызды бағыты болып табылады. Біз республиканың әрбір тұрғыны, әлеуметтік жағдайы мен жасына қарамастан, спортпен шұғылдануға мүмкіндік алу үшін көп шаруа жасап жатырмыз.

Біздің еліміз Олимпия ойындарының, әлем біріншіліктерінің және Азия ойындарының 117 чемпионын тәрбиелеп шығарды. Олардың табыстары мемлекетіміздің абыройын арттыруда.

Қазақстанның спортты дамытудағы еңбегін танудың белгісі ретінде оңтүстік астанамыз – Алматы қаласы – 2011 жылғы VII қысқы Азия ойындарын өткізу құқын жеңіп алды. Біз ол ойындарды ең жоғары деңгейде өткіземіз. Болашақта біз осы Алматыда Қысқы Олимпиялық ойындарын өткізу құқын да жеңіп аламыз деп үміттенемін.

Қолыма олимпиялық алауын ұстардың алдында мен бүкіл қазақстандықтармен бірге Қазақстан олимпиялық мұраттарға адал деп тағы да айтқым келеді.

Қазақстан Бейжің Олимпиадасының планетаның 5 құрлығындағы 22 қаланы қамтып, Жер шарын айналып өтетін эстафетасын бастап отырғанын мақтаныш етеді.

15,5 млн қазақстандықтар жүрегінің ыстық лебі Олимпиада алауының қуаты мен жалынын лаулатып тұратын болады.

Олимпиялық Бейжіңде кездескенше!

VII Еуразия медиа-форумында СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
2008 жылғы 24 сәуір

**Құрметті форумның қатысушылары мен
қонақтары!
Ханымдар мен мырзалар!**

Біз жаһандық жауапкершілік және өркениеттер арасында үнқатысудың қажеттігі туралы айтқан соңғы кездесуімізден бері тура бір жыл өтті. Содан бері әлем қауіпсіз бола түсті ме? Өзекті проблемалардың шешімдері табылды ма? Қазіргі сынақтардан туындайтын қауіпті азайта алдық па?

Өкінішке орай, олай емес. Орын алған қақтығыстардың бәрі жалғасып жатыр, ал қатерлер азайған жоқ. Тіпті жаңалары пайда болды.

Әлем тағы да сепаратизм проблемасымен бет-бет келді, ол бұл жолы халықаралық құқық жүйесінің нағыз дағдарысын туғызды. Косово мен Тибеттегі оқиғалар бірден жаһандық геосаяси күресте пайдаланылатын құралдар қатарына қосылды.

Өткен жылы көптеген елдердің кредит-қаржы жүйелеріне қатер төндірген әлемдік қаржы дағдарысы ең үлкен сынаққа айналды. Мұндай жағдайда нәрлендіруші мемлекеттер кедей елдерге көрсетілетін экономикалық көмектің мөлшерін азайта бастады.

Сондықтан да әлем бүгінде ауқымды гуманитарлық апаттарды – аштықты, індеттерді және азаматтық қақтығыстарды күтіп отыр. БҰҰ мәліметтері бойынша, соңғы үш жылда тағам өнімдеріне деген әлемдік бағалар 83 %-ға көтерілген, ал өнімдер резервінің мөлшері соңғы отыз жылдағы ең төмен деңгейге дейін құлап түскен.

Халықаралық талдамашылардың пікірі бойынша, әр тұрғынға келетін өнімдерді тұтынудың артуы, биоэтанол өндірісінің өсуі (2010 жылға қарай жүгері астығының үштен бірі АҚШ-та осыған жұмсалатын болады), сондай-ақ климаттың өзгеруі азық-түлік қауіпсіздігі қайтадан өзекті проблемаға айналуына әкеліп соқты. Планетада азық-түлік бүліктерінің толқыны болып өтті. Және мұның өзі ХХІ ғасырда болып отыр!

Тауарлардың барлық түрлерінің, соның ішінде азық-түліктің құны өсуіне ықпал ете отырып, энергия тасымалдаушылардың әлемдік бағасы тоқтаусыз өсіп барады. Әлемдік экономика көп кешікпей мұнай мен газдың өсе түскен бағасының салдарынан өз тұрақтылығының шегіне жететін сияқты. Халықаралық энергетика агенттігінің пікірі бойынша, таяудағы 10 жыл бойы энергетикаға салынатын инвестициялар сұраныстың даму қарқынынан артта қалып қоюы бұдан да өткен тәуекел болып табылады. Бұл энергия ресурстарының тапшылығы осыдан туындайтын барлық салдармен бірге сақталады дегенді білдіреді.

Өткен жылдың оқиғалары бізді тұнжыраңқы тұжырымдар жасауға мәжбүр етеді.

Біріншіден, әлемдік экономикадағы ахуалдың нашарлауы және азық-түлік дағдарысы халықаралық қоғамдастықтың гуманитарлық қатерлерге қарсы күресіне бағытталған бұрынғы барлық күш-жігерін жоққа шығарды. Негізгі гуманитарлық көрсеткіштер бойынша әлем 10 жылға артқа шегінді, ал БҰҰ-ның мыңжылдықтар мақсатына қол жеткізуі қиындыққа айналды.

Бүгінде аштық проблемасы жаңа кейіпте көрінуде. Егер бұрын ол құрғақшылықтың немесе басқа табиғи жойқын апаттардың салдары болса, ендігі себеп – тамақтың қымбатшылығы. Әлемнің әртүрлі өңірлеріндегі 40 дерлік ел азық-түліктің жетіспеушілігін бастан кешіп, көмек көрсетуге зәру болып отыр.

Әлемде бұрынғысынша судың жетіспеушілігінен 1 млрд-тан астам адам зардап шегуде, ал 2025 жылға қарай бұл цифр 3 есе ұлғаяды.

Материалдық игіліктердің қазіргі бар бөлінісі ұзақ уақыттан бері жаһандық теңдіктің беріктігін сынап келеді және таяудағы болашақта осынау шетін теңгерім бұзылмайды деп ешкім кепілдік бере алмайды.

Біздің бәріміз де жаһандық экономикалық тепе-теңсіздікті еңсермейінше әлемдік жүйенің тұрақты дамуына қол жеткізуге болмайтынына көз жеткіздік, өйткені ол жасырын көші-қон, экстремизм және әлеуметтік шиеліністің өршуі үшін қолайлы орта қалыптастырады.

Бүгінде көшбасшы елдерден және тұтастай алғанда әлемдік қоғамдастықтан халықаралық кооперацияның жаңа пішіндерін әзірлеу жөнінде шешуші іс-әрекет талап етіледі, бұл пішіндер бүкіл әлемдік экономиканың дамуын тұрақтандырып, жаһандық сәйкессіздікті еңсере алады.

Қазақстанға келетін болсақ, біз энергетикалық та, азық-түліктік те салада маңызды рөл атқара аламыз. Қазақстанның энергия тасымалдаушыларын әлемдік рынокқа жеткізіп берудің зор келешегі бар. Мәселен, Еуропа елдері тұтынатын энергия тасымалдаушылардың үштен бірге жуығы Қазақстаннан жеткізіледі. Бұл белгілі жәйт. Ал біздің еліміз қазірдің өзінде астық пен ұн өндіру жөнінде де әлемдік көшбасшылар қатарына

шықты. Мал шаруашылығында зор мүмкіндіктер ашылып отыр, оның үстіне бұл экологиялық және генетикалық жағынан таза өнімдер. Қазақстанның агроөнеркәсіптік секторы инвестициялар үшін төтенше тартымды бола түсуде.

Екіншіден, байқалып отырған геосаяси және өркениетаралық тіресушіліктің күшеюі орасан зор ресурс-тарды әлеуметтік-экономикалық және экологиялық проблемаларды шешуден бұрып әкетуде.

Бүгінде әлемді сандаған геосаяси қарама-қайшылықтар арадай талап жатыр, олар өзінің шиеленісуіне қарай және түсініктеме жасаушылардың жеңіл-желпі сөйлеуімен мәдени-өркениетті сипатқа ие болуда. Елдердің сан ғасырлық дамуының нәтижесінде бай және кедей болып бөлінуі мәдени және діни санаттардың кейпіне көшуде.

Бұл өзімен бірге атышулы карикатуралық дау-дамай немесе Олимпиялық алау эстафетасына жөнсіз шабуыл секілді ескі нанымды, түсінбеушілік пен абайсыздықты туындатады.

Батыс және Ресей, христиан әлемі мен ислам әлемі, бай Солтүстік пен кедей Оңтүстік, дамыған демократиялар мен «аласталған» елдер. Бұл біздің болашақ перспективаларымызды қапаландыратын қазіргі бар өркениетті қарама-қарсы тұрушылықтың тіпті де толық тізбесі емес. Осы тұрғыдан әлемде жаппай сенімсіздік ахуалының пайда болуы таңданарлық емес, ол көп елдерді

өзінің қорғаныс әлеуетін ұлғайтуға және жанта-ласа қарулануға итермелейді.

Орынды ойға дес беретін кез келген адам үшін бұдан қазіргі үстем басымдықтар мен құндылықтарды өзгерту керек дейтін тұжырым туады.

Бүгінде барлық елдерден әлемдік тарихта бұрын-соңды болмаған жаңа тәртіп жауапкершілігі талап етіледі.

Күш тепе-теңдігіне емес, ашықтық, үнқатысу және сенім қағидаттарына негізделген жаһандық қауіпсіздіктің жаңа архитектурасын құруға бастау қабілетіне ие тарих бастан кешкен құқықтық және мәдени үстем ұғымдар іргетасында өзара ықпалдасу қажет.

Үшіншіден, әлемдік қоғамдастықтың халықаралық құқық тұрғысындағы мүмкіндіктері, құзырларының шегі, әрбір мемлекеттің рөлі мен жауапкершілігі туралы түсініктерді қайта қарайтын уақыт жетті.

Бүгінде мемлекеттер бұрынғысынша эгоистік тұрғыда түсінілетін ұлттық мүдделерді негізге алады. Бұл ретте елдердің халықаралық құқық қағидаттарын жақтаушылығы көп жағдайда олардың күш-қуатына кері барабар болып шығады.

«Халықаралық қоғамдастық» ұғымы абстракцияға айналып, оған шешілуі қиын проблемалар үшін жауапкершілікті ысыра салу немесе өзінің сыртқы саясатына «жаһандық индульгенция» алу үшін ғана жүгінетін болдық.

Халықаралық саясаттың түрлі қатысушыларының мүдделерін тиімді келісу үшін сапалық тұрғыда жаңа тетіктер әзірлеу керек. Әрбір ел өзінің экономикалық және саяси әлеуетіне қарамастан, өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті нығайту мақсатында әрекет етуге міндетті. ХХІ ғасырда болашақты болжап айту емес, оны қалыптастыру керек екені ақиқатқа айналып отыр. Болашақ жаман немесе жақсы бола алмайды. Ол, біз оны қалай қалыптастырсақ, сондай ғана болады. Сондықтан ешкімге жеңілдік берместен, барлық елдерге зор жауапкершілік жүктеледі. Біздің балаларымыз бен немерелеріміз қауіпсіз, тұрмыс үшін қолайлы дүниеде өмір сүре ме немесе әлемдік жүйе дамуының барынша пессимистік және қасіретті болжамдары іске аса ма, бұл біздің бүгінгі әрекеттерімізге байланысты болмақ.

Ханымдар мен мырзалар!

Тәуелсіздік алған сәттен бастап Қазақстан өзінің бірде-бір қадамымен, іс-әрекетімен немесе тіпті бірде-бір сөзімен өңірлік және жаһандық қауіпсіздікке нұқсан келтірмеген мемлекеттің өнегесі болып табылады. Біздің алғашқы бастамаларымыз – ядролық қарудан бас тарту мен Азияда сенім режимін дамыту – біздің әлемдік қоғамдастық алдындағы өз жауапкершілігімізді сезінетінімізді бірден көрсетіп берді. Реті келгенде

айта кетейік, ядролық державалар баршаны қару-сыздануға, ядролық қаруды таратпауға және ие болмауға шақыра отырып, өздері ядролық арсеналдарды қысқарту және жою үшін ештеңе істеп отырған жоқ. Бұл адамзаттың алдында тұрған елеулі проблема. Нақ осы басқа елдерді ядролық құрал жасауға итермелейді. Бүгінде Қазақстанда өңірлік және жаһандық міндеттердің дербес күн тәртібі бар. Ол бірнеше тармақтан тұрады.

Бірінші. Батыс пен Шығыстың тоқайласқан тұсында орналасқандықтан, біз өркениеттер, мәдениеттер мен діндер арасындағы тұрақты үнқатысудың қажеттігін сезініп қана қоймаймыз, сонымен бірге оны белсене жүзеге асырып келеміз. Біздің еліміз ұсынған АӨСШК бастамасы, Еуразиялық Одақ идеясы барған сайын көп жақтастар табуға. Жекелеген көшбасшыларының түсінбеушілігіне қарамастан, бұл жобаның зор болашағы бар және ол біздің өңірде тұратын халықтардың мүддесіне сай келеді.

2003 жылы 2 айдан кейін өзінің 10 жылдығын мерекелейтін біздің елордамыз Астана жаһандық конфессияаралық үнқатысудың орталығына айналды. Келесі жылы біз Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының 3-ші съезін өткізуді жоспарлап отырмыз және оның БҰҰ қамқоршылығымен өтуін қалар едік. Осынау бірегей форум діндер мен мәдениеттер арасындағы жікті еңсеру түрлі халықтар арасында бейбітшілік,

өзара түсіністік пен әріптестік орнату арқылы ғана мүмкін болатынының көрнекі мысалына айнала алады. Және бұл мақсаттарға қол жеткізуге болады – ол үшін төзімділік пен үнқатысуға деген ерік-жігер ғана қажет.

Екінші. Біз Батыс пен ислам әлемі арасындағы үнқатысуды жолға қою жөнінде бастама көтердік. Ол Ислам конференциясы ұйымына қатысушы елдердің зор қызығушылығын туғызғанын айта аламын. Батыс әлеміндегілер тарапынан да жоғары бағаланды. Оны одан әрі ширату үшін Астанада осы жылдың қазанында «Ортақ әлем: әралуандық арқылы прогреске» халықаралық форумы өтеді, біз оған мұсылман және батыс елдерінің сыртқы істер министрлерін шақырдық.

Біз форумды мақсаты өркениеттер арасындағы жік пен ұлғайып отырған сенімсіздікті еңсеру үшін ұжымдық саяси ерік-жігерді жұмылдыру болып табылатын «Өркениеттер альянсы» идеясына жақын үнқатысу алаңы ретінде көреміз.

Үшінші. Біздің республика Еуропа мен Азия арасындағы экономикалық өзара ықпалдастықта да маңызды рөл атқаруға ұмтылып отыр. Реті келгенде айта кетейік, әлемдік қаржы дағдарысының келеңсіз әсеріне қарамастан, біздің экономикамыздың барлық арқаулық көрсеткіштері тұрақты өсуде және ешқандай қауіп туғызбайды. Экономикалық өсу өзінің жоғары қарқынын сақтап келеді. Қазақстан экспортындағы дәстүрлі баптардың

бағалары бұрынғысынша жоғары. Айтарлықтай валюта резерві, елдің тұрлаулы экономикасы кез келген уақытша қиындықтарды еңсеруге қабілетті. Құрлықтың екі бөлігінің арасында экономикалық көпір рөліне ұмтыла отырып, біз «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» жобасына кірісіп кеттік, оны іске асыру Еуразияның аса ірі екі бөлігін қуатты көлік коммуникацияларымен байланыстыруға тиіс. Біз бұған 7,5 млрд доллар жұмсауды жоспарлап отырмыз. Бұл бағзы замандарда Азия мен Еуропа халықтарын жақындастырған Ұлы Жібек жолының қайта өркендеуі болмақ.

Нақ Еуропа соңғы жылдары Қазақстанның басты сауда әріптесіне айналғанын қанағат сезімімен айтамын. Саяси үнқатысу да оң дамып келеді. Қазақстанның 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі туралы шешімді тек осылай бағалауға болады. Бұл шешім бізді «Еуропаға жол» деп аталатын арнаулы бағдарламаны әзірлеуге итермеледі. Ол энергетика, көлік транзиті, технологиялар трансферті, білім беру, гуманитарлық ынтымақтастық салаларында еуропалық елдермен ықпалдастықтың тереңдеуіне деген біздің қызығушылығымызды танытады.

Төртінші. Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға алдағы төрағалығының халықаралық күн тәртібін әзірлеуге айрықша көңіл бөлінетін болады. Біз қауіпсіздіктің өзекті проблемаларын шешуге және мәдениетаралық және конфессияаралық

үнқатысуға жәрдемдесуге назарды шоғырландыруды жоспарлап отырмыз. Біздің мақсат – жұдырық болып түйілсе, бір-бірінің қолыңды қыса алмайтыныңды тағы да еске салу. Біздің мақсат – Еуропадағы жаңа бөліну сызықтарын тегістеуге, Ұйымның еуро-атлантикалық және еуроазиаттық жауапкершілік «аймақтарының» елдері үшін біріктіретін факторларды іздестіруге жәрдемдесу.

Қауіпсіз, тұрақты да болжамды Орталық Азияны құру мәселесі өзінше жеке блок. Бұл тұрғыда біз ЕО-ның Орталық Азия елдерімен әріптестік стратегиясын белсенді іске асыруға үміт артамыз. Сондай-ақ ЕҚЫҰ-ның Ауғанстандағы қақтығыстан кейінгі реттеу және оңалту үдерісіндегі барабар рөлін қамтамасыз ету керек. Біз Ұйым мүшелеріне өзіндік бір Этносаралық және конфессияаралық келісімді нығайтудың «жол картасын» әзірлеуді ұсынғымыз келеді. Ол ұлан-байтақ еуразиялық кеңістіктегі қақтығыстардан кейінгі қоғамдардың барлығында да пайдалы болады. Біздің барлық күш-жігеріміз бен бүкіл тәжірибеміз бір нәрсені дәлелдейді – мәдениеттер мен өркениеттер арасындағы үнқатысу керек қана емес, сонымен бірге мүмкін де. Қазақстанда 130-ға жуық ұлыстар мен 46 конфессияның өкілдері бейбіт қатар өмір сүруде. Тек осылай ғана екі тарапты да қарсыластар бейнесінде көрсететін сойқан қасаң қалыптарды бұзуға болады.

Әлбетте, бұл мәселеде бұқаралық ақпарат құралдары мен сараптамашылар қоғамдастығы маңызды рөл атқарады. Олардың объективтілігіне, олардың моральдық қағидаттарына сол бір ойдан шығарылған тосқауылдар бұзыла ма, мәдени үнқатысуға және түрлі өркениеттердің үйлесімді өмір сүруіне кедергі келтіретін сол бір аңыздар мен адасушылықтар тарқатыла ма дейтін мәселелер байланысты болады.

Құрметті форумға қатысушылар!

Масс-медиа ХХІ ғасырда орасан мүмкіндіктерге ие болды. Жаһандық коммуникациялық желілердің, спутниктік телевизия мен Интернеттің пайда болуы бұқаралық ақпарат құралдарына «барлық жерге енушілік» қабілетін берді.

Иә, жаңа ақпараттық мүмкіндіктер бұрынсоңды болмаған еркіндікті көлденең тартады, алайда сонымен бірге өз бойында адамдардың сана-сезімімен ойнау және оны зақымдау қатерін ұстап тұрады. Бүгінде ұлттық бұратартушылық пен басқарушы элитаға күшті тәуелділіктен БАҚ көп ретте ақпараттық соғыстың «окоптарын» сүзе қарап, жаһандық саяси күрестің құралына айналуда. Бұл алаңдатарлық үрдіс. Әрбір журналист өз сөзінің күшін сезінуге тиіс. Халықаралық күн тәртібін саясатшылар қалыптастырғанымен, алайда нақ журналистердің оны түзетуге, оған мораль мен әділдіктің салмағын салуға мүмкін-

дігі бар. Бір кездері Лев Толстой: «Адасушылық көпшілік оны бөліскен күнде де, адасушылық болуын қоймайды» деген екен. Басқа халықтардың мұраттары, мәдениеті, ұмтылыстары мен сұраныстары туралы ақпаратты жеткізе отырып, БАҚ білімсіздік пен олардың арасындағы түсінбеушілікті жоюға, жалпыадамзаттық ынтымақтастықтың пайда болуы мен нығаюына жәрдемдесе алады.

Әлемдік жетекші БАҚ-тардың объективтілігі мен әділеттілігі планетаның көптеген отты нүктелеріндегі қақтығыс әлеуетін әлдеқайда азайта алар еді. Біз сөз бостандығына құқылық пен жаһандық қауіпсіздікті сақтауға қамқорлықтың арасындағы тепе-теңдікті табуға үйренуге міндеттіміз. Медиафорумның жұмысы осы заманғы өмірдің осынау өзекті сұрақтарына жауап іздеуге арналады деген үміттемін.

«Нұр Отан» Халықтық-демократиялық
партиясы «Жас Отан» жастар
қанатының I съезінде

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2008 жылғы 14 мамыр

Қымбатты достар!

«Жас Отан» жастар қанаты I съезінің делегаттарына, сондай-ақ съездің Ресейден, Қытайдан, Қырғызстан мен Тәжікстаннан келген шетелдік қонақтарына сәлем жолдаймын.

Бүгін еліміздің белсенді, күш-жігері тасыған жастары бас қосып, туған Отанымыздың болашағына деген салиқалы көзқарастарын ортаға салуға жиналып отыр. Сіздердің бұл қадамдарыңыз мені ерекше қанаттандырады. Өйткені

«Жас Отан» бүгінде жастықтың, азаматтық белсенділіктің, сындарлы ой-пікірдің орталығы десем қателеспеймін.

Еліміздің түкпір-түкпіріндегі жастар ұйымдарындағы өздеріңдей пікірлес, ниеттес белсенді жастардың өкілдерін көргенге зор қуаныштымын.

Жасотандықтар – еліміздің ең белді саяси партиясы «Нұр Отанның» берік тұғыры ғана емес, менің жас көмекшілерім, серіктестерім. Сондықтан да бүгінгі басқосуымызды «Қазақстанның жас патриоттарының съезі» деп атауымызға әбден болады.

Мен қазақстандық жастардың данышпан Абай бабамыздың «Жастықтың аты арындап, тас қияға өрледің» дегеніндей, өз болашағын құруға тастүйін дайын екендігін көріп, қуанып тұрмын.

Ал «болашақ жастардың қолында» екендігі баршамызға аян. Демек, кең байтақ Қазақстанның үкілеген үміті сендерсіңдер, менің жас достарым!

Біз, қазақстандықтар, жас ұлтпыз. Халқымыздың үштен бірі дерлік – 14 пен 29 жас аралығындағы жастар.

Сондықтан да өзінің сайлауалды тұғырнамасында «Нұр Отан» партиясы жұмыс бағыттарының бірі ретінде мемлекеттің өскелең ұрпақты жан-жақты қолдауын жақтай отырып, жастар саясатын ұсынды. Бұл бағытты біз жалғастыра береміз.

Сол себепті де «Жас Отанның» нығаюына зор мән беріледі. Ол бүкіл еліміз бойынша тармақталған құрылымы, болашаққа арналған нақты іс-қимыл стратегиясы бар күшті бірлестікке айналуы тиіс.

Бүгінгі съезд осы бағыттағы үлкен де жауапты жұмыстың бастауы болуы керек. 1999 жылы мен Мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасын бекіткен болатынмын. Соның негізінде «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заң әзірленді. Жыл сайын мемлекеттік бюджеттен әлеуметтік жастар бастамаларына қолдау көрсетуге 1 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді.

Жастардың, сондай-ақ жалпы еліміздің басты капиталы – сапалы білім. Ол бәрінен биік тұрады. Қазіргі кезде біз Қазақстанда жоғары білікті кадрларды әзірлеу үшін көп жұмыс жүргізудеміз.

Жыл сайын жоғары және орта кәсіби білім алған мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру гранты белгіленеді. Қазір 600 мыңнан астам оқушы 848 орта кәсіби білім беру ұйымдарында кәсіптік және техникалық дағдыларды үйренуде. Кәсіби мектеп оқушыларының 95 %-ы дерлік мемлекеттік бюджет есебінен оқып жатыр. 135 мыңға тарта жас адамдар мемлекеттік білім тапсырысы бойынша еліміздің жоғары оқу орындарында оқуда. 2005–2006 оқу жылынан бастап жоғары білімі бар мамандар даярлаудың мемлекеттік тапсырысында техникалық, инновациялық маман-

дарға басымдық берілуде. Білім беру гранттарына ие болғандарға ай сайын кепілді мемлекеттік шәкіртақы төленеді. Магистранттарға үстіміздегі жылдың 1 қаңтарынан бастап шәкіртақы мөлшері 3 есе ұлғайтылды. Оқытудың әлемнің ең танымал университеттері мойындаған кредиттік технологиясы ендірілуде. Оқу үдерісіне осы заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар енгізіліп келеді. Біз кадрларды шет елде даярлаудың «Болашақ» бағдарламасын қабылдағанбыз. Оны еліміз үшін ең қиын кезде – 1993 жылы қабылдаған болатынбыз. Ал бүгінде әлемнің озық университеттерінде осы бағдарлама аясында және өз бастамалары бойынша 35 мыңға жуық жас қазақстандық оқып жүр. Олардың 15 мыңы Ресейде оқып жатыр.

Мемлекеттік бюджетте жыл сайын кепілді көлемде тегін медициналық көмек көрсетуге қаржы көзделеді. Бүгінде жалпы білім беретін 6 мыңға жуық мектеп медициналық пункттермен және кабинеттермен жабдықталған. 2008–2010 жылдарға арналған тұрғын үй құрылысын дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында «жас отбасы» санаты басымдық сипатта көрсетілген.

Қысқартып айтқанда, алдағы кезде үнемі кеңейтіліп, тереңдетіле беретін өскелең ұрпаққа біздің қамқорлығымыздың кейбір қырлары осындай.

Сонымен бірге бұл салада ауыл жастарының мәселелеріне, олардың ауылдық жерден қалаларға

қоныс аударуына және одан кейінгі бейімделуіне, жұмысқа орналасуына қатысты түйінді мәселелер аз емес. Жастардың кейбір бөлігі өздерінің күш-қуаты мен білімін қайда жұмсарын білмейді. Жастар арасындағы жұмыссыздық инженер-техник және жұмысшы кадрлардың өткір зәрулігімен қабаттаса келуі еш ақылға сыймайды. Бұл біздің білім жүйесіндегі, сондай-ақ Үкімет жұмысындағы қиғаштықтардың салдары. Мұны түзету керек.

* * *

Жастар проблемаларының бүгінгі жағдайы бұл жұмыста жаңа басымдықтар мен тетіктер әзірлеуді талап етеді. Бір жағынан, дербес белсенділікке ұмтылуға залал келтіріп, жастардың масылдығына ұрындыратын шектен тыс өбектеу мен артықша қайырымдылықтан бас тарту керек. Біз нарықтық экономика жағдайында өмір сүріп жатқанымызды ұмытпауға тиіспіз. Екінші жағынан, мемлекеттік жастар саясаты жас адамдарға еліміздің толыққанды азаматы, өмірде жеке басының табысын ғана іздеп қоймай, өзінің жақындары, өзінің халқы мен өзінің Отаны үшін жасампаздық іс атқаратын азамат болу мүмкіндігін беруі керек. Мемлекет үлкен өмірге қадам басқан әрбір жігіт пен бойжеткен өз еңбегімен және ықыласымен өзінің төрт негізгі құқықтары мен міндеттерін: жақсы кәсіби білім алуды; лайықты деңгейде ақы төленетін

тұрақты жұмысы болуын; отбасын құру үшін өз баспанасының болуын; саламатты өмір салтын жүргізу мүмкіндігінің болуын іске асыра алуы үшін барлық жағдайды туғызуы тиіс. Бұл негізгі төрт мәселе. Оларға қол жеткізу ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттыру стратегиясының, «Нұр Отанның» Парламенттегі партиялық көпшілігі құрған Үкіметтің ағымдағы саясатының аса маңызды мақсаты болып табылады.

Бұл міндеттерді шешу үшін таяу жылдарда кешенді шаралар іске асырылатын болады.

Бірінші – білім беру. Алдағы жылдары орта білімге, мектептердің материалдық-техникалық базасын күшейтуге, оқу үдерісіне осы заманғы технологиялар мен әдістемелерді ендіруге көп көңіл бөлінуі тиіс.

Ұлттың зияткерлік әлеуетін арттыру мақсатында Үкімет кеше айрықша зәру өңірлерде 100 мектеп және 100 аурухана салу бағдарламасының аясында 20 зияткерлік мектеп жобасын іске асыруды бастау туралы шешім қабылдады.

Олар физика-математика, химия-биология бағыттарын қоса алғанда, жаратылыстану-ғылыми бейініндегі мамандандырылған мектептер болады. Онда оқуда үздік нәтижелер көрсеткен дарынды балалар оқиды. Бұл мектептердің түлектері мемлекеттік және шетел тілдерін үздік меңгеріп шығады. Оларда шетел университеттеріне түсу кезінде ешқандай проблемалар туындамайды деп

ойлаймын. Үкімет техникалық және кәсіби білім беру сапасын дәйектілікпен арттыратын болады. Жұмысшы кадрлар мен мамандар даярлау жүйесі реформаланады. Мұнда әңгіме кәсіби мектептерді, лицейлерді, колледждерді жаңғырту және олардың инфрақұрылымын нығайту туралы ғана емес, сонымен бірге еңбек нарығының конъюнктурасын ескеріп, ғылыми-техникалық прогресс жетістіктеріне сәйкес кәсіби білім берудің мазмұнын жаңарту туралы да болып отыр.

Ірі шетелдік компаниялар, біздің мемлекеттік компаниялар осы заманғы оқу орталықтарын құруға тиіс. Бұл орталықтардағы құрал-жабдықтар өндірістегідей болуы керек. Болашақта біз әрбір компания жас адамдардың белгілі бір мөлшерін жұмысқа қабылдау жөнінде міндеттеме алуын заңнамалық тұрғыда белгілеуге тиіспіз.

Тұтастай алғанда 2011 жылға қарай техникалық және кәсіби білім беру жүйесінде оқитын жастар саны 24 %-ға – 750 мың адамға дейін ұлғаятын болады.

Үкімет техникалық және жұмысшы мамандықтарына мемлекеттік тапсырысты дәйектілікпен ұлғайтып, жеке меншік компаниялар есебінен тапсырыстар ендіретін, жатақханалардың жеткілікті қорын құратын, оқушылардың міндетті өндірістік тәжірибеден өтуін қамтамасыз ететін болады.

Жастарды үлкен қажеттілік бар мамандықтарға және кадрлардың негізгі зәрулігі бар өңірлерге жіберу керек. Мәселен, Каспий өңіріндегі біздің мұнай-газ секторына көп кешікпей 150 мың техникалық жұмыскер қажет болады. Оларды еңбекке жарамды жастар көп жерлерде – Шымкентте, Таразда, Орталық Қазақстанның қалаларында даярлау керек. Сондай жағдайда жұмысқа орналастыру мәселелері тиімді шешіледі.

Біз жоғары білім жүйесінде елеулі сапалық өзгеріс-терді күтіп отырмыз. Еліміздің тоғыз ұлттық университетін нығайтып жатырмыз, олардың басшылығын күшейттік. Студенттердің ғылыми дағдыларын дамыту үшін университеттер жанындағы 15 зертхананы құру аяқталып келеді.

Менің тапсырмам бойынша Астанада әлемдік деңгейдегі жаңа университет құру жобасы іске асырылуда. Ол өз мамандықтары бойынша «өнеге көрсетушілер» болып табылатын жетекші шетелдік университеттердің филиалдарынан қалыптастырылатын болады. Сонда білім үшін шет елге барудың қажеттігі тумамайды. Оның үстіне баратын мүмкіншілікке ие болатындар аз.

Қазіргі кезде шәкіртақыны индекстеу жөніндегі жұмыс жүргізілуде. Таяудағы жылдардың өзінде студенттерге арналған шәкіртақының мөлшері айтарлықтай өседі. Мемлекет жас мамандарға қамқорлық саясатын күшейте береді.

Екінші – тұрғын үй. Тұрғын үй салуды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында жас отбасылар басым топтар ретінде қала береді. Мемлекет қазір басымдықтарды ауыстырып, ипотекалықтан тұрғын үйді жалға алуға көшуді жүзеге асыруда. Жұмыс істейтін жас отбасылар тұрғын үйді жалға ала алады. Барлық деңгейдегі әкімдер, Туризм және спорт министрлігі спорттық құрылыстарды көпшілік пайдалануға бере отырып, жастардың белсенді демалысы мен сауықтырылуын дамытуды күшейтуі керек. Әркім мынаны ұмытпасын: басты байлық – денсаулық. Сондықтан денсаулықты қамдау керек.

Мен көзделіп отырған іс-қимыл жоспарынан кейбір шараларды ғана атадым. Үкіметке осы жылдың 1 қыркүйегіне біртұтас жастар саясатын қалыптастыру және жоғарыда аталған төрт бағытты іске асыру жөнінде ұсыныстар дестесін әзірлеуді тапсырамын.

Съезге қатысушылардың сөздерінде жастар саясаты туралы жақсы идеялар, соның ішінде заңнамаға өзгерістер енгізу жөнінде айтылды. Оларды ұсыныстарды әзірлеу кезінде ескеру қажет.

Бүгін сондай-ақ бұл түйінді проблеманың стратегиялық мәнін ескере отырып, мен ел Президентінің жанынан Жастар саясаты жөніндегі арнаулы кеңес құруға шешім қабылдағанымды хабарлағым келеді. Бұл Кеңес «Жас Отанның» Орталық кеңесімен өзара тығыз әрекет ете отырып, елдегі

жастар саясатын үйлестіретін, жастар арасындағы ахуалға талдау жасап, мен үшін нақтылы ұсыныстар әзірлейтін болады.

Президент Әкімшілігіне Кеңесті құру жөніндегі қажетті шараларды қабылдауды тапсырамын.

Қымбатты қыздар мен жігіттер!

Жастар арасындағы барлық проблемаларды мемлекеттің күшімен шешіп тастау қиын. Көп мәселе жастар бірлестіктерінің өздерінің азаматтық ұстанымы мен күш-жігеріне байланысты. Бұл туралы өздеріңіз де айттыңыздар.

Мен «Жас Отан» жастарды әлеумет ісіне араластырудың, жас ұрпақтың бойында озық түсініктер мен осы заманғы құндылықтардың басты тетіктерінің бірі бола отырып, өз мойнына жалпыұлттық сипаттағы өте маңызды мақсаттарды ала алатынына кәміл сенімдімін.

Осыған байланысты партияның және оның «Жас Отан» жастар қанатының таяу жылдардағы қызметінен бірқатар басым міндеттерді көремін.

Бірінші міндет – «Жас Отан» патриоттық құндылықтар мен прогресс мақсаттары негізінде ел жастарын топтастыру жөніндегі қызметті өз мойнына алуы тиіс.

Жастар күн өткен сайын бұрынғыдан да белсендірек және жан-жақтырақ бола түсуде. Бүгінде елімізде 720-дан астам жастар ұйымдары жұмыс істейді, олардың қызметіне 1,2 млн-нан астам жас адам қатысуда.

«Жас Отан» партияның қанаты болып қана қоймай, барлық жастар бірлестіктерін бірігуге шақырып, кең ауқымды жастар коалициясының негізіне айналуы тиіс деп айтылған ұсыныспен келісемін. Сендер қазақстандық жастардың үніне, оның мұң-мүддесі мен қызығушылықтарының жария етушісіне, жарқын жас таланттар үшін тартушы күшке айналуға тиіссіңдер!

Бұған қалай қол жеткізуге болады? Айрықша назарды өңірлердегі және ауылдық жердегі белсенділікке аудару қажет. Мәслихаттар мен әкімдіктер жанынан жастар кеңестерін құрыңдар! Мемлекет сендердің белсенді азаматтық ұстанымдарыңа қолдау білдіреді!

Бірден ұлы істерді атқарып тастауға ұмтылу міндетті емес, мейлі шағын болса да, көзге көрінетін нәтижелерге қол жеткізе отырып, «шағын қадамдар стратегиясын» мақсаттылықпен әрі табандылықпен жүргізу әлдеқайда маңызды.

Ардагерлерге, өз ата-аналарыңа қамқорлық жасаңдар. Сендер аға ұрпаққа қалай қарасаңдар, сендерге өздеріңнің балаларың да солай қарайтын болады.

Марк Твеннің өзі туралы: «Мен 14-те болған кезде, менің әкем сондайлық ақымақ еді, мен оған зорға шыдайтынмын. Алайда мен 21 жасқа толғанда, сол қарт адамның соңғы ақылы 7 жылда қандайлық толысқанына таңғалдым» деп айтқаны еске түседі. Әлбетте, Марк Твен осы сөздер арқылы

өзінің қандайлық ақылы толыққанын айтқысы келген ғой.

Бір сөзбен айтқанда, жастардың қолын қажет етіп тұрған қыруар істер бар. Соңғы жылдары біз 60 мың дерлік адам жұмыс істеп жүрген студенттік отрядтарды жаңғырттық. Біздің елімізді көгалдандыру жөніндегі «Жасыл ел» бағдарламасын жүргізудеміз. Бұл – біздің жастарымыздың игілікті істерге молынан қатысуының көрінісі.

Партияның осы бағыттағы арнаулы бағдарламасын қабылдауды, мәселен, оны «Жастар – Отанға» деп атау жөнінде ойласу керек. Партияның жастар қанаты өз өнегесімен патриотизм құндылықтарын насихаттауға, әскердегі қызметтің беделін арттыруға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресуге, әлеуметтік жобаларды дамытуға тиіс.

Сіздердің жоғары оқу орындарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы науқанға басшылық жасауларыңыз қажет. Жоғары оқу орындарындағы сыбайлас жемқорлық, бір жағынан студенттердің өздері жеңіл жолды таңдағандықтан туындайды. Сіздер қазіргі кезде мұндай дипломның ешкімге де қажеті жоқ екенін түсіндірулеріңіз қажет. Әркім бәсекеге қабілетті болуы және жақсы өмір сүруі үшін, өзі үшін оқитынын түсінуі тиіс. Білім, кәсіби шеберлік тек осыған жетелейді. Өткен жылы біз 4 маусымды – Мемлекеттік рәміздер күні деп жарияладық. Жыл сайын бұл күні жасотандықтар бүкіл ел бойынша біздің мемлекеттік

рәміздерге – Қазақстанның Туына, Әнұраны мен Елтаңбасына құрмет сезімін қалыптастыратын патриоттық шаралар өткізе алар еді. Осы арқылы Отанға деген сүйіспеншілік тәрбиеленеді.

Съезге қатысушылар тарапынан «Жас Отан» мен Қазақстан халқы Ассамблеясының арасындағы ынтымақтастықты жандандыру және Ассамблеяның жастар қанатын құру туралы жақсы ұсыныс айтылды. Бұл ұсынысты қолдаймын. Мен әрдайым бейбітшілік пен келісім біздің басты байлығымыз екенін айтып келемін. Әрбір жас адам осы құндылықтар үшін өзінің жауаптылығын сезінуге және оларды сақтауға өз үлестерін қосуы тиіс.

Жастар кәсіпкерлігіне қолдау білдіру туралы қызықты ұсыныс айтылды. Мұнда ұтымды ой бар деп ойлаймын. «Жас Отан» осы іспен айналыса алар еді.

Сендердің негізгі міндеттерің – белсенді жас адамдар көбейе түсуі үшін, біздің еліміздің әрбір балғын азаматы жаңа Қазақстанның дамуына өз үлесін қосқысы келуі үшін қолдан келгеннің бәрін істеу. Мемлекеттің «ғаламдық» қолдауына үміт артып қарап отырмаңдар. Мемлекет зейнеткерлерге, мүгедектерге, жұмыс істей алмайтындарға ғана көмектеседі. Қалғандарына олардың өмірге қажетті қаражат табу үшін қажетті жағдайлар туғызады.

Жас кезден бастап өздеріңе сенуге, өздеріңді еңбекке даярлауға үйреніңдер. Біз Қазақстанның еңбексүйгіш, жұмыскер азаматтарының болашақ ұрпағын тәрбиелеуге тиіспіз. Тек сонда ғана еліміз өркендей беретін болады.

Екінші міндет – «Жас Отанның» саламатты ұлт қалыптастыру идеясын белсенді жүргізушіге айналғаны жөн. Сендер бүгін бұл жөнінде де айттыңдар. Мемлекет денсаулық сақтау жүйесін дамытуға мол қаржы бөліп келеді. Бүкіл еліміз бойынша, әсіресе ауылдық жерлерде жаңа денсаулық нысандары, спорттық құрылыстар салынууда және жұмыс істеп тұрғандары жөнделуде. Менің тапсырмам бойынша бүкіл елімізде 200 жаңа спорт алаңы салынады. Астанада жабық стадион, қысқы спорт кешені салынып жатыр. Қысқы Азия ойындарының жаңа нысандары тұрғызылуда.

Алайда ұлттың денсаулығын нығайту үшін бір ғана мемлекеттің күш-жігері жеткіліксіз. Мұның өзі күш-қуат жағы секілді рухани тұрғыда да солай. Өскелең ұрпақтың арасында саламатты өмір сүруді салтқа айналдыру маңызды. Бұл күн сайын спортпен айналысу, тамақты шақтап ішу, зиянды әдеттерден бас тарту. Мен жуырда Ақордадағы жұмыс кеңесінде адамның денсаулығы тек 10 %-ға медицинаға, ал 50 %-ға оның өмір салтына байланысты екенін айтқанмын.

Ал менің саламатты өмір салтына үндеуге моральдық құқым бар ма? Адам өзі ештеңе

көрсете алмайтын кезде кеңес бере бастайды дейді ғой. Мен ондай адамдардың санатына жатпаймын, өзім үлкен теннисті жанымды сала ойнаймын, атқа мініп жүремін, тау шаңғысымен сырғанаймын.

Бізге саламатты ұлт керек. Жастар арасындағы нашақорлыққа, темекі тартушылыққа, маскүнемдікке және қоғамға жат қылықтарға қарсы күрес идеясын белсенді жүргізу керек. Батыл, тиімді идеяларды ұсыныңдар.

«Жас Отанға» білім беру ұйымдары, өңірлер арасындағы спорттық жарыстарға жастарды белсене тартып, жастардың белсенді спорт түрлерімен айналысуын ынталандыру қажет. Қазақстан жастарында денсаулық басты орында тұруы тиіс. Биылғы жыл Олимпиялық ойындар жылы – бұл жұмысты бастау үшін жақсы себеп.

Балалар мен жасөспірімдер спортын дамытумен тікелей айналысу керек. Ол әлемдік спорт жарыстарындағы жеңістеріміздің ғана емес, сонымен бірге бүкіл ұлттың денсаулығының да негізі болып табылады. «Нұр Отан» партиясы бұл істе жастар ұйымдарына жаппай қолдау көрсетіп, көмектесуі тиіс.

«Жас Отан» қоғамдық пікір көшбасшыларымен бірлесіп жастарға мәдени-имандылық тәрбие беру жөніндегі жұмысқа жетекшілік жасауы тиіс. Жастардың бойында құндылықтардың дұрыс жүйесін қалыптастыру керек, соның негізінде

еңбексүйгіштік, ар-намыс, парасаттылық, өзін-өзі тұрақты жетілдіруге ұмтылыс және оқу, тәртіп сияқты қасиеттер жатқаны жөн.

Атам қазақта ежелгі заманнан «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген нақыл сөз қалған.

Әлемнің барлық халықтарында әрдайым парасаттылық, адалдық, үлкенге құрмет, әйелге ізет, достыққа адалдық, туған Отанға деген сүйіспеншілік бағаланған. Бұл ұғымдар әрдайым қадір тұтылды. Өз бойларыңда нақ осындай қасиеттерді тәрбиелеңдер. Бұқаралық ақпарат құралдарында батыстық жаппай да жадағай мәдениеттің рухсыз түрлеріне қарсы тұра отырып, рухани-имандылық құндылықтарды насихаттауды күшейткен жөн. Бұл істе біздің партия белсенді рөл атқаруы тиіс.

Тұтастай мәдениет, спорт және жастардың рухани-имандылық құндылықтары мәселелеріне арналған телеарна құру туралы мәселені шешу керек. Мұның өте қажеттігі қазірдің өзінде баршамызға айқын болып тұр. Оны мемлекеттік «Ел арна» телеарнасының негізінде құру қажет. «Жас Отан» осы телеарнаның бағдарламаларын құруға және дайындауға белсене қатысуы тиіс. Үкіметке дереу тиісті шешім қабылдауды тапсырамын.

Үшінші міндет – ауылдық жердегі жұмыстың қадірін арттыру үшін ауылдағы жастарға қолдау көрсетуге бағытталған жалпыұлттық «Ауыл жастары» бастамасын әзірлеп, іске асыру қажет. Қызықты ұсыныстарды сендер бүгін айттыңдар.

Осы бастаманы ұйымдастыруға басты қоғамдық күш – «Нұр Отан» партиясының өкілдері ретінде сендер барынша тікелей және белсенді қатысуға тиіссіңдер. Мысалы, жоғары оқу орындары түлектеріне есептелген мынадай партиялық жобаны – «Дипломмен ауылға» жобасын ұсынамын. Өз кезегінде Үкімет пен жергілікті атқарушы органдар мұндай жобаларға материалдық және ұйымдық қолдауды қамтамасыз ететін болады.

Урбанизация, яғни қалалану, жалпыәлемдік құбылыс екенін біз білеміз. Бірақ қазір, азық-түлік ресурстарына деген әлемдік сұраныстың жедел өсуіне байланысты ауыл бизнесі инвестиция үшін жақсы нысанға және пайда көзіне айналды. Қазақстанның мұнда – ішкі сұранысты қамтамасыз ету үшін де, азық-түлікті сыртқа шығару үшін де әлеуеті зор. Бұл жастар, әсіресе алдынан жаңа кең көкжиек ашылатын ауыл жастары үшін, олардың күш-жігері мен іскерлігіне бағытталған жаңа мүмкіндік деген сөз.

Төртінші міндет – таяудағы жылдары бізге сендердің қатарларыңнан мемлекеттік басқару жүйесі, бизнес пен қоғамдық қызмет саласы үшін осы заманғы және тиімді басқарушылардың жаңа қуатты шоғырын қалыптастыру керек.

Жыл басында партияның Саяси кеңесінде, содан кейін «Болашақ» бағдарламасының стипендиаттарымен кездесуде бізге жастар қатарынан

партиялық және мемлекеттік қызметке кадр резервін дайындау қажеттігі жөніндегі өз ойымен бөліскенімді сендер білесіңдер. Осы жылдың өзінде-ақ 200 жас партиялық көшбасшылар арасынан оларды партиялық және мемлекеттік қызметке даярлау үшін жастардың кадр резерві жобасын іске асыруды бастау қажет.

Президент Әкімшілігіне, Үкіметке «Жас Отанмен» бірігіп арнаулы бағдарлама бойынша әзірліктен өтетін және бұдан кейін жауапты лауазымдарда жұмыс істейтін осындай жас адамдарды ашық конкурстық іріктеуге кірісуді тапсырамын. Әрине, біз осы 200 адаммен ғана тоқтап қалмаймыз.

Бізге ХХІ ғасырда қалай жұмыс істеу керектігін білетін адамдар, ішкі және халықаралық үдерістермен тамаша таныс кәсіпқойлар, барлық салаларға менеджменттің ең озық әдістерін ендіруге әзір басқарушылар қажет. Партияның барша қуат қоры лайықты да қабілетті жас көшбасшыларды өсіруге және тәрбиелеуге бағытталуы тиіс.

«Жас Отан» жай жастар ұйымы емес, саяси және қоғамдық институттарда жұмыс тәжірибесін алу үшін аса қажет мектепке айналуы керек.

* * *

Жастар саясатының аса маңызды міндеті толымды да бәсекеге қабілетті тұлғаны – «болашақ қазақстандықты» тәрбиелеу болуға тиіс.

Мен өзімнен ол, болашақ қазақстандық, қандай болады деп сұраймын. Бүгін, сендерге қарап тұрып, мен соны көремін. Оның көздері жаңа білімге құмарлықтан жанып тұруы тиіс. Оның ақыл-ойы ең күрделі міндеттерді шешу үшін ұшқыр болуы тиіс. Оның жүрегі Отанға деген қалтқысыз сүйіспеншіліктен алаулап тұруы тиіс. Ол саламатты, жинақы және мықты болуы тиіс.

Сендердің әрқайсыларың ынталана оқып, жаңа білімдерді игерсеңдер, бұл ретте өмір бойы үздіксіз оқып, өзін-өзі дамытумен айналыссандар, міндетті түрде бәсекеге қабілетті боласыңдар.

Қарттық адам үйренуге қабілеттілігін жоғалтқан сәттен басталады деп саналады. Өз құпиямды ашайын, мен ағылшын тілін 60 жастан кейін үйренуді бастадым. Ол тіл маған жұмыста қажет.

«Болашақ қазақстандық» – жоғары санаттағы маман, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін біледі, әлеуметтік тұрғыда белсенді, жинақы, өзгерістерден қорықпайды. Бұл сендердің кездеріңдегі ұрпақ деген үміттемін.

Сендер халқымыздың үмітін ақтайды деп сенемін.

Елдің дамуына, Қазақстанды әлемнің бәсекеге барынша қабілетті және өркенді елдердің біріне айналдыруға белсене қатысу ниеті ел жастарын топтастыруға тиіс. Мұнда «Жас Отанға» айрықша рөл жүктеледі.

17 жылда біз тарихта некен-саяқ болатын және әдетте ерлік деп аталатын істі атқардық. Біз төтенше қиын жағдайларда тәуелсіз Қазақстанды құрдық. Елді көптеген қауіптерден аман алып қалдық. Ішкі саяси тұрақтылықты сақтадық, экономиканы дамытып, адамдардың тұрмысын жақсарттық. Жарқыраған жаңа елордамыз – Астананы салдық. Бұрын ешкім білмейтін Қазақстанды енді бүкіл әлемнің танып-мойындауына қол жеткіздік. Орасан зор күш-жігер жұмсап, барша халықтың шынайы бірлігін танытып, біздің ұрпақ демократияның және нарықтық экономиканың негіздерін қалыптастырды.

Бүгінде елімізде жоғары технологиялық және инновациялық өндіріс даму үстінде. «30 корпоративтік көшбасшы», индустриялық-инновациялық даму стратегиясы, ауылдық аумақтарды дамыту бағдарламасы секілді жобалар іске асырылуда.

Бүкіл әлем біздің ұлтаралық үнқатысу және қоғамдық келісім моделімізді үлгі тұтады. 2 жылдан кейін біз осы заманғы дүниенің ең беделді ұйымдарының бірі – ЕҚЫҰ-ға төрағалық ететін боламыз.

Мен қазақстандықтар өз елін мақтан тұтатынын білемін. Олар басқа елдердің азаматтарынан Қазақстан туралы жақсы лебіз естісе қуанады. Алайда әрбір қазақстандық өзінің жеке табыстарымен, жеке қадамдарымен мақтана алуына жетуіміз керек. Енді сендердің ұрпақтарыңның

алдында аса маңызды міндет – біздің жетістіктерімізді жоғалтып алмау міндеті тұр. Нақ сендерге, «Еуропаға жол» стратегиялық жобасын қоса алғанда, біздің ұзақ мерзімді экономикалық және саяси жобаларымызды іске асыруды жалғастыруға тура келеді. Тәуелсіз Қазақстанның жастары, нақ сендер елдің ең басты байлығы болып табылатындарыңды және біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасының болашағы сендерге байланысты екенін есте ұстаңдар!

«Елдің бәсекеге қабілеттілігін көтеруде мемлекеттік қызметтің рөлі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2008 жылғы 17 маусым

**Құрметті достар, әріптестер!
Құрметті қонақтар!**

Өткен жылдарда тәуелсіздігімізді нығайтып, еліміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал еткен біршама ауқымды өзгерістер орын алды. Қоғамдық сана мен халықтың мінез-құлқы түбегейлі өзгерістерге түсті.

Бүгінгі таңда қазақстандықтардың көпшілігі нарық жағдайына бейімделді.

Үздік халықаралық тәжірибенің негізінде біз экономиканы әртараптандырудың қазіргі заманғы инфрақұрылымын құра білдік, олар – біздің холдингтеріміз, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар, индустриялық парктер, венчурлік қорлар және технологиялық бизнес-инкубаторлары.

Жыл сайын ұлттық экономиканың негізгі капиталына 25 млрд доллардан астам көлемінде инвестиция түсуде. Индустриялық-инновациялық стратегия шеңберінде бүгінде жалпы сомасы шамамен 7 млрд доллар маңайында болатын 180-нен астам серпінді инвестициялық жобаларды жүзеге асыру басталды.

Қазақстанның өңдеуші саласына трансұлттық капитал қатты қызығушылық танытуда.

Әлеуметтік саладағы, экономика мен саясаттағы қол жеткен табыстарымыз бен шыққан белестеріміз – біз алған бағыттың нақты барометрі, таңдаған жолымыздың дұрыстығының айқын куәсі.

Біз экономиканың реформаға дейінгі деңгейіне жетіп қана қоймай, сонымен бірге, қысқа мерзім ішінде ішкі жалпы өнімді 2 есе көбейттік.

Жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнім мөлшері өткен 5 жылда 4 есе – 1,5-нан 7 мың долларға дейін өсті.

Біз елеулі қаражат жинаумен бірге, болашаққа инвестиция салуға да мүмкіндік беретін қор қалыптастырдық.

Көнеден келе жатқан мына бір айдай ақиқат бар: «Алға қарай жүрмегенің – артқа қарай шегінгенің деген сөз». Әлемдегі түрлі сілкіністерге қарамастан, ілгерішіл бағыт бойынша дамудың арқасында біз адамзаттық жаһандық қиындықтарына ұрынбадық және саяси тұрақтылық пен этносаралық татулықты сақтап қала алдық.

* * *

Түбегейлі жаңғырту үшін бізде көзге көрініп тұрған қандай алғышарттар бар?

Бұл – бәрінен бұрын саяси тұрақтылық. Бұл – денсаулық сақтау және білім беруді дамыту, әлеуметтік жағынан аз қамтылған халықты қорғау негізіндегі белсенді әлеуметтік саясат. Бұл – қазіргі заманғы заңнамалық арқау, халықаралық қолдау, сондай-ақ алдағы болатын ЕҚЫҰ-ға біздің төрағалық етуіміз.

Еліміз айтарлықтай қуат қорын жинады. Қазақстан біртіндеп өңірдің іскерлік орталығына айналып келеді. Еліміздің экономикалық ауқымы Орталық Азия өңірі мемлекеттерінің барлығының экономикасын қоса алғандағыдан 3 есе артық.

Таяуда әлемнің ірі мемлекеттері – АҚШ, Ресей, Қытай, Франция, араб елдері басшыларымен болған кездесулер біздің елімізге ауқымды инвестициялар салуға орасан қызығушылықты дәлелдеп отыр. Бұл біздің елімізде жасалған іскерлік және инвестициялық қолайлы ахуалдың айғағы.

Бүгінде біздің жоспарымызда 20 млрд доллардан асатын маңызды инвестициялық жобаларды іске асыру міндеті тұр.

Сонымен қатар, Орталық Азиядағы экономикалық ынтымақтастықты тереңдету және бірлескен жобаларды жүзеге асыру мақсатында біз өңір елдерімен тікелей инвестициялар қорын құру ісін қолға алып жатырмыз.

Осы аталған жайлардың баршасы алда тұрған жаңғырту жолындағы зор серпіліс үшін алғышарт болып табылады. Оларды кешенді түрде жүзеге асырғанда ғана іс нәтижелі болмақ.

* * *

Мұның өзі бұдан былайғы реформаларды белсенді жүргізудің негізгі сипаты ретінде мемлекеттік қызметтің жаңа сапасын талап етеді.

Әкімшілік реформаны біз қазірдің өзінде жүргізудеміз: «электрондық үкімет» құрылуда, нәтижеге бағдарланған бюджеттік жоспарлаудың жаңа қағидатына көшудеміз.

Мен Президент Әкімшілігіне және Үкіметке Қазақстанның мемлекеттік қызметінің жаңа моделі үшін тұжырымдама әзірлеуді тапсырдым. Бұл үшін АҚШ, Франция, Ұлыбритания, Германия, Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттері секілді елдердің халықаралық тәжірибесі зерттелді.

Сонымен бірге біз басқалардың үлгісін көшіруін ала салуға тиіс емеспіз. Өз ерекшеліктерімізді, өз

көзқарасымызды ескеріп, әлеуетіміз бен әлсіз жақтарымызды түсінуге тиіспіз.

Сонда біз құрып жатқан модельге қандай амалдарды қолдануға болады?

Біріншіден, мемлекеттік қызметтің өзінің мәртебесін нығайтып, мемлекеттік кадр саясатын Қазақстанның айрықша маңызды ұлттық басымдығы санатына көтеру қажет.

Екіншіден, мемлекеттік қызмет қағидаттарын қайта қарау керек, оның негізінде меритократия, адалдық, тиімділік жатуы тиіс.

Күшті саяси ерік-жігер мен осы қағидаттарды үйлестіру, мұқият жоспарлау және проблемаларды көре білу қабілеті, адамдардың қажетіне қатысты сергектік, қызметшілерді мұқият іріктеу және даярлау Қазақстанның мемлекеттік қызметін «тазартудың» және тиімділігін арттырудың басты факторлары болуы тиіс.

Үшіншіден, мемлекеттік қызметтің қазіргі моделін құрылымдық өзгертудің қажеттілігі пісіп-жетілді. Саяси және әкімшілік мемлекеттік қызметтердің аражігін ажыратуға әлдеқайда терең әрі нақты келуге тиіспіз. Бүгінгі екі деңгейлі модель біздің елімізді дамытудың осы заманғы кезеңінің талаптарына толық сай келмейді.

Саяси қызметшілер идеологтар мен практиктер – партиялық бағдарламаны белсенді жүргізушілер болуы тиіс. Сондықтан партия оның

халық алдындағы өкілдері болатындарды іріктеуде мұқияттылық танытуы керек.

Бүгінде еліміздің жетекші партиясы – «Нұр Отан» партиясының кадр резервін қалыптастыру жөніндегі бастамасы партияны дамытудың маңызды стратегиясы болып табылады.

Мемлекеттік қызметтің кәсібиленуін күшейткен жөн.

Осылайша біз Қазақстан халқы сенім көрсеткен саяси көшбасшылар саясатты қалыптастыратын, ал кәсіби мемлекеттік қызметшілер оның орындалуын қамтамасыз ететін жүйеге жеткіміз келеді.

* * *

Бұл модель қалай жұмыс істеуі керек? Мемлекеттік қызметтің жаңа моделінің ұтымды болып көрінетін негізгі сипаттары жөнінде сөз қозғамақпын.

Бірінші. Мемлекеттік кадр саясатының мәртебесін нығайтуға жаңа кадр саясатының негізгі ережелерін әзірлеу және бақылау, жоғары буын қызметшілерін өсіру және тағайындауға жауапты тиісті Ұлттық комиссия (мүмкін, басында оны мен басқарармын) құрылатын болады.

Үміткерлерді іріктеу сапасын арттыру бөлігінде Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттіктің, мемлекеттік органдардағы кадр қызметтерінің рөлін күшейту керектігі айқын. Соңғысының жұмысы жоғары басшының нұсқауы бой-

ынша жаңа қызметкерді «қаттаумен» аяқталып жүр – сондықтан оларды әдістемелік тұрғыда Агенттікке бағындыру керек.

Барынша талантты және даярлығы мол үміткерлерді әзірлеудің, сынақтан өткізу мен кәсіби өсуінің жаңа жүйесін ендіру үшін Агенттіктің жанынан Мемлекеттік қызметшілерді басқару жөніндегі ұлттық орталық құру қажет.

Екінші. Біз саяси қызметшілер мен әкімшілік мемлекеттік қызметті айқын шектейтін боламыз. Меніңше, елде саяси қызметшілердің саны шектеулі болуы тиіс.

Сайлауларда жеңген партия ұсынатын жаңа тұлғалар саясатшылар болады.

Қисынына қарай бұл – министрлер, облыстар мен республикалық маңыздағы қалалардың әкімдері және олардың орынбасарлары, сондай-ақ орталық деңгейдегі бірқатар шешуші жетекшілер.

Олардың бәрі – парламенттік көпшілік партиясының мүшелері, оның тұғырнамасы Үкіметтің іс-қимыл бағдарламасы болып табылады. Саяси қызметшілердің дербес беделі мен жеке қасиеттері партияның беделі мен имиджін нығайтуы тиіс, керісінше болмауы керек. Оларға қызмет этикасы мен партиялық тәртіп тұрғысынан өте қатал талаптар қойылатын болады.

Саяси қызметшілер негізінен өздерін кіршіксіз таза көрсеткен жоғары әкімшілік мемлекеттік қызметшілер қатарынан жылжытылатын болады.

Қызметін ойдағыдай аяқтаған жағдайда олар заң шығарушы органға ұсынылып, жоғары лауазымды тұлғалардың кеңесшілері мен тәлімгерлері ретінде өз тәжірибесін үйрететін болады.

Үшінші. Әкімшілік мемлекеттік қызмет жаңа модель бойынша екі негізгі корпустан тұрады. Бірінші корпус – мен оны «А» корпусы деп атауды ұсынамын – бұл кәсіби кадрлық мемлекеттік менеджерлер корпусы, олар биліктегі саяси партия қалыптастырған мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын жоспарлаумен және іске асырумен айналысады. Яғни, бұл «А» корпусы стратегиялық шешімдерді қабылдау мен оларды тікелей орындаудың арасындағы белсенді буын болып табылады. Барлық қалған әкімшілік мемлекеттік қызметшілер «Б» корпусының құрамына кіреді.

Жаңа модельдің маңызды тетігі ретінде мен «А» корпусына егжей-тегжейлі тоқталғым келеді.

«А» корпусы мұқият іріктелген және өздерін танытқан кәсібилер, мемлекеттік басқарудың өзіндік бір «ұйтқысы», бүгінде Қазақстанға сондайлық қажет мемлекеттік саясаттың дәйектілігі мен жүйелілігін қамтамасыз ете алатын кадрлық өзегі болады.

Оның бірінші деңгейі жауапты хатшылар, мемлекеттік холдингтер мен ұлттық компаниялардың жетекшілері болады, олар жоғары әкімшілік қызметшілер болып табылады.

Айта кетейік, мұндай құрылым жағдайында жауапты хатшылар институты мемлекеттік орган аппаратының тұрақтылығы мен жалғастығын қамтамасыз ететін әлдеқайда тиімді және нақты фактор болады.

Бұл корпустың екінші деңгейін атқарушы органдардың шешуші департаменттерінің директорлары, комитеттер төрағалары, аудандар мен қалалардың әкімдері құрайды.

Мемлекеттік, жеке меншік компаниялардың және үкіметтік емес ұйымдардың жетекшілерінде, ғылым, мәдениет, білім беру қызметкерлерінде де іріктеу мен оқытудың арнаулы жүйесі арқылы «элиталық корпустың» мүшелері болу мүмкіндігі бар. Мұның өзі мемлекеттік емес сектордан барынша талантты және іскер менеджерлер үшін өзіндік бір жария да ашық «әлеуметтік лифт» жасау мүмкіндігін туғызады.

Бұл корпустың үміткерлері үшін іріктеудің айқын да нақты ережелері, мемлекеттік проблемаларды жүйелеу көзқарасы, шешім қабылдау, қызметкерлер құрамын басқару бойынша қатаң талаптар және ең бастысы, үміткердің беделі мен моральдық қасиеттеріне жоғары талаптар белгіленеді.

Қызметкердің бұрынғы сіңірген еңбегі мен тиімділік көрсеткіштері ғана емес, сонымен бірге одан әрі өсу әлеуеті де бағаланатын болады. Мәселен, болашақта министр лауазымында болу

әлеуеті бар қызметкердің «А» корпусына кіріп, лауазым баспалдақтары бойынша өсу мүмкіндігі көбірек болады.

Бұл тұрғыда америкалықтар мамандық мен мансаптың арасындағы айырмашылықты аптасына 40 және 60 сағаттық жұмыстың арасындағы айырмашылық деп әділ санайды.

Қызмет баспалдақтары бойынша өсу үшін мемлекеттік қызметші жай ғана «кезекте тұрмауға» тиіс – нәтижеге қол жеткізіп, осы нәтиженің өзін көрсетуі керек.

Осындай іріктеуден кейін, үміткердің қабілетін ескере отырып, дербес «жол картасы» әзірленетін болады, ол оның болашақ мансабының негізгі кезеңдерін айқындап, жоспарлы түрде және ойластыра отырып тәжірибе мен біліктілікті жинақтауға мәжбүрлейді.

Бұл корпус үшін ротация, яғни кадрлардың ауыс-түйісі, міндетті шартқа айналады. Бір мемлекеттік органнан екіншісіне, сондай-ақ ведомствоның ішінде ауыса отырып, мемлекеттік менеджерлер мемлекеттік басқару үдерісінің өзара байланыстылығын толық мәнінде сезінеді және атқарушы билік жұмысын кең, жүйелі түсінетін болады.

Өздеріңіз түсінгендей, осы негізде «А» корпусының қызметшілері бір-біріне қолдау білдіріп, өз саласымен шектеліп қалмай, барлық проблемаларды түсінуге ұмтылатын болады. Осылайша,

кәсіби кадр буыны – 100 мың дерлік әкімшілік мемлекеттік қызметшілер қалың қолын соңынан ерте алатын біртұтас команда қалыптасатын болады.

Мемлекет өз кезегінде бұл корпусты барынша қолдап, дамытады. «А» корпусының қызметшілері үшін арнайы еңбекке ақы төлеу мен уәждемелік дестесінің жаңа жүйесі әзірленеді. «А» корпусының қызметшілері мен олардың отбасыларының мүшелері ерекше мемлекеттік қорғауға алынады.

Қазіргі еңбекке ақы төлеу жүйесі теңгермешілік көзқарастан бас тартуға бағытталған елеулі өзгерістерге түседі. Әркімнің жұмысы түпкілікті нәтижелері бойынша, күрделілігіне, жұмыстың нарықтық құнына және жеке үлеске қарай бағаланады.

«А» корпусы қызметшілерінің иығына өте үлкен жүк түсетін болады. Оларға шет елде міндетті түрде оқуға, бұдан кейін де үнемі ізденуге, жұмыстың инновациялық әдістерін әзірлеуге, жүйелі ойлауды дамытуға және төменде тұрған «Б» корпусының барынша талантты да шамшыл қызметшілерінің өкше басқан қысымында болуға тура келеді.

«Б» корпусындағы әкімшілік мемлекеттік қызметшілерге негізгі көзқарастар мен талаптар өзгереді.

Біз адал қызметті айқын да нақты ынталандырудың және мансап баспалдағы бойынша өсудің

жүйесін құруға тиіспіз. Мен мұны мемлекеттік қызметшінің мансаптық жоспары тұрғысындағы тетік ретінде көремін.

Негізінен алғанда, «генерал болуды армандамайтын солдат жаман солдат» қағидатын негізге алсақ, бұл «Б» корпусынан «А» корпусына және одан әрі саяси қызметшілер санатына – өту тестілеуін тапсырудан мемлекетті дамытудың стратегиялық басымдықтарымен шығармашылықпен жұмыс істеуге дейінгі өсудің жоспары.

Төртінші. Қазіргі кадр резерві жүйесі жойылатын болады, ол өзін ақтамады және оның үстіне, мемлекеттік қызметке тағайындаудың заңды тәртібін «айналып өтудің» тетігіне айналды.

Әрбір бұрынғы корпус келесі корпус үшін ішкі кадр резерві болып табылады. Алайда бір корпус-тан екіншісіне өту қатаң түрде реттеледі және барынша әділ және ашық қаралатын болады.

Осылайша, кез келген әкімшілік мемлекеттік қызметші жүйелі түрде жаңартылып тұратын «А» корпусына іріктеуге өз өтінімін бере алады. Бірақ бұл ретте оның әкімшілік мемлекеттік қызметші ретінде кем дегенде 4–5 жыл тиісті өтілі болуы керек. Біз кәсіби кадрлық қызметшілерді даярлауға қайта оралуға тиіспіз.

Бесінші. Тұрақты оқу және біліктілігін арттыру мемлекеттік қызметтің негізгі бір басымдылығына айналуы керек.

Осыған байланысты Мемлекеттік басқару академиясының жанынан Мемлекеттік саясат ұлттық мектебін құру туралы ұсыныс бар. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару ұлттық жоғары мектебінің оң тәжірибесін Франция Республикасының Әкімшілік ұлттық мектебімен бірге қарастыру – 1990-шы жылдардың аяғында мұндай өлшем барынша талантты тыңдаушыларды әділ іріктеу, оқу үдерісін сапалы дамыту мүмкіндігін бергенін көрсетті.

Мұндай мектеп болашақ көшбасшыларды іріктеу мен даярлау жүйесінің маңызды буынына айналуы тиіс және элиталық кәсіби мемлекеттік қызметшілердің жаңа корпусы – «А» корпусын құру мен дамытуда шешуші рөл атқаруы керек.

Жаңа мектеп осы заманғы білім беру институтына айналады. Ректорды Президент тағайындайтын болады. Басқаруға тәжірибелі шетелдік менеджерлерді тартқан жөн. Мектептің Бақылаушы кеңесі Қазақстанның барынша беделді қоғамдық қайраткерлері мен шетелдік профессорлар қатарынан қалыптастырылады.

Сондықтан жаңа міндеттерге сәйкес Мемлекеттік басқару академиясын реформалау қажет.

Кәсіби кадрларды даярлау тиісті мемлекеттік органдардың нақтылы қызметінен қол үзбестен, күшті ғылыми-әдістемелік негізде жүргізілуге тиіс болғандықтан, Академияны мемлекеттік

қызметшілерді даярлаудың өңірлік орталықтарымен біріктіріп, айқын тіктемені түзген жөн.

Шетелде оқу курстарына әкімшілік етуді де Академияда топтастырған орынды болар.

Құрметті әріптестер!

Жаңа аталғандардың бәрі – мемлекеттік қызметті жаңғырту және елдің жаңа кадр саясатына деген негізгі ұсынылатын көзқарастар – ойластырылған және мұқият сарапталған ұсыныстар. Олар Мемлекеттік қызметтің жаңа моделі тұжырымдамасының әзірленетін жобасында негізге алынуы тиіс.

Мемлекеттік қызмет бұдан былай халыққа қызмет етудің жай құралы болмауы керек: ол халықтың бастамасына арқа сүйеп, оның әлеуетінен күш алып, өзінің биігіне ұлттың жарқын да талантты өкілдерін өсіруі тиіс. «Байлығымен және жағдайымен дандайситын адам күшті болмайды, білімге ие, еңбексүйгіш, ең бастысы, өзінің алдында және өз халқының алдында адал адам күшті болады» деген Абай сөзі есте жүрсін.

Қазір мемлекеттік қызметшіге деген сенім мен құрметті күшейту өмірлік маңызды мәселе. Кеңестік тоқырау және қазіргі кездегі бюрократиялық дерттердің жансірілігі уақытында жоғалтқан сенімді қалпына келтіру керек. Біз мұндай кінәраттармен аяусыз күресіп келеміз және жеңіске жететінімізге күмәнім жоқ.

Алайда мемлекет пен халықты біртұтас ұлттық мүдде тұрғысынан ұйыстыру – аса абыройлы міндет. Бұл – жаңа өркендеу үстіндегі демократиялық Қазақстанды дамытудың басты шарты. Бірге жиналу – істің бастауы. Бірге болу – ілгері басу. Бірге жұмыс істеу – табысқа жету.

Біздің тарихымыз жанқиярлықтың, патриотизм мен өз халқына адал қызмет етудің үлгілеріне бай. Батырлардың қаһармандығымен және ақсақалдардың ақылмандығымен біз туған жерімізді қорғап, сақтай алдық, тәуелсіздікке ие болдық, осы заманғы мемлекет құрдық. Кезінде, әсіресе жастар ортасында «Бүгінде ерлікке орын бар ма?» деген тақырыптағы пікірталастар көп таралғаны есіме түседі.

Мен ерлікке бүгінде де орын бар екеніне сенімдімін. Мәселен, сыбайлас жемқорлықты біржолата жеңіп, бюрократизмді жұлып тастасақ, бұл да елдік ерлігі. Бірақ бұл жетімсіз. Әрбір адам мемлекетте қызмет етуде ол өз лауазымында өзінің елі мен өзінің халқы үшін не істеуге міндетті екенін түйсінуі тиіс және осы сенімге сәйкес адал әрекет етуі керек.

Патриот болу деген біздің Қазақстанды мақтан тұту ғана емес. Бірінші кезекте бұл – Қазақстанның мүддесін қорғап өзін-өзі аямау, оның игілігі үшін жұмыс істеу. Отанға қызмет ету мемлекеттік қызмет пен барлық патриоттардың ой-ниетіне айналуы тиіс. Өйтпейінше біздің ең ілгерішіл әрі

мінсіз әзірленген барлық жобаларымыз қазақстандықтар бізден күтіп отырған мақсатқа жеткізбейді – ал мемлекет сол мақсат үшін өмір сүреді.

Тағы да айқындаушы тарихи сәт келіп жетті – біз планетаның озық мемлекеттерінің қатарына кіруге, іс жүзінде жаңа әлемнің жаңа елін құруға тиіспіз.

Бұл үшін бізде барлық ресурстар бар, тиісті реформалар жүргізілді. Біздің тұрлаулы еліміз, білімді халқымыз, қабілетті кадрларымыз бар. Біз өзіміздің шикізат байлығымызға қарап қалмайтын, баламалы экономика құрып жатырмыз.

Келіңіздер, ұлы Қазақстан халқының осынау ұлы мақсаттарына қызмет етейік!

ЕҚЫҰ Парламенттік ассамблеясының
жыл сайынғы 17-ші сессиясында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2008 жылғы 29 маусым

**Құрметті Төраға мырза!
Ханымдар мен мырзалар!**

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы Парламенттік ассамблеясының 17-ші жыл сайынғы сессиясына қатысушыларды қонақжай Қазақстан жерінде құттықтағанымға қуаныштымын.

Сіздердің форумдарыңыз біздің жас астанамыздың 10 жылдығы қарсаңында өтіп отыр. Осы қысқа мерзім ішінде біз байтақ дала төсінде қазіргі

заманға лайық қала тұрғыздық. Астана біздің халқымыздың мақтанышына айналды.

Бұл жәйтті мен Қазақстандағы табысты экономикалық және саяси реформаларды қолдау, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымымен қарым-қатынасымызды іс жүзінде нығайту қадамы деп бағалаймын.

Парламенттік дипломатия ЕҚЫҰ-ның барша кеңістігінде сенім мен өзара түсіністік ахуалын қамтамасыз етуде өзекті рөл атқарады.

Парламенттік Ассамблея қызметі демократиялық құрылысқа, гуманитарлық және құқықтық стандарттарды дамытуға тартылған елдердің ұлттық парламенттері үшін айрықша маңызды. Халықтың қалаулылары болып табылатын нақ осы парламентарийлер ЕҚЫҰ ұсынған саяси идеяларды қарапайым адамдардың қажеттері мен мұқтажына, мәдени-өркениеттік саналуандылық тұрғысына барынша қатысты ете алады.

Бұл, әсіресе халықаралық жағдай барған сайын күрделі де тұрлаусыз сипат алып бара жатқан қазіргі кезде ерекше маңызды.

Халықаралық жағдайдың күн тәртібін салдарларын әлемнің барлық елдері сырт қалмастан сезінетін қаржы-экономикалық, энергетикалық, азық-түлік және экологиялық дағдарыстар айқындайды. Осының бәрі мүмкін болғанынша әлдеқайда ауқымды халықаралық ынтымақтастық түріндегі жаһандық жауапкершілікті талап етеді.

Таратпау режімі негізіндегі жаһандық қауіпсіздік жүйесі сал ауруына жақын күйді бастан кешуде. Ядролық қаруды таратпау туралы шарт (ЯҚТШ) асимметриялық сипатта болып, ядролық қарусыз мемлекеттерге ғана ықпалшаралар жүктейді, ядролық клуб мүшелерін ядролық арсеналдар мен қару-жарақтарды қысқартуға ықыласты етпейді. Осындай әділетсіздік ЯҚТШ-ның орындалмауына соқтырып отыр.

Әлемдік экономикада мәні бұдан кем түспейтін үрдістер болып жатыр. АҚШ долларының, әсіресе Қытай, Жапония және Еуропа валюталарына қарағанда, едәуір құнсыздануы оның әлемдік резервтік валюта ретіндегі ұстанымының әлсіреуіне жеткізді.

Бұл көпшілікті жаһандық қаржы тетіктеріне жаңаша қарап, күн тәртібіне көпкіндікті қаржы жүйесі туралы мәселе қоюға мәжбүрлеуде. Біз Ресейдің 2020 жылға қарай рубльді өңірлік резервтік валюта еткісі келетін жоспары туралы білеміз. Мұндай идеялар араб әлемінде, Латын Америкасында, Оңтүстік-Шығыс Азияда бар.

Соңғы жылдарғы елеулі геосаяси өзгерістер тек еуропалық немесе азиялық қауіпсіздік болмайды дегенді ұғындыруда. Белгілі бір мемлекеттегі тұрақсыздық бүкіл Еуразия қауіпсіздігіне қатер төндіреді.

ЕҚЫҰ қызметінің негізі нақ осы қауіпсіздік мәселелері болып табылады. Ал біздің Ұйым оған

мүше мемлекеттердің қауіпсіздігі мен тұрақты дамуын қалай қамтамасыз етеді? Бұл сұрақтың жауабы келешекке тиесілі.

Тәуелсіздік алған күннен бастап Қазақстан өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті нығайтуға нақты үлес қосатын мемлекет өнегесін көрсетіп келеді.

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен-ақ біздің еліміздің маңызды тарихи шешімі Семей ядролық полигонын жабуы, әлемде қуаты жағынан төртінші ракеталық-ядролық арсеналдан ерікті түрде бас тартуы, оның инфрақұрылымын толық жоюы болды.

Біздің еліміз ядролық қарусыздануға және оны таратпауға, халықаралық терроризммен, діни экстремизммен, есірткі саудасымен және басқа осы заманғы қатерлермен күреске бағытталған кең халықаралық ынтымақтастықтың белсенді қатысушысы болды және болып отыр.

Біз сондай-ақ өңірлік және жаһандық экономикалық үдерістердің жауапты қатысушысы ретіндегі өз орнымызды түсінеміз. Қазақстан жаһандық энергетикалық инфрақұрылым жүйесінің маңызды буыны болып табылады, бүгінде көмірсутегі шикізатын ірі экспорттаушылар қатарына кіреді. Еліміздің бұл рөлі өсе түседі.

Әлемдік азық-түлік дағдарысы жағдайында әлемде астық және ұн өндіруші ірі елдердің бірі болып табылатын Қазақстан көптеген ауылшаруашылық дақылдарының егіс алқаптарын

әлдеқайда ұлғайту мүмкіндігі бар болғандықтан, озық аграрлық технологиялар мен жаңа инвестициялар үшін құнарлы топырақ саналады.

Сонымен Қазақстанның артық энергетикалық және азық-түлік ресурстары бар, ол ауқымды инвестициялар мен еуропалық елдерде бар технологияларды ендірген жағдайда олардың өз өнімдерін әлемдік рынокқа шығаруға шамасы артады. Мұндай кооперация баршаға тиімді болып, әлемдік бағаларды төмендетуге жәрдемдеседі.

Біз сыртқы дүниемен «ресурстар – технологиялар – инвестициялар» формуласы бойынша тығыз жұмыс істеуге әзірміз.

Бүкіләлемдік банк біздің елімізді әлемнің инвестициялар үшін барынша тартымды 20 елінің тізіміне енгізді. Ішкі жалпы өнімнің орташа жылдық өсімі 8 жыл бойы 10 %-ды құрауда. Алтын-валюта резерві 50 млрд доллардан асып түсті. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан 100 млрд долларға жуық тікелей шетелдік инвестицияларды тартты. Бұл Орталық Азияға келген инвестициялардың 80 %-ы. Соңғы жылдары біздің еліміздің өзі белсенді инвестор болып келеді: басқа елдерге, соның ішінде көрші елдерге 4,5 доллар салынды.

Өсудің жоғары қарқыны бізге 2007 жылы 2000 жылмен салыстырғанда экономиканы 2 есе өсіруге мүмкіндік берді, ал 2015 жылға қарай біз оны 3 есе ұлғайтамыз.

Осы табыстарға арқа сүйей отырып, Қазақстан таяудағы жылдары әлемнің бәсекеге барынша қабілетті 50 елінің қатарына енуді өзінің міндеті етіп қойды. Біздің мақсатымыз – экономиканың индустриялық-инновациялық моделі жағына қарай әртараптандырылуын жүзеге асыру.

Сонымен бірге Қазақстан көпвекторлы сыртқы саясатты түзуде. Ал бұл оңай емес. Кезінде Наполеон «мемлекеттің саясаты оның географиясына байланысты» болатыны туралы пікір айтқан екен.

Біздің стратегиямыз Қазақстанның географиялық жағдайына негізделген. Біз Азияның кіндігінде орналасқанбыз. Жаратқан Ие солай еткен. Біздің Қытаймен ұзақ (1 700 км), Ресеймен одан да ұзақ (7,5 мың км) шекарамыз бар, оңтүстікте – Ауғанстан, Пәкстан, Иран мен Ирак секілді елдерді қоса алғанда буырқанып жатқан ислам әлемі алыс емес.

Елдің батысында іс жүзінде мұнай мен газдың әлемдік екінші «қоймасы» Каспий жатыр. Каспийдің тұрақтылық өңірі болып қалғаны және оның ресурс-тары Каспий маңы мемлекеттерінің өркендеуіне қызмет атқарғаны маңызды, ал ол әлемдік рынокқа қазіргіден көп энергия ресурстарын бере алар еді.

Біз байыпты геосаяси, геоэкономикалық және транзиттік жолайырықтамыз. Біз үлкен мемлекет емеспіз, бар-жоғы 16 млн-быз. Бірақ та біз осы заманғы, демократиялық және өркенді ел болғы-

мыз келеді. Сондықтан да біз әрдайым достарымыздың ізгі кеңес-теріне ризамыз.

Осы мақсатқа жету үшін біз қол қусырмастан, күнді күнге жалғап жұмыс істеудеміз. Шикізаттық емес жаңа экономика құрадамыз.

Өңір қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін біздің бастамамыз бойынша Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі – ЕҚЫҰ-ның өзіндік бір азиялық тұрпаты, сондай-ақ Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құрылған. Бұл ұйымдардың бәрі Қазақстанды белсенді түрде қолдайды. Біз үшін өңірдің тұрақтылығы мен дамуының кепілі бола алатын Орталық Азия елдері экономикалық одағының құрылғаны маңызды.

Қазақтар сан ғасырлар бойы өзінің жері үшін, өзінің тәуелсіздігі үшін күресіп келді. Тәуелсіздікті сақтап, нығайту біздің бүкіл жұмысымыздың басты мақсаты болып табылады. Біз көп іс тындырдық, бірақ та бұдан әлдеқайда көп іс тындыруымызға тура келеді. Бұл үшін даму керек. Ал даму үшін ішкі тұрақтылық пен халқымыз тұрмысының үздіксіз жақсарғаны қажет. Біздің экономикалық та, сол секілді саяси да реформаларды жүргізу жөніндегі бүкіл жұмысымыз осы негізгі мақсатқа бағындырылған.

Сондықтан біздің ұстанған басты бағытымыз – экономиканың өсуі арқылы білім беру мен денсаулық сақтаудың, әлеуметтік қамсыздандырудың

осы заманғы жүйелерін дамытуды қамтамасыз ету.

Азаматтар мен әлеуметтік топтардың құқықтарын қорғау мәселелерін қоса алғанда, гуманитарлық даму проблемасы да осыған жатады. Біз үшін барлық этностық және діни топтардың арасындағы нақты тең құқылық пен келісімді нығайту басты құндылықтардың бірі.

Қазақстанда 46 діни конфессияға жататын 130-дан астам ұлыстың өкілдері тұрады. Біздің тәуелсіздігіміздің елең-алаңында кейбір талдамашылар бізде күйреу, бейберекетсіздік пен ішкі азаматтық соғыс болады деп бал ашып баққан. Шүкіршілік, біз мұның біріне де ұрынған жоқпыз.

Еліміз мәдениетаралық және дінаралық үнқатысудың өзіндік бірегей өрнегін өмірге әкелді. Бұл біздің демократияға қарай ілгерілеуіміздің маңызды бөлігі.

2003 жылы біздің елордамыз Астана жаһандық конфессияаралық үнқатысудың орталығына – Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінің мекеніне айналды. Осынау бірегей форум түрлі халықтардың арасындағы өзара түсіністік пен әріптестікке қызмет етеді. Келесі жылы біз енді БҰҰ қамқорлығымен 3-ші съезді өткізуді жоспарлап отырмыз.

Біз Батыс пен ислам әлемінің арасындағы үнқатысуды жолға қою жөнінде бастама ұсындық. Оған Ислам Конференциясы ұйымына қатысушы

елдердің қатты қызығып отырғанын айта аламын. Бастама Еуропада тиісінше бағаланады деген үміттемін.

Айта кетейін, ИКҰ мүшелері келесі конференцияны 2011 жылы Қазақстанда өткізуге шешім қабылдады.

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

ЕҚЫҰ-ның сайланған төрағасы болып табылатын Қазақстан Ұйымды тең құқылы үнқатысудың, оң тәжірибелермен алмасудың және тиімді шешімдерді іздестірудің форумы ретінде нығайтуды өз мақсаты етіп қойып отыр. Біз ЕҚЫҰ-ны өсіп отырған сынақтар мен қатерлер жағдайында қуатты ұйымға айналдыруды жақтаймыз.

Қазіргі пікір қайшылығына қарамастан, 33 жыл бұрын Хельсинкиде негізі қаланған ЕҚЫҰ-ның әлеуеті берік күйінде қалып отыр.

Біз ЕҚЫҰ қызметін оның барлық қатысушыларының мүдделеріне сәйкес өзгертуді жақтаймыз. Алдағы атқарылатын төрағалықты Ұйымға қатысушы елдердің өзара іс-қимылына «тың тыныс» берудің жақсы мүмкіндігі ретінде қарастырамыз.

Біз қауіпсіздіктің өзекті проблемаларын шешу мен мәдениетаралық және конфессияаралық үнқатысуға жәрдемдесуге, Еуропадағы жаңа бөлу сызықтарын тегістеу, Ұйым жауапкершілігіндегі еуроатлантикалық және еуроазиаттық аймақтар

елдері үшін біріктіру амалдарын іздестіру жөніндегі күш-жігерге назарды күшейту ниетіндеміз.

Біз ЕҚЫҰ-ның нәсілшілдікке, төзбеушілік пен кемсітушілікке қарсы күреске жұмсалатын күш-жігеріне барынша жәрдемдесетін боламыз. Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығы Орталық Азия өңірінің проблемаларын шешуге және оның Еуропамен ынтымақтастығын әлдеқайда белсенді етуге, сондай-ақ бірлесіп, Ауғанстан проблемасын шешуге жәрдемдесетін болады деп сенеміз.

Еуропа мен Азия – көптеген тарихи, экономикалық байланыстармен астасқан біртұтас субқұрлық. Күш-жігерді біріктірмейінше, осы заманғы сынақтармен тиімді түрде күресіп, қауіпсіздікті қамтамасыз ете алмаймыз. Біз болашақта Еуропалық Одақтың үлгісінен Еуразиялық Одақ құруға келетінімізге сенемін. Мұны біздің бүкіл Еуразияның берекелі болуы талап етеді.

Қазақстанның 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалығы туралы шешім бізді «Еуропаға жол» деген атпен арнаулы бағдарлама әзірлеуге итермеледі. Ол Еуропа елдерімен энергетика, көлік транзиті, технологиялар трансферті, білім беру, гуманитарлық ынтымақтастық салаларында әлдеқайда кең өзара ықпалдастыққа мүдделі екенімізді бейнелейді.

Осы бағдарламаның, сондай-ақ елді дамытудың стратегиялық жоспарының маңызды бөлігі қоғамдық институттарды жетілдіру екендігі сөзсіз.

Демократиялық үдерістерді біздің түсінуіміз екі қағидаттық сәтке негізделген. Біріншіден, демократияның бірқатар әмбебап қағидаттарының болуы. Екіншіден, бұл қағидаттарды іске асыру тетіктерінде ұлттық-мәдени ерекшеліктердің болуы.

Демократиялық қоғамға ілгерілеудің «Қазақстан жолы» – нақтылы сценарий, оның қадір-қасиеті мақсатқа тиімділікпен қол жеткізуде.

Осы заманғы демократиялық қалыпқа негізделген Қазақстан Конституциясының әлеуеті қазіргі сәтте қоғамды одан әрі демократияландырудың өте маңызды бірнеше бағыттарын іске асыруға мүмкіндік береді.

Біріншіден, бұл – кем дегенде екі партияның қатысуымен парламент қалыптастыруға жағдай жасайтын құқықтық тетікті құру.

Екіншіден, саяси партияларды мемлекеттік тіркеудің әлдеқайда қолайлы жағдайларын жасау. Сонымен бірге, партия құру ел Конституциясына қатаң сәйкестікте жүруі тиістілігін айқын түсіну керек.

Үшіншіден, электораттық үдерістің рәсімдік сәттерін жетілдіру.

Төртіншіден, БАҚ қызметін реттейтін артық бюрократиялық кедергілерді алып тастау қажет. Бірақ бұл ретте мемлекет БАҚ қызметі адам құқықтарын, әлеуметтік және конфессиялық

толеранттылықты, еліміздің қоғамдық қауіпсіздігін бұзудың себебіне айналмауын қадағалауы керек.

Бұл қағидаттар мен ұсыныстарды біздің Парламент қарайды деп үміттенемін.

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының қызметін жаңа жаһандық сын-қатер мен қауіп төндіру жағдайында жетілдіре білу – Ұйым үшін өмірлік маңызы бар мәселе. Бұл ретте Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы Парламенттік ассамблеясының да орасан үлесі бар.

Қазақстан Ассамблея аясындағы парламент-аралық ынтымақтастықты Ұйымға қатысушы мемлекеттермен үнқатысуды жүргізудің маңызды құралы ретінде қарастырады. Біз оны дамытуға бүгінгі сессия жұмысының да оң ықпал ететініне үміт артамыз.

Астана қаласының 10 жылдығына
арналған салтанатты жиналыста

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2008 жылғы 5 шілде

**Ардақты ағайын!
Құрметті қонақтар!
Қадірлі отандастарым!**

Біз бүгін мемлекеттігіміздің символы, асқақ абыройымыздың айғағы болған әсем Астанамыздың мерейлі тойына жиналып отырмыз.

Астананың 10 жылдығы – ел өміріндегі аса ірі тарихи оқиға, Қазақстан халқының мерейлі мерекесі.

Біз ғасырлар тоғысында тәуелсіз жаңа мемлекет орнатып, байтақ еліміздің дәл ортасынан бас қала-

мыз – Астананы салдық. Бүгінде әлемдік қауымдастық үшін Қазақстан мен Астана атаулары егіз ұғымға айналып кетті. Бұл ұғым қарыштап даму мен өрісті өркендеудің өнегелі үлгісі ретінде орнықты.

Біздер, қазақстандықтар, Астананы асқақтату арқылы дүние жүзіне өзімізді – келешегі кемел, әлеуеті қуатты мемлекет екенімізді таныттық.

Той құтты болсын, ағайын!

Осыдан тура 14 жыл бұрын, 1994 жылдың 6 шілдесінде Парламент қабылдаған шешім шын мәнінде тарихи да тағдырлы шешім болды. Бұл шешім тәуелсіздіктің алғашқы жемістері ғана емес, жас мемлекетіміздің тұңғыш жеңістерінің де бірі еді.

Осы 10 жылдың ішінде әлемге танылған Астана Қазақстанды да әлемге әйгілі етті. Сарыарқа төсінен бой көтерген Астана бүгінде еліміздің мақтанышына, даламыздың көркіне айналып отыр.

Мемлекет ұғымының өзі ең алдымен астанамен астасып жатады. Қай елді атасаңыз да ә дегеннен санаңызға ол елдің астанасының аты түсетіні сондықтан.

Біздің қазақтың арғы-бергі тарихында Ордабалық, Суяб, Тараз, Баласағұн, Сығанақ, Жент, Сарайшық, Түркістан сияқты қалаларда ордалы жұрттың туы тігілген. Астананың дәл іргесінен табылған Бозоқ қаласы да үлкен орталықтың бірі болғанын ғалымдар дәлелдеп берді.

Астананың қазіргі жарқыраған жаңа көшелеріне Сарайшық, Сығанақ, Түркістан деген аттардың берілгенін байқаған боларсыздар.

Бұл төл тарихымызға деген бүгінгі ұрпақтың құрметі.

Ертедегі ер бабамыз Едігеден бастап, айбынды Абылайға дейінгі хандарымыздың бәрі осы Есіл бойында орда тіккендері тіпті де тегін болмаса керек.

Құт қонған Арқа төсінде, қазақ жерінің кіндігінде, халқымыздың дәулетті де сәулетті ғұмыр кешуіне қазір барлық жағдай бар.

Біз еліміздің астанасын Алматыдан Ақмолаға ауыстырдық, елорданы Алатау бауырынан Арқа төсіне көшірдік деп айта салу аздық етеді.

Шын мәнінде, біз еліміздің жаңа астанасын салуға кірістік. Сол арқылы іс жүзінде жаңа мемлекет құруға кірістік.

Халқымыз жаңа да жас мемлекетінің астанасын өзінің қалаған жеріне, өзінің қалауы бойынша орнатты. Ең бастысы – өзінің кіндік қаласының құрылысына білек сыбанып, бар күш-қайратын, ынта-жігерін салды. Әр көшеге, әр үйге жүрек мейірін, перзенттік сүйіспеншілігін, жан жылуын жұмсады.

Астана осылайша халқымыздың аялы алақаны, ыстық мейірімімен тұрғызылды. Сондықтан да бұл қала бәрімізге ерекше қымбат, айрықша аяулы.

Тәуелсіздіктің негізгі мәні – тарихтың жаңа бетін өз еркіңмен, өз шешіміңмен бастауда болса керек. Тәуелсіздік бізге жаңа жолымызды, өзіміздің соны соқпағымызды табуға зор мүмкіндік ұсынды. Сол жаңа жолымызды біз Астана арқылы таптық.

Қазіргі кезде Астана біздің келешегімізге қатысты маңызды шешімдер қабылдайтын мемлекетіміздің саяси орталығы ғана емес, ұлттық рухымызды ұйытып отырған рухани ордамызға да айналып отыр.

Кешегі өткен замандарда атамекенін ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап өткен халқымыз бүгінгі бейбіт бәсекеде де намысқа шаба білді. Жасампаздық істерде жасқанбай, ата-баба аманатына адалдығын танытты. Өркениет көшіне еркін қосылған ұлт ретінде білімділік те, біліктілік те, білектілік те, жүректілік те көрсетті. Сын сағатта сыр бермеді халқымыз.

Сол үшін де мен ел-жұртыма ризамын, алдарыңызда иіліп тағзым етемін.

Қымбатты қазақстандықтар! Құрметті Астана қонақтары!

Жер-жаһанға Астана деген атау жаңғырығып жеткен сол бір есте қаларлық күннен бері 10 жыл өтті. Бұл атау бүкіл әлемге Қазақстан Республикасының саяси және әкімшілік орталығы ендігі жерде дәл осында, Сарыарқаның селеулі дала-сында болатынын жария етті.

Осы 10 жылдың ішінде Астана әлемдегі ең жаста танымал астаналардың бірі ретінде нақты елордалық ауқымға ие болды.

Елордамыздың аты халықаралық сөздік қорына тез-ақ енді, әлем картасында өзіне-өзі сенімді мемлекет пайда болғанын аңғартатын маңызды мағынаны ала келді.

Біз бүгін Астананың алғашқы айтулы мерейтойын – елордамыздың 10 жылдығын атап өтіп отырмыз.

Осы мерекеге қатысқаны үшін жоғары лауазымды қонақтарға айрықша алғысымды айтқым келеді.

Мен Ресей Федерациясының Президенті Дмитрий Медведевке шынайы сезіммен сәлем жолдаймын.

Астана үшін Мәскеумен туыстық байланыстардың, Санкт-Петербургпен, Қазанмен, Екатеринбургпен, Омбымен және басқа да Ресейдің ірі қалаларымен әріптестікті кеңейтудің бөлекше маңызы бар.

Бүгінде Астанада М. В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің филиалы көңілдегідей жұмыс істеп жатыр. Астана картасынан аса көрнекті ресейліктердің атына қойылған көшелерді көруге болады.

Ресей қай кезде де біздің сенімді досымыз және стратегиялық одақтасымыз болып келген және солай бола да береді.

Ертең, 6 шілдеде, Қазақстан мен Ресейдің ХХІ ғасырға бағытталған Мәңгілік достық және одақтастық туралы декларацияға қол қойылғанына 10 жыл толады.

Сіздерді осы датамен құттықтаймын.

Біздің қадірменді қонақтарымыздың арасында туысқан түрік халқының атынан келген Түркия Президенті Абдулла Гүл бар.

Астананың құрылысына және сәулеттік келбетін қалыптастыруға қалада «Интерконтиненталь», «Риксос» отельдері, Бейбітшілік және келісім сарайы, «Хан шатыр» сауда, ойын-сауық орталығы сияқты көптеген басқа да нысандарды салған, әлі де салып жатқан түрік компаниялары қомақты үлес қосты. Бүгін сіздер түрік әріптестеріміздің қатысуымен тұрғызылған Тәуелсіздік сарайының тұңғыш қонақтары болып отырсыздар.

Біздің мерекемізде Иордания королі Абдолла II-ні құттықтау мен үшін үлкен ғанибет. Аса Мәртебелі қонақтың Астана мерейтойына қатысуы шынайы, жүрек толқытар достықтың белгісі, Қазақстан-Иордания қарым-қатынастарының қарқынды дамып келе жатқандығының жарқын куәсі.

Астананың 10 жылдығына арналған салтанатқа біздің көршілес туыстас мемлекеттердің басшылары – Қырғызстан Президенті Құрманбек Бакиев, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон,

Түрікменстан Президенті Гурбангулы Бердімұхамедовтің қатысуы мен үшін бек ғанибет.

Біз өздеріміздің дана бабаларымыз негіз салып кеткен тату көршілік, туысқандық достық және ынтымақтастық қарым-қатынастары ойдағыдай жалғасып жатыр деп мақтанышпен айта аламыз.

Қашанда бір-біріміздің қамымызды ойлап жүреміз, қиын шақтарда өзара қолдау көрсетеміз, табыстарымызға бірлесе қуанамыз.

Біздің қуанышымызды бөлісуге бүгін ортамызға Әзірбайжан Президенті Илһам Әлиев, Грузия Президенті Михаил Саакашвили және Армения Президенті Серж Саргсян келгеніне мен өте қуаныштымын.

Кавказда достыққа бөлекше қарайтынын біз білеміз. «Жақсы достары бар жанның сүйіспеншілік бұлағы сарқылмайды» дейді таулықтар. Біздің елдеріміздің арасындағы сенім мен өзара түсіністіктің жанға жылы ахуалы сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға серпін береді деп сенеміз.

Мемлекеттер басшыларына және басқа елдерден келген барлық қонақтарға біздің мерекелік іс-шараларымызға қатысқаны үшін шын жүректен шыққан ризашылығымды білдіремін. Баршаңызға денсаулық, елдеріңізге игілік пен өркендеу тілеймін!

Біздің астанамыздың мерейтойына орай игі ниетті құттықтауларын жолдаған ТМД-ның басқа елдерінің және алыс шет елдердің басшыларына алғыс айтуға рұқсат етіңіздер!

Қымбатты достар!

Қазіргі таңда біздің Отанымыздың елордасы – Астананы еліміздің барлық азаматтары жанына жақын тұтып кетті.

Астана ауыстырылғалы бері әрбір қазақстандық өз елінде іргелі де қажетті шаруа қолға алынғанын сезініп өмір сүре бастады.

Ғасырлар бойғы тұсау мен тоталитаризм бұғауларын серпіп тастаған, соның алдында ғана дағдарыс пен күйзелісті бастан өткерген елде жаңа, жақсы заман туып келе жатқаны сезілді. Қазақстандықтардың бәрі жас державаның жас елордасы – Астананың жан-жағына үміт пен өрліктің жан сергітер шапағы шашырап жатқанын көрді.

Астананың тарихы біздің Тәуелсіздігіміздің тарихынан ажырағысыз. Жаңа елордаға ие болу біз үшін ақиқат ашар сәтке, жаһандық тарихтың толқынында қазақстандық жолдың басталғанын байқатып тұратын маңызды мәреге айналды.

Әр мемлекеттің өзінің рәміздері бар, оларды айтқан кезде азаматтардың жүрегі бұлқына соға бастайды, ал жанын шаттық пен мақтаныш кернейді.

Біз үшін осындай рәміз – Астана.

Әлем тарихында елдің басты қаласы талай рет ауыстырылған – мысалдардың бәрін санамалап шығу мүмкін емес. Астана таңдауды қай кезде де мемлекеттің асқақ мүдделері айқындаған.

Бізде де астананы көшіру ұлттың стратегиялық мүдделерінен туындады, онда геосаяси да, әлеуметтік-экономикалық та, рухани-тарихи да астарлар болды.

Алайда, көшірудің мерзімі мен жағдайын есептей келгенде, Астана феномені бүгінгі әлемде өзіне ұқсас үлгі табу қиынға түсетін бірегей тарихи оқиға болып табылады.

Елдегі экономикалық ахуал едәуір күрделі болып тұрған 1990-шы жылдардың басында бізге бәрінен бұрын өзіміздің күшімізге сенімді орнықтыру қажет еді. Қазақстанды қуатты да өркендеген мемлекетке айналдыра аламыз деген сенім керек еді.

Қазақстан халқының шексіз мүмкіндігін бейнелейтін жаңа астана туралы ой маған дәл сол кезде келген болатын.

Бұл идеяны жүзеге асыру үшін ауқымды жұмыс атқаруға тура келді.

Елдің бас қаласы 32 өлшем бойынша таңдалды. Әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер, ауа райы, жер бедері, қоршаған орта, инженерлік және көлік инфрақұрылымының, коммуникацияның бар екені мен оның болашағы, құрылыс

кешені, еңбек ресурс-тары және тағы басқа жайлар ескерілді.

Таңдауды Астанаға түсіретіндей түйінді дәлелдер көп болып шықты. Солардың біразын ғана атай кетейін.

Астананы ауыстыру Қазақстанның геосаяси айқындамасын күшейте түсуге тиіс еді. Астана ел ортасында орналасқандықтан жақын маңайға да, әлемнің әр қиырына да бірдей ашық, сонысы арқылы біздің сыртқы саясатымыздың бейбітсүйгіштік сипатын танытып тұрады.

Астананы тоғыз жолдың торабында тұрған қалаға ауыстыру Қазақстан экономикасын сауықтыру қажеттігінен, бүкіл экономиканың өсуі үшін керекті мультипликативті тиімділікті қамтамасыз етуге ұмтылудан да туындаған еді.

Елорданы құрамы жағынан көп ұлтты өңірге көшіре отырып, біз тұрақты полиэтностық мемлекет құруға және ұлтаралық келісімге басымдық беруге бағыт ұстағанмызды таныттық.

Жаңа елорданың таңдауы Астанаға түскеннен кейін бізге елдің саяси элитасын осыған иландыру қажет болды. Мен мұндай қадамның мемлекеттік қажеттіліктен шығып отырғандығына кәміл сендім, осы идеяны нық қорғадым.

Көптеген адамдар бұл мәселені талқылаудың кезі келген жоқ деп санады, кейбіреулер тіпті қажеті жоқ десті. 1994 жылдың жазында пікір-

таласты тоқтата алдық, ел Парламенті астананы көшіру туралы тарихи шешім қабылдады.

Осылайша Қазақстанның жаңа астанасының шежіресі, сонымен бірге бүкіл елдің жаңа тарихы басталды.

Ханымдар мен мырзалар!

Астананы салудың 10 жылы Қазақстан тәуелсіздігі кезеңінің күретамыр өзегіне, ұлттық табыстың түйінді факторына айналды.

Халық пен елдің тарихы үшін 10 жыл дегеніңіз уақыттың қысқа ғана кезеңі. Алайда Астанада ол кезең бүкіл Қазақстанның және оның көп ұлтты халқының өмірін түбегейлі өзгеріске түсірген терең үдерістерге толы болды.

Біріншіден. Жаңа астананы салу жаңа қазақстандық мемлекеттілікті орнату үдерісін түйіндеді.

Сол сәттен бастап Қазақстан Республикасы билік пен аса маңызды мемлекеттік шешімдерді қабылдаудың жаңа орталығына ие болды.

Астана біздің нағыз тәуелсіздігіміздің түйінді рәмізіне және қуатты факторына айналды, бұл арманға біздің халқымыз ғасырлар бойы ұмтылып келген еді.

Екіншіден. Жаңа астана көшпелі ордадан бүгінгі заманғы республикаға дейінгі дамудың көп ғасырлық жолын жүріп өткен қазақ ұлтын өзін-өзі танып-білуінің аса маңызды белесіне шығарды.

Қазақ этносы қалыптасқан Дешті Қыпшақтың ежелгі жерінің қақ жүрегінде орналасқан ел астанасы бүгінде номадтардың санғасырлық тарихи көшінің діттеген жеріне келіп тоқтауы, ұлттың кеңістік-тарихи ұйытқысының орнықты өлшемдерін анықтау сынды әсер етеді.

Астана біздің ұлттық санамызды нағыз егемендік деңгейіне жеткізіп, қазақ этносын ұйыстырған идеялық символға айналды. Оның біздің азаматтарымыздың отаншылдық рухын асқақтатудағы маңызына баға жетпейді.

Үшіншіден. Астана мемлекеттік элитаны жаңартуға септесті және кеңестік кезең төрешілігінің таңдақтарынан ада басқарушылардың жаңа тобын қалыптастыруды бастап берді. Біздің еліміздің алдында тұрған міндеттердің бүкіл ауқымын пайымдауға, нарықтық экономика мен кәсіби мемлекеттік қызмет үшін қажетті жаңа басқару қағидаттарын игеруге қабілетті кадрлар қалыптастырды.

Мемлекеттік органдарды Астанаға көшіру – мемлекеттік қызметшілердің ұрпағын алмастыру ғана емес, бұл арқылы елді жедел жаңарту жөніндегі идеялар мен шешімдерді қайнатып шығарып жататын жанды қайнарды қалыптастыруға қол жетті.

Елдің барлық өңірлерінен Астанаға жас, білімді, мақсаткер қазақстандықтар келіп жатыр, мем-

лекеттік басқарушылардың жаңа толқынының негізін құрайтындар да солар.

Ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарларымызды жүзеге асыруға біз нақ осы Астанада кірісе алдық. Астана ауыстыру Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын орындаудың басталуымен тұспа-тұс келді.

Төртіншіден. Астана бүкіл Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының моделіне айналды.

Осы 10 жылдың ішінде елордамыз тамаша табыстарға қол жеткізді. Қалалық жалпы өнімнің көлемі 50 еседен астам өсті. Астананың елдің ішкі жалпы өніміндегі үлес салмағы 1,5 %-дан 10 %-ға артты. Өнеркәсіп өндірісінің көлемі 7 еседен астам көбейді.

Елорданың табысты экономикалық дамуының кепілі негізгі капиталға салынатын инвестицияның өсуі болды. Астана ауысқалы бері олардың көлемі 22 есе, соның ішінде құрылыста – 18 есе артты.

Астана экономикасының қарқынды дамуы қала тұрғындарының әл-ауқатын жақсартуға жеткізді. Орташа айлық жалақы 6 еседен астам өсіп, 80 мың теңгеге жақындады. Жұмыссыздықтың деңгейі 1999 жылғы 14 %-дан 2007 жылы 7 %-ға түсті.

Жаңа астанада арнаулы экономикалық аймақтар, технопарктер құруға, инвестициялық

жеңілдіктер мен преференцияларды қолдануға, экономиканың түрлі секторларында жоғары технологияларды енгізуге қатысты тиімді экономикалық тетіктер сынақтан табысты өткізілді.

Елорданы салу мен көркейтуге қазірдің өзінде 8 млрд доллар жұмсалды. Астанадағы құрылыстың кең құлашы қайран қалдырарлық: мұнда қатарынан жүздеген нысандар тұрғызылып жатыр.

Мұның өзі Қазақстан үшін жаңа болып табылатын құрылыс материалдары өндірісі саласын дамытуға, ілеспелі өндірістерді ашуға, қала құрылысында жаңа технологияларды игеруге серпін қосты.

Астанада және көршілес облыстарда жыл сайын мыңдаған жұмыс орындары құрылады.

Елорда – бизнеске мол мүмкіндік ашқан қала. Астана бизнеске қолайлы жағдай жасаудың және елдегі іскерлік белсенділікті арттырудың бірегей тұғырына айналды.

Астанада көлік инфрақұрылымын дамытуға, жол салуға ерекше көңіл бөлінеді.

Бесіншіден. Астананы ауыстыру әлеуметтік ылдым-жылдымдықтың жаңа феномендерін туындатты, адам ресурстарын дамытуға оңды ықпал жасады.

Ел түлеп сала берді. Көптеген адамдар, тек жастар ғана емес, жаңа да қызықты жұмыс іздеу, білім алу немесе жаңа мамандықты игеру, өзінің

шаруасын жүргізу үшін жолға аттанып, тың құндылықтарды қастер тұта бастады.

Қай заманда да ілгерішіл өзгерістерді бастаушылар қоғамның барынша белсенді, пассионарлы бөлігі болып келген. Өзгеріске дайын тұратын, өз өмірін басқа арнаға бұрып жіберуден қорықпайтын осындай адамдар өз болашақтарын өздері жасады.

Жаңа астананың өркендеуі осындай адамдарға жаңа мүмкіндіктер жасап берді. Астана олардың бойындағы қуатын танытуға жол ашты. Олар тек мемлекеттік қызметте ғана емес, өндірісте де, бизнесте де, шығармашылықта да өз орнын тапты.

Өз өмірін өзгертуден қорықпаған, бәрін де басынан бастауға тәуекелі жеткен бұл адамдардың әрқайсысы ерлік жасады.

Осынау өзгеріс қуаты бәсекеге қабілеттілікті, жеке қасиеттерді шыңдауды әспеттеудің әдемі үлгілерін туындатты.

Адамдар белсенді өмірлік айқындама, білім мен еңбекқорлық, отаншылдық пен туған елдің қамын ойлау Қазақстанда нағыз табысқа және игілікке жеткізетінін көрді. Бүгінде біздің елімізге дәл осындай қасиеттер керек. Астана дәл сондай қасиеттерді қалыптастырып жатыр.

Алтыншыдан. Жаңғыру факторы, жаңа ғасырға жетелеуші күш ретінде біздің жас астанамыз бүгінде өмірдің барлық салаларында барынша жоғары және озық үлгі-қалыптарды алға тартуда.

Астана өмір сүріп, жұмыс істеу барған сайын қолайлы, ыңғайлы болып бара жатқан мегаполиске айналуға. Мұның өзі мемлекет жасаған қамқорлықтың заңды нәтижесі: осы жылдар ішінде денсаулық сақтауға бөлінген қаржы – 32 еседен астам, білімге бөлінген қаржы – 22 есе, әлеуметтік қамсыздандыру мүддесіне бөлінген қаржы 6 есе артты.

Осында көшіп келісімен біз Астанада ұлы ғалым және еуразияшыл азамат Лев Гумилев атындағы жаңа Еуразия ұлттық университетін аштық, бүгінде ол өңірдегі күшті оқу орындарының қатарына қосылды. Астана тез арада-ақ Қазақстаннан ғана емес, ТМД-ның көптеген елдері мен алыс шет елдерден келген студенттер мен ғалымдардың қаласы болып алды.

Астаналық медициналық кластер жайында бөле айтқым келеді. Ол ең осы заманғы алты медицина институттарынан құралған. Өткен жылдан бері Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығы, Республикалық балаларды оңалту орталығы жұмыс істейді. Биыл Республикалық диагностикалық орталық, Республикалық нейрохирургия ғылыми орталығы, Республикалық жедел медициналық жәрдем ғылыми орталығы іске қосылды. Келесі кезекте – Ұлттық ғылыми кардиохирургия орталығы. Осы орталықтардың негізінде біртұтас холдинг ретінде басқарылатын бірегей «Денсаулық қалашығы» құрылды.

Осы заманғы ең озық медициналық құрал-жабдықпен қамтамасыз етілген мұндай кешен көп-

теген Еуропа елдерінде де жоқ. Қазірдің өзінде мұнда ауыр науқастарды емдеуге, бұрын тек шетелде ғана жасалатын аса күрделі операцияларды атқаруға болады. Барынша сапалы ем алу үшін бүкіл Қазақстаннан және көршілес елдерден адамдар Астанаға келуде.

Астана экологиялық мәселелерді шешуде осы заманғы көзқарастың үлгісіне айналууда. Мұнда сәулетшілер мен экологтардың астананы даладағы жасыл шұратқа айналдыру идеясы нақты жүзеге асырылууда. Осының нәтижесінде 10 жылдың ішінде көгалдандыру көлемі 7,5 есе артты, көп ұзамай жасыл желек аумағы 6 мың гектардан асатын болады.

Мен бастамашы болған Астананың айналасынан «жасыл белдеу» жасау жобасы қарқынды жүзеге асырылууда. Осы жылдар ішінде Астананың маңайында 45 мың гектар жерге орман отырғызылды, ол орман қала климатын едәуір өзгертіп, сайын даланың желінен қорғап тұр. Енді біраз жылдан кейін бұл жасыл белдеу Шортанды – Бурабай курорттық аймағындағы ормандармен табиғи түрде астасып кететін болады.

Астананың өркендеуі бағаланбай қалып отырған жоқ. 1999 жылы ЮНЕСКО Астананы «Бейбітшілік қаласы» деп жариялады. 2008 жылдың сәуірінде Мәскеуде өткен «ТМД-ның таңдаулы қаласы» атты байқау-конкурста Астана 16 жүлденің 9-ын алды! Астана тұрақты да сенімді дамуға, жаңа технологияларды енгізуге, әлеуметтік қорғауға,

тарихи-мәдени мұраны сақтауға, көркейтуге және көгалдандыруға қатысты категорияларда үздік қала болып танылды.

Жетіншіден. Астана жаңашыл сәулеттік және ландшафтық эстетиканың өнегесіне айналды.

Белгілі жапон архитекторы Кисе Курокаваның Астананың бас жоспары негізделген эскиз-идеясы бойынша қала екі бағытта салынады: оның ескі бөлігінің өзгеруімен қатар, Есілдің сол жағалауындағы бос аумақтарды игеру жүргізіледі.

10 жыл бұрын елорданың жаңа орталығы маған қауырсыны және өткір ұшы бар зулап бара жатқан жебе секілді қозғалыс векторын анықтайтын серпінді ось болып көрінген. Осы жебенің өн бойында жаңа елорданың басты көшелері мен аса маңызды нысандары орналасатын болуы тиіс.

Жебе ағашының ортасына бірегей сәулеттік нысан ойластырылды. Қазір бұл атақты монумент – қаланың таныстыру карточкасына айналған Бәйтерек «өмір ағашы».

Жебенің бағыты жаңа елорданың және бүкіл Қазақстанның орталығы болуға тиіс Есіл өзенінің кең бүгілісін көрсетіп тұрды. Қазір нақ осында құрамына Ақорда резиденциясы, Үкімет үйі, Мәжіліс пен Сенаттың ғимараттары кіретін әкімшілік ғимараттардың сәулеттік кешені орналасқан.

Жебенің ұшында көкке ұмтылған пирамида, «хай-тек» стилінің негізін салушы Норман

Фостердің атақты сәулеттік туындысы – Бейбітшілік және келісім сарайы тұр. Оның тұжырымдамасына салынған жаңашыл идеялар «Discovery» телеарнасына оны ХХІ ғасырдың бірегей құрылыстары тізіміне қосуға мүмкіндік берді.

Бұл осьті салтанатты «Қазақ елі» ескерткіші түйіндейді. Оның биіктігі – 91 метр. 91-ші жыл – бұл Қазақстанның тәуелсіздігі жарияланған жыл. «Қазақ елі» монументі – сан ғасырлар бойы туған жерді, біздің халқымыздың азаттығы мен тәуелсіздігін сақтап келген ата-бабаларымызға деген құрметтің белгісі.

Қазіргі кезде Қазақстан елордасында төлтума қазақстандық стильді әзірлеу үшін негіз болатын жаңа сәулеттік эталон қалыптастырылуда. Бүгінгі елордалық «портфолио» – батыл инженерлік ойларымен таңырқататын, теңдессіз құрылыстардың елеулі жиынтығы.

Біздің елорда еуразиялық кеңістіктің дәл орталығына салынды және Еуропаның да, сол секілді Азияның да сәулеттік ерекшеліктерін танытады.

Астананың бас жоспары сәулеттік шығармашылықтың әлемдік тәжірибесіндегі құрамдас бөлігіне айналды. Мұнда тұжырымдалған идеялар осы заманғы қала құрылысының іргелі қағидаттары қатарына кірді.

Осынау мереке күндері, өкінішке қарай, қазір өмірде жоқ Кисе Курокаваны еске түсіргенде, оның елордаға сыйы, Қазақстан халқына сыйы

ғасырлар бойы қалатынын айтқым келеді. Және біз осынау ұлы сәулетшінің бейнесін міндетті түрде мәңгілік есте қалдырамыз.

Мен жуырда Токиода Курокаваның балаларымен кездесіп, оларды Астанаға келуге шақырдым. Бүгін олар біздің арамызда, осы залда отыр.

Сегізінші. Астананың халықаралық маңызы әлдеқайда өсті. Астана – бұл осы заманғы аса ірі геосаяси жоба, ол Қазақстан туралы түсінікті өзгертеді.

Біздің елорда өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті нығайтуға үлес қосуы тиіс көптеген форумдарды өткізудің орнына айналды.

Астана қазірдің өзінде жай елорда емес, ол енді еуразиялық интеграцияның елордасы ретінде көрініп отыр. Нақ осы Астана өңірлік даму бойынша жаңа идеялардың, көзқарастардың, нақты бағдарламалардың генераторы болуда.

Біздің қала жалпыәлемдік конфессияаралық үнқатысудың астанасына айналды.

2003 және 2006 жылдары мұнда Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының екі съезі өтті. Келесі жылы планетаның діни адамдары тағы да бізде жиналады. Біз әлемге діндер арасындағы үнқатысудың мүмкін екендігін көрсеттік, өйткені діндердің бәрі жасампаздық пен адамзаттың игілігі идеясына негізделеді.

2011 жылы Астана VII қысқы Азия ойындарын және Ислам конференциясы ұйымына қатысушы-

ларды қабылдайды. Ал осы жуырда ғана мұнда ЕҚЫҰ Парламенті ассамблеясының жыл сайынғы сессиясы өтті.

Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға 2010 жылғы төрағалығы туралы шешім тарихи шешім болды. Бұл орасан зор сенімнің, дамудың «қазақстандық жолының» тиімділігін және қазақстандықтар толеранттылығының жоғары деңгейін танудың белгісі.

Қазақстан ТМД-ның барлық елдері атынан ұжымдық үміткер ретінде ұсынылды. Сондықтан да біз Достастықтың барлық елдеріне көрсетілген қолдау мен сенім үшін зор ризашылықтамыз.

Тоғызыншы. Астана ұлттық табыстың жарқын өнегесіне айналды, ол қазақстандықтарға қанат бітіріп, бізге күрделі өтпелі кезең арқылы жүріп өтуге көмектесті. Астана біздің кез келген міндетті іс жүзінде шеше алатынымызды, ең қияли дейтін мақсаттарға қол жеткізетінімізді көрсетіп берді.

Шынында да 1990-шы жылдардың ортасында тың даланың төсінде көк тіреген үйлер бой көтеріп, осы заманғы қала салынатынына сене алғандар болды ма екен. Алайда бұған біздің «шамамыз» жетті.

Бүгінде Астана – қазақстандық ұлттық рухтың материалдандырылған жобасы.

Біз сәтсіздіктерге жалтақтауды, өзімізді әлі де қаншама қиындықтарды еңсеруге тура келеді дейтін оймен мазалауды қойдық.

Астана табыс үшін бізге мақсатты айқын көру ғана және оған қол жеткізу үшін күн сайын жұмыс істеу керек екенін көрсетті. Және бұл Астананың арқасында біз мықтап тұрып түсінген, бәлкім, ең маңызды тағылым болар. Біз әлемнің ұлы халықтарымен заңды түрде бір қатарда бола алатынымызды ұқтық.

Сонымен, біз терең де жүйелік реформаларды жүргізіп, жаңа, инновациялық, бәсекеге қабілетті Қазақстанды құруға кірістік.

Астана Қазақстанның жаңа дәстүрінің – құрылыс тұрғызу мен жеңіске жету дәстүрінің бастауын негіздеп берді!

Осынау 10 жылда Астанамен бірге Қазақстанның бүкіл экономикасы да жоғары қарқынмен дамыды. Бүкіл еліміз елорданы тұрғызып жатқан кезде Астана бүкіл елімізді дамытты.

Осы жылдары Қазақстанның жыл сайынғы экономикалық өсуі 10 %-ға жуықты құрады. Жан басына келетін ішкі жалпы өнім 10 есе дерлік өсті. Осы кезеңдегі инвестициялар көлемі кем дегенде 23 есе өсті. Ұлттық қордың қаражатын қоса алғанда елдің халықаралық резервінің көлемі 50 млрд долларға жуықтады.

Ал бүгінгі әлемдік қаржы рыноктарындағы тұрақсыздық жағдайында Қазақстан өз күшіне деген сенімін көрсетіп отыр.

Біз экономикалық өсу қарқынына түзету енгізіп, оның тұрақтылығын сақтай білдік. Экономиканы

әртараптандыруға және негізгі инфрақұрылымды дамытуға біз үстіміздегі жылы ғана 70 млрд теңгеден астам қаражат жұмсаймыз.

Біз үшін соңғы айлардағы ең елеулі әлеуметтік проблемалардың бірі үлескерлер проблемасы болды. Ал бүгінде біз іс жүзінде бұл проблеманы шештік. Мемлекеттік бюджеттен бөлінген қажетті қаражат, ал бұл 130 млрд теңге, құрылыс саласының белсенділігін жаңартуды қамтамасыз етеді және барлық үлескерлер өз баспаналарын алады.

Мемлекет шағын және орта бизнесті дамыту үшін жағдай туғызумен байыпты да дәйекті түрде айналысып келеді. Біз таяудағы уақытта осы мақсатқа кем дегенде 110 млрд теңге бөлуді жоспарлап отырмыз, ал бұған қосымша тағы да 50 млрд теңге қаржылық қолдау жасалады.

Соңғы уақытта бүкіл әлем тағы бір дағдарыстың – азық-түлік дағдарысының салдарын бастан кешуде. Алайда Қазақстан өзін азық-түлікпен қамтамасыз етіп отыр және азық-түлікті экспорттайды. Бізде резервтер жасалған және елімізде азық-түлік өнімдерін өндіруді ұлғайтуға ақша бөлінуде. Осылайша, біздің мемлекетіміз әлемдік дағдарыстың салдарына тиісті жауабын әзірледі.

**Қымбатты салтанатты отырысқа
қатысушылар!**

Елорданың мерейтойын атап өту – бұл қара бастың қамы емес, атқарылған іске сын көзімен

қарау, басты нәрсені даралау және ең бастысы, болашаққа деген мақсаттарды анықтау.

Бүгінгі күнге дейін атқарылған іс – жоспарланғанның бір бөлшегі ғана, ең қызықтылары мен әсерлілері енді ғана басталады.

Астана – Қазақстан халқының біз бірлесе құрып жатқан болашағына көпір.

Біз өзіміздің алдымызға өршіл міндет – бірлескен күш-жігермен біздің елорданы әлемдік санаттағы қала жасау міндетін қойып отырмыз, мұндай қала өмір үшін қолайлы әрі тартымды болады. Бұл міндетті шешуге біздің шамамыз жететініне сенімдімін.

Астананың басты қасиеті жастығы болып табылады. Бас қала тұрғындарының орташа жасы 32 жасты құрайды. Ал жастық – бұл өмірде бар нәрсенің ең жақсысы. Оған ашықтық, максимализм, әсемдік, инновация рухы тән.

2010 жылға қарай елорданың өңірлік жалпы өнімі кем дегенде тағы 2 есе, өнеркәсіп өндірісі – 3,5 есе, ал негізгі капиталға инвестициялар 1,5 есе өседі.

2015 жылға қарай Астанада кем дегенде 1 млн адам тұратын болады деп күтудеміз. Бұл үлкен, осы заманғы және сонымен қатар өмір үшін өте қолайлы мегаполис болады.

Мұнда қуатты ғылыми-ағартушылық кластер құрылады. Оған беделді мектептер, университеттер мен ғылыми орталықтар кіреді. Қазірдің

өзінде екі интеллектуалдық «болашақ мектебінің», әрбір институты беделді шетелдік жоғары оқу орындарының бір филиалы болатын Халықаралық университеттің құрылысы басталды.

Елордада жоғары технологиялық өндірісті және қызмет көрсету секторын интенсивті дамыту үшін барлық жағдай жасалуда – мұның өзі Орталық Азиядағы бірінші постиндустриялық қала болуға мүмкіндік береді.

Инновациялық даму бағытына балама жоқ. Бұл туралы біз жуырда Ресейдің, Жапонияның, Францияның, ТМД елдерінің көшбасшыларымен сөйлестік және пікірлеріміз бір жерден шықты. Астана – осы бағыттың компасы.

Таяудағы уақыттың өзінде біз аса ірі шетелдік компаниялармен бірлесіп Астанада бірқатар осы заманғы жаңа өндірістер құруды жоспарлап отырмыз. Бірнеше жылдан кейін Қазақстан елордасында осы заманғы автомобильдер, электровоздар, тіпті ғарыш спутниктері шығарылатын болады.

Біздің Астана өңірлік бизнес-орталық ретінде дамиды. Оның бүкіл өңірдің аумағында іскерлік белсенділікті дамытудың қолайлы плацдармы болуға жақсы перспективасы бар. Қалада бизнес-инфрақұрылымды салу жалғаса береді.

Астана белсенді өмірдің жоғары стандарттарымен мүмкіндіктері бар қала болады. Бұл үшін біз тиісті инфрақұрылымды – театрларды,

мұражайларды, өнер галереяларын дамыта береміз. Астана денсаулықты насихаттайтын қалаға айналады. Біз ең озық үлгідегі спорт және сауықтыру орталықтарын саламыз.

Бүгіннің өзінде қалада туу 4 есе дерлік ұлғайып, орташа өмір ұзақтығы 71 жылды құрады.

Астана барлық өңірлер мен түрлі елдерден келетін қонақтар үшін әрдайым ашық болады. Орасан зор экономикалық және инновациялық әлеует, жоғары мәдениет деңгейі, мультитідік және қайырымды орта, қоғамдық тұрақтылық – осының бәрі Астананы дамытудың және оның халықаралық брендiнiң парадигмасына айналады.

Ханымдар мен мырзалар!

Қалалар бірден пайда болмайды. Әр ұрпақ қала тарихына өз жолдарын жазады. Олардың еңбегі терең құрметке лайық.

Өткенді еске түсіргенде, астананы көшіру идеясына қолдау білдірген және күш-қуатын аямай менімен бірге жұмыс істеген өзімнің үзеңгілестерім мен ниеттестерімді жылылықпен ойлап қоямын. Елорданың көшуін қамтамасыз еткендердің бәріне зор ризашылық білдіремін.

Еңбектері Астананың жаңа келбетін жасаған сәулетшілерге, инженерлерге, барлық құрылысшыларға рахмет.

Астананы салуға көмектескен біздің шетелдік достарымыз бен әріптестерімізге ризашылық пен

терең құрметімді білдіргім келеді. Астананың құрылысына Катар, Сауд Арабиясы, БАӘ, АҚШ, Кувейт, Түркия, Ресей, Италия секілді елдер айрықша үлес қосты.

Олардың көмегімен Президент Резиденциясы, Парламент пен Үкімет, Ауыл шаруашылығы министрлігінің үйлері, Ұлттық академиялық кітапхана, «Нұр Астана» мешіті және «Қазақстан» спорт кешені, Кардиология орталығы салынды.

Осының бәрі – бүкіл әлемдегі біздің достарымыздың сыйлығы мен қолдауы. Оларға зор рахмет айтуға рұқсат етіңіздер.

Қымбатты достар!

Кез келген елдің тарихында ұлттың ұжымдық рухы тыныштық кезеңінен пассионарлық өрлеу кезеңіне көшетін кездер болады. Сол кезде адамдардың жиынтық энергиясы, олардың интеллектуалдық және шығармашылық күш-қуаты таңғаларлық нәтижелерге қол жеткізуге, бір ұрпақтың кезінде басқа елдерде жүздеген жылдар кететін жолды еңсеруге мүмкіндік береді.

Біздің тарихымызда мұндай кезең біздің елорданың – Астананың пайда болуымен басталады.

Бүгін ұлы мейрам. Астана – Қазақстан халқының орындалған үміті мен арманының көрінісі. Тәуелсіз Қазақстан өтпелі кезеңнің барлық қиындықтарын еңсере отырып, табысты даму жолына шықты.

Бұл жеңіс – біздің елдің көп ұлтты халқының бірлігінің, адамдар арасындағы шынайы достықтың, қоғамдағы тұрақтылықтың нәтижесі.

Біз өзіміздің күшіміз саналуандықта деген қағидат бойынша өмір сүрудеміз. Тарих этностық белгілері бойынша артықшылық идеясы оны уағыздаған халықтарға үлкен қырсық, бақытсыздық пен қасірет қана әкелгенін үйретеді. Сондықтан да біз Қазақстан қоғамының көпэтностылығына ұқыпты қараймыз. Бізде бір этностардың басқаларынан артықшылығы жоқ. Қазақстан – өзінің барлық азаматтарының Отаны.

Астана – жаңа Қазақстанның күш-қуаты және оның көп ұлтты халқының жасампаз энергиясының көзі.

Астана – біздің барлық азаматтардың үміті мен болашаққа деген символы.

Бұл біздің Қала, бұл біздің Елорда, бұл біздің Астана!

Сіздерді Астананың 10 жылдығымен құттықтаймын. Барша жақсылықты, мықты денсаулық, табыстар тілеймін!

Қазақстан жасасын!

Астана жасасын!

«Қазақ елі» монументінің
ашылу салтанатында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2008 жылғы 6 шілде

Қымбатты отандастар!

Біз бүгін Астанамыздың 10 жылдық мерейтойына, халқымыздың жарқын жолы, жасампаз куәсінің бейнесіндей «Қазақ елі» монументін салтанатты түрде ашуға жиналып отырмыз.

«Өткенге топырақ шашсаң, болашақ саған тас атады» деген атадан қалған ұлағатты сөз бар. Тарихын ұлықтамаған, барын бағаламаған жұрттың бағы жанып, жоғы түгенделмейді.

Бүгінгідей кең байтақ жері бар, киелі төрі бар қазақ шын мәнінде жұлдызы жанған бақытты халық.

Алтайдан Атырауға дейін, Сыр бойынан Тобылға дейін созылған кең байтақ далада XV ғасырда құрылған Қазақ хандығы Ұлы далада бұрын-соңды болмаған ұлы мемлекеттердің заңды және лайықты мұрагері болып саналады.

Қазақ мемлекетінің негізін салған, аты аңызға айналған Жәнібек пен Керей хандармен тікелей байланысты сол бір тарихи күндерден біздің тәуелсіздік шуағы төгілген қазіргі бақытты шағымызға дейінгі кезеңде халқымыз талай тағдырлы оқиғаларды басынан өткізді, талай рет толағай жеңістерге жетіп, талай рет жеңіліс зары өзекті өртеді. Қазақ халқы өз тарихында ұлт ретінде жойылып та кете жаздады, тағдырдың талай ащы зары мен тауқыметін тартты.

Әр ғасыр, әрбір дәуір қазаққа сыны мен сынағын қатар жіберуден танбады. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» тұсында империялардың қыспағына түсіп, халқымыз ерен ерлікпен өзінің еркіндігі мен Отанын сақтап қалды. Нақ сондай ерліктің түп тамыры – халықтың бірлігі басқа күн туғанда құрыштай шынығып, ар-намыс пен тәуелсіздік үшін шайқаса білудің қайнар көзіне айналды.

Қазақтың соңғы сайланған ханы – жаужүрек Кенесары осы өңірде Абылайдан кейін бодан-

дық қамытын киген қазақ халқын бір тудың астына біріктіруді көксеп, қол бастап шықты. Алайда, өкінішке қарай, күштердің арасалмағы дегенін істеді, ол қалың қолдың алдында шейіт болды.

Дегенмен Кенесарының қайғылы өлімінен кейін де қазақ даласында азаттық жолындағы айқас бір сәтке де толастамады. Жалпы, арғы-бергі замандарда қазақ сахарасында 350-ге жуық ұлт-азаттық көтерілісі болды.

Тап соның заңды жалғасындай, өткен ғасырдың бас кезінде тарих сахнасына «Оян, қазақ!» деп жар салған зиялылардың жаңа шоғыры шықты. Дербес мемлекет құруды аңсап, азаттық жолында бастарын бәйгеге тіккен Алаш қайраткерлерінің бәрі де тоталитарлық өктемдіктің құрбаны болды.

Отаршыл жүйенің озбырлығын көрген қазақ халқы 30-шы жылдардағы зобалаң тұсында орасан нәубетке ұшырап, қынадай қырылды.

Сол кезде саны 5 млн-ға жетіп қалған қазақ халқы бірер жылдың ішінде тең жарымынан айрылды. Көпшілігі аштан өлді, қалған қазақ айдалып кетті, атылды, жер аударылды.

«Мен қазақпын, мың өліп, мың тірілген...», – ақын жүректің осындай жалынды жырлары сондай шерден туғаны анық.

Мұның бәрі – ұмытуға болмайтын төл тарихымыздың қастерлі беттері, халқымыздың қасіретті тағдыры. Бүгінгі ұрпақ бұларды білуі, санада

сақтауы тиіс. Сол себепті, Астананың 10 жылдығын мерекелей отырып, «Қазақ елі» монументінің алдында өткенімізге салауат, бүгінгімізге тәубе дейік, ағайын!

Құрметті қазақстандықтар!

Біздің жас астанамыздың нақ ортасынан орын алған «Қазақ елі» монументі бұдан әрі егемен еліміздің ең басты ескерткіші болып есептеледі.

Оның биіктігі – 91 метр. Бұл цифр тіпті де кездейсоқ емес. Қазақстан өзінің тәуелсіздігіне 1991 жылы ие болды. Міне, соған байланысты монументтің биіктігі де соның айшықты көрінісі іспеттес.

Мұнараның ұшар басында заңғар аспан еркесі – Самұрық құс бейнеленген. Халқымыздың дәстүрлі аңызында айтылғандай, Самұрық құс азаттықтың, қайрат пен қайсарлықтың, дарқан пейіл мен өжеттіліктің символы. Біздің Самұрық құс та мемлекеттігіміздің беріктігі мен мызғымастығының жиынтық бейнесіндей рухтандырады.

Бұл монумент – ата-бабаларымыздың өсиеттеріне, тамыры терең халықтық дәстүрлерге, ұрпақтардың бірлігі мен сабақтастығына адалдығымыздың куәсіндей.

Қымбатты бауырластар!

Қазақ халқы өзінің бауырмалдығымен, көрші хақына адалдығымен, құшағының кеңдігімен және қонақжайлылығымен ежелден аты шыққан.

Бұл біздің ұлттық мақтанышымызды құрайтын асыл қасиет. Осы қасиетінің арқасында халқымыз мемлекет құраушы ұлт ретінде татулық пен келісімнің ұйтқысы болып келеді.

Сондықтан елорда төріндегі мынау «Қазақ елі» монументі халқымыздың биіктерді бағындырар сарқылмас әлеуетіне, даласындай дарқан пейіліне қойылған тағы бір айшықты белгі.

Қазақстанның келешегі кемел. Күн сайын көркейіп келе жатқан Астана біздің мемлекетіміздің кіндік қаласы ретінде ғасырдан ғасырға жасай беретіні сөзсіз. Халқымыздың асқақ рухын паш етіп, бірлік пен жасампаздыққа үндей беретініне кәміл сенемін.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, әсем Астанамыздың абыройы асқақтай берсін.

Қымбатты қазақстандықтар, сіздерді мереке-леріңізбен құттықтаймын!

**АӨСШК-ге мүше мемлекеттердің
Сыртқы істер министрлерінің ІІ кеңесінде
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ**

Алматы қаласы,
2008 жылғы 25 тамыз

**Құрметті министрлер!
Ханымдар мен мырзалар!**

Шығыста былай дейді: ең үлкен бұлдыр қиял – бұл жіктеліс қиялы, өйткені біз бәріміз біртұтас нәрсенің бөлшегі болып табыламыз. Мемлекеттік шекаралар да, тілдің ерекшеліктері де, саяси қайшылықтар да біздің бір планетада өмір сүретініміздің, онда біздің балаларымыз бен немерелерімізге өмір сүруге тура келетінінің мызғымас жәйтін өзгерте алмайды.

Бүгінде әлем күрделі кезеңді бастан кешуде. Мемлекеттер өздерінің басқа елдермен қай-

шылықтарында өзара сенімсіздік пен шиеленісті күшейте түсіп, күш қолдану әдістерін, қыздырманың қызыл сөзін жиі пайдаланатын болды. Осындайларды көргенде, Гегельдің «тарих өзі халықты ешқашан ештеңеге үйретпегенін үйретуді ғана біледі» деген сөздерін алаңдай отырып еске түсіресің.

Аштық, қайыршылық, індеттер, экологияның нашарлауы, лаңкесшілдік, есірткі саудасы – осынау жалпы планеталық проблемалардың бірде-бірі халықаралық қоғамдастықтың күш-жігерін біріктірмейінше шешіле алмайды.

Бүгін мен 1992 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында айтылған АӨСШК-ні шақыру туралы Қазақстанның бастамасы халықаралық қарым-қатынастың нақты факторына айналып, Азияда қауіпсіздік пен ынтымақтастықты қолдаудың тиімді құралы қызметін атқарып отырғанын разылықпен атап өтемін. Оның өміршеңдігі құрлық халықтарының қауіпсіз дүниеде өмір сүруге деген шынайы мұң-мұқтажы мен үміттеріне, өңірдің ашық та сындарлы үнқатысу үшін инфрақұрылым құруға деген орынды қажеттілігіне негізделеді.

Өткен жылдарда бұл бастама Азия құрлығында бейбітшілік пен сенім орнықтыру идеясынан бастап ұжымдық дипломатияның нақты тетіктеріне дейінгі ұзақ жолдан өтті. АӨСШК-нің құрлықта халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз

ету жөніндегі жаңа тетігі пайда болғаны туралы жария еткен екі саммиті өтті.

Форумның институттану кезеңі аяқталды, халықаралық Хатшылық, Арнаулы жұмыс топтары ойдағыдай қызмет етуде, Аға лауазымды тұлғалар комитеті отырысын жүйелі өткізеді. Сенім шаралары каталогын іске асыру жөніндегі міндеттердің орындалуы жолға қойылған.

Форум қызметінің түрлі бағыттарын үйлестіретін мүше мемлекеттердің барлығына алғыс сезімін білдіргім келеді.

Бүгінде АӨСШК-ге қатысушылар алдында маңызды міндеттер тұр. Ұжымдық дипломатияның барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, біз өзіміздің күш-қуатымызды халықаралық терроризммен, діни экстремизммен, ұйымдасқан қылмыспен, есірткі трафигімен және заңсыз көші-қонмен күреске бағыттауға тиіспіз. Бұл үшін әскери-саяси өлшемдердегі ынтымақтастықты дамыту және нығайту жөнінде нақты жұмысты бастаған орынды. Бұл ынтымақтастық болашақта біздің мемлекеттердің Сенім шаралары каталогының маңызды бағыттарының біріне айналуы тиіс.

Өкінішке орай, Азия құрлығында тұрақсыздық пен шиеленіс ошақтары аз болмай тұр.

Ауғанстандағы ахуал бұрынғысынша үлкен алаңдаушылық туғызады. Қасіретті көп көрген осынау ел халықаралық есірткі индустриясының аса ірі бір орталығына айналды, «терроризм

экономикасының» жыл сайынғы айналымының үштен біріне жуығы оның үлесіне тиеді.

Қазіргі таңда Ауғанстанның бейбіт өмірге тездетіп оралуы және күйреген экономиканы қалпына келтіру жөнінде барлық күш-жігерді қолдануымыз керек. Қазақстан Үкіметі қазірдің өзінде Ауғанстанға экономикалық көмек көрсетудің арнаулы бағдарламасын қабылдады – жолдар, мектептер, ауруханалар салуға, мамандықтардың кең ауқымы бойынша кадрлар даярлауға қаржы бөлінді.

АӨСШК-ге мүше мемлекеттер де біздің форумның мүшесі ретінде Ауғанстанға қолдан келгенше экономикалық көмек көрсету бастамасын көтерді. Баршаны осы бастамаға үн қосуға шақырамын!

Біз Ирак туралы ұмытпауға тиіспіз, бұл елдің көп қасірет шеккен халқы жақсы тағдырға лайық. Бұл өңірде бізге тұрақты да дамушы көрші қажет.

Таяу Шығыста бейбіт үдерістің қосалқы демеушілерінің, халықаралық және өңірлік ұйымдардың күш-жігері, сондай-ақ келіссөз үдерісіне қатысушылардың ізгі ерік-жігері бұл өңірде бейбітшілікке қол жеткізетініне үлкен үміт білдіремін.

Ядролық қарудан бас тартқан мемлекет ретінде Қазақстан ядролық жаппай қарусыздану бағытындағы әлемдік қоғамдастықтың күш-жігеріне қолдау білдіреді. Осыған байланысты біз алтыжақты келіссөздер аясында Солтүстік Кореяның ядролық

бағдарламасын тоқтату жөнінде қол жеткізілген ілгерілеушілікке қуанамыз.

Біз Иранның ядролық бағдарламасы төңірегінде қалыптасқан ахуалды да тек дипломатиялық әдістермен шешу қажеттігіне нық сенімдіміз.

Оңтүстік Осетияда және тұтастай Кавказда қалыптасқан ахуалды айналып өтуге болмайды. Соңғы оқиғалар бұл өңірдің болашағы мен қауіпсіздігіне елеулі алаңдаушылық туғызады.

Қақтығысты күш қолдану арқылы шешу әрекеті Оңтүстік Осетияның, әсіресе, Цхинвали қаласының және Грузияның бейбіт тұрғындарының, сондай-ақ ресейлік бітімгершілердің қаза табуына соқтырды. Ресейдің жауап әрекеті әскери күш қолдану болды. Бұл осынау этноаумақтық қақтығысты саяси-құқықтық тұрғыда шешу мүмкіндігін елеулі түрде қиындатып жіберді, бұл қақтығыстың салдарын Кавказ өңірі үшін ғана емес, басқалар үшін де болжау қиынға түседі.

Қазіргі бірінші кезектегі міндеттердің бірі жедел түрде гуманитарлық көмекті жеткізу болып табылады. Қазақстан қазірдің өзінде зардап шеккен халыққа материалдық көмек көрсетуде. Оңтүстік Осетияда болған жағдайдан кейін өзара қолайлы шешімдер іздеудің ұзақ та күрделі жолынан өту талап етілетіні сөзсіз.

Көп ұлтты Қазақстан ұлтаралық және конфессияаралық қарым-қатынастар – бұл саяси мәселелер екенін, оларға жоғарыдағыдай қақтығыстарға

жол бермес үшін тұрақты көңіл бөлу қажеттігін әрдайым ұстанып келе жатқаны белгілі.

Әлемдік қоғамдастық Кавказдағы жағдайды тұрақтандыру және өңірдегі шиеленісті азайту үшін ықпалды шаралар қолдануы тиіс.

Осыған байланысты біз Ресей басшылығы ұсынған бұл мәселені БҰҰ Жарғысы, халықаралық құқық нормалары мен қағидаттары негізінде шешу жолын қолдаймыз.

Біз сондай-ақ қақтығыстар аймағындағы халықаралық қадағалаушылар санын ұлғайтуды және олардың рөлін белсенді етуді жақтаймыз. Қазақстан ЕҚЫҰ-ның ахуалды қалыпқа түсіру жөніндегі күш-жігеріне қатысуға әзір.

Құрметті отырысқа қатысушылар!

Әлемдегі қаржы дағдарысы, мұнай бағасының өсуі және азық-түлік ресурстарының тез арада қымбаттауы – нақ сынақтар таяудағы уақытта осы заманғы жаһандық саясатты айқындайтын болады. Барлық елдер экономикалық берекетсіздік салдарын барынша азайтуға мүмкіндік беретін қадамдар жасауға ұмтылуда.

Бүгінде өзінің күш-жігерін өңірдегі көршілерімен біріктіру қажеттігін түйсінетін мемлекеттер барған сайын көбейіп келеді. Даму жолындағы ұжымдық жауапкершілікті сезіне отырып, біз өз әріптестерімізді экономикалық өлшемдегі

«Кооперативтік көзқарас» аясындағы бірлескен ынтымақтастыққа шақырамыз.

АӨСШК аясында мәдениет саласындағы ынтымақтастықты, ұлтаралық және конфессияаралық өзара іс-қимылды дамыту мен нығайту маңызды бағыттар болып табылады.

Бұл саладағы қарқынды жұмыс мәдениеттердің жақындасуын, түрлі елдер халықтарының өзара рухани молығуын, саналуандылықты сақтауды, тағаттылыққа баулуды және тіпті дағдарыстарды бейбіт реттеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қазақстан АӨСШК-нің қазіргі төрағасы және Азиядағы ынтымақтастық жөніндегі үнқатысудың (АЫҮ) болашақ төрағасы ретінде осы заманғы сынақтарға өңірдің күш-жігерін біріктіріп қана тиісінше ықпал етуге болатынына сенім білдіреді. Бұл үшін көптеген түйісер тұстары бар екі форумның – АӨСШК мен АЫҮ-нің арасында тиімді ынтымақтастықты жолға қойған орынды болады. Біз АӨСШК мен АЫҮ ілгерілеу жолындағы Азияның бір медалінің екі жағы дейтін Таиланд ұсынған тезисті қолдаймыз.

Біздің Кеңеске 2002 жылдан бері төрағалық етіп келе жатқан Қазақстанның мандаты 2010 жылы аяқталатыны белгілі. Сондықтан да келесі төрағаның кандидатурасына қатысты көзқарасымызды айқындайтын уақыт жетті. Біз бұл лауазымға АӨСШК-нің барынша белсенді қатысушылары-

ның бірі – Түркия Республикасын сайлауды ұсынамыз. Біздің ойымызша, бұл осындайлық маңызды лауазымға барынша қолайлы үміткер.

Жоғарыда аталған міндеттерді іске асыру 2010 жылы болатын АӨСШК-нің III саммитіне нақты нәтижелермен баруға мүмкіндік беретініне сенімдімін.

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Әлемде Қазақстанның тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайтуға, өңірлік және жаһандық даму үшін қолайлы жағдайлар қалыптастыруға бағытталған күш-жігері жоғары бағаланады.

Біздің еліміз ядролық қарусыздану және таратпау режимін нығайту үдерісіне ядролық қарудың көлемі жөнінен төртінші арсеналға ие болудан ерікті түрде бас тартып, сондай-ақ бұрынғы Семей полигонын жаба отырып, тарихи үлес қосты.

АӨСШК және Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі халықаралық қарым-қатынастар жүйесінің ажырағысыз сипаттарына айналды.

Біз «Ортақ әлем: әралуандылық арқылы прогреске» деген атпен Батыс пен ислам әлемі арасында үнқатысудың жаңа форумын құрып жатырмыз. Мұсылман және батыс елдерінің сыртқы істер министрлері шақырылған оның алғашқы кездесуі осы жылғы қазанда Астанада болады.

«Ұлы Жібек жолын» қайта өркендету жөніндегі санмиллиардтық жоба басталып кетті. Батыс Еуропа мен Батыс Қытай көп кешікпей Қазақстан арқылы қуатты көлік коммуникацияларымен жалғасады. Біз қазірдің өзінде Қазақстан аумағы арқылы өтетін автомагистральді салуға кірістік.

Астана ШЫҰ мен ЕурАзЭҚ-ты қоса алғанда, халықаралық өңірлік ұйымдардың жұмысына белсене қатысады.

Бүгінде және болашақта қажет болып табылатын Орталық Азия мемлекеттері одағын құру туралы біздің бастамамыз зор қызығушылықпен қабылданды.

Еуразияның энергетикалық және азық-түлік рыноктарында жауапты әріптес ретіндегі біздің еліміздің рөлі өсе түсуде.

Қазақстан энергетикада да, сол секілді азық-түлік саласында да жеткілікті ресурстарға ие болып отыр және оларды құрлықтағы өз көршілерімен бөлісе алады.

Осылайша, Қазақстан өңірлік бірлестіктердегі төрағалыққа «құр қол» емес, үлкен де тиімді қоржынмен келіп отыр, әлбетте, оларды ортақ игілікке, осы ұйымдардың рөлі мен беделін нығайтуға пайдалануды ұсынады.

Жиынға қатысушылардың барлығына осы отырысқа қатысқаны, олардың елдерінің жоғары өкілдік деңгейі үшін және біздің елдеріміздің бәріне

қажетті АӨСШК үдерісін қолдағаны үшін алғыс айтуға рұқсат етіңіздер.

Егер біз өзара ықпалдастық пен сенімімізді тосқауылдарға қарсы қоятын болсақ, Азияда шешілмейтін проблемалар болмайтынына сенімдімін. Осыны түсінушілік болашаққа деген үмітті ұялатып, сенімді нығайтады.

Біз АӨСШК секілді көпқырлы тетіктердің қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету ісіндегі тиімділігіне сенеміз. Қазақстан бүкіл өңірдің күрделі мәселелері мен проблемаларын шешуге жәрдемдесетін мемлекеттермен әрдайым бірге болады.

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Құрлықта пәрменді дипломатия жүйесін орнықтыру үшін біз әлі де орасан шаруалар атқаруға тиіспіз.

Әр мемлекеттің сыртқы саясатындағы жалғыз дұрыс қағида – төзімділік, жауапкершілік, үнқатысу ғана екенін барша әлемге біз өз мысалымызбен танытуымыз керек деп ойлаймын.

Keңес жұмысына табыс тілеймін!

Қазақстан мен Ресейдің өңіраралық
ынтымақтастығының V форумында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Ақтөбе қаласы,
2008 жылғы 22 қыркүйек

**Құрметті Дмитрий Анатольевич!
Құрметті форумға қатысушылар!**

Сіздерді Ақтөбе қаласының 2 күн бойы
Қазақстан-Ресей ынтымақтастығының орталығы
болуымен құттықтаймын.

Шекаралас аумақтар басшыларының кездесуін
тұрақты өткізу Қазақстан мен Ресей арасындағы
екіжақты ықпалдастықтың жарқын мысалы болып
табылады.

Өңірлер форумы аясында өтіп жатқан талқы-
лаулар мен қол жеткізілген уағдаластықтар
Қазақстан-Ресей қарым-қатынастарын дамыту

жөніндегі мемлекетаралық күш-қуатымызды айтарлықтай толықтырды, оған нақты сипат берді.

Ақтөбе қаласындағы қазіргі V форум ерекше маңызды. Ол Мәңгілік достық пен одақтастық жөніндегі Қазақстан-Ресей декларациясына қол қойылғанының 10 жылдық мерекесімен тұспа-тұс өтіп отыр. Бұл құжат біздің елдеріміз арасындағы ұзақ мерзімді екіжақты қарым-қатынастың негізін қалады.

Президент Дмитрий Анатольевич Медведевпен арадағы келісім бойынша біз өңірлердің жыл сайынғы кездесулер аясын кеңейттік.

Бүгінгі форум жұмысына біздің елдеріміз арасында қарым-қатынасты және өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға елеулі үлес қосушы қазақстандық және ресейлік өңірлердің басшылары қатысуда.

Форумға қатысушы Санкт-Петербургтің, Мәскеудің, Свердлов облысының, Ингушетия мен Татарстанның басшыларын шын жүректен құттықтаймын. Қазақстан жағынан форумға еліміздің 16 өңірінен 11 өңірдің әкімдері қатысып отыр.

Демек, қазіргі шекаралас өңірлер форумы Қазақстан мен Ресей арасындағы өңіраралық ынтымақтастық форумына айналды.

Оған қатысушылар құрамы алда одан әрі кеңейе түсетініне сенімдімін.

Бүгін біздің өңірлер арасындағы өзара іс-әрекеттерімізді талқылауымыз, алда тұрған нақты

міндеттерді және болашақ жоспарларымызды айқындауымыз керек.

Ең алдымен, екіжақты экономикалық ынтымақтастықтың жедел дамып келе жатқанына тоқталғым келеді. Тек үстіміздегі жылдың 7 айында ғана екі елдің арасындағы тауар айналымы 12 млрд долларға жуықтады. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 32 % көп.

Мұндай көрсеткіштерге жетуде шекаралық өңірлер ынтымақтастығының қосқан үлесі зор. Жалпы Қазақстан-Ресей сауда-саттық көлемінің 10 %-ынан астамы бір ғана Ақтөбе облысының үлесіне тиесілі. Көрмеге қойылған өнімдерімізге қарап-ақ мұндай ынтымақтастықтың бұдан ары дамуының аршынды әлеуетін көруге болады.

Тауар айналымы өсімінің, яғни біздің сауда-экономикалық байланысымыздың жаһандық дағдарыс жағдайында нығайып отырғанын атап айтқан жөн. Көптеген елдер азық-түлік ресурстарына бағаның қымбаттауына және ипотека нарығындағы дағдарысқа байланысты экономикалық ауыртпалық қыспағында қалған кезде біздің елімізде тұрақтылық орнықты. Біздің ортақ ынтымақтастығымыз алда да өміршең сипатта сыртқы факторлардың теріс ықпалынан қорғайтын болады.

Елдеріміз арасында сауда-экономикалық байланыстың нығайып отырғанын айта келе, жоғары технология саласындағы ынтымақтастықты басымдылықпен дамыту қажеттігіне баса назар

аударған жөн. Біздің форумның өзі осы тақырыпқа арналды.

Жоғары технологиялар саласындағы өзара іс-қимыл тәжірибесі бізде қазірдің өзінде мемлекетаралық деңгейде орнықты.

Айталық, атом энергетикасы саласында біздің құрылтайшылық етуімізбен Иркутск облысының Ангара қаласындағы халықаралық орталық базасында байытылған уран өндірісі бойынша жоба жүзеге асырылуда.

ЕурАзЭҚ аясында медицина, ауыл шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау үшін бәсекеге қабілетті биоөнімдер шығаратын тиімділігі жоғары жаңа технологияны жасау бағдарламасы орындалуда.

Қазақстан мен Ресейдің ғарыш саласындағы ынтымақтастығын «Байқоңыр» ғарыш айлағын пайдалану мәселелері бойынша өзара іс-қимылының мысалынан, Жаһандық навигациялық спутниктік жүйесіне қатысуынан аңғаруға әбден болады. Енді қазақстандық ғарышкерлердің қатысуымен ғарышты бірлесе зерттеу – күн тәрбінде тұрған қазіргі өзекті мәселе.

Бұл тәжірибені бірлесе күш жұмсай отырып арттыра түсу қажет.

Биылғы жылы Ресей Президентінің ұсынысымен инновациялық даму саласында Ресей-Қазақстан ынтымақтастығын күшейту жөніндегі жұмыс тобы құрылды. Қысқа мерзім ішінде 2 рет

кездесу өткізілді, оның қызметінің басты бағыттары және инновациялық ынтымақтастықтың негізгі салалары айқындалды. Осы жұмыс тобының аясында Ресейдің бір «Роснано» компаниясы қазірдің өзінде нанотехнологиялар бойынша тоғыз жобаны іске асыруды ұсынуда.

Сондай-ақ қазір «Қазына» тұрақты даму қоры» АҚ мен «Роснано» компаниясы және Ресейдің венчурлік компаниялары арасында бірлескен Қазақстан-Ресей венчурлік қоры құрылды. Жаңа қор Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы аумағында нанотехнология саласындағы инновациялық жобаларға инвестиция құюды жүзеге асырады.

Қазақстанда да, Ресейде де бірқатар бағыттар бойынша отандық ізденістер негізінде ғылым жетістіктеріне зәру өндірістерді дамытуға мүмкіндік беретін ғылыми база жеткілікті.

Жаһандық азық-түлік дағдарысы жағдайында ауыл шаруашылығы әлеуеті мейлінше жоғары және аумағы ұлан-байтақ біздің елдерімізде агротехнологияларды енгізу есебінен жаһандық проблемаларды шешуге өз үлесін қоса алатындай зор мүмкіндіктер бар.

Химия саласында, оның ішінде минералдық тыңайтқыштар өндіруде, сондай-ақ егіннің шығымдылығын арттыру және тұтастай алғанда ауыл шаруашылығының тиімділігін арттыру мақсатында агротехнологиялар әзірлеу мен оны

өндіріске енгізу бағытындағы бірлескен жоғары технологиялық жобалардың да алатын орны айрықша.

Қоршаған ортаны қорғау бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Біз қазірдің өзінде қуат көздерін жаңарту мен тұрақты дамудың ұзақ мерзімді серпілісіне дем беретін электр қуатын сақтаушы бағдарламаларға арналған заң жобаларын әзірлеуге кірісіп те кеттік. Егер әлемде қайтадан жаңартылатын электр қуаты көздерін пайдалану мөлшері осындай бүкіл қуаттың шамамен 18 %-ын құраса, мұндай көрсеткіш Қазақстан мен Ресейде мүлдем төмен.

Сондықтан осы бағыттағы ынтымақтастықты дамытуда «жасыл» қуат саласының бірлескен жобаларын іске асырудың маңызы зор. Мұндай міндет бүкіл әлем бойынша да технологиялық дамудың басым мәселелерінің қатарында тұр.

Атом өнеркәсібін дамыту бірлескен ынтымақтастықтың ең тартымды бағыттарының бірі болып табылады.

Қазіргі таңда тараптар қуаты төмен және орташа реакторларды әзірлеу жөніндегі бірлескен жобаны іске асыруға кірісті.

Бұл ретте біз атом электр стансаларын тек Қазақстанда ғана салып қоймай, сонымен бірге игерілген технологияларды одан әрі пайдалануды және сонымен халықаралық рынокқа шығуды да көздеп отырмыз.

Біздің ойымызша, Қазақстан мен Ресейдің инновация саласындағы ынтымақтастығы ғылыми және өндірістік ресурстарды ұштастыруға, бірлескен қорлар құруға, озық технологияларды алмасу жүйесін қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Біз Жапонияның, АҚШ-тың, Германияның, Сингапурдың және басқа елдердің ірі халықаралық технологиялық орталықтарында венчурлік қорлар құрдық. Бұл бізге әлемнің жетекші технологиялық компанияларына шығуға, білім мен тәжірибе алмасудың ашық жүйесін жасауға мүмкіндік береді.

Біз Ресеймен бірлесіп осы бағытта жұмыс істей алар едік және елдеріміз үшін озық технологиялар трансфертін қамтамасыз ете алар едік. Кейін олардың өндірістік қуатын еліміздің аумағына көшіре отырып, орта жоғары технологиялы компанияларды сатып алу мәселесін де қарастыруға болады.

Сөз жоқ, ынтымақтастықтың мұндай сипатын өңіраралық деңгейге де көшіру қажет.

Біздің еліміз үшін Батыс Еуропа мен Батыс Қытайды «Санкт-Петербург – Қазан – Орынбор – Ақтөбе – Алматы – ҚХР» бағыты бойынша жалғастыратын көлік дәлізін тарту жөніндегі нақты жұмыстардың да маңызы зор. Қазақстан мен Ресей арасындағы осы жобаны іске асыру жөніндегі ынтымақтастық туралы меморандумға бүгін қол қойылады.

Қазақстан мен Ресейдің осы күретамыр өтетін өңірлері жобаның жүзеге асуына өз үлестерін қосулары керек. Әңгіме жол бойында инфрақұрылымдар құру: логистикалық орталықтар, демалатын, сауда-саттық жүргізетін, жүк қоймалары сақталатын және тағы басқа жайлы бекеттер желілерін салу туралы болып отыр.

Екі елдің ғылыми-білім беру саласындағы интеграция өте маңызды бағыт болып табылады. Осы ретте жоғары оқу орындары арасында ынтымақтастықты, оқытушылар мен студенттердің тәжірибе алмасуын кеңейту, ғылыми және білім беру саласында бірлескен зерттеу жұмыстарын жүргізу қажет.

Бұл үшін еліміздің Білім және ғылым министрліктеріне өңірлеріміздің ғылыми ұйымдары мен білім беру мекемелерінің бірлескен қызметінің жобасын әзірлеу жөнінде тапсырма берген жөн.

Біздің елдерімізде технопарктер мен ғылыми қалашықтар құрылуда. Өзіміздің әріптестеріме тәжірибе және ақпарат алмасу үшін солардың арқауында бірлескен ғылыми-зерттеу орталықтарын қалыптастыру мүмкіндіктерін қарастыруды ұсынамын.

Біз әріптестерімізді ақпараттық және ядролық технология, биотехнология және агротехнология салаларында ірі жоғары технологиялық жобаларды іске асыруға шақырамыз.

Бұл ретте, бізге, әсіресе, өңіраралық деңгейде атқаратын жұмыстар жеткілікті.

Қазақстан мен Ресейдің инновация саласындағы интеграциясы біздің әлемдік ғылыми-технологиялық кеңістікте ортақ орнымызды ойып алуымыздың аса маңызды элементі болады деп есептеймін. Жалпы инновация кез келген елдің экономикалық дамуын және сыртқы сауда-саттық құрылымын сапалы өзгертуді қамтамасыз ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады.

Осындай кешенді көзқарас біздің елдерімізге тек ғылыми-техникалық және инновациялық дамудың серпінді бағыттарында ресурстарды шоғырландыруға ғана мүмкіндік беріп қоймайды, сонымен бірге нарыққа бәсекеге қабілетті, жоғары технологиялық өнімдерді, қызметтер мен қызмет көрсетулерді әзірлеу мен оларды сыртқа шығару кезінде де уақытты едәуір үнемдеуге жол ашады.

Құрметті әріптестер!

Біз бүгін Қазақстан-Ресей ынтымақтастығының географиялық тұрғыдан қалай серпінді кеңейгенін көріп отырмыз.

Осыдан 6 жыл бұрын, Қазақстан мен Ресей мемлекеттері басшыларының қамқорлығымен шекаралас ынтымақтастық форумын өткізу жөнінде бастама көтере отырып, біз өзара тиімді сауда-саттық жүргізуді, өңірлер арасында эконо-

микалық байланысты кеңейтуді, гуманитарлық мәселелер бойынша өзара іс-қимылды күшейтуді көздеген едік.

Біздің ортақ міндетіміз Қазақстан-Ресей шекарасын тату көршілік, бауырластық, өзара тиімді ынтымақтастық пен сенім шекарасына айналдыру болатын.

Бүгін біз бұл міндеттің ойдағыдай орындалғанын ризашылық сезіммен айта аламыз.

Енді келесі кезекте екі елдің инновациялық дамуын сапалық тұрғыдан серпінді деңгейге көтеру міндеті тұр. Бұл ретте де Қазақстан мен Ресей өңірлерінің әлеуеттері орасан зор.

Жемісті және сындарлы өңіраралық іс-қимылдың біздің елдерімізді стратегиялық әріптестік деңгейін жаңа биіктерге көтеретініне толық сенім білдіремін.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің кеңейтілген отырысында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2008 жылғы 13 қазан

Құрметті кеңейтілген отырысқа қатысушылар!

Өткен жыл көптеген елдер үшін қаржы жүйесін айтарлықтай сынға алған жыл болды. Әлемдік қаржы дағдарысы халықаралық қаржы нарығын мықтап сілкіледі. Өткен жылдың жаһандық дағдарысының салдары Қазақстанды да айналып өткен жоқ.

Тек Үкіметтің, Ұлттық банктің және басқа мемлекеттік органдардың үйлесімді қимылдарының

нәтижесінде ғана біз осы қиындықты еңсере алдық. Олар менің тапсырмаммен банктің, экономиканың өтімділігін қолдау және дағдарыс үдерісін тежеу жөнінде жедел кешенді шаралар әзірлеп, оларды іске асырды.

Тұтастай алғанда 2007–2008 жылдары мен экономикаға қолдау көрсетуге 540 млрд теңгеден астам қаражат бөлуге тапсырма бердім. Бұл – елдің 2008 жылғы болжанып отырған ІЖӨ көлемінің 3,5 %-ынан астамы.

Тұрғын үй нарығын тұрақтандыруға 175 млрд теңгеден астам қаражат бөлінді, бұл қаражат бірінші кезекте үлескерлерге қолдау білдіруге жұмсалды.

Елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ауыл шаруашылығын дамыту үшін 2008 жылы 135 млрд теңгедей бөлінген.

Шағын және орта бизнесті қолдауға 2008 жылы барлық қаражат көздерінен 165 млрд теңгеден астам бөлінді.

Сонымен қатар халықтың әлеуметтік әлсіз топтарына қолдау білдіру үшін 2008 жылдың республикалық бюджетін нақтылау кезінде екінші жарты жылдықтан бастап арқаулық зейнетақының мөлшері 14 %-ға ұлғайтылды. Ең төменгі зейнетақы төлемдерінің мөлшері 24 %-ға өсті.

Біз мүгедектігіне байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың 2008 жылғы 1 шілдеден бастап орта есеппен 30 %-дан астамға өсуін

қамтамасыз еттік. Бірінші жартыжылдық үшін арқаулық зейнетақы төлемдері мен әлеуметтік жәрдемақы алушыларға өтемақы төленді.

Қабылданған шаралардың арқасында іс жүзінде 8 мың үлескер қазірдің өзінде пәтерлерін алды.

Экономиканың тұрақты 5 % өсімі бар, бұл орташа әлемдік өсу қарқынынан әлдеқайда жоғары. Жұмыссыздық деңгейі 7 %-дан аспайды. Экономикаға салынған инвестицияның артуы 10 %-ды құрайды.

Тұтастай алғанда бағалар тұрақтануда, биылғы жылдың қыркүйегіндегі инфляция деңгейі 2007 жылғы желтоқсанға қарағанда 8,1 % құрады, бұл жыл қорытындысы бойынша инфляция 10 %-дан аспайтын мөлшерде болады деп үміттенуге мүмкіндік береді.

Мұның бәрі күрделі экономикалық жағдайда іске асырылғанына қарамастан, біз өз резервтерімізді сақтай алдық.

Мәселен, осы жылдың 1 қазанына елдің халықаралық резервтері мен Ұлттық қор активтерінің жалпы көлемі 51,5 млрд доллардан асып түсіп, жыл басынан бері 34 %-ға ұлғайған.

Көріп отырсыздар, біздің жүргізген дұрыс саясатымыздың арқасында мемлекет ең күрделі экономикалық сынақтарға дайын болып шықты.

Шамасы бәріңіздің естеріңізде болар, кейбіреулер резервімізден бөліп беруді ұсынды. Мұндай

даңғаза ұсыныстың қандай қауіпті екені қазір айдай анық болып отыр.

Мен тұтастай алғанда Үкіметтің, Ұлттық банктің және Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің ұйымдарының жұмысына қанағаттану сезімін білдіремін, өткен кезеңнің басты міндетін – экономиканың өсу қарқынының кілт құлдырауына және қаржы жүйесінің дағдарысына жол бермеу міндетін атқара алды деп санаймын.

Сонымен қатар қаржы нарығында өткен жылда басталған оқиғалар әлемдік қаржы дағдарысы сипатына ие болғаны белгілі. Сарапшылар бұл жолғы дағдарыстың ауқымы мен әсер ету деңгейі жөнінен тіпті өткен ғасырдың отызыншы жылдарындағы Ұлы дағдарыстан да терең болатынын айтып отыр.

Дағдарыс банктерді ғана емес, сонымен бірге экономиканың нақты секторын қамтып отыр. Компаниялар мен қаржы институттары банкрот болғанын жариялауды жалғастыруда және орасан залалдар шегуде. Америка мен Еуропаның күні кешеге дейін мызғымастай болып келген аса ірі банктері бүгінде не банкротқа ұшыраған, не мемлекет меншігіне алынуда.

Айталық, ХВҚ бағалаулары бойынша, АҚШ-та орналастырылған қаржы құралдарының залалдары 1,4 трлн долларға дейін өседі. Тұтастай

алғанда, соңғы 1,5 айда американ компанияларының акциялары құндық тұрғыда 3,5 трлн доллар дерлік жоғалтқан.

Шамасы, әлемдік қаржы жүйесі енді біз бұрын үйреніп кеткендей күйде болмайды.

Соңғы жүз жыл бойына қалыптасқан оның сыртқы сұлбасы біздің көз алдымызда өзгеріп барады. Көп кешікпей бұл жүйе мүлде басқаша болып құрылады.

Сондықтан біз бейтаныс, өзгеше ортада іс-қимыл жүргізуге дайын болуымыз керек.

Қазақстанның жаһандық экономикаға тығыз кірігуі себепті бізде әлемдік қаржы дағдарысының салқыны білінбей қоймайды.

Қазақстанның әлемдік дағдарыстың салдарын еңсеруі Үкіметтің 2009–2010 жылдардағы жұмысының күн тәртібінен түспеуі тиіс.

Үкіметтің алдағы кезеңдегі басты міндеттерін мен мынадай үш шешуші бағытпен тұжырымдаймын: макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, қазақстандықтардың әлеуметтік игілігі және экономиканы жаңарту. Бұл бағыттарға Премьер-министр мен оның орынбасарлары тікелей жауап беруі тиіс.

Еліміздің халқы өздерінің кірістері мен жинақ ақшаларының қорғалатындығын сезінуі тиіс.

Нақ осы және жаһандық дағдарыс экономиканы реттеудегі мемлекет рөлінің маңыздылығын анықтайды.

Жаңа жағдайлар мемлекеттен ойластырылған, көп ретте нарықтық экономиканың классикалық қатып қалған қағидаларында көзделмеген шаралар қабылдауды талап етеді.

Біз, тіпті барлық уақытта нарықтық экономиканың және басқарудың таза нарықтық қағидаттарының алғытіректері болып есептелген елдердің өздерінде, жаңа жағдайларда мемлекет тек жай экономиканың басты ойыншысы ғана болып қоймайды, сонымен бірге қаржы кәсіпорындары мен банк секторларының меншік иесі де болады. Мен АҚШ, ЕО, Жапония туралы айтып отырмын.

Сондықтан қазіргі таңда барлық инвесторлар мен халықаралық сарапшылар біздің жүргізген мемлекеттік саясатымызға жіті зер салып отыр, дағдарыстық жағдайлардан тезірек шығу оның дұрыстығына ең бастысы біздің қабылдаған шараларымыздың деркезділігіне байланысты.

2005 жылдан бастап мен біздің банктерге сырттан қарыз алудың шапшаң өсуіне негізделген теңдестірілмеген саясаты жайында бірнеше қайтара ескерттім. Қазір мемлекетке оларды өздері тап келген «тұйықтан шығарып алуына» тура келіп отыр. Алайда бұл көмектің акционердің осы үдеріске қатысуының мөлшеріне лайықталып көрсетілетінін ескерткім келеді.

Демек, әлемдік қаржы дағдарысының екінші толқынының соғуына орай, Үкімет пен Ұлттық

банк тарапынан ойластырылған және дер кезінде жүргізілетін іс-қимыл талап етіледі.

Басталған әлемдік дағдарыстың тағы бір жағы бар.

Үкімет экономиканы осындай ахуалдан әлдеқайда пісіп-жетілген және күшті етіп шығаратын жақсы мүмкіндікке ие. Біз дағдарысты кезеңнің өзін экономикамыз үшін пайдалы етуді үйренуіміз керек. Ол экономикалық даму сапасының артуын білдіреді.

Осыған байланысты мен Үкіметке Экономика мен қаржы жүйесін тұрақтандыру бағдарламасын іске асыруға емін-еркіндік және қалыптан тыс шешімдер қабылдау үшін кең өкілеттіктер беремін.

Алайда осындай мүмкіндіктермен бірге Үкімет пен Ұлттық банкке экономиканың қаржы жүйесі мен әлеуметтік саланың жай-күйі үшін дербес жауапкершілік жүктелетін болады. Үкімет кейінге қалдыруға болмайтын шараларға жұмылуы керек.

Үкімет бірінші кезектегі шараларды қаржылай қамтамасыз ету үшін Ұлттық қор қаражатынан әзірленген және келісілген Тұрақтандыру бағдарламасы үшін 2009-2010 жылдарға 10 млрд долларға дейін қаржы бөлетін болады.

Үкімет пен Ұлттық банктің тұрақтандырушы іс-қимылының негізгі бағыттары мыналар болуы тиіс деп есептеймін.

Бірінші. Аса маңызды міндет – еліміздің қаржы секторының орнықтылығын қамтамасыз ету.

Бұл үшін қаржылық тұрақтылық туралы заңды қабылдауды тездету керек, ал ол жөнсіз созылып кетті.

Оған қоса халық пен бизнес тарапынан банк секторына деген сенімді қалпына келтіру қажет. Қазірдің өзінде екінші деңгейдегі банктердегі халықтың салымдарын кепілдендіру деңгейін 5 млн теңгеге дейін ұлғайту туралы шешім қабылданды.

Бұл шара барлық банктік шоттардың 99 %-ның 100 %-дық сақталуына кепілдік жасауға мүмкіндік береді. Яғни, банкте 5 млн теңгеге дейінгі сомадағы салымы бар азамат оның сақталатындығына толық сенімді бола алады. Бұған мемлекет кепілдік береді. Сондықтан бұл ретте ешқандай күмән болмауы тиіс.

Ұлттық банкке капиталды Қазақстанның депозиттерді кепілдендіру қоры есебінен ұлғайту жөніндегі осы шешімнің ең қысқа мерзімде іске асырылуын қамтамасыз етуі қажет.

Үкімет, әкімдер, «Нұр Отан» партиясы қазірден бастап мемлекет қабылдаған шараларды халықтың қалың ортасына жеткізіп, ақпараттық науқанды кеңінен жүргізуге кірісуі тиіс.

Банк жүйесінің қалыпты жұмыс істеуге қажетті өтімділігін қамтамасыз ету үшін Ұлттық банк өз

саласында бірқатар шаралар әзірлеп, қабылдауы тиіс.

Ең төмен резервтік талаптардың азайтылуын ойластырыңыздар, ол банк жүйесін қосымша өтімділіктен босатады.

Сондай-ақ, банктердің Ұлттық банктен қысқа мерзімді қаржы алуға қызығушылығын күшейту шараларын да қабылдау қажет. Мұны 1 ай ішінде жедел жүзеге асыру керек.

Маңызы бұдан кем болмайтын тағы бір мәселе – әлемдік қаржы жүйесіндегі өтімділік қысқарған жағдайда экономикалық дамудың одан арғы өсімін қолдау. Біздің банк жүйесінде «Қазына» қоры арқылы депозиттер орналастыру тәжірибесі бар, ол одан әрі нақты экономика жобаларын қаржыландыруға жіберіледі.

Бұл тәжірибені одан әрі қолдану қажет. Үкіметке оның тетіктерін мұқият ойластыруды, бүкіл тәуекелдерді таразылауды, банктерге қойылатын талаптарды айқын белгілеуді және даму институттары арқылы нақты сектордағы жобалар бойынша банктердің қызметін қайта қаржыландыруды тапсырамын.

Үкіметтің іске асыруға назар аударатын тағы бір маңызды шарасы – ұлттық компаниялардың, акционерлік қоғамдардың және мемлекеттік кәсіпорындардың депозиттерімен және салымдарымен қамтамасыз етілетін банк жүйесінің ресурстық базасын тұрақтандыру. Үкімет осы

мәселені пысықтап, оның шешілуін қамтамасыз етуі тиіс.

Сонымен бірге Стресс активтері қорын тездетіп іске қосу керек. 2008–2009 жылдарға арналған бюджет қаражаты есебінен капитал қоры кем дегенде 1 млрд долларды құрауы тиіс.

Мемлекеттік органдар игере алмаған мемлекеттік бюджет қаражатын осы қордың капиталын қаржыландыруға жұмсау қажет.

Үкімет «Нұр Отан» партиясымен бірлесіп осы мәселені Парламент депутаттары арқылы шешуі керек.

Екінші. Үкімет пен әкімдерге тұрақтандыру бағдарламасы аясында әрқилы қосымша инвестициялық және өңірлік бағдарламаларды іске асыру арқылы халықтың кірістерін арттыруды және олардың жұмыспен қамтылуын жақсарту шараларды ойластыруды тапсырамын. Бұл бағдарламалар жеткілікті қаржы ресурстарымен толық қамтамасыз етілуі тиіс.

Үшінші. Экономикада жұмыспен қамтылудың өсуі мен іскерлік белсенділікті арттырудың аса маңызды қайнар көзі отандық кәсіпорындарда тапсырыстарды орналастыру үшін ұлттық компаниялар мен мемлекеттік органдардың қаражатын пайдалану болуы тиіс.

Бұл ретте бұрын-соңды болмаған шараларды қолға алу керек.

Менің тапсырмам бойынша Үкімет «Мемлекеттік сатып алулар туралы» заң жобасын әзірледі. Мен бюджет пен ұлттық компаниялардың барлық сатып алулары алдымен отандық өндірістерде орналастырылуын тапсырдым.

Қорғаныс, Ішкі істер, Денсаулық сақтау, Көлік министрліктерінің сатып алулары бірінші кезекте отандық тауар өндірушілерде жүзеге асуы тиіс. Мұның «Қазақстан темір жолы», «ҚазМұнайГаз», «KEGOC» секілді компаниялар мен олардың еншілес кәсіпорындарына да қатысы бар.

Бұл ретте қаражат делдалдарда емес, отандық өндіріс орындарында қалу керек.

Шет елдерден жабдықтардың ірі тобы сатып алынған кезде олардың құрастырылуының, жөнделуі мен оларға қызмет көрсетуінің Қазақстанда жүргізілуіне қол жеткізген жөн.

Бұл міндетті шешу үшін барлық шараларды ойластырып, қабылдауды, мониторинг енгізіп тиісті құрылымдар арқылы бақылау жасауды, олардың орындалу барысын жүйелі қарап отыруды Үкіметке тапсырдым.

Төртінші. Тұрақтандыру бағдарламасы аясында шағын және орта бизнеске қаржылай қолдау көрсетуді кеңейту, сондай-ақ мұндай қолдауды мемлекет пен ұлттық компаниялардың сатып алуларын орналастырумен байланыстыру қажет.

Қазір көптеген кәсіпорындарда айналмалы қаражаты жетіспейді. Сондықтан мемлекеттік

тапсырыстар арқылы шағын және орта бизнеске қолдау көрсету олардың мемлекет пен ұлттық компанияларға жеткізілімге қатысуына және жұмыс орындарын сақтауға көмектеседі.

Бесінші. Экономикалық игілікке белсенді инвестициялық саясат жәрдемдесетін болады.

Кен-металлургия кешендерінің өнімдеріне әлемдік сұраныстың төмендеуі қазірдің өзінде біздің ірі өнеркәсіп орындарына салқынын тигізді. Мұның өзі осы кәсіпорындардың ірі серпінді инвестициялық жобаларды іске асыруына келеңсіз әсер етуі мүмкін.

Сондықтан жаңа Салық кодексінің аясында олардың инвестициялық жобаларының іске асырылуына байланысты бірқатар артықшылықтар әзірлеуге мүмкіндік бар деп есептеймін.

Бұл ретте жаңа Салық кодексінің барлық негізгі қағидалары сақталуы тиіс.

3 жылда корпоративтік табыс салығы мөлшерлемесін 2011 жылға екі есеге, яғни 30-дан 15 %-ға дейін төмендету жоспарланып отыр. 2009 жылдың өзінде оны 20 %-ға дейін төмендету жоспарланды.

Сондай-ақ, экономиканың шикізаттық емес секторлары үшін инвестицияларды 3 жылға дейінгі кезеңге арналған жедел шегеру, онымен бір мезгілде залалдарды 3-тен 10 жылға дейін мерзімін қысқарту көзделеді.

Бұған қоса ҚҚС мөлшерлемесін 13-тен 12 %-ға төмендету жоспарланып отыр.

Бұл шаралардың бәрі экономиканың жаңғырту мен кәсіпкерлердің инвестициялық мүмкіндіктерін 300 млрд теңгеден астам сомаға қаржыландырудың қосымша көздері болып табылады.

Сонымен бірге ірі кәсіпорындардың өздері де қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілігін түсінуі тиіс. Мемлекет ұзақ уақыт оларға қолдау білдіріп, қызметтері үшін қолайлы жағдайлар жасады.

Дағдарысты еңсеру – шет елдік компанияларды қоса алғанда, меншіктің кез келген нысанындағы барлық компаниялардың міндеті.

Олар Үкімет қабылдаған шараларды нақты қолдаудың үлгісін көрсетулері тиіс. Үкіметтің инвесторлармен, оның ішінде шетелдік инвесторлармен одан әрі ынтымақтасуы, міне, осыған байланысты болмақ.

Өңірлердегі әлеуметтік ахуалды жақсарту үшін облыстардың әкімдері осы мәселелер бойынша ірі кәсіпорындардың басшылығымен және шетелдік инвесторлармен тұрақты жұмыс істеуі керек.

Алтыншы. Біздің экономикамызда пайдаланылмай жатқан мүмкіндіктер әлі де көп. Бұл маған өңірлерде энергетика, химия өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы салалары бойынша өзім өткізген кеңестердің нәтижесінде белгілі болды.

Тек химия өнеркәсібі мәселелері бойынша өткізілген кеңестің қорытындысымен 5 млрд доллардан астам соманың нақты инвестициялық

ұсыныстары бар екені анықталғанын айтсақ та жеткілікті. Тек 2009 жылдың өзінде ғана осы салаға 500 млн долларға жуық инвестиция құйылады деп күтіп отырмыз.

Әлеуметтік тиімділік орасан зор, егер белгілеген шараларды іске асырсақ, 15 мың тұрақты жұмыс орындары ашылатын болады.

Энергетика саласына мықтап күш салуымыз керек. Сөзден іске көшуіміз қажет. Энергетика экономиканың дамуын тежеуі мүмкін. Біз Балқаштағы, Қостанай облысындағы электр стансаларының құрылысын, Екібастұз аудандық жылу стансасын, гидростансалардың құрылысын, электр қуатын беру желілерін кеңейту туралы көп айтамыз.

Үкіметке жылдың аяғына дейін инвесторлармен келісім-шартқа отыруды немесе құрылысты өздері бастауды тапсырамын. Жылдың қорытындысы бойынша Үкімет есеп беретін болады.

Халықаралық сапарлар көрсеткендей, шетелдік инвесторлардың Қазақстанға және біздің жобаларымызға қызығушылығы жоғары. Тек Шарм әл-Шейхе сапардың нәтижесінде Бахрейн және Әбу-Дабимен 1,5 млрд доллардан астам сомаға екі бірлескен қор құрылады.

Қытайға сапар кезінде «СІТІС» корпорациясымен 1 млрд долларға дейін капитал құйылатын бірлескен қор құрылды.

Сондай-ақ Франция мен Жапонияға сапарлар кезінде біздің ұлттық компанияларымыз бен шетелдік әріптестер арасында 3 млрд доллардан астам соманың жобаларын іске асыру жөніндегі келісімге қол жеткізілді.

Біздің ұлттық компанияларымыз осы жобалардың бәрін аяғына дейін жүзеге асыруы, ал Үкімет өзінің құзырындағы мәселелердің бәрін шешуі тиіс.

Әлемдік дағдарыс жағдайында өз мүддемізге орай инвестицияларды нақты жобаларға тарту мәселесін тез және жедел шешу қажет.

Бүгінде тұрақсыздық жағдайында біз экономиканы және оның мұнай-газ секторы, металлургия, химия, мұнай химиясы, инфрақұрылым сияқты салаларын одан әрі дамыту үшін өзіміздің мемлекеттік активтерімізді біріктіруіміз керек.

Сондықтан мен бүгін аса ірі мемлекеттік холдингті – «Қазына» мен «Самұрықты» біріктіру және олардың негізінде жаңа холдинг – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорын» құру туралы жарлыққа қол қойдым.

Сонымен бірге аса ірі мемлекеттік активтерді біріктіру туралы мәселені біржолата шешу үшін Үкіметке 1 айлық мерзімде «Қазатомпромның», Еуразиялық табиғи ресурстар корпорациясының, «Қазақмыстың», Қазақстанның ипотекалық компаниясының, Қазақстанның ипотекалық кредиттерді кепілдендіру қорының және Тұрғын үй

құрылыс жинақ банкінің мемлекеттік акциялар пакетін жаңа холдингке капиталға айналдыруды тапсырдым.

Жаңа холдингтің өңірлерде белсенді жұмыс істеуі үшін жеті әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияны жаңадан құрылатын «Самұрық-Қазына» холдингіне беруді тапсырамын.

Тұтастай алғанда, «Самұрық» пен «Қазынаны» құру идеясы дұрыс идея болды. Олардың қай-қайсысы болсын дамыды және белгілі бір табыстарға жетті.

Бірқатар өңірлерге сапар барысында кәсіпкерлер өздерінің жобаларын іске асыруға көмектескен «Қазынаның» құрылғанына алғыс сезімін білдірді.

Қазір «Қазына» құрылған 2 жылының ішінде жобалар қоржынын 4 есеге, яғни 2,5 млрд доллардан 10 млрд долларға көбейтті. Ал біз оған бар болғаны 4,5 млрд доллар бөлген болатынбыз. Сонымен бірге, оның 2 млрд доллардан астамы үлескерлерді мақсатты түрде қорғау мен шағын және орта бизнесті қолдауға жіберілді.

«Қазына» құрылыс секторларын да, шағын және орта бизнесті де, аграрлық-өнеркәсіптік кешенді де, тіпті Астана қаласында стратегиялық объектілер құрылысына да қолдау жасап, өзінің мейлінше тиімді қаржылық құрал екенін көрсетті.

«Самұрық» корпоративтік басқарудың жаңа әдістерін енгізумен бірге елімізде және шет елдерде стратегиялық нысандарды сатып алумен

айналысты және экономиканың стратегиялық салаларында өз жағдайын жақсартты: ол «Боғатырь Аксес Көмір» ЖШС көмір қимасы үлесінің 50 %-ын сатып алды, Солтүстік-Каспий жобасындағы өз үлесін ұлғайтты және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ пакетінің 51 %-ын сатып алу жөнінде мәміле жасасуды аяқтап келеді.

Сөйтіп, «Қазынаның» белсенді инвестициялық орынын «Самұрықтың» стратегиялық ресурстарымен біріктіре отырып, біз қандай ауқымдағы жобаларды да іске асыра алатын әлемдік деңгейдегі мемлекеттік корпорация құратын боламыз.

Жаңа холдинг Сингапурдегі «Temasek Holdings», Малайзиядағы «Khazanah National Berhad» сияқты әлемдік табысты холдингтер деңгейінде жұмыс істеуі керек.

«Самұрық-Қазына» холдингі оған берілетін әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация арқылы өңірлердегі жұмысын күшейтуі тиіс.

Әр өңірдің өзінің артықшылықтары бар. Олар – ресурстар, жер және ең бастысы – адамдар.

«Самұрық-Қазына» холдингі осы артықшыларды барынша пайдалануы және ірі өнеркәсіптік жобаларды дамытуы қажет, ол өңірлік те, сондай-ақ жалпы отандық та индустриялық секірістің локомотивіне айналуы тиіс.

Мен жаңа холдингке 1 айлық мерзімде химия саласындағы жобалармен айналысатын арнаулы компаниялар құруды тапсырамын.

Басқа жоба арқылы «Қазақмыс», «ENRC PLC» акциялар пакеті және «Богатырь Аксес Көмір» жобасының үлесі негізінде тау-кен холдингтік компаниясы құрылуы керек.

«Самұрық-Қазына» іс жүзінде қолда бар ұлттық активтерді басқарып қана қоймай, сонымен бірге соларды құрайтын да тиімді компания болуы тиіс.

Қаржы секторын тұрақтандыру тұрғысынан алғанда «Самұрық-Қазына» шағын және орта бизнесті дамыту бойынша да, Астана және Алматы қалаларының құрылыс нысандарын аяқтау бойынша да банктермен өз жұмысын жалғастыруда.

Сондай-ақ холдинг банктерден қаржы ала алмайтын жақсы индустриялы жобаларға да қолдау көрсеткені жөн.

Аталған міндеттердің бәрін іске асыру үшін мен жаңа холдингті капиталға айналдыруға тұрақтандыру бағдарламасы аясында бөлінетін қаражат есебінен 5 млрд доллар, Ұлттық қордан 10 млрд доллар бөлу жөнінде шешім қабылдадым.

«Самұрық-Қазына» икемді, белсенді, жұмылғыш болуы тиіс және біз бұл үшін барлық қажетті заңнамалық жағдайлар жасауымыз керек. Дағдарыс жағдайында холдинг Үкіметтің экономикалық қызметінің өзегіне айналуы тиіс. Сондықтан да қазіргі кезеңде холдингтің Директорлар кеңесін Премьер-министр басқаратын болды.

Холдингтің қызметі ашық және қоғам алдында жауапты болуы қажет. Мен «Самұрық-Қазына»

холдингі жаһандық дағдарысты еңсеру жөніндегі қазақстандық үкіметтік бағдарламаның түпнегізі, сондай-ақ Үкіметтің мемлекеттің мүмкіндіктерін ұлғайту үшін пайдаланатын негізгі құралы болады деп есептеймін.

Тұтас алғанда, жаңа компания даму, сондай-ақ пайданы ұлғайту қызметін де орындайтын болады.

Жетінші. Әлемдік экономиканың проблемаларына және біздегі қиындықтарға қарамастан менің тапсырмам бойынша келесі жылдан бастап әлеуметтік төлемдер, зейнетақы мен бюджетшілердің жалақысы ұлғайтылады. Зейнетақы, жалақы мен шәкіртақы 2009 және 2010 жылдары 25 %-ға және 2011 жылы тағы 30 %-ға өседі.

Сондай-ақ, менің биылғы жылдың 2 қыркүйегінде Парламент сессиясының ашылуында берген әлеуметтік міндеттемелер жөніндегі тапсырмаларымның бәрі орындалатын болады.

Сонымен бірге мектептердің, ауруханалардың және басқа да әлеуметтік нысандардың жоспарланған құрылыстары аяқталуы тиіс.

Сегізінші. Ағымдағы проблемалар бізді дамудың негізгі күретамыр бағыттарынан шектен тыс бұрып әкетпеуі қажет.

Еліміздің 2030 жылға дейінгі Стратегиялық даму бағдарламасы мүлтіксіз орындалуы тиіс. Ол үшін Қазақстанның 2020 жылға дейінгі Стратегиялық жоспарын әзірлеуді тездету қажет.

Және соңғысы. Сіздердің назарларыңызды «Нұр Отан» партиясына аударғым келеді. Қазіргі күрделі кезеңде биліктің барлық тармақтарының жұмылған және үйлесімді жұмысы талап етіледі.

Сондықтан көп нәрсе біздің Парламенттегі фракция жұмысының тиімділігіне байланысты. Сіздер басқа елдерде дағдарыс құбылыстарына қарсы күресуге заңдардың қалай бағытталғанын көріп отырсыздар.

Соны ескергендіктен, мен барлық қажетті және маңызды заң жобалары топтастырылып, жедел талқылануы тиіс, ал «Нұр Отанның» парламенттік фракциясы олардың тезірек қабылдануына қолдау көрсетуі қажет, деп есептеймін.

Өңірлердегі халықпен тұрақты жұмыс істеу партияның жаңа жағдайда өз мойнына жүктейтін тағы бір маңызды міндеттерінің бірі.

«Нұр Отан» партиясы халық сеніміне ие болған және оны күрделі экономикалық кезеңде айналасына топтастырған партия ретінде танылуы керек.

Партияның өңірлердегі филиалдарының жұмысы жаңа деңгейге көтерілуі қажет. Олар «Нұр Отан» партиясының тұғырнамасын жүзеге асырып, оның барлық ұстанымдарын жергілікті атқарушы биліктің орындауына нақпа-нақ бақылау жасауы тиіс.

Бұл жұмыс, әсіресе ресурстарды ғана емес, қоғамның өзін топтастыру қажеттігі туындаған қазіргі кезеңде ерекше маңызды болып

отыр. Азаматтарымыздың елімізде қаржылық тұрақтылықты және халықтың әл-ауқатының жақсаруын қамтамасыз етуге бағытталған шараларды жүзеге асырудың маңыздылығын айқын түсінулері қажет.

Мұндай ауқымдағы қиындықтарды ортақ бір міндетті – біздің тәуелсіздігімізді нығайту міндетін шешіп жатқан халықтың бірлігі жағдайында ғана еңсеруге болады.

Бүгінгідей ахуалды өзінің тар өрісті, соның ішінде саяси мақсаттарына пайдаланғысы келіп, әрқилы арандату қауесеттерін тарататындарды қатаң жаза күтуге тиіс.

«Нұр Отанның» Парламенттегі партиялық фракциясына бір айлық мерзімде «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Қаржылық тұрақтылық туралы», «Самұрық-Қазына» мемлекеттік холдингі жөнінде заңдар қабылдауды тапсырамын.

* * *

Тұтас алғанда, айтылғандарды қорытындылай келе, әлемдік дағдарыс біз үшін қиындықтарды еңсеруге деген тағы бір қадам болғанын, ол біздің жас мемлекетіміздің әлемдік деңгейдегі позициясын нығайтуы тиіс екенін тағы да нықтай айтқым келеді.

Біз тарихи қысқа мерзім ішінде экономикалық дағдарысты бірінші рет бастан кешіп отырған жоқпыз. 1990-шы жылдардың нарыққа көшудің

бастапқы кезеңіндегі шаруашылық байланыстарымыз кезіндегі дағдарыс та, 1997–1998 жылдардағы азиялық және ресейлік дағдарыс та бастан өтті.

1992–1996 жылдардағы ахуал әлдеқайда күрделі және тартысты болды. Бізде ол кезде резервте, мамандар да, нарықтық тәжірибе де, қазіргі заманғы институттар да болған жоқ. Ал ақша күнделікті тұтынудың өзіне жетпеді.

Алайда біз өтпелі кезеңнің барлық ауыртпалығын ойдағыдай еңсердік, әр дағдарыстан жаңарып және шыңдалып шықтық.

Қазіргі әлемдік дағдарыс ауқымы жөнінен соңғы 70 жылдағы ең үлкені болғанымен, бізде бүгінгі мүмкіндіктер де мүлдем басқаша.

Біз Ұлттық қор, даму институттары мен ұлттық компаниялар, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар құрдық, олар осы күрделі кезеңде өзінің тиімділігін дәлелдеуде.

Осы жылдарда біз табандылықпен еңбек ете отырып, тұрақты экономика қалыптастырдық, өзіміздің кәсіби экономистерімізді, қаржыгерлерімізді, басқарушыларымызды тәрбиеледік. Бізде резервтер бар. Осының бәрі біздің дұрыс саясат жүргізіп отырғанымыздың дәлелі.

Бізде дағдарыстан ойдағыдай шығудың ғана емес, сонымен бірге дағдарыстан кейін елімізді дамытудың жаңа арналарына түсу, сөйтіп азаматтарымыздың және ұлттық экономикамыздың әл-ауқатын арттыру үшін заңнамалық базада

тиісті тұжырымдар мен өзгерістер жасаудың барлық мүмкіндіктері бар.

Бұл міндетті орындау үшін бізде тетіктер жетеді. Бізде дұрыс шешім шығаратын кәсіби Үкімет, оның кәсіби қаржылық-экономикалық блогы бар.

Ортақ мақсатқа жұмылған Үкімет пен әкімдердің біртұтас командасы бар.

Өңдеуші өнеркәсіпті дамыту үшін қолайлы инвестициялық және іскерлік ахуал қалыптасқан.

Біздің бағдарламамызды іске асыру үшін «Самұрық-Қазына» холдингі сияқты аса қуатты құрылым құрылды.

Қосымша 10 млрд доллар көлемінде қаржылық қаражат бөлінді.

«Нұр Отан» партиясы да кең қолдау көрсетеді.

Құрметті мәжіліске қатысушылар!

Ұлттық келісім тәуелсіздік жылдарындағы еліміздің аса маңызды жетістіктерінің бірі деп танылады. Сол ұлттық келісімге арқа сүйей отырып, біз тұрақты экономикалық өсуге, халықтың тұрмыс деңгейін арттыруға, шетелдік инвестициялардың ағылып келуіне қол жеткіздік.

Дағдарыстар өтеді, сондықтан біз оларды лайықты өткеріп қана қоймай, елдің болашақ табыстары үшін барлық жағдай жасауға тиіспіз. Ал бұл ең алдымен – өңірдегі, елдегі тұрақтылық,

көршілерімізбен және әріптестерімізбен жақсы өзара қатынас.

Бұдан арғы инвестициялық болашағымыз бизнесті дұрыс жүргізу, сондай-ақ қоғамда тұрақтылықты қамтамасыз етудің үлгілі қағидаттарын орнықтырып, қолайлы жағдайлар жасауға байланысты болмақ.

Бүгін мен Үкіметтің, Ұлттық банктің, басқа да мемлекеттік органдар мен «Нұр Отан» партиясының алдына толықтай іске асырылуға тиісті бірқатар тапсырмалар қойдым.

Мен алдымызда тұрған барлық міндеттердің табысты шешілетініне сенімдімін. Келіңіздер, бәріміз бірлесіп бүкіл күш-қуатымызды осыған жұмсайық.

**Мұсылман және батыс елдері
Сыртқы істер министрлерінің
«Ортақ әлем: әралуандылық
арқылы прогреске» конференциясында
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ**

Астана қаласы,
2008 жылғы 17 қазан

Құрметті конференцияға қатысушылар!

60-тан астам мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар өкілдерін қонақжай қазақ жерінде жиналуымен шын жүректен құттықтаймын!

Конференцияның мұндай «Ортақ әлем: әртүрлілік арқылы прогреске» деген ұранмен өтіп жатқан кең ауқымы, ең алдымен Қазақстанның оны өткізу жөніндегі бастамасына негіз болған мақсаттардың қандай өзекті екендігін көрсетеді.

Біріншіден, бұл – жаһандық үлгідегі мәдениетті және діндердің, оның ішінде ислам мен христиан діндерінің өзара іс-қимыл мәселелерін ашық және үйлесімді түрде талқылау.

Екіншіден, бұл – ортақ планетамыздың болашағы үшін қазіргі заманғы әлемнің саны жағынан мейлінше көп екі мәдени-өркениетті қоғамдастық өкілдерінің атынан елдеріміздің арасында кең ауқымда саяси үнқатысу.

Біз ұсынысымызды қолдап, Астанаға өз өкілдерін жіберген барлық мемлекеттер мен халықаралық ұйымдарға терең алғыс сезімімізді білдіреміз!

Сіздердің конференцияға қатысуларыңызды біз Қазақстанның бейбіт сүйгіш саясатын бағалау және қолдау ретінде бағалаймыз.

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап-ақ біздің мемлекет бейбітшілікті нығайту және халықтар арасында сенімділікті орнықтыру ісіне бар күш-жігерін жұмсап келеді.

Қазақстанның сыртқы саясаты айқын, ядролық қарудан бас тартты, өз аумағындағы Семей сынақ полигонын жапты, сондай-ақ, Орталық Азияны ядросыз аймаққа айналдыруға күш салып келеді.

Қазақстанның бастамасымен елімізде Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі шақырылды. АӨСШК-нің планетаның ең үлкен құрлықтары мемлекеттерінің арасында сенім

қатынастарын орнықтыру бағытында нақты жұмыстарға жол ашқан екі саммиті өтті.

Кеше Азияның 30 елінің Сыртқы істер министрлері кеңесінің отырысы барысында Қазақстан Азиядағы ынтымақтастық жөніндегі үнқатысуға төрағалық етті.

2003 жылдан бастап Қазақстанның жас елордасы – Астана қаласы Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездерін өткізетін орынға, әлемдік діндердің үнқатысуының беделді алаңына айналды. Біз әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының кезекті III съезін 2009 жылы өткізуді ұсындық.

Біздің ұсынысымызбен БҰҰ Бас Ассамблеясы 2010 жылды Халықаралық мәдениетті жақындастыру жылы деп жариялады.

Біздің еліміз 2010 жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына, ал 2011 жылы Ислам конференциясы ұйымына төрағалық етеді.

Қазақстан әртүрлі елдер мен өркениеттер арасында сындарлы өзара іс-қимыл тақырыбын қозғайтынына, осы және басқа да халықаралық ұйымдар аясында осы мәселелер бойынша нақты шешімдер қабылдануына қол жеткізетініне нық сенімді.

ЕҚЫҰ-ға төрағалық етер қарсаңда біз «Еуропаға жол» атты арнайы бағдарлама қабылдадық, бұл құжатта еліміздің Еуропадағы мемлекеттермен экономикалық, саяси және мәдени өлшемдер

бойынша кең көлемдегі нақты міндеттерін айқындадық. Онда біз ЕҚЫҰ аясындағы әріптестердің демократиялық даму жөніндегі тәжірибесін, осы ұйымның арқаулық талаптарын ескере отырып, қоғамдық институттарды жетілдіру мақсатын алға қойдық.

Мұсылман халқы басым тұратын зайырлы мемлекет ретінде Қазақстан ислам әлемі мемлекеттерінің жүріп өткен негізгі жолдарын айқындайтын, ИКҰ-ның онжылдығына арналған бағдарламасын ұстанады.

Біздің жаһандық өркениетаралық және мәдениетаралық үнқатысуды жолға қою мәселелері бойынша басты ұстанымымыз ең алдымен қазақстандықтардың бейбітсүйгіш ниеті арқасында қалыптасқан, көп ұлтты және жартылай мәдениетті Қазақстанның ішкі сұранысына орай белгіленген. Бүгін Қазақстанда 130-дан астам ұлт өкілдері тұрады, 46 діни конфессия жұмыс істейді.

Географиялық орналасу жағдайына қарай біздің еліміз үш биік адами өркениеттің – христиандық, мұсылмандық және буддистік әлемнің түйіскен тұсында тұр. Қазақстандық қоғам көптеген жүзжылдықтар аралығында өзін ұнамды жағынан көрсетіп, жоғары жетістіктерге қол жеткізді.

Біздің саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуымыздың тәжірибесі әртүрлі мәдени және діни құндылықтардың сындарлы іс-қимылының мүмкіндігін ғана растап қойған жоқ, сонымен

бірге олардың өзара жақындасуы қоғамдық өмірдің бүкіл саласының серпінді дамуының қозғаушы күші бола алатынын көрсетті.

Батыстың ғылыми және мәдени жетістіктерінің Шығыстың данышпандығымен және дәстүрлерімен тұтасуының орасан зор артықшылығын айқын көріп отырмыз.

Біздің еліміз ұлтаралық келісімді сақтаудың және қазақстандық бірегейлікті құрудың өзіндік үлгісін жүзеге асырды. Біз бірегей тетік – Қазақстан халқы Ассамблеясын жасадық. Қазақстан Парламенті осы бірегей институттың біртұтас Қазақстан халқын құрайтын түрлі этностар мен діни топтардың мүддесіне қарай Ассамблеяның мәртебесін бекітетін арнайы заң қабылдады.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда 1,5 мыңнан астам жаңа мешіт, 170-тен астам православие дінін ұстанатындар құлшылық ететін орын, 30-дан астам католик костелдері, 20 синагога, мыңнан астам мінажат үйлері мен протестант шіркеулерінің қызметін атқаратын ғимараттар тұрғызылды. Мұның бәрі қоғамның рухани түлеуінің, діндердің бір-бірін құрметтеушілігінің, конфессиялардың мемлекетпен сындарлы қарым-қатынасының куәсі.

Қоғамдағы бейбітшілік пен келісім біздің елімізде экономикалық өсуге, азаматтардың өмірінің жақсаруына басты қолайлы жағдай туғызды.

Соңғы 7 жылда біз экономика көлемін екі есе ұлғайттық және оны 2015 жылға дейін 3 есе өсіру міндетін шешетін боламыз.

Біз әлемдік шаруашылық байланыстары жүйесінің кірігуіне серпінді түрде ендік. Қазақстан әлем елдерінің инвестициясын тартуда ең қолайлы елдердің біріне айналумен қатар, біз өзге мемлекеттердің экономикасына инвестор ретінде қатысудамыз.

Осындай табыстарға байланысты біз алдымызға әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына қосылу міндетін қойып отырмыз.

Құрметті министрлер!

Қазіргі таңда әлемдік дамудың айтарлықтай сынаққа тап болып отырғаны ешкімге жасырын емес. Әлемдік экономика таза банк саласынан енді нақты экономика саласына көшіп бара жатқан бұрын-соңды болмаған қаржылық-экономикалық дағдарыспен бетпе-бет келді. Әлемдік нарықтағы энергетика мен азық-түлік саласындағы тұрақсыздық бағаның өсуіне әкеп соқтыруда.

Адамдардың тұрмыс деңгейінің төмендеуі, жұмыссыздықтың өсуі «үшінші әлем» елдерінің әлеуметтік және саяси тұрақсыздығының басты себебіне айналып қана отырған жоқ, сонымен бірге қоғамның дамуына нақты қауіп төндіруде.

Қазір зорлықшыл шыдамсыздықтың, әсіресе діни-этностық белгілері бойынша шамданудың

дүние жүзінің көптеген елдері мен өңірлерін әлі де жегі құрттай жалмап бара жатқанын байқауға болады.

Соңғы кездері қазіргі заманғы халықаралық саясаттың «идеологиялық үрей» сипатындағы жат қылықтарға бой ұрғанына көз жұма қарауға болмайды.

Оның үстіне жекелеген «қызу қандылар» ислам мен христиан діндерін таяудағы жылдардың өзіндегі жаһандық текетірес ығымен суреттеуде. Адамдарды тағы да, орта ғасыр кезеңіндегі сияқты, мұсылмандық батыс өркениетіне төнген қауіп, ал христиандық әлемін ислам елдеріне қатысты тек жаңа отаршылдық кек алу сезімі ғана баураған идеямен шырмауға тырысады.

Мұндай таным, сөз жоқ, қатты сынға алынуы тиіс! Ол Батыстағы «исламофобияға» да, Шығыстағы «батысфобияға» да қатысты. Қазір адамзатты «өзіміз» және «өзгелер» деп жікке бөлуге тойтарыс беру қай кездегіден болсын өзекті.

Әлемде үлкен және кіші мәдениет, күшті немесе әлсіз дін деген жоқ. Тек олардың ажырамас бірлігі ғана бар. Қазіргі заманғы әлем әйнекті өрнек сияқты – бір бөлшегі сынып түсті ме, бүкіл сурет әдемілігінен айрылады.

Қайсыбіреу басқа дінге құрмет көрсетпей, басқа халықтың өкіліне қол көтерді ме, демек, оның біртұтас әлемнің ажырамас бір бөлігі ретіндегі өз дінінің абыройына нұқсан келтіргені, өз халқына және оның мәдениетіне қауіп төндіргені.

Қазіргі жағдайда әлемді өркениеттілігіне, мәдениеті мен діни белгілеріне қарап жіктеуге мүлдем болмайды, қазіргі заманғы дүниенің тұтастығын, бүкіл адамзатқа төнген қауіп алдында бірліктің қажеттігін мойындау ерекше маңызды.

Мен ХХІ ғасырдың бірде-бір жаһандық проблемасын планета халқының төрттен бір бөлігін құрайтын ислам әлемінің қатысуынсыз шешуге болмайтынына сенімдімін.

Мәдениеттердің және өркениеттердің үнқатысуы болашағымыздың, санқырлылыққа негізделген әділетті де қауіпсіз әлемдік тәртіптің іргесін қалауды көздейді.

Әртүрлі елдердің, мәдениеттер мен діндердің әріптестігі, олардың текетіресі емес, әрқайсысының әлемдік тарихқа өзінің ерекше үлесін қосуы ғана планетамызды одан әрі өркендетудің негізіне айналуы тиіс.

Тек адамдардың сана-сезімімен тәжікелесу емес, шынайы біліміне негізделген өзара түсіністік пен бір біріне деген шынайы құрмет қана халықтардың бір бірімен жақындасуын, олардың арасында өзара сенімнің орнығуын қамтамасыз ете алады.

Алайда бұл мәселеде өзара ашықтық, әділдік пен тарихи да, ағымдағы оқиғаларға қатысты да бағалауларда нағыз адалдық үстем болуы тиіс.

Осыдан 2 жыл бұрын, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының ІІ съезіне қатысушылар алдында осы сарайда сөйлеген сөзімде мен

түсіністіктің үш қағидаты негізінде діндер үнқатысуын жүргізуді ұсынған едім.

Меніңше, оны саясатшылардың үнқатысуына да қолдануға болады.

Біріншіден, ол – ғасырлар бойы қалыптасқан қасаң түсініктен арылу. Қазіргі әлемде жаңадан пайда болған жан жарасы мен құрбандықтар жетіп артылады. Менің саясаттағы бүкіл тәжірибемнің айтуынша, өзіңнің бойыңдағы қасаң түсінікпен өзің күресуге дағдылануың керек.

Екіншіден, ол – өзгенің жан тылсымына жөнсіз килігуден саналы түрде бас тарту. Біреуге қасиетті болып көрінген басқалар үшін әзілге шаптырудың немесе күлкі етудің нысаны бола алмайды. Мұның өзі өзара ренжисудің түп-тура жолы.

Үшіншіден, ол – мәдениеттер мен өркениеттерге қарамастан, барлық өкілдердің ортақ қауіптілікті сезінуі. Бұл тек терроризм ғана емес, жаппай қырып-жоятын қаруды тарату, шекарааралық қылмыс, экологияның бұзылуы және тағы басқалары.

Әлемдік діндердің арқасында мыңдаған жылдар бойы жалғасып келе жатқан рухани құндылықтар мен дәстүрлерді жаппай теріске шығарудың қауіптілігі орасан зор.

Мұндай қауіпті саясатшылардың да сезінуі тиіс. Мәдени-өркениеттіліктің мейлінше қуатты екі адамзаттық қанатын – ислам мен христиандықты – бір-біріне қарсы қою жалпыны жайлай-

тын рухсыздыққа, берекесіздік пен әділетсіздікке бастайтын тура жол.

Мен әлемнің оқиғалардың бұлайша өрбуіне қарсы қоятын күш-жігерінің жеткілікті екеніне сенімдімін.

Құрметті конференцияға қатысушылар! Ханымдар мен мырзалар!

Мәдени әралуандылық болмаса, біздің планетамыз қауіптің астында қалуы мүмкін. Үнқатысу қарама-қайшылықтан, ал ақыл-парасат шолақ ойлаудан жоғары тұруы тиіс.

Соңғы уақытта әлемде мәдениеттер мен өркениеттердің жақындасу проблемасы мен болашағын талқылайтын беделді үнқатысу алаңының пайда болғанын қуана құптау керек. Мысалы, БҰҰ-ның қолдауымен тағайындалған «Өркениеттер альянсы» солардың бірі болып табылады.

Қазіргі конференцияны өткізу идеясы, мемлекеттер ұсынған басқа да маңызды бастамалар сияқты, мәдениеттер мен діндерді өзара құрметтеуге шақырады, бір-бірін толықтырып, қолдауға әбден лайықты идея.

Қазіргі конференция аясында да біз мұны мәдениеттер мен өркениеттер үнқатысуына Қазақстанның қосқан нақты үлесі ретінде қарастырудамыз.

Мен мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар өкілдерінің арасындағы пікірсайыс үнқатысу мен бәтуаласу, ынтымақтастық пен әлемнің тағдырына

өзара жауапкершілікті сезіну арқылы жаһандық кеңістікте ашықтық пен шыдамдылықты нығайту жолдарын іздеуге оң ықпал ететініне сенімдімін.

Мұхаммед пайғамбардың бір хадисінде айтылғандай, «Жаратқан Ие адамның ниетіне қарай жарылқайды». Ал біздің ниет таза.

Сіздерге, құрметті достар, жұмыстарыңыздың жемісті болуына тілектеспін!

Қазақстан халқы
Ассамблеясының XIV сессиясында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2008 жылғы 23 қазан

**Құрметті Ассамблея мүшелері!
Қымбатты достар!**

Қазақстан халқы Ассамблеясының қазіргі XIV сессиясы Республика күні қарсаңында өтіп отыр.

Мұның терең мәні бар, өйткені халықтың бірлігі, қоғамдағы тұрақтылық пен бірлік біздің қазақстандық мемлекеттілік негізін қалыптастыратын басты игілігіміз.

Бұл құндылықты сақтау біз үшін өте маңызды.

Осыдан 5 жыл бұрын мен өзімнің кітабымда бізге сынаққа толы жылдардан өтуге тура келеді деп жазған едім.

Өкінішке орай, қазір келеңсіз болжамдар шындыққа айналууда. Әлемде қауіпсіздік мәселесі алаңдаушылық туғызуда. Біз жетекші елдер арасындағы қатынастардың кезекті дағдарыстарының куәсі болып отырмыз. Қаруланудың жаңа легі күшейіп, негізгі халықаралық ұйымдарға деген сенім төмендеп барады. Планетада саяси қысым артып, экономикалық жағдайлар нашарлауда, жаңа қақтығыс ошақтары көрініс беруде. Көптеген елдерде террорлық әрекеттер, азаматтық тәртіпсіздіктер кәдуілгі жайға айналды.

Кавказда болған жағдайлар әлем жұртшылығын алаңдатты. Ғасырлар бойы бірге тұрған, жақсылық пен қиындықты бірге бөліскен ұлттар мен ұлыстарды қатерлі соғыс бір-бірінен ажыратып жатыр. Одан бәрінен бұрын жазықсыз адамдар, қарттар, әйелдер мен балалар зардап шегуде. Тұтастай өңір гуманитарлық апат шегіне жетіп, тұрақсыздық ошағына айналды.

Мұның бәрі барлық мемлекеттерді қамтыған жаһандық қаржы дағдарысы аясында өтуде. Өзінің ауқымы бойынша ол өткен ғасырдың 30-шы жылдарында АҚШ-та орын алған Ұлы күйзелістен де әлдеқайда күрделі болып отыр.

Бүгінгі таңда көптеген елдер банкроттыққа ұшыраудың шегінде тұр, сырттан көмек іздеуге мәжбүр болуда. Әлемдегі ірі банктер мен қаржы институттары шығынға ұшырауда, шығындары миллиардтаған доллармен есептеледі. Бұдан 2–3 жыл бұрын жағдай осыншалықты ұшығады деп ешкім де болжаған жоқ еді.

Бүгінде кез келген елдің алдында өте күрделі мәселе тұр: мұндай жағдайда тұрақты дамуды қалай қамтамасыз етуге болады.

Қалыптасқан бұл жағдайда ақша да, табиғи байлық та, әскери күш те, егер ұлт біртұтас болмаса, проблемаларды шеше алмайды.

Кез келген елдің қуаты – оның халқының бірлігінде.

Қазір көптеген мемлекеттер біздің көпэтносты қоғамда үйлесімділікті қамтамасыз еткен қазақстандық ерекше үлгіні мойындады, оның қызметінің тиімділігін жоғары бағалады.

Біз 130-дан астам этностан өмір сүріп жатқан елде ұлттық сипаттағы шиеленіске қалай жол бермеуге болатынын бүкіл әлемге дәлелдедік.

Қысқа мерзім ішінде біз ортақтаса жұмыла отырып, мықты мемлекет құрдық. 17 жыл бұрын Қазақстанды білетіндер саусақпен санарлықтай еді. Ал қазір бізді біледі, бізді тыңдайды, біздің пікірімізбен санасады.

Біз қазір еркін, демократиялы елде тұрып жатырмыз. Біздің іргетасы нықталған мықты

экономикамыз бар. Азаматтарымыздың тұрмыс деңгейі көтеріліп келеді.

Әлемдік қаржы дағдарысы көптеген мемлекеттерді өз экономикасын қорғау үшін ерекше шаралар қолдануға мәжбүр етіп отыр. Ал Қазақстан бұл дағдарысқа дайын болып шықты. Осыған байланысты әлеуметтік жағынан әлсіз қорғалған жіктерді, шағын бизнесті қолдауға, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және тұрғын үй құрылысын тұрақтандыруға бюджеттен 540 млрд теңге бөлінді.

Дер шағында қабылданған шаралар бізге елдегі қаржылық және экономикалық тұрақтылықты сақтауға мүмкіндік берді.

Жақында біз әлемдік қаржы дағдарысына қарсы тұру жөнінде қосымша шаралар қабылдадық. Осы мақсатқа мемлекет Ұлттық қордан 1,2 трлн теңге (10 млрд доллар) бөлді. Біз «Самұрық-Қазына» холдингіне мемлекеттік активтерді біріктірдік. Бұл құрылым дамуға қатысты ірі мәселелерді шешетін болады.

Әлемдік қаржы дағдарысы әлемнің барлық елдеріне қиындық әкеледі, одан біз де тыс қала алмаймыз.

Алайда қазақстандықтардың осы қиындықтарды еңсеру үшін мемлекеттің қолдан келгеннің бәрін жасайтынына толық сенуіне болады. Мен Қазақстанның экономикалық өсудің жаңа белесіне көтерілетініне және халықтың әл-ауқатының артатынына сенемін.

* * *

Біз саясаттағы және экономикадағы жетістіктеріміз туралы жиі айтамыз. Алайда Қазақстанда кез келген басқа салада да табыстар көп.

Мысалы, спортты алыңыз. Бейжіңдегі Олимпиялық ойындарында Қазақстан әлемдегі үздік 30 команданың қатарына кірді. Бұл жеңіске біздің еліміздің әртүрлі этностарының өкілдері өз үлестерін қосты. Қазақстандық 13 спортшы Отанымызға, Қазақстанға олимпиада медальдерін әкелді, жеңімпаздардың арасында қазақтар да, орыстар да, сондай-ақ татар, осетин, құмық пен ингуштар да бар.

Тағы бір мысал. Біздің «Фитохимия» ғылыми-өндірістік орталығының жұмысы бүкіл әлемге әйгілі. Құрамында қазақтар, орыстар, татарлар, қырғыздар, корейлер, немістер, өзбектер, белорустар мен украиндар жұмыс істейтін көп ұлтты ғалымдар ұжымы 40-тан астам ерекше отандық дәрілік препараттар әзірледі. Өткен жылы олар Мемлекеттік сыйлық алды.

Біздің елордамыз Астана Қазақстанда тұратын барлық ұлттар мен ұлыстардың бірлесе жұмылуымен салынды.

Бұл мысалдар қазақстандық этносаралық келісім мен бірліктің тамаша нәтижелерге жеткізетінінің айқын көрінісі болып табылады.

Қазір Қазақстанның қоғамдық келісімді сақтап қоймай, сонымен бірге оны нығайтуының да

маңызы зор. Бүкіл халық өзінің күш-жігерін бізге әлемдік қаржы дағдарысы нәтижесінде сырттан келген уақытша әлеуметтік-экономикалық қиындықтарды еңсеруге жұмылдыруы тиіс.

Құрметті сессияға қатысушылар!

Еліміздің жетістіктерінің қай-қайсысында болсын Қазақстан халқы Ассамблеясының, сіздердің қосқан үлестеріңіз қомақты.

1995 жылы, Ассамблеяны біз енді ғана құрған кезде, оның еліміздің дамуында маңызды рөл атқаратынына сенетіндер өте аз болды. Сол кезде бұрынғы КСРО-ның көптеген түкпірінде – Ошта, Ферғанада, Бакуда, Сумгаитте, Таулы Қарабақта, Днестр маңы, Балтық маңы елдерінде ұлтаралық жанжалдар ушығып жатты... Көптеген күдікшілдер, әсіресе шет елдік күдікшілдер енді олардың қатарына Қазақстан да қосылады деп болжам жасасты.

Бұл болжам жүзеге асқан жоқ. Философтардың біреуі айтқандай, келісімнің арқасында шағын мемлекеттер өркен жаяды, ал алауыздықтың салдарынан ұлы державалар жойылады.

Біздің қоғам үйлесімді ұлтаралық қатынастардың маңыздылығын сезінді және Ассамблея бейбітшілік пен келісім мұраттарының басты жолбастаушысы болды.

Оның құрылғанынан бері де дамудың маңызды үш кезеңі өтті.

1995 жылдан бастап Ассамблея өз аясында барлық этностардың өзара іс-қимылдарын және олардың мүдделермен келісімді қамтамасыз ететін ерекше алаңға айналды.

Нақ Ассамблея ұлттық қатынастарға қатысты барлық өткір мәселелерді ашық, тұрлаулы түрде талқылауға мүмкіндік берді.

Осындай этносаралық үнқатысудың арқасында Қазақстан өткен ғасырдың күрделі 90-шы жылдарында азаматтық шиеленістерге ұрынбады. Бұл кезеңді Ассамблея қызметінің алғашқы кезеңі деп атауға болады.

2001 жылдан бастап, Қазақстан саяси тұрақтылық пен әлеуметтік-экономикалық өсім жолына нық түскен кезде оның екінші кезеңі басталды. Мемлекетте Ассамблеяның қызметін күшейтуге экономикалық мүмкіндіктер ашылып, ол барлық этностың мәдениеті мен тілдерін дамытуға жұмсалды.

Егер 3 жылда, яғни 1998 жыл мен 2000 жыл аралығында осы салаға бюджеттен 138 млн теңге бөлінсе, соңғы 3 жылда 1,3 млрд теңге бөлінді. Бұл 10 есе дерлік өсімге тең!

Біздің елімізде ірі немесе кіші болсын, кез келген этнос қазақстандық қоғамның маңызды үйлесімді бөлшегі болып табылады. Оның өкілдері Қазақстан мемлекетінің құрылысына қатыса отырып, өзінің рухани сұранысын

қанағаттандыруға, табиғи болмысын сақтауға барлық мүмкіндіктерді иеленеді.

Бүгінгі таңда біздің алдымызда жаңа стратегиялық мақсаттар тұр, ал өз кезегінде ҚХА қызметінің сапалық жаңа кезеңі басталды. Қазақстан халқы Ассамблеясы кез келген дағдарысты, кез келген қауіпті және сын-қатерді еңсеруге қабілетті, біртұтас және біте қайнасқан Қазақстан халқын қалыптастыру үдерісін жалғастыруы тиіс. Бізде бұған балама жоқ.

* * *

Осы міндетті орындауға Ассамблеяда қажетті жасампаз әлеует жеткілікті.

Бұл жылдарда Ассамблея көпшілік біле бермейтін құрылымнан кең өкілетті конституциялық органға айналды. Өткен жылы Ассамблея конституциялық мәртебеге ие болып, оған Мәжіліске депутат сайлау құқы берілді. Мұның өзі Ассамблеяның да, Парламенттің де беделін көтерді.

Жақында ғана мен «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңға қол қойдым. Бұл – Ассамблеяның Қазақстанда бейбітшілік пен келісімді сақтаудағы зор еңбегін танудың бір көрінісі болды.

Әлемде бұған ұқсас келетін заң жоқ, оның біздің еліміздің болашағы үшін маңызы ерекше. Оның нормалары біздің ұлтаралық саясатымыздың іргесін қалайды.

Мен бәріңізді осы оқиғамен құттықтаймын!

Осының бәрі халықтың бірлігі қазақстандық мемлекеттіліктің негізі ғана емес, сонымен бірге біздің мәңгілік құндылығымыз болып табылатынын да айғақтайды.

Нақ осы құндылық мұнда енді Қазақстан халқы Ассамблеясы жұмыс істейтін Бейбітшілік және келісім сарайының мерейін асқақтатады.

Ежелгі Мысыр мақалында айтылғандай: «Бәрі уақытқа, ал уақыт пирамидаларға тәуелді».

Бұл сарай – біздің жас астанамыздың нақ төріне орналасқан ғимарат. Астанаға келгендердің бәрі халықтардың бірлігіне біздің қалай мән беріп отырғанымызды көреді.

Астана қонақтары маған оның ішін аралағанда ерекше сергіп, серпіліп қалатындары туралы айтады. Ол, шамасы, мұнда ылғи да әлемнің мәңгілік құндылықтары, келісім, адамға деген сүйіспеншілік пен рух тазалығы туралы айтылатындықтан болса керек.

Сарайдың құрылысын пирамида түрінде көтеру туралы идеяны ұсынғанда мен нақ осыған назар аудардым.

Құрметті Ассамблея мүшелері!
Құрметті қонақтар!

Біз мемлекеттігіміздің түпқазығы қағылған осы ерекше жалпыұлттық келісім моделін бірлесе отырып жасадық.

Ол модель 5 қағидатқа негізделді.

Бірінші қағидат. Біз этностық, конфессиялық, мәдени және тілдік саналуандылық біздің баға жетпес байлығымыз болып табылатынына сенімдеміз.

Ол біздің қоғамның идеологиялық, имандылық, рухани негізін құрайды, қоғамның тұрақты дамуына тың күш қосады.

Республикада этномәдени бірлестіктердің саны үдемелі түрде өсіп келеді. Олардың қатары 621-ге жетті. 46 этнос өкілдерінің өз орталықтары бар.

1991 жылы бізде 700-ге жуық діни бірлестік болса, олардың саны қазір 4 мыңнан асып кетті.

Тарихи түрде қалыптасқан көпэтностық пен көпконфессиялықты біз өзіміздің стратегиялық артықшылығымызға және ұлттық қуатымызға айналдыра алдық.

Екінші қағидат. Біздің мемлекет Қазақстан этностарының мәдениеті мен тілін дамыту үшін мақсатты түрде барлық жағдайды жасады.

Бізде газеттер мен журналдар 11 тілде шығады, радиохабарлар сегіз тілде жүргізіледі, ал телехабарлар жеті тілде көрсетіледі. Бізде ұлттық тілдерде шығатын бұқаралық ақпарат құралдарының жалпы таралымы 80 мың данадан асты. Бұған қазақ және орыс тілдерінде шығатын бұқаралық ақпарат құралдары жатпайды.

Бізде толықтай өзбек, тәжік, ұйғыр және украин тілдерінде оқытатын 88 мектеп жұмыс істейді. 108 мектепте Қазақстанның 22 этносының тілдері

дербес пән ретінде оқытылады. Оған қоса, 195 мамандандырылған лингвистикалық орталық ашылды, онда тек балалар ғана емес, ересектер де 30 этностың тілін үйрене алады. Қазір оларда 7 мың адам оқуда.

Сонымен бірге қазақ және орыс театрларына қосымша, Қазақстанда тағы да төрт ұлттық театр – өзбек, ұйғыр, корей және неміс театрлары жұмыс істейді. Және олардың 3-і ТМД аумағындағы бірден-бір театрлар.

Үшінші қағидат. Біздің ұлттарымыздың аса маңызды құндылығы – тағаттылық пен жауапкершілік.

«Бейбітшілікті күшпен ұстап тұра алмайсың, – деген болатын Альберт Эйнштейн. – Оған тек түсіністікпен ғана қол жеткізуге болады».

Қазақстанның табыстары біздің өткен және болашақ ұрпақ алдындағы өз жауапкершілігімізді сезінуіміздің арқасында ғана мүмкін болды.

Жауапкершілік – біз еліміздің өз ішінде де, халықаралық қатынастарда да басшылыққа алатын әмбебап қағидат.

Біздің барлық сыртқы саяси бастамаларымыз: ТМД, ЕурАзЭҚ елдері арасындағы интеграция, ядролық қарудан бас тарту, АӨСШК, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері, 1 апта бұрын Астанада өткен «Ортақ әлем: әралуандылық арқылы прогреске» халықаралық форумы әлемде саяси текетіресті бәсеңдетуге,

қауіпті шиеленісті реттеуге, адамдардың азап тартуы мен өлімін жоюға бағытталған.

Төртінші қағидат – қазақ этносының топтастырушы рөлі.

Қазақтар әртүрлі кезеңдерде өз жерінде көптеген халықтарды қабылдады. Олар қоныс аударушылар және революцияға дейінгі Ресейден жер аударылғандар, кеңестік кезеңде қуғын-сүргінге ұшырағандар болды.

Ойлап көріңіздер, өткен жүзжылдықтың 40-шы жылдарында Қазақстанға арнайы қоныс аударушылар деген желеумен 1,2 млн адам келді. Сол бір қайғылы жылдарда айдалада сақырлаған аязда қалған көптеген немістер, шешендер, ингуштар, корейлер, гректер, поляктар және басқа халықтар қазақтардың отбасын паналады, солардың бауырлас құшағының қызуын сезінді.

Содан кейін тың көтеру басталды. Қазақстанға Кеңес Одағының барлық түкпірінен 600 мыңнан астам адам келді, олардың 350 мыңы жастар еді. Солардың көпшілігі Қазақстанға тұрақтап қалып, осында өздерінің жаңа Отанын тапты.

Қонақжайлылық – Ұлы дала тұрғындарының ежелгі дәстүрлерінің бірі. Қазақтар қонақтарын құшақтарын жая қарсы алып, төріне шығарды.

Қазақ халқына бауырластық – ықылым заманнан тән. Ол қазір де біздің қоғамның топтастырушы күші болып отыр.

Ал ол қазақ халқына ерекше жауапкершілік жүктейді.

Және, ең соңында, бесінші қағидат – қазақ халқының бірлігі.

Біз Ассамблеямызды – Қазақстан халқы Ассамблеясы деп тегін атағанмыз жоқ. Біздің Конституциямыз: «Біз, біздің ортақ тағдырымыз біріктірген Қазақстан халқы... » деген сөздермен басталады.

Еліміздің барлық азаматтарын ортақ болашаққа ұмтылған бір ғана халық құрайды.

Біздің халқымыз барлық уақытта да біртұтас және тығыз топтасқан халық. Біздің қоғам ашық және бәсекеге қабілетті болуы керек. Біздің азаматтар ынтымақтастық пен патриотизмнің құндылықтарын ұлықтауы, ортақ Отанымыздың – Қазақстан Республикасының өркендеуі үшін белсенді жұмыс істеуі тиіс. Тек сонда ғана біз дағдарыстар мен басқа да уақыт талқысына лайықты тойтарыс бере аламыз және Қазақстанды өркендеген елге айналдырамыз, онда балаларымыз алаңсыз өмір сүріп, еңбек ете алатын табысты мемлекетке айналдыра аламыз.

Бұл – біздің басты мақсатымыз.

Құрметті сессияға қатысушылар!

Қазір Ассамблея қызметінің жаңа үшінші кезеңі аясында біздің алдымызда маңызды практикалық міндеттер тұр, біз оларды таяу жылдарда шешуіміз қажет.

Біріншіден, қазақстандық қоғамның бұдан кейінгі даму мақсатын айқындайтын ұлттық бірлік доктринасын әзірлеу қажет.

Президент Әкімшілігіне Үкіметпен бірлесе Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелерін қатыс-тыра отырып осы құжатты әзірлеуді тапсырамын.

Бұл құжаттың негізгі қағидаттары еліміздің 2020 жылға дейінгі Стратегиялық жоспарына енгізілуі керек.

Екіншіден, Ассамблеяның, оның аумақтық бөлімшелерінің нақтылы жұмысын одан әрі күшейту қажет.

Ассамблея Кеңесі толық режімде жұмыс істейтін орган болуы керек.

Ассамблея Төрағасының орынбасарларын ауыстыру және тағайындау тәртібіне де бірсыпыра өзгерту енгізу қажет деп ойлаймын. Ассамблея Төрағасының орынбасарлары санының үшеу болуын ұсынамын. Олардың екеуі республикалық ұлттық-мәдени бірлестіктер атынан жұмыс істейді және бір орынбасары Ассамблея аппаратын басқаратын болады. ҰМБ-ның атынан жұмыс істейтін екі орынбасар біздің сессиямызда жыл сайын ауысып отырады. Мұндай ауыс-түйіс еліміздегі барлық ұлттық-мәдени орталықтарға Ассамблея жұмысын кезектесіп басқаруға мүмкіндік береді.

Ассамблея Кеңесінен маған екі орынбасар бойынша ұсыныс енгізуді сұраймын.

Біз Ассамблеяның жергілікті жерлердегі жұмыс органдарын ұйымдық жағынан нығайтуға алда да күш салатын боламыз.

Барлық өңірлердің әкімдеріне тиісті шаралар қабылдауды тапсырамын.

Ұлтаралық қатынастар ғылыми тұрғыда сүзгіден өткен жұмыстарды талап етеді. Сондықтан Ассамблея жұмысына ғалымдарды, мәдениет қызметкерлерін, зиялыларды көптеп тарту керек. Ол үшін сарапшылар кеңесін құрған жөн. Бұл қабылданған шешімдердің сапасын арттыруға сеп болады.

Ассамблеяның қалыпты жұмысын қамтамасыз етудегі маңызды мәселелердің бірі Ассамблея қызметін, оның аумақтық құрылымдарын, сондай-ақ этномәдени орталықтарын қаржыландыру болмақ.

Бұл мәселені шешудің бірнеше жолы бар, солардың бірі – қоғамдық қаржыларды тарту.

Іскер жандардың тұрақтылыққа қосқан үлесі олардың өздері үшін керек, бұл біздің болашағымызға құйылған инвестиция.

Осы жұмысты ұйымдастыру, қоғамдық қаржы көздерін тарту үшін Ассамблеяның өз ішінен арнайы қор ашуымызға болады. Бұл салада біздің белгілі бір тәжірибеміз бар.

Оның қызметі мейлінше мөлдір болуы тиіс. Жобаларды қаржыландыру туралы шешім ұжымдық түрде қабылдануы тиіс.

Қазіргі кезге дейін біз мемлекеттік тапсырыс аясында этномәдени орталықтарды әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыруға іс жүзінде тартқанымыз жоқ. Мұндай қаржыландыру тетігін де пайдалану қажет.

Мәдениет және ақпарат министрлігіне, сондай-ақ облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктеріне мемлекеттік тапсырыс аясында ұлттық-мәдени бірлестіктерді қаржыландыру мәселесін шешуді тапсырамын. Қаржы нақты міндеттерді шешуге бөлінуі тиіс.

Үшінші, біз өскелең ұрпақты тәрбиелеуге ерекше назар аударуымыз қажет.

Бұл ретте, әрине, отбасының алатын орны айрықша. Алайда мемлекет те бұл мәселеден сырт қалмауы керек.

Үкіметке келесі жаңа оқу жылына дейін толыққанды тұлға қалыптастыруға негіз болатын кешенді бағдарлама әзірлеуді тапсырамын. Балабақшадан бастап, мектептерде, колледждер мен жоғары оқу орындарында, әскери орындарда біз балаларға тек білім беріп қана қоймай, тәрбие беруді де назардан шығармауымыз керек.

Жас азамат қазіргідей жаһандану дәуірінде өзгелермен тіл табыса білу, белсенділік, икемділік, өзін-өзі ұдайы тәрбиелеу, шыдамдылық, өз сөзінде тұру секілді қасиеттердің бағаланатынын түсіне білуі қажет. Көреалмаушылық, еріншектік және

бір ұлттың тілі мен мәдениетін басқа бір ұлттың тілі мен мәдениетінен жоғары қою өрескел мінез болып табылады. Мұның бәрін адам жастайынан үйренуі қажет.

Бір ұлтты басқа ұлттан жоғары қою қазіргі әлемдік дамудың бағытына қарама-қайшы келеді және адамға деген жеккөрушілік қасиет ретінде өзін-өзі мәңгі кемсітушілік болып табылады. Олар жартылай этностық мемлекеттерді былай қойғанда, шағын этноорталыққа да сия алмайды.

Белгілі орыс ғалымы, еуразияшылдық идеясының авторы Лев Николаевич Гумилев кезінде кез келген ұлттың күштілігі оның санының көптігінде емес, өзінің артындағы ұрпағына сақтап, қалдыратын және бүкіл әлемге тарататын рухани мәдениетінде деген болатын.

Біз жастарымызды өзгелерді тыңдауға және түсінуге, басқа ұлттардың тілі мен ділін, салт-дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеуіміз керек. Онсыз қазіргідей жаһандану дәуірінде ешқандай жетістікке жете алмаймыз.

Қазақстандық жастар өз елінің патриоты болулары керек, мейлі ол этностық бола ма, мейлі конфессиялық немесе басқа негіздегі бола ма, кез келген экстремистік идеяға төзбеушілік қасиетке ие болулары тиіс.

Қоғамдағы толеранттықты нығайтуда Ассамблея алғы шепте тұруы қажет.

Шыдамсыздық, өшпенділік өзеуреуінің тез тарайтынын біз басқа елдердің тәжірибесінен көріп жүрміз. Өкінішке орай, адамдар, әсіресе қиындықтар кезінде, арандатушылық идеяның ықпалына тез тартылуы мүмкін.

Ассамблея болмаса мұндай жат әрекеттерге кім тосқауыл қоя алады! Сіздер, этномәдени орталықтардың көшбасшылары, қоғамның құрметіне иесіздер, сіздерді басқалар тыңдайды. Өздеріңіздің беделдеріңізді қоғамымызда жалпыазаматтық құндылықтарды таратуға, Қазақстан халықтарының бірлігін нығайтуға пайдаланыңыздар.

Төртіншіден, Ассамблея мемлекеттік тілді оқып-үйрену қажеттілігін белсенді түрде насихаттауы тиіс.

Мен Қазақстанның қоныс аударушылардың қандай толқынын қабылдауға тура келгені жайлы айттым. Бүкіл дүниежүзінде мұндай миграциялық қысымды дәл Қазақстан секілді ешбір мемлекет басынан өткерген жоқ. Ал бұл 1970-шы жылдары өзінің тарихи отанында қазақ ұлты санының аз болуына әкеп соқты.

Қазақ жеріне табан тіреген өзге ұлт өкілдерімен қарым-қатынас орнату үшін қазақтардың басына орыс тілін меңгерудің қажеттілігі туды. Оның үстіне, кеңестік кезеңнің сол кездегі саясаты да осыған алып келді. Орыс тілінсіз жұмыс табу қиын болды. Тарих пен мәдениет те сол кездегі

идеологияның қысымында еді. Бұл қазақ тілі мен мәдениетіне алапат әсер етті. Мұнда сол кездегі қазақстандық ұрпақтың және ұлттық тілі оқытылмаған қазақтардың еш кінәсі жоқ. Сол күрделі кезеңдегі қатал тоталитарлық биліктің ұстанған саясаты, міне осындай жағдайға алып келді.

Академик Дмитрий Лихачевтің егер бір халықты өз тілі мен мәдениетінен алшақтатсақ, онда ондай халық та жоқ дегені бар еді. XX ғасырдың аяғында қазақ халқының тілі мен мәдениеті жойылып, құрып кетуге аз-ақ қалды.

Сондықтан ұлтымыздың өзінің жоғын қайта түгендеу жолындағы батыл ұмтылысы – заңды құбылыс. Бұған басқа этнос өкілдері де түсінушілікпен қарап, қолдайтындығына көз жеткізіп келеміз.

Мен мұндай қолдауды бір кезде осында қоныс аударып, Қазақстанды өз отаны ретінде бағалайтындардың алғысы деп түсінемін. Екінші жағынан, бұл Қазақстан жеріндегі әр ұлт пен ұлыстың өзара бірлік пен татулықта өмір сүруіне негіз болады, біздің балаларымыздың тыныш өмірін қамтамасыз етіп, олардың болашаққа деген сенімін арттырады деп ойлаймын.

Бұдан кейінгі кезеңде Қазақстанда қазақ тілінің рөлі күшейе бермек. Мұның өзі түсінікті жәйт. Әрине, орыс, ағылшын және өзге тілдерді дамыту мәселесін де қолдайтын боламыз.

Мемлекеттік тілді ең алдымен біздің балаларымыз білуі керек. Және белгілі бір уақыттан кейін оны Қазақстанның бүкіл азаматтары білетін болады. Бұл үдеріс қазір жүріп те жатыр.

Бұл үшін барлық жағдай жасалды: қажетті нормативтік база жасалды, қаржы жылдан жылға көп бөлінуде. Биылғы жылы мемлекеттік тілді қолдауға бюджеттен 5 млрд теңге бөлінді. 2005 жылы бюджеттегі мұндай қор бар болғаны 133 млн теңгені құраған еді.

Қазір мектептерде қазақ тілін өзге ұлттың 25 мың баласы оқып-үйренуде. Балабақшалардағы қазақ топтарында өзге ұлттардан 10 мың бала тәрбие алуда.

Қазақ тілі басқа тілдермен аралас 5 800 мектепте оқытылады, ол республикадағы барлық мектептердің 76 %-ын құрайды. 1991 жылы мұндай мектептер 50 %-ға жуық болған еді.

Жалпы алғанда қазір қазақстандық мектеп оқушыларының 60 %-ы қазақ тілінде оқиды. 1991 жылы бұл көрсеткіш 30 %-ды ғана құрады.

Мемлекеттік тілді тамаша меңгерген өзге ұлттардың саны жыл сайын көбейіп келеді.

Қазақ тілін білу әр адамның бәсекеге жеке қабілеттілігінің аса маңызды шарттарының біріне айналуда. Ата-аналар балаларының болашағын ойлай отырып, олардың қазақ тілін білуіне қамқорлық жасауы тиіс.

Өкінішке орай, білім беру мекемелерінің көпшілігінде оқытудың тиімсіз әдістері қолданылуда. Мұғалімдердің кәсіби деңгейі қажетті стандарттарға барлық уақытта бірдей сәйкес келе бермейді. Бізде қазақ тілінде сапасыз оқулықтар шығару фактілері де кездеседі. Қазақ тілінің грамматикасының өзі ойлануды және жетілдіруді талап етеді.

Үкімет арнайы комиссия құруы және мемлекеттік тілді дамыту ахуалын егжей-тегжейлі талдауы тиіс.

Тиісті мемлекеттік органдар жаңалықтар беретін телеарналардың, фильмдердің және тұтастай алғанда қазақ тіліндегі негізгі бағдарламалардың орыс тілінде қатар жүргізілуі туралы ойлануы қажет. Немесе керісінше болуы қажет. Бұл еліміздің барлық азаматтарының назарына ұсынатын басқа да барлық арналарға тән.

Мемлекеттік тілді дамытуға қатысты барлық мәселе азаматтардың құқықтарына нұқсан келтірілмей, қатаң түрде Конституция мен заңдарға сәйкес шешілуі тиіс.

«Тілдер туралы» Заң бар. Оны мүлтіксіз орындау керек.

Бүгін мен тіл тақырыбына қатысты кез келген арандатушылық әңгімені қоятын кез келгенін атап көрсеткім келеді. Егер қайсыбіреуді қазақ тілінің тағдыры шынында да толғандыратын болса, мейлі

ақшасын салып, нақты жобаларды іске асырсын. Бұл үшін менің бастамам бойынша Мемлекеттік тілді дамыту қоры құрылды.

Қазір бізге тілді оқытудың тиімді әдістемесі, даярлығы жоғары оқытушылар, қазақ тіліндегі тартымды кітаптар, қызықты теледидар жобалары керек. Бізде тіпті қазақ тілінде жақсы мультфильмдер де жоқ. Осы жұмысқа қазірден кірісу қажет.

Тіл тақырыбында өзіне саяси ұпай жинағысы, қоғамды сілкіндіргісі, этносаралық шиеленісті ушықтырғысы келгендердің ешқайсысына жол берілмейді.

Енді ең соңғы, бесінші міндет жайында айтайын. Келесі жылдан бастап Қазақстан ЕҚЫҰ-ның «басқарушы үштігіне» кіреді, ал 2010 жылы осы маңызды ұйымға төрағалық етеді. Бұл – біздің полиэтностық қоғамда бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз етудегі жетістігімізге берілген жоғары баға.

Біз осы ұйымның бар күш-жігерін халықаралық қауіпсіздікті нығайтуға және жаһандық шиеленісті бәсеңдетуге жұмсайтын күн тәртібін әзірлеуге тікелей қатысатын боламыз.

2011 жылы Қазақстан басқа бір беделді ұйымға – Ислам конференциясы ұйымына жетекшілік етеді. Мұны да біздің мәдениеттер арасындағы жаһандық үнқатысуды дамытудағы рөлімізді тану деп түсінген жөн.

Этностардың мүдделерін келістіру мен құқықтарын қорғау жөніндегі біздің ерекше тәжірибеміз бен жетістіктерімізді Шығыста да, Батыста да бағалайды. Біздің қоғамдық үнқатысудағы және этносаралық келісімдегі тәжірибемізді пайдаланатын елдер көбейген сайын әлемнің қауіпсіз бола түсетініне сенімдімін.

Қазақстан халқы Ассамблеясы бұл жұмыста белсенділік танытуы тиіс. Мәдениетаралық үнқатысуды қалай дамыту қажеттігін нақ осы Ассамблея көрсетуі қажет. Біздің этносаралық, конфессияаралық келісімді нығайту бағытындағы тәжірибеміз көптеген елдерге пайдалы болады. Оны кең ауқымды еуразиялық кеңістікте өтіп жатқан шиеленістен кейінгі қоғамдардың бәрі де қолдана алады.

Сыртқы істер министрлігіне және Қазақстан халқы Ассамблеясының Хатшылығына Ассамблеяның тиісті іс-шараларға қатысу жобасын әзірлеуді тапсырамын. Бұл біздің Ассамблеяны бұрынғыдан да белгілі ете түседі. Дүниежүзінде беделін өсіреді.

Құрметті сессияға қатысушылар!

Қазақстан халқы Ассамблеясы елімізде бейбітшілік пен келісімді сақтауға өлшеусіз үлес қосты. Соның қызметінің арқасында біз жалпыазамагтық тақылеттестікті орнықтырдық және Қазақстанның

бүкіл этностарының өзіндік мәдени болмысын да сақтадық.

Енді біздің алдымызда тағы да сондай маңызды міндет – прогресс пен өркендеуге сенімді түрде қадам басуға қабілетті халықтар бірлігін нығайту міндеті тұр.

Біз болашағымыздың ортақ болашақ екенін есімізден шығармауымыз керек. Ал ол барлық қазақстандықтардың бірлігіне байланысты болмақ!

«Нұр Отан» Халықтық-демократиялық
партиясының Сыбайлас жемқорлыққа
қарсы күрес форумында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2008 жылғы 6 қараша

**Құрметті форумға қатысушылар!
Әріптестер!**

Бүгін біз сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселесін одан әрі талқылауға тағы да жиналып отырмыз.

Мұндай індетпен әлемнің барлық мемлекеттері бетпе-бет келді. Оның үстіне қазіргі жағдайда сыбайлас жемқорлық ішкі мемлекеттік проблемадан бірте-бірте жаһандық проблемаға айналып барады.

Қазір барлық елдер, ең озық елдерді қоса алғанда, жаңа алаңдатушылықты ескере отырып, сыбайлас жемқорлықпен күрестің жаңа үлгілерін қарастыруда. Сыбайлас жемқорлық жасағаны үшін тартатын жауапкершілікті арттыратын қатаң заңдар қабылдануда.

Бұл арада мен, егер біз Қазақстандағы сыбайлас жемқорлық туралы айтатын болсақ, ол оның деңгейі басқа елдерге қарағанда бізде едәуір жоғары дегенді білдірмейтінін қадап айтқым келеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша біздің еліміз ТМД елдерінің арасында алдыңғы қатарда тұр. Аталған жылдар ішінде біз осы әлеуметтік кеселдің алдын алу бағытында елеулі істер тындырдық. Мұны халықаралық сарапшылар да растайды.

Осыдан 10 жыл бұрын кеңестік кезеңнен кейінгі кеңістікте бірінші болып «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» арнайы Заң қабылдадық. Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі арнаулы агенттік (қаржы полициясы) құрылды.

Қылмыстық кодексте сыбайлас жемқорлық ретінде танылатын қылмыстардың нақты тізбесі белгіленді. Пара алғаны үшін қылмыстық жауапкершілік қатайтылды.

Менің бастамам бойынша бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін қызметінен босатылған адамдарға енді мемлекеттік органдар мен ұйымдардағы кез келген

қызметке тұруға өмір бойы тыйым салынды. Жемқорлық жасаған адамдардың бәрі де барлық артықшылықтардан айрылатынын естерінде ұстағандары жөн.

Сот жүйесінде сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету мақсатында құқық бұзушылық жасағаны және судьялық әдепті сақтамағаны үшін судьялардың жауапкершілігі қатайтылды.

Жақында Парламент судьяларды басшылық судьялық лауазымға жоғарылату рәсімінің барынша мөлдірлігін көздеген заң қабылдады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шаралары мемлекеттік сатып алу, салық салу, кеден ісі, лицензия беру және басқа салаларды реттейтін бірқатар заңнамалық актілерде көзделді.

Тұтастай алғанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қызметін заң тұрғысынан қамтамасыз етудің қазақстандық үлгісі шын мәнінде ТМД елдеріндегі әріптестеріміз үшін тағылымдық тәжірибеге айналды.

Президент жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі комиссияның жұмыс істеуі Сыбайластыққа қарсы стратегияны іске асырудың маңызды тетіктерінің бірі болып табылады.

Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттік-тің жанындағы облыстық тәртіптік кеңес өңірлік деңгейдегі сыбайластық көріністеріне қарсы күресуі тиіс.

«Нұр Отан» партиясының жүргізіп отырған ауқымды жұмыстары жайлы айтпай кетуге болмайды.

Партия жанынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі республикалық және өңірлік кеңестер құрылды, оған қазірдің өзінде азаматтардан 5 мыңнан астам өтініш түсті. Соның үштен бірінің мәселелері толықтай немесе жартылай шешілді.

Менің тапсырмам бойынша қазір партия еліміздің барлық өңірлердегі әлеуметтік тұрғын үйлерді бөлу істерін де бақылап отыр. Халықпен, атқарушы және құқық қорғау органдарымен тығыз да өзара нәтижелі байланыс орнатылды.

* * *

Алайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйе толыққанды және барынша тиімді жұмыс істеп отыр деп айта алмаймыз. Жемқорлық қылмыстарды тіркеген статистика осылай деуімізге негіз болып табылады.

Әлеуметтік сауалнама нәтижелеріне қарағанда, республиканың біраз тұрғындары өздерінің мәселелерін пара беру арқылы тиімдірек шешкенін айтқан. Сауал салынғандардың пікірі бойынша, жемқорлық қатынастар әсіресе құқық қорғау, әділет органдары, әкімдіктер, денсаулық сақтау, білім беру мекемелері арасында көп тараған.

Республикада жыл басынан бері 1 581 жемқорлық қылмыс тіркелген. Жемқорлық қылмыс

бойынша 520 адам сотталған, 990 адам тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

Тек барлық деңгейдегі әкімдер арасынан 69 адам жемқорлық қылмыс жасап, оның 18-і қазірдің өзінде сотталған.

Талдау көрсеткендей, жемқорлық қылмыстан келген материалдық шығын мөлшері өте қомақты сомалармен есептеледі.

Мұндай ахуалға төзуге мүлдем болмайды! Жемқорлық біздің мемлекетіміздің дамуына, оның экономикалық өсімі мен саяси тұрақтылығына қауіп төндіреді.

Және біз онымен қатал және түбегейлі түрде күресетін боламыз.

Сондықтан бүгін мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық күрес жоспарын қабылдайтынымызды сіздерге жария етемін.

Осыған байланысты біз мынадай шараларды жүзеге асыруымыз керек.

Біріншіден, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі заңнаманы жетілдіру қажет.

Экономиканың әртүрлі салаларын, мемлекеттік басқару, оның ішінде құқық қорғау қызметін де реттейтін терең заңнамалық «түгендеу» шарасы алынуы керек.

Осы уақытқа дейін рұқсат ету жүйесіне, бақылау-қадағалау қызметіне, мемлекеттік сатып алуға қатысты заңнамалық актілерде айтарлықтай «жемқорлық орындар» бос қалдырылып келді.

Заңнаманы қолданудың нақты тәжірибесі көрсеткендей, ол шағын және орта бизнеске жасаңды әкімшілік кедергілер тудыратын жағдайларға жол берген.

Осыған байланысты барлық заңдар мен заңға тәуелді актілерінде сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуді көздеген сараптама міндетті түрде жасалуы тиіс. Мұндай сараптаманың мәртебесін заң тұрғысынан бекіту керек. Мен мұны біздің Парламентте «Нұр Отан» партиясының жасауын сұраймын.

Прокуратура, арнаулы заңның қабылдануын күтіп отырмай, оған наразылық білдіруі, ал әділет органдары тіркеу кезінде мемлекеттік органдар қабылдаған барлық актілерді жемқорлыққа қатыстылық тұрғысынан тексеруі қажет.

Жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар демеушілік қызметті реттестіруге жәрдемдесуі қажет. Осы мақсатта қоғам мен мемлекет мүддесіне зиян келтіретін корпоративтік мүддені өткізу жөніндегі жемқорлық жолын жабатын тетіктерді белгілеуші «Мүддешілік туралы» Заң қабылдаған жөн.

Қылмыстық кодекстің нормаларын түзету бойынша да жұмыс жүргізу қажет. Жемқорлықтың өрісін тарылту үшін нақты қылмыстарға жауаптылықтың нұсқалылығын азайту қажет.

Екінші, мемлекеттік басқару қызметін нақтылау және оңтайландыру керек.

Өкінішке орай, бірнеше жыл бойы әкімшілік реформалар жүргізсек те, біз мемлекеттік органдардың міндеттерінің аражігін ажыратуда, олардың бірін-бірі қайталауда айтарлықтай ілгері жылжи алмай-ақ қойдық.

Мен мемлекеттің артық, мемлекеттік монополия саласына қатысы жоқ міндеттерді жүзеге асыру практикасынан ұдайы арылып отыруы қажеттігі жайында әлденеше рет айттым.

Үкімет, ең соңында қайсысының мемлекеттік міндет, қайсысының тек мемлекеттік қызмет көрсету ғана болып табылатынын нақты айқындауы тиіс. Қызмет көрсетуді тиісінше бәсекелес ортаға өткізуге болады. Осы ұғымдардың аражігі айқын анықталмағандықтан, ол мемлекеттік басқарудың тиімділігін төмендетеді, сыбайлас жемқорлық көріністерінің өсуіне алғышарт болып табылады.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарттары мен рәсімдерінің міндетті түрде болуының, олардың нормалық орнығуы мен барлық жерде енгізілуінің маңызы айрықша.

«Электронды үкіметтің» және тұтас алғанда, басқаруда қазіргі заманғы технологиялар мүмкіндіктерін кеңірек пайдалану қажет. Мұндай жұмыстың біздегі қарқыны қанағаттандырмайды. Әзірге нақты істерден гөрі келіспеушіліктер және әрқалай түсінушіліктер басым.

Құрылатын «Электронды үкіметтің» басты міндеті – мемлекеттік қызметшіні жұмысқа аларда

азаматтардың шенеуніктермен тікелей байланысуын барынша шектеу.

Әр адамның электрондық тәсілмен көрсетілетін қызмет туралы толық және дұрыс ақпарат алуына және қызметтің дер уақытында сапалы көрсетілуіне мүмкіндігі болуы тиіс.

Сондай-ақ, өңірлерде «бір терезе» қағидатымен жұмыс істейтін, барлық құрылыс жүргізуге және жер телімдеріне рұқсаттық құжаттарды беруде, халыққа және бизнеске басқалай да қызметтер көрсетуде «электронды әкімдіктер» енгізуді белсенді жүргізу керек.

Үкіметтің бұл жұмысты жеделдеткені, ал «Нұр Отан» партиясының оны ерекше бақылауға алғаны жөн.

Үшіншіден, мемлекеттік аппараттың жұмыс сапасын жетілдіру қажет. Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мемлекеттік қызмет жүйесін нығайтуға жәрдемдесуі керек.

Біздің стратегиялық міндетіміз – мемлекеттік басқарушылардың жаңа қуатты буынын жасау.

Олар кәсіби дайындықтары мықты, білімді, жаңаша ойлайтын және елдің мүддесі үшін адал еңбек ететін, ешқандай мүдделермен байланыспаған таза адамдар болуы тиіс. Біз мемлекеттік қызметшілер ұрпағын өзгертудің алғашқы қадамын жасау сәтінде тұрмыз.

Біздің мемлекеттік қызметтің беделін көтеруіміз, мемлекеттік аппаратқа талантты жас

адамдарды тартуымыз және оларды тәрбиелеуіміз керек. Сонымен бір мезгілде әртүрлі жемқорлық сыбайластыққа бейімі бар күмәнді кісілерден мүлдем арылуымыз қажет.

Онсыз біздің бәсекеге қабілетті әлем елдерінің қатарына кіру жөніндегі ниетіміз тек жоспар күйінде ғана қалады.

Мемлекеттік қызметші мынадай сегіз әдеп нормаларын басшылыққа алуы керек:

1. Ол билік пен өкілеттіктерді меңгеруі және сонымен бірге әділ болуы қажет.

2. Мемлекеттік қызметте өзінің қара басының игілігі үшін емес, мемлекеттің мүддесі үшін жұмыс істеуі, мемлекет қаражатын өзінің қалтасымен ауыстырып алмауы керек.

3. Шенеунік «Қандай жалақыға өмір сүріп жатырсың?» деген сұрақтан қорықпайтындай болуы, өйткені онда айналасы биік ауламен қоршалған және қымбат автомашиналарға толы виласы пайда болмауы тиіс.

4. Заң талаптарына толық сәйкес өмір сүруі маңызды.

5. Кез келген қызметте, кез келген лауазымда халықтың, өз елінің азаматтарының сенімін жоғалтпайтындай болуы тиіс.

6. Қазақстандық мемлекеттік қызметші әділеттіліктің, байсалды, өзін адамдар арасында ұстай білудің үлгісі болуы қажет.

7. Ұжымды басқармастан бұрын, ол өзі бағыныштылыққа үйренуі, өзінің қызметкерлерінен талап ететін мәселені өзінің орындай білуіне үйренуі тиіс.

8. Егер мемлекеттің мүддесіне нұқсан келетінін немесе сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің дайындалып жатқанын білсе, жедел араласып, қажетті шаралар қабылдауы тиіс.

Бұлар мемлекеттік басқару органдары қызметкерлеріне қойылатын моральдық талаптардың бір бөлігі ғана.

Біздің мемлекеттік қызметке және билікке мен атаған әдеп нормаларын қатаң орындайтын нақ осындай адамдарды тартып, оларды тәрбиелеуіміз қажет.

Бұлар өз Отанының өркендеуі үшін бар күш-жігерін жұмсайтын шынайы патриоттар.

Кадрлар резерві институты мемлекеттік қызметке әлеуетті жемқорлардың еніп кетуін азайтуға нақты мүмкіндіктер беретін шара болып табылады. Президент Әкімшілігі еліміздің нақты кадрлар резервін қалыптастыру мен алға жылжыту жөніндегі кешенді жұмысты ұйымдастыруы тиіс.

Біз мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік қорғалуын, олардың материалдық жағынан қамтамасыз етілуін жақсарту бағытындағы жұмысымызды одан әрі жалғастыратын боламыз. Сонымен бірге, мемлекеттің қаржылық мүмкіндігін ескере

отырып, бұл мәселелерді шешеміз және шешетін боламыз.

Менің тапсыруыммен 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап мемлекеттік қызметшілердің барлық санаттарының еңбекақылары 25 %-ға өсіріледі. Сонымен бірге жергілікті соттардағы судьялардың жалақылары 60 % арттырылады. Ал жол полицейлерінің жалақыларын тағы да көтереміз бе деп отырмыз – ол 3 есе дерлік өсуі тиіс.

Мұндай жағдайда қоғамның мемлекеттік аппараттан еліміздің барлық азаматтарының игілігі жолында адал және лайықты қызмет күтуге толық құқы бар.

Еліміздің бүкіл құқық қорғау жүйесінде проблемалар қордаланып қалды. Олардың қызметінде айтарлықтай кемшіліктер мен олқылықтар бар. Құқық қорғау қызметкерлерінің өздерінің сыбайлас жемқорлық қылмыстармен араласып кететіндері аз кездеспейді.

Еліміздің барлық құқық қорғау жүйесі елеулі реформалауды қажет ететіндігіне сенімдімін. Оны тек қана халық мүддесіне барынша тиімді, ашық жұмыс істейтіндей етіп жүргізу керек.

Жемқорлықпен күрес мәселелерін бір органға жинақтап, оның мәртебесін көтеру, қажетті өкілеттіктер беру қажет.

Төртінші, жемқорлықты анықтау және оған қарсы іс-қимыл жүйесін жетілдіру керек.

Біз әркімнің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін қатал жаза тартатынын сезінуіне қол жеткізуге тиіспіз.

Шенеуніктердің табыс көздеріне тиімді бақылау орнату қажет.

Табыстар мен мүліктер туралы мәліметтерді мағлұмдаудың қолданыстағы жүйесі ұсынылған мәліметтердің дұрыстығына тиісті бақылау жасауды барлық уақытта бірдей тиімді жүзеге асыра бермейді. Сондықтан табыстарды жалпыға бірдей мағлұмдау мәселесіне кезең-кезеңімен өту жайын дайындаудың мезгілі жетті.

Шенеуніктердің өзінің жеке бизнес-мүдделерін өткізу үшін қызмет бабын теріс пайдалануына жол беруге мүлдем болмайды. Ал бизнесін өзгенің басқаруына берген шенеуніктер одан іс жүзінде бас тартуы қажет. Экономикалық мәселені өзінің бизнесінің пайдасына шешкен немесе біреудің мүддесіне пайдақорлық мақсатта демеушілік жасаған кез келген жағдайда ол дереу қызметінен босатылуы және заңға сәйкес жазалануы тиіс.

Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттік және Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі мұндай фактілерді тексеруге кірісуі қажет.

Басқа бір қуатты тетікті – ақшалай қаражатпен байланысты ірі көлемдегі операцияларға тұрақты қаржылық мониторинг жүргізу тетігін іске қосқан жөн. Бұл Қаржы министрлігінің

жақында құрылған Қаржы мониторингі комитетінің міндеті.

Елдегі барлық лауазымды тұлғаларды бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған жемқорлық фактілері туралы материалдарға жедел және дер уақытында назар аударуға міндеттейтін тетік дайындап, енгізу қажет.

Әрбір басшы өз ведомствосындағы жемқорлыққа қарсы күрес жағдайына жеке жауап беруі тиіс. Ол үшін бүкіл мемлекеттік аппараттағы барлық сыбайластық деңгейіне рейтингілік бағалау жүргізуі қажет.

Экономикалық қылмыс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің алдында жаңа міндеттер тұр. Бұл ретте тек жазалау шараларын ғана алға тартып қоймай, сонымен бірге құқық бұзушылықтың алдын алу, сыбайластық жемқорлық қылмыстар жасау сораптарын анықтау және оны жою қажет.

Агенттік Қаржы мониторингі комитетімен тығыз өзара қарым-қатынаста жұмыс істеуі міндет.

Бюджеттің жұмсалуына бақылау әртүрлі органдарға «шашылғаны» жайына да тоқталғым келеді. Есеп комитетінің, Қаржы министрлігі Қаржылық бақылау комитетінің, сондай-ақ жергілікті бюджеттің атқарылуын тексеретін басқа да органдардың қызметі бақылаусыз қалды.

Үкімет жыл аяғына дейін мұндай жағдайды анықтап, тәртіп орнатуы тиіс.

Бесінші, қаржылық-экономикалық салада жемқорлықтың жолын кесу керек.

Біздің елімізде жемқорлық туралы айтылған кезде, әйтеуір, сөз жоқ, тек мемлекеттік қызметшілер есте тұрады.

Ал турасын айтқанда, жемқорлық құқық бұзушылықтың ауқымы жеке секторларда мемлекеттік аппараттағыдан көп болмағанның өзінде, аз да емес.

Таяу уақытқа дейін мұндай құбылыс «бизнес» деп теріс мағынада ұғынылып келді.

Дегенмен дамыған елдерде бұл «корпоративтік жемқорлық» ретінде қарастырылып, онымен күреске ерекше назар аударылады. Арнаулы заңдар шығарылып, мемлекеттің бақылаушылық рөлі күшейтіледі.

Әлемдік қаржылық дағдарыс жағдайында «корпоративтік жемқорлық» проблемасы бізде де өткір қойылып отыр. Нақ сонымен күресу үшін мен жақында қаржылық жүйенің тұрақтылығы туралы заңға қол қойдым.

Қазір теріс пиғылды бизнесмендер сыбайласқан шенеуніктердің қолтығының астына кіріп алған кезде олардың мемлекеттің қаржылық тұрақтылығын теңселтуіне және азаматтардың экономикалық мүдделеріне нұқсан келтіруіне жол бермеу аса маңызды.

Біз көзбояушылықтың, жалған банкроттықтың, шет елге капиталды заңсыз әкетудің кез келген түрінің тамырына балта шабуымыз керек.

Банк жүйесінде заңдылық пен мөлдірліктің сақталуын қамтамасыз ету, азаматтардың салымдары мен мүліктік мүдделерін қорғау тиісті органдардың қазіргі таңдағы басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Үкіметке жеке тұрғын үй салушылар үшін салық жеңілдігін жою туралы ұсыныс енгізуді тапсырамын.

Дағдарыс жағдайында азаматтардың еңбек құқығын қорғау мақсатында жұмыстан заңсыз босату, жұмысшылардың еңбекақыларын уақытында төлемеу фактілерінің алдын алу өзекті мәселелердің бірі.

Алтыншы – мемлекеттік тексеріс жүйесін оңтайландыру және оның мөлдірлігін қамтамасыз ету.

Мемлекеттік органдар жүргізетін тексеру мәселесін анықтаған және оның түпкілікті басын ашқан жөн. Қабылданған шараларға қарамастан, тексерулердің негізсіз жүргізілетіні туралы шағым ағыны тоқтар емес.

Қазіргі кезде бақылау-қадағалау қызметіне орай көзделетін тексерулерді жүзеге асыру құқығы көптеген мемлекеттік органдарға бөлшектеліп берілген. Кодекстерде, ондаған заңдарда, заңға

тәуелді көптеген актілерде тексерулердің әралуан түрі көзделген.

Қолданыстағы заңнама кез келген шаруашылық жүргізушіні немесе мемлекеттік мекемені әртүрлі сылтауларды желеу етіп тексеру мүмкіндіктеріне жол беріп қояды.

Сонымен бірге мен кезінде Үкіметтің «Мемлекеттік бақылау мен қадағалау туралы» Заңды қабылдауға қарсылық білдіруімен келістім.

Алайда, көріп отырғандарыңыздай, мұндай заңды қабылдау қажеттігін өмірдің өзі талап етуде. Осы мәселені қарауға қайта оралуымыз керек.

Және жетінші, қоғамда жемқорлықтың орын алуына төзбестік ахуал орнатуымыз керек.

Менің ойымша, бұл біздің жұмысымыздың ең маңызды бөлігі. Онсыз жоғарыда аталған шаралар еш нәтиже бермейді.

Өкінішке орай, біздің қоғамда құқықтық сананың нормалары мен құндылықтары толықтай орнығып болған жоқ.

Азаматтар бұрынғыдай жемқорлықтың себептері мен онымен күресудің ең қарапайым әдістерінің өзін әлі білмейді.

Олардың жемқорлыққа қарсы білігі жарытымсыз. Олардың талайы өздері шенеуніктерді пара алуға итермелейді.

Мұндай, жемқорлық сияқты індетті мемлекеттік және құқық қорғау органдарының күшімен

ғана жеңе алмайсың. Азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимылды жолға қою керек.

Осы жұмысты «Нұр Отан» партиясы басқаруы тиіс деп ойлаймын. Бұл ретте партияның жанынан құрылатын Партиялық бақылау комитеті үлкен рөл атқарады. Бұл жұмыстарға үкіметтік емес ұйымдарды кең көлемде тартудың маңызы ерекше.

Аталған комитет тұрақты жұмыс істейтін орган ретінде кең қоғамдық қолдауды қамтамасыз етуге және жемқорлықпен күрес жөніндегі Жалпыұлттық іс-қимыл жоспарына белсенді қатысуы тиіс.

Жастар бірлестіктерімен бірлесе отырып, Партиялық бақылау комитеті білім беру мекемелерінде жемқорлық фактілерін анықтап, оған жол бермеу акцияларын жүргізе алады. Құқық қорғаушы үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтасып, партия денсаулық сақтау және әділет жүйесінде жемқорлық мәселесін назарда ұстауы тиіс.

Азаматтардың санасында жемқорлық көріністерінің кез келген түріне мүлдем төзбестікті қалыптастыру керек. Ол үшін БАҚ-та жемқорлыққа қарсы тұрақты түрде кең ауқымды насихат жұмыстарын жүргізу қажет.

Осы саладағы әлемдік тәжірибені зерттеген жөн. Мысалы, Оңтүстік Кореяда жемқорлық туралы тергеу жұмыстарын елдің кез келген кәметтік жасқа толған азаматтары бастай алады.

Уәкілетті мемлекеттік орган кез келген өтініш бойынша шағымды тергеу жұмысын бастауға міндетті. Жемқорлыққа байланысты жалған айып таққандарға белгіленген 10 жылға дейін түрмеде отырғызу шарасы адамдарды осы құқықты шектен тыс пайдаланудан сақтандыратын баптардың бірі болып табылады.

Сингапурда, егер мемлекеттік қызметші дайындалып жатқан жемқорлық әрекеттерін білсе және оны тиісті органға хабарламаса, ол қызметінен босатылады.

Шамасы, осы тәжірибені бізде де қолдану керек шығар.

Құрметті әріптестер! Партия мүшелері!

Қазақстандықтар «Нұр Отан» партиясының бойынан өздерін жемқорлардан қорғаудың тиімді тетігін көруге тиіс.

Бұл жұмыс кең ауқымды, жүйелі негізде жолға қойылуы, партияның идеологиялық тұғырнама-сының арқаулық бағыттарының бірі болуы керек.

Ол үшін бізде қажеттінің бәрі: халықтың көпшілігінің сенімі де, Парламент пен мәслихаттарда депутаттық мандаттар да, кең ауқымды бақылау өкілеттігі де бар.

Қазір «Нұр Отан» осы ресурстарды барынша пайдаланып, жемқорлыққа қарсы жалпыхалықтық күресті басқаруы қажет.

Сондықтан да біз халықтық, бүкіл қазақстандықтарға қызмет ететін, солардың мүддесін қорғайтын партиямыз.

Бізге жасанды сөзқуарлықтың немесе кезекті науқаншылықтың қажеті жоқ, керісінше жемқорлықты анықтауға және оның алдын алуға бағытталған нақты және іс жүзіндегі шаралар керек.

Тек сонда ғана біз қазір еліміздің алдында тұрған барлық стратегиялық және кеудешіл мақсаттарға қол жеткізе аламыз!

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі
күніне арналған салтанатты жиналыста

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2008 жылғы 15 желтоқсан

**Қымбатты отандастар!
Құрметті қонақтар!**

Біз бүгін Тәуелсіздік мерекесін тұңғыш рет Астананың елордалық сипатын аша түсетін аса айшықты нысан – Тәуелсіздік сарайында қарсы алып отырмыз.

«Қазақ Елі» мемориалдық кешенін, Бейбітшілік пен келісім сарайын және Тәуелсіздік сарайын

бүгінгі Қазақстанның ажырамас ең қастерлі ұштаған символдық белгісі деп айтуға болады.

Елорданың бұл жаңа нысандары – бабаларымыз бізге аманат етіп қалдырған қасиетті атамекенге, бүгінде 130-дан астам ұлт пен ұлыстың өкілі тату-тәтті ғұмыр кешіп, халықтар достығы, бейбітшілік пен келісімді ту еткен Отанымызға деген ортақ тағзым мен құрметті білдіреді.

* * *

Қазақстан тәуелсіздігі – ең алдымен ұлтымыздың ежелден бостандыққа деген асқақ рухының жеңісі.

Азаттық рухы кең көсілген Арқадан кербез Алатауға дейінгі, алтын тамыр Алтайдан кәрі Каспийге дейінгі аралықта ұланғайыр даланың ұлы өркениетін қалыптастырған батыр бабаларымыздың қайсар мінезінен оянған еді.

Керей мен Жәнібекке алғашқы Қазақ хандығын құрғызған да сол бостаншыл рух емес пе?

Орбұлақ пен Аңырақайдағы тарихи маңызды жойқын жеңістер де Азаттықтың ақ туы астында желбіреді.

Жоңғар шапқыншылығы тұсында қазақ даласы «Елім-айлап» күңіренгенде де үміт оты өшпеді.

Сол рух ата-бабамызды отаршылдық саясатқа қарсы ұлт-азаттық көтеріліске бастап шықты.

Кенесары хан, Сыздық төре, Сырым батыр, Исатай, Есет, Жанқожалар бастаған 100 жылдан

астам уақыт толастамай, 1916 жылғы Амангелді Иманов, Әбдіғаппар Жанбосынұлы, Бекболат Әшекеев, Ұзақ Саурықұлы, Омар Шолақұлы басқарған ұлттық көтеріліске ұласқан күрестерде шыңдала түсті.

Өзегінді өртер отты өлеңдердің иесі Махамбет пен күй атасы Құрманғазының шығармаларында азатшыл әуеннің атойлап тұратыны да сондықтан.

Осыдан 90 жыл бұрын Алаш ардақтыларына қазақ автономиясын құрғызған да сол өршіл мінез болатын.

Азаттық рухын кешегі сталиндік нәубет пен саяси қуғын-сүргін зобалаңы да тұншықтыра алмады. Ұлы Отан соғысы жылдары қазақ даласы босқынға ұшыраған сан мыңдаған ұлт пен ұлысты бауырына басты. Жарты үзім нанын бөлісті. Алайда халқымыздың қайсар рухы мұқалмады, майдан мен тылдағы ерлігі арқылы ұштала түсті.

Кешегі тоталитарлық жүйе де тарихи жадымыз бен ұлттық болмысымыздан, салт-дәстүр, иба, иманымыздан айыра алмады.

Ана тілі – ардағымызды жойылудың аузынан аман алып қалған да осы киелі күш емес пе?

Желтоқсан көтерілісі кезінде жастарды алаңға алып шығып, ескі тоталитарлық жүйеге қарсы көтерген де сол тәуелсіздікті көксеген асқақ арман болатын.

Осы ерен ерліктер өнегесі тарихи мүмкіндікті мүлт жібермей, біздің бәрімізді тәуелсіз Қазақстан

мемлекетін құруға жұмылдырды. Тарихымызда тұңғыш рет толық тәуелсіздікке қол жеткіздік.

Бәріміз үшін қуанышы мен қиындығы қатар келген сол кезеңде маған әрқашан біздің қуатты, еркін мемлекетте өмір сүрсек деген ізгі мақсатымыз үнемі күш беріп, қанаттандырып отырды.

Аз уақыттың ішінде біз егемен еліміздің әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатын, мәдени, рухани келбетін бұрын болып көрмеген биік деңгейге көтердік.

Кеңес Одағы күйреген кезеңдегі дағдарып қалған елді, тоқырап қалған экономиканы бұрын-соңды болмаған қысылтаяңнан шығарып, тәуелсіз мемлекет құра білдік. Еңсеміз енді көтеріле бастағанда Оңтүстік-Шығыс Азиядан басталған дағдарысқа тап болып, тіпті, қарттарға зейнетақы төлей алмаған жағдайды бастан өткердік.

Ол кездері экономикамыз әлсіздеу, қаражат мүлде жетіспейтін еді. Қазақстан бұл қиындықты да еңсеріп, аймақтағы көшбасшы елге айналды.

Әсем де айшықты елордамыз – Астанамызды еліміздің бел ортасына орнаттық.

Соңғы жылдары ұлттық мұраны қайта түлету, ұлттық мәдениетті қолдау тұрғысында үлкен-үлкен істер атқарылды.

Биылдың өзінде «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында 51 тарихи және мәдени ескерткіштер қалпына келтірілді,

ондаған археологиялық ескерткіштерге қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізілді.

Мемлекеттік тілді дамыту жөнінде жұмыстар жүйелі жүргізілуде. Менің бастамам бойынша «Мемлекеттік тілді дамыту» Президенттік қоры құрылып, қазірдің өзінде бірқатар жаңа жобаларды жүзеге асыра бастады.

Мемлекеттік тілді оқыту жөнінде өңірлік орталықтар жұмысын жасап жатыр. Жаңа сөздіктер шығарылды және бірқатар компьютерлік бағдарламалар жасалды.

Енді, міне, бүкіл әлем жаһандық қаржы дағдарысына ұшырап отыр. Капиталистік нарық әлемінде бұл жиі болып тұратын жәйт. Экономикасы өсіп тұрған кезде болашағын ойлаған ел қор жинайды.

Біз сондай санаулы елдердің қатарындамыз. Алла қолдаса, бірлігімізден жаңылмай қимылдасақ, бұл сыннан да сүрінбей өтерміз.

Тәуелсіздік алған алғашқы күннен бастап жас мемлекетіміздің қаз тұрып қалыптасуына, бүгінгі шыққан биігі мен қол жеткен жетістіктеріне зор үлес қосқан барша қазақстандықтарға, отандастарыма шынайы алғысымды білдіремін.

Ардақты ағайын!

Тәуелсіздіктің 17 жылында өз қолымызбен жасаған игілікті істерді жоғалтпай, оларды жасампаздықпен жалғастырып отыру – ата-бабалар

рухы алдындағы баршамыздың қасиетті парызымыз екенін естен шығармайық.

Сол себепті халықтың бірлігін сақтап, Отанымызда ынтымақ пен татулықты одан әрі нығайта түсу – біздің басты міндетіміз.

Біз ғасырлар тезінен өткен ұлттық рух пен туған тілімізге, дәстүр-салтымызға қамқорлық жасап, бұдан былайғы кезеңдерде де олардың өрісін кеңейте беретін боламыз.

Отанымызды шексіз сүйіп, ел игілігі мен оның дамуы жолында бар күш-қуатымызды аянбай жұмсаймыз деп сенемін.

**Қымбатты отандастар!
Құрметті қонақтар!**

1991 жылғы 16 желтоқсанда қазақстандықтардың сандаған ұрпақтарының арманы жүзеге асты. Біз әлемге жаңа мемлекеттің – Қазақстан Республикасының пайда болғаны туралы жар салдық.

Қазақстан тәуелсіздігінің формуласы – бұл тең мәнді екі ұғымның – азаттық пен жауаптылықтың қосындысы.

Жауаптылықтың арқасында ғана біз дамудың дұрыс стратегиялық жолын таңдай алдық, мемлекет құрып, бейбітшілік пен келісімді сақтап қалдық.

Әлемдік қауымдастық Қазақстан тұрпатында лайықты да сенімді әріптеске ие болды.

Тәуелсіздік пен азаттыққа ие болып, біз өзімізге – біріншіден, біздің бабаларымыздың жарқын бейнесі мен қазақ халқының ерлікке толы өткен өмірі алдында; екіншіден, өзіміздің алдымызда және қазақстандықтардың болашақ ұрпақтары алдында; және, үшіншіден, әлемдік қоғамдастық алдында бірден тарихи жауапкершілік жүктедік.

Бүгін мен Қазақстан халқы осынау жауапкершілікті абыроймен атқарып келеді деп мақтанышпен айта аламын.

* * *

Қазақстан Тәуелсіздігінің он жетінші жылы күрделі болды. Еліміз соңғы 70–80 жылдағы ең терең жаһандық қаржы дағдарысының ықпалын бастан кешірді.

Мұнай мен металдардың бағасы құлдырауда, әлемнің қаржы рыноктары триллиондаған доллар жоғалтуда. Аса ірі компаниялар өндірісті төмендетіп, жұмыс орындарын қысқартуда. Бірқатар елдер банкроттық шегіне жетті.

Қазақстан әлемдік экономиканың бір бөлігіне айналды, сондықтан да әлемдік қаржы дағдарысы біз тәуелсіздік жылдары жасағанның бәрін беріктік сынағынан өткізуде.

2008 жылдың қорытындылары Қазақстан осынау күрделі сынаққа төтеп бергенін көрсетеді.

Барша қазақстандықтар мақтана алатын жетістіктер – соның айшықты мысалы.

Мерекеге қарай Қазақстанның тоғыз облысында 19 жаңа өнеркәсіп өндірісі қатарға қосылды. Олардың арасында металлургиялық кремний өндіру жөніндегі Қарағандыдағы, базальт талшығын өндіру жөніндегі Ақтөбе облысындағы бірегей зауыттар, тоқыма өндірісі жөніндегі Оңтүстік Қазақстан облысындағы фабрика, электр желілері және басқа да кәсіпорындар бар.

Жыл күрделі болғанына қарамастан, еліміздің диқандары мен малшылары жақсы табыстарға қол жеткізді.

«Астана – Бурабай» тұңғыш отандық автобаны іске қосылды. Еліміз үшін маңызды «Шар – Өскемен» теміржол магистралінің құрылысы аяқталды. Астанада, Атырау мен Алматыда осы заманғы көпірлер мен эстакадалар, Ақтөбеде аэровокзал және басқа көптеген инфрақұрылымдық нысандар салынды.

Биылғы жылы екі жаңа театр – Шымкентте опера және балет, Қарағандыда қазақ драма театрлары ашылды.

ІЖӨ көлемі өсуін жалғастыруда. Орта есеппен негізгі капиталға инвестициялар 7,6 %-ға ұлғайды.

Елдің сыртқы сауда айналымы үштің бір бөлігіндейден астамға өсіп, 94 млрд долларға асып түсті.

Осы фактілердің бәрі – Қазақстан экономикасы өскелең өсуінің қосындысы, оның артында нақты адамдардың еңбегі тұр.

Сондықтан да біздің Отанымыздың Тәуелсіздігін нығайтуға елеулі үлес қосқандарға айрықша құрмет көрсетуге тиіспіз.

Тәуелсіздік күні қарсаңында қазақстандықтардың үлкен тобы еліміздің ордендерімен және медальдерімен марапатталды. Олардың қатарында экономиканың барлық саласының, білім мен мәдениеттің өкілдері, құқық қорғау жүйесінің қызметкерлері және басқалар бар.

Бүгін мен айрықша көзге түскен қазақстандықтарға мемлекеттік наградалар тапсырдым.

Жоғары мемлекеттік награда – «Халық қаһарманы» атағы генерал-лейтенант, Қазақстан Қарулы Күштері Штабтар бастығы комитеті төрағасының орынбасары Бақытжан Ертаевқа берілді.

Ауғанстандағы соғыс кезінде ол мотоатқыштар бригадасы батальонының бірден-бір қазақ командирі болды. Батырлығы үшін ол сонда жоғары наградаға ұсынылған болатын, бірақ оны ала алмады.

Бақытжан Ертаевты марапаттай отырып, біз өзіміздің бүкіл армиямызға, барша Отан қорғаушыларға құрмет көрсетеміз!

Менің ұсынуым бойынша жаңа мемлекеттік награда – «Қазақстанның Еңбек Ері» белгіленгенін сіздер білесіздер.

Бұл атақ Қазақстан Республикасын экономикалық және әлеуметтік-гуманитарлық дамытудағы аса көрнекті жетістіктер үшін беріледі.

Оған ие болғандар Алтын жұлдызбен және «Отан» орденімен марапатталады.

Бүгін мен осынау құрметті атақтың алғашқы екі иегеріне – Ыбырай Алтынсарин атындағы Алматы гимназиясының директоры Миразова Аягүл Төреқызына және Солтүстік Қазақстан облысының аса ірі аграрлық кәсіпорнының жетекшісі Зенченко Геннадий Ивановичке наградалар тапсырдым. Еліміз олардың еңбектегі ерлігін біледі.

Жоғары жаңа наградаға аса көрнекті еңбегі үшін лайықты да құрметті адамдар – Қазақстанның педагогы және ауылшаруашылық саласының қызметкері ие болды.

Бұлар – өздерінің күнделікті еңбектерімен еліміздің әл-ауқатын нығайтып жатқан біздің қаһармандарымыз.

Қазақстан азаматтарына және бірінші кезекте жастарға әрдайым осындай адамдарға теңелуді, олардан үлгі алуды тілер едім!

* * *

Бүгінгі өз сөзімде тағы бір тақырыпты қозғағым келеді.

Парламент Сенаты мен Мәжілісі депутаттарының, ардагерлер мен қоғамдық ұйымдардың, түрлі еңбек ұжымдарының, жекелеген азаматтардың жолдау хаттарында «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын маған беру ұсынылды. Бұл ұсыныс сондай-ақ біз бәріміз бірлесе күшімізді аямастан,

солардың болашағы үшін жұмыс істеп жүрген жастардан, студенттерден туындауы айрықша тебіrentті.

Бұл ұсыныстар үшін баршаларыңызға шынайы ризашылығымды білдіремін!

Құрметті салтанатты жиналысқа қатысушылар!

Дағдарысқа қарамастан, 2008 жылы мемлекет экономикада, саяси жүйеде, әлеуметтік секторда маңызды реформаларды іске асыруды жалғастырды.

Экономикадағы орнықтылық үшін үш жылдық бюджеттік жоспарлауға көшудің стратегиялық маңызы бар.

Салық және Бюджеттік кодекстердің, бәсекелестік, қаржы тұрақтылығы туралы заңнамалардың және басқа заңдардың қабылдануы бизнес пен өндірістің дамуы үшін жаңа мүмкіндіктер ашады.

Осы және басқа заңдарды қабылдап, Қазақстан Парламенті ел үшін қажетті, орасан жұмыс атқарды. Бұл Үкіметпен бірге біздің депутаттарға қауырт жұмыс болды. Парламенттегі «Нұр Отан» партиясының фракциясы белсеңділікпен және нәтижелі еңбек етті.

Қабылданған шаралардың арқасында Қазақстан экономикасы әлемдік дағдарыстың алғашқы толқынының соққысына төтеп берді.

Өтер жылда мемлекет ел экономикасын тұрақтандыру бағдарламасына 4 млрд доллар бөлді.

Бұл ақша экономикаға нақты көмек көрсетті. Бірқатар нысандар қазірдің өзінде салынып бітті. 122 тұрғын үй кешенінің құрылысы жүргізілуде, оларға 20,5 мыңнан астам үлескерлер қатысады. Бұл нысандардың құрылысы 2009 жылы аяқталады.

Кәсіпкерлікті қолдауға бөлінген қаражат шағын және орта бизнестің 2,5 мыңнан астам жобасын іске асыруды бастауға мүмкіндік берді.

Аграрлық-өнеркәсіптік кешенге көрсетілген көмек егіншілікте, мал шаруашылығында, ауылшаруашылық машина жасауда және басқа салаларда нақты жобаларға жұмсалды.

Қазақстанның даму банкі 28 ірі инвестициялық жобаның іс жүзінде тоқтап қалған қаржыландырылуын қайта жаңдандыруға 500 млн доллар бөлді.

Мемлекет бөлген бүкіл қаражат бүгінде экономикаға жұмыс істеп, нақты нәтижелер беруде.

Алайда әлемдік дағдарыстың екінші толқыны біздің негізгі экспорттық тауарларымыз – мұнай, металдар, астық бағасының құлдырауын туғызды. Бұл жағдайды қиындатты және ең алдымен, қаржы секторындағы ахуалға ықпал етті.

Сондықтан менің тапсырмам бойынша Үкіметтің, Ұлттық банк пен Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің

экономика мен қаржы секторын тұрақтандыру жөніндегі бірлескен іс-қимылының дағдарысқа қарсы жоспары әзірленді және іске асырылуда.

Тұрақтандырушы жоспар мемлекеттің іс-қимылын бес негізгі бағыт бойынша шоғырландырады. Оларға тағы да назар аудартқым келеді.

Бірінші. Қаржы секторын тұрақтандыру.

Халықаралық тәжірибені ескере отырып, біз мынадай шаралар қабылдадық.

5 млн теңгеге дейінгі халықтың салымдары кепілдендірілді. Осылайша, біз банк жүйесіндегі барлық шоттардың 99 %-ын қамтыдық.

Бүкіл банк жүйесін тұрақтандыру мақсатында Қазақстанның жетекші төрт банкін жалпы сомасы 480 млрд теңгеге мемлекет қосымша капиталға айналдыру туралы шешім қабылдады.

Атап көрсетемін – мемлекет ең алдымен қарапайым азаматтардың мүддесі тұрғысынан экономиканы қолдау үшін қаражат бөлуде.

Менің тапсырмам бойынша Стресс активтері қоры құрылды.

Оның міндеті банктерді проблемалық кредиттерден арылту үшін өз балансын тазартуға көмектесу болып табылады.

Барлық осы шаралар қазақстандық банк жүйесінің қаржылық жай-күйін нығайтуды қамтамасыз етуі тиіс.

Екінші. Жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешу.

Мемлекет өзіне бұл үдерісте белсенді рөл алып отыр.

Үстіміздегі жылы елімізде дербес жүргізілген құрылыстарды қоса алғанда 5,8 млн шаршы метрден астам тұрғын үй салынды. Тәуелсіздіктің 17 жылында Қазақстанда көлемі 56 млн шаршы метрден астам тұрғын үй алаңы қатарға қосылды. Осы тұрғын үйдің көп бөлігі соңғы 5–6 жылда салынды.

Дағдарысқа қарсы жоспар аясында тұрғын үй құрылысы және ипотекалық кредиттеу саласында пайда болған қиындықтарды еңсеруге 360 млрд теңгеге дейін қаражат бөлінеді.

Тұрғын үй құрылысының мемлекеттік бағдарламасы да осыған бағдарланады.

Тұтастай алғанда, халықты қолжетімді ипотекамен және тұрғын үйге деген қалыпты, қабылдауға болатын бағаны қамтамасыз ету керек. Қолжетімді ипотеканы қамтамасыз етумен Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі мақсатты түрде айналысуда.

Үшінші. Шағын және орта бизнеске қолдау көрсету.

Бүгінде шағын және орта бизнесте 1 млн 800 мыңнан астам адам жұмыс істейді.

Мен Үкіметке экономиканың осы сегментіне қолдау көрсетуді және бұған кем дегенде 120 млрд теңге бөлуді тапсырдым.

Сонымен қатар шағын және орта бизнеске және тұтастай алғанда, бүкіл отандық өндірісшілерге олардан тауарлар, жұмыстар мен қызметтер

сатып алу тетігі арқылы көмектесу керек. Бұл барлық мемлекеттік органдар мен ұлттық компанияларға, сондай-ақ шетелдік инвесторларға қатысты.

«Мемлекеттік сатып алулар туралы» жаңа Заң мұны жасауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар Үкімет мемлекеттік сатып алудың мөлдірлігін қамтамасыз етіп, оларға отандық өндірісшілерді барынша тартуы тиіс.

Біз шағын және орта бизнестің экономика құрылымындағы үлесін айтарлықтай ұлғайтып, оны орташа дамушы еуропалық елдердің деңгейіне дейін жеткізуге тиіспіз.

Сонда барып бізге кезекті дағдарыс қайталамаларына қарсы тұру оңай болады.

Әрбір қазақстандық үшін жаңа істі игеру, жаңа бизнес ашу немесе өзінің қызмет саласын кеңейту мүмкіндіктері болуы керек. Халықтың ең әлжуаз топтарына қолдау көрсету үшін микрокредит жүйесіне айрықша көңіл бөлу қажет.

Осыған байланысты қазіргі жағдайда кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың қағидаттық жаңа жоспары керек деп есептеймін.

Бұл міндетті Премьер-министр К. Қ. Мәсімовке жүктеймін. 1 ай ішінде бұл жоспар әзірленіп, іске қосылуы тиіс!

Төртінші. Аграрлық-өнеркәсіп кешенін ынталандыру.

Аграрлық-өнеркәсіп кешенінің қолда бар әлеуетін барынша пайдалану қажет.

Мен Үкіметке аграрлық-өнеркәсіп секторын дамытуға 120 млрд теңге бөлу жөнінде тапсырма бердім. Сонымен бірге 2009–2011 жылдарға арналған 3 жылдық бюджетте біз тағы да 360 млрд теңге бөлетін боламыз. Яғни, таяудағы 3 жылда аграрлық-өнеркәсіп кешені 4 млрд доллардан астам қаржы алады. Ауыл шаруашылығын қаржыландырудың мұндай көлемі ешқашан болған емес.

Бұл цифрлардың артында жаңа фермалар, элеваторлар, көкөніс қоймаларын, ауылшаруашылық өнімдерін өңдейтін шағын зауыттар мен фабрикалар құру жұмыстары тұр. Ауылдықтар үшін жаңа тұрғын үйлер, ауруханалар мен мектептер, сапалы жолдар салу қажет.

Сонымен бірге бұл ақша кәсіпкерлер мен ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің кең ауқымы үшін қолжетімді болуы тиіс.

Бесінші. Индустриялық және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру. Дағдарысқа қарамастан, экономиканы әртараптандыру жөніндегі біздің стратегиялық бағытымызды жалғастыра беру керек.

Сондықтан да Үкімет Дағдарысқа қарсы іс-қимыл жоспары шеңберінде серпінді жобаларды жүзеге асыру үшін 120 млрд теңге қарастырып отыр.

Айрықша маңызды мәселе – инфрақұрылымды дамыту.

Үш жылдық бюджетте бүкіл республика бойынша көлік инфрақұрылымын дамытуға 700 млрд-тан астам теңге қарастырылған. Келер жылдан бастап біз құны 800 млрд теңге тұратын ең ірі «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» автомагистралінің қазақстандық бөлігін салуды бастаймыз.

2009 жылы біз инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымдарды жаңғыртуға тағы да 160 млрд теңге береміз.

Энергетика саласында оның инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін келер жылдан бастап тарифтерді қалыптастыруға жаңа көзқарастар енгізі-летін болады. Ол осы салаға қосымша инвестициялар тартуы тиіс.

Үкімет пен «Самұрық-Қазына» қоры жаңа электр стансаларын салу, энергетикалық инфрақұрылымды дамыту жөнінде белгіленген жобаларды жүзеге асыруды жалғастыратын болады.

* * *

Тұтастай алғанда, мемлекеттің дағдарысқа қарсы пакеті, салық жеңілдіктері мен банктер үшін резервтік талаптарды төмендетуді қоса алғанда, 2,2 трлн теңгені немесе шамамен ел ІЖӨ-сінің 14 %-ын құрайды.

Сонымен бірге, қиындықтарға қарамастан, мемлекет әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландырудың бірде-бірін қысқартқан жоқ! Қазір әлемнің шектеулі мемлекеттері ғана мұндай қадамға бара

алады. Қазіргі Үкімет дағдарысқа қарсы жоспардың орындалуына, Ұлттық қор қаржысының тиімді пайдаланылуы мен кейін қайтарылуына толық жауап береді.

Біз әдеттегідей халықтың алдында адал да әділ боламыз!

Қазіргі дағдарыс бізді көп нәрсеге үйретіп, шынықтыруда. Бізде резервтер де бар, бізде халық бірлігі де бар.

Қазіргі әлемдік дағдарыстың біздің азаматтарымызды алаңдататынын мен білемін. Сондықтан Тәуелсіздік жылдары ішінде біздің бұдан да қиын уақыттарды бастан кешкенімізді сіздердің естеріңізге сала кеткім келеді.

1991 жылы тәуелсіздікпен бірге Қазақстанға күйзелген, күйреген экономиканың жарықшақтары да тиді. Елде шектен шыққан инфляция, жұмыссыздық, азық-түлік пен, ең алдымен, қажетті тауарлар тапшылығы орнады.

90-шы жылдардың басында бізде өнеркәсіп құлдырауы 50 % болып, ІЖӨ 60 %, ауылшаруашылық өндірісі 70 % төмендеді. Еңбекақы 2 есеге азайды.

Күрделі жағдайға қарамастан, біз ол қиындықтарды қажырлылықпен және табандылықпен еңсердік.

Бірақ, жағдайды енді тұрақтандыра бергенде, 90-шы жылдардың соңында бізге «азиялық дағдарыс» деп аталатын дағдарыс пен Ресей рублінің опырылуы келіп жетті.

Соның салдарынан біздің бюджетте елеулі тапшылық болып, көптеген әлеуметтік бағдарламалар қысқарды. Зейнетақылар 4–5 ай кешіктіріліп төленді.

Міне, осындай да уақыт болды.

Біздің сол бір қиын деген дағдарыстарды да еңсеріп, сонымен қатар посткеңестік кеңістікте көшбасшылардың бірі болғанымызды атап көрсету үшін де мен ол жылдарды еске алып отырмын!

Қазіргі қиыншылықтардан да біздің неғұрлым күштірек күйде әрі топтасқан жағдайда шығатынымызға сенімім мол.

Біздің бүгінгі ішкі экономикалық проблемаларымыз қателіктеріміздің салдары емес, бүкіл әлемдегі қаржы дағдарысына байланысты екенін атап көрсеткім келеді. Барлық елдер де зардап шекті. Одан көтерілу де бүкіл әлемдегі әл-ауқат пен экономикалық серпіннің оң жағдайда қалпына келуіне байланысты болмақ.

Дағдарыстар мәңгілік емес. Көп ұзамай біз әлемдегі және біздің еліміздегі экономиканың өсуін байқайтын боламыз деп үміттенемін.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы сияқты, отандастарым, сіздерді шыдамдылыққа, өзара түсіністікке және бірлікке шақырамын!

Бәріміз бірігіп бұл сынақтарды да еңсереміз!

Мемлекет өз тарапынан біздің әлеуметтік жетістіктерімізді сақтап қалу үшін қолдан келген шаралардың бәрін жасайтын болады.

2008 жылы бюджеттің халыққа әлеуметтік көмек көрсетуге бағытталған шығындары 103 млрд теңгеге ұлғайды.

«100 аурухана» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде денсаулық сақтау нысандарын салуға таяу 3 жылда 227 млрд теңге, сол сияқты 250 мектеп, 200 балабақша, 50 кәсіптік-техникалық білім беру мектептері құрылысына 200 млрд теңгеден астам қаражат бөлінетін болады.

Әлемде теңдесі жоқ Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы заңның қабылдануы жылдың аса маңызды оқиғасына айналды.

Бұл – біздің көп ұлтты қоғамымызда үйлесімділікті қамтамасыз ететін өзіндік ерекшелігі бар қазақстандық модельдің тағы бір дәлелі.

Биыл біздің елордамыз Астана қаласының 10 жылдығы кеңінен атап өтілді.

Өткен жылдар ішінде елорда бүкіл Орталық Азия өңіріндегі маңызды саяси орталыққа айналды. Астана – бүкіл Қазақстан халқының мақтанышы, Тәуелсіздік табыстарының нақты көрінісі.

Құрметті отандастар!

Осы айтылғандар Қазақстан тәуелсіздігінің 17 жылындағы ең басты саяси және экономикалық қорытындылар және алда тұрған кезеңге деген шешуші міндеттер болса керек.

Біз өзіміздің және болашақтың алдындағы жоғары жауапкершіліктің мәні неде екенін көрсете білдік. Олар: дұрыс мақсаттар қою және олардың орындалуына қол жеткізу; Отан игілігі үшін адал еңбек ету; кез келген қиындықтарды лайықты еңсеру; шыдамдылық пен ұстамдылық танытып ұлттық бірлікті нығайту; болашақ ұрпаққа экономикасы дамыған, экологиясы таза, сапалы білім беру және денсаулық сақтау жүйесі бар, мәдениеті жоғары деңгейде дамыған елді беру.

* * *

Тәуелсіз Қазақстанның жауапты саясаты әлемнің үйлесімді дамуына қосқан біздің үлесіміз болып табылады. Егемен Қазақстанның алғашқы қадамдары – Семей полигонын жабу және ядролық қарудан бас тарту – жаһандық саясатқа, көпшілік үшін бүгінде қол жеткізгісіз, мінезқұлықтың жаңа «моральдық стандартын» ұсынды.

1992 жылы Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесін құруды ұсына отырып, біз Еуразия елдері арасында сенімді қарым-қатынастар қалыптастыру жөніндегі нақты жұмысты бастадық.

2008 жылдың сыртқы саяси қорытындылары біздің елімізге жаһандық күн тәртібін қалыптастыруға белсенді атсалысатын беделді де жауапкершілікті ел мәртебесін бекітті.

Таяудағы 3 жыл біздің еліміз үшін бұрынғыдан да жауапты болмақ. Қазақстан ықпалды 6 халықаралық бірлестікке төрағалық етеді, олар – Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі, ЕҚЫҰ, Ислам конференциясы ұйымы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, ЕурАзӘҚ және ТҮРКСОЙ.

Алдағы жылы Астанада біз БҰҰ-ның қалқалауымен өткізуді ұсынған Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының III съезі өтеді.

Біздің сыртқы саяси алаңдағы белсенді жұмыстарымыз – тек өзімізді таныту, бекемдеу тәсілі ғана емес. Ол – Қазақстанның тек өркендеген әлемде ғана өркендеуі мүмкін деген қарапайым нәрсені ұғынудан туындайды.

Біз әлем алдындағы өз жауапкершілігімізді сезінеміз, ал ол былайша көрініс табады: біздің еліміздің тарапынан өзге елдерге және адамзатқа ешқашан қатер туындамауы; Қазақстанның табыстары біздің көршілеріміздің және әріптестеріміздің де табыстары болуы; әлемнің ең бір көкейкесті деген проблемаларына өз шешімдерімізді ұсыну; өзіміздің белсенді саясатымызбен әлем халықтарын бір-біріне жақындастыра түсу.

Мен осы залда отырған бізбен достас мемлекеттердің дипломатиялық миссиялары басшыларына

сәлем жолдаймын. Бірлескен жұмыстарымыздың біздің елдеріміздің арасындағы ықпалдастықты нығайтуға қызмет ететініне сенім білдіремін!

Қымбатты қазақстандықтар!

Тәуелсіздіктің 17 жылы Отанымыздың тарихи шежіресіндегі жарқын беттерге айналды. Біз мұны мақтан тұтуымыз керек.

Қазақта «Кешегі күннен алыс жоқ, ертеңгі күннен жақын жоқ» деген аталы сөз бар.

Біз жас ұрпақтың әлеуметтік шиеленістер мен қақтығыстарсыз, үйлесімі жарасқан бейбіт қоғамда өмір сүруі үшін аянбай еңбек етіп жүрген ұрпақпыз.

Отанға деген сүйіспеншілік – еліміздің келешегіне, оның кемел ұрпағына біздің аманат етер ең қасиетті өсиетіміз деп білейік.

Қазақстанның даңқты ұлы Бауыржан Момышұлының мынадай тамаша сөзі бар: «Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу – сатқындықтың белгісі. Ел дегенде еміреніп, жұрт дегенде жүгініп қызмет еткін! Отан үшін отқа түс – күймейсің. Опасызда Отан жоқ. Елсіз ер болмайды, жұртсыз жігіт болмайды».

Біздің халқымыз, әсіресе жастар, осы қағидаларды мәңгі естерінде ұстаса деймін.

Барша отандастарымды еліміздің ең басты мерекесі – Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Қазақстан әйелдерінің V форумында
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2009 жылғы 5 наурыз

Құрметті форумға қатысушылар!
Құрметті ханымдар!

Айтулы мереке – Халықаралық әйелдер күні қарсаңында Қазақстан әйелдерінің V форумы өз жұмысын бастап отыр. Бүгін мен өздеріңізбен жүздескеніме қуаныштымын. Осынау маңызы зор іс-шараға республиканың түкпір-түкпірінен келіп, қатысып отырған баршаңызды алдағы мерейлі мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Халқымызда «Жәннат – ананың табанының астында» деген қанатты сөз бар. Өмірге ұрпақ әкеліп, тәрбиелеп-өсіріп, тіршілікке тірек болған асыл мұраттары мен қажыр-қайраттары үшін біз ардақты ана мен асыл жарға, аяулы қарындасқа әрдайым құрметпен қараймыз.

Бүгінде Қазақстанда әйелдер саясатта болсын, бизнесте болсын және экономиканың барлық секторында, шаруашылықтың әртүрлі салаларында болсын, ер-азаматтармен қатар еңбекке белсене араласып, өздерінің біліктілігін, қабілет-дарынын, іскерліктерін көрсетіп келеді. Мемлекетіміздің өсіп-өркендеуіне азаматтармен қатар сүбелі үлестерін қосып жүр.

Көптеген қыз-келіншектер мемлекеттік басқару жүйесін, мәдениет, денсаулық саласын, білім мен ғылымды, медицинаны дамытуға атсалысып жүргенін атап өтуге тиіспіз. Сонымен қатар, олар бұл күнде әр аймақта ірілі-ұсақты үкіметтік емес ұйымдарын құрып, бірқатар әлеуметтік жобалар бойынша белсенді жұмыс жүргізуде.

Бүгінгі таңда еліміздің өркендеуі жолында аянбай қызмет жасап жүрген барлық аналарға, қарындастарға және қыз-келіншектерге ризашылығымды айтамын.

Ел мүддесі жолындағы бірлескен ісімізде айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізу үшін осында отырған баршаңызға жемісті еңбек, жаңа табыстар мен зор жетістіктер тілеймін!

Қазақстанның барша әйелдеріне осынау күрделі кезде әрбір қазақстандық отбасында, біздің бүкіл Отанымызда тыныштық, тұрақтылық және береке-бірлік сақтау үшін ұстамдылық пен төзімділік тілеймін!

**Қымбатты әйелдер!
Құрметті форумға қатысушылар!**

Көктемнің алғашқы тамаша мерекесі – 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні қарсаңында сіздерге шын жүректен зор денсаулық, ерекше мейірімділік, сүйіспеншілік пен мол табыстар тілеймін! Сіздерге тән ішкі парасат, сұлулық пен нәзік тартымдылық барлық уақытта айнымас серіктеріңіз болуын қалаймын!

Қазіргідей күрделі кезеңде Қазақстанның барлық әйелдеріне бейбітшілікті сақтау, тұрақтылық пен әрбір қазақстандық отбасында, біздің ортақ Отанымызда шадыман тіршілік болуын тілеймін!

* * *

Қазақстан әйелдерінің бұл жолғы V форумы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның алғашқы 10 жылдық мерейтойы белгісімен өтіп отыр.

Комиссия бұдан 10 жыл бұрын, қиындығы қазіргіден кем түспейтін уақытта, құрылған болатын. Ол кезде біздің экономика азиялық дағдарыстың теріс ықпалын бастан кешіп жатқан.

Ұлттық комиссия жұмыс істеген жылдарда көп іс атқарылды деп санаймын. Елімізде гендерлік заңдылықтың тұтас қабаты әзірленіп, әрекет ете бастады.

1999 жылы Қазақстан Республикасында әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі алғашқы Ұлттық іс-қимыл жоспары қабылданды.

Осы жылдары Парламент БҰҰ-ның «Тұрмысқа шыққан әйелдің азаматтығы туралы» және «Әйелдің саяси құқықтары туралы» конвенциясын, Халықаралық еңбек ұйымының әйелдер мен балалар құқықтарына қатысты бірқатар актілерді ратификациялады.

Соңғы жылдары мемлекет әйелдер мен балаларға әлеуметтік қолдауды күшейтіп отыр. Мұнда да тиісті ұсыныстарын маған, Үкіметке және Парламентке жеткізген Ұлттық комиссияның сіңірген еңбегі зор.

Мемлекет баланың тууы және күтуі бойынша жәрдемақы төлеу мөлшерін еселеп ұлғайтты.

2008 жылы баланың тууына байланысты бір жолғы жәрдемақы 2 есе ұлғайтылды. Биылғы жылы ол шамамен 38 мың теңгені құрайды. Баланы күту жөніндегі жәрдемақы 1,6 есе өсті. Тұңғыш бала үшін қазір 6 300 теңге, ал төртінші балаға – 8 200 теңге төленеді. Өткен жылы мұндай жәрдемақыны 140 мыңнан астам қазақстандық отбасы алды.

2008 жылдан бастап жүктілігі және туғандығын, сондай-ақ бала бір жасқа жеткендегі

күтімін міндетті әлеуметтік сақтандыру енгізілді. Өткен жылы жұмыс істейтін әйелдерге алғаш рет 14,6 млрд теңге жалпы сомасында сақтандырудың әлеуметтік төлемдері төленді.

Көп балалы отбасыларға қатысты әлеуметтік қолдаудың қосымша шаралары алынды. 2008 жылы оларға 182 мыңнан астам әлеуметтік жәрдемақы төленді.

2008 жылдан Қазақстанда ана мен бала өлімін азайту жөніндегі арнаулы бағдарламаны іске асыру басталды.

Ана мен баланың ұлттық ғылыми орталығы, Республикалық балаларды оңалту орталығы іске қосылды.

Тек өткен жылы ғана еліміздің барлық өңірлерінен 2,5 мыңнан астам бала сауықтырудан өтті. 8 мыңнан астам әйелдер мен балаларға тегін медициналық көмек көрсетілді.

Жүкті әйелдерге, 5 жасқа дейінгі балаларға қажетті дәрі-дәрмекті мемлекет тегін бөледі.

Мемлекеттің осы жұмысының нәтижелері айқын көрініп тұр. Біз бала туудың өсуі есебінен еліміз халқының табиғи өсіміне жетіп отырмыз.

Үкімет 2000 жылдан бастап әйелдер кәсіпкерлігін қолдау жөніндегі шараларды жүзеге асыруда.

Ондаған мың әйелдер жеңілдік несиелерін алып, өз бизнестерін ашты. 6 жылдың ішінде Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорының қаражатынан 2 млрд-тан астам теңге игерілді.

2008 жылы әйелдер жетекшілік ететін 61 шаруа қожалығы ауылдық несиелер серіктестігі желісі бойынша несиелер алды. Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры әйелдерге шамамен 3 млрд теңге сомасына 10 мың дерлік несиелер берді.

Қазақстанда әйелдердің еркектермен тең тұрғыда мемлекетті басқару ісіне қатысу мүмкіндігінің барлық жағдайлары жасалған. Әйелдердің саяси көшбасшылығын нығайту жөнінде көп жұмыс жүргізілді.

Осынау барлық жәйттерге Ұлттық комиссия құрамында жұмыс істегендердің баршасының сіңірген еңбегі бар.

Мен бүгін біздің қоғамдағы әйелдердің ахуалын жақсарту үшін жағдай туғызғаны үшін, демек – Қазақстанның дамуы мен өркендеуіне қосқан баға жеткісіз үлесі үшін Ұлттық комиссияның мүшелеріне шын жүректен ризашылық білдіргім келеді.

Құрметті форумға қатысушылар мен меймандар!

Қазіргідей күрделі уақытта шаруаның талай бөлігі әйелдердің иығына түсіп тұр. Біздің еліміз жаһандық экономикалық дағдарыстың сынағынан өтуде. Алайда бұл қиындықтардың уақытша сипаты бар.

Мемлекет экономиканы тұрақтандыруға бағытталған шараларды дер уақытында қабылдады.

Біз бұрынғы жылдары жинақталған резервтерді іске қостық. Нақты секторға, инфрақұрылымға, ауыл шаруашылығына және шағын бизнесті қолдауға қаражат инвестицияладық.

Кәсіпорындардың салық ауыртпалығы азайтылып, басы артық бюджеттік шығындар қысқартылуда.

Нарықтық экономикада тербелістер мен дағдарыстардың болып тұруы – қалыпты құбылыс. Парасатты мемлекет жағдай жақсы кезде дағдарыстарды еңсеру үшін резервтер жинақтауы тиіс. Біз мұны істедік.

Мен резервтер жинақтау үшін Ұлттық қор құру шешімін қабылдағанда, оны баршаға бөлу – пышақ үстінен үлестіріп алу қажеттігі туралы көп сөз болды. Егер біз солай еткенімізде, онда бюджет табысының 26 %-ға төмендеуі жағдайында біз қазір тіпті зейнетақыны да төлей алмас едік.

Дағдарысқа қарамастан, біз әлеуметтік шығындарды өсіріп, бюджетшілерге жалақыны, зейнетақы мен жәрдемақыны ұлғайтудамыз.

Халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету үшін белсенді шаралар қолданылуда. Сондықтан да әсіресе сіздерді, қымбатты әйелдер, мемлекеттің әлеуметтік бағдарламасының бәрі орындалатынына сендіргім келеді.

Ертең мен дәстүрлі Жолдауымды таныстырамын, онда елді ағымдағы ахуалдан шығару жөніндегі, елдің дағдарыстан кейінгі дамуын қамтамасыз ету жөніндегі жаңа міндеттер баяндалатын болады.

Қоғамымыздың дағдарыстан жаңарып шығатыны, Қазақстанның нығая түсіп, өз өркенділігінің жаңа биіктеріне сөзсіз қол жеткізетіні сөзсіз. Ал бұған Қазақстан әйелдері зор үлес қосатынына мен нық сенімдімін.

* * *

Әйелдерге одан әрі қолдау жасау жөніндегі жұмыстың бірқатар нақты бағыттарын көріп отырмын.

Бірінші. Мемлекет балалы отбасыларға әлеуметтік қолдау көрсетуге айрықша назар аударуы тиіс.

2010 жылдан бастап менің тапсырмам бойынша төртінші және одан көп бала туғанда берілетін бір жолғы жәрдемақы мөлшері 30-дан 50 айлық есептік көрсеткішке дейін ұлғайтылатын болады. Бұл төлем 68 мыңнан астам теңгені құрайды.

Келесі жылдан бастап баланы күту бойынша айлық жәрдемақы орта есеппен 20 %-ға ұлғайтылады. Сонымен қатар бүгінгі күрделі жағдайда біз мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға айрықша қолдау білдіруге тиіспіз.

Сондықтан 2010 жылдан бастап біз мүгедек балалар үшін 16 жасқа дейін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы енгіземіз.

Көп балалы аналарды қолдау мақсатында сондай-ақ Үкіметке Ардақты ана атақтарын беру тәртібін қайта қарауды тапсырдым.

2010 жылдан бастап «Алтын алқа» наградасын он бала емес, жеті бала тәрбиелеп отырған аналар алатын болады. «Күміс алқа» атағымен алты бала тәрбиелеп отырған аналар марапатталатын болады. Бұл наградаларға ие болған көп балалы аналар 8 мың теңгеден астам мөлшерде ай сайынғы арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар алатын болады. Осы мақсатқа бюджеттен 30 млрд теңгеден астам қаражат бөлу жоспарланады.

Екінші. Дағдарыс жағдайында әйелдердің экономикалық белсенділігіне қолдау білдіру қажет.

Мұндағы басты нәрсе – оларды еңбекке орналастыру үшін жағдай туғызу. Сондықтан мен Үкіметке және жергілікті атқарушы органдарға еңбек нарығында әйелдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін нақты шаралар қабылдауды тапсырамын. Олар экономиканың келешекті салаларында жұмыс істей алуы үшін әйелдерді жаңа мамандықтарға қайта даярлау және оқыту жөнінде ауқымды жұмысты өрістетуге керек.

Үкіметке, сондай-ақ Қазақстанда қашықтықтан еңбекпен айналысу дейтінді, яғни өз үйінде жұмыс істеу, еңбек қызметін үйдегі міндеттермен және

балаларды тәрбиелеумен үйлестіру мүмкіндігін дамыту мәселесін зерттеу керек. Әлемде мұндай тәжірибелер жеткілікті, оларды зерттеген жөн.

Сонымен қатар біз өз ісін ашатын әйелдерге қолдау білдіруге тиіспіз. Үкіметке «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қорымен бірлесіп алдағы жылдарға арналған әйел кәсіпкерлігін қаржыландырудың арнайы бағдарламасын әзірлеу мәселесін қарастыруды тапсырамын. Әсіресе ауылдағы әйелдер жобаларын кеңінен шағын несиелеуді қамтамасыз ету керек.

Тәжірибе көрсеткеніндей, шағын кредиттерді нақ әйелдерге беру көп тиімділік келтіреді. Мұндай кредиттердің қайтарылуы – 99 %. Әйелдер әлдеқайда ұсынақты және берген ақшаны қайда жұмсауды біледі.

Үшінші. Біз әйелдердің саяси және қоғамдық өмірге белсене қатысу мүмкіндігін одан әрі кеңейтуге тиіспіз.

Бүкіл әлемде шешімді әзірлеуге және қабылдауға әйелдердің өкілетті қатысуы қоғам дамуының көрсеткіші болып саналатыны мойындалады. Билік құрылымдарында әйелдер 30–40 %-ды құрайтын жерлерде қоғам әлдеқайда тұрақты және әлеуметтік бағдарда дамиды. Біз, еркектер, мұны жете бағаламаймыз.

Ал енді Қазақстанда соңғы 5 жылда мәслихаттар мен Парламенттегі әйел депутаттардың саны

өзгерген жоқ. Бүгінде олардың үлесі бар-жоғы 17 % шамасын құрайды.

Орталық мемлекеттік органдар мен әкімдіктердегі басшы лауазымды әйелдер саны ұлғаймай келеді.

Біздің елімізде көшбасшы әйелдер жеткілікті. Және олар алдарына қойылған міндеттерді табысты атқаруда.

Басшылар әйелдерді мансап баспалдақтары бойынша батылырақ ілгерілетіп, әйелдер өздерін кәсіпқойлар ретінде танытуы үшін жәрдемдесуі тиіс.

«Нұр Отан» партиясы бұл мәселемен жіті айналысып, осы жылдан бастап әйелдердің мемлекеттік және қоғамдық-саяси жұмыстарға ұсынылуын қамтамасыз етуі керек.

«Нұр Отан» мүшелерінің 56 %-ы – әйелдер. Олардың арасында лайықты кандидатуралар өте көп екеніне мен сенімдімін.

Төртінші. Алдағы жылдары біз адами даму мәселелеріне барынша байыпты назар аударуға тиіспіз.

Біз Қазақстанда демографиялық және тұтас алғанда адам даму мәселелеріне жалпыұлттық көзқарасын әзірлеуіміз керек.

Мен Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияға қоғамдық бірлестіктерден, халықаралық

ұйымдардан, ғылыми қауымдастықтан ұсыныстар жинастыра бастап, демографиялық саясат саласындағы халықаралық тәжірибені зерттеуді тапсырамын.

Демографиялық саясат пен адами дамудың шешуші басымдықтары Қазақстанның 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында бейнеленуі тиіс, ол қазіргі кезде менің тапсырмам бойынша әзірленіп жатыр.

Және бесінші. Бізге неке және отбасы институтын нығайтып, оның беделін арттыру, адамгершілік құндылықтарды қайта түлету қажет.

Отбасы, бала, отбасылық құндылықтар мен дәстүрлер біздің қоғамның және біздің мәдениеттің әрдайым негізі болды және болып қалады.

Отбасылық құндылықтарды насихаттап, отбасы бейнесі мен некені, көпбалалылық өнегелерін құрмет тұтқызу керек. Үлгілі отбасы нормасы көпбалалылық болуы тиіс деп санаймын. Барлық халықтарда ғасырлар бойы солай болып келген. Адамның байлығы балаларымен өлшенген.

Осыған байланысты бала тууға қолдау білдірумен қатар біз сондай-ақ жетім балаларды асырап алған отбасыларды ынталандыруға тиіспіз.

Біз ата-ана қамқорлығынан тыс қалған, балалар үйлерінде тұратын балалардың тағдырына алаңсыз, бейжай қарамауымыз керек. Бізге бала асырап алуға ниеттенген азаматтарды ынталандыру жүйесі қажет.

Бүгін басқа да көптеген маңызды әрі пайдалы бастамалар айтылады деп ойлаймын.

Олардың барлығын Үкімет, Президент Әкімшілігі және тиісті мемлекеттік органдар жіті қарастыруы тиіс.

Құрметті әйелдер!

Сіздер әрдайым елдегі тұрақтылық пен ұлт-аралық келісімнің негізі болып келесіздер. Осы арқылы сіздер Қазақстанның дамуына зор үлес қостыңыздар.

Сіздер өз Президенттеріңізді сайлауларда ғана емес, сонымен бірге нақты істерде де тұрақты қолдап келесіздер. Қоғамдағы тұрақтылық, біздің еркін дамуымыз – негізінен сіздердің еңбектеріңіз.

Қазір де сөзімді сіздерге арнап отырмын – сол қалыптарыңызда қала беріңіздер. Еркектер осындай қиын уақытта да жұмыс істеуіне ақыл қосыңыздар. Луис Левинсон былай деген екен: «Еркекке әйел керек, өйткені өмірдегінің бәрін үкіметке итеріп салуға болмайды».

Сіздерге әрдайым оптимист болуды және жақсы көңіл күйде жүруді тілеймін. Сіздердің көңіл күйлеріңізге бүкіл ерлердің және бүкіл біздің қоғамның көңіл күйі байланысты. «Әйелдер еркекке қарағанда жиі күледі, сондықтан да ұзақ өмір сүреді» дейді ғой.

Құрметті форумға қатысушылар!

Сіздер бүгінгі форум жұмысына белсене қатысып, келелі ұсыныс-пікірлеріңізді көпшіліктің талқысына салып, нақты іс-шаралар әзірлеуге атсалысады деп сенемін.

Баршаңызға еңбекте жаңа жетістіктер, отбасылық бақыт пен береке, денсаулық тілеймін.

**«Дағдарыстан жаңару мен дамуға»
атты Қазақстан халқына**

ЖОЛДАУЫ

Астана қаласы,
2009 жылғы 6 наурыз

**Құрметті қазақстандықтар!
Қымбатты отандастар!**

Іс жүзінде жиырма жыл бойы күннен-күнге біз
сіздермен жаңа елді құру үстіндеміз.

Ашық та өркенді елді.

Жылдан-жылға қазақстандықтардың әл-ауқаты
жақсара түскен елді.

Саяси тұрақты және өз азаматтарының қауіпсіздігін қамтамасыз еткен елді.

Ешқашан және ешкім үшін сыртқы қатер көзі болмайтын елді.

Ондаған жылдар оза қабылдаған Қазақстанның даму стратегиясы, оны елдің нақты табыстарына айналдыру тәжірибесі бізге өз күшімізге деген сенімділікті берді, біз таңдап алған жолымыздың дұрыстығына көз жеткіздік.

Нақ сондықтан да бұдан 2 жылдан астам бұрын басталған әлемдік қаржы рыноктарындағы дағдарыстың әу басында біз дағдарысқа қарсы шаралардың кешенді жүйесін әзірлеп, дәйектілікпен іске асырып келеміз.

Біз ішкі және сыртқы конъюнктураны жіті қадағалап, еш кідіріссіз табанды шараларды қолға алудамыз. Нақ сондықтан да жаһандық азық-түлік дағдарысы біз үшін ұлттық апатқа айналған жоқ. Бірақ бүгінде бүкіләлемдік экономиканы дінкелетіп үлгерген экономикалық дағдарыс біздің беріктігімізді сынаққа салуда.

Дағдарыс бізге сырттан келді. Оның көздері елдің ішінде емес, әлемдік экономиканың сәйкессіздігінде жатыр.

Дағдарысты болдырмау және бәрін алдын ала көздеу мүмкін емес еді. Оны еңсеруге әлемнің жетекші экономикалары қазірдің өзінде 10 трлн-нан астам долларды, яғни бүкіл әлемдік ІЖӨ-нің

іс жүзінде 15 %-ын жұмсады. Бірақ та ахуал әлі жақсара қоятын емес.

Дағдарыс өз ауқымына Америка құрлығын, Еуропа мен Азияны бірте-бірте тартуда.

Істің жағдайына қарағанда, дағдарыс ұзаққа созылады. Талдамашылар айтқанындай, әлемдік экономика өз құлдырауында әлі шыңырау түбіне жеткен жоқ.

Әлемде болып жатқан үдерістерге өз көзқарасымды мен өзімнің «Дағдарыстан шығу кілті» атты мақаламда баяндадым. Оған түрліше қарауға болар, бірақ та біз, қазақстандықтар, осынау дағдарыстан шығудың жалпы ізденісіне өз ойымызды қостық. Бұл жолғы дағдарыс жәй дағдарыс емес, одан шығудың нұсқалары мүлдем әртүрлі болуы тиіс.

Мен осынау жаһандық дағдарыстан кейін әлемдік қаржы жүйесі, бәлкім, мемлекеттерді саяси басқаруда өзгеретініне сенімдімін. Көпшіліктің ойы экономиканы «қолмен басқару» қажеттігіне келіп тіреліп отыр, ал реттеу осы дағдарыстан шығудың аса маңызды ісіне айналуға.

Сондықтан да терең де түбегейлі көзқарас әлемдік қоғамдастықта әлемдік нарықтық экономиканың келесі бұрылыстарында бізді қауіпсіздендіру жолын табуға көмектеседі. Сондықтан мен ұсынған түбегейлі шаралар әлемдік қоғамдастықта талқыланатын болады.

Менің ұсынысым – жаһандық проблема-ларды шешу ізденісіне қосқан үлесім. Бірақ та бүгінгі нақтылық мынадай, әлемдегі іскерлік белсенділіктің қысылуы мұнай мен металға деген сұраныстың төмендеуіне соқтырды. Ал бұлар – Қазақстан экспортының негізі.

1 жылда мұнай бағасы 4 есе дерлік, металл бағасы 2 есе дерлік құлап түсті. Біздің негізгі сауда-саттық әріптестеріміз әрі жақын көршілеріміз – Ресей мен Украина өздерінің ұлттық валюталарын 40–45 %-ға құнсыздандырды. Сондықтан да біз өзіміздің тауар өндірушілеріміздің мүддесі тұрғысынан теңгенің бағамын түзетуге мәжбүр болдық. Өйтпесек, қазақстандық өнім өзінің бәсекеге қабілеттілігін жоғалтар еді. Біз елдің алтын-валюта резервін жұмсауды жалғастыра берер едік.

Құрметті қазақстандықтар!

Өкінішке қарай, қиын сынақтар мен дағдарыс қысымының салмағы әлсіремей тұр. Мұны сіздер де білуге тиіссіздер. Бірақ та мынаған сенімді болуға тиіссіздер, біз бұл сынақтарға дайын ғана емеспіз.

Біз оларды еңсереміз және осы дағдарыстан әлдеқайда күшті және өркенді мемлекет болып шығамыз.

Біз әлемдік қауымдастықтағы өз ұстанымымызды сақтаймыз.

Ұлттық қорды құра отырып, біз қор жинақтаудың мақсатты саясатын жүргіздік. Бұл қорды құру керек пе, әлде қаржыны баршаға аз-аздап үлестіреміз бе дегенге орай қаншама талас жүргенін сіздер жақсы білесіздер. Қазіргідей бюджетке алымдар 20 %-ға төмендеген кезде біз зейнетақы және жалақы төлеуде не істер едік?

Жақсы уақытта осы қорды құра отырып, біз дұрыс істедік. Өзінің ертеңгі күні туралы ойлайтын мемлекеттер осылай істеуге тиіс. Сол арқылы біз осы тұрпатты сілкіністер мүмкіндігінің алдындағы экономикамыздың беріктік қорын қамтамасыз еттік.

Өмірге қабілетті және икемді экономика жасау үшін біз дәйектілікпен күрделі құрылымдық реформаларды жүргізіп, экспорттық әлеуетті ұлғайттық және әртараптандыруды бастап кеттік. Нақ сондықтан да бүгінде біздің айтарлықтай мүмкіндігіміз бар және ойластырылған әрі тиімді дағдарысқа қарсы саясат жүргізуге жағдайымыз жетеді.

Көптеген мемлекеттердің пайда болған жаһандық дағдарысқа жауап берген шарасы ынталандырушы экономикалық шаралар пакетін қабылдау болды. Қазақстан әлемдік экономиканың өскелең турбуленттілігіне жедел үн қатқан және алдын алу шараларын іске асыруға кіріскен әлемдегі алғашқы мемлекеттердің бірі болды.

Қаржы жүйесінің тұрақтылығын сақтау үшін біз банктерге қосымша өтімділік бердік. Бұл шағын және орта бизнестің, ірі кәсіпорындардың экономикалық белсенділігін қамтамасыз ету үшін жасалды.

Жеке тұлғалардың салымдары бойынша кепілді өтеудің сомасы 700 мыңнан 5 млн теңгеге дейін ұлғайтылды. Мемлекет сыртқы қарыз алумен және меншік капиталының жеткіліктілігімен байланысты банк секторының тәуекелдерін төмендетуге көмектесті.

Тұрғын үй құрылысына және үлескерлер проблемаларын шешуге қолдау білдіруге 545 млрд теңге жұмсалды.

Елде іскерлік белсенділігін сақтау үшін біз шағын және орта бизнес субъектілеріне 275 млрд теңге көлемінде бұрын-соңды болмаған қаржылық қолдау жасадық. Әкімшілік кедергілерді табанды қысқарту жөніндегі жұмыс жалғастырылды.

Негізгі салықтар бойынша мөлшерлемелерді әлдеқайда төмендеткен жаңа Салық кодексі іске қосылды. Өткен жылмен салыстырғанда, корпоративтік табыс салығы биылғы жылдың өзінде үштен бірге төмендетіліп, 20 %-ды құрайды, ал 2011 жылы 15 % болады. ҚҚС мөлшерлемесі 12 %-ға дейін төмендетілді. Әлеуметтік салық мөлшерлемесінің кері кетер шәкілінің орнына 11 % көлеміндегі бірыңғай мөлшерлеме енгізілді.

Инвестицияларды жүзеге асыратын кәсіпорындар үшін салық преференциялары көзделген.

Осының бәрі экономиканың шикізаттық емес секторын, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың аса маңызды ынталандырғышының біріне айналды.

«Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заң отандық өндірісшілерге артықшылық береді, мұның өзі де шағын және орта бизнеске қолдау білдіруге бағытталған.

Аграрлық-өнеркәсіптік кешенді дамытуға 280 млрд теңге, инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға 120 млрд теңге бөлінді. Тұтастай алғанда ел экономикасына дағдарысқа қарсы мақсаттарда қосымша 2 трлн 700 млрд теңгеден астам қаржы жұмсалды.

Бұл әлемдік дағдарыс салдарын еңсеру үшін қуатты ынталандыру екенімен келісерсіздер.

Біз табанды да жедел әрекет етеміз, өйткені әлемдік дағдарыстың біздің экономикамыз бен қоғамымызға соққы күшін әлсірету үшін қашан және не істеу керектігін білеміз. Бұған ел Үкіметі мен Парламентінің бірлескен жедел жұмысы жәрдемдесті.

Құрметті менің отандастарым, осы кезеңнің қыспағына бәріміз бірге қарсы тұруға тиіс екенімізді сіздер түсінсе екен деймін.

Үкімет әлеуметтік төлемдерді және бюджетшілердің жалақысын ұлғайту жөніндегі

мемлекеттің барлық міндеттемелері толық көлемінде сақталуына кепілдік беруге міндетті.

Бұрынғы жоспарланғанындай, 2010 жылы бюджетшілердің жалақысы және шәкіртақы 25 %-ға, ал 2011 жылы тағы да 30 %-ға ұлғайтылатын болады. Зейнетақының орта мөлшері 2010 жылы 25 %-ға және 2011 жылы 30 %-ға ұлғайтылады.

Бұл ретте 2011 жылы арқаулық зейнетақылық төлемдер мөлшері ең төменгі өмір сүру мөлшерінің 50 %-ына дейін өседі.

Өздеріңізге белгілі болғанындай, мемлекет оқу ақысын төлеу үшін қаржысыз қалған студенттерге қолдау білдірді. Мемлекет студенттер үшін барлығы 11 мың грант және 40 мың кредитті қосымша бөліп отыр.

Құрметті қазақстандықтар!

Біздің алдымызда дағдарыс салдарын еңсеру және одан кейінгі экономикалық өсуге әзірлену жөнінде үлкен міндеттер тұр. Қазірдің өзінде біз қабылдағанның бәрі – бұл бүгінгі дағдарыс туындатқан ағымдағы проблемаларды шешу.

Мен тоқтап қалмауды, одан әрі жүруді және дағдарыстан кейінгі елдің дамуын қамтамасыз ету үшін экономиканы одан әрі жаңғырту және жұмыспен қамту стратегиясын іске асырудың жаңа жоспарын жүзеге асыруды ұсынамын.

Біз елдің жаңа байтағын – Астананы ең қиын жылдары салуды бастап, осыны жүзеге асыра алатынымызға ешкім сенбеген кезде тұрғыздық. Біз осыны жасадық, мұны бүкіл әлем көріп отыр. Келіңіздер, осы жақсы тәжірибені жалғастыратын болайық. Иә, жаңа қаражат қажет. Осы мақсатта дәстүрлі түрде Ұлттық қорға есептеліп келген шикізаттық сектордың табыстарын 2009–2010 жылдары жаңа жоспарды жүзеге асыруға жұмсау дұрыс болады деп санаймын.

Тұтастай алғанда бұл Ұлттық қордан бекітіліп қойылған трансферттерге қосымша шамамен 600 млрд теңгені құрайды. Бұл – уақытша, бірақ та қажетті шара. Бұл ретте біз қазіргі сәтте бар елдің жалпы резервінің сол көлемін, яғни 47 млрд долларды сақтаймыз. Бұл бізге осы дағдарыс жалғасқан жағдайда тұрақтылыққа деген сенімділік береді.

Қаражаттың басқа бір көзі – бюджеттің барлық шығындық баптары бойынша қатаң үнемдеу және аса қатал қаржы тәртібі. Осыны ескере отырып, Үкіметке республикалық бюджет шығындарын оңтайландыруды және апта сайынғы мониторинг режимінде бюджеттік қаражаттың жұмсалуды бақылауды тапсырамын. Осыған сондай-ақ біздің депутаттарды да шақырамын. Қауырт өсу кезеңінде үйреншікті болып кеткен ысырапқорлық ойлы тұтынумен және үнемдеумен ауыстырылуы тиіс. Ашығын айтайық, бізге ақша пайда

болған осы жылдары сұраныс көбейіп, штаттар қампиып кетті және іссапарлар саны, әрқилы ауқымды мәдениет күндерін өткізу ұлғая түсті. Осы мәселеде баршаның ойланғаны керек. Қаржы тәртібін бұзушыларға дағдарыс уақытының заңы бойынша қатал сұраныс қойылуы тиіс. Барлық басым емес шығындар – әкімшілік, инвестициялық және басқа шығындар – нөлге теңестірілуі тиіс. Бұл жергілікті бюджеттерге де қатысты.

Босаған қаражат бізге, ең алдымен, қазақстандықтардың еңбекпен қамтылу стратегиясын іске асыру мүмкіндігін береді. Ол бізге дағдарыс ауыртпалығын еңсеруге ғана көмектесіп қоймайды, сонымен бірге дағдарыстан кейінгі уақытта экономиканың тиімді дамуын қамтамасыз етеді. Ол әрбір қазақстандық отбасына жаңа мүмкіндіктер беруі тиіс.

Әрбір әкім, әр министр апта ішінде қанша жұмыс орнының қысқарғанын және жергілікті орындарда қаншасын ашқанымызды білуі тиіс. Нақ осы тұрлаулы дамудың негізі болып табылады.

Өңірлік жұмыспен қамтылуды және кадрлардың қайта даярлануын қамтамасыз ету үшін мен Үкіметке кем дегенде 140 млрд теңге бөлуді тапсырамын. Жергілікті бюджеттерден де жұмыспен қамту стратегиясын бірлесе қаржыландыруға ресурстар бөлінуі тиіс.

Жұмысынан айырылғандар үшін жаңа жұмыс орындарын құратын боламыз. Біз кем дегенде

350 мың қазақстандықты жұмыспен қамтамасыз ете аламыз, бұл қазіргі қоғамдық жұмыстарды есептемегенде.

Бізде еңбек нарығын дамыту үшін мүмкіндіктер бар, оларды ойлап табу керек емес. Біз қосымша бөлінген қаражатты нақ осыған жұмсаймыз.

Біріншіден, бұл коммуналдық желілерді қайта жарақтандыру және жаңғырту. Бұл – сумен қамтамасыз ету, жылумен қамтамасыз ету, энергетика мен кәріз сулардың нысандары мен желілері.

Үкіметке әкімдермен бірлесіп осы мақсатқа кететін қажетті шығындарды анықтауды, жұмыстарды қаржыландыруды ғана емес, сонымен бірге бюджеттен бөлінген әрбір теңгенің пайдаланылуын қатаң бақылауды тапсырамын. Бұл көзге көрінбейтін жұмыс, бірақ та бізге оны бәрібір істеуге тура келеді. Ол – болашақ дамудың негізі. Бұл қалалар мен жергілікті орындарда орасан көп жаңа жұмыс орындарын ашудың мүмкіндігі. Біз халқымыздың сатып алу қабілетін арттырамыз. Егер парасатпен жұмыс істей білсек, босаған адамдарды жаңа мамандықтарға үйрету керек. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты әлдеқашан-ақ ретке келтіру керек еді. Келіңіздер, қазір осымен айналысайық.

Екіншіден, бұл жергілікті автомобиль жолдарын салу, қайта жарақтандыру және жөндеу, сондай-ақ әлеуметтік инфрақұрылымды, ең алдымен мектептер мен ауруханаларды жаңарту.

Бұл енді ӘКК-лердің міндеті, олар халықтың барынша жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуге міндетті. Мәселенің қаржылық жағы – Үкімет пен әкімдердің құзырында. Біз қазір халықпен келісіп, тура айтуға тиіспіз: құрылысы басталған мектептер мен ауруханаларды салып бітіреміз. Жағдай осылай болып тұрғандықтан, біз жаңаларын кейінге қалдыра тұрамыз, алайда қаражатты қолданыстағы мектептерді, ауруханаларды, медициналық пункттерді жөндеуге жұмсаймыз. Осылай жұмыс орындарын да құрамыз. Сондай-ақ, біз салуды белгілеген магистральдық автомобиль және темір жолдарын да тоқтата тұруға тура келеді. Мұның орнына ақшаны облыс орталықтарының, қалалардың төңірегіндегі жолдарды, ауданаралық жолдарды ретке келтіруге жұмсаймыз. Осылайша біз ішкі жағымызды бекіте түсеміз.

Үшіншіден, әрбір нақты елді мекендегі жергілікті мәндегі нысандар. Бұл жергілікті биліктің шешуі бойынша жолдарды, клубтарды немесе басқа нысандарды абаттандыру мен көгалдандыру, жөндеу. Бұл мақсаттарға атаулы трансферттер бөлінуі тиіс.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдары ретінде аудандық мәслихаттарға қаражат бөлінуі тиіс. Жұмыспен қамтудың жергілікті проблемалары мен мәселелерін шешу үшін бұл қаражатты қайда жұмсау керектігін олардың өздері шешетін болсын.

Бұл жұмыстың тиімділігі үшін дербес жауапкершілікті тұтастай әкімдерге жүктеймін.

Аталған барлық жобаларды іске асыру үшін біз жергілікті өндірісшілердің әлеуетін барынша пайдалануға тиіспіз. Егер қажетті өндірістер бүгінде жоқ болса, оларды құру керек, мұның өзі бизнес үшін жаңа мүмкіндіктер ашады.

Біз Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығының қарсаңында тұрмыз. Осы датаға орай бүкіл Қазақстанда кең ауқымды жұмыс өрістеуі керек. Бұл біздің ұрпағымыз үшін, біздің халқымыз үшін ұмытылмас жылдар. Қазақ ұлтының және бүкіл Қазақстанның тарихында мұндай кезең болған емес.

Бұл жұмысты біз қазірден бастауға тиіспіз. Әр ауыл әкіміне шамамен 50–100 млн теңгедей аздап ақша бөлсек, олар аудандық мәслихаттардың бақылауымен қандай да бір қиындық көріп жатқан тұрғындарға қажетті мәселелерді шешер еді, шағын несиелер берер еді. Осылайша біз жұмыспен қамтылу мәселесін шешіп қана қоймаймыз, сонымен бірге біздің елімізде жаңа өндірістердің пайда болуы үшін ынталандыру жасаймыз.

Төртіншіден, бұл әлеуметтік жұмыс орындарын кеңейту және жастар практикасын ұйымдастыру.

Халықты жұмыспен қамту туралы қолданыстағы заң бізге бюджет қаражатын осы мақсатқа пайдалануға мүмкіндік береді. 2008 жылы

13 мыңнан астам адам осы бағдарламалар бойынша өз мүмкіндіктерін іске асырды.

Біздің бүгінгі міндетіміз – қазіргі бар бағдарламалардың аясын кеңейту. Осы мақсатқа қосымша 8,6 млрд теңге бөлуді тапсырамын. Сонда біз 96 мыңға жуық адамды жұмыспен қамтамасыз етеміз.

Осымен бір мезгілде біз Әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорынан жұмыссыздығы бойынша жәрдемақы төлеудің барынша ұзақ мерзімін 4-тен 6 айға дейін ұлғайтуға тиіспіз.

Әлемдік дағдарыс жағдайында біздің жұмыспен қамту стратегиямыз кадрларды қайта үйрету және қайта даярлау жөніндегі толық ауқымды жұмысқа бағытталған. Үкіметке әкімдермен бірлесіп қазіргі бар оқу орындарының базасында мамандарды қайта даярлауды ұйымдастыруды тапсырамын.

Біздің адамдарымыз оқып-үйренуге тиіс, бүкіл әлемде адамдар өмір бойы оқумен өтеді. Мына жағдайда қайта оқуға, сөйтіп бүгін қажет болып отырған мамандықты игеруге мүмкіндік те бар, қажеттілік те бар.

Біз қазір барлық ірі құрылыс кәсіпорындарын адамдарды басқа мамандықтарға оқыту үшін қарыз бөлуге міндеттейміз. Барлық жерде осылай болуға тиіс. Егер Үкімет пен әкімдер жұмысты ойдағыдай ұйымдастыра алса, адамдар оқуға отырады да, жаңа мамандықтарды игеріп алып кетеді.

Кадрларды қайта даярлау және қайта оқыту жөніндегі жүйелік жұмыс мынадай мақсаттарды көздеуі тиіс.

Жаңа мамандық бойынша жұмыс істегісі келетін әрбір адамның оқу мүмкіндігі болуы тиіс.

Экономиканың еңбек ресурстарына деген болашақ сұраныстарын, ең алдымен, ауыл шаруашылығында қамтамасыз ету.

Шетелдік жұмысшыларды отандық кадрлармен біртіндеп алмастыру. Біз оларды жартылай қысқартып, өз адамдарымызбен алмастырмақпыз.

Сонымен қатар әлемдік дағдарысқа, біз бастан кешіп жатқан кезеңнің қиындықтарына қарамастан, біз күшімізді олардың шешілуіне ғана шоғырландырып қоя алмаймыз. Біздің болашағымыз экономиканың одан әрі жаңғыртылуы мен арқаулық инфрақұрылымның дамуына байланысты.

Біз қолданыстағы келешегі бар инвестициялық жобаларды қаржыландыру және іске асыруды жалғастырамыз.

Ең алдымен, бұл – мұнай өңдеу зауыттарын жаңғырту. Бізде мұнай өңдейтін үш зауыт бар, сөйтсе де әлі күнге жанармай сатып аламыз, авиация керосинімен де қамтамасыз етілмегенбіз. Енді қазір бұл іспен айналысу керек. Біз осы мұнай өнімдеріне деген ішкі сұранысты біртіндеп толық қамтамасыз етуге тиіспіз.

Біз Атырауда мұнай-химия кешенін салуды жалғастырамыз. Мойнақ ЖЭС-інің құрылысын биыл аяқтаймыз, Екібастұз МАЭС-1 кеңейту және қайта жарақтандыру жөніндегі жұмысты жалғастырамыз. Ол жерде сегіз блоктың орнына төрт блок жұмыс істеп тұр. Бұл дайын, шығынды қажет етпейтін электр қуаты. Екібастұз МАЭС-2 үшінші энергия блогын салу жұмысын жалғастырамыз, биыл Балқаш ЖЭС-ін салуды бастаймыз.

Біздің жоспарларымызда «Бейнеу – Бозой – Ақбұлақ» магистралдық газ құбырын салу, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автожолының транзиттік дәлізін қайта жарақтандыру бар. Биыл біз дайындық жұмысын қолға аламыз. Онда 5 мың адам жұмыс істейтін болады, ал 2010–2012 жылдары 50 мың адамға дейін жетеді. Мұның өзі Қазақстанды Еуропадан Азияға жетіп жататын көлік дәлізіне айналдыратын күретамыр болады. Біз электровоздар, жолаушы және жүк вагондары, жол битумдары өндірісін, химия өнеркәсібін ұйымдастыруға кірістік.

Аграрлық-өнеркәсіптік кешен туралы айрықша айтқым келеді, оның дамуы арқасында біз бір мезгілде еліміз үшін аса маңызды екі міндетті – азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және экспортты әртараптандыруды шешеміз.

Сондықтан да біз тауарлы-сүт фермаларын, құс фабрикаларын, мал бордақылау алаңдарын

ұйымдастыру мен дамыту, тамшылап суаруды қолдану арқылы жеміс-көкөніс дақылдары өндірісін ұйымдас-тыру, ауылшаруашылық техникаларын жинау жөніндегі өндірістерді құру, ет өңдеу өндірісін дамыту, биязы жүнді қайта өңдеу, қазақстандық астық экспортының инфрақұрылымы және оны тереңдете қайта өңдеу секілді экспортқа бағдарланған өндірістерді дамыту жөніндегі инвестициялық жобаларды қаржыландыруды жалғастыруға шешім қабылдадық.

Құрылыс үшін басқа да маңызды жобаларды қарастыру керек. Бұл Көксарай су қоймасын, басқа да ірі ирригациялық нысандарды салуды жалғастыру. Қызылқұм алабында 60 мың гектар суармалы жерді игеру мақсатын алға қойғанбыз. Бүгінде техникалық-экономикалық негіздемесі мен кірме жолдары бар нысандарда жұмысты бастау керек. Ауыл шаруашылығы өнімдерін ұқсату – маңызды сала. Біз қазір консервіленген жеміс-жидек өнімдерінің 80 %, ет өнімдерінің жартысын, құрғақ сүттің 53 % сырттан әкеліп жүрміз. Егер осының бәрін шеше алсақ – онда адамдар қаладан селодағы өнеркәсіпке жұмыс істеуге баратын болады.

Біздің бағалауымыз бойынша, экспорттық мамандандыру келешекте 500 мыңнан астам жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік беріп, таяудағы 5 жылда ІЖӨ-нің қосымша өсімінің 8 %-ға жуығын қамтамасыз етеді.

Осылайша, өзіміздің стратегиялық таңдаумен жүріп, біз экономиканың нақты бәсекеге қабілетті болатын, сыртқы нарықта өз орнымызды табатын секторларында жұмысты дәйектілікпен жалғастырудамыз.

* * *

Қазіргі қиындықтар біздің үлесімізге тиген алғашқы сынақ емес.

Өтпелі кезеңнің аса ауыр дағдарысын біз 90-шы жылдардың басында еңсердік. Ол кезде экономиканың құлдырауы 60 % жетіп, инфляция жылына мыңдаған пайыздармен есептелетін.

Азияның қаржы рыноктары туындатқан екінші әлемдік дағдарысты біз 90-шы жылдардың аяғында еңсердік. Мұнай бағасы онда 1 баррель үшін 9 долларға дейін төмендеді. Біз зейнетақы мен жалақыны төлей алмадық. Біз ол қиындықтарды да еңсердік.

Уақыт өтеді, содан кейін біз осы дағдарысты да еңсергенімізді айтып отыратын боламыз.

Қалыптасқан жағдайдан жұмсалмай қоймайтын шығындармен, бірақ та жаңа өсуге әзір болып шығатын барлық мүмкіндіктер біздің қолымызда бар. Дағдарыстар қайталанатын болады, ал біздің мақсат – оны басқаруды үйрену. Әзірге бізде бұл орындалуда.

Бүгінде біз өз күштеріміз бен ресурстарымызды қайта топтастыруға мәжбүрміз және біз мұны

сыртқы жағдайлардың ықпалымен істеудеміз. Алайда бұл біз өз бағытымызды өзгерттік дегенді тіпті де білдірмейді. Ол бағыт елдің 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясында анықталған. Өмір түзетулерін енгізуде. Бірақ та атап көрсеткім келеді, ол бұрынғысынша қалып отыр.

Барша қазақстандықтардың өркендеуі, қауіпсіздігі мен әл-ауқатының жақсаруы біздің мемлекетіміз үшін аса маңызды үштұғырлы міндет болып қала береді.

Бізде дағдарысқа қарсы жоспар бар, мемлекеттік резервтен жеткілікті қаражат бөлінген. Тұтас-тай Үкімет және Премьер-министр, мемлекеттік органдардың басшылары, әкімдер дағдарыстан шығу жөніндегі белгіленген шаралардың орындалуына тікелей жауапты болады.

Бүгінгі проблемалар және біздің оларды қалай шешіп жатқанымыз – кемелдіктің және біздің қоғамымыз бен мемлекетіміздің тұрақтылығының сынағы. Біз бұл сынақтан өтеміз деп ойлаймын. Бізге өз дамуымыздың жаңа кезеңіне аяқ басуға және жетістіктерімізді еселеуге тура келеді.

Мұны да орындайтынымызға сенімдімін. Белгілеген мақсаттарға қол жеткізу үшін біздің халқымыздың топтасқандығы қажет.

Сондықтан да барша қазақстандықтарға аталған шараларды жүзеге асыруға кірісуге, еңбекқорлық пен табандылық танытуға, ұсынақты болуға,

жақындарыңа, көмекке мұқтаж адамдарға көмектесуге және қамқорлық жасауға шақырамын.

Парламенттің, мәслихаттардың, «Нұр Отан» партиясының депутаттарына сөзімді арнаймын. Біздің партия үшін дауыс берген сайлаушылар бізге зор сенім көрсетті. Енді қазір, қиын дағдарыс кезеңінде, біз оны ақтап, қоғамдағы дағдарысқа қарсы ауқымды қозғалыстың басында болуға тиіспіз.

Үкіметпен және жергілікті органдармен бірлесіп адамдардың нақты проблемаларын шешу, дағдарысқа қарсы шаралардың іске асырылуын, осы мақсаттарға бөлінген бюджеттік қаражаттың жұмсалуды айрықша бақылауға алу керек.

Қазақстан халқы Ассамблеясына, барлық саяси күштерге сөзімді арнаймын. Қазір халық туралы кімнің шын мәнінде ойлайтыны, ал кімнің – ойламайтыны сөзбен емес, істе тексеріледі.

Келіңіздер, планета тарихындағы аса қатал дағдарысты еңсеру жолында бірігейік!

Адамдарды ашындырмайық, оларға сөзбен және іспен көмектесейік. Мемлекет қазір нақ осыны жасап отыр. Елде тыныштық пен келісімді сақтау маңызды міндет болып қалады.

Барлық мемлекеттік қызметшілерге сөзімді арнаймын. Қазір біз бәріміз қызмет ететін халықтың алдындағы әрбір басқарушының жауапкершілігі еселеп арта түседі. Жергілікті орындарға жиі шығып, еңбек ұжымдарымен, халықпен

кездесу керек. Мемлекет қолға алып жатқан шараларды түсіндіріп, адамдарды біріктіру, оларды проблемаларды шешуге көтеру керек.

Құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне сөзімді арнаймын. Біздің қалалардың көшелері мен ауылдардағы тыныштық сіздерге байланысты. Қылмыспен, сыбайлас жемқорлықпен, алаяқтықпен, заңдардың бұзылуымен табанды да қатал күрес жүргізу керек. Осы қиын кезде біздің азаматтардың, бүкіл қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бәрін де істеу керек.

Мен бұқаралық ақпарат құралдарын белсенді азаматтық ұстаным танытуға шақырамын! Сіздерді «төртінші билік» деп текке атамайды! Қазір БАҚ адамдар үшін қиындықты қалай еңсеруге болады, мынандай қиын кезде қалай аман қаламыз, қалай төтеп береміз деген мәселелерде «кеңесші» ретінде көрінуге тиіс. Азаматтарды басқа адамдардың оңды тәжірибесі арқылы үйрету керек. Біздің ғылыми және шығармашылық интеллигенцияға да осындай рөл жүктеледі.

Сенімділік, жеке белсенділік, төзімділік, патриотизм, Отанға деген сүйіспеншілік секілді көңіл күйлерді орнықтыратын материалды жиі беру керек. «Нұр Отан» партиясының мүшелері үйді-үйде көбірек болуға, қандай мамандықтарға қайта оқуға мүмкіндік бар екенін, кредиттер мен шағын кредиттерді қалай алуға болатынын, қиын жылдарда не істеу керектігін түсіндіруге тиіс. Әр үйге,

әр отбасына бару, қарапайым адамдардың көмекшілеріне, кеңесшілеріне айналу керек. Асып-сасын ештеңе жоқтығын, елдің байтақ екенін, істеген адамға жұмыс жететінін ұғындыру шарт.

Құрметті қазақстандықтар!

Ел дамуының жаңа кезеңінің табыстары көп ретте біздің іс-қимылымыз бен қабылдаған шешімдерімізге байланысты болады.

Бізде қажетті ресурстар, әлемдік дағдарыс қыспағына төтеп беретін тәжірибе бар. Бізде дағдарысқа қарсы айқын бағдарлама бар. Қойылған мақсаттардың бәріне қол жеткізуге болады!

Біз барлық қиындықты еңсеретінімізге және Қазақстанымызды күшті, өркенді және әлемде құрметтелетін мемлекетке айналдыратынымызға сенімдімін!

Еуразиялық университеттер
қауымдастығының XI съезінде

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2009 жылғы 10 наурыз

**Құрметті съезге қатысушылар!
Ханымдар мен мырзалар!**

Мен сіздерді, Еуразия кеңістігіндегі жетекші университеттердің ректорларын, Астанада, Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде, шын жүректен құттықтаймын.

Біздің кездесуіміз 1994 жылғы наурызда М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде мен ұсынған Еуразиялық Одақ құру туралы бастаманың 15 жылдығы қарсаңында өтіп

отырғанының символдық мәні бар. Мен ұсынған тұжырымдама сол кезде өте батыл тұжырымдама болды. Ол кеңестік кезеңнен кейінгі мемлекеттердің тең құқылық интеграциясына және бірлескен саяси-экономикалық дамуына негізделді. Мүмкін, содан болар, сол кезде бұл идеяны көптеген адамдар қолдай қоймады.

Сол жылдарда ТМД елдерінің барлығында ескіше ойлау жүйесінен арылып, жаңаша топшылау қылаң бере бастаған болатын. Саяси элитаның өзі осы іспеттес мәселенің теориялық тұрғыда қойылуының өзін қолдай қоймады. Шамасы, әр мемлекетке шын мәнінде тәуелсіз болуы, өзінің экономикасын нығайтуы, өзінің басқару жүйесін құру үшін уақыт қажет болды-ау деймін.

Дегенмен, Еуразиялық Одақ туралы идеяның негізгі параметрлері уақыт өте келе іске аса бастады.

Бүгін, яғни барлық ТМД елдері әлемдік дағдарысқа қарсы іс-қимыл жолдарын іздей бастаған, ең дамыған державалардың өздері тұйыққа тіреген экономикалық проблемаларын жеке-дара еңсере алмайтынына көзі жеткен кезде, тағдыр еуразиялық интеграциялық тұжырымдаманың өзектілігін тағы да растады.

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Жаһандық қаржылық-экономикалық дағдарыс, тұрақсыз халықаралық-саяси жағдай аясындағы

күйзеліс бүкіл әлемдік басқару жүйесінің кешенді дағдарысының куәсі болды.

Қор индекстерінің тас-талқан болуы, жұмыссыздықтың өсуі, компаниялар мен банктердің банкротқа ұшырауы туралы күн сайынғы ақпараттық мәліметтер барлық уақытта бірдей болып жатқан өзгерістердің шынайы мәнін ұғуға мүмкіндік бермейді. Алайда, егер осы ақпараттар толқынына саналы түрде мән берсеңіз, әлемдік саясат пен экономикада тектоникалық деуге келетіндей ілгерілеушілік бар екенін, сөз жоқ, байқауға болады.

Ең алдымен жәй одан әрі тұрақтандыру жоспарын қабылдап қана қоймай, сонымен бірге жаһандық экономикалық жүйені реттейтін тұжырымдамалық әдістерді өзгерту қажеттігіне көзіңіз жетеді.

Қолданыстағы валюта-қаржы жүйесі енді қазіргі заман талаптарына жауап бере алмай қалды және валюта жүйесінің тұрақтылық өлшемдерінің бірде-біріне сәйкес келмейді.

Әлемдік валюта заңды де-юре болып табылмайды. Әлемдік валюта эмитенті қызметінің рәсімі демократияға қайшы. Әлемдік валютаға сұраныс пен ұсыныстардың теңгерім тетігі бәсекелі емес және еріктіліктен тыс сипатта болады. Әлемдік валюта нарығы өркениетті нарық қатарына жатпайды. Әлемдік валюта эмиссиясы жүйесі бақыланбайды және әлемдік қоғамдастық алдында есеп бермейді.

Қазіргі таңда көптеген елдер оны реформалаудың әртүрлі үлгілерін ұсынуда. Германияның, Ресейдің, Қытайдың, Түркияның, ислам әлемі елдерінің өз ұсыныстары бар.

Біз өз тарапымыздан жаһандық проблеманы шешудің өзіндік ұстанымымызды ұсындық. Ол менің жақында жарияланған «Дағдарыстан шығу кілті» атты мақаламда баяндалды.

Біздің көзқарасымыз бойынша, БҰҰ-ның қамқорлығымен бірегей әлемдік валюта шығару қажет. Барлық елдердің көзқарастары тұрғысынан жариялылыққа, есептесудің бүкілдүниежүзілік бірегей ақша бірлігіне негізделген мүлдем жаңа жаһандық валюта жүйесіне көшу керек. Оны шығаруға, оның эмиссиясы мен реттелуіне барлық ел қатысуы тиіс. Әрине, жаңа жүйеге көшу бірте-бірте жүзеге асырылуы қажет.

Қазіргі заманның тағы бір маңызды үрдісі бірполярлы жүйеден көпполярлы жүйеге көшу болып табылады.

Жаһандық экономикалық дағдарыс батыс либерализмі мен еркін нарық адамзаттық бірден-бір бұрыс бағдар екендігі туралы идеяны растады. Қазір әлемдік кеңістікте әлемдік дамуға ықпал ететін жаңа күш орталықтары қалыптасуда.

Фрэнсис Фукуяма жария еткен ақырзаман жүзеге асқан жоқ. Керісінше, экономикалық және саяси дамудың әртүрлі үлгілері өзара бәсекеге

түсіп, жүзеге асырылатын жаңа тарихи кезең басталуда.

Көпполярлы дамумен бірге өңірлену үдерісі күшеюде. Өңірлік рыноктар қалыптасып, тауарлардың көпшілігі солардың аясында өндіріліп, тұтынылатын және қызмет көрсетілетін болады. Сондай-ақ құрлықтық ықпалдастық топтары қалыптасуда. бір географиялық кеңістік ішінде ұлттық экономиканы қорғау жаһандық дамудың үрдісіне айналуға. Мұның мысалын біз Латын Америкасынан, Парсы шығанағы өңірінен, Шығыс Азиядан байқап отырмыз. Бұрын бұл үдеріс «еуроаймағында» басталған еді.

Қазір еуразиялық интеграцияның ұзақ мерзімді перспективасына ешқандай баламаның жоқтығына менің көзім жете түсті.

«Сәттілік өз сәбилерін еркелететін нәзік, бірақ аңдаусыз анаға ұқсайды» деп ескерткен екен Сенека. Бұрынғы сыртқы қолайлы конъюнктура жағдайында ықпалдастық үдерістерін тежейтін жайлар көзге көп түсе қоймайтын. Қазіргі таңда біздің бұған құқығымыз жоқ.

Тек өзара бірлесе отырып қана біз өз мемлекетіміздің тұрақты экономикалық дамуын қамтамасыз ете аламыз. Қазіргі әлемдік дағдарыс салдары көптеген елестердің күлін көкке ұшырды.

Қазіргі жағдайда сырттан көмек күтудің еш жөні жоқ екені айқын бола түсуде. Кешегі донорлар өздерінің, барынша кең ауқымды

проблемаларын шешуге мәжбүр болуда. Егер біз өзімізді өзіміз ойламасақ, бізді ешкім де ойламайды.

Қымбатты достар!

Еуразиялық Одақ құру идеясын ұсына отырып, мен бұл міндеттің ондаған жылдарға созылатын міндет екенін есімнен шығарғаным жоқ. Алайда 15 жылда көп жұмыс атқарылды. Ең бастысы – еуразиялық теориясы практикалық іске айналды. Қазір еуразиялық кеңістіктегі интеграцияның үш – экономикалық, әскери-саяси және мәдени-гуманитарлық өлшемі туралы айтуға болады.

Бірінші. Ол – экономикалық өлшем.

Азия дағдарысынан кейін, 1990-шы жылдардың аяғында, кеңестік кезеңнен кейінгі көптеген елдер экономикалық байланысты барынша тығыз жүргізудің қажеттігін сезді. Және соның нәтижесі ретінде Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құрылды. Қазіргі таңда осы мемлекетаралық интеграциялық құрылым өңірлік еуразиялық бірлестіктер арасында болашағы барынша мол қоғамдастық болып табылады.

ЕурАзЭҚ аясында еркін тауар айналымы режимін қалыптастыруда елеулі қадам жасалды. Бұл қоғамдастыққа қатысушы елдер арасында өзара тауар айналымының көлемін 3,5 есе ұлғайтуға мүмкіндік берді. Олардың арасында

өзара инвестицияның жалпы көлемі 5 есе дерлік ұлғайды.

ЕурАзЭҚ аясында қаржылық интеграцияның, мысалы, Еуразиялық даму банкі сияқты нақты тетігі құрыла бастады. Бүгін ол Қазақстанда, Ресейде, Беларусьте және Тәжікстанда бірқатар жобаларды қаржыландырады.

ЕурАзЭҚ-тың Мәскеуде ақпанда өткен саммитінде 10 млрд доллар көлемінде бірлескен Дағдарысқа қарсы қор және Жоғары технологиялар орталығы құрылды. Бұл құрылымдардың жұмысы қоғамдастық мүшелерін әлемдік дағдарыс қыспаққа алған экономикалық соққыны жұмсартуға бағытталған.

ЕурАзЭҚ қамқорлығымен нақты экономикалық жобалар талқыланып, қабылдана бастады. Бұл ретте атом қуатын бейбіт мақсаттарда өндіру саласындағы бірегей цикл, яғни ортақ энергия жүйесін құру, еуразиялық көлік жолдарын салу және басқа жобаларды айтуға болады.

Тікелей үш ел – Қазақстанның, Беларусьтің және Ресейдің Кеден одағын құру аяқталып келеді.

Келесі қадам ЕурАзЭҚ елдерінің Валюта одағын құру болуы мүмкін. Мен ұлттық мүддеден жоғары тұратын еуразиялық есептік бірлік мәселесін пысықтауды бастауды ұсындым.

15 жыл бұрын мұның бірде-бірі болған жоқ еді. Мен мұндай құрылымның өмірге келуі, бірлескен

жобалардың жүзеге асырылуы, әрине, алда әлі де атқарылатын көптеген жұмыстар тұрғанын ескере отырып, бізді Еуразиялық экономикалық одақ құруға жақындата түсетініне сенімдімін.

Екінші. Еуразиялық әскери-саяси интеграция өлшемі өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз етумен байланысты.

Өткен ғасырдың аяғында Ұжымдық қауіпсіздік шартына қатысушылар 1992 жылы осы құжатты жаһандық және өңірлік тұрақтылыққа төнген жаңа қауіпке бейімдеді. Сөйтіп, Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы (ҰҚШҰ) құрылды.

Қазір ол өз дамуының жаңа кезеңіне көшті. Осыдан 1 ай бұрын Мәскеуде өткен саммитте шапшаң орын ауыстыратын икемді өңірлік әскери топ құру туралы шешім қабылданды. Бұл Еуразияның кең ауқымды солтүстік өңірінің әскери қауіпсіздігін нығайтуға бағытталған нақты қадам.

Бірлескен әуеден шабуылға қарсы қорғаныс жүйесі, аса ірі әскери-техникалық ынтымақтастық, ҰҚШҰ аясындағы елдердің әскери бөлімшелерінің бірлескен жаттығулары, міне осының бәрі құрылатын біртұтас қорғаныс кеңістігінің құрамдас бөлігі.

ТМД елдерінің Терроризмге қарсы күрес орталығының құрылуы халықаралық терроризм қаупіне қарсы жасалған жауап әрекет болды.

Біздің елдеріміздің құқық қорғау органдары шекаралық қылмыспен, есірткінің тасымалда-

нуымен, жасырын қоныс аударумен бірлескен күресті күшейтті.

Бұл да тек соңғы 15 жылда өмірге келген еуразиялық интеграцияның маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Жалпыеуразиялық қауіпсіздіктің «Азиялық векторына» қазір Шанхай ынтымақтастық ұйымы және Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі жатады. Кеңестік кезеңнен кейінгі көптеген елдердің қолдауынсыз және белсене қатысуынсыз оларды дамыта алмас едік.

Жалпы еуразиялық қауіпсіздіктің «Еуропалық бағытын» біз еліміз 2010 жылы төрағалық етуге дайындалып жатқан ЕҚЫҰ қызметімен байланыстырамыз.

Қазақстан ТМД елдері осы қызметке ұжымдаса ұсынған мемлекет болып табылады, сондықтан ол бізге тек құрметті лауазым ғана емес, сонымен бірге жоғары жауапкершілік те. Осы қызметте біз планетаның ең үлкен құрлығының бейбітшілік пен халықтардың өзара түсіністік кеңістігі болуына күш саламыз.

Алайда тек президенттер мен үкіметтердің ғана күш жұмсауы бұл істе өте жеткіліксіз. Интеграция – тек саясатшыларға деген сеніммен шешілетін шаруа емес!

Сондықтан, әсіресе қазіргі кезеңде, үшінші өлшем – еуразиялық интеграцияның мәдени-гуманитарлық өлшемінің басымдығы өте маңызды.

Қазір біздің елдерімізді біріктіруде адамдық капиталды барынша дамыту қажеттігінен асатын күш жоқ.

Еуразиялық кеңістік әлем картасындағы ерекше құбылыс болып табылады. Ортақ тарихымыз, біртұтас тіршілігіміздің дәстүрлері, бірегей мәдени мұралар, адамдарымыздың ортақ тағдыры біздің халықтарымызды мызғымастай етіп тұтастырды.

Соңғы жылдары түрлі елдердің ауқымды зиялы шоғыры еуразиялық идеяға ден қойды. Ол Еуразиялық университеттер қауымдастығының қызметі арқылы іске асты. Менің бастамамен Еуразиялық ғалымдар клубы құрылды. Ортақ ақпараттық кеңістікті қалыптастыру мақсатында Еуразия медиа-форумы және Еуразиялық теледидар және радио академиясы жұмыс істейді. Сондай-ақ ТМД елдерінің зиялы өкілдерімен, оның ішінде қазақстанның елордасы Астанада бірқатар кездесулер өткізілді.

Біздің қазіргі таңдағы міндетіміз – өзіміздің бай зияткерлік мұрамызды кеңейту және бойымыздағы білімімізді бүкіл өңірімізді жемісті дамыту үшін пайдалану. Және оны жүзеге асыруға дереу кірісуіміз керек.

Еуразиялық мәдени-гуманитарлық интеграция, біздің ойымызша, мынадай бағыттар бойынша жүруі тиіс.

Біріншіден, қазіргі күрделі кезеңде инновациялық дамуға көшу мәселесі өткір қойылып отыр.

Біз ғылыми ортаға олардың өз әлеуеттерін іске асыруларына қолдау көрсетуіміз керек. Нақ осыған орай, 2010-шы жыл ТМД елдері арасында Ғылым мен инновация жылы деп жарияланды.

Еуразиялық ғалымдар клубы аясында ғылым қайраткерлерінің өзара іс-қимылын дамыту қажет. ЕурАзЭҚ Жоғары технологиялар орталығы мен Еуразия жаңа технологиялар банкі ТМД елдері кеңістігіндегі барлық мүдделі зерттеу орталықтарымен ынтымақтастыққа жол ашуы тиіс.

Таяудағы жылдарда нақты, зерттеулер мен бірлескен жобалардың, оның ішінде ғарыштағы болашағы зор бағыттарды, жаңа материалдар мен нанотехнологияларды, ақпараттық қоғамдар, сондай-ақ энергетика мен электр қуатын сақтау технологияларын анықтаған жөн.

Бізге өз еліміздегі және әлемнің өзге өңірлеріндегі рынокта инновациялық үдерістер қозғалысын ынталандыру тетігін ойластырған жөн.

Өз тарапымыздан біз қазақстандық ғалымдарды Ресейде, Украинада, ТМД-ның басқа да елдерінде жүзеге асырылатын зерттеу жұмыстарына қатыстыруға әзірміз.

Екіншіден, бірлесе күш жұмсау арқылы білім беру саласын сапалы жаңа деңгейге көтеріп, іс жүзінде біртұтас еуразиялық білім беру кеңістігін құруымыз керек.

Және нақ сіздер, кеңестік кезеңнен кейінгі жетекші жоғары оқу орындарының ректорлары,

осы бағыттағы жұмыстардың ең басты қозғаушы күші болуларыңыз қажет. Кезінде Уинстон Черчилль «... тіпті Премьер-министрдің де түсіне кіріп шықпаған билікке мектеп директорының ие болатыны бар» деді емес пе.

Қазақстанда біліктілігі жоғары мамандар даярлауға басым назар аударылатынын сіздер білесіздер. Тек «Болашақ» бағдарламасы аясында ғана біз жыл сайын дүние жүзінің жетекші оқу орындарына 3 мыңға дейін студент жібереміз. Қазіргі таңда Ресейде 422, Украинада 28 студент шәкіртақымен осы бағдарлама бойынша білім алуда. Ресейде барлығы 12 мыңнан астам қазақстандық оқиды.

Қазақстанның жоғары оқу орындарының есіктері сіздердің елдеріңіздің студенттері үшін де айқара ашық. Қырғызстанның, Тәжікстанның, Түрікменстанның азаматтары үшін біз Қазақстанның жоғары оқу орындарында білім алуына жыл сайын квота белгілейміз.

Еуропалық Одақта «Эразмус Мундус» бағдарламасы үлкен қызығушылық тудыруда. Ол жоғары білім беру саласында ынтымақтастықты және студенттер мен аспиранттардың еркін қозғалысын дамытуға бағытталған.

Біз Еуразиялық кеңістікке арнап осы іспеттес бағдарлама құра аламыз. Оған Лев Николаевич Гумилевтің есімін беруге болады.

Шамасы, ТМД елдерінің жетекші жоғары оқу орындарында ғалымдар мен студенттерді біріктіре алатын, осы бағытқа мамандандырылған «еуразиялық кафедралар» ашу туралы идеяны іске асыруға болатын шығар. Әріптестерге қажетті әдістемелік көмекті Еуразия ұлттық университеті көрсете алады.

Үшіншіден, баса назар аударатын ерекше бағыт – ол жастармен жұмыс.

Классиктің болжамымен айтқанда, «әлем тұтастай алға ұмтылады, ал жастарға барлық кезде бәрін қайтадан бастауға тура келеді».

Осы бағытта азаматтарымыздың бүгінгі жас ұрпағының күш-жігер жұмсауынсыз халықтарымызды жақындастыратын нәзік буынды жоғалтып алуымыз мүмкін. Бізге бұған жол беруге болмайды. Оның үстіне, сіздер білесіздер, 2009-шы жыл ТМД елдері жастарының жылы деп жарияланды.

Елдеріміздің арасында жастарымыздың тәжірибе алмасуының, жастар ұйымдары мен жастар көшбасшыларының өзара іс-қимылдарының әртүрлі пішіндерін жүйелі түрде қолдау қажет.

Төртіншіден, мәдениеттердің және тілдік көпқырлылықтың ортақ құндылықтары негізінде біртұтас еуразиялық ұқсастықты қалыптастыруды да естен шығаруға болмайды.

Демек, бұл еуразиялық өлшемдердің әртүрлі мәдени жобаларын: фестивальдарды, шеберлік

сыныптарын, көрмелерді, конференцияларды өткізу деген сөз.

Біздің университеттерде ТМД елдері халықтарының тілдерін неге оқытпасқа? Бұл дегеніңіз бүкіл еуразиялық кеңістіктің өте бай мәдени қатпарлары емес пе?!

Біздің қоғамдағы жоғары рухани және имандылық құндылықтарын нығайтуға ортақ қамқорлық жасаудың маңызы айрықша. Бұл үшін тиісті бірлестік өкілдерінің кездесулеріне арналған үнқатысу алаңдарын ашқан жөн. Бұл ретте сондай алаңдардың бірі Астана қаласындағы Бейбітшілік және келісім сарайы бола алар еді.

Бесінші бағыт – біздің елдердің азаматтарының еркін қозғалуын барынша қамтамасыз ету.

Кезінде Қазақстан «Қарапайым адамдарға қарай қарапайым он қадам» бастамасын көтерген еді. Әртүрлі себептермен оның көптеген қағидалары орындалмай қалды.

Мен таяу жылдарда біздің мемлекеттеріміз халықтарының еркін өзара іс-қимылына қойылған кедергілерді жоюдың қажетті шараларын алармыз деп ойлаймын. Бұл былай қарағанда қарапайым, бірақ біздің елдеріміздің жекелеген әрбір азаматы үшін шекараларды еркін кесіп өту, ақпарат көздеріне, барлық елдердің білім беру мен медициналық қызмет көрсетуіне қол жеткізу сияқты маңызды сәттер.

Қымбатты достар!

Сіздердің алдарыңызда сөз сөйлей тұрып, мен еуразиялық интеграцияның мәдени-имандылық өлшемдеріне назарларыңызды аударғым келеді. Сіздердің осы міндеттердің маңыздылығын кім-кімнен болсын артық сезінетіндеріңізге сенімдімін.

Менің ғылыми, білім беру қоғамдастығына ерекше ықыласпен қарайтыным ешкімге құпия емес. Өзімнің бастамаларымның көпшілігін мен жоғары мінбелерде емес, ғалымдардың, профессор-оқытушылар құрамдарының және университеттер студенттерінің алдында баян еттім.

Міне, қазір де еліміздің еуразия идеясының негізін қалаушылардың бірі Лев Николаевич Гумилевтің есімімен аталатын жетекші оқу орнында, Еуразия кеңістігіндегі ғылыми элита залдарының бірінде, осы сөз сөйлеген сәтімде де мен жаңағы қол жеткізу ойларымның сіздердің сезімдеріңіз бен жүректеріңіздің ықыласына бөленетініне сенімдімін.

Сіздерге еңбектеріңіздің жемісті болуын тілеймін.

**«Жаһандық қатерлер жүйесіндегі
Еуразияның экономикалық қауіпсіздігі»
атты II Астана экономикалық форумында**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2009 жылғы 11 наурыз

**Құрметті форумға қатысушылар!
Ханымдар мен мырзалар!**

II Астана экономикалық форумы өте бір күрделі уақытта өтіп отыр.

Әлемдік дағдарыс жағдайында экономикалық қауіпсіздік проблемасын шешу жолдарын іздестіру әлемнің барлық елдерінде жүріп жатыр.

Бүгінгі басқосу мінберінен де әлемдік және өңірлік экономикаларды дағдарысты жағдайдан

шығару жөнінде қызықты идеялар мен ұсыныстар айтылатынына сенімдімін.

ТМД елдерінің арасында Қазақстан әлемдік қаржы дағдарысын бірінші болып сезінді. Бірақ біз өз тәуелсіздігіміздің 17 жылы ішінде көптеген істерді атқарып үлгердік, соның нәтижесінде қазіргі сынаққа едәуір дайындықпен келдік.

Дағдарыс алдындағы жылдары Қазақстан, ең алдымен, Ұлттық қорды қалыптастыруының нәтижесінде қаржы орнықтылығының елеулі қорын жасақтап үлгерді.

Оның үстіне мемлекеттің макроэкономикалық және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету, жылжымайтын мүлік рыногындағы проблемаларды шешу, шағын және орта бизнеске, ауыл шаруашылығына қолдау білдіру шараларын қамтыған нақты дағдарыспен күрес бағдарламасы бар. Инновациялық, индустриялық және инфрақұрылымдық жобалар бұл бағдарламаның маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Біз осы шараларды жүзеге асыруға 18 млрд доллар мөлшерінде қаржы бөлдік, бұл қаржы ішкі жалпы өнімнің 14 %-ын құрайды.

Осыдан біраз күн бұрын жарияланған Қазақстан халқына Жолдауымда мен алдағы кезеңге шешімі әлемдік дағдарыстың жағымсыз әсерін азайтуға және ел экономикасын жаңа сапалық деңгейге шығаруға жәрдемдесетін міндеттер қойдым.

Дегенмен қазіргі дағдарыстың бәріне ықпал етіп отырған жаһандық сипаты пайда болған проблемаларды бір елдің немесе бір топ елдің күшімен шешу мүмкіндігін жоққа шығарады.

Осынау жаһандық проблеманы шешу жөніндегі менің көзқарасымның негізі жуықтағы «Дағдарыстан шығу кілті» атты мақаламда баяндалды.

Қазіргі дағдарыстың негізінде қоғам өндірген нақты жалпы өнім мен нақты активтермен қамтамасыз етілмеген алыпсатарлық капитал арасындағы қарама-қайшылықтар жатыр. Әлемдегі өндірілген өнім көлемі 40 трлн доллармен есептелсе, капиталдың деңгейі 400 трлн доллардан асып жығылады.

Әлемдік валюталық-қаржылық жүйе қазіргі замандық өмір мен оның қажеттіліктерінен мейлінше үмітсіз жағдайда артта қалғандығын батылдықпен мойындау қажет. Ол бүкіл әлемнің дамуын айқын тежеп отыр.

Кез келген өндірістің даму негізіне оның технологиялық жаңаруы алынады. Кез келген технологияның түбегейлі жаңаруы оның парадигмаларын алмастыруды көздейді. Ал парадигмаларды түбегейлі жаңартудың негізі – бұл түбегейлі инновация. Демек, бұл экономика мен қоғамның кез келген саласын жаңарту жүйесінің үш түрлі деңгейі болып табылады. Томас Кунның айтуынша, парадигматикалық жаңару қарқыны

ғылымның, техника мен өнеркәсіптің жаңару қарқынымен сәйкес келуі тиіс. Әйтпесе, тоқырау болады. Қазіргі кездегі қолданыстағы әлемдік валюталық-қаржылық жүйенің бүкіл қызметі орныққан экономикалық парадигматика – бұл Адам Смиттің «рыноктың көрінбейтін қолы» туралы теориясына негізделген мифологема. Ол XVIII ғасырдың 70-ші жылдарында қалыптасқан, яғни Джеймс Уайттың бу машинасының замандасы.

Қолданыстағы әлемдік валюталық-қаржылық жүйе парадигматикасы қазіргі замандық геоқаржылық және ақпараттық технологиялардан өте артта қалған және ол қазіргі замандық әлемдік тәртіпке толыққанды қызмет көрсетуді қамтамасыз ете алмайды.

Осыған байланысты әлемдік валюталық-қаржылық жүйеге бұл қайшылықтарды тереңдеп аша алмайтын жеңіл-желпі жөндеулер жүргізу бізді ешбір алға басуға әкеле алмайтындығын аңғару қиын емес.

Бәлкім, экономиканың қазіргі барлық қайшылықтарын, белсенділік пен жауапкершіліктің жоқтығын «нарықтың көрінбейтін қолына» аудару салу әбден қолайлы да болып көрінер.

Бірақ әлем қазір біздің болашағымыз үшін жауапкершілікті біздің өзіміз қолымызға алуымызды қажет ететін шекке дейін жетті. Егер біз осы таяудағы уақыттың ішінде арқаулық экономикалық

парадигмаларға түбегейлі жаңартуларды жүргізбейтін болсақ, онда әлемнің аман қалу мүмкіндігі мейлінше азая түседі.

Түбегейлі жаңарту жоспарының бір нұсқасын Қазақстан ұсынады. Әлемдік валюталық-қаржылық жүйенің терең қайшылығы бізге оның сәулетін өзгерту жолын да анық көрсетіп отыр. Ол жол «Үлкен сегіздік» (G-8) пен «Үлкен жиырмалық» (G-20) форумдарының да, елдердің өңірлік деңгейде интеграциялық бірлестіктерінің де күн тәртібін қарапайым және түсінікті тұрғыда ұсынады.

Бұл жол мынандай үш мәселені біріктіреді:

Бірінші. Жаңа парадигмаларды іздеу. Әлемдік экономиканың арқаулық парадигматикасын жаңа ғасырдың нақтылығы мен сынақтарына сәйкес келтіру.

Екінші. Әлемдік геоқаржылық технологияларды жаңалау жолын ХХІ ғасыр басындағы деңгейге жеткізу. Әлемдік валюталық-қаржылық жүйені оны барлық негізгі пайдаланушылардың мүдделері, мақсаттары мен құндылықтарына бағындыра қалыптастыру.

Үшінші. Валюталық-қаржылық құралдарды жаһандық дағдарыстан шығудың күретамыр жолы ретінде әлемді, адамды және адамзатты түбегейлі жаңалау міндеттерін шешуге бейімдеп қайта құрылымдау.

Бұл Қазақстанның әлемдік қоғамдастыққа ұсынысының мәні болып табылады. Әлемдік валюта-қаржы жүйесінің туа бітті ақаулары арқылы бізге жат және біз үшін табиғи емес қайшылықтар біздің елдеріміздің экономикасын күйретпеуі үшін әлемдік қоғамдастық табанды шаралар қабылдауы қажет.

Үстіміздегі жаһандық дағдарыстың негізінде әлемнің өзгеру қарқынынан апаттық жағдайда қалып қойған қолданыстағы әлемдік валюта жүйесінің жетілмеуі жатқандығына сенімім мол.

Ең алдымен, әлемдік валюта айналымының барлық мемлекеттер бірдей мойындаған құқықтық негізі жоқ. Әлемдік валюта эмитенттері қызметінің рәсімдері демократиялық сипатта емес. Әлемдік валюта рыногы бәсекелесшіл емес. Бұл оның өркениетті емес екендігін білдіреді. Оның субъектілері бөтеннің ойын тәртібін сақтауға мәжбүр. Шағын топтар орнатқан ол тәртіп көпшіліктің мүдделеріне нұқсан келтіреді. Әлемдік валютаның эмитенттері оны пайдаланушылардың алдында, бүтіндей алғанда әлемдік қауымдастықтың алдында, ешқандай бір жауапкершілік арқаламайды. Соның салдарынан әлемдік валютаның эмиссиялары мен генерациялау жүйесі әлемдік қауымдастықтың бақылауында болмай отыр. Ол өз кезегінде қазіргі әлемдік валюта жүйесінің қызметі адамзат дамуының мақсаттарымен сәйкеспейтіндігін көрсетеді. Ол өте ескірген және уақыттың сынақтарына сайма-сай емес.

Жаңа үйлесімді жүйенің даму негізі жаңа әлемдік валюта болуы тиіс екендігіне сенімдімін.

Бұл үшін, ең алдымен, әлемнің көпшілік елдері қол қоятын және БҰҰ мақұлдаған Әлемдік валюта туралы жалпыға ортақ заң шығару қажет. Осы рынокта әлемдік валюта эмитенттерінің кез келген жекелеген топтарына артықшылық беруге қатаң тыйым салынуы тиіс. Мұндай жүйе адамзат тарихында алғаш рет әбден заңды және жария әлемдік валютаны құру үшін негіз бола алар еді.

Бұл үшін бірінші кезекте бұрынғы ақаулы әлемдік валютадан салмақ жүгін алу немесе қайта бөлу және бұл салмақты өңірлік және құрлықтық валюталық есеп айырысу бірліктері жүйесіне көшіру керек. Бұл біртұтас әлемдік валюта енгізу үшін өтпелі кезең болады.

Өңірлік ұлтүстілік мемлекетаралық есеп айырысу бірліктерін әзірлеу және құру үдерісі әлемде жүріп жатқанына бірнеше жыл болды. Еуро алғашқы қарлығаш еді. Осындай үдеріс қазір барлық жерде – Азияда, Парсы шығанағы аймағында, Латын Америкасында жүріп жатқанын байқап отырмыз.

Қазақстан өзінің өңірлік және құрлықтық әріптестерімен бірге ХХІ ғасырдың жаһандық ізденіс – өңірлік интеграциялық бірлестіктерді қалыптастыру арнасында еңбек етуде.

Бүгінгі күні өңірлік еуразиялық бірлестіктер арасында Еуразиялық экономикалық қоғамдастық барынша келешекті болып табылады.

Қазіргі кезде ЕурАзЭҚ және сол секілді ШЫҰ елдерінде о бастан ақаулы әлемдік валютаның біздің елдеріміздің экономикасына түсіретін дағдарыстық салмағын барынша азайту үшін барлық негіздер бар.

Біз іс жүзінде валюта-қаржылық интеграциялық бірлестік құруға кірісуге тиіспіз. Оның өз ішінде біртұтас мемлекетаралық ұлтүстілік қолмақол ақшасыз тұрақты есеп айырысу-төлем бірлігі енгізілуі мүмкін. Оның бағамы әлемдік валюта ауытқуларына тәуелді болмауы тиіс. Жаңа валюта жүйесі қалыптасқан валюталық жүйелерді бұзбастан, тұрақты ұзақ мерзімді және инфрақұрылымдық инвестициялауды жүргізуге және ағымдағы жедел транзакцияға мүмкіндік береді.

Ол мемлекеттік субъектілер, заңды және жеке тұлғалар арасында және ЕурАзЭҚ елдері арасында тұрақты және ырғақты қолма-қол емес транзакцияны қамтамасыз етуі тиіс. Ол тек қана ЕурАзЭҚ елдері мен тұтас алғанда әлемдік қоғамдастық мүддесінде айналысқа шығарылуы қажет.

Мұндай мемлекетаралық ұлтүстілік электрондық есеп айырысу-төлем бірлігі «еураз», «еуразий» немесе мен бұрын ұсынғандай «алтын» деп атала алар еді.

Ол үшін әзірленімнің нақты мәселелерін, валюталық-қаржылық бірлестікті әзірлеу, құру мен дамытуды талқылайтын жұмыс тобын құру

қажет. Біз мұндай топты бізде құруға және оның жемісті жұмыс істеуі үшін барлық жағдайды жасауға әзірміз.

Егемендікті жоғалту парадоксы туралы еске алу да қажет болады. Кейде ұлтүстілік бірыңғай валютаны енгізу бұл егемендіктен айырылу деген қауіптер де естіліп жатады. Бірақ бұл идеядан бас тартудың өзі барған сайын асқына түскен әлемдік дағдарыс жағдайында тіпті, ең жоқ дегенде, экономикалық егемендіктен айырылу қаупін тудыратындығын естен шығармауымыз қажет. Әлемдік тарихта мұндай мысалдар қазірдің өзінде бар.

Тек қана күш-жігерді біріктіру нәтижесінде ғана ЕурАзЭҚ елдерінің экономикасына төнген жаһандық дағдарыстың талқандаушы зардаптарын төмендетіп, оны еңсере және жаңа болмысты қалыптастыра аламыз.

Тек осындай қадам ғана бүкіл ЕурАзЭҚ кеңістігінде ғылымды, білім мен мәдениетті орнықты және стратегиялық дамытуды қамтамасыз ете алады. Және тек осындай негізде ғана елдер мен халықтардың сапалық өсуіне және бәсекелестік қабілеттілігіне қол жеткізуге болады. Жүйелік дағдарыстан тек қана жүйелік жаңару жолы арқылы шығуға болады. Басқадай әдіс болған емес. Дағдарыс біз оған сайма-сай әрекет ете бастағанда ғана аяқталатындығы анық.

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Біздің барлығымыз тап болған жаһандық экономикалық түйықтан шығудың бір бағыты болып табылатын әлемдік бірыңғай валютаны құру туралы мұндай идеяның дайындығы жоқ тыңдаушылар үшін тым батыл көрінуі мүмкін екендігін мен білемін. Менің осы форумның көптеген қатысушыларымен, соның ішінде Нобель сыйлығының лауреаттары Р. Манделл және Э. Фелпспен және басқалармен кешегі кездесулерім осы негізгі ұсынысты қолдаушылардың бар екендігін және біздің бір көзқарас тұрғысында ойлайтындығымызды көрсетіп берді. Алайда сонау кездің өзінде Франклин Рузвельт те: «Біздің ертеңгі жетістіктеріміздің бірден-бір шегі біздің бүгінгі күмәндеріміз болады» деген еді.

Бүгін Астанаға бүкіл әлемнен кімге қарағанда да болашаққа көз жіберуге және жаңағыдай батылдықтың барлық пайдасын бағалауға қабілетті зияткер дегдарлардың өкілдері жиналды. Осы залға жиналғандардың қай-қайсысының болсын мен атаған проблемаға өз көзқарасы бар екеніне сенімдімін.

Әлемдік валютаны құру туралы мәселе барлық ірі саяси және экономикалық органдардың, саммиттер мен форумдардың, соның ішінде «Үлкен сегіздік» пен «Үлкен жиырмалық» елдерінің күн тәртібіне ене алар еді. Бүгінгі Астаналық экономикалық форум осы жаһандық пікір алмасуларды

бастап бере алар еді. Бүгін осында айтылатын айшықты идеялар мен ұсыныстарды әлемдік элита ықылас қоя зерттейтіні сөзсіз.

Ежелгі римдіктердің «Біздің өміріміз – біздің ойларымыз оны неге айналдырса, сол» деген сөзі бар. Форумда айтылған біздің ойларымыз бен біліміміз орнықты және өркенді әлемді құруға қызмет ететіндігіне сенімдімін.

Форумға қатысушыларға жемісті де нәтижелі жұмыс тілеймін.

Боао азиялық форумының
конференциясында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

ҚХР, Хайнань провинциясы,
2009 жылғы 18 сәуір

**Құрметті Мемлекеттік кеңес Премьері
мырза!**

Құрметті төраға мырза!

Ханымдар мен мырзалар!

«Дағдарыстан кейінгі басқару» конференциясының күн тәртібі аса көкейкесті де маңызды. Тегінде, Азия құрлығы ХХІ ғасырдағы әлемнің қаржы орталығына нақты айнала бастағанына қазір ешкім де күмәнданбайтын болар. Әлемдік

қаржы жүйесінің дағдарыстан кейінгі болашақ сұлбасы дәл осы өңірде айқындалады.

Алайда жаһандық дағдарыс дегеннің өзі өткір проблемалардың қордалануы ғана емес, бұл сонымен қатар серпінді инновациялардың тууы, жаңа жаһандық мүмкіндіктердің жүзеге асуы.

«Өзгеріс желі соққанда, ақымақ адам желден қалқан болар қорғаныш тұрғызады, ал ақылды адам жел диірменін салуға кіріседі» дегенді Конфуций баяғыда айтып кеткен болатын.

Осындай мүмкіндіктердің бірі маған болашақта қағидатты түрде жаңаша әлемдік валюта енгізу және, тиісінше, әлемдік қаржы жүйесін басқару қағидаттарын өзгерту болып көрінеді. Іс жүзінде мұның өзі оны түбегейлі жаңғырту дегенді білдіреді. Бұл идеяны мен осы жылғы 2 ақпанда айттым және «Российская газетадағы» «Дағдарыстан шығу кілті» атты мақаламда тұжырымды түрде негіздедім. Осы тақырыпқа мен наурыз айының ортасында өткен II Астаналық экономикалық форумда сөйлеген сөзімді де арнадым.

Көзқарастарым мен ізденістерімде мен жалғыз емеспін. Әлемнің белді экономистері – Нобель сыйлығының лауреаттары да осыны айтуда.

Бұл пікірлерге Халықаралық валюта қоры да ортақтасатыны анықталып отыр. Мұндай көзқарас Ресей мен Қытайдың «Үлкен жиырмалықтың» (G-20) саммитіне енгізген ұсыныстарының негізіне алынды.

Қазіргі таңда бұл тақырып ғылыми қоғамдас-тықта, саясаткерлердің, практик-экономистердің арасында барған сайын көбірек талқылануға айналған. Мәселе кінәлілерді іздей қоюда емес. Үкіметтердің немесе бір топ елдердің қабылдап жатқан шаралары терең еместігін, өтпелі сипатта екенін, содан да әлемдік қаржы жүйесінің жаңа архитектурасын құру міндеттерін шешпейтінін жұрттың бәрі де түсіне бастады.

Мен дүние жұртшылығының алдында қазіргі әлемдік валюта-қаржы жүйесін түбегейлі өзгерту-ден басқа балама жоқтығына сенімдімін. Әлемдік геосаясат пен геоэкономиканы, іс жүзінде, барша жұрт мойындайтын жаңа дүние тәртібін осы негізде қалау керек.

Бізге осы бағыттағы қимыл-қозғалысты қазірдің өзінде бастауға ешкім де, ештеңе де кедергі келтірмейді.

Жаңа жүйені талдап жасауды әлдеқандай бір жеке ел немесе қаржы орталығы емес, жаңа әлемдік валютаны заңдандыратын елдердің көпшілігі қолға алуға тиіс. Ұлтүстілік валюта шығарушысына оны шығарудың заңды да легитимді құқықтарын тек солар ғана бере алады.

Нағыз демократия адамның құқы туралы ойша топшыланған абстрактілі мәлімдемелерден емес, осындай нақты қадамдардан танылады.

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Азияны жай ғана құрлық деп қарауға болмайды, бұл біздің ортақ үйіміз, онда ұлттар мен халықтардан құралған үлкен отбасымыз өмір сүреді.

Азияның басты проблемасы басқа құрлықта бой көтерген дағдарыстың бізге қатты ықпал жасайтынында, әрқайсымыздың өз еліміздің ішіндегі және тұтастай алғанда құрлықтағы жағдайды нашарлататынында екен.

Азия әлемге ежелгі өркениеттердің ең берік ұлтүстілік құндылықтарын, рух қуаттылығының үлгілерін көрсетті, бұл құрлық сонымен қатар әлемге ең сапалы әрі тұрақты ұлтүстілік есеп айырысу-төлем тетіктерін де жасап бере алады.

АКЮ атала бастаған жаңа ақшаны енгізудің онша табысты болмай тұрғаны бұл мәселені шешудің тетігін басқа тұстан іздеумен байланысты. Біз Азияда экю мен еуро енгізу тәжірибесін сол күйінде көшіре салмай, мәселені түбірінен шешетін өз жолымызды іздеуге тиіспіз.

Барлық әлемдік резервтік валюталардың басты проблемасы олардың бірде-бірі тауарлар мен қызметтердің шынайы құнын бағалау, көшіру және ауыстырудың нақты өлшеуіші бола алмайтындығында.

Әрине, бұл жай ғана теориялық немесе ұйымдық міндет емес. Алайда оңай емес деген сөз орындау мүмкін емес дегенді білдірмейді ғой. Шығыс-

тағы барлық халықтарда мағынасы айшылық алыс жол алғашқы адымнан басталады дегенге саятын мақалдар бар. Азияның интеллектуалдық әлеуеті қай кезде де ең күрделі міндеттерді шешуге мүмкіндік берген.

Осы проблеманы шешуді бастаудың ұйымдық пішіні де бар бізде. Мен бұл арада құрлық ауқымының 90 %-ын қамтитын Азияның 20 елі ең жоғары деңгейде қатысып келе жатқан Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесін айтып тұрмын. Мұның өзі Азия жиырмалығының – А20-ның дайын тұрған арқауы.

Өзара іс-қимыл мен саясаттағы сенімнің, өңірлік қауіпсіздіктің шаралары қаржы-валюта саласындағы өзара іс-қимылмен және сенім шараларымен қамтамасыз етілуге тиіс.

Жаһандық дағдарыс төндіретін сын-қатерлерді ескере отырып, біз ортақ валютаны енгізудің негіздерін, заңдарын және рәсімдерін теориялық, ұйымдық және практикалық тұрғыдан талдап-жазау жөнінде ортақ қадамдарды әбден-ақ бастай аламыз.

«Еуროның әкесі» аталатын Нобель сыйлығының лауреаты Роберт Манделл жақында баспасөз бетінде: «Бреттон-Вуд жүйесінің 1970 жылы күйреуі әлем қаржы дүниесі үшін трагедияға айналды, ол дағдарыспен бітуге тиіс еді... Бүгінде жаһандық валютаны енгізуге мүмкіндік туып тұр. Мұндай мүмкіндік біздің қолымызға соңғы

60 жылда алғаш рет тиді. Егер ол мүмкіндікті қолдан сусытып алсақ, мұның сәті таяуда түсе қоймайды. Онда бізге келесі ұлы апатты күтуге тура келеді», – деп жазған еді.

Қытайдың атақты айтқыштарының бірі Хун Цзычэн «Адамдардың қуанышы да, қайғысы да олардың ойында орнығады» деген болатын. Ұлы Азияның барлық ұлттары мен халықтарының ойларын ұлттық мүддеден жоғары тұратын ортақ құрлықтық мақсаттарды, құндылықтар мен мүдделерді жүзеге асыруға бағыттау үшін бізге қазір ешкім де кедергі жасай алмайды. Неге бізге жаңа Бреттон-Вуд үнқатысуын, мысалы, Шанхайда бастамасқа?

Сонда біздің өңірлік валютамыз «Эмитент пайдаланушының бақылауында болсын!» деген шынайы демократия қағидатына сәйкес оны қолданушылардың мүдделеріне, мақсаттары мен құндылықтарына қызмет ететін жаңа сападағы жаңа әлемдік валютаның түпбейнесіне айнала алады.

**«Нұр Отан» Халықтық-демократиялық
партиясының кезектен тыс XII съезінде
«Қазақстанның индустриялық-технологиялық
дамуы – біздің ортақ болашағымыз үшін»
тақырыбында**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2009 жылғы 15 мамыр

**Қымбатты достар, ниетгестер!
Құрметті қонақтар!
Құрметті нұротандықтар!
Қадірменді съезд қонақтары!**

Қазақстандағы ең ірі саяси ұйым, көшбасшы партия – «Нұр Отан» партиясының кезектен тыс XII съезі, партияның 10 жылдық мерейтойы еліміздің төрт құбыласы түгелденген, кемелдену кезеңімен дөп келіп отыр.

Олай дейтінім, саяси сахнада салмақты орнымыз бар. Сайлауалды уәделерімізді толықтай

орындап келеміз. Келесі жылдың басында Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуіміз жаһандық ауқымдағы беделіміздің үлкен көрсеткіші болып саналады. Бұл үшін біз сол ұйымға мүше барлық мемлекеттерге шын ризашылық алғысымызды айтуымыз керек. Ең бастысы біз бірлігі жарасқан халықпыз.

Осының барлығы – біздің жеке шаңырақ көтергеннен кейінгі жанкешті еңбегіміздің, толағай табысымыздың ең толымдысы әрі баға жетпес құндылығы, ел егемендігін баянды етудің берік қамалы, тәуелсіздік жүрегіне қан жүгірткен сарқылмас қуат көзі.

Осылайша, тыңнан түрен салып, дамудың даңғыл жолына түсу барысында, түбінде «ақыл, қайрат бәрін жеңбек» деп ұлы Абай айтқандай, талай қиюы қашқан қиындықтарды бастан кеше отырып, қисынына келтірдік. Осы істердің барлығында «Нұр Отан» партиясы көшбасшылық танытып, қоғамдағы әртүрлі күштердің ұйтқысына айналды.

Құрметті съезд делегаттары!

Шексіз-шетсіз дүние жоқ. Халқымыз «Бір аштықтың бір тоқтығы бар» дейді. Әлемді шарпыған дағдарыс та аяқталады. Бұл уақытша ғана құбылыс. Мұндай дағдарыс адамзат өмірінде алғаш рет болып отырған жоқ. Өткен ғасырдың

30-шы, 50-ші, 70-ші жылдарын еске алатын болсақ, мұның барлығы болған.

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Осман империясы құлап, Түркия Республикасы «мемлекет болып қала ма, жоқ па» деген сұрақпен бетпе-бет қалған кез болды. Сол кезде Ататүріктің үндеуімен бүкіл түріктің әйелдер қауымы қолдарындағы барын, тіпті сырғаларын, алқаларын мемлекетті сақтап қалу үшін сол күреске жұмсап, жинаған еді. Дәл сондай оқиға Корея Республикасында да болған. Аллаға шүкір, Қазақстанда ондай жағдай болған жоқ, болмайды да.

Он жыл бұрын ғана Азиялық қаржылық дағдарыстың салқынын сезіндік. Бірақ біз сүрінбедік. Ол кездерде дәл қазіргідей қуат-күшіміз де жоқ еді.

Әрине, 10 жыл ішінде қол жеткізген жетістіктерді тізбелеп айтып шығу бүгін мүмкін емес. Ең бастысы – ұстанған бағытымыз бен жасаған іс-қимылымыздың өміршеңдігіне халық өзі көз жеткізді, баға берді. Алайда бұл «бәрін тындырдық» деп тоқмейілсуге жол бермеуі керек.

Бүгін партияның XII съезінде елдегі нақты жағдай тағы бір мәрте талқыға түсіп, өзекті мәселелерді шешудің тетіктері сараланды.

Халықтық тұғырнамада көрсетілген, ел алдында уәде еткен істерді дағдарыс жағдайында да одан әрі абыроймен атқару міндеті жүктеледі. Мұның бәрінен де біз зор табыстармен шығамыз деп сенеміз.

I. Қоғам мен ел игілігіне арналған жасампаздықтың он жылы

Бүгін осында көптеген проблемалар көтеріліп, бірталай ұсыныстар айтылды.

Мұның бәрі «Нұр Отан» нағыз патриоттардың, шынайы мемлекетшілдердің бірлестігі екенін тағы да қуаттап берді.

Біздер – нұротандықтар, еліміздің және қоғамымыздың тағдырына бейтарап қарай алмаймыз!

Қазір мен бұдан 10 жыл бұрын партияның I съезінде айтқан сөздерімді сіздердің естеріңізге салғым келеді. «Дағдарыс деген ешқашан мәңгілік болмайды, ол уақытша құбылыс. Кімде-кім осы дағдарыстардан аман шықса, ол содан кейін бұрынғыдан да өркендей түседі» деген едім сонда.

Уақыт осы сөздердің шынайылығын көрсетіп берді. Бұл сөздер біздің бүгінгі өміріміз үшін, біздің қазіргі жағдайымыз үшін қандайлық өзекті десеңізші!

Иә, жағдайлар ұқсас, алайда Қазақстан кешегі күнгісіне тіпті де ұқсамайды! Сондықтан, делегаттар айтқандай, ауылда бұл дағдарыс сезілмейді де. Мұндай әзірлікті біз осындай күтпеген кезеңдер жағдайында жүргізгенбіз, сондықтан қазір дағдарысты бәрі бірдей сезініп отырған жоқ.

Ол кезде, бұдан 10 жыл бұрын, біз Кеңес Одағы күйреген, өндірістік база іс жүзінде мүлдем жоқ және құлдырап біткен экономика жағдайында

тәуелсіз Қазақстанымызды асқан қиындықпен тұрғыза алдық. Бізде іс жүзінде инфрақұрылым болмады, зауыттарымыз тоқтап тұрды, дүкендеріміздің сөрелері қаңырап, балаларымыз бүрсен қақты.

Жамандық атаулы әрдайым тез ұмытылады.

Ол кезде, бұдан 10 жыл бұрын, бізді азиялық дағдарыс қалтыратып бақты – энергия ресурстарының бағасы бірнеше есе құлдырап кетті. Мұнайдың 1 баррелі 10 доллар тұрды!

Алайда біз жауапкершілікті өз мойнымызға алып, әрбір қазақстандықтың тұрмысын жақсартуға бағытталған бірқатар реформаларға бастамашы болып, экономиканы түбегейлі жаңғыртуды бастадық.

Бұл өзіндік бір ақиқат сәті еді.

Бұл сәтте күн тәртібінде басты мәселенің – Қазақстан болашақта қандай болады және біз өз мемлекеттілігімізді сақтай аламыз ба деген мәселенің шешімі тұрды.

Ол кезде, бұдан 10 жыл бұрын, басымызға қардай жауған сынақтарға қарамастан, біздің ұнжырғамыз түскен жоқ, дүрбелеңге салынбадық, қайта бірлесіп, бекемденіп, сапалық жаңа деңгейге көтерілдік. Бізге басты көмекші – уақыт сынынан өтіп, талай қиындықтарда шыңдалған біздің бірлігіміз болды. Біздің елімізде тұратын барша 130 ұлт пен ұлыстың бірлігі болды.

Бұл – ең құнды ресурс деп санаймын, соның арқасында біз қазіргі қиындықтарды да еңсере аламыз!

Алайда бүгінде артымызға бұрылып қарасақ, бұдан он жыл бұрын біз сол қиындықтарға төтеп беріп қана қоймаппыз, сонымен бірге болашақ табыстарымыздың негізін қалай да алыпмыз.

10 жылда ел ІЖӨ-сі іс жүзінде 8 есеге ұлғайды.

10 жылда жан басына келетін ІЖӨ 1 мың доллардан 8400 долларға дейін өсіп, Орталық және Шығыс Еуропаның бірқатар мемлекеттерінің көрсеткіштерімен теңелді.

10 жылда сыртқы сауда айналымы 10 есе ұлғайды. Шағын кәсіпкерлікке инвестициялардың жалпы өсімі 2000 жылдан бастап 23 есе дерлік ұлғайып, 2008 жылы 1,5 трлн теңге шамасын құраған.

10 жылда денсаулық сақтау мен білім беруді қаржыландыру 8,5 есеге ұлғайған.

Қазір іс жүзінде әрбір мектепте жаңа буын компьютерлері жұмыс істейді, мектептердің 98 %-ы Интернет желісіне қосылған.

Иә, бүгінде бізде бір кездері тіпті армандай алмаған көп нәрселер бар.

Мен қазақстандық балаларымыздың күлкісін көрген кезде өзімді бақытты сезінемін!

Жаңа зауыттар ашылып, жаңа жолдар төселген, осы заманғы үйлер, мектептер, ауруханалар

салынып жатқан әрбір оқиғаға мен мақтанышқа бөленемін!

Біздің қазақстандық спортшылар жеңіс баспалдақтарына көтерілген, қазақстандық оқушыларымыз халықаралық олимпиадаларда алтын медальдерді жеңіп алған кезде, бүкіл әлем біздің таланттарымызға таңғалып тұрған кезде мен шексіз мақтанышта боламын!

Қазақстан көз алдымызда қалай өзгеріп жатқанын көрген кезде менің бойымды зор қуаныш билейді!

Өткен 10 жыл – бұл серпінді өсу уақыты, бұл Қазақстанның қауырт даму уақыты!

Бүкіл осы жылдарда біз мемлекеттігімізді нығайтуға көп күш пен қаржы жұмсадық, біз инфрақұрылымды дамыттық, біз экономикамызды ширықтыра түстік!

Жаңа елордамыз Астананың салынуы посткеңестік кеңістіктегі ауқымы жағынан ең алып та жасампаз жоба болды.

Астана – осы заманғы Қазақстанды дамытудың, біздің ортақ табыстарымыздың, бақ-берекеміз бен сенімді болашағымыздың символы!

Біз көп нәрсе жұмсадық және көп нәрсеге қол жеткіздік, алайда енді дамудың жаңа кезеңінде бізге жаңа басымдықтарды анықтау қажет болады.

II. Партияның дағдарысты еңсерудегі рөлі

Партия үшін қазіргі электоратаралық кезең бұрын-соңды болмаған әлемдік қаржы дағдарысымен сәйкес келді. Бізге бұрын әзірленген даму бағдарламасынан уақытша бас тарта тұрып, қиындықтарды еңсеруге барлық күшті жұмылдыруға тура келді. Сондықтан да партияның XII съезі күрделі уақытта өтіп отыр.

Күн тәртібінің негізгі мәселесі – «Нұр Отан» партиясының әлемдік дағдарыс салдарын еңсерудегі және Қазақстанды жаңартудағы рөлі. Бұл туралы мен осы жылдың наурызындағы өз Жолдауымда егжей-тегжейлі айтқанмын.

Осы жолғы қиындықтардың бастау көзі біздің қателіктерімізде ғана емес, олар елдің ішінде емес, қайта, әлемдік экономика мен қаржы жүйесінің сәйкессіздігінде болып отыр, бұл сәйкессіздіктер түбегейлі реформаларды қажет етеді.

Біз бәрін дұрыс істедік. Нарық экономикасын дамыттық, инвестициялар тарттық, даму институттарын құрдық. Дер кезінде Ұлттық қорды қалыптастырдық, қажетті резервтер жинақтадық.

Қазақстан дағдарысқа қарсы шараларды жедел іске асыруға кіріскен әлемдегі алғашқы мемлекеттердің бірі болды.

2008 жылдың аяғына қарай сыртқы инвестициялар мен кредиттердің көптеген көздері жабылды, мұнай мен металдардың әлемдік бағасы құлдырап

түсті, мұның өзі шикізат экспортынан түсетін табыстардың қысқаруына соқтырды.

Осындай күрделі жағдайда менің тапсырмам бойынша Үкімет тұрақтандырудың бірінші және екінші жоспарларын қабылдады.

Екінші жоспардың шараларын іске асыруға ғана Ұлттық қордан 2,7 трлн теңгеден астам қаржы бөлінді, мұның өзі Қазақстан ІЖӨ-нің 14 %-мен шамалас.

Партияның Парламенттегі фракциясы дағдарысқа қарсы заңдар пакетін жедел, жан-жақты қарауды және қабылдауды қамтамасыз етті. Үкімет пен Парламенттің үйлесімді өзара ықпалдастығы қамтамасыз етілді. Үкімет белгіленген шараларды белсене жүзеге асыруда.

Соңғы 2 жылда әлемдік дағдарысқа қарсы тұру жөнінде үлкен шаруа тындырылды, сондықтан да біз оның оңды нәтижелерін көре бастадық.

Қаржы жүйесінің тұрлаудылығы қамтамасыз етілді, мұның өзі экономиканың нақты секторын кредиттеуді қайта бастауға мүмкіндік берді.

Экономиканың дағдарыстан барынша зардап шеккен салаларында тұрақтылық белгілері көріне бастады. Ұзақ тоқтап тұрудан кейін құрылысқа жан бітті.

Қаражат тапшылығына қарамастан, өткен жылы 1,5 трлн теңгеден астам сомаға 213 инвестициялық жоба іске қосылды. 8,5 трлн теңге сомасының 382 жобасы іске асырылу кезеңінде.

Мен соңғы айларда ғана біздің шетелдік әріптестерімізбен келіссөздер жүргізіп, 15 млрд доллардан астам тікелей шетелдік инвестицияларды тарту туралы уағдаластыққа қол жеткіздім.

Біз озық реформаларды: салық, бюджет, әкімшілік, кеден реформаларын жүргіздік.

Мемлекеттік активтер бір қолға «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қорына жинақталды, сондай-ақ Ұлттық қор дер уақытында құрылды.

Нақ «Самұрық-Қазына» бюджеттік қаражатты экономиканың нақты секторына дейін жеткізудің мемлекеттік тетігіне айналды.

Мемлекеттік сатып алулардағы «қазақстандық үлесті» өсіруге қажетті барлық іс атқарылды.

Қатаң экономикалық қыспақ жағдайында да біз бұрын қабылданған әлеуметтік міндеттемелердің бірде-бірінен бас тартқан жоқпыз. Оның үстіне жоспарланғанындай, бюджеттік сала қызметшілері жалақысының, зейнетақылар мен әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері биылғы жылы шамамен 30 %-ға өсірілді. Келесі жылы да дәл осылай болады.

Партияның тұрақтылықты қамтамасыз етудегі, қабылданған шараларды түсіндіріп, ел өңірлеріне бөлінген қаражаттың жұмсалыуына бақылауды қамтамасыз етудегі рөлін айрықша атап өткім келеді.

Қазақстан халқына наурыздағы Жолдауымда мен экономиканы одан әрі жаңғыртудың және

тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық нысандарын, әлеуметтік инфрақұрылымды, жолдарды ретке келтіру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру арқылы жұмыспен қамту стратегиясын іске асырудың жаңа жоспарын ұсындым. Бөлінетін қаржы нақ жергілікті орындарға жіберіледі, бұрын мұндай болмайтын. Мұның бәрі әрдайым қалдық қағидаты бойынша қаржыландырылатын. Қазір біз ішкі шебімізді алға сүйреу үшін бұған назар аударып отырмыз. Әкімдердің осы ақшаны тиімді пайдаланып, өздерін жақсы жағынан көрсету мүмкіндігі болады.

Жоғарыдағы идеялар қоғамда ыстық ықылас туғызды, оларды көптеген шетелдік сарапшылар оң бағалады. Үкімет пен әкімдер бұл жоспарды іске асыруға кірісті, мұның өзі көптеген жаңа жұмыс орындарын ашады.

Дағдарысқа қарсы шараларды іске асыру жөніндегі жұмыстың барысы туралы өз сөзінде ел Премьер-министрі баян етті.

Бірақ та жүзеге асырылып жатқан барлық шаралар – бұл дағдарысқа қарсы шаралар. Ал бізге одан әріге ілгерілеу керек!

III. Экономиканы дағдарыстан кейін дамыту міндеттері

Әлемдік дағдарыс біздің экономиканың әлсіз жағын тағы да қуаттап берді. Бұл, ең алдымен, оның кеңестік кезеңде тарихи қалыптасқан

бірыңғай шикізатқа тәуелділігі. Айта кетейік, барлық посткеңестік мемлекеттер, соның ішінде Ресей де, бұдан зардап шегуде. Өңдеу өнеркәсібінің ІЖӨ-дегі үлесі төмен болып қалуда. Ғылымның дамуы, ғылымды қажет ететін технологияларды ендіру баяу жүруде.

Экономиканы әртараптандыру барлық билік органдарының нақты басымдығына және елдің жалпыұлттық идеясына айнала қоймады.

Мұның негізгі үш себебін атап көрсетуге болады.

Біріншіден, өңдеу өнеркәсібінде сыртқы инвестицияларға сеніп отыру еңсерілген жоқ. Шикізат ресурстарына жоғары бағалар шетелдік инвесторлар үшін шикізаттық емес салалардың тартымдылығын төмендетіп жіберді.

Ішкі ресурстарға арқа сүйеу үшін елеулі жұмыстар жүргізілмеді.

Екіншіден, Үкімет кәсіпкерлер үшін қолайлы бизнес ахуалды, өндірістің негізгі факторларының қолжетімділігін қамтамасыз ету жөнінде көп айтқанымен, жұмысты аяғына дейін жеткізген жоқ. Тіпті еркін экономикалық аймақтар үшін басқа елдерде жасалып жататынындай барлық жағдайлар туғызыла қоймады.

Үшіншіден, мемлекеттік аппараттың жұмысын тиімсіз ұйымдастыру, министрліктер мен әкімдіктердің бизнеспен өзара ықпалдастығының әлсіздігі, экономиканы әртараптандыру

үшін жауап беретін біртұтас отандық органның жоқтығы өзінің теріс рөлін атқарды.

Банк секторы дағдарыс импульсінің нақты секторға таралуының жапсарлас реакциясын туғызған сыртқы есеңгіретудің «өткізгішіне» айналып, еркін нарықтың тексеруінен өте алмады.

Соның салдарынан дағдарыс жағдайында барлық шығындарды «соңғы аралықтағы кредитор» ретінде мемлекет өтеуге мәжбүр болды. Банкроттық шегіне жеткен банктерді құтқаруға, халықтың салымдарына қолдау білдіруге, үлескерлерді қорғауға, шағын және орта бизнеске қолдау білдіруге тура келді.

Осының бәрінен Үкімет пен барлық әкімдіктер қорытынды шығаруы, баршасы қалай орындалатынына шаралар белгілеуі тиіс.

Бүгінде дағдарыс бәрін өз орнына қойып шықты. Сондықтан да қазір жаңа уақыт туып келеді, әлемдік экономикалық жүйе өзгеруде, қателіктер құны қауырт өсуде, барлық бағыттардағы бәсекелестік күшейе түсуде. Дағдарыс экономиканы әртараптандыруға баламаның жоқ екенін нақты көрсетіп берді.

Бүгін «Нұр Отан» партиясының қарауына мен Қазақстан экономикасының дағдарыстан кейінгі серпінді секіру жоспарының арқаулық қағидаттарын ұсынамын.

2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Қазақстан – 2030» стратегиясының аясында

біз индустриялық-инновациялық жедел даму бесжылдығын бастаймыз.

Біз әлемнің барлық мемлекеттерінде өткен ғасырдың басында болған индустрияландыру туралы емес, инновациялық индустрияландыру туралы айтып отырмыз. Біздің индустрияландыру әлемдік экономиканың қазіргі даму ғұрпына сәйкес болуы тиіс.

Бұл үдерісте экономиканы мемлекеттік жоспарлау мен ынталандырудың рөлі күшейетін болады. Сонымен бірге адал бәсекелестік, жеке меншікке қол сұғылмаушылық және іскерлік бастамашылықты ынталандыру секілді еркін нарықтың арқаулық қағидаттары бұлжымастан қалады.

Солай болса-дағы жеке бастамашылық пен нарықтық экономиканың қол сұғылмаушылығы қазір үлкен күмәнге салынууда. Көптеген дамыған мемлекеттер өздерінің аса ірі кәсіпорындары мен банктерін ұлт меншігіне айналдыруда. Бүкіл Еуропада жоспарлау туралы айтып жатыр.

Сондықтан бізге өз жолымызды іздеу керек. Қазақстанды инновациялық индустрияландыру міндеттерін орындау үшін біз өзіміздің нақты мүмкіндіктерімізді негізге алуға тиіспіз. Кәсіпорындардың тауарлары бір жерлерде сатылуы, бәсекеге қабілетті болуы міндет. Біз сыртқы нарықтарда немен тартымды болатынымызды да ойластыру керек.

Үкімет өз күш-жігерін мына бағыттарға шоғырландыруы қажет.

Бірінші. Бұл – АӨК және ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу.

Бізге бүкіл әлемде азық-түлік тауарларына деген сұраныстың өсуін және бағаларының артуын ескере отырып, аграрлық секторды технологиялық қайта жарақтандыруға және кең ауқымды жаңғыртуға қайта бағдарлау қажет.

Бұл үшін бізде барлық жағдай бар.

Өткен бірнеше жыл қуатты аграрлық-индустриялық базаны құруға арналды. Ауыл тізерлеуден аяғынан нық тұрды, жаңа техникамен және технологиялармен қайта жарақтанды. Сол арқылы Қазақстан алғаш рет азық-түлік астығын ірі экспорттаушыға айналды, ал ұнды экспорттау жөнінен біз бірінші орынға шықтық.

Бүгінгі күні ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу саласында құны 150 млрд теңгеге жуық 170 жоба іске асырылуда. Олардың 96-сы биылғы жылы аяқталады.

Олардың арасында Солтүстік Қазақстан облысындағы ірі тауарлы сүт фермасы, Ақмола облысындағы құс фабрикасы, Ақтөбе облысындағы жылыжай кешені, Батыс Қазақстан облысындағы мал семірту алаңы, Әмірабад кемежайындағы (Иран) астық терминалы бар.

Аграрлық сектор экономиканы әртараптандыруға және экспортқа нақты үлес қосады.

Сондықтан да біздің ортақ міндетіміз – 2015 жылға қарай ауылшаруашылық өнімдерінің үлесін экспорттың жалпы көлемінде 8 %-ға дейін жеткізу.

Аталған және басқа жобалардың есебінен аграрлық-өнеркәсіптік кешеннің жалпы қосылған құны ең таяудағы уақыттарда кем дегенде 16 %-ға ұлғайтылып, 10 мыңнан астам жұмыс орны құрылуы тиіс.

Екінші. Құрылыс индустриясын дамыту және құрылыс материалдарын өндіру.

Қазақстан серпінді даму үстіндегі ел. Елорда ғана салынып жатқан жоқ, басқа қалалар да өсіп келеді.

Өткен жылы ғана құрылыс материалдарын шығаратын 45 жаңа зауыт іске қосылды. Мұның өзі 3,5 мыңнан астам жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді.

Алайда бүгінде біз құрылыс материалдарының 50 %-дан астамын әлі де импорттаумен келеміз. Бұл құрылыс секторының қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін өзіміздің өндірістік базамызды – осы заманғы цемент зауыттарын, әйнек табақтары, өңдеу материалдары, темір-бетон және керамикалық бұйымдар өндірісін дамыту қажет болып тұрғанда солай істелуде.

2015 жылға қарай ішкі өндіріс есебінен рынок тұтынысының 80 %-дан астамы қанағаттандырылуы тиіс.

Құрылыс кешенінің жалпы қосылған құны кем дегенде 76 %-ға ұлғайтылатын болады.

Үшінші. Мұнай өңдеуді және мұнай-газ секторының инфрақұрылымын дамытқан жөн.

Бұл салада қазірдің өзінде бірқатар ірі жобалар іске асырылуда. Үстіміздегі жылы Қазақстан – Қытай мұнай құбырының екінші кезегінің құрылысын аяқтау және пайдалануға беру жоспарланып отыр, ол Каспий мұнай өндіру өңірін Батыс Қытаймен жалғастырады. Бізде жаңа экспорттық тармақ пайда болады.

2011 жылы битум зауыты пайдалануға берілуі тиіс. 2012 жылдың аяғына дейін еліміздің бүкіл оңтүстігін газбен қамтамасыз ететін Бейнеу – Бозой – Ақбұлақ магистральдық газ құбырының құрылысын аяқтау керек.

Атырау, Шымкент және Павлодар мұнай өңдеу зауыттарының толық жаңғыртылуын жеделдетіп, олардың жиынтық қуатын жылына 17 млн тоннаға дейін жеткізу қажет.

2014 жылға қарай отандық мұнай өңдеу зауыттары жоғары сапалы мұнай өнімдеріне – жанармай мен авиакеросинге деген ішкі сұранысты толық қамтамасыз етуі тиіс.

Тұтастай алғанда отын-энергетикалық кешенінің жалпы қосылған құнын кем дегенде 30 %-ға арттыру міндетін қоямын.

Төртінші. Металлургияны дамыту және дайын металл өнімдерін шығару.

Қазір біз тоқсаныншы жылдардың басында қираған сала құрылымдарын белсеңді қалпына келтіруді жүргізудеміз.

Соңғы 2 жылда алғашқы алюминийді өндіру жөніндегі электролиз зауыты бірінші кезегінің құрылысы, сортты прокат, жоғары сіңімді тантал ұнтақтары, хром рудасын байыту өндірісін ұйымдастыру секілді бірқатар ауқымды жобалар қазірдің өзінде іске асырылды.

Бүгінде жалпы құны 1,6 трлн теңгеден астам, 11 мыңдай жұмыс орнын құру әлеуеті бар тағы 26 жоба өндірісте тұр.

Бұлар – поликристалды кремний өндіру жөніндегі зауыт, алюминий зауытының екінші кезегі, түйіршіктелген шойын өндірісін ұйымдастыру, Тараз металлургия зауыты негізінде марганец қорытпасы өндірісін кеңейту және жаңғырту, болат өндірісін 2 есе ұлғайтатын «Миттал Стил-Теміртау» жаңа металлургия кешенінің құрылысы.

Біздің ортақ міндетіміз – 2015 жылға қарай металлургия өнеркәсібінің өнімдерін өндіру мен экспорттау көлемін 2 есе ұлғайтуды қамтамасыз ету.

Қайта өңдеуді тереңдету және жаңа бөліністі құру есебінен металлургияның жалпы қосылған құны кем дегенде 107 %-ға өсуі тиіс.

Бесінші. Химия, фармацевтика және қорғаныс өнеркәсібін жедел дамытқан жөн.

Химия саласында 1 трлн теңгеден астам сомаға барлығы 18 жоба іске асырылуда.

Келесі жылдың өзінде хлор, каустикалық сода және күкірт қышқылы, азот, фосфор және калий минералды тыңайтқыштары, синтетикалық жуу заттары өндірісін ұйымдастыру жөніндегі жобаларды іске асырудың белсенді сатысына көшу қажет.

Интеграцияланған газ-химия кешенін салу жөніндегі жұмыс жеделдетілуі тиіс.

Фармацевтика саласында 1 ай мерзімде өзіміздің дәрілік препараттар – вакциналар, инсулин, антибиотик және басқаларын өндіру жөніндегі зауытты салу мәселесін әзірлеу керек.

Мен Үкіметтің алдына нақты міндет – 2014 жылға қарай дәрілік препараттарды ішкі тұтынудың 50 %-дан астамын отандық өндіріс есебінен қамтамасыз ету міндетін қоямын.

Мемлекеттік қорғаныс тапсырысы да отандық өндіріспен қамтамасыз етілуі тиіс. Ел қорғанысын нығайту – мемлекеттің тікелей міндеті.

Алғашқы қадам қазірдің өзінде жасалды, бұл салада өткен жылы 4 жаңа кәсіпорын құрылды, кезекте тағы бесеуі тұр.

Үкіметке, Қазақстанда тиісті өндірістерді құруды ескере отырып, Қарулы Күштерді технологиялық жаңғыртуға бағытталған арнаулы бағдарлама әзірледі тапсырамын.

Алтыншы. Бұл – таза энергетиканы дамытуды қоса алғандағы энергетика. Қазірдің өзінде өңірлердің энергия қуаттарын кеңейту және Ұлттық электр жүйесін дамыту жөніндегі жобалар іске асырылуда.

«Солтүстік Қазақстан – Ақтөбе облысы» электр жеткізу желісі пайдалануға берілді, «Солтүстік – Оңтүстік» электр жеткізудің екінші арнасының құрылысы аяқталып келеді.

Еліміздің батыс өңірі басқа елдерден электр энергиясын жеткізуге бұдан былай кіріптар болмайды. Ал елдің оңтүстігі қажетті энергиямен толық қамтамасыз етіледі.

Екібастұз 2-МАЭС-ін қайта жарақтау мен кеңейту жөніндегі жоба іске асырылуда.

Менің тапсырмам бойынша Мойнақ ЖЭС-ін салу басталды, оны 2011 жылы аяқтау жоспарланып отыр.

Үстіміздегі жылы «Samsung» және «KEPCO Inc.» компаниялары консорциумының қатысуымен Балқаш ЖЭС-інің құрылысы басталуы тиіс. Бұл жөніндегі келісімге жуырда қол қойылды.

Жел күші мен күн сәулесін пайдалану есебінен энергияның қайта жаңғырту көздерін дамыту маңызды бағыт болып табылады.

Біз еліміздің электр энергиясына деген ағымдағы және болашақ сұранысын толық жабуға тиіспіз. Экономиканың энергиялық сыйымдылығы 2015 жылға қарай 10 %-ға кемітілуі тиіс.

Жетінші. Көлік және телекоммуникация инфрақұрылымын дамыту.

Біз «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» транзиттік автожол дәлізін құруға кірісеміз. Оның біздің еліміз бойынша ұзақтығы 3,5 мың шақырымды құрайды. Оған халықаралық бес қаржы институты 3,5 млрд доллар инвестициялайды. 2010 жылы осы жоба Қазақстанда 50 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын құрады деп көзделуде.

Жол халық жиі қоныстанған оңтүстіктің төрт өңірі және Ақтөбе облысы бойынша өтіп, халықтың іскерлік белсенділігіне жан бітіреді.

Қорғас – Жетіген темір жолын салу басталады.

Қазақстандық экономиканың алға ілгерілеуін қамтамасыз ететін тағы бір инфрақұрылымдық жоба – Қазақстанда жабдықтарының жекелеген түрлерін өндіруді ұйымдастыра отырып, цифрлық телевизияны ендіру.

Барлық инфрақұрылымдық салаларды дамыту жөніндегі жоспарларымызды іске асыру бізге жалпы қосылған құнды 63 %-ға өсіруді қамтамасыз етуі тиіс.

Сайып келгенде, жоғарыда аталған басым бағыттар бойынша барлық ресурстарды теңдестіре жұмылдыру біздің экономикаға 7 трлн теңгеден асып жығылатын жылдық қосылған құнды қосымша құруға мүмкіндік береді.

Бүгінгі бағамен бұл іс жүзінде біздің ұлттық өнімнің 50 %-ын құрайды.

Бұл – өршіл, қажет және біздің халқымызға лайық міндет. Мұның өзі халқымыздың әл-ауқатын одан әрі жақсартуға жағдай жасалады дегенді білдіреді.

Қазақстанның, Беларусь пен Ресейдің Кеден одағы – бұл алғашқы маңызды да елеулі интеграциялық «қарлығаш». Мен оны құру жөніндегі жұмысты келесі жылы аяқтаймыз деген сенімдемін. Біздің елдеріміздің инновациялық индустрияландыруы үшін бізге бір-біріміздің алдымыздан өзіміздің ішкі рыноктарымызды ашу керек. Мұндай кооперация барлық мемлекеттерге пайдалы.

Аталған барлық жобалар құр сөз емес. Мен сіздерге ешқашан бос сөз айтқан емеспін. Барлық жобалардың есеп-қисабы жасалған, қаржымен қамтамасыз етілген. Осы ірі жобалардың айналасында сол құрылыстарға жағдай жасайтын мыңдаған бизнес-құрылымдар құрылады. Мен бізге қажетті әрі біз жүзеге асыра алатын нақты нысандарды айтып тұрмын. Бұл үшін сенімді сөрелік жағдайлар бар.

Алайда Үкімет 2 айлық мерзім ішінде біздің барлық көптеген бағдарламаларымызды талдаудан өткізіп, тек басымдыққа иелерін ғана қалдыруға тиіс. Бұл арада инновацияның басқа да бағыттары пайда болуы мүмкін.

Алдыңғы қатарлы технологияларды тартатын, инновациялар мен адам капиталына инвестиция

салатын ең тиімді компанияларға мемлекет сатып алуға ұзақ мерзімді кепілдік беруге дейін бұрынсоңды болып көрмеген қолдау көрсетуі керек.

Жоспарларымыз күнбе-күн жүзеге асып отыруы үшін біз олардың орындалуына мониторингті қамтамасыз етуге тиіспіз. «Нұр Отан» партиясы бұл жұмысты өз бақылауына алуы керек.

Үкімет әкімдермен бірлесе отырып, Қазақстанның 2010–2020 жылдарға арналған Индустрияландырылу картасын әзірлеуі қажет.

Оған өңірлердің ресурстық арқауы мен инфрақұрылымды дамытуды өзектестіре отырып, өндіргіш қуаттарды ұтымды орналастырудың схемасын қосқан жөн болады.

Әртараптандыру үдерісінің негізгі үйлестірушісі ретінде Индустрия және сауда министрлігін нығайту керек.

Ендігі жерде әртараптандыру жөніндегі жұмыстың тиімділігі үшін бүкіл жауапкершілікті Үкіметке және Премьер-министрдің тікелей өзіне жүктеймін, олар менің алдымда әр жарты жыл сайын есеп беріп тұратын болады.

Президент Әкімшілігі, «Нұр Отан» партиясы, министрлер мен әкімдер қойылған барлық міндеттердің орындалуын бақылауға алуы, түсіндіру жұмысын жүргізуі тиіс. Ол жұмысты индустрияландырудың мақсаты барлық қазақстандықтарға түсінікті болатындай, қазіргі кезеңде дамудың

жалпыхалықтық идеясына айналатындай етіп жүргізу керек.

Біздің дағдарыстан кейінгі қатал бәсекеге шыдас бере алатындығымыз, өзіміздің экономикалық және саяси тәуелсіздігімізді сақтай алатынымыз осыған байланысты.

Мен сондай-ақ Ұлттық банкке, Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігіне және Үкіметке ұлттық қаржы архитектурасының жаңа тұжырымдамасын жасау және мен белгілеген бүкіл міндеттер кешенін шешу үшін ішкі ресурстарды тарту мәселесін пысықтауды тапсырамын.

Бүкіл басқару органдарының жұмысы қойылған мақсаттарды орындауға бағындырылатын болуы тиіс. Бұл үшін бізге:

- мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіріп, орталықта және жергілікті орындарда кадр саясатын қайта қарау керек. Жаңа экономика үшін кадрлар даярлау – біздің аса маңызды міндетіміз;
- парақорлықпен және қылмыспен бітіспес күресті жалғастыру керек;
- тиімді кадрлар резервін құру керек.

IV. Партия беделін арттыру жөніндегі міндеттер

«Нұр Отан» ХДП-ның рөлі мен беделін арттыру мақсатында мен орталықтағы да, сондай-ақ жер-

гілікті жердегі де партия органдарының жұмысын жүйелі қайта құруды жүзеге асыруды ұсынамын.

Бірінші. Партияның 2020 жылға дейін есептелген жаңа бағдарламасын әзірлеу керек.

Мұның өзі Қазақстанның жоғарыда айтылған елді индустрияландыру мақсаттары негізінде дағдарыстан кейінгі жаңаруы жөніндегі жұмыстың негізгі сұлбаларын айқындайтын жүйелі, мақсатты құжат болуға тиіс.

Ол барлық деңгейдегі орындаушылық биліктің бағдарламалық құжаттарын әзірлеудің негізіне айналуы керек.

Партия бүкіл елдің интеллектуалдық күштерін біріктіруге тиіс. Партия аппараты Президентке, Үкіметке, Парламентке идеяларды пісіріп-жетілдіретін «ақыл-ой орталығына» айналуы қажет.

Партияда Инновациялық идеялар жөнінде комитет құрып, оған креативті ойлай білетін жаңа адамдарды тарту керек.

Екінші. Партияның басшы кадрларын күшейту, ішкі партиялық кадрлық жұмысты жолға қою маңызды.

«Нұр Отанда» барлық деңгейдегі партия қызметкерлерін жұмысқа қабылдаудың нақпа-нақ өлшемдері болуға тиіс. Партияға кімдерді қабылдап жатқанымызды ықтияттап талдау керек. Сан қуудың қажеті жоқ.

Партия кадрларының бойында көшбасшылық қасиеттер мен кәсібилікті ұдайы арттыру үшін партиялық-саяси оқу желісін күшейту маңызды.

Ішкіпартиялық тәртіпті анағұрлым арттыру, Партиялық бақылау комитетінің жұмысын күшейту қажет.

Партия Жарғысының, Парламент Мәжілісі мен мәслихаттардағы фракциялар туралы ереженің қатаң сақталуына қол жеткізу керек.

Үшінші. Партияның ұйымдық-саяси жұмысын белсендірек ету қажет.

Үкімет пен әкімдер шешімдер қабылдарда партия басшылығымен тұрақты ақыл-кеңес құрып тұрғаны жөн.

«Нұр Отан» ХДП жұртшылықтың түйткілді мәселелеріне үнқатудың тиімді жүйесін құрғаны жөн.

Бірінші тоқсанда ғана партия орталық аппаратының қоғамдық қабылдауына 1530 хат келіп түсті. Бұл адамдар партияға сенеді дегенді білдіреді. Сондықтан адамдарға белсене көмектесуді жалғастыру керек.

Бүгінде партия парақорлықпен және сыбайлас жемқорлықпен күресте Үкіметке белсенді де іскерлік тұрғыда көмектесіп келеді.

Бізге бұл жұмысты жалғастырып, сыбайлас жемқорлармен табанды түрде күресетінімізді баршаның түсінуіне жету керек. Тәртіп бұзатын-

дар – 1 %-дан аз, қалған 99 % – адал адамдар. Нақ осылар сыбайлас жемқорлықты жеңуге тиіс.

Әлеуметтік шиеленістерді қарау және тарқату жөнінде қоғамдық кеңестер құрылуы керек. Ұжымдарға батыл түрде бару керек. Қоғамдағы тұрақтылыққа қатер төндіретін жәйттерге үн қату қажет. Елге залалын тигізетін үндеулерге тойтарыс беруге әзір болайық.

«Нұр Отанның» партиялық мақсаттарын қолдайтын қоғамдық бірлестіктер желісін құру жөнінде ұдайы жұмыс жүргізу қажет.

Партия қызметінің түйінді бағыттарының бірі Қазақстан қоғамын ұзақ мерзімді кезеңге топтастыру болып табылады.

Бұл үшін «Нұр Отан» партиясының Қазақстанның саяси жүйесінде ұзақ мерзімді перспективада басымдыққа ие болуына қажетті жағдайларды жасау керек.

Төртінші. «Нұр Отан» партиясы қоғамда құндылықтардың дұрыс жүйесін қалыптастыру жөніндегі жұмыстың көш басында болуға тиіс.

Дағдарыс ашып көрсеткен ішкі проблемалардың үлкен бір бөлігі қоғамның рухани ахуалымен байланысты.

Арзан кредит түрінде қолға түсе қалатын жеңіл ақша ысырапқорлықтың өршуіне әкеліп соқтырды.

Аста-төк молшылыққа және виллалар салып, қымбатқа түсетін мерейтойлар, үйлену

тойларын өткізіп «жарысуға», тағы басқаларға қыруар ақша оңды-солды шашылатын болды. Қазір оларға халықпен бірге екенін көрсету керек. Олардың қайырымдылық қорлары мен жаңа жұмыс орындарын құрғаны қажет.

Қоғамда еңбекқорлық, кәсіби тұрғыдан өсуге және парасаттылық тұрғысынан жетілу сияқты құндылықтардың қадірі кете бастады. Мейірімділік, көмек қолын созу дәстүрлері ұмыт болуға айналды.

«Нұр Отанның» идеологиялық жұмысы қоғамда рухани-парасаттылық құндылықтардың жаңа жүйесін орнықтыруға бағытталуға тиіс.

Жастар арасында этносаралық келісім мен отаншылдық құндылықтарын әспеттеу, экстремизм мен ұлтшылдыққа, заңдарды бұзу мен қылмысқа төзгісіздік сезімін табанды түрде қалыптастыру қажет.

Мұның бәрі – партияның «Жас Отан» жастар қанатының бірінші кезектегі міндеттері.

2010 жыл – біздің ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету жылымыз. Бұл Қазақстан үшін жоғары құрмет және жауапкершілік. Біз өзімізге көрсетілген сенім үшін ЕҚЫҰ-ға мүше барлық мемлекеттерге алғыс білдіреміз. Біздің міндетіміз – осы миссияны лайықты атқару. «Нұр Отан» партиясы да «Еуропаға жол» бағдарламасын орындауға қосылуы тиіс.

Біз үшін 2 жылдан кейін аталатын айрықша дата – Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойы аса ауқымды идеологиялық мәнге ие.

Бұл мерейтойға біз тыңғылықты дайындалуымыз керек.

Мерейтойды мерекелеу қазақстандық мемлекеттілік пен отаншылдықты нығайтуға септесуге тиіс.

Бұл датаны экономикада, әлеуметтік салада, ғылым мен мәдениетте жаңа жетістіктермен қарсы алған жөн.

Мерейтойға дайындық аясында адамдарға аяғынан нық тұру сезімін, Отанымыздың лайықты болашағына сенімділікті сіңіре білу шарт.

Инновациялық даму, тұрмыс деңгейін жақсарту, қоғамдағы тұрақтылық – міне, партияның үш тұғырлы міндеті мен басты ұраны осы.

Құрметті делегаттар және съезд қонақтары!

Халқымыз бізден қоғамды жаңартып, рухани серпіліс беретін батыл шешімдер күтіп отыр. Партия ел-жұрттың артқан сенімін де, үмітін де ақтауға міндетті.

Экономикасы серпінді дамыған, халқының ертеңгі күніне деген сенімі мол мықты мемлекет – еліміздің басты бағыттары мен дағдарыстан кейінгі дамуының басты көрсеткіші, міне осылар болмақ.

Ұлт мүддесін қорғау, балаларымыз бен немерелеріміздің жарқын болашағы жолындағы жасампаз істердің барлығының басында «Нұр Отан» партиясы жүруі керек.

Демек, іске сәт, достар, келіңіздер, іске кіріселік.

Қазақстан Республикасы жасасын!

Біздің сүйікті Отанымыз нығайып, өркендей берсін!

Қазақстан Республикасының Президентінің
жанындағы Шетел инвесторлары
кеңесінің ХХІ пленарлық отырысында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Қостанай қаласы,
2009 жылғы 12 маусым

Құрметті Кеңес мүшелері!
Құрметті қонақтар!

Қазақстан елдер арасында алдыңғылардың бірі болып өзінің дағдарысқа қарсы бағдарлама-сын жасады. Біз қабылдаған бағдарлама қатып-семіп қалған құжат еместігін атап айту маңызды. Өзгеріп жатқан жағдайларға барынша барабар әрекет етуге ұмтыла отырып, біз оған ұдайы толықтырулар енгізумен болдық.

Біздің бағдарламамыздың барабарлығы мен тиімділігі бүкіл әлемнің беделді сарапшылары тарапынан оң бағаланды.

Тұтастай алғанда дағдарысқа қарсы іс-шараларды жүзеге асыруға біз 19 млрд доллардан астам қаржы бөлдік, мұның өзі елдің ішкі жалпы өнімінің 14 %-ына тең. Бүгінде біз алғашқы оңды нәтижелерді сезіне бастадық.

Біріншіден, бізге жұмыспен қамту мәселесін тұрақтандырудың сәті түсті. Инфрақұрылымға, көлікке, әлеуметтік нысандарға салынған бюджеттік инвестициялардың арқасында бүкіл ел бойынша қазірдің өзінде шамамен 100 мыңдай жұмыс орындары құрылды. Жұмыссыздық 7,2 % деңгейінде тоқтатылды, ол осы табалдырықтан әрі қарай аттамайды деген сенім бар.

Екіншіден, Қазақстанның экспортқа шығарылатын тауарларының бағасы төмендегеніне қарамастан, біздің халықаралық резервтеріміз 43 млрд доллар деңгейінде тұрақтанды, тіпті өсу де байқалды.

Үшіншіден, біз тұтастай алғанда қаржы жүйесінің жаппай тұрақтандырылуына қол жеткіздік. Экономиканы кредиттеу ауқымының өсімі байқалуда, инфляция төмендеді.

Нақты секторда мемлекеттің қолдауының арқасында 40 мыңнан астам үлескердің мәселелері шешілуде. Ауыл шаруашылығына бұрынсоңды болып көрмеген қолдау жасалды, осының

арқасында, дағдарысқа қарамастан, егісті толық көлемде себуге, оның көлемін 1,6 млн гектарға өсіруге мүмкіндік туды.

Осы жақында ғана халықаралық рейтингтік агенттік «Standard & Poor's» Қазақстанның егемен рейтингі бойынша болжамды «тұрақты» деген деңгейге көтерді. Бұл біздің дұрыс жолда келе жатқанымыздың маңызды оңды белгісі.

Сонымен қатар, дағдарыс біздің экономикамызды әртараптандыру қажеттілігін тағы да көрсетіп берді. Бұл дағдарыстан кейінгі дамудың жалғыз сенімді жолы, ол біздің азаматтарымыздың әл-ауқатын орнықты және ұзақ мерзімге қамтамасыз етуге мүмкіндік жасайды.

Келесі жылдан бастап біздің елдің үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының екі 5 жылдыққа бөлінген он жылдық жоспарын жүзеге асыруға кірісеміз. Бұл жоспардың басым бағыттары мына секторларды қамтиды:

- аграрлық-өнеркәсіптік кешен;
- құрылыс индустриясы және құрылыс материалдары;
- мұнай өңдеу және сервис қызметтері;
- металлургия;
- химия мен фармацевтика;
- энергетика мен инфрақұрылым.

Аталған бағыттар бойынша барлық ресурстарды теңгерімді жұмылдыра білсек, біздің экономикамыз шамамен 50 млрд долларлық көлемде

қосымша құн ала алады деп күтеміз, мұның өзі еліміз ІЖӨ-сінің жартысына жуықтайды.

Осы жылдар ішінде бірге жұмыс істей отырып, біз ең бір күрделі жағдайларда Қазақстанның жаңа нарықтық экономикасын құра алдық. Бірлескен жұмысымызды тереңдете және кеңейте келіп, біз оны даму мен әртараптандырудың жаңа белдеуіне шығаратынымызға сенімдімін.

Қазақстан нарықтық экономика қағидаттарының, жеке меншік құқығын қорғаудың жақтаушысы болғанын және бола беретінін айрықша атап айтқым келеді. Біздің барлық заңдарымыз бен Конституция осыған кепілдік береді. Олар дайым бұлжытпай орындалады.

Біз тұрақты инвестициялық климат қалыптастыру, шетел инвестицияларына қолайлы жағдай жасау саясатына адал күйде қаламыз.

Бүгін біздің министрлеріміз осы жайында баяндады. Өздеріңізбен одан әрі де бірге жұмыс істеп, елде тартымды инвестициялық климат жасау үшін біз сіздердің жаңа ұсыныстарыңызды тыңдауға дайынбыз.

Сондықтан да, жоғарыда айтылғандарды жинақтай келіп, мен Кеңес мүшелерінің назарын мына жайларға аудармақшымын.

Бірінші. Шетел инвесторларының Қазақстан экономикасын әртараптандыруға қатысуы жайын сөз еткенде, біз үшін қазақстандық мазмұнды

дамыту басым мәселе болып қала беретінін айтпай кете алмаймыз.

Кейінгі кезде біз қол жеткізген оңды нәтижелерді атап өтпекшімін. Қазба секторының компаниялары қазірдің өзінде қазақстандық өндірушілермен 330 млрд теңгеден астам сомаға меморандумдар және 200 млрд теңгеден астам сомаға нақты шарттарға қол қойды.

Мұның жеткен шегіміз емес екеніне сенімдімін. Ең бастысы – тоқтап қалмай, қарапайым нәрседен күрделі нәрсеге жылжу қағидаты бойынша алға баса беру.

Үкімет, Индустрия және сауда министрлігі шетелдік инвесторлармен, қазақстандық өнеркәсіптік компаниялармен тауарлар мен қызметтердің жаңа түрлерін игеру мүмкіндігі бойынша нақты жұмыс істеуге тиіс.

Кеңестің шетелдік мүшелерін Қазақстан Үкіметімен осы бағытта белсенді жұмыс істеуге шақырамын.

Екінші. Тәуелсіздікке қол жеткізген күннен бастап Қазақстан әрқашанда инвестицияларға ашықтық саясатын ұстанып келді.

Біздің еліміздегі қолайлы инвестициялық климат көптеген компанияларға өз инвестицияларының көлемін көбейтуге мүмкіндік беріп қана қойған жоқ, сонымен бірге оларды инвестицияларды басқа жаққа – Қазақстан экономикасының

сабақтас салаларына салудың пайдалылығына көз жеткізді.

Осында бұл жылдар ішінде біздің 90 млрд доллардан астам инвестиция тарта алғанымыз, бірақ ішкі инвестициялардың тек 140 млрд долларды құрағаны айтылып өтті. Дәл осы қаражат Қазақстанға бойын тіктеуге және біздің еліміздің экономикасын 2000 жылмен салыстырғанда 2,5 есе өсіруге мүмкіндік берді.

Бізде мұның жарқын мысалдары бар. «Chevron Corporation» компаниясы Атыраудағы полиэтиленді құбырлар өндірісіне инвестиция салды. Мен ол компанияның президентімен кездестім, біз зауытты 2 есе кеңейту, жаңадан жапқыш арматура зауыты мен Каспийде кеме верфін салу жөнінде келістік. «АрселорМиттал» Ақтауда құбыр зауытын салды. Бұл компания Теміртаудағы комбинатты кеңейту жұмысын жалғастырып жатыр – ол арқылы болат өндіру 5 млн тоннаға, яғни 2 есе артады. «Saipem SpA» қазақстандық инвестормен бірлескен кәсіпорын шеңберінде металл конструкциялары зауытын салды.

Кеше мен «Eni S.p.A» тобының басшысы П. Скaronи мырзамен кездестім, біз газ өңдеу зауыты мен жаңа газ электр стансасын салу жөнінде уағдаластық.

Бүгін «ENRC PLC» тобы Қазақстанда металл алюминийін өндіруді 500 мың тоннаға арттыру жөніндегі жұмыс, ферроқорытпалар өндірісі

бойынша жаңа кәсіпорындар тұрғызу, темір жолдар және автомобиль жолдарын салу жайында мәлімдеді.

Ынтымақтастықтың мұндай мысалдары біз алға қойған мақсатқа – экономиканы әртараптандыруға қол жеткізуге септесетініне сенімдімін. Осы арқылы Қазақстан қажетті инвестицияларды тартады және шикізаттық емес секторларды дамытады. Бұл баршаға тиімді.

Біздің экономикамызды қаржыландыруды қамтамасыз етудің маңызды бағыттарының бірі шетелдік инвесторларға өздері тапқан табысты қайта инвестициялауға мүмкіндік беру болып табылады деп санаймын.

Мен біздің мәжілісіміздің қарсаңында Кеңестің шетелдік мүшелерімен бірнеше кездесу өткіздім, сонда олардың кейбірі Қазақстан экономикасының сабақтас және басқа да салаларына инвестиция салуға өздерінің мүдделілігін білдірді.

Шетел инвесторлары кеңесі мүшелерінің барлығы осындай инвестициялық мүмкіндіктер туралы ойланса болады деп ойлаймын, ал Үкімет оларды жүзеге асыру үшін тартымды жағдайлар жасауға тиіс.

Үшінші. Жаһандық трендтерді талдау бүкіл әлемдегі инвесторлар капиталды салатын жаңа салаларды іздейтінін көрсетеді. Қысқа мерзімді алыпсатарлық салымдардан дәстүрлі салаларға

ұзақ мерзімді инвестицияларға қайта бағытталу жүріп жатыр. Сонымен қатар жаңа өскелең буын-тықтарын іздеу жалғасып жатыр.

Қазақстанның бұл орайда ұсынары жеткілікті. Бізде экономиканың ауыл шаруашылығы сияқты арқаулық тартымды салалары және жаңа салалар, мысалы, қайта қалпына келетін энергетика үшін әлеует бар.

Осыған байланысты инвесторлардың іс-әрекетіндегі өзгерістерді және дәстүрлі, сондай-ақ жаңа салалардағы біздің мүмкіндіктерімізді пайдаланып қалу керек.

Оның сыртында, Ресей, Беларусь пен Қазақстан арасындағы біртұтас Кеден одағының қалыптастырылуы инвесторлар үшін жаңа мүмкіндіктер ашады.

Біз 170 млн адамдық халқы және 2008 жылдың қорытындысы бойынша жиынтық ІЖӨ-сі 2 трлн долларға жуық соманы құрайтын ортақ байтақ базарды құрып жатырмыз.

2010 жылдың 1 шілдесінен бастап-ақ үш елдің арасындағы тауарларды кедендік рәсімдеу тоқтатылады.

Менің ойымша, бұл Қазақстанда құрылыс сала отырып, ауқымды нарыққа ие болатын инвесторлар үшін жағымды жаңалық.

Осыған орай біз аталған Кеден одағымен бірге өтуге бағдар ұстау үшін ДСҰ-ға өту жөніндегі келіссөз үдерістерін тоқтата тұруға уағдаластық.

Тікелей шетел инвестицияларын тарту саясатын белсендірек ете түсу керек. Мұның өзі экономикадағы капиталдың әлдеқайда теңдестірілген және орнықты құрылымын жасайды, қарыздық капиталдың белең алуына байланысты туындайтын тәуекелдерді кемітуге мүмкіндік береді.

Сондықтан да мен Кеңес мүшелерін өздерінің халықаралық іскерлік және қаржы топтарындағы байланыстарын инвесторлар мүдделерін Қазақстанның мүмкіндіктеріне тарту үшін пайдалануға шақырамын.

Бұл сіздердің тараптарыңыздан біздің экономикаға жасалған үлкен көмек болады.

Үкімет жоғары деңгейде тыңғылықталған, қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген инвестициялық жобаларды дайындап, оларды Шетел инвесторлары кеңесі арқылы да белсенді жылжытуға тиіс.

Құрметті достар!

Қаржы ресурстарын Қазақстанның дағдарыстан кейінгі даму бағдарламасына жұмылдыру туралы айтқанда, біздің ауқымды ішкі мүмкіндіктерімізді де сөз етуіміз керек.

Бірінші. Капиталдың ішкі рыноктағы, әсіресе ұлттық валютадағы, дамуына назар аудару жөн.

Тұрғын халық пен кәсіпорындардың жинақталған қаржысын өсіруге ынталандыру

жөнінде шаралар қабылдамайынша, салымшылардың қаржы жүйесі институттарына сенімін толық қалпына келтірмейінше, бұл мақсаттың орындалуына қол жеткізу мүмкін емес.

Әртүрлі бағалаулар бойынша, экономикаға қосылмаған ішкі қаржы ресурстарының көлемі ІЖӨ-нің 5 %-нан 12 %-на дейінгіні құрайды. Инвестициялаудың ұжымдық және жеке тетіктерін пайдалана отырып бұл әлеуетті толық іске қосу қажет.

Бұл шаралар сыртқы базарлардың конъюнктурасына тәуелділікті азайтуға, нақты сектор кәсіпорындары үшін әлдеқайда қолжетімді қор жинауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Екінші. Қазіргі жағдайда қаржы нарықтарындағы өзекті ойыншы мемлекет және мемлекеттің қатысы бар институттар болады. Орта мерзімді болашақта мемлекеттік компаниялар мен даму институттары экономикаға капитал тартудың негізгі арнасына айналады деп күту жөн.

Бір жағынан қарағанда, бұл маңызды да керек құрал, бірақ оның өзі де мемлекеттік сыңайлы сектордағы тәуекелдерді шоғырландыруға бастайтынын есте ұстау керек. Соңдықтан экономиканың дағдарыстан кейінгі дамуы үшін маңыздылығын ескере отырғанда мемлекеттік компаниялар мен институттардың инвестициялық саясаты, олардың инвестициялық жоспарлары мен міндеттемелері

мемлекеттік бюджетпен байланыстырыла қаралуға тиіс.

Тартылатын ресурстар әртараптандыру мақсаттарына бағытталып, жеке іскер бастамаларды жұмылдыруы жөн.

Айналып келгенде, бізде капиталды тарту мен оны мемлекеттік институттар арналары бойынша бөлудің болуы мүмкін тәуекелдерді ескеретін мөлдір моделі болуы керек.

Үшінші. Мемлекеттік-жекеменшік серіктестіктің тетіктерін пайдалану жеке сектор үшін де, мемлекеттік сектор үшін де үлкен мүмкіндіктер ашады.

Барлық қажетті заңнамалық жағдайларды біз жасадық, енді осы бағытта белсенді жұмыс жүргізу қажет. Үкімет бұл тетікті іргелі инфрақұрылымдық жобаларды іс жүзіне асыруда пайдалануға тиіс.

Мемлекеттік қолдау шараларын жүйелеу, жергілікті деңгейдегі жобаларды орындауда, әсіресе әлеуметтік және тұрғын үй-коммуналдық саладағы нысандар құрылысында мемлекеттік-жекеменшік серіктестігі құралдарын көбірек қолдану маңызды.

Бұл тетіктерді сауатты пайдалану бюджетке түсетін салмақты азайтуға, экономиканы әртараптандыру үшін қажетті инфрақұрылымды жеделдете жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Ең соңында бүгінгі таңда әлемде қаржыландырудың баламалы мүмкіндіктері пайда бола бастағанын айтпақпын.

Қор жинаудың осындай көздерінің бірі Киото хаттамасы шеңберінде ауаға бу шығарудың квотасын сату бола алар еді.

Биылғы наурызда Қазақстан аталған құжатты бекітті. Бұл біздің алдымыздан қуаты тиімді технологияларды дамыту саласында жаңа мүмкіндіктер ашады, мұның өзі 1 млрд долларға дейін инвестиция тартуға жағдай жасайды.

Мұны пайдаланып, Қазақстанда квотаны саудалау тетіктерін тыңғылықтау, бұл үшін арнаулы сауда алаңдарын ұйымдастыру мүмкіндігін зерттеу керек.

* * *

Тұтастай алғанда, Қазақстан экономикасының дағдарыстан кейінгі табысты дамуы, бесжылдық жоспардың жүзеге асырылуы біздің қажетті қаржы ресурстарын жұмылдыруға қабілеттілігімізге байланысты болады.

Қажет етілетін инвестициялар көлемін есептеу, оны бастау көздері мен қаржыландыру түрлері бойынша теңдестіру керек.

Сондықтан мен Үкіметке бүгін айтылған ұсыныстардың бәрін тыңғылықтауды тапсырамын.

Сөзімнің соңында осында қатысып отырған барлық шетелдік инвесторларға мынаны айтпақшымын.

Мен осында саралап өткен міндеттердің жүзеге асырылуында сіздердің қатысуларыңыз, сіздердің бастамаларыңыз өте-мөте маңызды.

Біздің бірлескен жұмысымыз барлық тараптар үшін өзара тиімді жобаға айналуға тиіс.

Оның үстіне мен біздің ынтымақтастығымыздың арқасында елдің дамуына, қазақстандықтардың әлауқатының өсуіне елеулі үлес қосылатынына сенімдімін. Адамдар бүгінгі таңда біздің бәрімізден дәл осыны күтіп отыр.

**Семей ядролық полигонында сынақтардың
тоқтатылуының 20 жылдығына арналған
салтанатты жиналыста**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Шығыс Қазақстан облысы,
Семей қаласы,
2009 жылғы 18 маусым

**Ардақты ағайын!
Ханымдар мен мырзалар!**

Бүгін біз еліміз үшін айтулы оқиғаны атап өткелі отырмыз. Осыдан 20 жыл бұрын әлемдегі ең ірі Семей полигонында соңғы рет ядролық сынақ жасалған еді.

Менің жарлығыммен Семей сынақ алаңының жабылғанын өздеріңіз жақсы білесіздер. Бірақ бұл

оңайға түскен жоқ. Оған біз халқымыздың қайсарлығы мен күш-жігерінің, ауызбірлігі мен жылдар бойғы табанды іс-қимылының нәтижесінде қол жеткіздік. Полигонды жабу егемендігіміздің арқасында жүзеге асты.

Әлем жұртшылығы кезінде Семей өңірін полигон алаңы ретінде ғана білді. Шын мәнінде Семей – Абай мен Шәкәрім сияқты даналарымыздың туған жері! Семей – қазақ білімі мен ғылымының, әдебиеті мен өнерінің ордасы!

Сөйтіп, жарты ғасырға жуық жарылыстардан зардап шеккен Қазақстан жерінде ядролық қаруды сынақтан өткізуге соңғы нүкте қойылды. Әлемнің дамыған елдері біздің қауіпсіздігіміз бен бейбіт жолмен өсіп-өркендеуімізге кепілдік берді. Бұл өркениет көшіне бет бұрып, баянды тірлікке ден қойған Қазақстан үшін үлкен табыс еді.

Полигон зардабын тартып, ядролық қарудан шыққан қайғы-қасіреттен көз ашпай келген халқымыз бұл бастаманы зор ризашылық сезіммен қабыл алды. Біздің бұл шешіміміз Жер шарының бейбітшілік сүйгіш миллиондаған адамдарына қуаныш сыйлады. Олардың бойында ядролық қаруды сынауды тоқтату мүмкін екендігі туралы сенім пайда болды.

Семей полигонындағы жарылыстар халқымыз үшін орны толмас ауыртпалықтар әкелді. Біз тәуелсіздік алғанда ядролық сынақ алаңын жауып,

қасиетті жерімізді қасіреттен арылту үшін қажетті нәрсенің бәрін жасадық.

Арада өткен жылдар ішінде еліміз дамыды. Өркениет көшіне бағытын батыл түзеді. Бүгінде Шығыс Қазақстан облысы еліміздің индустриялық-технологиялық дамуында маңызды рөл атқарады.

Өңірде жаңа өндіріс орындары көптеп ашылуда. Осы заманғы технологиялар енгізілуде.

Ауыл шаруашылығы дамып келеді. Ет-сүт өндірісін дамытудағы жұмыстар жемісті жүргізілуде.

Менің тапсырмам бойынша Үкімет Семей қаласын дамыту бағдарламасын жүзеге асырып келеді. Бағдарлама аясында мектептер, ауруханалар, мәдени нысандар салынып жатыр. Бұл мақсатқа 20 млрд-тан астам теңге жұмсалды.

Таяуда бұл бағдарламаның екінші кезеңін жүзеге асыруға кірісеміз. Көп уақыттан бері көпшіліктің назарында жүрген ауыз су және қаланы жылумен қамту мәселесі оң шешімін табады.

«Жол картасы» аясында облысқа 17 млрд аса теңге бөлінді. Бұл қомақты қаражатты толық және сапалы игерулеріңіз қажет.

Өңірдің өркендеуі – еліміздің өркендеуі.

Барлық қолға алған іс-шараны біз міндетті түрде орындаймыз.

Қымбатты отандастар! Ханымдар мен мырзалар!

Сөзімнің басында айтқанымдай, 20 жыл бұрын осында, Семей жерінде әлемдегі аса ірі полигондардың бірінде, соңғы ядролық жарылыс болып өтті.

Ядролық сынақтарды тоқтатуға Олжас Сүлейменов басқарған «Невада-Семей» қозғалысының белсенді қызметі көп жәрдемдесті. Біз бұл қозғалысты кеңінен өрістете алдық.

Бас біріктірген қазақстандықтар ондаған жылдар бойы осында тұтас халыққа өз эксперименттерін жосықсыз жүргізген сойқан тоталитарлық аппаратқа қарсы күресте жеңіске жете алды.

Шынайы бүкілхалықтық күш-жігердің нәтижесінде 1989 жылы Семей полигонында жоспарланған 18 ядролық сынақтың 11-ін тоқтата алдық. Біздің жерімізде барлығы 456 ядролық сынақ өткізілсе, олардың жиынтық қуаты Хиросимаға тасталған атом бомбасының қуатынан 2,5 мың есе артық еді.

Қазақстан тарихындағы соңғы ядролық сынақ 1989 жылғы 19 қазанда болды. Сол бір тарихи сәттен бері жиырма жыл өтсе де, біздің халқымызға келтірілген орны толмас залалды әлі күнге дейін сезінудеміз.

Ядролық сынақтарды бастан кешкен адамдар және, ең қорқыныштысы, олардың балалары сол

сынақтардың қасіретті салдарын өз бастарынан кешуді жалғастыруда. Радиациялық сәуле зардабына түскен біздің отандастарымыздың жалпы саны 1 млн адамнан асып кетеді. Қазақстанның миллион бейбіт азаматы ядролық алжасудың бейкүнә құрбандарына айналды!

Полигонның қасіреті – қазақ жерінің де қасіреті. Біздің экологиямызға түскен жарақаттың молдығы сондай, оны қалпына келтіруге қаншама ғасырлар қажет!

Семей полигонының төңірегіндегі экологиялық апатқа ұшыраған аймақ қана 300 мыңнан астам шаршы шақырымды алып жатыр. Қазақстан аумағының Германия аумағына барабар оннан бір бөлігі уланған құла дүзге айналып, жүздеген ядролық жарылыстар оған жазылмастай жарақат салды.

* * *

Барлық қиындықтарға қарамастан, мемлекет ешқашан өз азаматтарын олардың проблемаларымен бетпе-бет қалдырған емес.

Біз сынақтардың салдарына ұрынған халқымыз бен аумағымызды әлеуметтік оңалту жөнінде тұрақты жұмыс жүргізудеміз. Жалпы жиынтығында осы мақсаттарға 34 млрд теңгеге жуық жұмсалды.

Біз бұрынғы полигонның проблемаларын кешенді шешу жөніндегі Мемлекеттік бағдарла-

маны іске асырдық, ол өңірдің экологиялық жай-күйін әлдеқайда жақсартуға мүмкіндік берді.

Сондай-ақ Семейде радиологиялық медицина кластері қалыптастырылғаны қажет деп санаймын. Ол онкологиялық аурулар мен радиация туындатқан аурулардың диагностикасы мен емдеуі жөніндегі Қазақстанның медициналық орталықтарының күш-қуатын біріктіре алар еді.

Мемлекет болашақ ұрпақ Семей полигонының уланған тынысын өз бойында сезінбеуі үшін, өткеннің қылмысты эксперименттері олар үшін бүкіл өміріне созылатын дене және моральдық жарақатқа айналмауы үшін бәрін де істейтін болады.

Біз, сондай-ақ, халықты және Семей өңірінің экологиясын оңалтуға қосқан үлестері үшін біздің шетелдік әріптестеріміз – АҚШ, Ресей, Жапония, Ұлыбритания, Канада, Италия, Швейцария және басқа мемлекеттердің үкіметтеріне, БҰҰ Даму бағдарламасына, Еуропалық комиссияға ризашылық білдіреміз.

Қымбатты қазақстандықтар! Құрметті қонақтар!

40 жыл бойы біздің халқымыз жаһандық ядролық текетіретстің кепілгері болып келді. Семей полигонын жабу және ядролық қарудан бас тарту тәуелсіз Қазақстанның адамзатқа жолдаған алғашқы сәлемдемесі болды.

Біздің еліміз әлемдегі ауқымы жөнінен төртінші ядролық арсеналдан ерікті түрде бас тартты. Әлем алдындағы жаһандық жауапкершілігімізді сезіне отырып біз, өмірдің өзі көрсетіп бергеніндей, бірден-бір дұрыс шешім қабылдадық.

Қазақстан ТМД-да алғашқылардың бірі болып Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа және Ядролық сынақтарға баршаны қамтитын тыйым салу туралы шартқа қосылды.

Тура 15 жыл бұрын біздің еліміздің аумағынан соңғы ядролық оқтұмсықтар біржолата әкетілді және әлемнің ядролық державалары біздің еліміздің Қауіпсіздігіне кепілдік туралы меморандумға қол қойды.

Қазақстанның бастамасы бойынша 2006 жылы нақ осында, Семейде, Орталық Азияда ядролық қарудан ада аймақ құру туралы шартқа қол қойылды.

Осынау тарихи актілер халықаралық қоғамдастыққа біздің күш қолдану мен әскери қатерден ада бейбітшілікті жақтайтынымызды көрсетіп берді. Осынау тарихи белестердің әрқайсының артында тұтас елдің ядролық қарусыз таңдауын өз бойынан өткерген жүздеген мың адам тағдыры тұр.

Өкінішке орай, Қазақстан өнегесіне ергендер аз-ақ болды, сөйтіп бүгінде ядролық қатер, радиацияға ұрынған ағза секілді үсті-үстіне жаңа кейіпке түсіп, бүлдіруін жалғастыруда.

Жуырда Солтүстік Кореяның ядролық сынақ өткізуі, Иран ядролық бағдарламасы төңірегіндегі қарама-қайшылықтар, екі ядролық державаның – Үндістан мен Пәкстанның көп жылдардан бергі қарсытұрушылығы, лаңкестердің өз ядролық қаруына ие болу әрекеттері – осының бәрі бүгінде әлемдік тепе-теңдіктің қандайлық шетін болып отырғанын тағы да көрсетіп берді.

Қазақстанның ядролық қарусыздану өнегесі бүгін де – әлемнің құз шетіне қарай жылжуын еске салатын үдеріске нақты балама. Мен осында, Семейде, біздің шетелдік достарымызды – Қазақстанда тіркелген дипломатиялық миссиялардың басшыларын, жетекші әлемдік бұқаралық ақпарат құралдарының журналистерін құттықтауға бек қуаныштымын.

Мен сіздер өз елдеріңіздің басшылығына, әлемдік қоғамдастықтың қалың ортасына Қазақстан халқының планетада ядролық қатерді толық жоюға бағытталған өз саясатын жалғастыруға деген ұмтылысын жеткізсе екен деймін.

Өз әріптестерімен бірлесіп, Қазақстан алдағы кезде де ядролық қарусыз дүние жолындағы жаһандық қозғалыс құруға бар күш-қуатын жұмсайтын болады. Бұл қозғалысқа біз саяси партияларды, қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдарды, барлық белсенді де алаң көңіл адамдарды қосылуға шақырамыз.

29 тамызды, осыдан 18 жыл бұрын, ядролық полигон жабылған күнді Жаппай қырып-жою қаруынан бас тартудың бүкіләлемдік күні деп жариялау бастамасы назар аударуға тұрарлық деп санаймын. Біз бұл ұсынысты Біріккен Ұлттар Ұйымының қарауына ендіруге әзірміз.

Біз Орталық Азияда, Латын Америкасында, Африкада және Оңтүстік-Шығыс Азияда ядролық қарудан ада аймақтар құру өнегесі әлемнің басқа бөліктерінде де пайдаланылады деген сенімдеміз. Сайып келгенде, біздің бүкіл планета бейбітшілік пен қауіпсіздіктің біртұтас аймағына айналуы тиіс.

Тек ортақ күш-қуат арқылы біз ядролық қарусыз дүние құруға қарай табанды қадам жасай аламыз!

Алдағы 10 жыл бүкіл әлем үшін сын болады деп ойлаймын. Бұл жылдар біз толығымен ядролық «Дамокл селебесінен» құтыла аламыз ба, әлде ол адамзатқа одан әрі қатер төндіре бере ме дегенді көрсетіп береді.

Сондықтан таратпау тетіктерін дереу қайта қарауға кіріскен жөн.

Соңғы 40 жыл бойына Ядролық қаруды таратпау туралы шарттың негізгі міндеті – жалпыға ортақ әмбебаптығы сол шешілмеген күйі қалуда.

Ол өз төңірегіне бүкіл ядролық державалар мен осы мәртебеден үміткер мемлекеттерді біріктіре

алмағаны былай тұрсын, сонымен бірге ядролық қаруды жетілдіруге тыйым да сала алмады.

Әлемдік қоғамдастық Ядролық қаруды жалпыға ортақ көлбеу және тіктеп таратпау туралы жаңа әмбебап шарт жасауға тиіс.

Жаңа Шартты қалыптастыруға және сақтауға ядролық қаруға ие елдердің шағын тобы ғана емес, баршаның – ядролық та, сондай-ақ ядролық емес те мемлекеттердің халықаралық қоғамдастығы қатысуы тиіс.

Бұл шарт сондай-ақ қолда бар ядролық арсеналдарды кез келген түрде жетілдіруге тыйым салуы керек. Өйтпесек, біз жаңа, ендігі жерде «ядролық жанталастың» технологиялық өрістеуінен құтыла алмаймыз.

Біз ядролық державаларды әлемдік қоғамдастық алдындағы өз жауапкершілігін танытуға және, сайып келгенде, өз арсеналдарын саңдық және сапалық қысқарту жөніндегі міндеттемелерін орындауға шақырамыз.

Осыған байланысты біз АҚШ Президенті Барак Обаманың әлемдегі барлық мемлекеттердің ядролық қаруын толық жою қажеттігі туралы мәлімдемесін құптаймыз.

Қазақстан сондай-ақ Ресей мен Құрама Штаттар президенттерінің ядролық қарусыздану және стратегиялық шабуыл қару-жарағын қысқарту саласындағы жуырдағы бастамаларына қолдау білдіреді.

Халықаралық қауіпсіздік проблемасы Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға алдағы төрағалығының басты басымдықтарының бірі болады.

Біздің елімізде әлемдік антиядролық қозғалыстың көшбасшыларының бірі ретінде көрінуге абсолюттік тарихи және моральдық құқығы бар.

Бұған бізді халқымыздың тарапынан болған құрбандарды еске алу міндеттейді!

Бұған бізді балаларымыздың – Құдайдың өзі батасын берген осынау планетаның болашақ тұрғындарының бейбіт өмірі туралы қамқорлық міндеттейді!

Әлемдік және дәстүрлі діндер
көшбасшыларының III съезінде

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2009 жылғы 1 шілде

**Құрметті съезге қатысушылар мен
қонақтар!**

Құшағы кең, қонақжай қазақ жеріне келген
қадамдарыңыз құтты болсын!

Шақыруымызды қабыл алып, бүгінгі алқалы
жиынға қатысып отырған сіздердің баршала-
рыңызға қазақстандықтар атынан шынайы риза-
шылығымды білдіремін.

Біздің шақыруымызға үн қосқан, сөйтіп адамдарға өз баталарын беріп, дінбасылық аманаттарын тапсыру үшін осында жиналған бүкіл әлемнің діни көшбасшыларын – Қазақстанның достарын есен-саулықта көру мен үшін бір ғанибет.

Сіздердің әлем туралы діни қамқорлық сезімдеріңіз, Жер бетінде келісімге қол жеткізу ісіне деген сіздердің берілгендіктеріңіз осымен үшінші рет баршаңызды Астанаға жеткізіп отырғанын біз жоғары бағалаймыз.

Біздің жас елордамыздың мәртебелі меймандарды өзінің туған күні қарсаңында қарсы алуының символдық сипаты бар.

Астана – конфессияаралық келісімнің қаласы. Бейбітшілік және келісім сарайы, мешіттердің мұнаралары, христиандық храмдар мен синагогалардың күмбездері, басқа дін өкілдерінің ғибадат үйлері қаланың сәулеттік ансамблінің және оның рухани өмірінің ажырағысыз бөлігіне айналып келеді.

Астана – өзінің бүкіл тарихында аса ұлы өркеніеттердің тарихи және мәдени мұраларының тоғысу орталығы болған елдің ордасы.

Бүкіл әлемнің саны жағынан жылдан жылға өсе түскен діни, мемлекет және қоғам қайраткерлері съезд жұмысына қатысуды өзі үшін маңызды санайды. Егер 2006 жылы біздің форумға 29 делегация қатысса, бүгін осы залға әлемнің 35 елінен 77 делегация жиналып отыр.

Мен исламның аса беделді өкілдерін құттықтауға қуаныштымын. Біз сіздерге «Ассалаумағалейкум!» дейміз.

Біз үшін өзімізде христиандықтың көрнекті қайраткерлерін қабылдау үлкен құрмет. Сіздерді өздеріңіздің тақуалық әрекеттеріңізде Құдай сақтасын!

Иудаистік қауымдастық көшбасшыларына сөз арнап, біз «Шалом алейхем!» дейміз.

Біз Шығыстың бағзыдан келе жатқан діндері – буддизмнің, индуизмнің, даосизмнің, синтоизмнің және зороастризмнің өкілдерін съезімізге қатысуымен құттықтаймыз. Нұр жаусын сіздерге!

Бүкіл әлемнің көптеген көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері біздің шақыруымызға үн қосып, осы форумға қатысып отырғанына қуаныштымыз.

Сіздердің барлықтарыңызға біздің съезге қатысу мүмкіндіктерін тапқандарыңыз үшін ризашылық білдіремін.

Қымбатты достар!

Этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық тәжірибесі кеңестік кезеңнен кейінгі кеңістікте барынша табысты тәжірибелердің бірі ретінде мойындалған.

Біздің елімізде 3 200 дерлік мешіттер, шіркеулер мен ғибадат үйлері жұмыс істейді. Бұрнағы күні ғана осында, Астанада, мен жаңа Күмбезді

мешіт тұрғызылатын жерге құты салдым. Келесі жылы біздің өңірдегі ең үлкен шіркеулердің бірі православиелік Успение Құдай Ана храмының құрылысы аяқталатын болады.

II съезге салынған Бейбітшілік және келісім сарайы өткен 3 жылда еліміздің шынайы рухани орталығына айналды. Мұнда түрлі конференциялар мен форумдар жүйелі өтіп тұрады.

Мен өткен съезде уәде еткенімдей, біз Мәдениеттер мен діндер халықаралық орталығын құрдық, ол да осы сарайда орналасқан.

Мемлекеттің қолдауымен Қазақстанда Ислам мәдениеті мен білімінің қоры құрылуда.

* * *

Сан ғасырлар бойы түрлі этностар мен діни нанымдардың рухани мұрасымен кемелденген Қазақстанның біртұтас халқы өз бойына толеранттылық, діни төзімділік және жаңа атаулыны қабылдауға деген ашықтық секілді қасиеттерді қалыптастырған.

Сондықтан да біз ғасырлар бойы қалыптасқан осынау адамгершіл императивті бүкіл адамзатқа жеткізуді өз міндетіміз сезінеміз.

Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымы қолдау білдірген айтулы бастамаларының бірі 2010 жылды «Халықаралық мәдениеттер жақындасуының жылы» деп жариялау болды.

Сондай-ақ, Қазақстанға алдағы жылдары Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына және Ислам конференциясы ұйымына басшылық жасаудың жоғары сенімі көрсетілгенін мақтанышпен атап өте аламын.

Біз ЕҚЫҰ және ИКҰ бойынша өз әріптестерімізге съездің шешімдері мен ұсыныстарын мақсатты түрде жеткізіп, оларды өз төрағалығымыздың кезеңінде іске асыруға ұмтылатын боламыз.

* * *

Қазақстанның бастамасы бойынша шақырылған Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі де осы заманғы діндер арасындағы жаһандық үнқатысудың құрамдас та ықпалды бөлігіне айналды. Ол елеулі рөл атқарып, діни көшбасшылардың, діндер мен халықтардың арасындағы өзара түсіністіктің өсуіне жәрдемдесуде.

11 қыркүйектегі сойқан терроризм әрекеттен кейін әлемге атышулы «өркениеттер қақтығысы» дейтін қара бұлт төнген кезде, 2002 жылы біз съезд шақыру туралы бастама көтердік. Алғашқы форум 2003 жылы болды.

Оған қатысушылар – бүкіл әлемнің аса беделді діни қайраткерлері Декларация қабылдап, онда конфессияаралық үнқатысу халықтар арасындағы бейбітшілік пен келісімге қолдау білдірудің аса маңызды құралы деп аталды.

II съезді біз 2006 жылы өткіздік. Бұл Таяу Шығыстағы ахуал күрт шиеленісіп, Иракта соғыс жүріп жатқан күрделі уақыт еді. Бұл оқиғалар түрлі діни нанымдағы адамдардың арасында сенімсіздікті күшейтіп, бүкіл әлемге толқындала таралып жатты.

Сол жолы Астанаға жиналған әлемдік діни көшбасшылар мемлекеттерді үнқатысу жолынан таймауға, сөйтіп Бейбітшілік және келісім мәдениетін нығайту жөнінде шаралар қабылдауға шақырды.

Міне, тағы да біздің елімізде бүкіл планетаның дінбасылары жиналып отыр.

Тағы да осы заманғы дүниедегі ахуал алаңдаушылық туғызып отыр.

Планетаның түрлі өңірлерінде адамдар Құдайдың басты өсиетін бұзып, бірін-бірі өлтіруді жалғастыруда. Мыңдаған бейбіт тұрғындар бұлдыр мақсаттар мен мүдделерге құрбандыққа шалынуда.

Тек соңғы жылда ғана Ыстамбұлда, Мумбайда, Пешаварда, Бағдадта ауқымы жағынан бұрынсоңды болмаған терроризм әрекеттер орын алды. Күш қолдану күш қолдануды туғызады, содан да осынау тұйықталған шектің ақыры көрінетін емес.

Ауғанстандағы ахуал бұрынғыдан да қатты шиеленісіп, мұнда бүкіл өңірдің тұрақтылығына қауіп төндіретін экстремистер тағы да бас көтере бастады. Бұл елде өндірілген есірткі бүкіл әлемді жайлады.

Ядролық қатер бүкіләлемдік қоғамдастықты шиеленісте ұстап тұр. Халықаралық ядролық қауіпсіздік жүйесі іркіліс жасап, жаппай қырып-жою қаруының «тарамдалу» үдерісін тоқтата алмады. Ядролық материалдар контрабандасы мен бірқатар террористік топтардың өзінің ядролық қаруына ие болу әрекеттері қорқынышты нақтылыққа айналуда.

Осылайша, әлем тұрақтылығына төнген қатер азайған жоқ. Тіпті жаңалары пайда болды.

Бүгінде адамзат соңғы онжылдықтардағы ең ауқымды жаһандық қаржы-экономикалық дағдарысты бастан кешуде, ол әлемдік экономиканың негіздеріне қатаң соққы берді.

Күйреу салдарынан әлемдік экономика триллиондаған долларларды жоғалтты. ХВҚ мәліметтері бойынша, әлемнің 50-ге жуық мемлекеті экономикалық шыңыраудың шетіне жетті. Әлемнің бүкіл өнеркәсіптік дамыған экономикалары – АҚШ, Жапония, Еуропалық Одақ және Ресей рецессия жағдайында. Соңғы ондаған жылда алғаш рет Қытай экономикасының өсуі баяулады.

Экономикалық, қаржы дағдарысы әлемнің жоғарыда аталған барлық проблемаларын шиеленістіре түсуде.

Осындай күрделі жағдайларда барлық елдер өз экономикаларын құтқарумен белсене айналысуда. Дағдарысқа қарсы шаралар көлемі 10 трлн

доллардан асып түсті. Валюта резервтері азайып, мемлекеттік қарыздар өсуде.

Солай болса-дағы осы жолғы әлемдік дағдарыс көп ретте заңды болып отыр.

Соңғы онжылдықтардағы әлемнің экономикалық дамуы, технологиялардағы ғаламат секіріс кедейшілік пен аштық секілді мәңгі проблемаларды шеше алмады.

Несиелеудің қампиған жүйелері, «оңай ақша» есебінен тұрмысты жақсарту әрекеттері бүгінде жүз мыңдаған адамдар үшін нағыз қасіретке айналды. «Еңбексіз байлық табу» иллюзиясы қатардағы алдаушылық болып шықты.

Тағы да адамзаттың алдынан әзірге ешкім де үзілді-кесілді жауап бере алмаған сұрақтар өткір қойылып отыр.

Жаратқанның өзі адамзатқа сый еткен әлемнің бүкіл сансыз байлығы неліктен оның аз ғана бөлігінің игілігіне қызмет етеді?

Кедейлер мен байлардың арасындағы алшақтық өршелене өршіп, ұлғайып барады. Ал осындай кезде миллиардтан астам адам күніне 1 доллардан аз қаржыға тірлік кешуде.

Бір елдерде қоқыстарда барлық өндірілген өнімдердің үштен бір бөлігі жойылуда. Планетаның басқа бөліктерінде тұтас елдер мен өңірлер аштық қатерінде қалып отыр.

Осы заманғы ғылымның сондайлық ғажап табыстары жағдайында неліктен әлемді кенеттен

пайда болатын планеталық індеттің қатері сілкініп тұрады, ал миллиардтаған адамдардың неліктен медициналық көмекке қолжетімділігі жоқ?

10 млн дерлік бала жыл сайын 5 жасқа жетпестен, оның үстіне емдеуге болатын аурулардан шетінеп жатады. Әлемде 30 млн-нан астам адам ВИЧ-инфекциямен ғұмыр кешуде, ал антиретровирустық терапияға олардың 3 млн-ының ғана қолы жетеді екен. Адамзатқа жаза секілденіп жаңа індеттер пайда болуда, ал олардың алдында ғылым әзірге әлсіз болып тұр.

Жер бетіндегі игіліктер жолындағы бассыз бәсекеде неліктен өмірдің адамгершілік жақтары ұмытыла беріп, тұтынуға табынушылық неліктен көптеген адамдар үшін өмірдің мәніне айналды?

Тұрақты өзін-өзі рухани жетілдіру қажеттігі екінші қатарға ысырылды. Дүниені материалдық құндылықтар – ақша, ашқарақтық пен табыс жолындағы ойсыз бәсеке билеп-төстеп алғанына көпшілік көз жұмып қарайтын болды.

Упанишадтарда «сыпыра білмеушілікте болған көргенсіздер былай деп ойлайды: «Біз мақсатқа жеттік» делінген.

Адамзаттың прогресі де кейде қателікпен қолайлы да жайлы тұрмыс жағдайын жасау үдерісімен бірдей пайымдала бастады.

Сонда адамзаттың ғұмыр кешуінің шынайы мәні осында ма? Бәлкім, тоқтап, біз осы қайда

барамыз, бізді болашақта не күтіп тұр дегенді ойланатын уақыт жеткен шығар?

Өкінішке орай, адам қауымдастығы руханилық регресті бастан кешуде дейтіндер ішінара дұрыс болып шығады. Мүмкін, осы заманғы дүниедегі барлық экономикалық сілкіністердің терең себебі осында болар.

Дағдарыс экономикадағы, күнделікті адам өміріндегі, түрлі экономикалық құрылымдар секілді адамдардың, елдер мен халықтардың өзара қарым-қатынасындағы адамгершілік бастаулардың мәнін бірнеше қайтара өзекті етті.

Қазіргі ахуалды ой елегінен өткізуге және дағдарысты еңсеруге тың көзқарас қажет екендігіне сенімдімін. Мұнда ескі амалдар мен қасаңдықтар жарамайды. Оның бәрі жартыкеш шара болады.

Қазіргі жаһандық экономикалық «зілзала» рухани әлемнің тектоникалық қабаттарын қозғалысқа келтірді.

Осы қозғалыстар неге соқтырады? Бұл тұрғыда қазірдің өзінде жаһандық соғыстар, күш қолдану мен қатыгездіктің жаңа ауқымды өршулері туралы қатерлі болжамдар бар.

Әлде адамзат жемісті де тең тұрғыда барлық мәдениеттер мен халықтар өзара ықпалдасатын тірлік формуласын табатын болар.

Бүкіл адамзатқа сөз арнаған Мұхаммед пайғамбар, иә, Алла жар болсын оған, бұл өмірдегі өз миссиясының басты мақсатын айқын тұжы-

рымдаған: «Мен ізгіліктің тектілігін жетілдіру үшін ғана жіберілгенмін».

Иса Мәсіх былай деген: «Егер адам бүкіл дүниеге ие болса, ал өз жанына жарақат түсірсе, одан оған не пайда бар?»

Бүгінде алдыңғы тұрғыға ізгілік бастаулары шығуы тиіс. Осынау маңызды құралсыз қоғамның дағдарыстан дамудың әлдеқайда жоғары траекториясына шығуы мүмкін емес. Мен бұған әбден сенімдімін.

Барлық кезеңде мәртебелі моральдық құндылықтардың сақтаушылары діни көшбасшылар – түрлі діндердің басшылары болған және болып отыр. Нақ сондықтан да осынау күрделі кезеңде дін қайраткерлеріне айрықша үміт артылады.

Бүгінде қай кездегіге қарағанда діннің адамгершіл-гуманистік императивтері қажет болып отыр.

Талмудтың аңызында былай делінеді: «...әр адам мынаны есте сақтағаны жөн, дүние ол үшін және оның жауапкершілігіне жаратылған».

Нақ сіздер, діни көшбасшылар, руханилықтың – дүниенің үйлесімді дамуының басты шартының қайта өрлеуінің жүргізушілері бола аласыздар. Біз өз съезіміздің мәртебелі мақсатын осыдан көреміз.

Құрметті съезге қатысушылар!

Құдай шамаң жетпейтін жүк бермейтіні белгілі, сондықтан да бүгінде адамзаттың өзінің бұрынғы қателіктерін түзеу мүмкіндігі әлі де бар.

Қазіргі дағдарыс әлемге қайта өзгерудің, адамзаттың әділ дүние тәртібі туралы мәңгі арманын іске асырудың бірегей мүмкіндігін береді. Ал бұл мүмкіндікті жіберіп алу кешірілмес өкініш болар еді.

Оның үстіне, бұрын әрдайым болып келгеніндей, жаңа әлемдік тәртіп кезекті жаһандық әскери қақтығыстан кейін емес, бейбіт түрде – үнқатысу және өзара қолайлы ұстанымдарды әзірлеу жолымен құрыла алар еді.

Біздіңше, жаңа дүние құрылысының негіздері қандай?

Біріншіден, бұл – әділ экономикалық модель.

Ол адал да әділ әлемдік қаржылық, валюта жүйесіне негізделуі тиіс, онда алдау мен ысырапқорлыққа орын болмайды. Онда адам жасайтын игілік әрбір адамның жасампаздығы мен прогресіне, оның рухани өсуі мен жетілуіне бағытталатын болады.

Екіншіден, бұл – мемлекеттер арасындағы өзара қатынастардың әділ саяси моделі.

Мұнда басты орынға жекелеген елдердің емес, бүкіл әлемнің мүдделері қойылуға тиіс. Халықаралық қатынастардың жаңарған жүйесінде үлкен және шағын елдерге, «жақсы» және «жаман» халықтарға бөлу болмауға тиіс. Осынау жаңа дүние баршаға ортақ сенім мен құрметтің, әріптестік пен үнқатысудың дүниесі болуы тиіс.

Сондықтан да бізді АҚШ-тың жаңа басшылығының мұсылман әлемімен өзара түсіністікті жолға қоюға деген ұмтылысы қанаттандырады. Әлемде маңызды өзгерістер бола бастағанының белгісі бұл.

Біз сондай-ақ Сауд Арабиясы Королінің мәдениеттер мен діндер ұнқатысуы туралы ұсынысына қолдау білдіреміз.

Үшіншіден, бұл – жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге деген жаңа көзқарас.

Планетада ахуалды тұрақтандырып, оны қауіпсіз жасай алатын халықаралық кооперацияның жаңа пішіндерін әзірлеу жөнінде табанды іс-қимыл қажет. Терроризм мен есірткі бизнесіне қарсы тұрудың әлдеқайда тиімді тетіктері талап етіледі.

Бүкіл адамзаттың ядролық қарусыз дүниеге қарай жаһандық қозғалысында күш-қуатты біріктіру айрықша маңызды.

Бұдан 40 жыл дерлік бұрын қабылданған Ядролық қаруды таратпау туралы шарт ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің әмбебап тетігі бола алмады. Ол жаңа ядролық мемлекеттердің пайда болуына жол бермеу былай тұрсын, сонымен бірге «ядролық клуб» мүшелерінің жаппай қырып-жою қаруын жетілдіруіне тыйым да салмады.

Сондықтан халықаралық қоғамдастық ядролық қаруды таратпау тетіктерін дереу қайта қарауға

және жаңа әмбебап Ядролық қаруды баршаға ортақ көлбеу және тіктеп таратпау туралы шарт жасауға кірісуі тиіс.

Әлемдік қоғамдастық алдындағы өз жауапкершілігін түйсіне отырып, біздің еліміз әлемдегі төртінші ядролық әлеуетінен ерікті түрде бас тартты. Өкінішке орай, біздің өнегемізбен жүргендер әзірге аз ғана. Сондықтан Қазақстан планетадағы ядролық қатерді толық жоюға бағытталған саясатын одан әрі жалғастыратын болады.

Біз Біріккен Ұлттар Ұйымына 29 тамызды, бұдан 18 жыл бұрын менің жарлығыммен Семей ядролық полигоны жабылған күнді, Жаппай қырып-жою қаруынан бас тартудың бүкілдүниежүзілік күні деп жариялау бастамасымен қайырылды.

Нақ осы БҰҰ аясында әлемдік қоғамдастық бүкіл адамзатқа төнген осы заманғы қатерлерге қарсы тұру шараларын әзірлеуі тиіс.

Төртіншіден, жаңа дүние тәртібі жоғары адамгершілік пен рух байлығынсыз мүмкін емес.

Нақ осылар дағдарыстан кейінгі дүниені қайта құрудың басты тетіктері болуы тиіс. Әр халықтың мәдениетінде бар жақсының бәрі бүкіл адамзаттың игілігі болуы керек. Мұндай дүниеде өзара күмәнданушылыққа, діни және басқа негіздер бойынша кемсітушілікке орын болмауы керек. Бұл прогресс дегеніміз материалдық игіліктердің санымен ғана емес, сонымен бірге жоғары адамгер-

шілікпен және адамдардың жауапкершілігімен өлшенетін қоғамдас-тық болады.

Мұндай дүние тәртібін құруға жетекші державалар ғана емес, сонымен бірге барлық басқа елдер мен халықаралық ұйымдар қатысуы керек.

Нақ осы тұрғыда өзімнің «Дағдарыстан шығу кілті» деген мақаламда мен түбегейлі жаңару жоспарын әзірлеуді ұсындым. Бұл жоспарда жаңа валюта жүйесін құру, ұлттардың, халықтар мен елдердің шаруашылық жүргізу мен жоспарлаудың жаңа, әлдеқайда тиімді тәртібіне көшу жөніндегі шаралар ғана болмауы тиіс. Мәдениеттердің өзара баюының шексіз мүмкіндіктерінен өз әлеуетін алатын рухани саладағы түбегейлі инновацияларды мен оның ажырағысыз бір белгісі ретінде көремін.

Соңдықтан дағдарысқа тек материалдық тұрғыдан қарсы тұруды қарастыру тым тар өрісті болар еді.

Санадағы өзгерістерсіз, моральдық нормалар мен биік адамгершілік қағидаттарды қатаң сақтаусыз дағдарысты еңсере алмайтынымызға мен сенімдімін!

Тек әділ әлемдік тәртіп қана адамзат қоғамы өркендеуінің негізі бола алады!

Астанада құрылған Мәдениеттер мен діндер халықаралық орталығының қызметі нақ осыған бағытталуы тиіс.

Оның аясында түрлі мәдениеттер мен діндер өкілдерінің үнқатысуын кеңейту маңызды. Оған зайырлы және діни БАҚ-тардың және жастар бірлестіктерінің, ғылыми және шығармашылық дегдарлар өкілдерін тартқан жөн.

Орталық бейбітшіліктің, келісім мен әділдіктің зияткерлік зертханасына айналып, жаһандық күн тәртібіне ұсыныстар әзірлеп ұсынуы тиіс. Ол съездің жұмысшы құрылымы болып, оның барлық қатысушыларын жаңа идеялармен және ұсыныстармен нәрлендіруі керек.

Біздің съездің Хатшылығы, Орталықпен бірлесіп, жұмысы мәдениеттердің үнқатысуы мен экономикалық өзара ықпалдастыққа бағытталған басқа форумдармен және халықаралық ұйымдармен үнқатысу және ынтымақтастық үшін Діни көшбасшылар кеңесін құру мәселесін ойластыра алар еді.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының III съезіне қатысушылар осындай көзқарасты жақтайды деген сенімдемін.

Құрметті съезге қатысушылар мен съезд қонақтары!

Өздеріңіздің мінажаттарыңызда, уағыздарыңызда, адамдармен кездесулеріңізде сіздер адамзатқа Құдай Сөзін жеткізіп, осынау дүниенің көнермейтін құндылықтарын сақтаушы болып табыласыздар.

Сіздер миллиардтаған адамдарға арнаған әрбір өз сөздеріңіз олардың іс-әрекетіне, сенімдері мен құндылыққа бағдарлануына қалай ықпал ететінін толық мәнінде сезінесіздер деп сенемін.

Қазақстан жерінен біз бірлесіп адамдарға жолдайтын барлық діндердің негізіне алынған ізгіліктің, әділдік пен қайырымдылықтың жоғары мұраттарын ұстану жөніндегі шақыруымызды олар естиді деген үміттемін!

«Халықтарды бір бірінен бөлетін теңіздер емес, надандық пен тілдердің бөлектігі де емес, араздық қана» деген даналық сөз бар.

Достық жоқ жерде араздыққа мүмкіндік мол болмақ. Сондықтан да біздің басқосуымыз халықтар арасында сенім мен достықты нығайтуға игі ықпал етеді деген сеніммен жиналып отырмыз.

Съезд жұмысының табысты өтуіне тілектестігімді білдіремін.

**Қазақстан Республикасының Конституциясы
күніне арналған әскери шеруде**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2009 жылғы 30 тамыз

**Қымбатты отандастар!
Қадірлі қонақтар!
Сардарлар мен сарбаздар!**

Сіздерді Конституция күнімен шын жүректен
құттықтаймын.

Конституция күні – біздің мемлекетіміздің,
халқымыздың ең ұлық мерекелерінің бірі.

«Көптің сөзі – киелі» дейді дана халқымыз.
Ел-жұрттың талқысынан өтіп, таңдауына айналған
Басты құжатымыздың авторы – бүкіл Қазақстан
халқы.

Ғасырлар тоғысында әлемдік өркениеттің шыңына ұмтылған Қазақстан халқы тарихи да тағдырлы шешім қабылдап, жасампаз жаңа дәуірге қадам басты. Ата заң біздің бүкіл жарқын істеріміздің қайнар бастауына айналды.

Конституция мызғымас мемлекеттігіміздің алтын қазығы, бірлігі мен ынтымағы жарасқан елдігіміздің бұлжымас бағдары, кемел келешегіміздің кепілі!

Конституцияны басшылыққа ала отырып, біз тәуелсіздігіміз бен мемлекеттігімізді нығайту жолында ғасырлық мәні бар ауқымды істер атқардық.

Біз аз уақытта айбары асқан қуатты ұлтқа, дәулеті тасқан әлеуетті елге айналдық. Ортақ шаңырағымыздың шекарасын шегелеп, іргемізді мызғымастай етіп бекіттік. Тағдыр тоғыстырған, тарих табыстырған түрлі ұлт өкілдері Конституция қағидаттары төңірегіне топтасты. Еуразияның жүрегіне орналасқан елордамыз әлемге руханияттың ірі орталығы, саясаттың іргелі ордасы ретінде танылды.

Әрбір азаматы өзін тең сезінетін, татулығы жарасқан Қазақ елінің, Қазақстан халқының қарымды істері бүгінде әлем жұртшылығы үшін үлгі-өнегеге айналды. Мұның өзі біздің Ата заңымызда бүкіладамзаттық құндылықтар мен өркениеттік игіліктердің барлығы қамтылғанын айғақтайды.

Конституция күнінің елдік пен егемендіктің, іргесі берік мемлекеттіліктің темірқазығына айналған әсем Астанамыздың төрінде, «Қазақ елі» монументі орналасқан орталық алаңда өтуінің де өзіндік мәні зор.

Ұшар басында алып самұрығы қанат қаққан «Қазақ елі» монументі бабаларымыздың «мәңгілік ел орнату» идеясына қойылған ескерткіш-белгі! Халқымыздың өткені мен болашағын жалғап тұрған, оның мәңгілік мұраты мен асыл арманы бейнеленген бұл алаң – еліміздің басты алаңы!

Байтағымыздың осы басты алаңында бүгін тұңғыш рет мерекелік әскери парад өтуде.

Конституция – біздің асқақ абыройымыз, Қарулы Күштер – ашық аспанымызды қорғайтын айбынды айбарымыз!

Конституция да, ұлттық армия да біздің тәуелсіздігіміз бен мемлекеттігімізді айшықтайтын айрықша нышандардың бірі.

Біз мемлекеттік рәміздерімізді ұлықтап, тәуелсіздігімізді көзіміздің қарашығындай сақтауға міндеттіміз!

Біз ұланғайыр байтақ даланы ақ білектің күшімен қорғап қалған батыр бабаларымыздың асқақ аманатына адал болуымыз керек. Олар елі азат, жері тұтас қуатты мемлекет құруды, Жерұйықта ғұмыр кешуді аңсады. Осы арманды ақиқатқа айналдыру бақыты біздің ұрпаққа бұйырды. Елімізді әлемнің маңдайалды мемле-

кеттерінің қатарына қосып, қарқынды дамытып, Қазақстанды қарыштап өркендете беру – біздің қастерлі де қасиетті борышымыз!

Біздің тәуелсіздігіміз бен тұтастығымызды, тыныштығымыз бен бейбіт тірлігімізді қас қақпай күзетіп тұрған, халқымызға қорған болған ұлттық әскеріміздің айбыны арта берсін!

Құрметті қазақстандықтар!

Конституцияның «Біз, Қазақстан халқы...» деген алғашқы сөздері – бұл көп ұлтты еліміз бірлігінің мызғымас формуласы. Қазақстан жерінде тұратын барлық азаматтардың теңдігі – біздің Отанымыздың табысты дамуы мен өркендеуінің басты қайнар көзі.

Біздің Негізгі заң – біз бірлесіп Жаңа қоғам, Жаңа мемлекет, Жаңа экономика тұрғызып жатқан сенімді іргетас.

Қысқа мерзімде біздің еліміз болашаққа серпінді секіріс жасады, біздің көз алдымызда еліміздің жаңа тарихы қалыптасуда.

XXI ғасырдың Қазақстаны халықтың сан ғасырлық үміті мен арманының, оның бостандық пен тәуелсіздікке ұмтылысының іске асуын танытады.

Біз өз тарихымызда тұңғыш рет басты міндеттерді шештік – мықты мемлекеттілік пен экономиканы құрдық, халықтың әл-ауқаты артуын қамтамасыз еттік, халықаралық қоғамдастықта лайықты

орын алдық. Бүгінде біздің жетістіктерімізді бүкіл әлем мойындайды.

Қазақстан жолы халық пен елдің шынайы қуаты неде екенін көрсетіп берді.

Бұл – бірлік пен келісім, күшті саяси ерік-жігер және стратегиялық даму басымдықтарын айқын түсінушілік.

Сондықтан да елдің басты табысы – жаңа Қазақстан рухының – өзгерістер мен болашаққа ұмтылыс рухының туындауы.

Өркенді де күшті Қазақстан – біздің мемлекеттіліктің мақсаты мен мәні осында.

Негізгі заң – әрбір қазақстандықтың әл-ауқаты артуының кепілі. Тегін орта білімді, азаматтардың денсаулығын сақтауды, аналар мен балаларға, мүгедектер мен аға ұрпақ адамдарына қамқорлықты мемлекет қамтамасыз етеді.

14 жылда елдің экономикалық қуаты – 8 есе, халықтың табысы 17 есе өсті.

Бұл – елдің Негізгі заң бойынша өмір сүруінің нақты нәтижелері!

Бірақ та Конституция қатып қалған догма емес.

Уақыт рухына сәйкес біз оны жаңа мазмұнмен толықтырдық, Қазақстан дамуының басты векторын президенттік-парламенттік республика ретінде анықтадық.

Біз Парламенттің рөлін күшейттік. Саяси партияларды, тәуелсіз сот төрелігін, жергілікті өзін-өзі басқаруды нығайттық.

Конституцияда Астананың біздің мемлекетіміздің жаңа елордасы ретіндегі мәртебесі бекітілген. Астана Қазақстанның жаңа дәстүрін – жасампаздық құрылыс және жеңе білу дәстүрін бастап берді! Сондықтан да елорданың өркендеуі – біздің халқымыздың саяси асқақ абыройы. Біз енді бүкіл Қазақстанды осындай өркенділікке жеткіземіз!

Бүгінде Қазақстан – әлемдік қоғамдастықтағы жауапты да құрметті әріптес, Орталық Азияның шешуші елі.

2010 жылы Қазақстан Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етеді. Осынау жоғары миссияны біз лайықты атқаратынымызға сенімдімін.

Конституцияның мызғымас құндылығы уақыт сынағынан өтті. Негізгі заң әлемдік экономикалық дағдарыстың күрделі жағдайында біздің қоғам тұрақтылығының кепілі болып отыр.

Біздің экономика осынау жаһандық апаттың қыспағына шыдап берді.

Мемлекет әрбір ауылға, әрбір қазақстандық отбасына көмек көрсетіп, қолдау білдірді. Бюджет қызметкерлерінің жалақысы, зейнетақы, жәрдемақы мен шәкіртақы ұлғаюда. Шағын және орта бизнеске, құрылыс индустриясына, жетекші банктерге қолдау көрсетілді. Болашағы зор инновациялық жобаларға орасан зор инвестициялар жұмсалуда. Қазірдің өзінде

350 мыңнан астам жаңа жұмыс орындары ашылды.

Бүгінде біз экономикалық дамудың жаңа сапасына қол жеткізуге және барша қазақстандықтар өмірінің жоғары стандарттарын қамтамасыз етуге бағдарланғанбыз.

Осының бәрі Қазақстан Конституциясы халық үшін жасалған, халық қабылдаған және халықтың игілігіне қызмет етеді дегенді білдіреді!

Конституция біздің тәуелсіздігімізді нығайтты, мемлекетті және бүкіл қоғамды берік етті.

Сондықтан да біздің ортақ парызымыз – Негізгі заңға құнттылықпен қарау, оны өз Отанымызды, өз тарихымызды құрметтегендей құрметтеу.

Әрбір қазақстандықтың Конституцияның мемлекет пен қоғам үшін ғана емес, сонымен бірге жеке өзі, өз отбасы мен өз балалары үшін де мәнділігін бағалай білуі, конституциялық міндеттемелерін қастерлеп сақтап, орындауы маңызды.

Нақ сондықтан да біз бүгін Конституция күнін жаңаша мерекелеп отырмыз. Бүкіл еліміз бойынша салтанатты шаралар, бұқаралық патриоттық акциялар өтуде. Бұл игі дәстүрге айналуы тиіс.

Келесі жыл біздің еліміз үшін айрықша болады. Біз Конституцияның 15 жылдығын атап өтеміз. Бұл үлкен тарихи күн, оны біз жаңа жетістіктермен және табыстармен қарсы аламыз.

Конституция біздің басты құндылықтарымызды – Тәуелсіздікті, Бейбітшілік пен Тұрақтылықты ғасырларға бекітті. Барша мемлекеттік институттардың, әрбір қазақстандықтың парызы – осы құндылықтардың қырағы күзетінде болу.

Қырағы күзетшілердің алдыңғы қатарында біздің даңқты Қарулы Күштеріміз тұр. Сондықтан да бүгін, тұңғыш рет Конституция күнінде әскери парад өтуде.

Мықты армия бар кезде, елдің шекарасы күзетіліп, елдің де, оның барлық азаматтарының да толық қауіпсіздігі қамтамасыз етілген кезде мемлекет тәуелсіздігі мызғымайды.

Соған орай мен мақтанышпен айта аламын: біздің Қарулы Күштер, ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдары өздерінің басты міндеттерін – Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін нығайтуды лайықты атқарып келеді.

Қазақстанның өткенінің, қазіргісінің және болашағының ажырамас бірлігінің символы – «Қазақ елі» монументінің алдынан бүгін тұңғыш рет біздің ұлы тарихымыз мұрагерлерінің парадтық бөлімдері, әскердің барлық түрлерінің өкілдері өтеді.

Қарулы Күштерде қызмет атқару – азаматтардың қастерлі міндеті. Отан қорғаушыларына қамқорлық – мемлекеттің және бүкіл қоғамның басымдығы. Осылай болды, осылай болып отыр және әрдайым осылай болуы тиіс!

Әрбір жауынгерге сөзімді арнаймын. Сендердің ерлік еңбектерің – біздің халқымыз бостандығының, ел егемендігінің, барша қазақстандықтардың тыныштығы мен сенімділігінің берік кепілі.

Әскери тәртіпті және жауынгерлік шеберлікті нығайтыңдар! Отан қорғаушының жоғары атағын абыроймен алып жүріңдер!

Біздің жерімізде әрдайым бейбітшілік пен келісім болсын!

Біздің ұлдарымыз қару-жарақтың күші мен қуатын тек әскери дайындық кезінде білетін болсын!

Біздің мемлекетіміздің тәуелсіздігі мызғымайтын болсын!

Барша қазақстандықтарды, әскери парадтың барлық қатысушыларын Конституция күнімен құттықтаймын!

Қазақстан Республикасы Парламенті төртінші
шақырылымы ІІІ сессиясының ашылуында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2009 жылғы 1 қыркүйек

**Құрметті Парламент депутаттары!
Ханымдар мен мырзалар!**

Сіздерді Парламенттің кезекті сессиясының ашылуымен құттықтаймын.

Біз 30 тамызда мемлекеттік мерекеміз – Конституция күнін салтанатты түрде атап өттік. Еліміздің Парламенті тәуелсіздігіміздің бұлжымас бағдарына, Қазақстан қоғамының басты құндылығына айналған Ата заңымыздың аясында көптеген заңдар қабылдап келеді. Сол арқылы жоғары

заң шығарушы орган ретінде мемлекеттігімізді нығайту ісінде іргелі қадамдар жасауда.

Еліміздің Парламенті дүниежүзінің барлық мемлекеттеріне әсер еткен әлемдік қаржы дағдарысының салдарын еңсеруге еселі үлес қосты. Экономиканы тұрақтандырудың маңыздылығын ескере отырып, Парламент дағдарыстың алдын алу шараларына қатысты заң жобаларын жедел қарап, қабылдады.

Тұтастай алғанда, төртінші шақырылымдағы Парламенттің екінші сессиясында 140-тан астам заң жобасы қаралып, талқыланып, соның ішінде 90-нан астам заң қабылданды.

Бұл заңдардың басым көпшілігі ел азаматтарының әл-ауқатын жақсартуға және әлеуметтік деңгейді көтеруге бағытталған. Олардың арасында Салық және Бюджет кодекстері мен «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекс сияқты маңызды құжаттарды ерекше атап өткім келеді.

Республикалық бюджеттің 3 жылдық жоспары тұңғыш рет арнайы заң арқылы бекітілді.

Парламент Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясына Киото хаттамасын ратификациялап, Экологиялық кодекс пен «Су кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңды қабылдады. Бұл құжаттар бізге айналадағы ортаны қорғаудың құқықтық негіздерін қалыптастыруға және

экология мәселелерін тиімді шешуге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар демократиялық үдерістерді жеделдету, саяси жүйені одан әрі дамыту және саяси партиялардың қоғам өміріндегі рөлін арттыру бағытында да бірқатар заңдар қаралып, «Саяси партиялар туралы» және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Сондай-ақ өткен сессияда «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» және «Қазақстан Республикасының Жоғары сот кеңесі туралы» заңдар қабылданды.

Тұтастай алғанда, Парламенттің екінші сессиясының жұмысын бағалай келе, ол жемісті болды деп есептеймін. Осыған байланысты сіздерге өз ризашылығымды білдіремін.

Құрметті депутаттар!

Парламенттің екінші сессия кезіндегі сапалы жұмысы әлеуметтік-экономикалық проблемаларды жедел шешу, жаһандық қаржы дағдарысының келеңсіз салдарларын еңсеру үшін заңнамалық негіз жасап берді.

Өткен кезеңде тұрақтандыру шараларына мемлекет 19 млрд доллар жұмсады, бұл ел ІЖӨ-нің 14 %-ына сәйкес келеді. Бүгіннің өзінде біз қабылданған шаралардың оң нәтижелерін сезудеміз.

Біріншіден, әлеуметтік саланы нығайту мүмкін болды.

Біз мемлекеттің халқымыздың алдындағы барлық әлеуметтік міндеттемелерін сақтап қалдық. Мұнда Халықтың өңірлік жұмыспен қамтылу стратегиясын іске асыру үлкен рөл атқарды, оған 191 млрд теңге бөлінді. Үкіметтің, биліктің жергілікті органдары мен ірі жұмыс берушілердің арасындағы үш жақты меморандум сақталып отыр. Осының бәрі жұмыссыздық деңгейін ұлғайтпауға, керісінше, қысқартуға, ең алдымен жастар арасындағы жұмыссыздықты қысқартуға мүмкіндік берді. Қазіргі кезде өңірлерде 5 мыңнан астам инвестициялық жобалар іске асырылуда, 393 мың жұмыс орны ашылды.

Нәтижесінде осы жылдың бірінші жартыжылдығында халықтың нақты ақшалай табысы өсті. Зейнетақылық жинақталымдар көлемі 1 трлн 680 млрд теңгеге жетті.

Бүкіл еліміз бойынша «100 мектеп, 100 аурухана», «20 зияткерлік мектеп» жобалары іске асырылуда.

Екіншіден, экономикалық құлдыраудың келеңсіз үрдісінде бетбұрыс жасау, экономиканың жекелеген секторларындағы ахуалды жақсарту мүмкін болды.

Атап айтқанда, бірінші тоқсанға қарағанда өнеркәсіп өнімі 3,1 % көп өндірілді.

Мемлекет қолдауының арқасында 40 мыңнан астам үлескердің проблемалары шешілуде. Біз бұл мәселеде бұрын-соңды болмаған шаралар қабылдадық – азаматтардың жағдайына түсіністік таныттық. Біздің азаматтар мұндай бұрын-соңды болмаған көмек үшін мемлекетке ризашылық білдіруде.

Сондай-ақ ауыл шаруашылығына бұрын болмаған қолдау көрсетілді. Оның жалпы өнімінің көлемі осы жылдың қаңтар-шілдесінде 2008 жылдың қаңтар-шілдесімен салыстырғанда 2,8 %-ға ұлғайды. Отандық фермерлер қазірдің өзінде 63 млрд теңгеден астам қаражат алып отыр. Бұл тұқым себуді толық көлемде атқаруға, егістік алаңын 1 млн 600 мың гектарға ұлғайтуға мүмкіндік берді.

Үшіншіден, қаржы жүйесін жалпы тұрақтандыруға тұтастай қол жеткізілді.

Үстіміздегі жылдың жеті айында экономикаға тартылған инвестиция көлемі өткен жылдың осындай кезеңіне қарағанда 7 %-ға өсті. Экономиканы кредиттеу тұрақты жүріп жатыр, инфляция төмендетілді.

Банктердің жиынтық активтері 2009 жылдың 1 тамызындағы жағдай бойынша өткен жылмен салыстырғанда 2 % ұлғайып, 12 трлн теңгеден асып түсті. Банктердің қарыз беру портфельдері жарты жылдықта 10,6 %-ға өсті.

Елдің халықаралық резервтері 42,5 млрд доллар деңгейінде тұрақтанды және олардың өсуі байқалды.

Ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру жөніндегі жұмыс жалғастырылды.

Төртіншіден, біздің кәсіпкерлер айтарлықтай қолдауға ие болды. Шағын және орта бизнес 134 млрд теңгені игерді. Барлығы бағдарламаны 2,5 мың шағын кәсіпкерлік субъектілері пайдаланды. Олар 4 мың 700 жаңа жұмыс орнын ашты.

Бірінші тоқсанмен салыстырғанда екінші тоқсанда шағын және орта бизнес өнімдерін өндірудің 19 %-ға өскені байқалды. Халықаралық сарапшылардың бағалауы бойынша, ТМД елдері арасында Қазақстан дағдарысқа қарсы саясат тиімділігінің индексі бойынша алда келеді.

* * *

Қазақстанның өркенді дамуы ағымдағы жылғы ақпан-наурызда жүргізілген халық санағының қорытындыларында тіркелді. Түпкілікті қорытындылар әлі нақтылануда, дегенмен алдын ала жасалған сараптаулар қоғамымызда болған үлкен өзгерістерді танытады.

Санақ нәтижелері елдегі өткен 10 жыл ішіндегі елеулі әлеуметтік-экономикалық, демографиялық өзгерістерді көрсетті.

Бәрінен бұрын, әңгіме халықтың өмір сүру деңгейіндегі оң ілгерілеушіліктер туралы болып отыр.

Қазақстандықтардың ақшалай кірісі 10 жылда орта есеппен 5 есе дерлік өсті.

Бізге халық санының төмендеу үрдісінің бетін қайтарып, айтарлықтай демографиялық өсімді қамтамасыз ету мүмкін болды. Тұтастай алғанда 10 жыл ішінде халық саны 14,9 млн адамнан 16,3 млн адамға дейін көбейді. Бұған негізінен бала туудың өсуі мен өлім көрсеткішінің азаюы есебінен қол жеткізілді.

Аграрлық-өнеркәсіп кешенін қолдау тұтастай алғанда ауыл тұрғындары үлесінің өсуіне ықпал етті. 10 жыл ішінде ол 44-тен 46 %-ға дейін ұлғайды. Сонымен бір уақытта ірі қалаларда тұратын адамдар саны, әсіресе Астанада 80 %-ға, Алматыда 20 %-ға өсті.

Сыртқы көші-қон үдерістерінде бетбұрыс байқалды. Елге келушілердің саны одан тысқары кетушілерге қарағанда көбейді. Бұл – Қазақстанда өмір сүрудің тартымдылығының айғағы.

Он жыл ішінде тарихи Отанына, негізінен ТМД елдерінен, Қытайдан, Монғолиядан, Түркия мен Ираннан ресми статистиканың деректері бойынша ғана 650 мыңнан астам адам оралды. Бірақ 1999 жылға дейін де келіп жатқан, сондықтан бұл жолмен миллионнан астам адам келді.

Он жыл ішінде қазақтардың саны 53 %-дан 65 %-ға дейін ұлғайды. Солай болса-дағы Қазақстан халқының бірегей этностық-конфессиялық құрамы сақталды. Елде 140 ұлт өкілдері тұрып

жатыр. Қазақстандықтардың 70 %-ға жуығы – ислам, 25 %-ы – христиан, сондай-ақ басқа да діндерді ұстанады.

Санақ халықтың ақпараттық білімділік деңгейінің едәуір өскенін дәлелдейді. Халықтың 15 және одан жоғары жастағы 34 %-ының компьютерде жұмыс істеу дағдысы бар, 20 %-ы Интернетті пайдаланады, 12 %-ы ағылшын тілін игерген.

Санақ көрсеткен ең басты нәрсе – Қазақстан халқының өмір сүруі жақсара түсті.

Соңғы 10 жыл ішінде халықтың нақты ақшалай табысының жыл сайынғы қарқыны орташа есеппен 10 %-ды құрады. Зейнетақылар мен әлеуметтік жәрдемақылар 3 еседен астамға, шәкіртақылар – 6 есеге өсті. Жеңіл автомобильдер иелерінің саны 2,5 есе көбейді. Тұрғын үй қоры 24 млн шаршы метрге ұлғайды, олардың жартысы ауылдық жерлерде.

Бұл осыдан жиырма жылдай бұрын реформаларды бастаған кезде біздің басты мақсатымыз болатын. Демек, біз бәрін дұрыс жасадық.

10 жыл ішінде елде 616 жаңа мектеп, 125 аурухана ашылды. Ондаған жаңа театрлар, мәдениет үйлері, кітапханалар мен музейлер, стадиондар мен спорт алаңдары есігін айқара ашты. 29 мың километр дерлік автомобиль жолдары салынды және сапалы қайта жөнделді.

Мұның бәрі қазақстандықтар үшін, олардың өмір сүру сапасының өсуі үшін жасалды! Және бұл

оң ілгерілеушіліктер санақ деректерінде көрініс тапты.

Санақ бізге халықтың жай-күйі туралы бағалы мәліметтер берді. Бұл ақпарат ел өмірін алдағы жылдарға нақты жоспарлауға мүмкіндік жасайды.

Үкіметке санақ барысында алынған мәліметтер бойынша барлық бақылау есептеулерін жүргізуді, жыл аяғында түпкілікті нәтижелерін жариялауды және оларды әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларды іске асыру үдерісінде ескеруді тапсырамын.

* * *

Енді Парламенттің алдағы сессиясының міндеттері туралы айтайын.

Біз қиын кезеңді еңсеріп қана қоймай, дағдарыстан кейінгі даму кезеңіне жан-жақты дайындалуға тиіспіз. Бұл біздің заңнамамызды байсалды да кешенді жаңарту мен жаңғыртуды талап етеді.

Бірінші. Үкіметтің алдына жыл аяғына дейін елдің 2020 жылға дейінгі даму бағдарламасын, яғни алдағы 10 жылға екі бесжылдық бойынша бөле отырып, әзірлеуді аяқтау міндеті қойылған.

Бұл «Қазақстан – 2030» даму стратегиясын орындау жөніндегі келесі қадам болып табылады. Сондықтан бізге жаһандық өзгерістер мен үрдістерді ескеру керек.

Таяудағы онжылдықта мемлекет пен қоғамның күш-жігерін негізгі бес бағытқа:

– экономиканы дағдарыстан кейінгі қалпына келтіруге;

– оның орнықтылығын қамтамасыз етуге;

– бәсекеге қабілетті адами капитал жасауға;

– халықты арқаулық әлеуметтік және тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсетумен қамтамасыз етуге;

– ұлтаралық келісімді, қауіпсіздікті, халықаралық қатынастардың тұрақтылығын сақтауға шоғырландырған жөн.

Дағдарыстан кейінгі кезеңде елді индустрияландыруға балама жоқ.

Үкіметке ағымдағы жылдың соңына дейін:

– елді индустрияландыруды ынталандырудың бесжылдық жоспарын;

– 2010–2015 жылдарға арналған Индустрияландыру картасын және Өндірістік қуаттарды ұтымды орналастырудың 2020 жылға дейінгі схемасын әзірлеуді аяқтауды тапсырамын. Қазірдің өзінде-ақ машина жасау, металлургия, мұнай өңдеу, фармацевтика және химия саласында жалпы сомасы 30 млрд доллар болатын 25 индустриялық жоба іріктелді.

Олар 35 млрд доллар көлемінде тиімділік береді, 270 мың жұмыс орны ашылады.

Қазақстан экономикасын индустрияландыру мен дамыту жөніндегі біздің барлық шараларымыз заңнамамен жақсылап қамтамасыз

етілуге тиіс. Индустриялық саясат туралы заңды басымдық тәртіппен қараған жөн. Үкіметке оны дайындауды жеделдетіп, Парламентке енгізуді тапсырамын.

Тиімді индустриялық саясат инновацияларға, ең заманауи білім-білікке және технологияларға негізделуге тиіс. Сондықтан Ғылым туралы жаңа заң әзірлеп, қабылдау, онда отандық ғылым саласын дамытудың қағидаттарын айқындау керек. Экономикалық басымдықтардың бірі аграрлық-өнеркәсіп кешенін дамытумен байланысты.

Сіздердің қарауыңызға шаруа (фермерлік) қожалықтары қызметін жетілдіру мәселелері бойынша заң жобасы ұсынылған. Оның уақытын созбай, қабылдау керек.

Біздің экономика үшін 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін Қазақстан, Беларусь және Ресей арасындағы Кеден одағын құру туралы келісімдер кең өріс ашады. Бұл еліміздің іс жүзіне асырылатын интеграциялық бастамаларының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Депутаттардың алдында үш елдің Кеден кодексі бойынша ратификациялық рәсімдерді жүргізуді қоса алғанда, ортақ кедендік кеңістікті заңнамамен қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жалғастыру міндеті тұр.

Екінші. Елдің қаржы секторының орнықтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін нығайту.

Дағдарыс қаржы жүйелерінің қазіргі үлгілерінің жалпыәлемдік ауқымдағы да, еліміздегі де кемшіліктерін көрсетіп берді.

Менің тапсырмам бойынша қазір ұлттық қаржы құрылымының тұжырымдамасы әзірленуде. Онда банк қызметі, валюталық реттеу және бақылау саласындағы заңнаманы кешенді жетілдіру мәселелері көрініс табады.

Біздің алдымызда қаржылық қадағалау рөлін айтарлықтай күшейту, сақтандыру мәселелері жөніндегі заңнаманы өзгерту, бюджет заңнамасының тиімділігін арттыру міндеті тұр. Бюджеттің экономикалық дамудың маңызды көзіне айналуының мәні бар.

Тұтас алғанда елдің қаржы жүйесі экономиканы әртараптандыруға, инновациялық-өнеркәсіптік өсуге жұмыс істеуі тиіс. Бұл оны бағалаудың басты өлшемі болмақ.

Кеше Германия Канцлері мен Франция Президентінің кездесуі болып, олар жанданып, жұмыс істей бастаған банктер өздерінің бұрынғы қателіктерін тағы қайталап жатқаны туралы айтты. Бұл банктер өздеріне орасан бонустар қойып, сол баяғы таптаурын жолмен жүре бастаған.

Біз мұндайға жол бермеуге тиіспіз. Қазақстандық банк жүйесінің бүкіл коммерциялық, қаржылық және валюталық тәуекелдерді шектен шығармай ұстап тұруы маңызды болмақ.

Экономика өсудің ішкі ресурстарын жандандыруы үшін қор жинаудың неғұрлым жоғары деңгейін қамтамасыз ету керек.

Үкімет, ұлттық холдингтер мемлекеттік бюджет шығындарын қысқартуы және Ұлттық қор нарығында қарыз алуды облигациялар шығару арқылы барынша пайдалануы қажет. Шикізат секторынан түсетін кірістің басым бөлігін Ұлттық қорда сақтауымыз бізге маңызды. Енді 10 жылдан кейін оның активтерінің көлемі ІЖӨ-нің кемінде 30 %-ын құрауға тиіс. Елдің жалпы сыртқы қарызын да жауаптылықпен басқарған жөн. Циклға қарсы фискалдық саясатқа өтуді көздеу керек. Бұл экономиканың өсуі кезінде мемлекеттің шығындарын қысқартып, ал баяулау кезінде оларды ұлғайтуды білдіреді.

Біз халыққа қиын жылдарда қаражатты жұмсау үшін оларды жақсы жылдары жинақтау керек дегенді жиі айтуға тиіспіз. Бұл – біздің басымыздан кешіп отырған дағдарыстан маңызды тағылым алу деген сөз.

Үшінші. Елдегі іскерлік ахуал мен кәсіпкерлік белсенділікті түбегейлі жақсарту.

Адал бәсекелестік, жеке меншікке қол сұқпаушылық және іскерлік бастаманы ынталандыру сияқты экономиканың негізгі қағидаттарының мызғымайтынын баса айтқым келеді. Сонымен қатар нарықтық көзқарастар мен мемлекеттік реттеу арасындағы оңтайлы тепе-теңдікті табу

да маңызды болмақ. Мемлекеттік тетіктер нарық қағидаттарын жүйелі түрде күшейтіп, толықтыра түсуге тиіс.

Қазір іскерлік ахуалды жақсарту мен отандық кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі жаңа жүйелі шаралар аса қажет. Кәсіпкерлікті тексеру жүйесін оңтайландыру керек. Біз бұл тақырыпты көптен бері және ұзақ уақыт айтып келеміз. Барлығын да бір заңға жинақтау қажет, қалғанын жоюға қойып, тексеруші органдар шағын және орта бизнеске қысым жасамауы үшін тәртіп орнатайық.

Мемлекеттік және корпоративтік сатып алуда қазақстандық қамтуды ұлғайту және импортты одан әрі алмастыру жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет.

Үкіметке биылғы жылғы 1 қазанға дейін тиісті заң жобасын Парламентке енгізуді тапсырамын. Біз бұл жұмыспен заңды түрде айналысу үшін оны жыл соңына дейін қабылдау қажет.

Төртінші. Әлеуметтік сала тармақтарын белсенді дамыту.

Депутаттар азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қолдау мәселелері бойынша заңнамалық актілерге, білім туралы заңға түзетулер енгізуі керек.

«Нұрлы көш» бағдарламасын іске асыру жалғасатынын ескерген жөн. Бүгінде ол үш облыста – Ақмола, Шығыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарында қанатқақты

режімде орындалуда. Аталған бағдарлама Отан деп оралғандарға жеңілдікпен несие беру тетігі арқылы тұрғын үй алуына мүмкіндік туғызады.

Депутаттық корпус ауылда еңбек ететін жас мамандарға көмектің жоспарланған шараларына қолдау көрсетуі керек.

Мен осындай үндеумен – ауылда жұмыс істеуге барлық жоғарғы оқу орындарының түлектеріне қайырылған болатынмын. Жастар бұған белсене қолдау көрсетті.

Бұл, ең алдымен, тұрғын үй алу үшін 2010 жылдан бастап оларға нөлдік мөлшерлемемен бюджеттік кредиттер төлеу. Ауылдық жерлерге көшіп барған жас мамандарға осы жылдан бастап көтерме жәрдемақылар төленуде. Осы мақсатқа таяудағы 3 жылда республикалық бюджеттен 14,3 млрд теңге бөлінетін болады.

Парламент бюджет жобасымен жұмыс істеу кезінде «Жол картасын» іске асыру шараларын одан әрі қаржыландыруды көздегені жөн.

Жақында мен өңірлерге жасаған бірқатар сапарымда «Жол картасын» іске асыру жұмыстарының барысымен таныстым. Депутаттардың да жергілікті орындарда болғанын білемін.

Мен осы бағдарламаға бастама жасағанымда әрбір ауылға, әрбір отбасына жету міндетін қойғанмын. Мен оның орындалып жатқанына көз жеткіздім. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты

жаңартуда, жолдарды, мектептерді, балабақшаларды, ауруханаларды жөндеуде ауқымды жұмыс жүргізілуде. Экономикалық өсу жылдарында да мұндай болған емес! Ел іші бізге осы бастама үшін шынайы алғысын айтуда. Сондықтан осы бағдарламаны іске асыруды жалғастыратын боламыз.

Бесінші. Парламент жұмысының шешуші басымдықтарының бірі әкімшілік және құқықтық реформаны қамтамасыз ету, қазақстандық қоғамды одан әрі демократияландыру болуға тиіс.

Халықтың, ең алдымен, сот жүйесіне оның ашықтығы мен тиімділігі, соттар жұмысында заңдылықтың қатаң сақталуы арқылы сенімін арттыру керек.

Бұл туралы бірінші рет айтып тұрған жоқпыз, көптеген шаралар қабылдап, заңнамаға өзгерістер енгізудеміз. Біз соттардың жалақысын 60 %-ға өсірдік. Адамдар сотқа әділдікке жетеміз деп баруы үшін халық судьялар корпусынан сондай жұмыс күтуге құқылы.

Қазақстан азаматтарының қай нәсілге, ұлтқа және дінге тиесілігіне қарамастан, іс жүзіндегі тең құқығын, адамның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ететін нормаларды заңнамада бекіту жөніндегі жұмысты жалғастыру маңызды деп санаймын.

Қоғам үшін гендерлік теңдік туралы заңнаманы – тең құқықтар мен тең мүмкіндіктер, тұрмыс-

тағы зорлық-зомбылықтың алдын алу мен оны тыю туралы заңдарды әзірлеп, қабылдаудың мәні зор болмақ.

Менің тапсырмам бойынша жаңа Құқықтық саясат тұжырымдамасы әзірленді. Оның қағидаларының негізінде қазақстандық заңнаманы жаңалау, заң шығару үдерісін нығайту, оның сапасын арттыру керек.

Үкіметке заңдар мен заңнамалық актілерге ғылыми, соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жасау, демеушілік қолдау қызметі, «Электронды үкімет» мүмкіндіктерін неғұрлым кеңінен пайдалану туралы заң жобаларын ең бірінші кезекте әзірлеп, Парламентке енгізуді тапсырамын.

Парламенттің алдында жаңа Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің және Әкімшілік іс жүргізу кодексінің жобаларын қарау міндеті тұр. Олар әкімшілік құқық бұзушылықтарды қараудың барлық рәсімінің ашықтығын қамтамасыз етуге тиіс.

Осы сессия барысында құқық қорғау органдарының қызметін жетілдіруге, қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейтуге бағытталған заң жобаларын қабылдау керек.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – науқан емес, бұл – маңызды басымдығымыз. Бұл мәселеде ешқандай жағдайда есе қайырып, есеп айырысуға жол беруге болмайды. Соңғы уақытта бұл жұмыс

күрт жандана бастады. Тергеуде жоғары дәрежедегі шенеуніктер – орталық министрліктер мен ведомстволардың, бірқатар облыстық департаменттердің бұрынғы басшылары отыр.

Елімізде қолын мемлекет қалтасына сұққандарды жазалаудан сақтап қалатын орынтақтар мен кабинеттер болмауы керек. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті құқық қорғау органдары заңға қатаң сәйкес, барлық іс жүргізу нормаларын сақтай отырып жүргізуге тиіс. Мұны мен Бас прокуратураға тапсырамын.

Құқық қорғау органдарының өздері өз қатарларының тазалығын сақтауға тиіс.

Құрметті депутаттар!

Келесі жыл – еліміз үшін ерекше жыл. Ол аса маңызды тарихи оқиға – Қазақстанның Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуімен ерекше болмақ. Бұл құрметті миссия бізге үлкен жауапкершілік жүктейді және сонымен қатар бізге кең мүмкіндіктерге жол ашады.

Депутаттық корпусы шетелдік әріптестерімен белсенді жұмыс, ЕҚЫҰ-ның түрлі комиссиялары мен топтарының, оның Парламенттік ассамблеясының қызметіне қатысу күтіп тұр. Бұл мүмкіндікті Ұйымға қатысушы мемлекеттер парламенттерінің жұмысын зерделеп, оны Қазақстанда қолдану үшін пайдалану қажет. Еліміздегі заң

шығару үдерісінің сапасын едәуір көтеріп, оны еуропалық стандарттарға одан әрі жақындата түсу қажет. Парламент барлық мемлекеттік органдармен бірге елдің ЕҚЫҰ төрағасы функцияларын орындауына белсенді қатысуға тиіс.

Қазақстанның осы міндетті ойдағыдай атқаруы және сол арқылы халықаралық саясаттағы беделі мен абыройын нығайтуы үшін қолдан келгеннің бәрін жасау – біздің ортақ парызымыз.

Құрметті депутаттар!

Парламенттің кезекті сессиясы қауырт болмақ. Біздің ортақ міндетіміз – ел дамуының жаңа кезеңіне дайындықты заңнамалық қамтамасыз ету.

Осы жұмыстың басында «Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясының фракциясы жүруге тиіс. Әрбір нұротандық депутат ортақ істің табысты болуына жеке жауаптылығын сезінуге міндетті.

Сіздерге үйлесімді жұмыс істеп, біздің Тәуелсіздігіміз бен мемлекетімізді, әрбір қазақстандықтың лайықты болашаққа, оның балаларының болашағына сенімділігін нығайтатын жаңа маңызды заңдар қабылдауларыңызға тілектеспін!

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және оны тиісті басқару Шығыс Еуропа мен Орталық Азияның экономикалық және әлеуметтік дамуының шарты ретінде» атты халықаралық конференцияда

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2009 жылғы 16 қыркүйек

**Құрметті конференцияға қатысушылар!
Ханымдар мен мырзалар!**

Мен Сіздерді 60-қа жуық мемлекеттің және 20-дай халықаралық ұйым өкілдері жиналған қонақжай Қазақстан жеріне келулеріңізбен құттықтаймын.

Форумның мұндай өкілетті құрамы бүкіл әлемдік қоғамдастық үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді күрестің қаншалықты маңызды екенін көрсетеді.

Конференцияның Қазақстанда өткізіліп отыруы біздің еліміздің жаһандық қатерге қарсы күрескерлердің алғашқы қатарында болуға деген табандылығын танытса керек.

Мұндай қатерге қарсы тұру – Қазақстанның мемлекеттік саясатының маңызды басымдығы.

Мұның өзі Қазақстанның 2030 жылға дейінгі ұзақ мерзімді Даму стратегиясында көрініс тапқан.

Халықаралық сарапшылардың бағалауынша, Қазақстан сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің деңгейі жөнінен кеңестік кезеңнен кейінгі кеңістікте алдыңғы лекте келеді.

Бұдан 10 жыл бұрын Қазақстан ТМД-да алғашқы болып «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң қабылдады.

Біздің еліміздегі мемлекеттік қызмет, сот жүйесі, құқық қорғау органдары туралы заңнаманың сыбайлас жемқорлыққа қарсы айқын бағытталған сипаты бар.

Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылыққа жол бергені үшін қызметтен қуылған адамдарға мемлекеттік органдар мен ұйымдарда кез келген лауазымда болуға өмір бойы тыйым салынған.

Мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіре отырып, біз оның әлдеқайда жинақы да мөлдір болуына ұмтылудамыз.

Мемлекеттің азаматтармен және шаруашылық жүргізу субъектілерімен өзара ықпалдастығындағы артық буындарды, сыбайлас жемқорлықты туындатуға себепші болатын нәрсенің бәрін алып тастаудамыз.

Қазіргі кезде елімізде 2011 жылға дейінгі кезеңге есептелген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі екінші мемлекеттік бағдарлама дәйектілікпен іске асырылуда.

Мемлекет сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүйелік негізде жүзеге асыруда. Президент жанынан Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі комиссия, Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі құрылып, ол белсенді жұмыс істейді.

Былтырғы жылы Астанада бүкіл Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресушілердің басын қосқан Сыбайлас жемқорлыққа қарсы форум болып өтті.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі жалпыұлттық іс-қимыл жоспары әзірленіп, қабылданды.

Бұл жоспар мемлекеттік аппаратты ғана емес, сонымен бірге азаматтық қоғам институттарын

да осынау кесепатқа қарсы бірлескен әрекетке бағдарлайды.

Осы жұмысқа саяси партиялар, үкіметтік емес ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары, біздің қоғамның кең қатпарлары белсене кірісті. Қоғамдық қабылдаулар, сенім телефондары жұмыс істейді.

Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты халықаралық стандарттарды ескере отырып құрылады, әлемдік қоғамдастық қабылдаған халықаралық құжаттарға негізделеді.

Өткен жылдың мамырында біздің еліміз БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификациялады.

Тұтастай алғанда Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің пайдалы тәжірибесі жинақталды. Біз барлық мәселелер бойынша өзіміздің шетелдік әріптестерімізбен үнқатысуға әрдайым ашықпыз.

Өз көзқарастарымызды бөлісуге де дайынбыз. Сол секілді әлемнің өзге елдеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстың табысты тәжірибесін зерттеп, қолдануға әзірміз.

Сыбайлас жемқорлыққа ойдағыдай қарсы тұру үшін бірқатар маңызды шарттарды орындау қажеттігіне біздің тәжірибеміз көз жеткізді.

Біріншіден, қатал да әділ заңдар және олардың орындалуы қажет. Бұл бағытта елімізде алдағы кезде де біздің құқықтық базамыз, соның ішінде

әлемнің басқа елдерінің бай тәжірибелеріне сүйене отырып, жетілдіріле береді.

Жақында менің жарлығыммен Құқықтық саясат тұжырымдамасы бекітілді, онда Қазақстанда сыбайлас жемқорлықтың пайда болуына септесетін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі бірқатар міндеттер көрсетілді.

Заңнамада сыбайлас жемқорларға ешқандай да саңылау қалмауы үшін қолдан келгеннің бәрін де істейтін боламыз. Үкіметтік және жергілікті ше-неуніктер жұмысының ашықтығы мен мөлдірлігі, компаниялар мен бизнестің барлық іс-әрекетінің бүкіл бұқаралық ақпарат құралдары үшін қолжетімділігі қажет.

Екіншіден, бұл үшін күшті саяси ерік-жігер керек және мұндай ерік-жігер ел басшылығында бар!

Оны басқарудың әлдеқайда мөлдір жүйесін құруға, әр азаматтың құқықтары мен бостандықтарын мүлтіксіз сақтауды қамтамасыз етуге деген біздің табандылығымыздан көруге болады.

Үшіншіден, сыбайлас жемқорлыққа бүкіл қоғамның төзбеушілігі қажет.

Тіпті пара алу немесе беру туралы ойдың өзі әр азаматтың санасында дереу тыйым сезімін туғызуы тиіс. Бұған қол жеткізу қиынның қиыны. Өйткені әңгіме қоғамның құқықтық мәдениетінің әлдеқайда жоғары деңгейі және белгілі бір

тәжірибе туралы болып отыр. Ал оны азаматтардың бойында балғын кезінен-ақ тәрбиелеу қажет. Осынау ізгі істе мемлекет азаматтық қоғаммен – партиялармен, үкіметтік емес ұйымдармен, БАҚ-пен иық түйістіре жүруі тиіс.

Төртіншіден, бұл дамушы елдер үшін басты шарттардың бірі екендігі сөзсіз, қылмыстылық пен сыбайластыққа кедейшілік және экономикадағы дағдарыс ере жүреді. Азаматтар мен мемлекеттік қызметшілер табысының төмен болуы осыдан. Біздің еліміз кеңестік тоталитаризмді бастан кешкен посткеңестік басқа елдер секілді КСРО-ның құлап түсуімен қатар экономиканың толық ыдырауы арқылы, сондай-ақ содан кейінгі дағдарыстар арқылы өткенін сіздер жақсы білесіздер.

Осының бәрінен өткендер бұрынғы құқық қорғау жүйесінің, әсіресе сот жүйесінің қалдықтарын еңсеру оңай шаруа болмай шыққанын біледі. Бұл ескі дерт. Ондаған жылдар бойы мәселені пара беру арқылы шешу заңды жолмен жүруден гөрі оңай болды. Бұл командалық экономиканың мұрасы және объективті себеп. Алайда біз мұны табандылықпен еңсеріп келеміз.

Мәселе сондай-ақ кадрларға тіреліп тұр. Біздің тәуелсіздігімізге әлі 20 жыл да бола қойған жоқ. Ескі білімнің және ескі түсініктің адамдары жұмыс істеуде. Сондықтан да бізге мұндай жұмыс тәжірибесі өте маңызды.

Құрметті конференцияға қатысушылар!

Сыбайлас жемқорлықпен күрес қылмыскерлерді жазалау жөніндегі табанды шаралар ғана емес. Бұл – мемлекет пен қоғамның күнделікті жұмысының тұтас кешені.

Сыбайлас жемқорлықпен күрестегі табыс әлемдік қоғамдастықтың іс-әрекетінің қандайлық үйлесімді болуына көп ретте байланысты.

Сіздердің форумдағы пікірталас бүкіл әлем бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жетілдіруге лайықты үлес қосатынына сенімдімін.

Конференцияның барлық қатысушыларына жемісті тәжірибе алмасу, осынау маңызды жұмыстағы қызықты идеялар мен табыстар тілеймін. Бұл идеялар мен жақсы тәжірибелерді біз міндетті түрде пайдаланатын боламыз.

Жұмыстарыңыз жемісті болсын!

**БҰҰ Дүниежүзілік туристік ұйымы
Бас ассамблеясының XVIII сессиясында**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2009 жылғы 5 қазан

Құрметті Ассамблея мүшелері!

Дүниежүзілік туристік ұйымның Бас ассамблеясының сессиясы алғаш рет Еуразия жүрегінде – Қазақтанның жас елордасы Астанада өткізілуде. Осы форумға бүкіл планетадан келген 140-тан астам делегацияны қабылдаудың мәртебелі құрметі Шығыс Еуропа және Орталық Азия елдері арасынан бірінші болып Қазақстанға тиіп отыр.

Бүгінгі кездесу Астананың әлемдік туристік орталықтарының бірі ретінде дамуы жолындағы маңызды қадам болады деп үміт етеміз.

Барша қазақстандықтар атынан Бүкіләлемдік туристік орталықтың басшылығына, қатысушы елдердің барлық делегацияларына сессияны Астанада өткізу жөнінде шешім қабылдағандары үшін алғыс айтамын!

Ханымдар мен мырзалар!

Туризм бүкіл әлемдегі адамдар өмірінің маңызды саласы болып табылады. Ол халықтарды жақындастырады, елдерді табыстырады, планетаның қиыр-қиырындағы мәдениеттерді, тарихты, дәстүрлер мен табиғатты қолжетімді етеді.

Бүгінде әлемдегі жалпы өнім көлемінің 10 %-ын туризм саласындағы кіріс құрайды.

Бұл салада ширек миллиардтай адам жұмыс істейді. Туризмнен түсетін кірістің жаһандық ауқымы 4 трлн долларға жетеді. Туризм саласындағы бизнес әлемі барлық мемлекеттің 800 млрд-тан астам долларын салықтық түсімдермен қамтамасыз етеді.

Осылайша, туризм әлемдік экономиканың қозғаушы күштерінің бірі болып табылады.

Сонымен қатар, туризм елдер мен халықтарды жақындастырудың, әлемде тағаттылық пен келісім мәдениетін таратудың бір факторы да.

Бүгінде біз Қазақстанда туризмді дамытуға ерекше көңіл бөліп отырмыз. Бұл орайда Қазақстанның әлеуеті бай әрі сан қырлы.

Еуразияның қақ ортасында орналасқан біздің еліміз аумағы жағынан әлемде 9-шы орын алады.

Жеріне Еуропалық Одаққа мүше елдердің бәрі сыйып кететіндей біздің аумағымыз солтүстіктен оңтүстікке дейін 1600 шақырымға, батыстан шығысқа дейін 3 мыңға жуық шақырымға созылып жатыр.

Қазақстанның жер бедері әралуан – теріскейдегі орманды далалар оңтүстіктегі жазықтыққа, шөлейт және шөл алқаптарына ұласып кетеді, біздің шекарамыздың шығысы мен оңтүстігін биік таулар қоршап тұр.

Климат та сан қилы: оңтүстік жақта алма мен өрік гүлдеп жатқанда, елдің солтүстік беткейінде қарлы борандар соғып тұрады.

Қазақстанның бір бойында суық Сібір мен аптап Азия, батыстағы Атыраудың ақжал толқыны мен шығыстағы Алтайдың таулы тайгасы, оңтүстік-батыстағы құмайт шөлдер мен солтүстік-шығыстағы алапат жазықтық таңданарлықтай тоғысқан.

Біз Қазақстанның ғажайып сұлулығын сол күйінде сақтап қала алдық.

Өзінің аумағы жөнінен АҚШ-тағы үлкен шатқалға бой бере қоймайтын Шарын шатқалы бір көрген адамның есінен кетпек емес.

Қазақстандық Алтайдың жықпыл-жықпыл орман-тоғайлары, ондағы өзгеше өсімдік әлемі, аң мен құстың жырттылып айырылуы таң қалдырады.

Орталық Қазақстанның ұшы-қиырсыз далалы кеңістігінде «Азия Швейцариясы» – хош иісті орманды Бурабай, Қарқаралы мен Баянауыл жатыр. Қызғылт қоқиқаздың әлемдегі ең ірі мекендерінің бірі – Қорғалжын қорығы да осында. Бүкіл елдің тарабына балыққа бай қыруар шағын өзендер мен көлдер зүбәржаттай шашылып түскен.

Әлемдегі ең ірі тұщы-тұзды су қоймаларының бірі болып табылатын Балқаштың, Сасықкөл мен Алакөлдің әу бастағы қалпында сақталған жағалаулары өте сұлу.

Қазақстанның батысында теңіз деңгейінен 132 метр тереңдікте жатқан атақты Қарақия ойпаты бар.

Каспийдің қазақстандық жағалауында курорттық аймақтар ашудың болашағы үлкен.

Еліміздің аумағымен ежелгі заманда Еуразия құрлығын жалғастырып жатқан Ұлы Жібек жолы өткен. Біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырда сүрлеуі салынған бұл керуен жолының ұзақтығы 12 мың шақырымнан артық.

Бұл күндері біз өз еліміздің құрлықтар мен елдердің арасын байланыстырып тұратын тарихи рөлін қалпына келтірудеміз.

Біз осы заманғы көлік жолдарының желісін жасауға кірістік. Таяуда трансевразиялық «Батыс

Еуропа – Батыс Қытай» көлік магистралінің қазақстандық бөлігін салуды бастадық.

Ұлы Жібек жолы – тек қана көлік күретамыры емес.

Атам заманнан Қазақстан Шығыс пен Батыстың, Солтүстік пен Оңтүстіктің тарихи көпірі міндетін атқарып, мәдениеттер мен өркениеттер тоғысуының кіндігі болып келген. Бұл жерде зороастризм, буддизм, христиандық пен ислам, монғол тектес және еуропа тектес нәсілдер, индо-еуропалық және түркі-монғол тілдері тоғысқан.

Қазақтың ежелгі жерінде көптеген одақтар мен мемлекеттер – түркі қағанаттары мен сақ патшалықтары, Шыңғыс хан мен Әмір Темірлан әулеттерінің хандықтары өмір сүрген. Қазақ мемлекеттілігінің тарихы бай да сан қырлы.

Қазақстанның оңтүстігінде тәу етушілер үшін қасиетті мекендер – Түркістан мен Арыстан баб бар. Жыл сайын ол жерге бүкіл Қазақстаннан, Орталық Азия елдерінен және планетаның басқа да қиыр-қиырынан жүздеген мың турист барады.

Желдей жүйткіген уақыт қазақстандықтардың қазіргі ұрпағына аса бай мәдени-тарихи мұра қалдырды, біз оны бүкіл әлеммен риясыз бөлісуге дайынбыз.

Қазіргі Қазақстанда 130 этностың өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Әрбір этностық топтың өзінің төлтума мәдениетін, дәстүрлері мен тілін

сақтауға мүмкіндігі бар. Қазақстанға келетін туристер олардың дәстүрлі және бүгінгі өнерімен таныса алады.

Бейбіт өмір мен қоғамдағы келісім жаңа Қазақстанның өзіндік бет-бейнесіне айналды.

Біздің елордамыз – Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съездерінің астанасы.

Келесі жылы Қазақстан Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына, ал 2011 жылы Ислам конференциясы ұйымына төрағалық жасайды.

Қазіргі таңда Қазақстанның әртүрлі өңірлерінде бірқатар болашағы мол инновациялық жобалар белгіленіп, жүзеге асырылуда. Олар қомақты шетелдік инвестициялармен бекемделген.

Бұл – әлемдік іскер топтардың Қазақстанға сенімінің дәлелі, еліміздің тұрақтылығы мен қауіпсіздігінің көрсеткіші.

Қазақстанның ХХІ ғасырдағы инновациялық-технологиялық дамуының маңызды бағыты адам әлеуетін нығайту, зияткер ұлт қалыптастыру болып табылады.

Сондықтан да Қазақстан білімді кеңейтетін туризмді дамыту жөнінен болашағы мол ел.

Біз туризмнің ғарыштық туризм сияқты келешегі үлкен саласына да көңіл бөлеміз.

Бүгінде әлемде отыз шақты ғарыш айлағы бар, әйтсе де «Байқоңырдың» алар орны алабөтен.

«Байқоңыр» – әлемдік космонавтиканың бесігі, онымен шын мәнінде дәуірлік оқиғалар байланысты. Олардың талайы тұңғыш болған – тұңғыш жер серігі, тұңғыш ғарышкер, ғарыш экипажының тұңғыш ұшуы, ашық ғарышқа тұңғыш шығу, тұңғыш интернационалдық экипаж. Адамзаттың тұңғыш ғарыш туристері де сол жерден ұшты.

Әлемнің әртүрлі елдерінен келген туристердің ғарыш кемелерінің «Байқоңырдан» аттануын тамашалауын, осынау әлемдік ғарыш айлағындағы нысандармен танысуын ұйымдастыру келешегі мол іс болар еді деп ойлаймын. Қазақстанда іскерлік мақсаттармен жасалатын туристік сапарлар санын көбейтудің де мүмкіндігі мол. Әлемдегі туристік сапарлардың 30 %-ына жуығы осындай мақсатта болып келеді.

Бұл үшін біздің елімізде барлық қажетті жағдайлар жасалуда. Осы заманғы қонақүйлер мен іскерлік орталықтар салынуда. Көлік инфрақұрылымы жақсаруда, ұшақпен және темір жолмен сапар шегетін туристер үшін анағұрлым жайлы жағдайлар жасалуда.

Қазір біздің еліміз туризмнің барлық түрлерін – мәдени-танымдық, сауықтырушылық, экологиялық, қысылтаяң, спорттық, іскерлік және басқаларын дамытудың бірегей мүмкіндігіне ие.

Біз жыл сайын 4,5 млн-нан астам шетелдік азаматтарды қабылдаймыз. Және олардың санын жылдан-жылға арттыра беруді межелеп отырмыз.

2006 жылы 2007–2011 жылдарда туризмді дамытудың кешенді Мемлекеттік бағдарламасын қабылдау маңызды қадам болды.

Бүгінгі таңда бұл салада бірнеше серпінді жобалар жүзеге асырылуда, олардың арасында шетел инвесторлары қатысатындары да бар. Олар – Алматы облысындағы Қапшағай бөгенінің жағалауында салынатын «Жаңа Іле» халықаралық туристік орталығы, Маңғыстау облысындағы «Кендірлі», Ақмола облысындағы Шортанды-Бурабай курорттық аймағы. Оңтүстік Қазақстан облысындағы Түркістан қаласында және ежелгі Отырардың маңында туризм индустриясы құрылып жатыр. Алматыда тау шаңғысы курортын дамытудың «Медеу-Шымбұлақ» атты іргелі жобасы жүзеге асырылуда.

Туризмді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын орындай бастаған 2 жылдың ішінде Қазақстандағы қонақүйлердің саны 3 есе өсіп, 465-тен 1,5 мыңға жетті.

Бұл күндері елдің отандық туризм секторында 1200-ге жуық шағын және орта бизнес кәсіпорындары жұмыс істеуде.

Туризм – бәрінен бұрын ұдайы инвестиция құюды талап ететін бизнес.

Ал бұл үшін Қазақстанда қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастырылып, жылдан-жылға жақсарып келе жатқан бизнесті дамытуға барлық мүмкіндіктер жасалған.

Шетелдік инвесторларымыз біздің инвестиция саласындағы дәйектілігімізді жоғары бағалайды, ол 1998 жылғы әлемдік дағдарысқа да, қазіргі экономикалық рецессияға да былқ еткен жоқ.

Қазақстанның Бүкіләлемдік банктің дүниежүзілік рейтингідегі орны жыл өткен сайын жоғарылап келе жатқаны назар аударарлық.

Еліміз 2008 жылғы 71-ші орыннан биыл 64-ші орынға көтерілді.

2008 жылы туризмнен түскен жиынтық кіріс 74 млрд теңгені құрады, мұның өзі өткен жылғы көрсеткіштен 17 %-ға артық.

Қазақстанға шетел туристерінің қызығушылығы күшейе түсуде. Отандық туристік фирмалардың маркетингтік зерттеулерінің мәліметтері бойынша, таяу жылдарда Еуропа мен Азияның шамамен 14 млн турисі Қазақстанға келмекші. Әсіресе, Германия, Ұлыбритания, Қытай, Жапония және АҚШ елдерінде біздің елімізге үлкен қызығушылық байқалуда.

Астана мен Алматыда 2011 жылы Азия ойындары өткізілуіне орай туристер ағыны көбейеді деп ойлаймыз.

Азиаданың өткізілуі біздің елімізде туризмді дамытудың қуатты қозғаушысы боларына сенімдімін.

Қазақстан көптеген туристерді, сондай-ақ әлеуетті шетелдік инвесторларды қызықтыратынына күмәнім жоқ.

Құрметті сессияға қатысушылар!

Қазақстан туризм саласын нығайту мен кеңейтуге көп күш-жігер жұмсауда.

Біз Дүниежүзілік туристік ұйыммен, барлық әлеуетті инвесторлармен жемісті ынтымақтастыққа дайынбыз.

Осы форумның барлық қатысушылары Астанадан қазақстандық қонақжайлылықтан, біздің еліміздің бірегей көрнекті орындарынан алған әдемі әсерлерімен аттанарына сенемін.

Қазақ жеріндегі алғашқы туристің бірі ХІХ ғасырда Қазақстанды атпен аралап өткен британдық саяхатшы Фредерик Густав Барнаби болыпты. Өзінің айтуы бойынша, ол сол кезде бәрінен де қазақ алмасын жақсы көрген екен. Ал биыл оның отандасы Оксфорд университетінің ғалымы Бэрри Джунипер Қазақстан алманың отаны екендігін дәлелдеді. Ол алманың дезоксирибонуклеин қышқылын (ДНК) зерттей отырып, осындай түйінге келген. Британиялық ғалымдар атап өткендей, қазақ алмасы бүгінде күллі әлем тұтынатын алманың барлық түрінің «атасы» болып табылады.

Мен сіздердің елдердегі барлық туристерді біздің елімізді жақынырақ білу, жаңа әсерлер алу және қажымас-талмас ғалымдар мен саяхатшылар жасайтын жаңа ашылымдар жасау үшін Қазақстанға келуге шақырамын.

Сессияның барлық қатысушыларына жемісті пікірталас, маңызды шешімдер қабылдау, сіздердің халықтарыңыз бен елдеріңізге игілік пен өркендеу тілеймін!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Қазақстан дағдарыстан кейінгі кезеңде: болашаққа қарай интеллектуалдық серпін» тақырыбында оқыған

ДӘРІСІ

Алматы қаласы,
2009 жылғы 13 қазан

**Құрметті ректор мырза!
Құрметті профессорлар,
оқытушылар мен студенттер!
Құрметті қонақтар!**

Бүгін сіздермен жүздесіп отырғаным өте қуаныштымын. Университеттің 75 жылдық мерейтойы құтты болсын.

Қазақтың әл-Фараби атындағы ұлттық университеті 75 жыл ішінде талай асулардан, күрделі кезеңдер мен қилы жолдардан өтті. Осы жылдар

ішінде мың-мыңдаған қазақстандық жастар білім алды, армандарын асқақтатып, қияға қанат қақты.

Ел аузындағы кеше мен бүгінгі айтулы ғалымдарымыз өздерінің ұлттық тарих, экономика мен мәдениетке қатысты іргелі зерттеу еңбектерін осы университет қабырғасында жазып, ел игілігіне айналдырды.

Математика, физика, басқа да жаратылыстану салалары бойынша ауқымды ғылыми жұмыстар осы жерде іске асырылды.

Мен өзімнің сөзімде кейбір ғалымдарды, осы істі бастаған азаматтарды атап өткім келіп еді, бірақ олар өте көп. Сондықтан барлығын бүгінгі мерейтоймен құттықтаймын.

Ел тағдырына қатысты күрделі кезеңдерде университет ұжымы аса маңызды тарихи оқиғаларды да бастан кешірді.

1986 жылғы 16 желтоқсанда елдің еркіндігі үшін, ұлттың теңдігі үшін жандарын шүберекке түйіп, кеңестік жүйеге қарсы шыққандар да осы оқу орнының оқытушылары мен студенттері болатын.

Бүгінгі таңда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – тәуелсіз Қазақстанның кадрлар дайындайтын негізгі орталығының бірі деуге әбден болады.

Дәл қазірдің өзінде республикамыздың басқару жүйесінде отырған білікті мамандар мен талантты

ғалымдардың, дарынды педагогтардың үлкен тобы осы киелі шаңырақтан шыңдалып шыққандар.

Университет түлектері байтақ Отанымыздың барлық түкпірінде жеңісті де жемісті қызмет етіп жатыр.

Осы жиында бас қосып отырған бәріңізді, университеттің оқытушылары мен студенттерін, сондай-ақ әр жылдарда осы оқу орнында қызмет істеген ұстаздар мен білім алған түлектердің баршасын бүгінгі мерейтоймен шын жүректен құттықтаймын!

Еліміздің мүддесі үшін атқарып жатқан еңбектеріңізге зор табыстар тілеймін.

I. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – жаңа Қазақстанның білімі мен ғылымының алдыңғы шебі

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қалыптасу мен дамудың күрделі жолынан өтті. Бұдан 75 жыл бұрын ол бар-жоғы шеткі аймақтағы ЖОО-лардың бірі еді. Алғашқы қабылданған студенттер 50 адам болып, оларды 25 оқытушы оқытқан.

Ғасырдың үш ширегінде университет тәуелсіз елдің жетекші ғылыми және білім беру орталығына айналды.

Мұнда 20 мыңға жуық адам оқиды. Соның ішінде 1000-ға тарта студент алыс және жақын шетелден келгендер.

Студенттерге өздерінің тәжірибесі мен білімін 27 академик, 300 профессор мен доктор, 800-ден астам ғылым кандидаттары беріп келеді. Қазақстан ғылымының дамуына ҚазҰУ-да жұмыс істейтін ғылыми мектептер, профессор-оқытушылар ұжымы зор үлес қосып отыр.

Үздік студенттерге арнайы тағайындалған президенттік шәкіртақы төленеді.

2004 жылы менің бастамам бойынша университет кешенін одан әрі дамыту және салу бағдарламасы қабылданды.

Жаңа ғана мен жалпы ауданы 27 мың шаршы метр, ең жаңа құралдармен жасақталған химия факультетінің жаңа оқу корпусын аштым.

Таяудағы уақытта тағы үш факультеттің – механика-математика, физика және география факультеттерінің жаңа ғимараттары іске қосылатын болады. 2 млн оқу және ғылыми әдебиет томдарына арналған іргелі кітапхананың құрылысы аяқталып келеді. Тұтастай алғанда таяудағы 2 жылда 100 мың шаршы метрге жуық жаңа алаңдар салынады.

Университетті 2020 жылға дейінгі дамытудың бас жоспарына сәйкес емханасы және стационары бар жастардың денсаулық орталығын, мәдени-тұрмыстық орталық салу көзделуде.

Жаңа нысандар қиын уақытта салынып жатқаны және сапалы білім мен ғылымсыз Қазақстанның болашағы жоқ екенін түсіне отырып, мемлекеттің

бұл үшін қаражат тауып отырғаны атап айтарлықтай.

Біз сіздермен алғаш рет кездесіп отырған жоқпыз. Біздің барлық кездесулерімізде елімізді дамытудың проблемалары талқыланған болатын.

Бүгінде біздің бәрімізді дағдарыстан кейінгі дүние қандай болатыны толғандырады. Берігірек болып, кез келген қиындықтарға төтеп беру үшін, Қазақстанды жаңа биіктерге көтеру үшін біз не істеуіміз керек? Бұл жөнінде бүгінгі дәрістің аясында әңгіме қозғағым келеді.

II. Әлемдік дағдарыс: себептері мен бастау көздері

XXI ғасырдың алғашқы онжылдығы аяқталып келеді. Ол бүкіл әлем үшін сынақ сипатында болды. Ауқымды терроризм шабуылдар, Ауғанстандағы, Ирак пен Кавказдағы соғыс операциялары, Таяу Шығыстағы және Африкадағы жанжал ұшқындары, әлемнің бірқатар елдеріндегі этносаралық қақтығыстар – мұның бәрі үшінші мыңжылдықтың алғашқы жылдарының мазасыз беттері.

Жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыс әлем үшін елеулі сынақ болды. Адамзат тарихтың шұғыл бұрылыстарының себебі болған экономикалық құлдырауларды талай рет бастан кешсе де, бұл дағдарыстың ауқымы мен салдарлары бұрын-соңды болған емес.

Тек соңғы жүз жылда оннан астам әрқилы тереңдіктегі дағдарыстар болды. Бұл – жаһандық соғыстарға соқтырған ХХ ғасырдың басындағы экономикалық күйзелістер де, Кеңес Одағының ыдырауын туындатқан бүкіл социалистік жүйенің 70–80-ші жылдардағы дағдарысы да, 90-шы жылдардың аяғындағы Азия дағдарысы да әлемдік экономиканы сілкілеп өтті.

Алайда бұл жолғы дағдарыс – жаңа деңгейдегі құбылыс. Ол бүкіл әлемнің экономикасын қамтып отыр. Әлемдік экономиканың осы жолғы жаһандық дағдарыс салдарынан шеккен зардабының көлемі 3,5 трлн долларға бағаланып отыр.

Қазір көптеген сарапшылар, талдамашылар, ғалымдар дағдарыстың туындау себептерін іздестіріп, ең қайран қаларлық болжамдар жасауда.

Бірақ та дағдарыстың негізінде адамның мәңгілік кінәраттары – ашқарақтық, имансыздық және жауапсыздық жатқанын мойындауға батылы жететіндер табыла қоймас.

2007 жылдың аяғында алыпсатарлық мәмілелердің жалпы көлемі 14 трлн доллардан астамды құрады. Ондаған олигархтың байлыққа құнуғышылығы миллиондар үшін қасірет болып оралды.

Халықаралық мамандардың бағалауы бойынша, дағдарыспен күреске әлемде қазірдің өзінде 10 трлн-нан астам доллар жұмсалған.

Қазіргі кезде әлемдік экономикалық ахуалдың біршама жақсарғаны туралы белгілер беріліп жатыр.

Бірақ та, тұтастай алғанда, мынаны айтуға болады, алдағы кезеңде әлемдегі экономикалық ахуал айтарлықтай әлсіз болып, дағдарыстың жаңа толқынының қатері сақталады.

III. Қазақстандағы дағдарысқа қарсы шаралар

Қазақстан ТМД елдерінің ішінде бірінші болып жаһандық дағдарыс салдарларымен бетпе-бет келді.

Еліміздің өз қарыздарымен есептесе алмаған жетекші банктерін банкроттықтан дереу құтқаруға тура келді. Арзан ақшаларды тойымсыздықпен және бақылаусыздықпен қарызға алып, сол арқылы байлық таппақ болған біздің банктер қиын жағдайда қалды. Банкирлердің кейбірі алақтар мен ұрылар болып шығып, банк қаражатын меншіктеп алған. Ондайлармен қазір құқық қорғау органдары айналысуда.

Қазақстанның экспорты жартысына дерлік қысқарды. Шағын бизнес несиелік қаражатсыз қалды. 100 мыңдаған еңбеккерлер жұмыс орнын жоғалту шегіне жетті.

Осындай жағдайда біздің шешімдеріміз нақты да дер уақытында болды. Қазақстанда тұрақтандырушы шаралар пакеті қабылданды, Ұлттық қордан

қосымша 10 млрд доллар бөлінді. Мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелері сақталып қана қойған жоқ, сонымен бірге ұлғайтылды, перспективалы инвестициялық жобалар анықталды.

«Жол картасы» және Өңірлік жұмыспен қамту стратегиясы қабылданды.

Бүгінде енді «Жол картасын» және дағдарысқа қарсы шаралардың бүкіл кешенін іске асырудың алғашқы қорытындыларын шығаруға болады.

400 мыңға тарта жаңа жұмыс орындары ашылды.

200 мыңнан астам адам қайта даярлықтан өтіп, қоғамдық жұмыстарға қатысушылар болды. Соның нәтижесінде біздегі жұмыссыздық деңгейі 6 %-ға дейін төмендеді, ал көптеген елдерде ол еселеп өсті.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және инфрақұрылым нысандарын жаңғырту жөнінде ауқымды жұмыс жүргізілді.

Денсаулық сақтаудың, білім берудің 1500 дерлік нысаны және әлеуметтік инфрақұрылымның басқа да нысандары жөнделді.

Мың шақырым жол салынып, қайта жарақтандырылды.

Қаражат әрбір ауыл мен селоға дейін жетті, бұрын мұндай болмайтын. Осындай бұрын-соңды болмаған шараларды ел халқы зор ризашылықпен қарсы алды.

Үстіміздегі жылдың екінші тоқсанында шағын және орта бизнес секторындағы өндірістің көлемі 14 %-ға өсті.

Аграрлық-өнеркәсіптік кешенге қолдау білдіру егін жинау науқанын ойдағыдай аяқтауды, ауылшаруашылық өнімдерін өңдеудің көптеген нысандарын салуды қамтамасыз етті.

Астықтың бункерлік салмақтағы жалпы жиынтығы 22 млн тоннаға жуықты құрады. Бұл соңғы бес жылдағы екінші рекордтық орақ.

Тұтастай алғанда Қазақстанның қаржы жүйесінің жалпы тұрақтылығына қол жеткізілді.

Банк жүйесіне қолдау білдіруге 476 млрд теңге бөлінді. Соның өтеміне мемлекет елдің жетекші банктерінің ірі акционеріне айналды.

Мемлекеттің қолдау білдіруі арқасында алданып қалған 40 мыңнан астам үлескердің проблемалары шешілуде.

Тұтастай алғанда ел экономикасына дағдарысқа қарсы мақсаттарда 2,7 трлн теңге немесе ІЖӨ-нің 14 %-ы жұмсалды.

Халықаралық валюта қорының басқарушы директоры Доминик Стросс-Кан біздің елімізде болып, былай деп атап өткен еді: «егер барлық шаралар іске асатын болса, онда 2009 жылдың аяғында сіздердің экономикаларың өз проблемаларын еңсере алады». Осындай пікірді көптеген сарапшылар ұстанады.

Бастысы, дағдарысқа қарсы шаралар қоғамнан қолдау тапты. Мен еліміздің көптеген өңірлерінде болдым. Сонда барлық жерде халықтың қолдауы мен Қазақстанды дамытудың жаңа алып жоспарларын орындауға кірісуге әзірлігін сезіндім.

«Нұр Отан» партиясының XII съезінде Қазақстанды жедел индустриялық-инновациялық дамыту міндеті қойылды.

Мен инновациялық индустрияландырудың жеті басымдығын анықтадым. Олар:

- аграрлық секторды технологиялық қайта жарақтандыру және кең ауқымда жаңғырту;
- құрылыс индустриясын және құрылыс материалдары өндірісін дамыту;
- мұнай өңдеуді және мұнай-газ секторының инфрақұрылымын дамыту;
- металлургияны және дайын металл өнімдерін өндіруді дамыту;
- химия, фармацевтика және қорғаныс өнеркәсібін дамыту;
- «таза» энергетиканы жасауды қоса алғанда энергетика саласын жаңғырту және дамыту;
- көлік және телекоммуникация инфрақұрылымын дамыту.

Осының нәтижесінде 7 трлн теңгеден астам немесе біздің ұлттық өніміміздің 50 % дерлік көлемінде жылдық қосымша құн қосымша жасалатын болады.

Бұл – өршіл, қажетті де лайықты міндет. Осының арқасында біз қазақстандықтардың әл-ауқаты одан әрі жақсаруы үшін жағдай жасаймыз.

IV. Әлемді дамытудың дағдарыстан кейінгі трендтері

Меніңше, осы дағдарыс бүкіләлемдік тарихтың бетбұрыс оқиғасына айналады. Әлемді дағдарыстан кейінгі дамытудың мынадай трендтері барынша айқын болып табылады.

Бірінші – әлемдік валюта жүйесінің трансформациясы.

Өз көзқарасымды мен бүкіл әлемнің сарапшы топтарында айтарлықтай қызығушылық туғызған «Дағдарыстан шығу кілті» және «Бесінші жол» атты мақалаларымда егжей-тегжейлі баяндадым.

Жаһандық дағдарыс себептерінің бірі қазіргі әлемдік қаржы жүйесінің ақаулығы болып табылады деп санаймын. Ол соңғы 50 жылда іс жүзінде ауыстырылған жоқ және әлемдік дамудан қалып қойды.

Жаһандық дағдарыстан шығу жаңа қаржы құралдарына міндетті түрде көшуде екендігіне сенімдімін. Таяудағы болашақтың өзінде әлемдік өңірлік валюталардың сапалық жаңа санаты енгізілетін болады.

Мәселен, 2010 жылдың 1 қаңтарынан Америкалар үшін Боливар Альянсы елдерінің ұлтүстілік

электрондық есеп айырысу-төлем бірлігі – «сукренің» айналымға енгізілуі жоспарланған.

Бразилия мен Аргентина МЕРКОСУР ұйымы аясында өңірлік валюта құруды ұсынуда. АСЕАН елдері өңірлік валюталар себетіне байланған валюта бірлігін ұсынады.

Дағдарыстан кейінгі сценарийлердің бірі бойынша әлемдік экономика энергетикалық байланыстар мен туризмді ғана сақтай отырып, өңіршілдік соққысынан ыдырап түсуі мүмкін.

Мен сондайлық пессимист емеспін. Меніңше, сайып келгенде, әлем адамзат тарихындағы тұңғыш заңды және жария бірыңғай жаңа әлемдік валютаны жасауға келетін болады.

Бұл идея әлемде барған сайын белсенді таралуда. Көптеген саясатшылар, қоғам қайраткерлері, ғалымдар оған қолдау білдіруде.

Мысалы, олар – экономика бойынша нобельдік лауреаттар Эдмунд Фелпс пен Роберт Манделл, мен олармен жуырда Астанада әңгімелестім.

Олар – жетекші ресейлік ғалымдар, экономистер және басқалары. Бұл мәселе G-8 және G-20-ны қоса алғанда саммиттер мен форумдардың күн тәртібіне қазірдің өзінде енгізілуде.

Мұндай жаһандық проблеманы шешу интеллектуалдық күш-жігер мен уақытты талап етеді. Бұл ретте қазіргі валюта жүйесінің пайдасына үйреніп қалған элиталардың зор қарсылығы болады.

Әлемнің таяу уақыттарда осынау көкейкесті мәселеге бірегей көзқарас қалыптастыратынына менің сенімім мол. Оның әлемдегі жаһандық дағдарыстардың жиілігі мен өткірлігін төмендетіні айдан анық.

Дағдарыс алдындағы екінші тренд – күштерді әлемдік жаңаша орналастыруды қалыптастыру.

Жаһандық басқару дағдарысы қазіргі экономикалық сілкіністердің зардаптарының біріне айналып отыр.

Белгілі тарихшы Чарльз Киндлбергер Ұлы депрессия себептеріне талдау жасай отырып, шиеленісті маңызды кезеңде әлемдік көшбасшылықтың болмауын солардың бірі ретінде атады.

Көптеген факторлар тарихтың бүгінде қайталанып отырғанын көрсетіп отыр. АҚШ пен өзге де ірі мемлекеттерге әлемдегі ықпалдылықты жаңа күштердің орталығымен бөлісуге тура келеді.

Мынадай дәйек келтірейін. 2001 жылы «Голдман сакс» банкінің жетекші экономисі Джим О'Нил БРИК атты қысқартылған сөзді өзінің талдамалық жазбаларында тұңғыш рет қолданды.

Бразилияның, Ресейдің, Үндістанның және Қытайдың басшылары өз ұстанымдарымызды үйлестірген жаман болмас еді деген ұйғарымға келді. Сөйтіп 2009 жылдың мамырында Екатеринбургте БРИК-тің алғашқы саммиті өтті.

20 жылдан кейін БРИК елдерінің жиынтық ІЖӨ-сі «Үлкен жетілік» (G-7) елдерінің жиынтық ІЖӨ-сінен асып түседі деп күтілуде.

2050 жылға қарай экономикалық дамыған елдердің алғашқы бестігінде батыс елдерінен тек АҚШ қана қалады. Оның өзі де – қазіргі дағдарыс кезеңінде тұрақтылықтың өзіндік бір аралына айналған Қытайдан кейінгі екінші орында.

Үндістан да дағдарыстан салыстырмалы түрде қолайлы жағдайда өте алады. Елдің сыртқы капиталға күшті тәуелділігі жоқ және өзінің даму бағдарламасын жүзеге асыруда.

Бразилия да дағдарысты сәтті жеңе білуде. Бразилияның қуатты табиғи және интеллектуалдық ресурстарға ие, үлкен және ырғақты дамып келе жатқан ел екенін айту қажет.

Ресей де дағдарыстан нығайып шығады.

Бейжің Олимпиадасы қарсаңында «Wall Street Journal» газетінде Ұлыбританияның экс-премьер-министрі Тони Блэрдің мақаласы жарық көрді. Онда «Бірнеше ғасырлар бойы күштер Батыста шоғырланды... Енді бізге ықпалдылықты Шығыспен бөлісетін әлемде өмір сүру жағдайларымен келісуге тура келеді» деген қорытынды жасалған. Осынау саясаткердің пікірінше, бұл тәжірибе Батыс үшін бейтаныс, тіпті өкінішті де болмақ.

Осылайша, дағдарыс әлемдік экономиканың трансформациялану үдерісін айтарлықтай тездетті.

Дегенмен саясат болмаған жерде экономика тек ғылым ғана болар еді. Сондықтан бұл үдеріс әлемдегі шынайы геосаяси көптүрліліктің қалыптасуымен қоса қабат жүретін болады.

Дағдарыс алдындағы әлемнің үшінші тренді – экономикада энергия үнемдеуге көшу.

Бүгінде неғұрлым дамыған елдер қауіпсіз, таза және сарқылмайтын дамуға көшу міндетін қойып отыр.

Америка Президенті Барак Обама айтқандай, «XXI ғасырда таза энергия өндіруде әлемдік көшбасшылыққа жеткен ел, XXI ғасырдағы жаһандық экономикада да көшбасшы болады». Бұл айтылғанмен келіспеу қиын.

Бұл орайда балама, төмен көміртекті энергетика перспективалы бағыт болып табылады. Бүгінде әлемде көмірқышқыл газын отынға және мұнай-химия өнімдеріне айналдыру жөніндегі жобалар белсенді талдануда. Таяу уақыттарда шығарындылары нөлге тең электр стансаларының пайда болатынына сенімім мол.

«Сутегі энергетикасын» дамытуда да зерттеулер жүргізілуде. Оңтүстік Корея қазірдің өзінде «Сутегі экономикасына» көшу жоспарын жүзеге асыруда және 2040 жылға қарай ІЖӨ-нің 8 % өнімін сутегінен өндіруді жоспарлап отыр.

Үндістанда, АҚШ пен ОАР-да да белсенді жұмыстар жүргізілуде.

Күн, жел, геотермальды, гидроэнергия және биомасса сияқты энергияның қайта қалпына келетін көздері отынның дәстүрлі түрлеріне қатысты барған сайын құнды бәсекелестік қабілетке ие болуда.

Бірақ, сонымен бірге, көмірсутегі энергия тұтынудың жалпы құрылымында әлі де жетекші рөл атқара беретін болады. Сондықтан әлем өндіріске инновациялық технологиялар енгізуде, мұнай мен газ өндіру мен пайдаланудың экологиялық зардаптарын қысқартуда неғұрлым белсенді іс-қимылдар күтіп отыр.

Осы технологиялардың бәрі әрбір жеке адам үшін нені білдіреді?

Ең алдымен, біз көп ұзамай энергия үнемдейтін өмір салтына көшетін боламыз. Біз болсақ, елде әлі электр энергиясын, жылуды, суды және басқаларды шындап үнемдеуге әлі көшкен де жоқпыз. Мұны таяу уақыттарда жүзеге асыруға тура келеді.

Энергияның арзан көздері келмеске кетуде. Болашақта күн батареялары, энергия үнемдейтін шамдар, сутегі отынымен жүретін автомобильдер, электромобильдер пайдаланылатын болады. Сондықтан компаниялар мен кәсіпорындардың барлық басшылары, елдің барлық азаматтары осы ағымды ескеріп, энергияны қалай сақтауға болатындығы жөнінде ойланулары керек.

Энергия үнемдеудің өсуі әлемдік экономикада энергия сыйымдылығының төмендеуіне, ал оның соңы оның дамуы мен тұрақтылығына апаратын болады.

Дағдарыс алдындағы әлемнің төртінші үрдісі – экономикадағы мемлекеттің рөлі мен маңызының артуы.

Қазіргі дағдарыс көптеген адамдарды экономикадағы мемлекеттің рөлі туралы ойлануға мәжбүрледі.

Францияның бұрынғы Премьер-министрі Лионель Жоспен енгізген «химиялық таза капитализм» термині балағат сөзге айналды.

Кейнстің беделі өсіп шықты, экономистер оның «Жалпы теориясының» ескі даналарын сөреден қайтадан алуда. Карл Маркс қайтадан оқылуда. Тіпті ықпалды «News Week» апталығының өзі «біздің бәріміз де енді социалистерміз» дегенді өз беттерінде жазып жатыр.

Еш жерде және ешқашанда мемлекеттің шешуші түрде араласуынсыз модернизацияның болмағандығын тарих та растап отыр. Дағдарыс оны тағы да дәлелдеді.

Нарық экономикасы, меншікті қорғау және шағын бизнесті дамыту біздің экономикамыздың негізі болып қала береді.

Бірақ дағдарыс қарсаңындағы кезеңде мемлекеттің рөлі өнеркәсіптен бастап әлеуметтік салаға дейінгі салалардың бәрінде де күшейетін болады.

Сол арқылы мемлекеттік басқарудың сапасына және мемлекеттік функцияларды жүзеге асыратын адамдарға қатысты талаптар өсе түседі.

Неғұрлым кеңірек мағынада алғанда бұл, яғни бүтіндей алғанда адами капиталдың сапасына талапты күшейту – дағдарыс алдындағы әлем дамуының бесінші тренді.

Адами капиталға айтарлықтай инвестициялар салмайынша, ешқандай экономика табысты дами алмайды. 1943 жылдың өзінде-ақ «ақыл империясы болашақ империясы болмақ» деген болатын Уинстон Черчилль.

Оңтүстік-Шығыс Азия тәжірибесі көрсетіп отырғандай, адами капиталды дамыту саласындағы кейін қалушылықты қысқа мерзімде жоюға болады. Бүгінде бәсекеге ең қабілетті деген әлемнің 25 ақпараттық компанияларының 14-і Азияда орналасқан.

Бүгінде жоғары бәсекелестік басымдықтары жоқ елдер таяу болашақта ғылыми зерттеулер, инновациялық және жоғары технологиялар рыногында табысты бәсекелестікке түсе алмайды.

Осылайша, әр азаматтың денсаулығы, интеллектісі және білімі қаншалықты сапалы болса, мемлекеттің әлемдік қоғамдастық жүйесіндегі жоғары бәсекелестікке қабілеті де соншалықты болмақ.

Мен дағдарыс қарсаңындағы әлем дамуының тек айқын деген тренділерін ғана атап көрсеттім.

Өмір сан-салалы және күрделі, сондықтан біз өзімізді күтіп тұрған жәйттердің бәріне де дайын болуымыз керек.

Біздердің қандай шара қабылдауымыз қажет?

V. Интеллектуалды ұлт

Қазақстанның алдында экономиканы жеделдете модернизациялау, шикізаттық экономикадан индустриялық экономикаға көшу міндеті тұр.

Қазіргі уақытта республикалық маңыздағы инвестициялық жобалардың тізімін қалыптастыру аяқталып келеді.

Олар барлығы жалпы сомасы 7,5 трлн теңге бола-тын 97 жоба. Оның ішінде 380 млрд теңгені құрайтын 26 жобаны осы жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр. Олар – жаңа кәсіпорындар, білім беру мен денсаулық сақтау саласының жаңа нысандары.

Біз дамыған елдерден озық технологияларды тартып, бірлескен өндірістер құрудамыз, инновациялық жобаларға қолдау көрсетілуде. Бірақ егер біз экономикасы тұрақты дамыған елдер клубына өтеміз десек, бұл жеткіліксіз. Оның сыртында аса озық технологияларын бізге ешкім де әншейін бере салмайды.

Қазақстанға біздің ұлтымыздың әлеуетін оятуға және жүзеге асыруға жағдай жасайтын интеллектуалды төңкеріс қажет.

Өкінішке қарай, ғалымдардың, инженерлердің, педагогтардың беделі түсіп кетті. Адамдар аз оқитын, білімдерін жаңартпайтын болды. Көпшілігінің мақсаты қандай жолмен ақша табуға айналды.

Әрине, өмір сүру үшін қаражат керек. Бірақ, Артур Шопенгауэр айтқандай, үлкен дәулет немесе билік адамды бақытты ете алмайды. Ондай адамдардың әрқайсысында да «өзіне тән қам-қарекеті мен мұқтаждары бар кедей жасырынып жатыр».

Біздің ендігі міндет – қазақстандықтардың, бірінші кезекте жастардың білімділікке, интеллектіге, Отан мен халыққа қызмет етуге деген көзқарастарын өзгерту.

АҚШ пен Еуропада Нобель сыйлығын алған ғалымдарды тек еңбегі мен ашқан жаңалықтары үшін ғана құрметтемейді. Олар барша үшін де үлгі болып саналады. Олардың үлгісін жастарға өнегелеп, сол арқылы күш-жігердің, еңбек пен таланттың әркезде де табысқа бастайтынын көрсетеді.

Бізге ұлттық интеллектінің діңін құру қажет, бізге халықаралық деңгейде бәсекеге түсе алатын эрудициялы адамдар керек.

«Болашақтықтармен» кездесіп, «Интеллектуалды ұлт – 2020» жобасын ұсынғанда, мен осындай мақсаттарды көздедім.

Жоба негізінде үш аспекті бар.

Бірінші. Қазақстанның білім беру жүйесіндегі серпіліс.

Бүгінде білім беру үдерісіне мүмкіндігінше кеңірек қарауға болады. Әр адамды қазіргі заманғы әлемде іс істеуге, білім ала білуге, өмір сүре алуға, бірлесіп өмір сүре білуге үйрету қажет. Бұл ЮНЕСКО қалыптастырған «білім берудің төрт тағаны».

Ұзақ жылдар бойы біздегі білім берудегі басты проблема ақпараттарға қол жеткізу болды. Кітап күткен ұзыннан-ұзақ кезектер, мыңдаған беттік конспектілер, бір кітапты бірнеше адамның жабыла оқуы сияқты жәйттер аға буынның әлі де есінде.

Бүгінде жағдай басқаша. Сарапшылар барлық кездерде жазылған кітаптарға қарағанда, ақпараттардың 2006 жылы жаһандық ауқымда 3 млн есе көп шығарылғанын есептеп шыққан. Баспа түрінде ол Жерден Күнге дейінгі биіктіктегі 12 үйме кітап. Болжам бойынша 2010 жылы ақпараттың бұл көлемі тағы да алты есе ұлғаймақ. Ақпараттың мұндай көлемінде жоғалып кетуге де болады.

Сондықтан қазіргі заманғы білім берудің перспективалық міндеті – ол сындарлы ойлай білетін және ақпараттар ағынында бағдар ала білуге қабілетті адамдарды даярлау.

Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру ісі бастапқы интеллектуалдық әлеует пен жас

қазақстандықтардың жақсы денсаулығын қалыптастыра білуі керек. Олар терең ақылымен, шексіз қызығушылығымен және өмірлік күш-қуатымен ерекшеленуге тиіс.

Орта білім белсенді, білімді және табыстарға бағдарланған тұлғаларды тәрбиелеуге жауап береді. Оқушылар «ешқашан бастауды тоқтатпа, ешқашан тоқтауды бастама» деген ақиқаттан адаспаулары тиіс.

Осы жылы менің тапсырмам бойынша Астана мен Семейде интеллектуалдық мектептер ашылды. 2011 жылға дейін мұндай мектептер еліміздің әр аймағында ашылатын болады. Олардың міндеті – дарынды балаларды, олардың таланттарының бағытын тауып, мақсатты дайындықтарын бастау. Дарынды балалар бізде бар.

Бұл мектептердегі негізгі екпін нақты және табиғи ғылымдарды оқытып, сындарлы және креативті ойлау қабілетін дамытуға түсірілетін болады.

Мен бұл мектептерден үлкен нәтижелер күтемін. Олар Қазақстанның интеллектуалды элитасын тәрбиелеудің іргетасы болулары тиіс.

Бұл мектептер түлектерінің әлемнің кез келген университетінде оқуға мүмкіндіктері болулары тиіс.

Бірақ бұл басқа мектептерді дамытпаймыз дегенді білдірмейді. Ауылдағы білім беру мәселесі ерекше маңызға ие.

Мен жас педагогтарды ауылдарға қоныс аударуға шақырамын. Біз олардың қаладағы мектептерден кейін қалуын, оның ішінде қашықтықтан оқыту әдістері есебінен еңсеруге міндеттіміз.

«Болашақ» интеллектуалды мектептері, Астанадағы Халықаралық университет – біздің білім беру жүйемізді әлемдік стандарттарға жақындату міндеті қойылып отырған аса маңызды элементтер, міне, осылар.

Алдағы жылы Астанада ашылуы жоспарланып отырған әлемдік деңгейдегі Халықаралық университет инженерлік және техникалық кадрларды, генетика, биохимия, физика мамандарын дайындайтын болады. Онда заманалық зертханалар, Биотехнология ұлттық орталығы және басқалары жұмыс істейтін болады.

Біз басында ҚазҰУ, ҚМЭБИ және ҚБТУ тұрған тоғыз ұлттық университетке үлкен үмітпен қараймыз.

Олар отандық жоғары білім берудің негізгі жон арқасы болулары тиіс.

Бір сөзбен айтқанда, біз алдағы жылдары білім беру жүйесінде серпінді іс-қимыл танытуға бел шеше кіріспекпіз.

«Интеллектуалды ұлт» жобасының екінші аспектісі – ғылымды дамыту және еліміздің ғылыми әлеуетін арттыру. Ғылым инновациялық экономиканың негізі болуы тиіс.

1990-шы жылдары біздің ғылыми институттар аса ауыр жағдайда қалды. 2000 жылдан бастап ахуал өзгере бастады.

Соңғы 5 жылда қазақстандық ғылымды қаржыландыру 4 есеге жуық ұлғайып, үстіміздегі жылы 18,5 млрд теңгені құрады. Ғылымды дамытудың 2012 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылуда.

Осының арқасында Қазақстан жаһандық бәсекелестік рейтингінің «Инновациялық даму» индексі бойынша өзінің орнын 13 позицияға жақсартты. Бірақ қазақстандық ғылым әзірше біздің экономикамыздың нақты талабынан алыс жатыр. Көптеген ғылыми зерттеулердің нәтижесін бизнес соншалықты қажетсінбейді. Орташа 100 қазақстандық ғалымға шет елдерде жарияланған бір ғана ғылыми мақаладан келеді. 15 мың ғалымнан тек бір-екеуі ғана халықаралық патенттер алады. Сондықтан басқарудың моделін ғана емес, сондай-ақ ғалымдардың өздерінің қызметіне деген көзқарасын өзгерткен маңызды.

Жақында мен бірқатар нақты шаралар қабылданған ғылымды дамыту мәселелері бойынша кеңес өткіздім.

Ғылыми жүйеге қатысушылардың барлық шешуші функциялары оңтайландырылатын болады.

Қолданыстағы жүйе бойынша ғылыми жобаны қаржыландыруға тапсырыс алудың өзі ғана кем

дегенде бес баспалдақ – институт басшылығы, ғылыми орталық, ғылым жөніндегі комитет, салалық министрлік, Үкімет арқылы өтеді.

Қазір артық буындар қысқартылуда. Ғалымдар қаржыландыру үшін тікелей мамандандырылған ғылыми кеңестерге жүгінетін болады. Оларға ғылыми жобаларды іріктеу және гранттар беру туралы шешім қабылдау функциясы бекітіп беріледі.

Білім және ғылым министрлігі мен Ғылым комитетінде қаржылық, материалдық және техникалық аспектілерді қамтамасыз етудің әкімшілік функциясы сақталып қалады.

Сондай-ақ ғылыми қызметті қаржыландырудың базалық, бағдарламалы-мақсаттық және гранттық – 3 компоненттен тұратын жаңа жүйесі енгізіледі.

Ғылыми мақсаттардағы барлық шығындар мемлекеттік сатып алулар жүйесінен шығарылады. Үкімет ҒЗТКЖ-ны (НИОКР) қаржыландыру үшін бизнес-құрылымдарды тарту жөнінде шаралар қарастырып жатыр.

Көріп отырғандарыңыздай, мемлекет ғылымды дамытуға қажетті барлық шараларды қабылдауда. Бірақ мұның барлығы егер білікті кадрлар болмаса, бекер болар еді.

Сондықтан мен жастарға елімізге ең алдыңғы қатарлы ғылым салаларында жұмыс істейтін талантты ғалымдар қажет деп үндеу тастаймын.

Ғылымға барыңдар, құлшыныңдар, өздеріңнің зерттеу таланттарыңды жүзеге асырыңдар!

Қазір Қазақстан үшін үлкен мүмкіндіктер бар. Тұтастай алғанда алдағы кезеңде мына төрт бағыт әлем картасының ғылыми-технологиясына үлкен ықпал ететін болады.

Бірінші – биотехнология және биохимия. Бұл – азық-түлік қауіпсіздігін сақтау, адамның иммундық жүйесін нығайту, интеллектуалдық жүйе құрудағы маңызды бағыт. Сондықтан қазір біз Астанада Биотехнология ұлттық орталығын құрдық.

Екінші – экоэнергетика. Бұл – энергияның қайталама көздері, «жасыл энергетика», отын элементтері, жоғары өткізгіштер, көміртегі қосындысын ұстау мен сақтау, энергияны аз тұтынатын жарық көздері.

Үшінші – экология. Парникті газдар шығарындыларын азайту, су тазарту, түрлі биосубстансаларды тез анықтау, биологиялық тұрғыдан ыдырайтын пластиктер енгізу, бактериялар құру, қоршаған ортаны ластандырғыштарды жою технологиялары белсенді дамитын болады.

Төртінші – антиэйджинг (антикәрілік). Бұл өмірді ұзарту мен жасаруды зерттеу.

Бұл зерттеулер қаншалықты күрделі көрінгенімен, адамзат ерте ме, кеш пе бұл мәселелердің бәрін шешеді. Біздің ғалымдарға да адамзаттың осы проблемаларымен неге айналыспасқа? Бұл

жастар үшін қосымша рух беретін міндеттер емес пе?

«Интеллектуалды ұлт» жобасының үшінші аспекті – бұл инновация жүйесін дамыту.

АҚШ-та 1 мегаватт электр энергиясы мен 1 тонна темір рудасынан он компьютер жасар еді, КСРО-да – 10 рельс, ал Ауғанстанда – ештеңе де. Бәрі де қарапайым – қолда бар ресурстардан пайда барынша мол болуы үшін технологиялар, ноу-хау қажет.

Фрэнсис Бэкон «Білім – ел мен халыққа пайда әкелгенде ғана күш» деген екен. Егер экономикалық пайда әкелмесе, ғылыми-техникалық прогрестен еш пайда жоқ.

Инновация – бұл қашанда сезгілікті тауар өндірісі өсіміне әкелетін, пайда мен бәсекеге қабілеттілікті күрт ұлғайтатын идеялар тоғысы мен бизнес.

Бүгінде Қазақстанға инновациялық қызметтің «жарылысы» қажет. Бизнес перспективалы жобаларды іздеп, оларды жүзеге асыру үшін бейімделуі және жұмыс істеуі тиіс.

Дамыған елдерде шағын бизнес барлық инновациялардың 50 %-ынан астамын және жұмыс орындарының 70 %-ын қамтамасыз етеді! Инновациялық идеялар иелері, инновацияларды жасаушылар, олар компаниялар немесе жекелеген ғалымдар болса да, сол күннің батырлары болу-

лары тиіс. Олар туралы бұқаралық ақпарат құралдары тұрақты түрде айтып отырулары керек.

Қоғамда мінез-құлықтың инновациялық, креативтік үлгісі үстемдік құруы тиіс.

Еліміздің барлық компаниялары, әсіресе инвесторлары заңнамалық деңгейде өз пайдаларының бір бөлігінен инновациялық, ғылыми жаңалықтарға және қызметкерлерді оқытуға қаржы бөліп тұруға міндетті болулары қажет.

Қазақстанда «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау» туралы Заң қабылданды.

Мен Үкімет алдына инновациялық қызметті белсенді ету міндетін қойдым. Бәрінен бұрын технологиялар трансферті мен білімнің кешенді жүйесін құру қажет.

Инновациялық-технологиялық дамуды басқарудың тиімді жүйесін қалыптастырған жөн. Бұл үшін салалық министрліктер мен ұлттық компанияларда ғылыми-техникалық бөлімшелер құру, барлық жүзеге асырылып жатқан және жоспарланып отырған жобаларға сараптама жүргізу үшін жауаптыларды тағайындау маңызды.

Инновациялық инфрақұрылымдарды белсенді сапқа қою ісін жалғастыру – Алматыда Ақпараттық технологиялар паркі құрылысын аяқтау, өңірлік технологиялар мен индустриялы аймақтар құру маңызды.

Қазақстандықтардың жаңа генерациясын қалыптастыруға бағытталған «Интеллектуалды

ұлт – 2020» жобасының мәні осындай. Мұнсыз біз Қазақстанды бәсекеге қабілетті адам капиталы бар елге айналдыра алмаймыз.

Мен бүгін барлық ғалымдарды, педагогтар мен студенттерді оны жүзеге асыруға белсенді қатысуға шақырамын. Біріге отырып, біз алдымызға қойған барлық мақсаттарымызға қол жеткіземіз және Қазақстанда интеллектуалды ұлт құратын боламыз.

Қазақстан халқы Ассамблеясының
XV сессиясында «Ел бірлігі – біздің
стратегиялық таңдауымыз» тақырыбында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2009 жылғы 26 қазан

**Құрметті Ассамблея мүшелері!
Қымбатты сессия меймандары!**

Сіздерді Қазақстан халқы Ассамблеясы 15-ші сессиясының ашылуымен шын жүректен құттықтаймын!

Ассамблея – еліміздегі бірлік пен келісімнің киелі бесігі, тұтастық пен тұрақтылықтың құтты шаңырағы. Оның әрбір сессиясында мемлекет

өміріндегі өзекті мәселелер талқыланып, келелі шешімдер қабылданып келеді.

Бұл саяси құрылым халқымыздың жүрек қалауымен, қоғамның ізгі тілегімен құрылған. Сондықтан көпшіліктің көкейінде жүрген маңызды мәселелер осы мінберде айтылуда.

Ассамблея осы жылдар ішінде байсалды жолдан өтіп, байыпты тәжірибе жинақтады. Ол еліміздегі этносаралық қарым-қатынасты дамытудың іргелі институтына, татулық пен сыйластықтың берекелі бекетіне айналды.

Мәртебелі органның сессияларында қоғамдық өмірдің сан саласын қамтитын, оның келбетіне ықпал жасайтын әлеуметтік мәні зор мәселелер де талқыланды.

Біздің үлгімізді шетелдік мәртебелі меймандар да өнеге тұтуда. Олар сессия жұмысына арнайы қатысып, Ассамблея қызметінің жаңа қырларын үйренуде, бағыт-бағдарынан тәлім алуда.

Ең бастысы, Ассамблеяның әрбір сессиясын қарапайым халық тағатсыздана күтеді. Өйткені барлық этносты бауырына басып, құшағына алған бұл құрылымның әрбір жиынында ортақ Отанымыздың келешегіне қатысты аса маңызды ой-пікірлер, ұсыныстар ортаға салынады. Сессияның бүгінгі мәжілісінде де осындай өзекті мәселелер талқыланып, шешім қабылданады деп сенемін.

Құрметті Ассамблея мүшелері! Қымбатты сессия меймандары!

Бүгін біз өте маңызды мәселені – Қазақстанның Ұлт бірлігі доктринасы туралы мәселені талқылауға жиналды.

Ассамблеяның осы сессиясы күрделі кезеңде өтіп отыр.

Жаһандық экономиканың күйреп түсуі әлемдегі этносаралық және дінаралық қатынастар проблемасын ушықтырып жіберді. Мысалдар көп-ақ – Кавказ, Таяу және Орта Шығыс, Орталық және Шығыс Африка елдері. Дәл осындай кезеңде ұлттың топтасқандығы мен бірлігін сақтаған елдер дағдарысқа қарсы табыстырақ әрекет етуде, тұрақты дамып, жаңа биіктерге қол жеткізуде. Ешқандай қысылып-қымтырылмастан біздің Қазақстанды осындай мемлекеттер қатарына жатқызуға болады.

Жаһандық дағдарыс бізге аңдаусызда келген жоқ. Біз оған әзір едік. Мемлекеттің дағдарысқа қарсы ауқымды шараларының мәні мынада еді, дағдарыстың әлеуметтік құны қазақстандықтар үшін барынша төмен болуы тиіс. Біз үшін Ұлттық қор, сондай-ақ теңдестірілген бюджет саясаты өзіміз сүйенетін қауіпсіздік жастығына айналды.

Мемлекет банк жүйесіне, шағын және орта бизнеске, аграрлық секторға қолдау білдірді. Көмек әр ауылға дейін жетті, мұны сіздер білесіздер.

Ел өңірлерінде болып, мен халық мемлекеттің шараларын қолдайтынына, біздің бірлігіміз бен келісіміміз қай кездегіден де күшті екеніне тағы да көз жеткіздім.

Сондықтан да мен өз үзеңгілестеріме – Қазақстан халқы Ассамблеясының барлық мүшелеріне осынау күрделі кезеңдегі сіздердің қолдауларыңыз үшін шынайы ризашылық сөздерін айтқым келеді!

Сіздердің 1995 жылы Ассамблеяның бірінші сессиясы жұмысына қатысқандарыңыз сол тарихи форумда өркен жайған көңіл күйді еске түсірулеріңізге болады.

Ол кезде біз елдің барлық патриоттық күштері біріккен жаңа тұрпатты институтты қалыптастырдық. Біз эволюциялық даму мен саламатты прагматизмнің пайдасына, қарапайым адамдардың берекеттілігі мен өркендеуі үшін тоталитарлық өткеннен, сілкіністер мен жаппай жұмылу жолынан біржолата бас тарттық. Нақ осыны біз Ассамблеяның басты мақсаты етіп қойдық.

Ассамблея әрдайым сауатты да нақты әрекет еткенін атап өткім келеді. Сондықтан да біздің еліміздің сенімді өрлеуі авторларының бірі болды.

Бүгінде Ассамблея арнаулы заңмен айқындалған жаңа құқықтық мәртебенің аясында жұмыс істейді. Ол ұйымдық тұрғыда әлдеқайда күшейтілді.

Ассамблея Парламент Мәжілісінің тоғыз депутатын сайлайды, осылайша, жас қазақстандық демократияның іс-қимыл үстіндегі күшіне айналды.

Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмыс тәжірибесі шетелде кеңінен белгілі. Бұл тәжірибені АҚШ-та, Қытайда, Ресейде, Францияда, Ұлыбританияда және басқа елдерде зерттеу үстінде.

Қазақстан халқы Ассамблеясы – таза қазақстандық саяси жаңашылдықтың нәтижесінде қалыптасқан өзіндік те бірегей институт. Ол этносаралық және конфессияаралық келісімнің басты тетігі ретінде ел тарихында маңызды рөл атқарды және атқарып келеді.

Бүгінде біздің Ассамблея кәмелеттік кезеңге аяқ басты. Біз оның қызметі жаңа жүйелік қасиеттер дарытуға тиіс шепке келіп жеттік.

Біріншіден, бүгінде Ассамблея елдің барлық мемлекеттік және қоғамдық институттары секілді жаһандық дағдарыс айқындап берген күрделі жағдайда жұмыс істеуде.

Бұл, мен бірнеше рет айтқанымдай, біздің бәріміз үшін жаңа сапалық жағдайға көшуді білдіретін жаңа есеп бастайтын түс.

Екіншіден, Ассамблея жұмысы ХХІ ғасырдың – ақпарат, инноватика және осы заманғы технологиялар ғасырының, соның ішінде адамдық коммуникациялар саласының да талаптарына сай болуы тиіс. Ассамблеяның саяси партиялармен, ҰЕҰ-мен және азаматтық қоғамның басқа

институттарымен әріптестіктің жаңа формуласын әзірлеп, олармен жұмысты жаңа жағдайларда түзуі керек.

Үшіншіден, Ассамблеяның жұмысын біздің еліміз дамуының жаңа міндеттері тұрғысынан түзеу маңызды. Ең алдымен, патриоттық тәрбие, азаматтықты және мемлекеттік тілді нығайту, этносаралық және конфессияаралық келісім секілді бағыттар бойынша.

Тұтастай Қазақстан халқы Ассамблеясы жаңа идеялар туындатушы және сонымен бір уақытта, мемлекеттің ұлттық бірлік саясатының сенімді тірегі болуға тиіс.

Нақ сондықтан өткен сессияда мен Қазақстанның Ұлттық бірлік доктринасының жобасын әзірлеуді тапсырғанмын. Ол сіздерге таратылып берілді. Оның жобасы бойынша мамандар, сарапшылар, ғалымдар көп жұмыс істеді. Оны саяси партиялардың, этномәдени орталықтардың, ҮЕҰ-лардың қатысуымен мұқият талқылау, толымды қоғамдық сараптамадан өткізу қажет.

Бүгін Доктринаны жетілдіріп, менің жарлығымның жобасын әзірлейтін арнаулы жұмыс комиссиясын құру керек.

Өз тарапымынан осы құжат қандай болуы керек деген ойларыммен бөліскім келеді. Доктрина, бір жағынан, біздің едәуір тәжірибеміздің қорытындылануы, ал екінші жағынан – алға ілгерілеудің, ұлт саясатын жүргізудің ұзақ мерзімді және орта мерзімді стратегияларының, елдегі саяси

тұрақтылықты, бірлік пен келісімді одан әрі нығайтудың берік негізі болуы тиіс.

Осынау стратегиялық құжатты әзірлеу барысында да, Ассамблеяның практикалық жұмысында да жіті назар аударуды қажет ететін бірқатар маңызды жәйттер бар.

Ұлттық бірлік доктринасы басты үш сұраққа нақты да ұғынықты жауаптар беруі тиіс.

Бірінші сұрақ – ұлттық бірлік дегенде біз нені түсінеміз? Бұл, демек, біздің елімізде тұратын топтасқан этностық, діни және басқа әлеуметтік-мәдени топтардың қоғамдастығы болу.

Айталық, ең көп ұлтты ел – бұл АҚШ, онда жүздеген этностар бар, бірақ та олардың бәрі – америкалықтар. Бразилияда ресми сапармен болғанда мен өзім үшін мынаны атап өттім, бұл ел де көп ұлтты, бірақ та барлық тұрғындар – бразилиялықтар. Осы заманғы француздар ұлтына оның бұрынғы отарларындағы азаматтар өздерін Франция Республикасына жатқызады. Осыған ұқсас үдерістер Австралияда, Малайзияда, Сингапурда, Үндістанда және басқа елдерде жүріп жатыр.

Осы заманғы әлемде ұлттық бірлік ортақ мемлекетті бірлесіп құру, толеранттылық, азаматтық және осы елдің мемлекеттік тілін міндетті түрде білу секілді шарттармен анықталады.

Біз осы жолмен жүруге тиіспіз. Бірақ бұл үшін уақыт керек. Бізге асығуға болмайды.

Бүкіл әлем африкалық-америкалық Барак Обаманың АҚШ Президенті болып сайлануына таңғалысты. Ал табыстың құпиясы жай ғана. Ол АҚШ-та «қара немесе ақ Американың» жоқ екенін, «азиялық немесе латын Америкасы» жоқ екенін нақты да табанды түрде айтты. Америка Құрама Штаттары – біртұтас халық. Ондағы әркім жұлдызды-жолақ жалауға берілген және Отанын қорғауға тұруға әзір. Барак Обама нақ осылай дейді. Ол ядролық қарусыз әлем үшін күресуді ұсынады, әлемді бөлуге емес, оны біріктіруге уәде берді. Және оған әлі көп іс атқаруға тура келеді. Нақ осылар үшін оны Президент етіп сайлады.

Ал бұл дегеніміз осынау жылдардың барлығында мен сіздерге айтып келе жатқан нәрселер, біз сіздермен бірге жылдан-жылға жүргізіп келе жатқан сол саясат!

Нақ осының арқасында біздің елімізде қазіргі кездегі тұрақтылық және болашаққа деген сенімділік бар.

Екінші маңызды сұрақ – неге бізге ұлттық бірлікті нығайту маңызды? Мұнда біздің бәріміз біртұтас пікірдеміз.

Оны бір түсінікпен білдіруге болады – бұл ел ішіндегі қауіпсіздік. Оған сыртқы қауіпсіздік байланысты. Бастысы – бұл елдің өркенді дамуы, ал осыдан барып біздің бәріміздің берекеттілігіміз шығады.

Осы мінберден өзімнің барша бауырларыма – қазақтарға айрықша сөз арнағым келеді.

Бүгінде дүние жүзінде 200-ге таяу мемлекет бар. Ал 3 мыңға жуық этностың өзіндік ұлттық мемлекеті жоқ. Біз ата-бабаларымыздың аңсар-арманына қол жеткізіп, мыңжылдықтың түйіскен тоғысында тәуелсіз мемлекет құрдық.

Біз, қазақтар, араға ғасырлар салып өз жерімізде алғаш рет еркін тыныстап, еңсе тіктедік. Қазақ тілі өркен жайып, балаларымыз ана тілінде тәрбие алып келеді.

Тағдырдың жазуымен қазақ жерін паналаған түрлі этнос өкілдерімен бірге ортақ Отанымызды көркейту жолында аянбай тер төгудеміз. Біздің өзге этностағы бауырларымыз біздің қиын кезеңде, сын сағатта көрсеткен қамқорлығымызды риясыз алғыс сезімімен еске алады.

Дәуір алмасып, заман өзгерді. Қазір байырғы қазақ жерінде жаңа азаматтық қоғам қалыптасуда. ХХІ ғасырда қазақтар мемлекет құраушы ұлт ретінде жаңа белеске көтеріліп, Қазақстан халқының берік өзегіне, сенімді дінгегіне айналуда.

Бұл ретте тағы бір айта кететінім, Қазақстанның тәуелсіздігінің болашағы үшін, өсіп-өркендеу үшін, нығаюы үшін қазақтың – өзіміздің ұлттың бірлігі керек.

Қазақ халқы өзіне жүктелген аса маңызды жауапкершілікті сезіне отырып, бұл тарихи миссияны абыроймен атқарып шығады деп сенемін.

Үшінші сұрақ – ұлттық бірліктің негізі не болып табылады? Қазақстан халқының бірлігі басты үш тұғырға негізделген.

Біріншіден, ол біздің ортақ тарихымыз. Оның қасіретті беттерінен қажетті сабақ ала білу маңызды.

Түрлі этностардың бұрын орын алған азаптары мен ащы тағдыры болашақта қайталанбас үшін оларды әркез ескере білу керек.

Иә, аштық та, қуғын-сүргін де, соғыс та, жер аударулар да болды.

Бірақ бұл деректерді біз өткен уақыт пен бүгінде жоқ адамдарды бостан-босқа сынау үшін пайдаланбаймыз. Оның үстіне бұрынғы Кеңес Одағының барлық халықтары да зардап шекті.

Бір кезде бізге жамандық істелгені үшін жайдан-жай біреулерге жамандық жасауға болмайды. Өткен өтіп кетті. А. С. Пушкин айтқандай, қалпағымызды шешіп, өткенге тағзым етейік те, болашаққа бет бұрайық, білек сыбана еңбекке кірісейік.

Қазақстанда жыл сайын Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні, өз еріктерінен тыс қазақ жеріне келген халықтардың, бүгінде бізбен бірге жүргендердің ата-бабаларының жер аударылған жылдықтары аталып өтеді.

Бұл іс-шараларға халық Ассамблеясы, барлық этномәдени орталықтар белсене қатысады. Осынау қайғылы оқиғалар туралы жадымыз біздің

этностарымызды бір-бірінен алшақтатпайды, керісінше, достығымызды нығайта түседі. Сол уақыттың тоталитарлық машинасынан біздің бәріміз де зардап шектік.

Менің атыма осыдан 15 жыл бұрын Көкшетаудан кетіп, қазірде Германияда тұрып жатқан Людвиг Лейхнерден хат келді.

Ол өз үйінде шағын мұражай ашып, оған қазіргі заманғы Қазақстанның тарихы мен өмірі туралы материалдар жинайтынын, сөйтіп оларды көршілеріне, қонақтарға көрсететінін жазады.

Хатта мынадай сөздер бар: «Еділ бойынан қоныс аударған немістерді қонақжайлылықпен қарсы алып, бәрін де – тамағын да, тұрғын үйін де, жылуын да бөліскен қазақ халқы туралы жадымыз өшпеуге тиіс».

Біздің еліміздегі өзге этностардың өкілдері де қазақтарға дәл осындай жылы алғыс сезімдерін білдіреді.

Германия, Грекия, Израиль сияқты шетелдерде бола жүріп мен қазақ халқына және біздің жерімізге шынайы ризашылықтарын білдіретін бұрынғы қазақстандықтарды кездестіремін. Маған алғыс айта отырып, олар қазақтардың бұрынғы буынына, яғни өздерін қарсы алған біздің әкелеріміз бен аналарымызға өз ниеттерін жеткізеді деп білемін. Менің ойымша, біздің ата-бабаларымызды алдауға құқымыз жоқ. Біз оларға лайық болып, осы жұмыстарды жалғастыруымыз керек.

Екіншіден, ол барлық қазақстандық этностар үшін ортақ құндылықтар. Біз ұланғайыр және қойнауы байлыққа толы жерде бірге өмір сүріп жатырмыз.

Біз ол жерде қалалар мен ауылдарды, зауыттарды, электр стансалары мен жолдарды бірге салып жатырмыз. Біз бөлшектеу мүмкін емес зор мәдени құндылықтарды да бірлесе жасап жатырмыз.

Тәуелсіздік жылдары ішінде бізде өзімізге тән тамаша дәстүрлер қалыптасты. Біз жыл сайын Рухани келісім күнін, Құрбан айтты, Пасханы, Рождествоны бірлесіп атап өтеміз. Бұлар барлық қазақстандықтардың, ойлары ізгі және ниеттері жарқын барлық адамдардың мерекелері.

Бұл халық пен елдің шынайы қуатының неде екені неғұрлым айқын көрініс беретін күндер.

Осының арқасында біздің қоғамда үлкенді сыйлау, отбасына құрмет, балаларға қамқорлық, жайма-шуақ қонақжайлылық, тату көршілік тәрізді ізгі ортақ құндылықтар берік орнықты. Мұның бәрі бауырласа түсуіміздің айтарлықтай арқауы.

Адамдар арасындағы мұндай қарым-қатынастар барлық елдерде бірдей байқала бермейді.

Және ең соңғы, үшінші тұғыр – ол біздің ортақ болашағымыз. Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақстандықтар бірлесе отырып өз тағдырларына еркін таңдау жасады. Біз болашақты бірігіп орнатып жатырмыз. Елді дамытып, өзіміздің балала-

рымыз бен немерелеріміз үшін университеттер, мектептер, ауруханалар салудамыз.

Егер біз оларға достық пен бауырластық, сенім мен тағаттылық сезімдерін дарыта алсақ, оларда бәрі де болады.

Тұтастай алғанда, Ұлттық бірлік доктринасының мазмұнына қатысты көзқарастар осындай.

Бұл этносаралық және конфессияаралық қарым-қатынастардың бүкіл кешені бойынша біртұтас іс-қимыл бағдарламасы болмақ. Ол әрбір қазақстандық саясаткердің «үстелдік кітабы», әрбір депутаттың, басқарушының, ғалым мен журналистің іс-қимылдары үшін нұсқаулық болуды көздейді.

Кез келген саяси құжаттар мен заңдар онымен салыстырылуға тиіс, елдің 2020 жылға дейінгі Даму стратегиясында оның қағидаларын ескеру қажет. Біздің аталмыш құжатты бірге және мұқият әзірлеуге тиіс екендігіміздің себебі де, міне, осында.

Енді болашаққа арналған кейбір нақты міндеттер туралы. Этносаралық келісімнің әлеуетін нығайта түсу үшін төмендегідей бағыттарда бірқатар шараларды жүзеге асыру керек.

Бірінші. Ең алдымен білім мен тәрбие беру жүйесі арқылы, БАҚ-тарда этносаралық қарым-қатынастар тақырыбын әдепті жазу арқылы, қазақстандықтардың құқықтық мәдениетін арттыру арқылы азаматтық біртектілікті, қазақстандық қоғамдағы толеранттылықты дамыту қажет.

Білім және ғылым министрлігі қазақстандық қоғамның ерекшеліктерін ескере отырып, этножәне полимәдени білім беруді дамыту жөнінен тұжырымдамалық ұсыныстар дайындауы керек. «Толеранттылық негіздері» атты факультативтік курс әзірлеп, оны мектептер мен жоғары оқу орындарына енгізу қажет.

БАҚ-тарда этносаралық және конфессияаралық қарым-қатынастарды әдептілікпен жазу – маңызды мәселе.

Бұл бағытта көп жұмыстар істелді, тиісті заңдар қабылданды. БАҚ-тарда Этносаралық тақырыпты жазу кодексі жұмыс істеп тұр.

Осы тәжірибені дамытып, қазақстандық патриотизм тақырыбын белсенді насихаттап, адамдардың бойына барлық этностық топтардың мәдениеті мен дәстүрлеріне деген құрмет сезімін дарыту керек.

Ассамблея жанынан Этносаралық қарым-қатынастар мәселесі бойынша жетекші журналистер мен сарапшылар клубын құрған жөн.

Екінші бағыт – мемлекеттік тілді одан әрі дамыту. Мемлекет барша қазақстандықтардың қазақ тілін біртіндеп үйренуі үшін барлық жағдайларды жасап отыр.

Енді Ассамблея ел халқының мемлекеттік тілді меңгеруінің жалпыұлттық үдерісіне басшылық жасауы керек. Ол үшін ешкімге қысым жасамай

және ешкімді төмендетпей, қажетті шаралар кешенін жүйелі де табанды жүзеге асыру қажет.

Демек, бұл – мемлекеттік тілді үйрету орталықтарының желілерін кеңейтіп, оларды әрбір қалада және аудан орталығында, жоғары оқу орындары мен өзге де мекемелерде құру керек деген сөз. Оларға көмектесіп әрі ынталандырып отыру қажет. Мемлекет жеткілікті қаржы бөліп отыр, оларды тек дұрыс пайдалану керек.

Оқытудың инновациялық түрлерін батыл және кеңірек енгізу қажет.

Субтитрлері бар мемлекеттік тілдегі телерадио хабарларының үлесін арттырудың, қазақ тілді интернет-кеңістікті дамытудың маңызы зор, іскерлік, көркем және басқа да әдебиеттерді қазақ тіліне көптеп аудару қажет.

Кеңестерде қазақ тілінде сөйлей берсін, бірақ ілеспе аударма арқылы сөйлейтін болсын. Ол қиын емес қой.

Бұл істің табыстылығы тек мемлекетке ғана емес, сонымен бірге бүкіл қоғамның белсенділігіне де байланысты.

Өзге этностардың өкілдерін қазақ тіліне оқытуда этномәдени бірлестіктердің бастамашылық танытуларына болады.

Мемлекеттік тіл – халық бірлігінің негізгі факторы. Біздің қоғам, интеллигенция мемлекеттің қазақ тілін дамытуға көңіл бөлмеуі жөніндегі ұсақ, ызалы және популистік пікірлерден жоғары

тұруы тиіс. Оларды мен естіп жүрмін. Әсіресе, егер олар артында ешқандай нақтылы іс жоқ, барлық жауапкершілік тек мемлекетке ғана жүктеле салған, әншейін бос сөздер болса одан бетер орынсыз.

Сонымен бірге мемлекеттік тілді дамыту оны әлі де білмейтіндерді кемсітуге апарып соқтырмауға тиіс. Біздің азаматтарымыздың конституциялық құқықтарын бұзуға жол берілмейді, құқық қорғау органдары оларды шұғыл тыйып тастап отыруы керек.

Бүгінде біз қазақстандықтардың өскелең ұрпағының бойында мемлекеттік тілді білуге деген қандай қызығушылықтың оянып жатқанын көріп жүрміз. Мұны барынша ынталандыру қажет. Біздің бірлігіміздің осынау бағытына деген адалдығы үшін олардың ата-аналарына рахмет те айту керек.

Қазақ тілін орыс тіліне қарсы қою қате.

Орыс тілі біздің мәдениет байлығымыздың ажырамас бөлігі, ол әлемдік білімдердің қалың қатпарларын танудың, ұлтаралық қарым-қатынастың тілі болған және болып қала береді.

Айтыңыздаршы, бүгінде Қазақстанның этностары өзара қай тілде сөйлеседі? Орыс тілінде. Біз игерген кезде, болашақта ол тіл қазақ тілі болуы мүмкін. Бірақ бүгінде бұл рөлді орыс тілі атқарып отыр.

Жұмысты тілдердің үштұғырлығы бағдарламасы бойынша белсенді жүргізу маңызды деп есептеймін.

Жалпы, тілді меңгеру үшін оған өзіңнің жүрегіңді ашуың керек. Тосқауыл қоюлармен және дәрекі мәжбүрлеумен бұл істе еш нәрсеге қол жеткізе алмайсың.

Және біз қазақ тілінде сөйлеу қалауы әрбір қазақстандыққа табиғи нәрсе болуы үшін бәрін істеуге тиіспіз.

Сонымен бір мезгілде біз Қазақстанда тұратын барлық этностардың ана тілдерін, мәдени мұралары мен дәстүрлерін еркін дамыту үшін бұдан әрі қарай да барлық жағдайды жасайтын боламыз.

Сондықтан Тілдердің қызметі мен дамуының 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын әзірлеп, қабылдау қажет.

Үшінші. Біздің қоғамдағы конфессияаралық келісім ұлттық бірліктің маңызды құрамдасы болып әрекет етеді.

Қазақстанда діндердің заңнамалық теңдігі мен үнқатысуы қағидаттары мызғымайды. Сонымен қатар мемлекет жалған-діни бірлестіктердің қызметіне қарсы тұратын болады. Мұнда еліміздегі барлық діни бірлестіктердің белсенді ұстанымы қажет етіледі.

Бұл арада еліміздегі ең көпсанды конфессия – Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына ерекше рөл беріледі. Өз діндарлары

арасында осындай адамгершілік-тәрбиелік жұмысты біз Орыс православие шіркеуі мен Қазақстандағы өзге де конфессиялардан күтеміз.

Діни сала – әркімнің жеке өз ісі, бұл мәселені адам өзі шешеді. Соңғы кездері біз қандай да бір діннің тереңіне бойламай, діндердің ізгілігіне, шынайылығы мен жалпыға ортақ басқа да қырларына дендеп енбей жатып діндарлықтың сәнге айналғанын көріп отырмыз.

Адамдарды қандай да бір дінді қабылдауға мәжбүрлеуге болмайды. Бұған діндердің өзі тыйым салады.

Сондықтан жастарға ерекше назар аудару қажет. Бүгін кейбір жас қазақстандықтар діни білімді шет елдерден алады. Олардың нақты дінмен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын экстремистік идеялардың ықпалына түсіп қалатын оқиғалары да бар.

Біздің шешуші конфессиялар мемлекеттік органдармен ынтымақтаса отырып, дінге сенуші жастармен белсендірек жұмыс жүргізіп, олардың шынайы діни білім алуларына көмектесе алар еді.

Мүмкін, бізге Дін істері жөніндегі арнайы агенттік құру керек шығар. Президент Әкімшілігіне Үкіметпен бірлесіп келісілген ұсыныс беруді тапсырамын.

Бізге қазіргі дүниені жанжалдар шырмап жатқанын ұмытуға болмайды. Және де олардың көпшілігі діни факторды пайдалану әрекетімен байланысты болып келеді. Солай болса-дағы дін-

аралық жанжалдар қазір де, болашақта да құтыла алмайтын үдеріс болып табылмайтыны тағы анық.

Бұл жанжалдардың себебі жаһандану мен ақпараттық ашықтық үдерістеріне тікелей байланысты. Аталған мәселелер жалған-дін делініп жүргендердің ішке енуіне жағдай туғызады. Біз зайырлы елміз, бірақ мемлекет бір шетте тұрмауы тиіс. Бұл – мемлекеттік органдар үшін ғана емес, бүкіл қоғам үшін маңызды жұмыс.

Төртінші. Ұлттық бірліктің беріктігі Қазақстан халқы Ассамблеясы мен барлық этномәдени бірлестіктер жұмысының тиімділігін арттыруға тікелей байланысты.

Бірінші кезекте ҚХА Хатшылығының үйлестіруші рөлін күшейтіп, Ассамблея жанынан «Ақсақалдар алқасын» құру керек. Ассамблея жанындағы Ғылыми-сараптамалық кеңес белсендірек жұмыс істеуі тиіс. Этносаралық қарым-қатынас мәселелеріне қолданбалы зерттеулер жүргізетін ғалымдар үшін грант тағайындау қажет.

Халық Ассамблеясына Жастар конгресімен көбірек жұмыс істеу, мысалы, «Жастар Қазақстан халқының бірлігі үшін» жалпыұлттық форумын бірлесіп өткізу керек.

Үкімет және облыс әкімдері деңгейінде этномәдени бірлестіктерге, оның ішінде әлеуметтік тапсырыс тетігі арқылы, мемлекеттік қолдауды кеңейту туралы мәселелерді тереңірек қарастырған жөн.

Қазақстан халқы Ассамблеясы желісі бойынша елімізде бейбітшілік пен келісімге үлкен үлес қосып жүргендерді салмақты ынталандыру туралы мәселені ойластыру маңызды.

Еліміздегі мұндай адамдарды бәрі білулері тиіс.

Мысалы, «Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық «Бірлік» алтын медалі» қоғамдық наградасын неге тағайындамасқа. Мұның Ассамблеяның беделін көтеруге жұмыс істейтіні сөзсіз.

Бесінші. Этносаралық және конфессияаралық қарым-қатынастың қазақстандық моделінің әлемдік танымалдылығын кеңірек тарату керек.

Осы мақсатта Қазақстанның алдағы ЕҚЫҰ-ға төрағалығын пайдалану маңызды, мұнда шешуші басымдық ретінде этносаралық және конфессияаралық толеранттылық тақырыбы таңдап алынғаны белгілі.

Бұл «Еуропаға жол» мемлекеттік бағдарламасында да көрініс тапқан.

Ассамблея Хатшылығына ұлтаралық келісімнің қазақстандық тәжірибесін жинақтап, негізгі еуропалық тілдерде «Қазақстан: бірлік пен келісімнің интегралдық матрицасы» атауымен арнайы басылым шығару керек.

Біз Астанада ЕҚЫҰ-ға мүше елдер Мемлекет басшыларының саммитін өткізіп, онда жұмыс тәртібінің жеке пункті ретінде қатысушы елдер қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған Этносаралық және конфессияаралық келісімді

қамтамасыз ету жөніндегі іс-қимыл бағдарламасын қарау бастамасын көтердік.

Бұл идея Ұйымдағы біздің көптеген әріптестерімізден қолдау табуда.

Алдағы жылы Қазақстанның бастамасымен БҰҰ жариялаған Мәдениеттерді жақындастырудың халықаралық жылына арналған конференция өткізу жоспарланып отыр. Бұл мәселелердің бәріне де Қазақстан халқы Ассамблеясы белсене қатысуы тиіс.

Құрметті сессияға қатысушылар! Қымбатты қазақстандықтар!

Өздеріңіз білетіндей, бұдан 10 жыл бұрын мен ХХІ ғасырдың алғашқы онжылдығы сынаққа толы болатынын ескерткен едім. Осылай болды да шықты.

Жуырда өзімнің «Дағдарыстан шығу кілті» және «Бесінші жол» атты мақалаларымда мен бүгінгі жаһандық дағдарыс – бұл жүйелік дағдарыс екенін атап өткен болатынмын.

Қазіргі кезде әлемдік деңгейдегі ғалымдар, жетекші сарапшылар мен саясаткерлер жаһандық дағдарыстың және, әрине, әлемдік қоғамдстықтың одан әрі дамуының негізгі үш нұсқасын талқылауда.

Бірінші нұсқа – дағдарыстың өз негізінде бір реттік сипат бар, ол түбіне жетті және қазір

рецессиядан шығу басталуда. Яғни, бәрі де бұрынғы қалпына қайтып оралады.

Екінші нұсқа – біз түпке құладық, бірақ та қалпына келу кезеңі 10–15 жылға созылады.

Үшінші нұсқа – бүгінгі дағдарыс – жүйелік, жаһандық, созылмалы. Оның әлемдік әлеуметтік-экономикалық формацияның ауысуына әкелуі ықтимал.

Бүгінде сарапшылардың екінші және тіпті үшінші нұсқаларға ыңғай білдіретіндері барған сайын көбейе түсіп келеді.

Мен өзімнің соңғы мақалаларымда көрсеткенімдей, біз оқиғалардың кез келген бағытына дайын болуға тиіспіз.

Біз әлемдік дағдарыстың алғашқы қыспағына төтеп бердік. Енді бүгін болашақтағы кез келген күрделі қауіп-қатерлерді лайықты еңсеру үшін қоғамды біріктіру маңызды.

Сондықтан, ұлттық бірлігімізді нығайтып, біз мемлекетімізді күшейте түсеміз. Нақ сондықтан бірлік біздің стратегиялық таңдауымыз болып табылады.

Алда зор да жауапты жұмыстар тұр.

Оның табысты болатынына және еліміздің дамуында маңызды кезеңге айналатынына сенімдімін.

Бәріңізге жемісті жұмыс тілеймін.

Қазақстан судьяларының V съезінде
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2009 жылғы 18 қараша

Құрметті съезге қатысушылар!

Біз бүгін Қазақстан судьяларының V съезіне жиналып отырмыз. Мұндай кездесулер бізде дәстүрге айналды.

Еліміздің Конституциясында Қазақстан ең басты құндылығы адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылатын мемлекет ретінде айқындалған. Ал әділ және сатылмайтын сот – осының ең маңызды кепілі, демократиялық және құқықтық мемлекеттің негізі.

Егемен Қазақстанның ең бір маңызды жетістігі – соттар мен судьялардың тек заңды түрде ғана емес, сонымен қатар нақты тәуелсіз болуы.

Бұл тәуелсіздік әуелден, сот билігінің қалыптасуынан бастау алады.

Тәуелсіз сот төрелігінің негізі судья кадрларын ашық, конкурстық жағдайда таңдау мен оларды әділ орналастыруға байланысты. Жалпы сот корпусы қандай болуы керектігін кең ауқымда заңи жұртшылық шешеді. Қазақстанда судьяларды тұрақты негізде мемлекет басшысы тағайындайды. Бұл олардың барлық деңгейдегі атқарушы билік басшыларына, депутаттар мен өздерінің салалық басшыларына жалтақтамай жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

Соттардың тәуелсіздігіне біздің Конституциямызда айтарлықтай кепілдік берілген.

Ол судьяларды жауапкершілікке тартудың және оларды лауазымдарынан босатудың күрделі тәртібін көздейді.

Судьялардың тәуелсіздігін нығайтуға осыдан бірнеше жыл бұрын жүргізілген соттардың қызметін қамтамасыз етудің барлық мәселелері бойынша сот жүйесін атқарушы биліктен ажырату көмектесті.

Жоғарғы сот жанынан барлық сот органын материалдық қамтамасыз ету мәселелерін өз мойнына алған Сот әкімшілігі жөніндегі комитет құрылды. Соның арқасында түрлі сот инстансаларының арасында болуы мүмкін процестік емес

қарым-қатынастың алды алынды, ал судьялардың өздері міндеттеріне жатпайтын қызмет түрлерінен құтылды.

Сөйтіп, мемлекет сот билігінің тәуелсіздігін қамтамасыз етіп, оның қызметі үшін материалдық және процестік кепілдікті нығайтты.

Нақ соттар азаматтардың заңды құқықтарын қорғау үшін келетін инстансаға айналды.

Біздің елімізде жаңа сот жүйесін құру барысы ірі ұйымдық және заңды шаралардың жүзеге асуына түрткі болды. Енді бүгінгі таңдағы жүргізіліп жатқан негізгі үрдіс қазақстандық соттарды біртіндеп мамандандыру бағыты болып отыр.

Соған орай сот төрелігін іске асырудың сапасы соңғы 10 жылда мамандандырылған экономикалық, әкімшілік және ювеналдық соттарды құру арқылы арта түсуде.

Алқабилер институтын енгізудің арқасында азаматтық қоғамның қылмыстық сот өндірісіне белсенді қатысуына жол ашылды.

2007 жылғы конституциялық реформаларға байланысты қазақстандық сот жүйесі соттың қамауға санкция беруі секілді азаматтардың құқын қорғаудың жаңа қуатты тетігіне ие болды. Сот төрелігін іске асырудағы сот жүйесінің қызметін реттейтін тұтас жаңа заңдар қабылданды. Сот жүйесін қамтамасыз ету деңгейі ұдайы көтеріліп келеді.

Егер осы мақсатқа 2002 жылы 4,8 млрд теңге бөлінсе, үстіміздегі жылы ол 20,5 млрд теңгеге жетті. Көптеген соттар жаңа ғимараттарға ие болды, сот жүйесінің қызметі үшін небір құралдармен жабдықталған тұтас әділсот сарайлары тұрғызылды.

Соңғы жылдары өскелең сұранысқа орай соттар мен судьялардың саны артты. 2002 жылы елімізде жергілікті 185 сот, 1 823 судья болса, дәл қазіргі уақытта 340 жергілікті соттарда 2 433 судья жұмыс істейді.

Судьяларды құқықтық-әлеуметтік қорғау жағы да нығайтыла түсті. Біздің елімізде судьялар мемлекеттік шенеуніктер арасында ең жоғары жалақыға ие. Үстіміздегі жылы судьялардың жалақысы бірден 60 %-ға көтерілді. Өзге мемлекеттік қызметшілердің бірде біреуіне мұндай үстеме қосылған жоқ.

Судьяларды тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесіне де көп назар аударылады. Мемлекет олардың зейнеткерлікке шығу жасын ұзартып, судьялар 65 жасқа дейін жұмыс істейді. Ал басшылары қалап жатса, оны 70 жасқа дейін ұзарты алады.

Сөйтіп сот билігі үшін көптеген игі жақсылықтар жүзеге асты, енді соған орай біз де судьялардың заңдылық пен әділдік тұғырында халыққа әрқашан адал қызмет атқаратынына сенімді болуға тиіспіз.

Сонымен бірге, сот жүйесінде әлі күнге шешімін таппаған бірқатар мәселелер бар.

Бірінші проблема – судьялық корпусқа адалдықтан аттайтын адамдардың еніп кетуі. Бір қарағанда судьяларды іріктеудің қолданыстағы жүйесі сенімді секілді көрінеді, бірақ судьялық қауымдастық кездейсоқ адамдардан өзін қорғай алар емес. Әділ және, ең бастысы, сатылмайтын сот билігі еліміздің бүкіл құқықтық жүйесінің сапалы жұмыс істеуіне сөзсіз қажетті жағдай болып табылады.

Екінші проблема – судьялардың адамгершілік-әдеп келбетінің және кәсіптік деңгейінің жеткіліксіздігі.

Үшінші проблема – сот төрелігін атқарудың сапасына көңіл толмаушылық. Әңгіме сот төрелігін атқару кезінде судьялардың сөзбұйдаға салынуы, қателіктер жіберуі, тіпті, заң бұзушылықтың орын алатындығы болып отыр.

Төртінші проблема – сот ісін жүргізудің өткізілген үдерісінің жеткіліксіздігіне байланысты. Оның шешіміне орай, еліміздің соттары әділ бола ма, жоқ па деген мәселе айқындалады.

Бесінші проблема – сот шешімдері орындалуының деңгейі мен сапасы. Сот жүйесінің беделі мен қызметі оның қалай шешілуіне байланысты айқындалады.

Алтыншы проблема – заңдылықтың жағдайы. Дауларды тудыратын негізгі себептердің бірі

қолданыстағы құқықтың кемшіліктері мен олқылықтары.

Демек, бүгінгі таңда сот жүйесінде толғандырар мәселе аз емес. Бұл турасында да азаматтардың соттар қызметіне байланысты арыз айтатынына орай бірқатар мысалдар келтіруге болады. Осыған байланысты, съезде ашық та қағидатты әңгіме жүргізілетініне және бұл кемшіліктерді қалай түзетуге болатынына қатысты ұсыныстар айтылатынына үміт артамын.

Мен өз сөзімде сот қоғамдастығы алдында тұрған келелі, жүйелі міндеттерге тоқталғым келеді.

Өздеріңізге белгілі, мен Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасын бекіттім.

Бұл кешенді бағдарламалық құжат ретінде құқықтық реформаның жалпы мәселелері аясында сот жүйесінің негізгі бағыттарын жаңғырту барысын анықтайды. Тұжырымдама сот ісін жүргізудің барлық кезеңінде сот жүйесінің мөлдірлігін, ашықтығын қамтамасыз етуді, судьялар мәртебесін нығайтуды көздейді.

Бұл құжат қазақстандық соттардың құқық қорғау әлеуетін дамытуға кеңінен жол ашады. Енді бізге оның ережелерін біртіндеп жүзеге асыру қажет. Сондықтан мынадай басым міндеттерді ашып көрсетемін.

Бірінші. Азаматтардың сот жүйесіне сенім деңгейін арттыру бағытында барлық шараларды қабылдау керек.

Ол үшін судьялар корпусының кәсіптік деңгейін үнемі жетілдіріп отыру қажет.

Бұл орайда қызмет етіп жатқан судьяларға, үміткерлерге талапты қатайтқан жөн.

Судьялар мен судьялыққа үміткерлерге арнап кәсіптік талап пен адамгершілік-әдеп нормалары бар жоғары өлшемдер мен стандарттар белгілеп, енгізу қажет.

Ал судьялыққа ұсынған үміткерлер үшін тиісті лауазымды тұлғалар жауап беруге тиіс.

Сол сияқты сот төрағаларын сол соттағы судьялар арасынан жиі алмастырып тұрған жөн шығар.

Бұған қоса судьялық лауазымдарға үміткерлерді іріктеу барысында құпия дауыс беру қағида-датарын енгізген де артық болмас еді.

Сөйтіп, судья өзінің тәртібімен, интеллектімен және сыртқы тұлғасымен заңдылықты, әділдік пен сатылмайтындықты бейнелейді.

Екінші. Судьялардың өздері жіберетін қателіктер мен заң бұзушылықтарды және созбұйда-лықты жоятын жағдай жасау мен сот ісін жүргізуді жетілдіру жөніндегі жұмыстарды жалғастыру қажет.

Сот тәртібімен қаралатын даулар санын азайту, оларды шешудің баламалы тәсілдерін, оның ішінде бітімдесу рәсімі мен медиацияны енгізу

өте маңызды болмақ. Бұл біздің сот төрелігін қалыптастыруымызға әсерін тигізеді.

Сот ісін жүргізуді жетілдірудің бір бағыты инновациялық технологияларды кеңінен қолдануға байланысты.

Алдыңғы қатарлы сот практикасы – қазіргі заманғы сот процесінің арқаулы болуға тиіс электронды технологияға өте отырып, қағазбастылықтан арылу.

«Электронды үкімет» технологиясы сот жүйесінің ашықтығы мен қолжетімділігі үшін қолданылуы тиіс.

Сот ісін жүргізудің жемісі сот шешімдерінің орындалуы болып табылады. Сот актілерінің мүлтіксіз және сапалы орындалуына қол жеткізу маңызды. Бұған сот шешімдерін жеке сот орындаушылары арқылы атқару әдісін енгізу көмектесе алады. Парламентте тиісті заңды қабылдау аяқталып келеді. Ендігі міндет – оның әлеуетін тезірек іске қосу.

Үшінші. Сот төрелігін сапалы атқару және азаматтардың заңды құқын қорғау үшін соттар мен судьяларды мамандандыруды қолға алудың маңызы зор.

Әңгіме әкімшілік, қылмыстық, салықтық және басқа мамандандырылған соттардың жүйесін біртіндеп енгізу қажеттігі жөнінде болып отыр. Бұл халықаралық тәжірибеге сәйкес уақыт талабы.

Төртінші. Соттар мен судьялар өзіне тән емес қызмет түрлерінен арылуы қажет. Соттың ең басты және бір ғана міндеті – сот төрелігін жүзеге асыру.

Сондықтан сот төрелігін атқару мен сот әкімшілігі қызметін нақты айқындауға негізделген сот әкімшілігі жүйесін одан әрі дамыту маңызды.

Бәлкім, болашақта Сот әкімшілігі жөніндегі комитетті Жоғарғы соттан бөле отырып, оның мәртебесін көтеру жөніндегі мәселені қарастырған жөн шығар.

Бесінші. Сот жүйесін жетілдіру үдерісі заңдарды жаңартумен теңбе-тең жүргізілуі тиіс.

Бұл екеуі біртұтас үдеріс болуы қажет.

Бір жағынан, сот практикасының нәтижелері заң шығару бастамашылығының қайнар көзі болуы тиіс.

Екінші жағынан, заңмен белгіленген ережелер мен рәсімдер сот даулары мен істерінің тез және әділ шешілуін қамтамасыз етуі қажет.

Міне, осыған байланысты бізге нарық экономикасының негізі – жеке меншік институтына қауіп төндіретін түрлі бірлескен даулар туындағанда рейдерлікке жол бермейтін заңдар қажет.

Жалған кәсіпкерлік елеулі проблемаға айналып барады. Тиісінше, соған байланысты сот істерінің көбейіп кетуі бизнес, сондай-ақ мемлекет мүддесіне зор кесел келтіруде.

Заңдық арқаудың жетілмегендігі тауар өндірушілер, әсіресе ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері арасында сот дауларын тудыруда.

Көптеген елдердің заңдары контрагентті тек шарасыздық жағдай кезінде ғана шартты орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататыны белгілі.

Алайда біздің Азаматтық кодексте соған қоса борышкерге даудың сотта шешілуін көрінеу созып, жауапкершіліктен босап кетуіне мүмкіндік беретін шарттық міндеттемені орындамағаны үшін кінәлі болып табылатыны сияқты негіздеме көзделген.

Жаһандану жағдайында қазақстандық соттар халықаралық-құқықтық кеңістікке тереңірек кірігуде.

Бұл, бір жағынан біздің ішкі сұраныстарымызды барынша мұқият ескеруімізді, екінші жағынан ұлттық заңдарымыздың әлемдік құқықтық стандарттармен мейлінше белсенді үйлесуін талап етеді.

Судья – халықтың ар-намысы. Ол өте таза және кіршіксіз болуы тиіс. Бұл үшін бізге кадрлармен әлі көп жұмыс істеуге тура келеді. Үміткерлерді іріктеп, менің бекітуіме беретін Жоғары сот кеңесі өзінің жұмысын жақсартуы қажет. Мүмкін, осы органды еркіндеу етіп, оның құрамына жұртшылық өкілдерін көптеп енгізу қажет болар. Төменгі деңгейдегі судьялар үшін 25 жас аздық

ететін, мүмкіндігінше тәжірибелі адамдарды таңдау керек шығар. Судьялардың турашылдығына ешкімнің де күмәні болмауы керек. Бұл, ең алдымен, судьялардың өздеріне байланысты.

Тек осындай жағдайда ғана қазақстандық сот қоғамдағы әділдіктің басты көзіне айналып, халықтың алғысын иеленеді.

Біз бүгінгі таңда көп нәрсеге қол жеткіздік, бұл сөзсіз мойындалады. Бірақ атқаратын іс бұдан да көп.

Құрметті судьялар!

Соттар – демократиялық мемлекеттің басты құқықтық институты. Әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалардың табыстылығы көп жағдайда тікелей сот жүйесінің сапасына байланысты.

Сондықтан сот жүйесінің өзекті проблемалары барлық уақытта мемлекеттің және бүкіл қоғамның көз алдында болуы тиіс.

Съезд жұмысының жемісті болатынына үміт арта отырып, сіздердің бәріңізге өздеріңіздің жауапты қызметтеріңізге игілік пен табыс тілеймін!

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне
арналған салтанатты жиналыста

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2009 жылғы 15 желтоқсан

**Ардақты ағайын!
Қадірменді қонақтар!
Ханымдар мен мырзалар!**

Баршаңызды еліміздің ұлық мерекесімен –
Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күнімен
шын жүректен құттықтауға рұқсат етіңіздер!

Иә, бұл мереке – ұлық мереке, шын мәніндегі
ұлы мереке.

Ежелден еркіндік аңсаған ер қазақтың ең асыл
мұраты еңселі ел болу еді. Елім деп еңіреген

ақындарымыз «Егемен болмай ел болмас, етек-тен кесіп жең болмас» деп жырлайтын еді. Арғы замандарды айтпағанның өзінде, тек кейінгі екі ғасырдың ішінде халқымыздың өз бостандығы жолында 200-ден астам ұлт-азаттық көтерілістерге шыққаны осының дәлелі. Мұнан 18 жыл бұрын қазақ жерінде атқан тәуелсіздік таңы Алтай мен Атыраудың арасын алып жатқан мына дархан даланың төсін қанымен, терімен суарған ата-бабаларымыздың қасиетті күресінің заңды жемісі, нақты нәтижесі дейміз.

Тәуелсіздікті жария еткен Конституциялық заңға қол қойған күннің ертеңіндегі, 17 желтоқсандағы митингіде сөйлеген сөзімде: «Тәуелсіздіктің біздің бәрімізге артар міндеті мол. Енді еңселі ел болудың жолына шындап түсуіміз керек. Әулетіміздің асуы да, дәулетіміздің тасуы да өз қолымызда. Тарих көші ұзақ. Асықсақ та аптықпайық. Қазақстанның көп ұлтты халқының жұлдызы жоғары болатынына, туған елімізде дәулетті де сәулетті өмір орнайтынына кәміл сенемін», – деген едім.

Сол айтқаным келді!

Осыдан он сегіз жыл бұрын біз ұлы жолға шықтық, арманды сапарға аттандық. Дүниеде Қазақстан Республикасы деген жаңа мемлекет пайда болды. Ылайым, бетімізден жарылқасын деп тіледік. Сол тілегімізді берді! Қазақстан тәуелсіздік жолына қатар түскен өзі теңдес елдердің

арасында көптеген көрсеткіштер бойынша көш бастап келе жатыр. Біздің еліміздің ішкі жалпы өнімінің мөлшері Орталық Азия мемлекеттерінің бүкіл ішкі жалпы өнімінің мөлшерін қоса есептегеннен асып түсіп тұр. Қазақстан жан басына шаққандағы табыс көлемімен барша Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы елдердің алдына шықты. Қазақстандықтардың тұтыну тауарларымен қамтамасыз етілуі осы жылдар ішінде бес есеге дейін өсті. Еліміздегі тұрғын үй қоры соңғы он жылдың ішінде 30 млн шаршы метрге өсті.

Осының бәрі сол айтқанымның келгені емес пе?

Қазақстанымызда жүзден астам ұлт пен ұлыстың өкілдері бір қолдың саласындай, бір үйдің баласындай тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Қазақстанымызда діндер мен тілдердің жарасымына қол жетіп, біздің ортақ Отанымыз әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының үш бірдей съезін өткізген құт мекенге айналды. Қазақстанымызда орнаған саяси тұрақтылық пен экономикалық даму өркениетті әлем тарапынан танылды.

Қазақстанымыз 2010 жылға бүкіл бұрынғы кеңестік кеңістіктегі елдер арасынан, бүкіл түркі тілдес елдер арасынан, бүкіл мұсылман әлемі арасынан Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы сынды аса беделді ұйымға тұңғыш төраға болып сайланды, 2011 жылға Ислам конференциясы ұйымына төрағалық тізгінін қолға

қоса алғалы тұр. Қазақ қазақ болып жаратылғалы мұндай дәрежеге жетіп көрген емес.

Осының бәрі сол тілекті бергені емес пе? Сөз жоқ, дәл солай!

Осы он сегіз жылдың ішінде атқарған ауқымды істеріміздің ең негізгілерін тек санамалап шығудың өзі біраз уақытты алар еді. Ортақ одақ ыдырап, шаруашылық байланыстар шетінен үзіліп жатқан шақта бүкіл экономикасы негізінен шикізаттық сипатқа құрылғандықтан өнімдері өтпей қалған Қазақстандай дотациялық республика үшін әуелде ел болып тұра алудың өзі оңай міндет емес еді. Біз ол міндетті шештік.

Біз ел болып тұра алдық.

Қазақтың ұзына бойғы тарихында дәл бүгінгідей бүкіл дүние таныған, өз шекарасы, өз экономикасы, дербес саясаты бар мемлекеті болған емес. Соңғы бірнеше ғасырдың ішінде бодандық жағдайда болған елдің дербес мәселе шеше алатын кадрлары жоқ еді. Бұл сол кезде алдымызда тұрған ең қиын міндет – мемлекет құрудың оңайға түспейтінін көрсетіп еді. Біз ол міндетті де шештік.

Біз мемлекет құра алдық.

Алғашқы жылдардағы апақ-сапақта 2 млн-нан астам қазақстандықтар өздерінің тарихи отандарына оралуға асықты. Олардың арасында Қазақстанда білім алған тәжірибелі, экономикалық, әлеуметтік саланың неше түрлі майталман мамандары бар еді. Оның сыртында сонан кейінгі

жылдардағы митингілік демократия, директор сайлаудан әр ұйымнан депутат сайлауға дейінгі саяси сергелдеңдер тұсында ұлттық белгілер бойынша бөлінушілікке жол бермеудің өзі оңай міндет емес еді. Біз ол міндетті де шештік.

Біз бірлікшіл ел болып құралдық.

Тәуелсіздіктің таңсәрі шағында біздің алып аумағымызды көлденең тартып, мұндай саны аз, оның ішінде қазақтары елдің жартысынан аз халық осыншама жерді игере алмайды дегендердің сәуегейлігі келген жоқ. Біздің көп ұлтты, көп дінді, көп тілді сипатымызды қатердей көріп, қара бұлтты төндіріп сөйлегендердің сандырағы жүзеге асқан жоқ. Сол сәуегейлікті келтірмеген, жүзеге асырмаған күштің аты – бірлік. Қазақстан халқының дәстүрлі достыққа берік бірлігі.

Осындай салтанатты сәтте мен сол сын кезеңде Қазақстанның тәуелсіздігін қолдаған, туған еліміздің өркендеуіне жағдай жасаған ең ұлы күшті – ел бірлігін көзінің қарашығындай сақтап келген барша қазақстандықтарға ақ жүрегімді жарып шыққан алғысымды айтуды перзенттік парызым, президенттік қарызым деп білемін!

**Қымбатты қазақстандықтар, менің
отандастарым!**

**Құрметті қонақтар! Ханымдар мен
мырзалар!**

Бұл күндері Қазақстан өзінің ең басты мейрамын – Тәуелсіздік күнін атап өтуде.

1991 жылғы 16 желтоқсанда әлемнің саяси картасында жаңа мемлекет – Қазақстан Республикасы пайда болды.

Сол бір алыста қалған желтоқсан күнінде біз азаттық пен тәуелсіздікті таңдадық, өйткені өз болашағымызды дербес құрғымыз келді, өйткені біз қолда бардан әлдеқайда көпке қабілетті едік. Бұл туралы біздің бабаларымыз армандаған еді, сондықтан да бізге, біздің ұрпаққа олардың асыл армандарын нақтылыққа айналдыру құрметі тиді.

Біз өзіміздің дербес, қазақстандық жолымызды бастадық, бұл жол әлемдік қоғамдастықтың мақұлдауына, ал содан кейін мойындауына ие болды.

Міне, 18 жыл бойы біз күн сайын және сағат сайын өз жоспарларымызды іске асырып, жаңа Қазақстанды – өз арманымыз бен үмітіміздің мемлекетін құрудамыз.

Күннен-күнге азаматтардың мүдделерін қамтамасыз етіп, қорғайтын мемлекетті.

Өз қауіпсіздігін ойдағыдай нығайту үстіндегі мемлекетті.

Ұстанымын әлемдік қоғамдастық қабылдаған және ескеретін мемлекетті.

Осы заманғы күрделі міндеттерді шешуге қабілетті стратегиялық көзқарасы, қуатты әлеуеті бар мемлекетті.

Құрлықтың алтыдан бір бөлігінде орын алған бұрынғы құрылымдар мен құндылықтардың

күйреп түскен бейберекетсіздігінде біз өзіміздің тәуелсіз жаңа мемлекетіміздің іргетасын құруды бастадық.

Ол уақыттың экономикалық алғышарттары іс-әрекет үшін бізге кең мүмкіндіктер қалдырмады, бірақ та біз шын мәніндегі үлкен өзгерістердің болғанын қаладық.

Біз көп еңбектенуге тура келетінін білдік, содан да біздің ортақ ойларымыз қол қусырып отырмастан еңбектенгендіктен, оған қол жеткізу үшін біздің ұлы мақсатымыз және қажымас ерік-жігеріміз болғандықтан жүзеге асты.

Өткен жылдарда біз көп нәрсені бастан кештік, сонымен бірге көп нәрсеге қол жеткіздік.

Біздің толерантты да іскер халқымыз жылдан-жылға әлемге өзінің оң табыстарын, өзінің алға үздіксіз ілгерілеуін паш етті. Айрықша қазақстандық артықшылығымыз мынада болды: біз революциялық ділмарсуға ұрынбадық. Біз өзіміздің тарихи мақсатымызды жай ғана іске асырдық.

Біз тым шектеулі де томаға-тұйық посткеңестік экономиканың жаңа Қазақстанның алдынан әлемдік шаруашылық байланыстар жүйесіндегі жаңа мүмкіндіктер ашатын нарықтық экономикаға дәйектілікпен айналуын қамтамасыз еттік.

Тәуелсіздіктің алғашқы 10 жылдығы өткеннен соң Қазақстанды енді нарықтық экономика елі деп таныды. Тағы 5 жылдан кейін біздің эконо-

микамызды дамытудың серпінді қарқыны халықаралық сарапшылар қоғамдастығының жоғары бағасына ие болды. Ал бүгінде әлемдік жетекші қаржы институттары Қазақстанның жаһандық және жойқындығы жағынан бұрын-соңды болмаған қаржы-экономикалық дағдарысқа қарсы тұру жөнінде қолға алған шараларына дәл сондай жоғары бағалар беруде. Біз 2009 жылы рецессияға жол бермедік.

Біз қазақстандық мемлекеттілікті нығайтып, халық бірлігін сақтай алдық, өскелең жаңғырту стратегиясын іске асырып, осы заманғы нарық экономикасын құра алдық.

Біз көп арналы сыртқы саясаттың негізін қалап, сөздің ең кең мағынасындағы интеграцияны басты мемлекеттік басымдықтардың бірі деп жарияладық.

Бұл – біздің жас мемлекеттілігіміздің айқын табысы, бұл – әлем кіндігіне қуатты секіріс.

Қазақстан табыстарының себебі бірнешеу, бірақ та солардың бастысы біздің активімізде еліміздің 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясының болуы еді, бұл стратегия іс жүзінде Қазақстанның дана, еңбексүйгіш, толерантты да тәуелсіз халқының табыстар стратегиясына айналды.

Біз өз өміріміздің стратегиясын әзірлеп, оны іске асыруға кіріскен кезең азиялық рыноктардың күйреуінен кейін қалпына келіп жатқан жаһандық экономика үшін күрделі болды. Ал жаңадан

ғана нарықтық қалыпқа түсіп жатқан біздің экономика үшін бұл мемлекет ретіндегі беріктігіміз бен сақталып қалуымыздың өте үлкен сынағына айналды.

Соған орай орнықты экономикалық іргетас құру жөніндегі біздің күш-жігеріміз тиімді болып шықты. 2000 жылдың өзінде-ақ қазақстандық экономиканың өсуі 9 %-дан асып түсті, ал бар-жоғы 3 жыл бұрын, 1997 жылы, Үкімет 1994 жылдың қарыздарын қалай өтеуді білмеген еді. Ол кезең сіздер мен біздердің есімізде.

2000 жылға қарай Қазақстан енді көптеген интеграциялық үдерістердің белсенді қатысушысы және бастамашысы болды. Біз тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ұсынған еуразиялық ықпалдастық идеясы өмірде іске асырылды – Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құрылды. Біртұтас кеден кеңістігін құру келесі қадам еді.

Қазақстанның бастамасы былай болды: ортақ кеден тарифтері, ортақ кеден шекарасы, ДСҰ-ға кіру жөніндегі бірлескен іс-әрекет.

10 жыл өтті, біздің ұсыныстарымыз толық іске асырылды. Үш мемлекет – Қазақстан, Ресей және Беларусь Кеден одағын құрып, сол арқылы өз азаматтарының мүмкіндіктерін, өз экономикаларының мүмкіндіктерін, халықаралық рыноктарға ықпал ету мүмкіндіктерін кеңейтті.

Қазақстанның барлық интеграциялық бастамалары озық сипатта болды. Жаһандық әлем

өңірлер бойынша бірігуде – бұл қазіргі дүниеде аман болудың шарты да. Біз озық болдық, біз мұны белсенді түрде жүзеге асырдық, біз сөйтіп табысқа қол жеткіздік.

Сыртқы рыноктарда өз ұстанымдарымызды орнықтыру үшін біз Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын әзірлеп, елдің өнеркәсіптік әлеуетін біртіндеп өсіріп, оның инфрақұрылымдық құрамдастарын дамыттық.

Өнеркәсіп салаларының дағдарысқа дейінгі өсуінің орташа жылдық қарқыны 9 % шамасын құрады. Өнеркәсіп өнімінің көлемі номиналдық тұрғыда 6 есе өсті.

Өсу үстіндегі индустриялық Қазақстанның картасында жыл сайын жаңа өндірістер, жаңа инфрақұрылымдық жобалар пайда болып жатты, автомобиль жолдары және халықаралық көлік дәліздері салынды және жөнделді.

Дамыған көлік инфрақұрылымы қазақстандықтардың алдынан білім, медициналық қызметтің лайықты сапасын алудың таңдауын кеңейту жөнінде қосымша мүмкіндіктер, ал бизнестің алдынан аумақтық кеңеюдің, халықаралық қоғамдастыққа кірігудің, өзінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың қосымша мүмкіндіктерін ашып берді. Мұны түсіне отырып, біз 2001 жылды автомобиль жолдарының жылы деп жарияладық. 32 мың шақырым жолдар салынды және жөнделді – ал бұл Қазақстанның барлық жолдарының

30 %-ы, бұған 766 млрд теңге жұмсалды. Жолдардың жаңа түрлері пайда бола бастады. Құны 3,4 млрд долларлық «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» алып трансевразиялық магистральдің құрылысы басталды. Маңызды теміржол тармақтары салынып, тұтас ұлттық теміржол желісін құруға мүмкіндік туды. Нақ сондықтан да авиациялық тасымалдар әртараптандырылды. Барлық дерлік облыс орталықтарының әуежайлары, Каспийдегі теңіз кемежайы жаңғыртылды. Бірер жылға оза қазақстандық көлік стратегиясының негіздері осылайша қаланды.

Жуырда ғана ұзындығы 1 800 шақырымдық «Түрікменстан – Қытай» газ құбыры іске қосылды, оның 1 300 шақырымы Қазақстанның үлесіне тиеді. Содан сәл бұрын «Батыс Қазақстан – Батыс Қытай» мұнай құбыры және ұзындығы 1100 шақырым «Солтүстік – Оңтүстік» электр жеткізіп берудің жоғары кернеулі желісі секілді стратегиялық маңызы бар нысандар іске қосылды. Мұның бәрі елдің экономикалық қуатын нығайтуға ғана емес, сонымен бірге және мұның маңызы тіпті де кем емес – біздің азаматтарымыздың тұрмыс сапасын арттыруға да қосылған зор үлес.

Бұл біздің мыңдаған азаматтарымыз үшін жаңа жұмыс орындары, еліміз үшін транзиттік кірістер.

Аграрлық сектордың даму деңгейі әркезде де біздің қоғамымыздың әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатының айқындаушы факторы болып келді.

Бұл сектор ішкі жалпы өнімнің 6 %-ы дерлігін, халықтың тұтыну қорының 70 %-ға жуығын қалыптастырады және елдің азық-түлік тәуелсіздігін қамтамасыз етеді.

Осы жылдар ішінде бидай өндірісі жан басына 1 060 килограмға жетті, мұның өзі 2007 жылы Қазақстанның Австралиядан оза отырып, әлемде осы көрсеткіш бойынша 1-ші орынға шығуына жағдай жасады. Біз бидай экспорты бойынша әлемде 7-ші орын аламыз.

Биыл біз дәнді дақылдардан тамаша өнім жинай алдық, ол үшін біздің барлық аграршыларға бүкіл қазақстандықтар атынан зор алғыс айтамыз.

Дегенмен ауылға мемлекет тарапынан орасан көмек көрсетілмегенде, дағдарыс жағдайында ол туралы армандауға да болмас еді.

Кеден одағының күшіне енуі саланың бірқатар шешуші проблемаларын одан әрі жүйелі түрде шешуді талап етеді.

Экспорттық саясатты белсенді ете түскен жөн. Ауыл шаруашылығының жоғары өнімділігін қамтамасыз ету керек.

Атап айтқанда, оған шетелдерден тиісті озық талдамаларды сатып алу есебінен өзіміздің аграрлық ғылымды одан әрі дамыта отырып, қол жеткізген жөн. Бізге, мәселен, елдің оңтүстігінде бір мезгілде су шығынын 2 есе төмендете отырып,

көкөніс өнімділігін 3,5 есеге арттырған тамшылатып суару тәрізді серпінді инновациялық технологиялар, сол сияқты жаңа сүт және бордақылау кешендері қажет. Өзге ауылшаруашылық дақылдары бойынша да айтарлықтай резервтер бар.

Лизингтік қаржыларды пайдалану мәселесі де шынайы талдау жасау мен тиісті қорытындыларды қажет етеді. Бүгінде олар негізінен техника импорты үшін жұмсалуда. Бұл тәжірибеден бас тартып, шетелден технологиялар сатып алуға баса салмақ салу керек. Ол техника құрастыруды жолға қоюға мүмкіндік туғызып қана қоймай, сонымен бірге өз өндірісімізді құруға да жағдай жасайды.

Субсидиялау жүйесінің тиімділігін арттыру қажет. Ол арқаулық та, сонымен қатар мақсатты да болуы тиіс. Ал мақсатты субсидияларды тек жаңа технологияларды енгізіп, жоғары көрсеткіштерге қол жеткізгендерге ғана ұсынған жөн.

Мемлекет ауыл шаруашылығын дамыту жөніндегі жұмыстарды жалғастыра бермек.

Біз ұлттық экономиканың негізін қалайтын мұнай-газ және кен-металлургия кешендерін жаңғырту ісін жалғастыра береміз. Көптеген минералды шикізат қорлары бойынша Қазақстан әлемде жетекші ұстанымдарға ие. Мұнай өндіруден біз Ресейден кейін ТМД-да екінші орындамыз. Биылғы жылдың аяғына дейін 76 млн тонна мұнай өндірілетін болады.

Жаңа жоғары технологиялы ғылымды қажет ететін өндірістер құру есебінен біз экономиканың инновациялық буынын кеңейте түсеміз.

Қазақстанда бизнес жүргізуге жақсы жағдайлар болуы үшін соңғы он жылда біз іс жүзінде мүмкін дегеннің бәрін жасадық. Ортақ экономикалық табыс-тарға жетуде мемлекет пен бизнес әріптестік орната білді. Халықаралық рейтингтік агенттіктер де Достастықтың барлық мемлекеттері арасынан біздің елімізді инвестициялық класс рейтингі бойынша көшбасшы деп таныды. Қазақстан неғұрлым инвестициялық тартымды 25 мемлекеттің біріне айналды.

Жаңа ғасырдың алғашқы онжылдығы ағымында Қазақстан сенімді экономикалық өсім көрсеткіштерін паш ете білді.

ІЖӨ орта есеппен жылына 10 %-ға өсті. 2008 жылдың соңына таман ІЖӨ жан басына шаққанда 2000 жылға қарағанда 7 есе дерлік өсті. Нақты ІЖӨ 2 есе артты.

Елдің Ұлттық қорының активтерін қоса алғанда алтын-валюта резерві 2008 жылдың соңында 46,7 млрд долларға жетіп, 2000 жылмен салыстырғанда 22 есе өсті, ал бүгінде ол 48 млрд доллардан астамды құрайды.

2000 жылдан 2008 жылға дейінгі кезеңде банктердің экономиканы кредиттеуі 27 есеге

ұлғайды. Осы уақытта банк жүйесіндегі депозиттер 23 есе, оның ішінде халықтың депозиттері 16 есе өсті.

Жыл сайын бюджетке тиесілі түсімдер өсу үстінде. 2002 жылдың өзінде мемлекеттік бюджеттің кірістері, Ұлттық қорға түскендерді қоса алғанда, орта есеппен ІЖӨ-нің 30 %-ын құрады.

2001 жылдан 2006 жылға дейін инфляция 6–8 % аралығында сақталды. 2007 жылы бүкіл әлемдегі сияқты инфляция күрт өсті. Бірақ бүгінде ол болжамды деңгейде ұсталуда, осылайша жылдық көріністе ол 8 %-дан аспайды.

Білім беру мен денсаулық сақтауға бөлінген мемлекеттік шығындар соңғы 10 жылда 8 еседен астамға артты, яғни білім беруде 85 млрд теңгеден 710 млрд теңге, денсаулық сақтауда 54 млрд теңгеден 468 млрд теңгеге өсті.

Мұндай даму бұл салада ешқашан болған емес.

Соның нәтижесі ретінде осы кезеңде 641 мектеп, оның ішінде 85 мектеп «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы шеңберінде салынды.

Біз сондай-ақ «20 зияткерлік мектеп», «Астананың жаңа университеті», Алматы қаласындағы халықаралық ақпараттық технологиялар университеті тәрізді инновациялық білім беру орталықтарын белсенді құрудамыз.

1993 жылдан бері біз жастарды «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелдік озық универси-

теттерге оқуға жіберіп келеміз. Тек биылғы жылы ғана 763 адам оқуларын табысты аяқтады. Біз олардың еңбекке орналасуына қамқорлық жасауымыз керек. «Болашақ» түлектері осы таяу уақыттардың өзінде-ақ елдегі біліктілігі жоғары кадрлардың негізін құрайтын болады деп үміттенемін.

Денсаулық сақтау жүйесінде де түбегейлі өзгерістер орын алуда.

10 жыл ішінде 124 аурухана мен емхана салынды.

Бірегей сипаттағы медициналық холдинг құрылып, ол бүгінде қазақстандықтарға озық халықаралық стандарттарға сәйкес медициналық қызметтер ұсынуда.

Ашық жүрекке ота жасау сияқты күрделі операциялар ендігі жерде облыс орталықтарында да жасалуда. Бұл туралы бұрын армандауға да болмайтын еді. Біз жылдар бойы операция кезегін күткен азаматтарымыздың өмірлерін сақтап қалудамыз.

Қазақстандық ғалымдар әлемде алғашқылардың бірі болып құс (A/H5N1) және шошқа (A/H1N1) тұмауларына қарсы отандық вакцина жасап шығарды. Медиктерімізді осы табыстарымен құттықтағым келеді.

Бүгіндей алғанда денсаулық саласында мемлекет қолға алған шаралар халық денсаулығындағы теріс үрдістерді тоқтатуға жағдай жасады.

Осылайша, бала туу 1,5 есеге өсті, сәби мен ана өлімі 2 есеге қысқарды, орташа өмір сүру ұзақтығы ұзарды, оның өзі бүтіндей алғанда халықтың табиғи өсімінің артуына жағдай жасады. Осы арқылы біз мемлекеттің басты міндетін – біздің барлық азаматтарымыз бен олардың денсаулықтарына қамқорлық жасау міндетін орындаймыз.

Әлеуметтік сектордың шығындары үнемі мемлекеттік бюджеттің бүкіл шығындарының жартысына жуығын құрап келеді. 2007 жылы Бүкіләлемдік банк Қазақстанды орташа табыс деңгейіндегі ел ретінде бағалады.

10 жылда жалақының ең төменгі мөлшері 5 еседен астамға, зейнетақының орташа мөлшері 5,5 есеге артты.

Демографиялық ахуалды жақсарту және балалы отбасыларға әлеуметтік қолдау жасау мақсатында 2003 жылдан бастап мемлекет бала тууына байланысты бір жолғы жәрдемақы, ал 2006 жылдың шілдесінен бастап баланың бір жасқа жеткенге дейінгі күтімі үшін жәрдемақы төлейді.

Тек осы жылы бала туғаны үшін жәрдемақыны 297 мың адам, ал балаға қарағаны үшін жәрдемақыны 145 мың адам алды.

Жұмыссыздық 2 еседен астамға – 13,5 %-дан 6,4 %-ға төмендеді.

Біз үй салушылардан алданып қалған ондаған мың азаматтарымыздың проблемаларын шешіп,

жылжымайтын мүлік нарығын күйреуден құтқарып қалдық. Енді құрылыс компанияларынан ең жақын болашақта қазақстандықтар мен мемлекет алдындағы барлық өздерінің міндеттемелерін орындайды деп күтуге толық қақымыз бар. Еліміздің қаржы жүйесі, сыртқы қысымды айтарлықтай сезінгенімен, жұмысын қалыпты режімде жалғастыруда.

Осы жылы біз тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мен әлеуметтік сала инфрақұрылымдарын қалпына келтіру бойынша ауқымы жөнінен ұланғайыр жұмыс атқардық. Әлемде жұмыс орындары қысқарып жатқан шақта, қазақстандық «Жол картасы» жаңа жұмыс орындарын құрды. Бұл жұмысты біз жалғастырамыз.

Тек осы жылдың өзінде менің әріптестеріммен – Еуропаның, Азияның, Таяу Шығыстың көптеген мемлекеттерінің көшбасшыларымен кездесуімнен кейін біріккен жобаларды жүзеге асыру бойынша халықаралық уағдаластықтардың ауқымы шамамен 25 млрд доллар инвестиция сомасында бағаланып отыр.

Үстіміздегі жылы шамамен 260-қа жуық өнеркәсіптік және инфрақұрылымдық нысандарды жүзеге асыру аяқталатын болады.

Дағдарысқа қарсы қабылданған шаралардың арқасында Қазақстан бүкіл әлем үшін осы ауыр жылды экономикадағы оң нәтижелермен аяқтағалы отыр.

Бұл – үлкен жеңіс.

Біз әлемдік экономиканың аздаған жандану белгілерін байқау дамыз. Алайда дағдарыстың аяқталғаны туралы айтуға әлі ерте. Біздіңше, бір-бірін өсу мен құлдырау кезектесе алмастыратын ирелек даму үдерістері орын алатын секілді.

2009 жылы біз экономиканы құлдыраудан мемлекеттік құюлар, экспорттық тауарларға бағаның аздаған өсімі және ішінара ішкі сұраныс есебі арқасында сақтап қалдық. Үкіметке біздің одан арғы барлық іс-қимылымызды егжей-тегжейлі саралау қажет. Міне, 2020 жылға дейінгі даму бағдарламасы осы мәселеге, әсіресе, алғашқы 5 жылда жауап беруі тиіс.

Тәуелсіздігіміздің басты символы және тірегі, Отанымыздың жүрегі – біздің Астанамыз жақсы қарқынмен дамыды. 1 жыл ішінде Астанада бірқатар жаңа нысандар – «Қазақстан темір жолы» және «Лукойл» көп қабатты ғимараттар кешені, жабық стадион, Жаңа халықаралық университет пен мектептің оқу корпусы, «Керуен» сауда, ойын-сауық кешені, тұрғын үй кешендері, автожолдар және басқа да нысандар пайдалануға берілді.

Тәуелсіздік күнін біздің мына тамаша залда атап өтуіміздің өзінде нышандық мән бар. Біз оны «Қазақстан» Орталық концерт залы деп атасақ дұрыс болады ғой деп ойлаймын.

Сәулетші Манфреди Николеттидің идеясы

біздің халқымыздың рухын, оның болашаққа ұмтылысын өте дәл аңдаған. Барлық құрылысшыларға Қазақстанның Тәуелсіздігі күніне орай жасаған осы баға жетпес сыйлығы үшін ризашылығымызды білдіреміз.

Өздеріңіз білетіндей, таяуда мен қазақстандықтармен тікелей желі арқылы дидагласып, азаматтардың сұрақтарына жауап қайтардым. 45 мың сұрақтың көпшілігі әлеуметтік қамсыздандыру проблемаларына қатысты болды.

Менің тапсырмам бойынша Үкімет жанар-жағармай мен азық-түлік тауарлары бағасының өсу жағдайын тұрақтандыру, балалар бақшасындағы орындар тапшылығы проблемаларын шешу бойынша бірінші кезектегі шаралар қабылдады.

Менің шақыруым бойынша бүгінде бүкіл елімізде мектепке дейінгі балалар мекемелері құрылысы қанат жайған. Барлық әкімдерге рахмет.

«Тікелей желі» порталы мен БАҚ-тарда 13,5 мыңға жуық жауап орналастырылған. Арнайы комиссиялар мен жұмыс топтары мәселелерді орнында тексеру үшін 122 рет сапарлар ұйымдастырды. Көптеген азаматтар жұмыспен қамтамасыз етілді, емделуге жолдама алды, оларға материалдық жәрдем көрсетілді.

Мұны министрліктер, барлық деңгейдегі әкімдіктер жүзеге асырды. Бұл олардың жұмы-

сындағы ережеге айналсын дейік. Осының барлығы Қазақстан экономикасының мүмкіндігін, біздің стратегиялық жоспарларымыздың ойлылығы мен оларды орындаудың дұрыстығын білдіреді, өйткені біз қашанда проблемаларға емес, мүмкіндіктерге арқа сүйедік.

Осы он жыл ішінде біз Тәуелсіздік табыстарын қорғаудың аса жоғары деңгейін, сонымен бір мезгілде экономикамыз бен қоғам бостандығының аса жоғары деңгейін қамтамасыз еттік.

Бұл жылдар пайдалылығының тағы бір қыры сол, біз бастан өткізгендеріміздің бәрінен маңызды қорытындылар шығара алдық.

**Қымбатты қазақстандықтар!
Құрметті қонақтар!
Ханымдар мен мырзалар!**

Тәуелсіздіктің кезекті жылдығын атап өту бізге, ең алдымен, той тойлау үшін емес, ой ойлау үшін керек.

Тәуелсіздіктің тайғақ кешулі жолында алдымыздан шығатын асу-асу белдер де болады. Ұлттың ұлан асуында ұйытқи соғатын желдер де болады. Сол асу-асу белдерде белімізді талдырмауымыз керек. Сол ұйытқи соғатын желдерде ұлы мұраттарымызды ұмыт қалдырмауымыз керек. Нағыз тәуелсіздікке қиын істе тәуекелге бара алатындардың ғана қолы жетеді.

Ардақты ағайын!

Бүгінгі өз келешегіне бет алған тәуелсіз Қазақстан – бұл біздің ортақ жетістігіміз, бұл біздің ортақ мақтанышымыз! Сондықтан мен бүкіл көп ұлтты Қазақстан халқына отансүйгіштігі мен ел игілігі және еліміздің тәуелсіздігі жолындағы жасампаздық еңбегі үшін алғысымды айтқым келеді.

Қазақстан Республикасы жасасын!

Қабылданған қысқартулар

ТІЗБЕСІ

АВБ	азиялық валюта бірлігі
АҚ	акционерлік қоғам
АӨК	аграрлық-өнеркәсіптік кешен
АӨСПК	Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі
АСЕАН	Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің қауымдастығы
ӘКК	әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация
БАҚ	бұқаралық ақпарат құралдары
БРИК	Бразилия, Ресей, Үндістан, Қытай
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ВИЧ	адамның иммунитет тапшылығы вирусы
ГЛОНАСС	жаһандық навигациялық спутник жүйесі
ҒЗТКЖ (НИОКР) ..	ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстар
ДНҚ	деоксирибонуклеин қышқылы
ДСҰ	Дүниежүзілік сауда ұйымы
ЕАО	Еуразиялық Одақ
ЕҚЫҰ	Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы
ЕО	Еуропалық Одақ
ЕурАзЭҚ	Еуразиялық экономикалық қоғамдастық

ЖОО	жоғары оқу орны
ЖШС	жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ЖЭО	жылу электр орталығы
ЖЭС	жылу электр стансасы
ИКҰ	Ислам конференциясы ұйымы
КСРО	Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
МАЭС	мемлекеттік аудандық электр стансасы
МЕРКОСУР	Оңтүстік Америка мемлекеттерінің сауда-экономикалық одағы
НАТО	Солтүстік Атлантикалық шарты ұйымы
СЭС	су электр стансасы
ТКШ	тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ТЭН	техникалық-экономикалық негіздеме
ТҮРКСОЙ	Түркі халықтарының халықаралық ұйымы
ҰҚШҰ	Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы
ҮЕҮ	үкіметтік емес ұйым
ХВҚ	Халықаралық валюта қоры
ХДП	Халықтық-демократиялық партия
ХЕҮ	Халықаралық еңбек ұйымы
ШЫҰ	Шанхай ынтымақтастық ұйымы
ІЖӨ	ішкі жалпы өнім
ЭТЖ	электр тарату желісі
ЮНЕСКО	БҰҰ Білім беру, ғылым және мәдениет ұйымы

Географиялық атаулар

КӨРСЕТКІШІ

Австралия.....	553, 591
Азия құрлығы.....	25, 213, 214, 395, 510
Ақбұлақ кенті (Батыс Қазақстан обл., Бөрлі ауд.).....	362, 417
Ақмола облысы.....	60, 181, 415, 494, 514
«Ақорда», ҚР Президентінің резиденциясы (Астана қ.).....	143, 196
Ақтау қаласы, теңіз кемежайы (Маңғыстау обл.).....	82, 436
Ақтөбе қаласы (Ақтөбе обл.).....	83, 222-223, 228
Ақтөбе облысы.....	43, 82, 84, 224, 317, 415, 420, 421
Алакөл көлі.....	510
Алматы қаласы.....	13, 70, 84, 100, 115, 228, 249, 282, 594
Алматы облысы.....	514
Алтай таулы жүйесі.....	509
Америка Құрама Штаттары (АҚШ).....	10-12, 88, 109, 118, 153, 154, 205, 228, 235, 237, 268, 449, 461, 467, 509, 515, 531, 533, 537, 544, 551, 553, 554
Ангара қаласы (Ресей, Иркутск обл.).....	225
Аргентина.....	529
Армения.....	185
Арыстан баб кесенесі (Оңтүстік Қазақстан обл.).....	511

Астана астанасы (Қазақстан астанасы).....	13, 19, 20, 73, 74, 82, 84, 100, 106-108, 124-125, 137, 143, 149, 168, 174, 179-200, 202-206, 210, 219, 247, 249, 257, 258, 271, 282, 291, 316, 329, 331, 355, 369, 378, 382, 393, 407, 457, 508, 515, 539, 598
Атырау қаласы (Атырау обл.).....	84, 317, 417, 509, 581
Ауғанстан.....	29, 127, 172, 176, 214, 318, 460, 522
Африка құрлығы	452, 522
Әбу-Даби Әмірлігі (БАӘ).....	245
Әзірбайжан	185
Әмірабад қаласы, теңіз кемежайы (Иран)	415
Бағдад қаласы (Ирак астанасы).....	460
Баку қаласы (Әзірбайжан астанасы).....	272
Балқаш көлі.....	245, 510
Балтық маңы өңірі	272
Батыс Еуропа өңірі	83, 126, 220, 228, 326, 362, 421, 510-511, 590
Батыс Қазақстан облысы	415, 590
Батыс Қытай өңірі.....	83, 126, 220, 228, 326, 362, 417, 421, 510, 590
Баутино теңіз кемежайы (Маңғыстау обл.)	83
Бахрейн	245
Баянауыл курорттық аймағы (Павлодар обл.)	510
Бейбітшілік және келісім сарайы (Астана қ.)	184, 197, 275, 382, 456, 458, 460
Бейжің қаласы (Қытай астанасы)	114-116, 271, 531
Бейнеу кенті (Маңғыстау обл., Бейнеу ауд.)	82, 362, 417
Беларусь	25, 26, 375, 422, 438, 491, 588

«Богатырь» көмір кеніші (Павлодар обл.).....	81
Бозой кенті (Ақтөбе обл., Шалқар ауд.).....	362, 417
Бразилия.....	529-531, 553
Бурабай қаласы (Ақмола обл.).....	20, 83, 317
Біріккен Араб Әмірліктері (БАӘ)	205
Вена қаласы (Австрия астанасы).....	
Германия (ГФР).....	154, 228, 372, 448, 492, 514, 557
Грекия.....	557
Грузия.....	185, 216
Дешті Қыпшақ	190
Днестр маңы өңірі (Молдова).....	272
ЕАО	176, 369, 370, 374
<i>(Еуразиялық Одақ)</i>	
Екатеринбург қаласы (Ресей)	183, 530
ЕО	27, 109, 126, 176, 237, 380, 509
<i>(Еуропалық Одақ)</i>	
Есіл өзені.....	196
Еуразия материгі	25, 104, 124, 169, 176, 369, 370,
	374, 376, 378, 380, 383
Еуропа құрлығы.....	515
Жапония	12, 35, 169, 203, 228, 237, 246, 449, 460, 515
Жезқазған қаласы (Қарағанды обл.)	

Жер планетасы	25, 116, 456, 538
Жетіген теміржол бекеті (Маңғыстау обл.)	83, 421
Израиль.....	577
Ингушетия Республикасы (Ресей).....	223
Индонезия	54
«Интерконтиненталь» қонақ үйі (Астана қ.)	184
Иордания.....	184
Ирак.....	16, 172, 215, 460, 522
Иран.....	172, 216, 415, 451, 487
Иркутск облысы (Ресей)	225
Италия.....	205, 449
Кавказ өңірі.....	185, 216, 217, 268, 522, 549
Каспий маңы өңірі.....	137, 172, 311, 417
Каспий теңізі.....	87, 590
Катар.....	205
Кеңқияқ мұнай-газ кен орны (Ақтөбе обл., Темір ауд.).....	19
«Керуен» сауда, ойын-сауық орталығы (Астана қ.)	598
Косово.....	118
Көксарай су қоймасы (Оңтүстік Қазақстан обл.).....	363
Көкшетау қаласы (Ақмола обл.).....	557
Кувейт.....	205
Күн.....	538
«Қазақ елі» монументі (Астана қ.).....	197, 207, 210, 310, 474, 479
«Қазақстан» спорт кешені (Астана қ.)	205

Қазан қаласы (Ресей).....	183, 228
Қандыағаш қаласы (Ақтөбе обл., Мұғалжар ауд.).....	83
Қапшағай қаласы (Алматы обл.).....	83
Қапшағай су қоймасы.....	514
Қарағанды қаласы (Қарағанды обл.).....	82, 317
Қарағанды облысы.....	60, 84
Қарақия ойпаты (Маңғыстау обл.).....	510
Қарқаралы курорттық аймағы (Қарағанды обл.)	510
Қарашығанақ мұнай-газ кен орны (Батыс Қазақстан обл.)	84
Қашаған мұнай-газ кен орны (Маңғыстау обл.).....	84
Қорғалжын ұлттық қорығы (Ақмола обл.)	510
Қорғас теміржол бекеті (Алматы обл., Панфилов ауд.).....	83, 421
Қостанай облысы	84, 245
Құмкөл мұнай-газ кен орны (Қызылорда обл.)	19, 81
Құрық теңіз кемежайы (Маңғыстау обл.).....	83
Қызылорда қаласы (Қызылорда обл.)	83
Қырғызстан.....	130, 184, 380
Қытай (ҚХР)	12, 19, 23, 87, 109, 114, 130, 153, 169, 172, 228, 245, 372, 396, 400, 417, 461, 487, 515, 530, 531, 551
Латын Америкасы.....	169, 373, 390, 452, 554
Мақат кенті (Атырау обл., Мақат ауд.).....	83
Малайзия.....	35, 54, 248, 553
Маңғыстау облысы.....	83
Мәскеу қаласы (Ресей астанасы)	183, 195, 369, 375, 376
«Медеу» мұз айдыны (Алматы қ.).....	514

Мексика.....	35
Монғолия.....	487
Мумбай қаласы (Үндістан).....	460
«Нұр Астана» мешіті (Астана қ.).....	205
Омбы қаласы (Ресей).....	183
Оңтүстік Африка Республикасы (ОАР).....	522
Оңтүстік Корея (Корея Республикасы).....	307, 403, 532
Оңтүстік Қазақстан облысы.....	95, 317, 494, 514
Оңтүстік Осетия.....	216
Оңтүстік-Шығыс Азия өңірі.....	54, 154, 169, 313, 452, 535
Орта Шығыс өңірі.....	549
Орталық Азия өңірі.....	109, 127, 153, 154, 171, 173, 176, 203, 220, 257, 329, 450, 452, 477, 507, 511, 582
Орталық Африка өңірі.....	549
Орталық Еуропа өңірі.....	406
Орталық Қазақстан өңірі.....	137, 510
Орынбор қаласы (Ресей).....	228
Осман империясы (1299–1923 жж.).....	403
Отырар ортағасырлық қаласы (Оңтүстік Қазақстан обл.).....	514
Ош қаласы (Қырғызстан).....	272
Өзбекстан.....	19
Өскемен қаласы (Шығыс Қазақстан обл.).....	82, 317
Павлодар облысы.....	84

Парсы шығанағы	373, 390
Пәкстан.....	172, 451
Пешавар қаласы (Пәкстан)	460
Ресей	25, 26, 65, 83, 109, 121, 130, 133, 153, 169, 172, 183-184, 203, 205, 217, 222-225, 228-231, 278, 327, 350, 372, 375, 379, 380, 396, 412, 438, 449, 453, 461, 491, 530, 551, 588, 592
«Риксос» қонақ үйі (Астана қ.).....	184
Санкт-Петербург қаласы (Ресей)	183, 223, 228
Сарыарқа өңірі (Қазақстан).....	180, 182
Сасықкөл көлі.....	510
Сауд Арабиясы.....	205, 467
Свердлов облысы (Ресей)	223
Семей қаласы (Шығыс Қазақстан обл.).....	446
Сингапур.....	35, 55, 228, 248, 308, 553
Солтүстік Корея (КХДР).....	215, 451
Солтүстік Қазақстан облысы.....	82, 319, 415, 420
Сумгаит қаласы (Әзірбайжан).....	272
Сырдария өзені	
Сібір өңірі (Ресей).....	509
Тараз қаласы (Жамбыл обл.).....	137, 180, 240, 418
Татарстан Республикасы (Ресей)	223
Таулы Қарабақ өңірі	272
Таяу Шығыс өңірі.....	215, 522, 597
Тәжікстан	130, 184, 375, 380

Тәуелсіздік сарайы (Астана қ.)	184, 310
Тибет автономиялық ауданы (Қытай)	118
ТМД.....	12, 14, 26, 64, 110, 186, 194, 195, 199, 203, 277, 292, 293, 370, 376-379, 381, 382, 384, 450, 486, 487, 501, 524, 592 (Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы)
Тобыл өзені	208
Түркия.....	12, 184, 205, 219, 372, 403, 487
Түркістан қаласы (Оңтүстік Қазақстан)	511, 514
Түрікменстан	19, 185, 380, 590
Ұлыбритания	154, 449, 515, 531, 551
Үкімет Үйі (Астана қ.)	196
Үлкен шатқалы (АҚШ)	509
Үндістан	22, 35, 451, 530, 531, 533, 553
Ферғана қаласы (Өзбекстан)	272
Франция.....	153, 154, 163, 203, 246, 492, 534, 551, 553
Хайнань провинциясы (Қытай)	395
«Хан шатыр» сауда, ойын-сауық орталығы (Астана қ.).....	184
Хельсинки қаласы (Финляндия астанасы).....	28, 29, 175
Хиросима қаласы (Жапония).....	447
Хоргос теміржол бекеті (Қытай).....	83
Цхинвали қаласы (Оңтүстік Осетия астанасы).....	216

Шанхай қаласы (Қытай)	173, 331, 377, 400
Шар қаласы (Шығыс Қазақстан обл., Жарма ауд.).....	82, 317
Шарм әл-Шейх курорттық аймағы (Египет).....	245
Шарын шатқалы (Алматы обл.)	509
Швейцария.....	449, 510
Швеция.....	35
Шортанды-Бурабай курорттық аймағы (Ақмола обл.).....	317, 510, 514
Шығыс Азия өңірі.....	54, 154, 169, 313, 373, 452, 535
Шығыс Африка өңірі	522, 549
Шығыс Еуропа өңірі.....	406, 507
Шығыс Қазақстан облысы.....	444, 446, 494, 511
Шымбұлақ тау шаңғысы курорты (Алматы қ.).....	514
Шымкент қаласы (Оңтүстік Қазақстан обл.).....	137, 317, 417
Ыстамбұл қаласы (Түркия астанасы)	460
Эстония	97

Есімдер

КӨРСЕТКІШІ

Абай (Құнанбаев А.).....	131, 164, 402, 445
Абдолла II бен Хусейн	184
Абылай хан.....	181, 208
Алтынсарин Ы.....	319
Арыстан баб	511
Әлиев И. Г.....	185
Әл-Фараби Ә. Н.....	21, 518-520
Бакиев Қ. С.	184
Барнаби Ф. Г.....	516
Бердымұхамедов Г. М.	185
Блэр Т.....	531
Бэкон Ф.....	544
Гегель Г. В.....	213
Гумилев Л. Н.....	194, 283, 369, 380, 383
Гүл А.....	184

Джунипер Б.....	516
Ертаев Б. Е.	318
Жәнібек хан.....	208, 311
Жоспен Л.	534
Зенченко Г. И.	319
Иса Мәсіх (Иисус Христос)	465
Кейнс Дж.	534
Кенесары хан.....	208, 209, 311
Керей хан.....	208, 311
Киндлбергер Ч.	530
Конфуций.....	396
Кун Т.....	386
Курокава К.	196-198
Левинсон Л.	345
Лейхнер Л.	557
Лихачев Д. С.....	285
Ломоносов М. В.	183, 369
Манделл Р.....	393, 399, 529
Маркс К.....	534
Мәсімов К. Қ.	324

Медведев Д. А.	183, 223
Миразова А. Т.	319
Момышұлы Б.	332
Мұхаммед пайғамбар	266, 464
Николетти М.	598
Обама Б.	453, 532, 554
О'Нил Дж.	530
Пушкин А. С.	556
Рахмон Э. Ш.	184
Рузвельт Ф.	393
Саакашвили М. Н.	185
Саргсян С. А.	185
Сенека.....	373
Скарони П.	436
Смит А.....	387
Стросс-Кан Д.....	526
Сүлейменов О.....	447
Твен М.	140
Темірлан Әмір.....	511
Толстой Л. Н.	129

Уайт Дж.....	387
Фелпс Э.....	393, 529
Фостер Н.	197
Фукуяма Ф.....	
Ху Цзиньтао	114
Хун Цзычэн	400
Черчилль У.....	380, 535
Шопенгауэр А.	537
Шыңғыс хан.....	511
Эйнштейн А.	277

Мекемелер мен ұйымдар

КӨРСЕТКІШІ

«Азиядағы ынтымақтастық үнқатысу»	218, 258
«Ақсақалдар алқасы»	565
Алматы қаласының әкімдігі	70, 594
Алматы қаласының Ы. Алтынсарин атындағы гимназиясы.....	319
«Альянс Банк».....	17
АӨСШК.....	24, 25, 109, 124, 212-215, 218, 219, 221, 257, 277
<i>(Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі)</i>	
«АрселорМиттал»	436
АСЕАН	529
<i>(Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің қауымдастығы)</i>	
Астана қаласының әкімдігі	107
Атырау мұнай өңдеу зауыты.....	362
Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры.....	338
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (ҚазҰУ)	21, 518-520, 540
Балқаш ЖЭС	82, 362, 420

«Богатырь Аксес Көмір».....	81, 248-249
«Болашақ» бағдарламасы түлектерінің қауымдастығы	73-74
БРИК.....	530, 531
<i>(Бразилия, Ресей, Үндістан, Қытай)</i>	
БҰҰ	22, 55, 118-119, 124, 174, 217, 265, 331, 336, 372, 390, 449, 468, 503, 567
<i>(Біріккен Ұлттар Ұйымы)</i>	
БҰҰ Бас Ассамблеясы	24, 213, 258
Гумилев Л. Н. атындағы Еуразия ұлттық университеті	283, 369
Дүниежүзілік банк	97
Дүниежүзілік туристік ұйым.....	516
Дін көшбасшыларының кеңесі	470
Екібастұз МАЭС-1.....	362
Екібастұз МАЭС-2.....	82, 362, 420
ЕҚЫҰ	27-30, 110-111, 126-127, 149, 153, 168-169, 173, 175, 176, 199, 217, 258, 288, 331, 377, 428, 454, 498, 499, 566
<i>(Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы)</i>	
ЕҚЫҰ Парламенттік ассамблеясы	167, 168, 199
ЕҚЫҰ Сыртқы істер министрлері кеңесі.....	111-112, 219
«Ел арна»	145
Еуразия даму банкі.....	375
Еуразия жаңа технологиялар банкі	379
Еуразиялық ғалымдар клубы	378-379
Еуразиялық өнеркәсіптік қауымдастық.....	104
Еуразиялық теледидар және радио академиясы.....	378

Еуразиялық университеттер қауымдастығы.....	369, 378
Еуразиялық экономикалық одақ	376
ЕурАзЭҚ	23, 173, 220, 225, 277, 331, 374, 375, 390, 391, 392, 588
<i>(Еуразиялық экономикалық қоғамдастық)</i>	
ЕурАзЭҚ Валюта одағы	375
ЕурАзЭҚ Дағдарысқа қарсы күрес қор.....	375
ЕурАзЭҚ Жоғары технологиялар орталығы.....	375, 379
Еуропалық комиссия	449
Жаңажол газ өңдеу зауыты.....	84
«Жас Отан»	42, 130-131, 139-140, 142, 144, 145, 147, 428
«Известия».....	23
ИКҮ.....	125, 174, 175, 198, 258, 259, 288, 331, 459, 512, 582
<i>(Ислам конференциясы ұйымы)</i>	
Инновациялық даму саласындағы Ресей-Қазақстан ынтымақтастығын нығайту жөніндегі жұмыс тобы.....	225
Ислам мәдениеті мен білімі қоры.....	458
«Қазақмыс».....	57, 104, 249
Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы	563
Қазақстан, Ресей және Беларусь Кеден одағы	25, 26, 375, 422, 438, 491, 588, 591
«Қазақстан темір жолы».....	104, 242, 598
Қазақстан халқы Ассамблеясы.....	46, 92, 142, 260, 267, 272, 274, 275, 279, 280, 289, 329, 366, 483, 547, 550-552, 565-567
Қазақстан халқы Ассамблеясының жанындағы Ғылыми-сараптама кеңесі.....	565

Қазақстан халқы Ассамблеясының Хатшылығы	289
Қазақстан-Британия техникалық университеті (ҚБТУ)	540
Қазақстанның даму банкі.....	321
Қазақстанның депозиттерді кепілдендіру қоры	239
Қазақстанның ипотекалық компаниясы.....	246
Қазақстанның ипотекалық кредиттерді кепілдендіру қоры.....	246
Қазақстанның Менеджмент, экономика және болжау институты (ҚМЭБИ).....	540
Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі	246-247, 323
«Қазкоммерцбанк»	17
«ҚазМұнайГаз».....	104, 242
«Қазмырыш».....	58, 104
«Қазына»	85, 226, 240, 246-247
ҚР Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығы.....	194, 337
ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі	205
ҚР Әділет министрлігі.....	95
ҚР Бас прокуратурасы	94, 498
ҚР Бәсекелестікті қорғау агенттігі.....	90
ҚР Биотехнология ұлттық орталығы	540, 543
ҚР Білім және ғылым министрлігі.....	72, 100, 229, 542, 560
ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті.....	103
ҚР Денсаулық сақтау министрлігі	103, 242
ҚР Жоғарғы соты	570, 577
ҚР Жоғарғы сотының жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитет.....	570, 577
ҚР Жоғары сот кеңесі.....	483, 578

ҚР Индустрия және сауда министрлігі.....	423, 435
ҚР Қаржы министрлігі.....	88, 95, 303
ҚР Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитеті	302, 303
ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі	87, 88, 89, 235, 321, 424
ҚР Қарулы Күштері	111, 419, 474, 479
ҚР Қарулы Күштерінің Штаб бастықтары комитеті	318
ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі.....	282
ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі	156, 293, 302
ҚР Мемлекеттік саясат ұлттық мектебі	163
ҚР Парламенті.....	13, 21, 33, 37, 38, 45, 46, 78, 94, 108, 135, 167, 168, 178, 180, 189, 199, 205, 241, 250-252, 260, 274, 293, 296, 308, 320, 336, 342, 353, 366, 409, 425, 476, 481-483, 489, 491, 494-499, 576
ҚР Парламенті Парламентінің Мәжілісі	42, 319, 426, 551
ҚР Парламенті Парламентінің Сенаты.....	319
ҚР Президентінің Әкімшілігі.....	95, 96, 139, 147, 154, 280, 300, 345, 423, 564
ҚР Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия.....	335, 343
ҚР Президентінің жанындағы Жоғары ұлттық мемлекеттік басқару мектебі	
ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы.....	163
ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару ұлттық жоғары мектебі	163
ҚР Президентінің жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі комиссиясы.....	293, 502

ҚР Республикалық балаларды оңалту орталығы	194, 337
ҚР Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті	303
ҚР Республикалық диагностикалық орталығы	194
ҚР Республикалық жедел медициналық жәрдем ғылыми орталығы.....	194
ҚР Республикалық нейрохирургия ғылыми орталығы.....	194
ҚР Стресс активтері қоры	241, 322
ҚР Сыртқы істер министрлігі	258, 289
ҚР Туризм және спорт министрлігі	138
ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы.....	205
ҚР Ұлттық банкі	11, 17, 87-89, 91, 232, 235, 237-240, 255, 321, 424
ҚР Ұлттық ғылыми кардиохирургия орталығы.....	194, 205
ҚР Ұлттық қоры	10, 11, 14, 15, 79, 200, 234, 238, 249, 253, 270, 327, 339, 350, 354, 385, 408-410, 493, 524, 549, 593, 594
ҚР Үкіметі.....	11-18, 36, 38, 56, 68, 78, 80-83, 87, 89-91, 95-97, 100-102, 104, 106, 111-112, 134-136, 138, 146, 147, 154, 157, 196, 205, 215, 232, 235-242, 244-246, 249, 250, 254, 255, 280, 296, 306, 320-327, 336, 341, 342, 345, 353, 355-360, 365, 397, 409, 412, 414, 419, 422- 426, 435, 437, 439, 441, 446, 484, 489, 491, 493, 497, 504, 542, 545, 564, 576, 588, 598
ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі	95
ҚР Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы).....	292, 302-303, 502
Ломоносов М. В. атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті.....	183, 369
«Лукойл».....	598
«Маңғыстаумұнайгаз».....	248

Мәдениеттер мен діндер халықаралық орталығы.....	458, 469
Мемлекеттік тілді дамыту қоры	288
МЕРКОСУР	529
<i>(Оңтүстік Америка мемлекеттерінің сауда-экономикалық одағы)</i>	
Мойнақ ЖЭС.....	82, 362, 420
НАТО.....	109
<i>(Солтүстік Атлантикалық шарты ұйымы)</i>	
«Невада-Семей»	447
«Нұр Отан»... 20, 33, 34, 36, 38-42, 44, 46-49, 67, 75, 78, 93, 96, 98, 108, 131, 144, 146, 156, 239, 241, 251, 254-255, 294, 296, 298, 307, 308, 320, 343, 366, 367, 402, 408, 413, 423, 424, 426-430, 499, 527	
«Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясының Партиялық бақылау комитеті.....	130, 291, 401
«Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясының Саяси кеңесі	20, 32-34, 36, 38-42, 44, 46-49, 67, 75, 78, 93, 96, 98, 108, 131, 144, 146, 156, 239, 241, 251, 254-255, 296, 298, 307-308, 320, 343, 366, 367, 402, 404, 408, 413, 423-424, 426-430, 499, 527
Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі	95, 317, 494, 514
Оксфорд университеті (Ұлыбритания)	516
«Өркениеттер альянсы».....	125, 265
Павлодар мұнай өңдеу зауыты.....	417
«Ресей газеті»	

«Роснанотех»	226
«Самұрық»	17, 247
«Самұрық-Қазына»	17, 246-249, 252, 254, 270, 326, 342, 410
«Сарыарқа»	60
«Сәулетай»	58
Семей ядролық полигоны	170, 444, 468
Тараз металлургия зауыты	418
«Теңізшевройл»	104
ТМД (Терроризмге қарсы күрес орталығы)	376
ТҮРКСОЙ	331
<i>(Халықаралық түрік мәдениеті ұйымы)</i>	
ҰҚШҰ	376
<i>(Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы)</i>	
Үлбі металлургия зауыты	58
«Фитохимия»	271
Франция Республикасының Әкімшілік ұлттық мектебі (ЕНА)	153
«Халық банкі»	17
Халықаралық бағдарламалар орталығы	74
ХВҚ	235, 461
<i>(Халықаралық валюта қоры)</i>	

ХЕҮ.....	336
<i>(Халықаралық еңбек ұйымы)</i>	
Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры	337
Шымкент мұнай өндеу зауыты	82
ШЫҮ	109, 220, 377, 391
<i>(Шанхай ынтымақтастық ұйымы)</i>	
ЮНЕСКО	195, 538
<i>(БҰҰ Білім беру, ғылым және мәдениет ұйымы)</i>	

* * *

«Agip KCO»	
«Bear Stearns»	11
«Chevron Corporation»	436
«CITIC»	245
«Discovery»	197
«Eni S.p.A.»	436
«ENRC PLC»	249, 436
G-7	531
G-8	388, 529
G-20	388, 396, 529
«General Motors»	12
«Goldman Sachs»	
«KEGOC»	242
«KEPCO Inc.»	420
«Khazanah National Berhad»	248

«Lehman Brothers Holdings Inc.»	11
«Merrill Lynch»	11
«News Week»	534
«Nokia»	12
«Saipem SpA»	436
«Samsung»	420
«Standard & Poor's»	433
«Temasek Holdings»	248
«Volkswagen AG»	12
«Wall Street Journal»	531

МАЗМҰНЫ

V ТОМ 2 КІТАП (2008–2009)

Жасампаздық жеңісі жолында.....	7
«Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі.....	32
<i>(Астана қаласы, 2008 жылғы 17 қаңтар)</i>	
«Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі» атты жұмыс берушілердің республикалық форумында сөйлеген сөзі.....	51
<i>(Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, 2008 жылғы 24 қаңтар)</i>	
«Болашақ» бағдарламасының 15 жылдығына арналған стипендиаттар форумында сөйлеген сөзі.....	62
<i>(Астана қаласы, 2008 жылғы 30 қаңтар)</i>	
«Қазақстан азаматтарының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.....	77
<i>(Астана қаласы, 2008 жылғы 6 ақпан)</i>	
Олимпиада алауының Жер шарын айналду халықаралық эстафетасын қарсы алу ресми рәсімінде сөйлеген сөзі.....	113
<i>(Алматы қаласы, 2008 жылғы 2 сәуір)</i>	
VII Еуразия медиа-форумында сөйлеген сөзі.....	117
<i>(Алматы қаласы, 2008 жылғы 24 сәуір)</i>	

«Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясы «Жас Отан» жастар қанатының I съезінде сөйлеген сөзі	130
<i>(Астана қаласы, 2008 жылғы 14 мамыр)</i>	
«Елдің бәсекеге қабілеттілігін көтеруде мемлекеттік қызметтің рөлі» атты халықаралық ғылыми- практикалық конференцияда сөйлеген сөзі	151
<i>(Астана қаласы, 2008 жылғы 17 маусым)</i>	
ЕҚЫҰ Парламенттік ассамблеясының жыл сайынғы 17-ші сессиясында сөйлеген сөзі.....	167
<i>(Астана қаласы, 2008 жылғы 29 маусым)</i>	
Астана қаласының 10 жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі.....	179
<i>(Астана қаласы, 2008 жылғы 5 шілде)</i>	
«Қазақ елі» монументінің ашылу салтанатында сөйлеген сөзі.....	207
<i>(Астана қаласы, 2008 жылғы 6 шілде)</i>	
АӨШК-ге мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрлерінің III кеңесінде сөйлеген сөзі	212
<i>(Алматы қаласы, 2008 жылғы 25 тамыз)</i>	
Қазақстан мен Ресейдің өңіраралық ынтымақтастығының V форумында сөйлеген сөзі.....	222
<i>(Ақтөбе қаласы, 2008 жылғы 22 қыркүйек)</i>	
Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі.....	232
<i>(Астана қаласы, 2008 жылғы 13 қазан)</i>	
Мұсылман және батыс елдері Сыртқы істер министрлерінің «Ортақ әлем: әралуандылық арқылы прогреске» конференциясында сөйлеген сөзі.....	256
<i>(Астана қаласы, 2008 жылғы 17 қазан)</i>	
Қазақстан халқы Ассамблеясының XIV сессиясында сөйлеген сөзі.....	267
<i>(Астана қаласы, 2008 жылғы 23 қазан)</i>	

- «Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясының
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес форумында
сөйлеген сөзі 291
(Астана қаласы, 2008 жылғы 6 қараша)
- Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне
арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі 310
(Астана қаласы, 2008 жылғы 15 желтоқсан)
- Қазақстан әйелдерінің V форумында сөйлеген сөзі..... 333
(Астана қаласы, 2009 жылғы 5 наурыз)
- «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты
Қазақстан халқына Жолдауы 347
(Астана қаласы, 2009 жылғы 6 наурыз)
- Еуразиялық университеттер қауымдастығының
XI съезінде сөйлеген сөзі 369
(Астана қаласы, 2009 жылғы 10 наурыз)
- «Жаһандық қатерлер жүйесіндегі Еуразияның
экономикалық қауіпсіздігі» атты II Астана
экономикалық форумында сөйлеген сөзі 384
(Астана қаласы, 2009 жылғы 11 наурыз)
- Боао азиялық форумының конференциясында
сөйлеген сөзі 395
(КХР, Хайнань провинциясы, 2009 жылғы 18 сәуір)
- «Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясының
кезектен тыс XII съезінде «Қазақстанның
индустриялық-технологиялық дамуы – біздің
ортақ болашағымыз үшін» тақырыбында
сөйлеген сөзі 401
(Астана қаласы, 2009 жылғы 15 мамыр)
- Қазақстан Республикасының Президентінің жанындағы
Шетел инвесторлары кеңесінің XXI пленарлық
отырысында сөйлеген сөзі 431
(Костанай қаласы, 2009 жылғы 12 маусым)

Семей ядролық полигонында сынақтардың тоқтатылуының 20 жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі.....	444
<i>(Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы, 2009 жылғы 18 маусым)</i>	
Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының III съезінде сөйлеген сөзі.....	455
<i>(Астана қаласы, 2009 жылғы 1 шілде)</i>	
Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне арналған әскери шеруде сөйлеген сөзі.....	472
<i>(Астана қаласы, 2009 жылғы 30 тамыз)</i>	
Қазақстан Республикасы Парламенті төртінші шақырылымы III сессиясының ашылуында сөйлеген сөзі.....	481
<i>(Астана қаласы, 2009 жылғы 1 қыркүйек)</i>	
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және оны тиісті басқару Шығыс Еуропа мен Орталық Азияның экономикалық және әлеуметтік дамуының шарты ретінде» атты халықаралық конференцияда сөйлеген сөзі.....	500
<i>(Астана қаласы, 2009 жылғы 16 қыркүйек)</i>	
БҰҰ Дүниежүзілік туристік ұйымы Бас ассамблеясының XVIII сессиясында сөйлеген сөзі.....	507
<i>(Астана қаласы, 2009 жылғы 5 қазан)</i>	
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Қазақстан дағдарыстан кейінгі кезеңде: болашаққа қарай интеллектуалдық серпін» тақырыбында оқыған дәрісі.....	518
<i>(Алматы қаласы, 2009 жылғы 13 қазан)</i>	
Қазақстан халқы Ассамблеясының XV сессиясында «Ел бірлігі – біздің стратегиялық таңдауымыз» тақырыбында сөйлеген сөзі.....	547
<i>(Астана қаласы, 2009 жылғы 26 қазан)</i>	

Қазақстан судьяларының V съезінде сөйлеген сөзі	569
<i>(Астана қаласы, 2009 жылғы 18 қараша)</i>	
Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі	580
<i>(Астана қаласы, 2009 жылғы 15 желтоқсан)</i>	
Қабылданған қысқартулар тізбесі.....	602
Географиялық атаулар көрсеткіші	604
Есімдер көрсеткіші	613
Мекемелер мен ұйымдар көрсеткіші	617

Н. Ә. НАЗАРБАЕВ

ТАҢДАМАЛЫ СӨЗДЕР

**V ТОМ
2 КІТАП
2008–2009**

Жобаның жетекшісі –
саяси ғылымдардың докторы, профессор
М. Б. Қасымбеков

Арнаулы редактор –
филология ғылымдарының докторы, профессор
С. А. Абдрахманов

ISBN 978-601-277-193-0



«Сарыарқа» баспасында бетгеліп, басылды.
Бас директор – Әлиев Қ. Ә.
Тех. редактор – Бектыбаева Г. Т.
Редактор, корректор – Раушанова Ғ. Қ.,
Беттеуші – Степанец Н. П.

Басуға 12.11.2014 ж. қол қойылды. Қалыбы 60x84 ¹/₁₆. Шартты баспа табағы 36,7.
Palatino Linotype гарнитурасы. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 66/9815.



Қазақстан Республикасы, Астана қ-сы,
Алматы а-ны, Көкарал к-сі, 2,
тел. (7172) 527462, 527411, факс: 527489
e-mail: izdat_saryarka@mail.ru